

Каб2

X94

9155

**ШАХМЕТ  
ХҲСАИНОВ**

**СЫРЫМБЕТ САЛАСЫНДА**

Каз2  
Х94

ШАХМЕТ ХҰСАИНОВ

# СЫРЫМБЕТ САЛАСЫНДА

ПЬЕСАЛАР, КИНОПОВЕСТЕР

5155



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ, АЛМАТЫ — 1967

Бұл кітабыма театрларда қойылып жүрген пьесаларыммен қатар бұрын бір рет жарық көрген «Күн шуақта» пьесам енді. Ал кітаптағы екі киноповесть те тұңғыш жарық көргелі отыр.

Осы жинақтағы «Өтелген парыз» драмасы жайлы біраз тоқталғым келеді.

В. И. Ленин бейнесін алуда тарихи деректер мен телеграммалары, нұсқаулары, хаттары пайдаланылды. Көбіне өзінің сөзін — өзіне орнын тауып беруге тырыстым. Мінез ерекшелігі мен қимыл қозғалысы, қасиеті, үстемелеп айтатын сөздері, әсіресе жаңа шаруашылық саясатына көшудегі толғаныс-тебіреністері көптеген естеліктерден қорытылып алынды. Владимир Ильичпен тікелей байланысты болғандықтан Науан Сәрсеновтың диалогтерінде Лениннің пікірлері қайталанып отырады. Оның Ленинді күзетуі, алғаш Кремль Сарайында кездесуі естеліктерінен берілді.

Автор.



# БІЗДІҢ ҒАНИ

*Екі бөлімді алты суретті драма*

## ҚАТНАСУШЫЛАР:

Ғани Мұратбаев.

Күлсім — шешесі.

Сағдат  
Тұрсын  
Павел

} — комсомолдар

Ажар

Асанбай

} — кезбе, кейінде студент.

Қөпбол  
Табынбаев Ділдә

} — зиялы оқыған.

Үңгібав Саржан

Байғани.

Халима — әйелі.

Күлпәш — жетім қыз.

Шамуншайхы.

Нұридден хазірет.

Ташмұрат — Ажардың әкесі.

Қырғыз баласы.

1-жақтаушы

2-жақтаушы

Комсомол жастар, панасыздар, оқушылар, ишан-хазіреттер.  
Зындан қарауылы.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ СҮРЕТ

Сахна шымылдығы әлі ашылған жоқ. Сап түзеген жастардың маршы. Хордың жебеуімен сахнаның оң, сол мүйісіне үстінде гимнастерка, Асанбай мен Көпбол шығады. Олар да маршқа үн қосып, аяқтарын тебініп, тербеле толғап тұр.

Асанбай. Ойраны шығып өртенген дала. Төгілген қан. Менің әкемнің қаны! Айықпас мұң — шешемнің мұңы.

Көпбол. «Олай болса —

Ойлай көрме тіпті де,  
Тек осында, бүгінде  
Тұр екем деп түп-түгел.  
Ойла қайта,  
Атқарумен бір міндет,  
Кеше менен ертеңнің  
Арасында жүрмін деп!»<sup>1</sup>

Асанбай (залдағы көрермендерге). Кеше менен бүгіннің арасында сендер де жүрген боларсындар?

Көпбол. Бұлар кімдер?

Асанбай. Театрға келген көрермендер, біздің замандастарымыз. Қылқандай жастар екен. Студент, оқушылар-ау деймін.

Көпбол. Бұлар бақытты ғой. Бізді айтсайшы, бізді... Құлазыған далада тудық. Тарыдай шашылып жатқан әр сайдың бауырындағы ауылда өстік... Жер үй, сығырайған білте шам, тапшылық, жоқшылық. Ата, ананың асырауға шамасы келмей қалаға шұбырдық.

Жатпаған жеріміз жоқ. Шұқырға да түнедік, сайға да қондық. Шатыр іші, сарай асты, сабан төсек — бізге мамықтай болды. Жүретін жерлеріміз вокзал, базар, мал базары, шөп базары, істейтін кәсібіміз сұраушылық, кезбелік.

---

<sup>1</sup> Леонид Мартынов.

А с а н б а й. Мойнымызда дорба, қолымызда көтелок. Су тасимыз, от жағамыз. Қора тазартамыз, түк таппағанда ұрлық қыламыз.

К ө п б о л. Қалта қағып, қайыр тілеп жүргенде Ғани бізді тапты. Біз Ғаниды таптық. Сондағы көрген қорлық пен сұмдықты, ал бастадық бастан өткен шындықты!..

Шам сөнеді. Қайыра жанады. Биік дуалмен қоршаған кең аула. Көк шатырлы қызыл кірпіш үй. Байғанидың әйелі Халима ханым, жас Ғанидың шешесі Күлсім — кенеппен қаптаған сандықты мықшындап үйдің тасасына шығарып жатады. Жасы он бес, он алтылар шамасындағы күтуші қыз Күлпәш қаннен-қаперсіз ауланың ішінде әндетіп кілемді тазартып жүр.

К ү л п ә ш (*«Бір бала» әніне толған*):

Талдан таяқ жас бала, әу... таянбайды.  
Бала бүркіт түлкіден аянбайды.  
У-гәй-әй, ән салшы-әй, бір бала-ай.  
Білім түлкі болғанда, бүркіт бала,  
Талап етпеу жас шақта жарамайды.  
У-гәй-әй, ән салшы-әй, бір бала.  
Қос етек, бұраң бел,  
Қуалай соғар қоңыр жел.

Х а л и м а. О, алла! Қияпат ауыр заман болып тұр ғой, Күлсім. Таң әппақ болып атқанша ұйқым да келмеді. Көзім ілініп кеткен екен деймін, түсімде сен байғұстың басында ақ шатырдай меткел жаулық, үстіңде жібек көйлек. Қуанышың қойныңа сыймай айт намазына ма, әлде тойға баруға ма, біздің қақпадан шығып бара жатыр екенсің деймін. Ояна келіп, е, алла, осы көрген түсімді Күлсімнің басына оралта көр деппін.

К ү л с і м. Айтқаның келсін, бәйбіше. Ақ киініп, ақ жібекке орануым, Ғанижаныма деген ақ тілеуім болғай-ақ та.

Х а л и м а. Ақ тілеуің. Біз Тәшкентте, сендер мұнда, қатынасымызды үзбеспіз. (*Күлпәшті мезген.*) Осы қызға тәрбием сіңген еді. Саған келін, Ғаниға серік болсын деп қалдырып барамын.

К ү л с і м. Қос жетім... Қайдам, райлары жарасса болғаны да.

Х а л и м а. Райлары жараспаса, жарастыратын өзіңсің. Ғани ер жетті, басына бақ оралды. Балаңды баурап көндір.

К ү л с і м. Оң-солын таныған шағы, кім біледі...

Х а л и м а. Кім біледіні қой, өзі сондай қаһарлы дейді. Жетімдерді жинаймын, интернат ашамын. Мейіров, Үңгібаевтармен салғыласа кепті. Мынау өзің шырағдаһын жаққан құтқанаң ғой. Байекең сенің атыңа жаздырамын, саған қалдырамын дейді.

К ү л с і м *(таңырқап)*. Менің маңдайыма сыя ма, ханум.

Х а л и м а. Сыяды. Балаңның арқасында сен де тайраңда. Байғаниде бөліспеген еншім бар еді, күйеуімнің аруағына сыйлады. Табан ақы, маңдай теріме сыйлады. Тартып алғанымыз жоқ. Өлгенде, талғанда көрген рахатым, де. Мен үйге барайын. Жүру қамына кірісейін. *(Халима үйге кіреді.)*

К ү л п а ш. Апа, неге ойландың?

К ү л с і м. Ойланарлық хал боп тұр ғой, Күлпәш. Құдайым бізге де бір жақсылығын төгейін деген де. Келші! *(Маңдайына қарап.)* Жазық маңдайыңа жазғаны — маған жазғаны. *(Сүйеді.)* Қалауым да өзіңсің, аяулым да өзіңсің, қызығым... Қуанышым....

К ү л п ә ш *(түсінбей)*. Апа, мейіріміңіз тым құлап кетті.

К ү л с і м. Өз үйің, оңаша от басың.

К ү л п ә ш. Мен қалып қоямын ба, осында?

К ү л с і м. Тәшкент кәтте шәһәр дейді Халима ханым. Онда тапшылық, таршылық.

К ү л п ә ш. Ғани аға хатында оқытармын деп жазған еді.

К ү л с і м. Жесір күнімде жұрттың кірін жуып Ғаниді де оқыттым. Сені де оқытармын. Бері жүрші, қызым. Ақылдасатын шаруа бар. Үйге барайық.

Күлпәшті ертіп кетеді. Қасында Павел мен Тұрсын. Екеуі де ерекше тапсырманы орындаушы комсомол жасағынан. Ғанидың үстінде кавказ халқының жеңсіз шинелі, басында көк бұйра папаха. Аулаға кіреді.

Ғ а н и. Осы үйде тудым, осы үйде арпалыс дүниенің арамын да, адалын да көрдім. Қимасым да, анам да осы үйде. *(Дауыстап.)* Апа-ау, апа! Мені келмеді деп төркініне тайып тұрды ма екен.

П а в е л. Үйге кіріп, біліп шығайық.

Ғ а н и. Байғаниға сыр ашпаңдар. Мені көрсе дажалды көргендей сілене қалады. Жетім қызды шошытып алмай, алып шығыңдар!

Павел мен Тұрсын кетеді. Ауланың түпкіріндегі флигельден Күлсім келе жатады. Баласын көріп, көзі жаудырап, жүрегі алып ұшып ақырай боздайды.

Күлсім. Құлыным, көз ашып көргендегі жарығым. Көрдім бе, көрмедім бе?

Ғани. Көрдің, апа! Байғани үйінде ме?

Күлсім. Үйінде. Халима ханым жүргелі жатыр еді де.

Ғани. Қайда?

Күлсім. Тәшкенге. Немене, конфескелеуге келдің бе!

Ғани. Мен емес, үкімет.

Күлсім. Үкіметтің сен де бір көзісің. Осы үйдің мен де бір жанымын. Ақ сүтім осы үйде суалды. Ашаршылықта құйқаны осы үйде жедік. Іргенді сен айырсаң да мен айырғаным жоқ.

Ғани. Мен десең айыруың керек еді, апа!

Күлсім. Айырмадым. Құдай сүйегімді осы үйден шығаруға жазған екен. Оған не дейсің?

Ғани. Не дейін. Мейірімге — мейірім десең бір жөн. Жан күйіңіз арбалған. Әбден құлшылыққа көнгенсіз де, сенгенсіз. Ертелі-кеш иығыңнан ауыр бейнет түсті ме? От басында қалғып, кір сырмаққа жата кетпейтін бе едің? Езілген, егілген күннің бейнеті есіңізде қалмауы, апа, өкініш-ақ.

Күлсім. Балам, соның бәріне көндірген де, төздірген де сенің қызығың болатын. Ер жеттің, ел аузында Ғани атандың. Мені қуантамын, сергітемін деп келсең, ұйғарғаным бар.

Ғани. Ұйғарғаның кім?

Күлсім. Күлпәш қолымда өсті. Көз алдымда бой түзеді.

Ғани (*күліп*). Бой түзеді? Жоқ, апа, бойын түзесе де, ойы мешеу. Иртернатқа орналастырамын.

Күлсім. Немене, шпана-кезбе ұрылар орналасатын жерге ме? Дәтің қалай барады олай деуге?

Ғани. Тумысынан кезбе болып ешкім де туған жоқ. О да тағдырдың салған азабы.

Күлсім. Апыр-ау, көзге айтылған суық сөз құрсаққа барғанда мұз болады. Мұздап қалды-ау көңілім. Менің бір тілегімді орындамағаның ба, балам?

Ғани. Сол қыздың бағы сізге келін болып түсумен ашылмайды, апа!

Күлсім. Балам, балам басыма шырақ жағады, пыраққа мінгізеді деген үмітім зая, тілеуім теріс пе еді. Қайтейін, қайтейін!..

Ғани. Тілеуің де дұрыс. Үмітің зая кетпейді, апа.

Халима мен Байғаниды итеріп тастап Павел мен Тұрсын, Күлпәшті үйден алып шығады.

Павел. Ақысыз, аш-жалаңаштарды жұмсап үйренген буржуй!

Байғани (*Күлпәшті қорған*). Асырап алған қызымыз. Үй-жайы бар, панасызға жата ма?

Тұрсын (*Халимаға*). Қаңсыған харам күбі, жармаспа!

Күлпәш. Баба-екешім, баба-екетайым!

Халима. Тиме жетімге. Бармайды интернатыңа. Қалта қаққыш шпаналардың ортасына апарып, періштедей қызды жамандыққа баурама! Бармайды Күлпәш! Бармаймын де. Ермеймін де...

Ғани (*ентелей басып Күлпәштің қасына келеді*). Күлпәш, мен кеткенде көзің жаудыраған сәби жанды бала едің.

Күлпәш. Бой түзеген қыз болыппын ба?

Ғани. Ой түзелмей, бой түзелмейді.

Күлпәш. Сеніңше мен әлі де ойым мешеу баламын.

Ғани. Баласың. Сөз жеткісіз жүрек тілі сәби жанында. Оны оқу арқылы ашасың. Интернатқа беремін.

Күлпәш. Қамқорлығыңа рахмет. Үйден сүйреп алып шыққан жолдастарыңа да рахмет.

Ғани. Сүйреткені қалай?

Күлпәш. Ойы мешеу, әлсіз қызды кім сүйремейді. Сіздің жұмсаған жолдастарың да. Мені қолына алған қожаларым да, тағдыр да, бәрі де...

Ғани. Байғани қайда?

Тұрсын. Үйінде. Жүргелі жатыр.

(*Үйдің сыртында жүргелі жатқан Байғани Күлпәшті шақырады. Ауланың түпкірінен Күлсім келе жатады.*)

Байғани (*сыртта, дауыстан*). Күлпәш, поездан қаламыз. Құрмет, сыйын көрдің ғой. Бол, тез!

Күлсім. Айналып келгенде тілеуімді қоса кесетін болдың ба, балам.

Ғани (*күйініп*). Күлпәш, қарыздармын деп келдім ғой саған!

Күлпәш. Қарызыңызды өтеуге мен татымаймын. Әлсізбін. Көңілі жадау күйкі қыз, күл сыпырудан басқа білері бар ма! (*Күлсімді құшақтап.*) Апа, маған ауған мейірім, сіз ойлағандай болып шықпады. Шаршаманыз. (*Әлсін әлі сүйіп.*) Қуатты болыңыз. (*Кете барады.*)

Күлсім. Мен ойлағандай болып шықпады.

Ғани. Иә, шаршаманыз деді сізге.

Күлсім. Мені бейнетке жазған. Сыйлағаның сүйгенің болсын. Көңілі жарасқанның тұз-еңбегі де жарасады, деген далбаса да. Қуаныш нұры сараң түскен мен бейбаққа бәрі де алдамшы. Бала жасымнан тәңірім қатал әмірін осылай жазған. Бұл үйде менің де қалуымның қызығы да, сәні де жоқ. Төркініме барамын.

Ғани. Апа, көңілім қаламағанға неге зорлайсың? Бұл үйдің еденіне талайдың көз жасы тамған. Бұл үй адам алып, адам сатудың ұясы емес пе еді. Бәрінен сіздің күйзелуіңіз батады. Ешқайда да бармайсын. Тағдырымыз айрылмас тағдыр. Бұл дүниеден арқалап өтуге борыштымын. Әлі де сәбидеймін, күдік ойды көңіліңізден шығарыңыз, апа!

Күлсім. Айттым ғой, қайда жүрсең де аман бол деп. Еден сыпыру, от жағу, малын сауып біреудің үйінде тірлік етуге үйренгенмін. Хош бол. (*Кете береді.*)

Ғани (*күйзеле толғанып*). Қайтарар кегім әкемнің кегі, құрғатар көз жас анамның төккен көз жасы емес пе еді? Неге бұлай?

Тұрсын. Ауқымынан шыға алмадың, Ғани.

Ғани. Ол жақсы көргенді мен де жақсы көруім керек пе?

Тұрсын. Қайтесің, ана көкірек қой.

Ғани. Арбап тастаған. Алып шығындар үйінен Байғаниды! (*Павел мен Тұрсын үйден Байғаниды алып шығады*).

Байғани. Ғани балам, шапағатым аз тиген жок сді ғой.

Ғани. Тиген. Өтеуін — әкем, төлеуін — шешем қайтарған! Панасыз жетімдерге үйіңізді берсеңіз — онда сіздің де қайтарғаныңыз!

Байғани. Кімнің жарлығымен?

Ғани. Революциялық комитеттің жарлығымен, Байске! Қоныс ауып шұбырған алпыс мың панасыздардың жарлығымен.

Байғани. Панасыздар, тілеуі кесілген несібесіздер-

ді біреуді тонау, біреуді зорлаумен жеткізе алар ма екенсің? Жастайыңнан қағынып едің! Бір күн дәмдес болғанға мың күн сәлем. Жұрттың жетімін жинағанша ана қаңғырып қалған шешенді жинап алмаймысың?!

Ғ а н и. Қарғысы сіздің мойныңызда. Қаңғыруына жел берген де сіздің сиқырыңыз. Қол қойыңыз!

Т ұ р с ы н. Қолыңды қой, буржуй!

Ғ а н и. Қоймайды екенсіз, бұдан да зорын көресіз.  
(*Қаулыны ұсынады. Байғанидың қолында қалам. Тіксіне қарап қалған. Марш.*)

Шымылдық.

## ЕКІНШІ СУРЕТ

Ташкент қаласы. Бұрынғы ерлер гимназиясының үйі Қазақ-қырғыз институтына берілген. Институт үйінің алдында үлкен сквер. Кіре берісте арқа тәрізді қақпа. Қақпаның үстінде бір қабат, астыңғы қабатында жатақ үй. Алғы шымылдық ашылады. Нан салған корзинкелі көтеріп, беттерінде паранжа Халима мен Күлпәш шығады.

Х а л и м а. Бұл Қазалы емес, жеті базарында жеті жүз қайыршы кезген Ташкент.

К ү л п ә ш. Біз қай базарына келеміз?

Х а л и м а. Көшенің мүйіш-мүйішінде нанды қыдыртып сататын базарына. Ыдысыңның бетін жауып ұста. Сұғанақ қолдар жұлып кетеді. Паранжыңды ашпа!

К ү л п ә ш. Пыснап барамын.

Х а л и м а. Шыда, қызым, шыда.

К ү л п ә ш. Саудасын мен жасайын, ақшасын сіз алыңыз.

Х а л и м а. Жүр, қызым. (*Дауыстап.*) Етті самса!.. Шірмәнді нан.

К ү л п ә ш. Шірмәнді нан, майға пісірілген! Жеген де арманда, жемеген де арманда. (*Екеуі қосыла жар салып кетеді. Қақпаның сыртында анталай тізілген саудагерлер. Киімдері ұсқынсыз, Асанбай мен Көпбол, тағы екі-үш бала ұтыс тігіп төрт асық ойнап отыр.*)

К ө п б о л (*асықты үйіріп*). Дәт, даттиком... жұп түс, жұп түспесең шік түс.

Б і р і н ш і б а л а. Үйір-үйір, үйірмел, қиыр келмей түзу кел! Әп-пәлі, төртеуі де шік түсті.

А с а н б а й. Түсіп жатыр. (*Үйіріп.*) Бағы ашылған-

ның асығы алшысынан түседі. Я, сәт! Алшы түс! (*Үйіреді, алшы түспейді.*)

Көп бол. Қара кездік қайқайдың. (*Асықты үшкіріп.*) Сұп-сұбихан... Ұтысыма үш күлше.

Бірінші бала. Бақ-бағ-ай, бақ-бағ-ай, мені күдай жақтағай, әуп-пәле! (*Үйіреді. Алшы түседі.*) Әпкел бермен үш күлшені! (*Ұтылған ұпайларын төлеседі. Ұтқан бала мардамсып, аузын толтыра малжаңдап, тайраң қағады.*)

Асанбай (*түрегеліп, сыртта біреуді мезген*). Анада біз қалтасын қаққан қазақ келді, қағайын ба қалтасын?

Көп бол. Қара-кездік, қаққыш болсаң, ана паранжы жамылған жуан кемпірдің қалтасын қақ!

Асанбай. Ақымақ, Халима апай ғой.

Көп бол. Мейлі, тыққан алтыны көп, іші майлы кемпір.

Асанбай. Ая-жан, апатай, деп сендер алақандарынды жәйіп алдына барып тұра қалындар. Қағынғыр, харам ит десе де кетпендер. Сүзіле емініп соңынан қалмаңдар. Көзі тая бергенде корзинкесіне қолды бір сұғып берейін. (*Үшеуі жөнеле беріп кілт тоқтайды. Жалаң аяқ панасыздарды алдарына сап айдап келе жатқан Павел мен Ғаниді көреді.*)

Көп бол. Айдап келеді. Әйда, зыттық!

Асанбай. Қалай түсті екен қолға, бөліспеген ақша Әтебайда емес пе еді?

Көп бол. Сымпидық, Қара-кездік.

Асанбай. Сымпимаймыз. Сендер қара кемпірді торындар. (*Көпбол серіктерімен тайып тұрады.*)

Ғани (*сырттарынан көріп қап*). Товарный станцияда көнбей кеткен осылар емес пе?

Павел. Қазалының қаңғыбасы Асанбай бұзық.

Ғани. Ізіне түс. Көнбесе байлап алып кел. (*Павел кетеді.*) Ал, балалар, мынау жатақ үйлерің. Әзірге үй тапқанша осында боласындар. (*Қақпаның тасасынан Асанбай шыға келеді.*)

Асанбай. Қалта қаққыш Қара-кездік Асанбайды естіп пе едің?

Ғани. Қазалының панасызы.

Асанбай. Нақ солай. Босатыңыз менің серіктерімді.

Ғани. Серіктерің кім еді?

Асанбай. Өтебай, Саймасай, Елеусіз, Жүсіпбек, Сейілхан, Төлеш! Шығындар бері!

Ғани. Кезбеліктен қол үзгің келмейді, ә?

Асанбай. Үйренген кәсіп. *(Ызбарлана ақырып.)* Неменеге жаутандай қалдыңдар! *(Жұдырығын білеп.)* Сендерді ме, сендерді қияр салған күбінің ішіне бастарыңды тығып қойып сойса да обал жоқ.

Ғани. Еһе, тұзды қияр салған күбінің түбін жалаған қандай рахат, ә?

Асанбай. Кекетпеңіз!

Ғани. Сендерді осы күйге түсірген ненің салдары? Жоқшылықтың, жұттың, соғыстың салдары екенін, сен бұзық, білмейсің де ғой!

Асанбай. Немене, соғысты біз шақырдық па? Жұтты біз тіледік пе?

Ғани. Әкең марқұм, бақытым да сен, қызық, қуанышым да сен деп өтті-ау дүниеден. Сенің сиқың мынау. Байқаймын, осы балалардың атаманысың.

Асанбай *(қиқарланып)*. Секретарымын!

Ғани. Басы асауға бәрі жөн. Серіктеріңнен бөліске түспеген үлесінді ал. *(Ызғарланып.)* Менің көзімше ал!

Асанбай *(екі баланы оңашалап)*. Шығар қалтаңнан, боз өкпе.

Өтебай. Қалтамның тесігінен түсіп қапты.

Асанбай. Қалтаңа неге саласың, соқыр күзен.

Өтебай. Қағынба, қара-кездік.

Асанбай. Мына жаманның тілі шығайын депті. *(Тұмсықтан періп кеп жібереді. Қойын қалтасынан селебе пышақты суырып.)* Кәне, тыпыр етші!

Өтебай *(Ғаниға тығыла)*. Ғани аға, Ғани аға!

Екінші бала *(қолындағы пышақты қағып түсіріп)*. Кәне, өзің тыпыр етіп көрші! *(Барлығы жабылып қол-аяғын байлайды)*.

Ғани. Ал, атаман, ұнай ма саған бұл кәсіп?

Асанбай. Айлаңызды асырдыңыз.

Ғани. Босатыңдар қол-аяғын.

Асанбай *(көзінде жас, булығы күйініп)*. Біз не үшін қаңғырдық?

Ғани. Орынды сұрау! Қайыршылық, бүліншілік шегіне жеткен елді ашаршылық қаусатса, бай-кулактар қосыла қаусатты. Ата-анадан әл кетті. Қорегі үзілді, пана болар бауыр қалмады. Қаңғырып жүріп қалаға жеттіңдер. Мұқтаждық не істетпейді. Қайыр сұрадыңдар.

Асанбай. Сұрамағанда... Неге тұрмын, кетейін. Жан көрмейтін жерге кетейін.

Ғани. Ықтиярың білсін. Павлуша, мыналарды алдымен моншаға түсір. Кірлерін тазартып, шаштарын алғыз.

Павел. Киімдерін қайттік?

Ғани. Бар киімді бөліп кигіз. Қакпа аузына сақшы қой. Айрылып қалма. *(Павел балаларды жатақ үйге алып кетеді. Асанбай қалады.)*

Асанбай. Сіз осы кімсіз?

Ғани. Мен де сендей жоқшылықтың зардабын тартсам да, қайыр сұрамадым. Қалтаға түспедім.

Асанбай. Уха! Дархандық ерте дарыған екен.

Ғани. Маған қиқарлығың ұнайды.

Асанбай. Жетім кеше, кезбе қиқар. Тандайсыз туып, маңдайлы болған өзіңіздей көресіз. Байғанидың арқасында адам болғаныңды бұлдамаңыз.

Ғани. Мен сені санасыз ба десем, өзің көп жайларды аңғарғансың. Тандайсыз туып, маңдайлы болу үшін де ақыл керек. Төзім керек.

Асанбай. Мен бе төзбеген. Жамандықтан құтылмақ жоқ. Сақ болыңыз. Қаңғыбасқа бір түнеу де олжа. Бүгін түнеп шығамын. Ертең менің қарамды да көрмейсіз. *(Сілейе қатып тұрады да, амалсыздан үйге кіреді.)*

Ғани. Сынбаймын деп сіресіп еді, бұ да сынды.

Бетінде паранжы, асыға басып өзбек қызы Ажар, Тұрсын, Сағдат, Саржандар келеді.

Тұрсын. Біз бұл қызға комсомолдың мүшесісін, бетіндегі паранжынды ал десек, амалым нешік дейді...

Сағдат. Иә, жүзіне түкіріп қорласа амалы нешік.

Тұрсын. Өзі қабырға газетінің редакторы.

Ғани. Өзі не қалайды екен?

Ажар. Ғани эка, қалағанымды істесем бүйтіп жүрмес те едім. Амалсыздан десем, мына Тұрсын намысымды қорлағандай сөз айтады.

Тұрсын. Амалшыл болу комсомолдық дәстүрге жатпайды.

Саржан. Амал дейміз, заман дейміз. Ғасырлар бойы тұмшалап келген қара торды біз сыпырып алып тастаймыз дегенмен, бола қоя ма? Ғани, бұл қыздың әкесі Шайхан тауир мешітінде діни сотқа тартылған. Нарком-

прос тарапынан барып сөйлесіп көріп едім, мені маңайлатпады.

Сағдат. Дін басшылары әкесіне: «не комсомол қызыңмен бол, шариғат жолын ұстасаң бізбен бол», деп қыстайтын көрінеді.

Ғани. Әкесі не қызмет істейді?

Сағдат. Азаншы.

Тұрсын. Мүһәззин...

Ажар. Үйге барсам: «иманың күйгір, шоқынды қыз, ұстама ыдысты, қолың харам» деп шешем қарғайды. Дүзге шықсам — мәхәлләнің сәлде тартқан имам-ишандары қарғайды.

Ғани. Иә, жалғыз Ажардың басындағы қасірет пе! Бүкіл Түркстан әйелдерінің қасіреті.

Тұрсын. Паранжымен жүре берсін бе?

Ғани. Жүре берсін. Әке-шешенің райына қарамай да болмайды. Тек құрбылары күлмесін. Бұл күлерлік іс емес. Балтамен шауып тастай алмайсың. Қайта, қараниеттілер, паранжы жамылған қыздың ой-санасы қалай оянғанын көретін болсын. Ажарды ең үлгілі қызметке орналастырайық.

Ажар. Рахмет, Ғани әка...

Ғани (*паранжысын түзеп*). Лажы жоқ, іш құсамен үнсіз аңсауда қаншама арулар өтіп жатыр. Бітеу өсек те осының ішінде. Қиялдың буалдыр таудай үйілген қысы да осының ішінде. Ширақ бол!

Тұрсын. Сақ бол!

Ғани. Дұрыс айтады. Сақ болғайсың, қарындас!

Ажар. Хұп, Ғани әка. (*Ажар кетеді. Сәл үнсіз.*)

Ғани. Тұрсын, Инпроста не боп жатыр?

Тұрсын. Семей кашқыны Жанатов өзімен бірге шонжарлардың балаларын ерте кепті.

Ғани. Оқуға да түсірді ме?

Тұрсын. Түсірмегенде. Кеше сен жіберген жиырма жеті бала емтиханнан бірден құлады. Институт маңын қайқы таяқтар мен қалпақтылар, сылаңдаған сұлу қатындар қаптап кетті. Қабылдаушы комиссиядағылардың аузын алып тастаған. Біреуінің жездесі, біреуінің құдасы, біреуінің жерлесі... Қолы жеткендер балаларын өткізіп жатыр, жетпегендері қайқайып кетіп жатыр.

Ғани (*Саржанға*). Наркомпрос бұған қалай қарайды?

Саржан. Конкурс. Емтихан. Оқуға әркім де ерікті.

Ғани. Ішерге асы жоқ, жатарға орны жоқ кедей балаларының рызығын тонауға да ерікті ме?

Саржан. Ол, бос идиал ғой, Ғани!

Ғани (*шатынап*). Қытықтауды жақсы көресің-ау! Қырда дала содыры, қалада қолы жеткен зиялылардың балалары өтеді. Жетпегеннің желкесі қиылады. Жолы кесіледі. Несібесі тоналады. Жоқ, бұлай бола бермейді.

Саржан. Сенікі желке қиылды, жол кесілді деуден келеді-ау.

Ғани. Қиылмағанда не? Талай көздер мөлтілдеп, талай балғын солқылдап кетіп жатса, баудай орылғаны. Тұрсын, қабылданған оқушылардың тізімін ал!

Тұрсын. Маған бере ме?

Ғани. Ғани бұйырды. Түркстан комсомол комитетінің қазақ-қырғыз бөлімінің секретары бұйырды де.

Тұрсын кетеді.

Саржан (*қиялданып, өзіне*). «Өмір гүлсіз, бұлбұл үнсіз,

Ол әншейін бір сұр құс».

Сағдат, қаламысың?

Сағдат. Қалсам ба деп тұрмын.

Саржан (*өлеңдетіп*). «Қараңғы қиял, бос идеал. Ол әншейін бір қуыс...»

(*Ғаниге*). Осы өлеңнің иесіне кеше сот құрғызды.

Ғани (*шошынып*). Не дейді? Кімдер?

Сағдат. Қайназаров пен Байназаровтар. Мен кешірек барып қалдым. Батыс, Арқа, Сыр бойы, Жетісу боп үш жікке бөлінген. Іштей атысып әбден күрең қабақтанып алған.

Ғани. Біз нені байқағамыз?

Сағдат. Байқа, байқама, алалық ата салтымыз, ру желеуі кімдердің басын қатырмады. Дарынды, дарынсыздың аузында сөз барымтасы. Бірін бірі асырамақтайды, не өлтіре даттайды...

Саржан. Қоздыратын кімдер?

Ғани (*тура*). Мына тұрған сендер!

Саржан. Өзің ше?

Ғани. Пендеміз ғой. Мен де сау қалмаспын. Жау найзаласа бір жөн... жікке бөлініп, топ ертіп, өзді-өзімізді найзалаудың ақыры неге соғарын кім біледі? Тандай қақтыратын өкінішке ме? Көкіректі қақ айыратын күйінішке ме? «Қарғағанын жер қылып, алқынғанын зор

кылған»,— деген осы да. Адамның топшысын қимайды. Бетін түзейді. Ұлтын сүйю — ұлтшылдық емес, ұлтын қорлау — ұлтшылдық (*Саржанға.*) Достарына айта бар осыны!

С а р ж а н. Мақұл. (*Кетеді.*)

С а ғ д а т. Сен тамаша айттың. Революция тұсындағы кесім ызалы жүрек кесімі болатын.

Ғ а н и. Жүректің шешімін тауып, оларға орын бердік.

С а ғ д а т. Орын беру бар да, рухани табысу бар емес пе?

Ғ а н и. Егерде кекке булыққан қара ниетінен таймаса?

С а ғ д а т. Таюға тиісті. Таймауы мүмкін емес, Ғани.

Ғ а н и (*үнсіз ойлануда. Жатақ үйдің ішінде «Бір бала» әнін шырқай салған жас жігіттің даусы естіледі.*) Бізге әнші келген бе?

С а ғ д а т. Қырдың баласы.

Ғ а н и. Ірі әнші болғалы тұрған бала екен.

Ыңылдап қосылады. Ән аяқтала бергенде пан сатып жүрген Халима мен Күлпәш келе жатады.

Х а л и м а (*долдана шабынып*). Көк түйнек келгірлер, нанымды талап кетті-ау... Талап кетті, ойбай.

Ғ а н и (*жалт бұрылып*). Таныс дауыс. Ей, базар мыстаны, неге айғайлайсың?

Х а л и м а. Базарда жетіскеннен жүрміз бе? (*Қорзункесін көрсетіп.*) Беті лық толы нан еді, қағынғыр бұзықтарың анталап кеп алды да кетті, алды да кетті. (*Жылап.*) Е, балақайым, напақамызды нан сатумен тауып жүрген жандар едік.

Ғ а н и. Мен сізді көрген тәріздімін-ау, шеше!

Х а л и м а (*тыңдай*). Екі дүниеде тілеуінді берсін, жетпегірлеріңнен нанымның пұлын алып бер.

Ғ а н и. Сіз Халима апайсыз ғой?

Х а л и м а (*шошына шегініп*). Не деп тұр мына мұндар.

Ғ а н и (*бетінен паранжысын жұлып алады*). Шалқыған дәулеттің ақыры базарда шелпек сатуға кеп тірелді ме? Таныс жандар танымасын деп бетіне паранжы жамылғансыз.

Х а л и м а (*үні бар да сөзі жоқ*). Ә...ә...ә...

С а ғ д а т. Қайтесің, істей берсін саудасын.

Х а л и м а. Ей, егіз екі болмағыр қазық аяқ қыз, сен де маған бөтен емессің.

Сағдат. Қарғай беріңіз. Алыс, жақынды біліп жатқан сіз бар ма? *(Кетеді.)*

Ғани. Мынау кім? *(Күлпәштің бетін ашады.)* Күлпәш?

Күлпәш *(сұлқ)*. Ғани! Жақындамаңыз маған.

Ғани *(алдын орап)*. Қайда қалды екен Күлпәш? Байдың күлін төгуден босана алмай жүр ме? Әлде бір жалмауыздың арбауына түсіп сатылып кетті ме?— деп жүрсем, сенің де кәсібің базарда нан сату болғаны ма?

Күлпәш. Нан сату да тірлік. Жәбірлемеңіз. Қарақшы кезбелерден пұлымызды алып беріңіз.

Ғани. Олар да сендей панасыз жетімдер.

Х а л и м а. Қыз баланы жамандыққа азғырмас болар.

Ғани. Қал осында, Күлпәш.

Х а л и м а. Біреудің халал зайыбын азғырма!

Ғани. Халал зайып? Сені ұзатып та қойды ма?

Х а л и м а. Еркі білән. Жүр, жүр, жүр, қызым. *(Қолынан жетектеп кете барады.)*

Ғани. Тым болмаса тұрағынды айтшы, Күлпәш. *(Күлпәш жауап қайырмайды. Ғани ауыр ойда.)* Қыз атаулының қасіреті осы да. *(Жатақ үйдің ішінде айғайшы. Төбелес. Асанбайдың бүлігі болуға тиісті. Ғани жатақ үйге кетеді. Институт жақтан Саржан мен Табынбаев келе жатады.)*

Табынбаев. Қиратты-ау, терезені. Бар қазақтың мандайындағы жалғыз институт еді. Жындыханаға айналды.


Саржан. Басында жолатпау керек еді ғой, Ділдә аға.

Табынбаев. Баса-көктеп кірген жоқ па!

Саржан. Бүлдіре түссін. Беделден жүрдайсындар. Әудем жерге әмірлерің жүрмейді. Елім, жұртым дегенде өзектерің үзіледі. Қу жетімге басқартып қойғанша, шықпайсындар ма сайысқа!

Табынбаев. Қазақтың жетімі мен жесірі, ғарыбі мен қайыршысы, даладан таппаған қайырымын, қаладан таба ма? Мені қайраудан не шығады!

Саржан. Шығады, Ділдә аға. Ел басқару ісінен ысырылсаңдар да, рухани ой басқарудан шеттетіп отырған жоқ. Жастар сендерден қол жетпейтін арманды



емес, қол жететін іскерлікті тілейді. Жас қайыңдай жай-қалтып, шынардай шымыр өсіру уағаздауларыңа байланысты. Ділдеке.

Табынбаев. Не қыл дейсің маған?

Саржан. Аңшының ісі оңға басса, асау тағы өзі келіп түседі қақпанға.

Табынбаев. Шырағым, онсыз да қоңыраулымыз. Айтқанымыздың бәрін періште әмин деуден қалғанбыз. Онан да ынтымақ, бірлік, бізді ала ұстамаудың амалын ойласайшы. *(Үйден Павел мен Ғани келеді.)*

Павел *(Табынбаевқа)*. Бала жанын зерттеген педагогсіз. Не ақыл бересіз?

Табынбаев. Өңшең шығаннан шыққандарға мен түгіл құдайдың да ақылы жүрмейді. Қирамаған не қалды? Партадан сау парта жоқ. Шторлар сыпырылып, үстел жапқыштар Ташкенттің базарына тоғытылды. Бау-бақшамыз қандай еді. Не өріктен, не алма, алмұрттан түк қалдырмай тонады. *(Тағы да бір терезе сынады, жан ұшырып.)* Тағы да сындырды-ау, қиратты-ау!..

Ғани. Революция сындыра да, түзей де келеді.

Табынбаев. Сындыру оңай, түзеу қиын емес пе, Ғани.

Ғани. Жұтқа шалдығып ашыққан жұртты қайыр тілеу дәрежесіне жеткізбей, ертерек қам жасауларын керек еді.

Табынбаев. Кезбелердей бізді де мылтықтың күшімен көндірмекшісің!

Ғани. Алда-жалда көнбесеніз...

Табынбаев. Әкет кезбелеріңді. Әкетпедің бе, қақпа, есігі ашық!

Ғани. Қақпа алдында күзет барын да ойлаңыз.

Табынбаев. Уа, неге шықпайды біздің жігіттер?..

Ғани. Бұл айғайға аттан қосып ұрандасатын іс емес. Арандатпаңыз. *(Жатақ үйден Табынбаевты жақтаушылар шығады.)* Павел, эзер болса бізді қатал шараға бардың деп айыптар. *(Бұрылып.)* Апар да қама!

Табынбаев. Кімді, мені ме?

Ғани. Иә, сізді. Кең жерде тар отырсаң, тар жерде кең отырасың. *(Павел мылтық төсейді.)*

Шымылдық.

## ҮШІНШІ СУРЕТ

Ганидің пәтері. Темір кровать, орындық, стол. Сөреде кітап. Гани жазып отыр.

Г а н и (*шұғылдана ойланып*). Революция жеңіске жеткен дәуірде адамзаттың дамуы ғаламат... Жойқын шайқастар мен идеялар шарпыспай отырмайды. Көз қарастармен... (*Кідіре, бір ноқатқа қадала айналып.*) Позициялар соқтығысып... Ғасыр дауылы тыныш жатқызуға тиісті емес... (*Сөйлеп кетіп.*) Бүгін таңдағы комсомолдардың міндеті ала-құла ойларға жол бермей, адалдыққа баурауда болып отыр... Білімге, оқуға ұмтылған жастар... Сан алуан эволюциялық сатыларға осы мақсатта ғана көтеріледі. Идеялар шайқасына түсетін адам... оның сыр-сипаты... оның болашағы... оның көз қарасы... берік бекінген дінгегі... маркстік, лениндік ғылымда... Сол ғылымнан қорек алуында... (*Орнынан тұрып, ойлана жүріп ыңылдап.*) Өмірдің гимні шабыт пен шаттық болған күнде қатал кектің не екенін де білмеспіз...

Тұрсын мен Сағдат келеді.

Т ұ р с ы н. Гани, әзірленіп болдың ба?

Г а н и. Не әзірленетіні бар. Аздап жүйеге келтірдім... Өздерің не бітірдіңдер?..

С а ғ д а т. Іс әлпі жаман.

Т ұ р с ы н. Иә, іс әлпі жаман. Табынбаевты жақтаушылар шағым түсіріпті. Бүгінгі бюрода қарамақшы.

Г а н и. Түсірсін.

С а ғ д а т. Аттың төбеліндей оқығандардан безбейік дедім.

Г а н и. Оқытқан оқуын ғана білсе олардан кім безеді.

С а ғ д а т. Біздегі қасырет оқуда. Кімнен оқиды? Қалай оқиды? Шөлдегенге сусынды қай қолыңмен бер мейлің, шөлі қанса болғаны да.

Т ұ р с ы н. Оһе, біліпсің... Мәселен менің әкемді құл, шешемді күң ғып ұстаған бай-манаптың оқыған баласы маған ұстаз болсын да мен одан сабақ алайын. Менің таптық намысым қайда қалады?

С а ғ д а т. Таптық намысың сенің оянуыңда... Жан саяң олардан биік болса арланатын не бар?

Тұрсын (*Ғаниге төрелетін*). Ғани, намыс адамның арына жазылған демейтін бе едің?

Ғани. Иә, әр кімнің арына жазылған намыс бар. Сол намыспен олар менің үстімнен шағым түсірсе жылы төсекте қозғалмай жатып қарсы алуға болмайды. Танабаевты жақтаушылар купрер алдында... Жан таласып мені бірге ала кетуі... Аяспай шайқасқа баратындығын біліп алдым...

Сағдат. Ғани, бұл ісінді мақұлдамаймын.

Ғани. Мақұлда, мақұлдама... Мен істерімді істедім... Әзірге біз үшін заң осы... Берілмеу де шегінбеу...

Сағдат. Берілмеу дегенің дұрыс. Атай салып даурығудың қажеті не?.. Пейіл, мейірден олар да жүрдай... Ал біз де ызаға булығып, сенбеушіліктен күдіктене қараймыз...

Ғани. Қателестің, Сағдат. Біз сырымызды құпия ұстап жалған айтқан жеріміз жоқ... Ойға сыйған жақсылықты өзгеге ауысуда — басыңды бәйгеге тік мейлін... өміріңді сарп ет... Көздеген мақсатқа жетсек болғаны... Несіне жасырасың... Сен де оларды жек көресің. Олармен ымыра бітімге келген жоқсың... Келуге ерлігің де жетпейді... Мені қайрайсың... Айтшы? Мен әулие емеспін... Жайсақ бассам... түзетуіңе болады. Түсінісейікші...

Сағдат. Түсінген үшін де мен сені айымын.

Ғани. Аяу үшін де... сенімнен айнымау керек, Сағдат... (*Үйге көзінде жас, үрейлі Ажар кіріп келеді.*)

Ажар. Ғани әка... безген көңіл, қайғылы өмір бұдан артық болар ма?

Ғани. Тағы да не болды? Әкең құтылды ма?

Ажар. Құтылған жоқ... Әкеме дін сотын құрғалы жатыр...

Ғани. Не дейді!

Ажар. Бұхардың әмірінен қалған адамның басын ақшаға тігетін әдет бар. Менің басымды алпыс мың тілға балап... Әкеме төле дейді. Әкем төлеуден бас тартты....

Ғани. Естімеген сұмдықтар толып жатыр.

Тұрсын. Нұридден қазірет пен Шамун шайхыға сот та жоқ, заң да жүрмейді. Не ғаламаты барына мийым жетпейді.

Ғани. Ғаламаты — оларға ерік берілді... Өз дінде-ріңіз өздеріңізге қалай ұнаса — солай құруға тиістісіздер деп үндеу алынды. Ерік алған дін иелері шеңгелін

жазықсыз сорлыларға салып жатыр. (*Қалтасынан адрес-ті алып.*) Мағат махалласы, қырық жетінші үй. Насыр-ролла келіні Халиманың қолында Күлпәш отыр. Дін шырмауындағы сорлы қызды біз құтқармасақ — кім құтқарады.

Т ұ р с ы н. Оған біз барайық...

Ғ а н и. Ажардың әкесін ажал торынан құтқаруға мен барайын. Сағдат, бюроны тоқтата тұр. Сен сонда бол... (*Жиналып кетуге ыңғайланғанда Павел Ғанидің шешесі Күлсімді ертіп келеді.*)

П а в е л. Ғани, мамаң келді.

Ғ а н и (*анасын құшақтап*). Апа, зарықтыра күткізген апам!

К ү л с і м (*бауырына басып*). Апаңның сенсіз күні бар ма? Апаңа қуанышыңды қимасаң да зарықпасын, тарықпасын деп келдім, қалқам...

Ғ а н и. Апам бір келер-ау деп өзім де ойлаушы едім... (*Жүзіне тесіле қадалып.*) Өнің сынық қой? Сырқаттандың ба?

К ү л с і м. Жүрегім сызданады. Сені аңсай күткен сағыныштың зардабы ма? Әлде көртәйдім бе! Демігем де талықсып қалам... Сені көрейін, емделейін деп келді апам.

Ғ а н и. Жүдеп қапсың. Аттанарда ырқыңа көнбей кетіп едім. Кешір, апа! Балаң әлі де аңқылдаған қалпыңда. Өзің емізген ақ сүтінді, ақ тілеуінді ақтауға әзірмін. Жасырмай айтсам шынымды Күлпәшінді құтқарғаным жоқ.

К ү л с і м. Өзі қайда?

Ғ а н и. Осы қалада.

К ү л с і м. Бауырыңа басып, маңдайынан сипаған жерің болды ма!

Ғ а н и. Ақталмаған борышым Күлпәш боп тұр, апа! Сіз келдіңіз. Күлпәштің де, менің де көретін қуанышым... Аналық әлпешіңізде... Құшағыңды кең ашыңыз...

К ү л с і м. Кең ашайын ба!

Ғ а н и. Осы тұрған бәріміз сиятындай етіп ашыңыз...

К ү л с і м. Ақталмаған борышың Күлпәш болса, балам... Мені сол қызға алып бар. Арманым сол қызды көрсем... Менің бауырымда болған күндері мен түндері есімнен кетпейді, балам.

Ғ а н и. Апа, бізбен бірге жүріңіз. Сізді көрсе елігер

де қуанар. Сағдат, сен бізді орталық комсомолдар комитетінен күт. Кеттік, апа... Шаршамайсың ғой!

Күлсім. Күдер үзген көңілім қайтадан қуанса, неге шаршаймын. Ердім қастарыңа!

Шам сөнеді. Қайыра жанады. Шәйхан тауыр мешіттің іші. Түпкірде қара көлеңкеде мешіттің мінараты елес береді. Сәлден, сары ала шапанды Нұридден хазірет Ажардың әкесі муэззем Ташмұратқа дін сотын құрған. Еденде тізерлеп Ташмұрат отыр. Жердеріне айдың суреті бар шүберек байлаған еңгезердей зындан қарауылдары айбалталарын кезеніп тұр. Шамун шайхы, ишандар да алқа-қотан отырған.

Түпкірдегі дәрісханада хазіреттің шәкірттері арабша мақамдап жатады.

Уассұбұхұбада — мән жалға тиһи,  
Уаллайді дұжәда — фи — ғәфратһи,  
Сағатис шажара, сәмәнән қамара  
Би — шарифатһи!...

Нұридден хазірет (*тізерлеп отырған Ташмұратқа*). Діни шарифатқа хилап келушілер — ажал аузында тұрып та тәубесіне келеді. Тәубәңа кел, бәддұға соққан әзәзіл...

Ташмұрат. Уа, қазіреті имам... Әкеге қарап ұл өседі... шешеге қарап қыз өседі. Менің қызым діндәр шарифат жолымен өскен жоқ. Оның заманы бөлек.

Нұридден. Өзің муэззесін. Қызың бізді жалмауыздар! Жан алғыштар деп қабырға газетіне мақала жазды.

Ташмұрат. Мен жаз деп үйреткенім жоқ.

Нұридден. Өзіңді мұсылманмын деп танимысың?

Ташмұрат. Енші алла танимын.

Шәмун. Таныса басын мәрт етсін.

Ишандар. Хақ мұсылман болса, басын мәртке тіксің.

Ташмұрат. Мәрт етерлік күнә жасағаным жоқ. Қызымның басын алпыс мың тіллаға тіктіңдер. Оны өтерлік менде пұл да жоқ. Осы мәшіттің қорасын сыпырып, күлін шығардым. Қолымның жеткен жері азан шақыру еді. Онда да үнім бек зор болғансын өздерің белгіледіңдер...

Нұридден. Азанға сөз қосып бүлдіріп шақырдың ғой, сен найсап!

Ташмұрат (*бар даусымен мешіттің ішін күңрен-те*). Вассалата намаза! Әшады иләһи илла алла!.. Тух-

патолла! Нәсир алла! Зейнолла! Субуғат алла. Ғабдулла... Жар алла... Нұптолла! Халиолла! Сейфолла!.. Махалладағы игі жақсыларды атап шақырсам... Оның не сөлекеттігі бар. Көпсінсендер *(Басындағы сәлдесін жұлып ал.)* мә, алыңдар! Сәлдеге қоса менің жанымды да алыңдар!..

Нұридден. Сен бізден жан сұрапсың. Біз сізден ишан сұраймыз. *(Ишандарға.)* Кімде-кім мына малығұнды қанға бояса соған қырық мың тилла. Ер көңілді кім бар? *(Байғаниға.)* Жатар жерің болмай мешіттен сая іздеп келіп едің... Сен барарсың?

Байғани. Мені қинап қайтесің, хазірет. Дүние кірін көп сыпырған жанмын.

Шәмун. Мұсылман дінінің тазалығын сақтауға бердім он мың тилла.

Нұридден. Тағы да кім бар?

Біришан. Діни уалаят құраны шарифат жолына жиырма мың қостым... *(Ақшасын салады.)*

Нұридден. Кімде-кім мына әзәзілдің басын алса қырық мың тилла төленді. *(Жар салып, сенімдерін ала ұйытып.)* Кімдер бар? Уа, діни жамағат. Уа, шарифат жолына мәрт етуге қайсың барасыңдар! Адал туған ер көңілді жан себіл кім? *(Тағы да Байғаниға.)* Сізді ұйғарсақ, ә?

Байғани. Мен онсыз да жолымды қырсық шалған адаммын.

Нұридден. Кетіңіз онда мешіттен!

Байғани. Кет десең кетуіме болады. *(Көрне-жастығын жинай бастайды.)*

Нұридден. Малың талауда... Басың байлауда. Түрмеден шығып, баспана табалмай қаңғырып келгеніңде мешіттен орын бердік. Құдайдың қарғысы атқан бәд-дуға. Әлі де болса ойлан!

Байғани. Жо, жок... ондай жамандыққа баралмаймын.

Нұридден. Жолыңды қырсық шалған херамда ұшықтамай жібермейміз! Отырыңыз! *(Айбалта ұстағандарға бұйырып.)* Алып кетіңдер! *(Айбалта ұстағандар Ташмұратты сүйрей жөнеледі.)*

Ташмұрат *(алақанын аспанға жәйін).* Уа, хазірет!.. Ит нәжісті кемірген өлексе... Сенің діндәрлығың қандай діндәрлік! Мені өлім жазасына кескендегі жазығым қанша! Қызым үшін болса өкінбен! Бәрібір менің

кабырым сенімен қатар жатады. Басың қағылып ертең-ақ менің қасыма сен де келесің...

Нұридден. Әкетіндер Қызыл құмның шөліне. Күнәсін сонда өтесін.

Ташмұрат. Қызыл құмның шөлінде... Қыстақтар талқандалуда. Талай аяулы боздақтар құбылаға басын төседі. Азалы күндер. Ажалды түндер... Өтіп жатыр... Апарыңдар мені солардың қасына! *(Алып кетеді. Тым-тырыс. Қылмыстың ізін жасыруға тырысқан.)*

Нұридден *(ишандарға)*. Күнфаякүн!

Ишандар. Күнфаякүн! *(Қолдарын омырауларына басып, иіле жылмаң қағып ишандар кетеді. Байғани көрпе-жастығын көтеріп о да кетеді.)*

Нұридден. Шәмун шайхы. Төсек жаңғыртамын деп едің. Жаңғырттың ба?

Шәмун. Хазірет ием!.. Некесін сіздің алдыңызда киюға уәде байладық, келіп қалады.

Нұридден. Құсың құтты болсын. Құлшара ханымды кәртәйттің. Жас иіс көңілді жасартады. Некені қияр алдында тәһарат алайық. *(Екеуі кетеді.)*

Қасында Ажар. Шыға берісте қарсы жолыққан Байғаниды ертіп Гани кіріп келеді.

Гани *(асыға ұмтылып)*. Уа хазірет! Әделет бар жерде иман да бар! *(Кідіріп.)* Тайып тұрғын. *(Байғаниға.)* Мені балам десең көрген-білгеніңді жасырмай түгел айт.

Байғани. Гани балам, жатар жерім болмағансын мешітке келіп түнеген едім... Дүниедегі бар сұрқиялық осында екен.

Гани. Не жаза кесті Ташмұратқа!

Ажар. Айтыңызшы тезірек...

Байғани. Өлім жазасын!

Гани. Өлігі қайда?

Байғани. Жазасын Қызыл құмдағы басмашыларға орындатқызуға алып кетті.

Ажар *(еңірей боздап)*. Гани-ау, тілеусіз емес едім. Өлім жазасына кескендей әкемнің не жазығы бар?

Гани. Меніреу топастар. Соқыр хайуандар!

Ажар. Мұның білән зарын қалды-ау әкем. Ажал сені қойнына алды. Арман білән өлдің һәмді. Көпке жетсін қайғың сенің. Көкіректен өтсін зарым менің... Ба-

ры шолдыр ғұмрің... бақыттан жұда болдым һәмді.  
(Жылайды.)

Ғ а н и. Ажар, жылауға да қақың бар. Айналамыз жарық сияқты. Жарық адамның ой-парасатынан туады. Көлеңке басарын білдік пе? (Байғаниға.) Көз жасқа сенбе, көргеніңе сен! Нұридден хазіреттің алдында көргенінді тайсалмай айтуға тиістісің. (Айғайлап.) Ей, хазірет! Шық бері! (Мінариттың сыртындағы түкпірден Нұридден келе жатады. Тайсалмай Ғаниға оқты көзімен ата қарап тұр. Үнсіздік.)

Нұридден. Сізге кім керек еді?

Ғ а н и. Маған сіз керексіз. Бізден неше адамның ажалына жеттің.

Нұридден. Ажал құдайдың әмірінде...

Ғ а н и. Құдай жіберген ажал емес. Сіздің жіберген ажалды сұрап тұрмын. Мешіттің төрінде, зынданның аузында адамның қу басын кеміріп, күрең қанын қылқыта жұтқан да сол!

Нұридден. Ғайбаттама мені. Түркістан уалайты жамағатының мен де сайланмышты хазіретімін! Борбайларына сарыған комсомолыңның клубы емес. Ізгі жандардың ғибәдәт ететін мешітқанасы. Баса-көктеп кіруге кім право берді саған?!

Ғ а н и. Қарамағындағы кедей Ташмұратты өлім жазасына кесуге саған кім право берді?

Нұридден (танып). Ташмұрат! Тікенек еккен шіңгел орады.

Ғ а н и. Өлім еккен не орады!

Нұридден. Өлім еккен кебінін жалмайды. Алма біздің тынышымызды. Сендерге берілген право бізге де берілді. Дінімізді өзімізге қалай ұнаса солай жүргізуге қақымыз бар ма!

Ғ а н и. Бар. Түсініп жасаған құлшылық — құлдық емес. Көзін шел басып, жүрегін ластық басқан құлшылықта ұят та жоқ, сана да жоқ.

Нұридден. Мен өзіммен тең кісімен ғана сөйлесемін. Мұрныңды сүртіп ал, шикі өкпе.

Ғ а н и. Иманыңыз қашпасын, хазірет. Өлгенде керек болады ол иман. (Ажарды көрсетіп.) Сіз жүзінен паранжысын алғандығы үшін мына қыздың басын алпыс мыңға тіккенінді мойындаймысың!

Нұридден. Айғағың не, ұятсыз.

Ғ а н и. Ұятты да, ұятсыз да қолымен істегенін мой-

нымен көтереді. (*Байғаниға.*) Ар — дегеніміз мың айғаққа парапар! Айғағым — мына тұрған Байғани!

Нұридден (*үрейін ала*). Сен бе айғақ болатын!

Байғани. Мен! Тағдыр мені сырғанатып әкеп осы күнге жеткізді. Не көрдім!

Нұридден. Сен алжасып тұрсың!

Байғани. Мені алжастыра алмайсыз!

Нұридден. Пәдеріңе нәлет!.. Аулақ!..

Байғани. Қанға бөккен қара жүз! Сіз маған да қолынды қанға мал деп зорладыңыз. (*Ажарға.*) Сенің әкенді өлтірген мына тұрған сәлделі жауыз!

Нұридден. Кесепат!.. Кесепат!..

Ғани. Право алғанда ізгілің осы ғой! (*Нұридден былқ етер емес. Сазарып теріс айналып жүре береді.*) Құтылмайсың... Сот алдында жауап бересің. (*Сыртта у-шу. Күлпәшті сатып алған Шәмун шайхы мен Халиманы Тұрсындар алып келеді. Соңдарын ала Күлсім де келеді.*)

Шәмун (*безек қағып*). Менің тіл хатым бар. Ақылы қызметкерімде жұмыстарың болмасын.

Тұрсын. Ақылы қызметкер іздесең биржіге бар.

Шәмун. Қолбала ғып алуға қақым бар ма!

Тұрсын. Басында қолбала... жүре келе аяқ арту ғой ниетің. Кімді алдамақсың.

Халима. Тиме қызыма? Еркі білән. Айына үш жүз сомдық қызметке жалданды. Дүкенінде сатушы болады.

Ғани. Қайдан кездестіңдер!

Тұрсын. Некесін мешітке әкеліп қиғалы келе жатыр екен.

Ғани (*Күлпәштің қасына келіп*). Күлпәш! Серпілетіндей болып едің-ау?

Күлпәш. Кімге жетемін деп серпілемін. Саған ба?

Ғани. Арманыңа жетсең қасіретті өткен күндерінді жуып кетпей ме, Күлпәш.

Күлпәш (*Халиманың бауырына тығылып*). Мен Күлпәш емес.

Халима. Қызымда жұмыстарың болмасын. Бұйырмасыңға сендерге баруға құлқы жоқ. Зорламаңдар қызымды...

Байғани. Бұл не машақат, Халима?

Халима (*құлағына сыбырлап*). Сені құтқарудың қамында, сорлы-ау.

Б а й ғ а н и. Дүние кірін жетімдердің көз жасымен жуғанымыз жетпеді ме! Адам алып, адам сатудың азабы мені түрмеге де тықты. Мешітке де түнетті. (*Халимаға.*) Сенің бұл сұмдығыңды көргенше маған жердің асты қайырлы еді. Ғани, арылдым ба күнәмнан.

Ғ а н и. Арылдыңыз, байеке!

Б а й ғ а н и. Арылсам мына жалмауызды талақ еттім! Ей, мыстан, сенімен отыз бес жыл өмір сүрдім. Өткен өмірдің бәрі де менің есімде. Несі тамаша? Несі қызық. Ластығы сонша. Миыңның ішіне аузы ашық аран құрып қойғандай — жұта берсем, жей берсем... Жалмай берсем дегеннен басқа ой болды ма? Болған жоқ...

Х а л и м а (*тіл тартпай*). Немене, Ғани мүсіркесе бұрын қайда қалды. Ақсаусақ оқыған қыздар тұрғанда сенің жетім қызыңа пысқырмайды да! Ертең-ақ тастап кетеді.

Б а й ғ а н и. Албасты. Қал осылай... Қызың да, өзін де... кезіңдер көшені... Сыпырыңдар сауданы. Мен үшін бәрі де адыра! Менің әлсіреген үнімді ешқайсың да естімейсіңдер. Жағым да ашылмайды. Дүниені сапырған қолым да ешнәрсеге бармайды. Осы кеткенім кеткен.

Х а л и м а. Кетсең, атамнан әрман! (*Байғани кетеді.*)

К ү л с і м. Халима, бәрі де сенің сиқырың. Күлпәш-ау, мен сені мұндай халде көремін деп пе едім.

К ү л п ә ш. Көрдіңіз. Бекер келдіңіз.

К ү л с і м. Ойбай, ойбай-эй! Не деп тұр мына сорлы қыз...

Ғ а н и. Адаспа, Күлпәш! Бірі жалдап алушы, бірі алдап сатушы...

Ш ә м у н. Ақы-пұлымды тірі қалып жібермен...

Т ұ р с ы н. Пұлыңды пұттап, бұйымыңды қан ұрттап сататын әйгілі Ш ә м у н ш а й х ы. Нағыз мұсылмансың ғой.

Ш ә м у н. Менің тіл хатым бар. Міне менің тіл хатым. Қайырып беріңдер пұлымды. Махалла жамағаты, қайдасыңдар? Ара түсер мұсылмандар бар ма? Уа, махалла жамағаты! (*Жар сала айғайлап кетеді.*)

К ү л п ә ш (*тағдырына ызалы*). Дүниеге мен не үшін келдім. Шар айнаға үңілгенімде барлық өксік жүзіме теуіп, жанымда жалғандық барын көруші ем. (*Ашына серпіліп.*) Құтқаратын кім? (*Күлсімге.*) Балаң құтқармағанда сіз бе мені құтқаратын. Тілеуіңіз қысқа емес пе еді?

Күлсім. Көңілім суи қалды-ау. Ей, Халима, сенің тойтарыс алар күнің бола ма? Саған да, маған да бата-тын сөздер айтты-ау! Неге келдім.

Халима. Бекер келдің. Некесі қиылған, саудасы біткен. Бүкіл қалаға жар салсаң да бұза алмайсың некесін.

Күлсім. Аямағаның ба, Халима!

Халима. Бай кетті тастап... Қызым, біз екеуімізді құдай аясын... *(Күлсімге.)* Бесікте көрген Күлпәшті, есікте көріп тұрсың...

Ғани. Күлпәш, маған қарашы? Тас па?.. Сенің бізден шошынғандай не сұмдығың бар?

*(Күлпәш үнсіз.)*

Ғани. Сен көрген қорлыққа ешкім де төзе алмайды, Күлпәш! Жүрегіңдегі шексіз қасырет сені арбап тастаған.

Күлсім *(еңкейе түсіп, белі қайысып отыра кетеді)*. Ғани, есік көрді деп тұр ғой мына сұм!.. Ай, күні Халиманың босағасында батады деп ойламаушы едік... Батқан екен... Қайратым азайып, қалжыраған шағымда тәңірім мені өкінішке тап еткені ме? Не дейін? Жоғалтып алған жұлдызым, қара бұлтқа батпасын деп келіп ем... Күлпәш, соңғы демім, соңғы тынысым сенің құшағыңда бітсін. Бақылдасып қоштасуға да шамам жоқ... Сүйей беріңдер мені?

Тұрсын. Апаң талықсып кетті. *(Сүйейді)*.

Ғани. Апа, некесі қиылды дегені бекер... Есінді жишы.

Күлсім. Балам, соңғы өсиетімді тыңда!

Ғани. Тыңдайын, апа! Әлсіремеші! *(Халима тайып тұрады.)*

Күлсім. Жаны жәбірге толы Күлпәш, менің бауырымда, менің әлпешімде өскен еді. Өзіндей көр. Апаң көрмеген рахатты сол көрсін... Менің сапарым... Ұзақ сапар... Мәңгі тыныштықта... ұйқыда. Хош бол, балам... *(Басын көтеріп ап.)* Күлпәш... Сен де хош бол... Қызым... *(Өліп кетеді. Ғани анасының басын құшақтап отырып қалған.)*

Күлпәш *(өзіне)*. Көзім жаңа ғана жетті-ау!..

Тұрсын. Жүрегі шыдамады...

Ғани. Апам, қайран апам?.. Жүзіндегі мейірімді ажал сорып, ақырында жан тапсырдың... Жан күйігі, тән күйігі бұдан артық болар ма? Кең жайған құшағың-

ды кейін қайырдым ба? Әркімнің де анасы бар... Ананың да анасы бар. Менің анам қарапайым, қаранғы, күйкі тірлік пен ауыр бейнетті арқалаған ана еді... Балам жоқшылық көрмесін... Қарны ашып, иіні жалаңаш болмасын дегеннен басқа тілеуі болған жоқ. Өмірде өксіп жүрсең де маған бақыт тілеп, оқыттың... Бақыттың оңайлықпен оралмайтындығы сені ашынуға шақырды. Неге асыққаныңды енді ғана түсіндім. Апам... Мейірімің... Ақ тілеуің. Мұңлы жаның... Бәрі де жүрегімде... Апа... Басымды кеудеңе салайын, сипашы шашымнан... Аймалашы!..

Қ ұ л п ә ш. Бағы ашылмаған мен бейбақ... Жаңа білдім-ау? Бір жүрек сөнді... Екінші жүрек қайыра тірілді. Кешіре көр, Ғани! *(Алдына иіледі.)*

Шымылдық.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ СҰРЕТ

Сол күнгі кеш. Түркстан орталық комсомолдар комитетінің үйі. Бюро мәжілісі өтетін қабылдау бөлме. Стол, орындық, телефон. Сағдат пен Саржан келеді.

С а р ж а н *(қолында газет)*. Сағдат, бүгінгі газетте Энвар Паша Исләмпол шәһаріне оралыпты.

С а ғ д а т. Неме, сені посолдыққа шақырып па?

С а р ж а н. Түркстан түріктің ошағы еді. Бізге тілектес «Түркстан ошағы құрылды» деп жазыпты...

С а ғ д а т. Ошақ бар жерде от та бар. Өрт шығатын ұшқынды көрісімен сөндіру керек.

С а р ж а н. Халықаралық дипломатия. Оны ойлаудан зиян не?

С а ғ д а т. Дипломат! Қалтыраған күнінде Ғани сені шетке қаққан жоқ... Орынсыз даурығып өштестірудің не лайығы бар. Табынбаевты жарастыққа неге шақырмайсың!

С а р ж а н. Табынбаевқа орынсыз тиіскен Ғанидың өзі шақырсын.

С а ғ д а т. Кешірім екі жағына бірдей. Жүз жыртысып, көрместей болды. Аралары алпайды. Не мұратқа жеттің?

С а р ж а н. Таусылмай айтуыңа да болады ғой!

С а ғ д а т. Таусылып та, сарқылып та айтамын. (*Қасында Тұрсын, Ғани келеді.*) Ғани, апаңның қазасы... өкініште қалдырған қаза болды... Қайғыңа ортақпыз...

Ғ а н и. Апам өкініште кетті...

Т ұ р с ы н. Хазіреттер, көзін жұмған мысықтар! Ажардың әкесін де шалып жіберді ғой жауыздар.

Ғ а н и. Біреуге өлім... Біреуге мансап... Сенің қайғы жұтып қасыретке душар болғаныңа қуанатын да болар...

С а ғ д а т (*жұбатып*). Сол үшін де егілген үстіне егілсін. Өлгеніңе қарап жатқан кім бар.

Ғ а н и. Оқығаны да, оқымағаны да арпалысуда. Тұрсын, интернат балаларын сапқа түзеп алып кел! Қоятын талап — жатақ үй мен тіршілік қамы! Көтеретін ұран:— Табынбаевшылар жойылсын! Жікшілдік пен жершілдік жойылсын!

С а ғ д а т. Сабыр ойласаң қайтеді, Ғани?

Ғ а н и. Сабыр ойлағанда алған сыйымыз қан жұтып, қапылыста қасірет шегу болса оны да көрдік.

С а р ж а н. Ғани-ау, жастықтың сәні — жақсылықтың жаршысы болуда емес пе?

Ғ а н и. Оғаш кетсем тежеулеріңе болады. Дала сахрасында жүз мыңға тарта кедей-батырақ жастары жан түршігерлік ауыр азаптан құтылған жоқ. Қыздарымыз көз жасын құрғатқан жоқ. Ұлдарымыз ой мешеулігінен арылған жоқ.

С а ғ д а т. Ойға түсу, толғануың да орынды.

Ғ а н и. Оларды сүрең тобыр деп қарамасын. Таласты доғарайық. Мәжілістен кейін комсомолдар жасағы майданға аттанады. Соған әзірленіңдер. (*Ғани мәжіліс залына кіреді. Тұрсынды алып кетеді.*)

С а ғ д а т. Сүрең тобыр деп қарамасын деп саған да ескертті. Табынбаевты көндіресің ғой?

С а р ж а н. Иманыммен, Сағдат!

С а ғ д а т. Тұрсындарға тоқтам салмасам бүлдіруі анық.

С а р ж а н. Мұның ақылдылық. Мұндағы жайды маған тапсыр. (*Сағдат кетеді. Саржан өзіне.*) Сыры терең сиқыр қармаққа түскенін қайдан білсін? Әр мансаптың арбауы осылай басталып жетпейтін бе еді мақсатына.

Табынбаев келеді.

Табынбаев. Кешіккен жоқпын ба?

Саржан. Кешіккен жоқсыз, Ділде аға!

Табынбаев. Кезектегі біздің мәселе болар?

Саржан. Қоңырау шылдыры естілсе, қарамай-ақ кіре беріңіз.

Табынбаев. Орталықтан келген Түркстан комиссиясының бастығына шағым берілді. Бірінші хатшы қаймыға соқпаса, бізге деген тілеуі дұрыс еді. Менін заңсыз қамалуымды адвокат атаулы қуында.

Саржан. Ол сізге төңірегіне топ жинаған жершіл, жікшіл деген айып тағады.

Табынбаев. Жершілдік, жікшілдікпен басы ауырмаған қазақты көргенім жоқ. Дүрде араздықпен дүйім елге азап арқалатпаған күніміз болды ма? Сондықтан да жанымызда үрку бар. Бақыты қайтқан пенденің жүрегін осындайда не билеуші еді?

Саржан. Қан билейді! Ызаға суарылған семсер билейді.

Табынбаев. Ақымақ! Ақырын жүріп, анық басуды бізге құдай жазбаған ба? Қан орнына мейірім неге билемеске, ыза, намыс орнына ақыл, парасат неге билемейді? Жә, не тұрыс бар. Сен мені күтетін шығарсың?

Саржан. Күтемін, Ділде аға! *(Ділде мәжіліс залына кіреді. Аяқтарының ұшымен басып Асанбай мен Көпбол келеді.)*

Асанбай *(Саржанға иілін)*. Біз, интернатқа жаппада алынған бұрынғы қарақшы кезбелер едік.

Саржан. Не, не? Шатып-бұтпай дұрыстап айт!

Көпбол. Бұрын панасыз болған едік, ағасы.

Асанбай. Әлі де панасызбыз. Жататын жайың, көсілетін төсек-орның болмаса, панасыздан айырмасы не? *(Кеудесін қағып.)* Біз осы кімдерміз?

Көпбол. Инпросқа емтихан тапсырып едік, құлап қалдық.

Саржан. Құлаған баладан емтихан қайыра алынбайды.

Асанбай. Нарком бұйырса да ма?

Саржан. Одан жоғарғысы бұйырса да.

Асанбай *(келеке-тәлкек етіп)*. О, мықтым-ай! Оқу бітіріп, өнерім атса — емтиханды өзім де тапсырамын. Әкені тумай жатып, шешені жүре жалмаған біз сияқты несібесіз, мандайсыздарға жеңілдік деген бола ма?

С а р ж а н. Болады. Сол үшін де интернатқа орналастырды.

А с а н б а й. Сирағым сырықтай, бойым құрықтай, сақал шыққанша интернатта жүрмекпін бе?

С а р ж а н. Кеш қалғансын, әрине жүресің.

А с а н б а й. Е, мықтым-ай, біз сенің алдыңа да барғанбыз. Оқырып қарамағансың. Бәлем, бізге де бір кезігерсің деп аңдып жүріп, үйіңнің терезесінен түстік. Мылтығыңды ұрладық. Ақша беремін, қайырып бер деп жалынғансын, қайырып бердік. Бізді ертіп келе жатып мына Көпболдың ішінен етіктің өкшесімен теуіп кеп жібердің. Оқыс тиді. Тіл тартпастан талып түсті. Біз жалма-жан көтеріп алып кеттік. Терең шұқырдың ішіне алып бардық. Бауырын езіп жіберіпсін.

С а р ж а н. Қысыр әңгімені доғарыңдар.

А с а н б а й. Бюроға кіруге рұқсат алып бер!

С а р ж а н. Қайда тұрсыңдар?!

А с а н б а й. Ақырма! Сіз отырған орынға құдай қаласа біз де отырып қалармыз. *(Саржанды ығыстырып орнына барып отырады.)* Көпбол, отыр. *(Телефон шырылдайды. Асанбай трубкуны алып.)* Алло, иә, мен Асанбай гой! *(Түсінбей.)* Телефонды жалғаңыз. Кімге? Бастыққа ма? *(Саржаннан сұрап.)* Телефонды жалғаңыз дейді. Қалай жалғаушы еді, ә?

С а р ж а н. Жалға, жалға!

А с а н б а й *(ерегісіп)*. Жалғамайтын несі бар? *(Кнопканы іздейді. Таба алмайды.)* Көпбол, басатыны қай арада болушы еді?

К ө п б о л. Қабырғада! *(Асанбай кнопканы басады. Мәжіліс залынан ұзақ уақыт қоңырау шылдыры естіледі. Түтіккен пішінде Ғани шығады. Асанбайлар абыр-жып орындарынан түрегеледі. Саржан тайып тұрады.)*

Ғ а н и. Тоқтат шылдырды. Кнопканы басқан қайсың?

А с а н б а й. Мен едім, Ғани аға.

Ғ а н и. Дер кезінде келдіңдер.

К ө п б о л. Бізді оқуға алатын болды ма, Ғани аға?

Ғ а н и. Емтиханнан құлағандарды алыңдар деймін. Институт директоры орын жоқ деп көнбей отыр. «Біз-дерге жеңілдік берілсін, біздің орнымызға бай-манаптың, жуан қоныш шонжарлардың балалары кіріп алды. Институт мұғалімдері жершілдігіне, жікшілдігіне тартпасын! Батыс, Арқа, Сырға бөлінбесін! Жатақ орын мен

нан көбірек берілсе екен» деп сұрандар! Жүріңдер. *(Екеуін ертіп мәжіліс залына кіреді. Сахна сыртында «Кел қазақ кедейлер» әніне қосылып, сап түзеген оқушы жастар келеді.)*

Тұрсын *(команда беріп)*. Бір, екі, үш! Сол аяқ! Сол аяқ! Бір, екі үш! Стой!

Көпшілік ұрандаса *(бір ауыздан)*. Долой табынбаевшылдар.

Саржан *(кіріп)*. Не боп барады бұл дүние?

Көпшілік. Наркомпростағы алашордашыларға жақтастар жойылсын! Қаз. Инпростан бай балалары қуылсын! Емтихан алушы комиссия мүшелері параға сатылмасын! Біздің несібемізді қақшымасын. Долой, емтихан басындағылар! *(Мәжіліс залынан Табынбаев шығады. Саржанға жолығады.)*

Табынбаев. Бюроға шақырғанда алған алғысымыз осы болса, бұған да шүкірлік.

Саржан. Не деп шешті? Орныңызда қалатын болдыңыз ба?

Табынбаев. Осының бәрі де алдыңғы толқынның жарға соғылуынан. Кейінгі сендердің жетесіз туғандарыңнан.

Саржан. Бізге не қыл дейсіз. Аяспайық десем, мейірімге жеңгізейік. Ақыл-парасатпен табысайық деп гуманизді соғасыз.

Табынбаев. Ел игілігін көргеннің, ер де игілігін көреді. Бізді көруге жазбаған. Қырсыз ұстаздан құлшынған шәкірт артық. Неге осынша қырсыз болдық екен. Қырсығымыз Ғаниге тиді.

Саржан. Сіз не, достасып шықтыңыз ба?

Табынбаев. Есіңізде болсын — жалыны мол жастың өмірі қысқа келеді. Жә, не тұрыс бар. Бастай бер шығатын есігіңе.

Саржан. Ділде аға, мына есіктен шығыңыз. *(Қолтықтап алып кетеді. Тұрсын келеді.)*

Тұрсын. Шағымқай сабаздар. *(Мәжіліс залынан Асанбай мен Көпбол шығады.)* Өтініштерің не болды. Оқуға алынатын болдыңдар ма?

Асанбай *(сұлқ)*. Бізді оқуға алғанымен, Ғаниді орнынан алды.

Тұрсын. Орнынан?

Көпбол *(жылап)*. Сөйтті.

Асанбай *(көзінен жас парлап)*. Ғани мен үшін жә-

бірленді. Тумысымнан жолым құтсыз, маңдайсыз едім. Ана әлдиін көрмеген, әкенің әлпешін білмеген, тілім шайпау, әулекі, бассыз өскен мен бейбақ, адам қадырын, азамат қадырын жаңа таныдым. Я өлермін, я жапа шеккен азаматтың еңбегін ақтармын.

Тұрсың. Ақтау керек азаматтың еңбегін. (*Мәжіліс залынан Ғани шығады. Ғанидің орнынан алынғанын достары батып сұрай алмайды. Ұзақ үнсіздік. Ажар мен Сағдат та келеді.*) Мұңаймандар, жолдастар! Орнымнан алынғаным, біз үшін сабақ та болар. Талпынған жас ұрпақ үшін мені дозағына салса да мейлі. Жығылмасам болғаны.

Сағдат. Жығылмасаң да сүріндің, Ғани.

Ғани. Оның рас. Асыққан сүрінеді. Сүріну де керек шығар.

Асанбай. Біз ғой сізді сүріндірген.

Ғани (*басынан сипап*). Бұралаңға көп түскен жастың бірісің. Жолыңды аштың. Мені өкіндіретін — жак жазып арманын айта алмай қапылыста өткен Ажардың әкесі. Ақ тілеуін ажал кесіп кетті. Ара түсе алмадық. Ауыр қаза... Паранжының астында тұншыққан әйелдер қауымы үн қосатын қаза! Сағдат, барлық ұйымдарда қаралы митингі өткізуге әзірленіңдер! Баласының жолында әкесінің қалай өлгенін Ажар өзі баяндасын.

Ажар (*өксіп*). Әкемді ойласам... Әлі де дәл қасымда тұрғандай. Көз жасымды тыя алмай булығамын да дем аламын.

Ғани. Сезінгенің көңіл көзіңнің ашылғандығы. Отқа жанған қайыңның шоғы қызуын жоғалтпайды. Құл етем деп отқа да салды. Құл болмадың, шок боп қалдың... Қызуыңа өзіңмен бірге өзгені де жылыт, Ажар.

Ажар. Рахмет, Ғани аға. Өзінді қайда ауыстыратын болды?

Сағдат. Иә, қайда ауыстыратын болды?

Ғани. Самарқанға. Екінші тапсыратыным Құлпәш мен келгенше қанат астарыңда болсын.

Асанбай. Ғани аға, ашылған жолымды мен де бір сынап көрейін, тапсырыңыз маған. (*Сыртта комсомолдар жасағының маршы. Ғани кетуге беттейді.*)

Барлығы. Ғани, жеңіспен оралуыңды күтеміз.

Ғани. Жеңіспен. (*Кетеді.*)

Сағдат. Жүзінде айбар... Жүрегінде кең пейіл... Тұлғасында қайрат. Аспаннан атылған нажағай оты

күйдірсе — бүкіл арманды тазартып өтпей ме! Сенің де  
отын... Іріген-шірігенді күйдіріп өтетін от-ау, Ғани...  
(*Ойланып тұрып қалады. Шам сөнеді.*)

## ЕКІНШІ СУРЕТ

Комсомолдар клубы. Оркестр. Түркстандық комсомолдар коми-  
тетінің орталық съезіне делегаттар сайлауға конференция өткелі  
жатыр. Залда әр тілде шырқалған сол мезгілдің әндері. Делегаттар  
конференцияның ашылуын күтуде. Жақтаушылардың екі-үшеуін ертіп  
Саржан шығады.

С а р ж а н. Москвадан келген түркстандық комис-  
сия құрамы Сафаровтың жұмысын Совнаркомда қарай-  
тын болыпты.

І-ж а қ т а у ш ы. Олардың жұмыстары не жөнінде  
еді?

С а р ж а н. Самодержавиенің тұсында орнап қалған  
үстемдік пен жергілікті байырғы халықтардың арасын-  
дағы қайшылықтар жөнінде. Тартып алынған жерлерді  
қоныс аударушыларға қайтып беру жөнінде.

2-ж а қ т а у ш ы. Партия күштерін сол үшін қайыра  
кұрып жатыр ма?

С а р ж а н. Иә, қарап жатыр. Ғани Мұратбаевтың  
еткен достығы қастыққа айналды.

І-ж а қ т а у ш ы. Қитыққа бастаған сабаз ғой.

С а р ж а н. Зиялылардың алды қамауға алынды. Ен-  
ді оларды биік мінбеден көре алмайсыңдар.

І-ж а қ т а у ш ы. Сіз неге ара түспедіңіз?

С а р ж а н. Ара түсілді. Шарки Түркстан ошағы құ-  
рылды. Ендігі от сол ошақта лаулайды. Ендігі қазан  
сол ошақта қайнайды. Ғани көкірек ауруы мендеп боль-  
ницада жатыр. Ол келсе күнәсізді күнәкар, жуасты сой-  
қанды етуі анық. Соған сақ болыңдар. Тойтарысты  
соған беруге әзірленіңдер. Орындарыңа барыңдар! (*Екі  
делегат кетеді. Сағдат, Ажар, Тұрсындар келеді. Ажар-  
дың қолында конференцияға сайланған делегаттардың  
тізімі. Сағдат Саржанға кідіреді.*)

С а ғ д а т. Саржан, осында ма едің?

С а р ж а н. Осындамын.

С а ғ д а т. Конференция ашылмастан бұрын келісіп  
алмасақ, тағы да ию-ңию.

С а р ж а н. Сенісуден қалдық қой, Сағдат.

Тұрсын. Делегаттар құрамында сен де бармысың, әй?

Саржан. Немене, жатың ба едім?

Тұрсын. Қайдан сайландың?

Саржан. Инпростан.

Тұрсын. Сүттен ақ, судан таза... Түркстан ошағының көсемі.

Саржан. Кекесіннің керегі не?

Тұрсын. Зиялы да, қиялы да, алашы да, палашы да сенің төңірегінде.

Ажар *(тізімді қарап)*. Бұл не ғайбат!

Сағдат. Сабырлық. *(Тізімге үңіліп.)* Көбінің аты маған белгісіз.

Ажар. Кеше ғана басмашылармен айқаста қолына түскен комсомолдарды шауып өлтірген Орман палуанның баласы да делегаттар қатарында...

Тұрсын. Тағы да қай азғынның баласы бар екен? Жіті қара!.. Тесіле қара!

Ажар. Он қаладағы он мешітті күңіrentкен Уалит Мүфтидің қызы Сахип-Жамал да делегат боп сайланған.

Саржан. Әу, ол қыздың күйеуі коммунист.

Ажар. Мына біреуі Шімкентте дүкені бар коммунистің баласы.

Тұрсын. Айдап шығуымыз керек.

Ажар. Қоқан хандығына мұрит болған ишанның баласы!

Тұрсын. О, сұмдық. Болмайды, болмайды... *(Залдағылар конференцияның ашылуын талап етеді. Алақан жаңғырығы.)*

Дауыстар. Конференцияны ашатын уақыт болды.

— Ғани Мұратбаевтың өзі берсін жауабын.

— Жер-жерден сайланған делегаттардың пікірімен санаспаушылық?!

— Заңсыздық!

*(У-ду... Алақан жаңғырығы мен аяқ дүрсілі залды кернеп барады.)*

Саржан. Үкімет жүктеген бір конференцияны өткізе алмай осыншалық шиеленіске жеткізудің не лайығы бар?

Тұрсын. Лайығы сол *(Тіксіне қадалып.)* Мандатыңды?

С а р ж а н. Шамаңа қара! Көргені жаман көрінгенге тап береді.

Т ұ р с ы н. Көргені жақсы көлеңкеге тығылмайды. *(Егесіп тұрған үстіне өңі жүдеу, ішінде ақ халаты, сыртында шинель, асыға басып Ғани кіреді).*

С а ғ д а т. Ғани, мұның қалай? Кім рұхсат берді тұруға?

Ғ а н и. Лажсыздан тұрдым. Келгенімде білмегім конференция жайы. Сара жолмен енді ғана іс бастайық десек, бірі алдайды, бірі арбайды.

С а р ж а н. Ойдан мешеу, өнерден кенже қалған жас-тарға надандық уы бірдей себілген. Алаламайық, Ғани!

Ғ а н и. Сеніңше солай... Бай да, манап та ретін тауып кіріп алса болғаны...

С а р ж а н. Біреу шиыр жол, біреу қиыр жолмен келгенде, азаттық емес пе еді аңсағаны, Ғани жолдас?

Ғ а н и. Қате айтасың. Әкең базар шонжары, өзін жолдан қосылған жолбикесің. Делегатқа сайлануға сенің қандай хақың бар?

С а р ж а н. Әркімнің тазалығы шыққан тегінде емес, ниетінде!

Ғ а н и. Сен шыққан қауымның ниеті қараңғыда қанжар сілтеуден әлі де тыйылған жоқ. *(Павел мен Асанбай кіріп келеді.)* Ажар, Павелді қасыңа ертіп ал! Ата тегі жат, пиғылы терістердің қолдарындағы мандаттарын алыңдар. Шіріп біткен қоқыс идеяларымен біздің ағамызды былғамасын... Еш уақытта олардың дегені болмайды.

А ж а р. Конференция кейінге қала ма?

Ғ а н и. Кейінге қалады. Тұрсын, Асанбай, сендер де барыңдар! *(Ажар, Павел, Тұрсындар кетеді, үнсіз.)*

С а р ж а н *(жүзі құқыл тартып, ысқырына қарап)*. Ғани, сені біз жастан шыққан көреген... ой астары терең деуші едік. Сеніңше біздер шіріп біткен болдық па?

Ғ а н и. Иә, біткенсіңдер! Бастарың мең-зең... Енді қайтып оралмайтын буалдыр мақсатты арман етіп, дертті сезімге уланғансыңдар!

С а р ж а н. Біздің қуанышымызды түсініп жатқан сен жоқ. Дертті сезімге не үшін уландық? Сенің көлеңкеңде қалуымыз керек пе?

Ғ а н и. Қал деп қашан сұрадым. Қалма!

С а р ж а н. Ғани, сені жұрт абзал деседі. Алалыққа өзің шақырып тұрсың!

Ғани. Шақырамын. Шақыратыным пікір таласы болса бір жөн. Қирап біткен ескі дүниені қайыра тірілтемін дейсіңдер! Кім үшін керек ол дүние? Түпсіз қараңғылыққа батып кеткен патриархалдық — мешеу дүниені аңсайсыңдар! Қайыра оралсаңдар өздеріңше керемет істі жасайтындай үміт етесіңдер. Ол ненің үміті!

Саржан. Ол, бәріміздің де ыстық кеудемізде сақталған өзінді-өзің билеудің үміті. Ол — табан асты болып қалмай ел болуымыздың, ер болуымыздың үміті...

Ғани. Солай ма! Көкей кестің елдік намыс болса, сол намыс адамның правосына жазылған. Сол право көңілге нұр құйып, басыңа бақыт оралта келсе, сол қуаныш саған жетпей ме!

Саржан. Жетпейді. Біз де адамбыз. Екі жағымыздың бірі жардан ұшпай келісе алмаймыз, Ғани!

Ғани. Жардан ұшу болса жетер жеріміз — оны да күттік.

Саржан *(үнсіз ыза, ашу кернеп қатты тістепін)*. Қайдасыңдар! *(Сахнаның бүйірдегі есігінен шығып кетеді. Ізін ала Ғани да кетеді. Залдағылар екі жарға бөлінген. Саржанды жақтаушылар жіктерін айырып алған. Павел, Тұрсын, Ажарлармен қатты егескен. Тіпті қол жұмсауға дейін барған. Біреулер еденде құлап жатыр.)*

Бірінші жақтаушы. Ғанидің дегені бола бермейді. *(Залды жаңғырта айғайлап.)* Бір қасық қанымыз қалғанша қырылуға әзірміз.

Тұрсын. О, рухсыз, сиықсыздар! Сендердің дегендерің де бола қояр ма екен.

Павел. Салыңдар мандаттарыңды! *(Қаруын төсейді.)* Салмадыңдар ма!..

Екінші жақтаушы. Салмадық, не істейсің?

Павел. Саласыңдар!

Ажар. Токтаңдар!

Тұрсын. Шығарыңдар мандаттарыңды!

Бірінші жақтаушы *(орындықтарды аударып тастап, кеудесін ашып)*. Мені сайлаған өз ұйымым, өз қауымым!

Ажар. Сені сайлаған «фани Бухара ұйымы!»

Екінші жақтаушы *(кеудесін ашып, Павелға төніп келеді)*. Өз қаным... Өз иманым!.. Ал мені! Ат! *(Көтеріп ала ұмтылған орындығын Павел қағып жібе-*

реді. Ажар екі жағына да ара түседі. Асанбай да жүндес жүдырығын түйіп ап біреуін салып жібергелі тұр.)

Асанбай. Кел, кел... Төбелес пе іздегендерің... (Қабырғадағы гүл орнатқан құмыра құлап еденге түседі. Егесе шайқасып тұрған үстеріне Ғани мен Саржан келеді.)

Саржан (Ғаниге). Көр мына сұмдықты...

Жақтаушылар. Бізді тірідей шірітемін де, ірітемін деген сенбісің, Ғани!

Ғани. Шірігендер шіриді, ірігендер іриді...

Бірінші жақтаушы. Ай, рахмет сізге.

Ғани. Рахметінді Саржанға сыйла.

Делегат жолдастар!.. Конференцияны кейінге қалдыру лениндік принцип. Осы жылы апрель айында Ресейлік ортақшыл жастар одағының үшінші съезі өтті... Владимир Ильич Ленин «Ескілік қиратылды. Оны солай қирату керек болды. Ескілік тас-талқан етілді. Оны солай талқан ету керек болды. Болашақ жастардікі. Биікке көтерілу, қараңғылық әлемінен жарық әлеміне шығу кезеңі енді басталды. Кеше біз бытыраңқы болсақ — бүгін бір-бірімізге байланысты ұйым боп отырмыз. Ол бірлескен ортақшыл жастар ұйымы. Осы ұйым соғыстың, революцияның салмақ салдарын басынан кешіруде. Ескі идеологиялық үлгілер күшінен айырылып, жаңа үлгілер сараланып қалыптасып келеді. Адамның адамға қарым-қатынасы, көзқарасы революциялық ой жүйесіне ауып келеді. Сезім де, ой да, қиял-арман да — дүниені қайыра жасауға түгелдей бұрылды. Жеке адам правосы мен коллективтік правоның арасы жаңаша жіктелуде. Бұл жойылу мен жасаудың ағыны баяу, толғағы ащы процесі дейді Ленин. Ерін азат, әйелін күң ететін буржуазиялық қоғамның ыдырауы, іріп-шіруі, ластығы, пасық жалғандығы (Саржанды мезген) Саржан сияқты ескілікті аңсау шеңберінен шығалмай жүргендердің жеркеніш сезімін шүпілдете толтыруда дейді Ленин.

Саржан. Сапаровпен арадағы алалық кімдердің сезімін шөпілдете толтырудан туды?

Ғани. Сапаровпен арадағы алалық, жанжалды ушықтыра түскен сендерден туды.

Саржан. Ленин біздің пайдамызға шешкен жоқ па. Оны неге жасырасың!

Ғани. Жасырмаймын. Ленин ұлы орысшылдық шо-

винизм ба деп немесе дұрысырағы соған қарай бой ұру ма деп өте-мөте күдіктенемін дегені рас.

С а р ж а н. А, ендеше біздің де күдігіміз — сол күдік. Жергілікті халықтардың сеніміне ие болу үш есе, төрт есе ие болу. Империалист емес екенімізді дәлелдеу деген жоқ па?

Ғ а н и. Түркстанды бөліп ап, қаралы күн жақындады. Қиямет қайымның сират көпірінен құтылатын күн жоқ деп шаң басқан жол, ыстық табы бетті күйдірген шөл далада. Май құйған шаланы жалындатып аттанға шақырған түрікшілдерге еш қандай дәлелдің қажеті жоқ!

С а р ж а н. Бізге тағар айыбың түрікшілдік. ..Күтіп алдық! Тартындар! *(Ғаниға қарсы топты ертіп, залды тастап дүркіреп шыға жөнеледі. Тұрсын, Ажар, Асанбайлар да соңдарынан кетеді. Ғани жалғыз. Сырттан Сағдат келе жатады.)*

С а ғ д а т *(Ғаниді сүйеп)*. Сырқатыңа қарамай неге келдің? Өзім-ақ шарасын қолданатын едім.

Ғ а н и *(демігін)*. Делегаттардың бір тобы залды тастап кетті.

С а ғ д а т. Саржан бастаған өшіккен топ.

Ғ а н и. Несіне сүйейсің. Саржанның опасыздығын неге жасырдың?

С а ғ д а т. Айдан асты жолықпағаныма!

Ғ а н и. Түн сайын терезенің алдын күзеткеніне де айдан асқан болар.

С а ғ д а т. Өзгерген жерім болды ма, Ғани. Ант аламысың?

Ғ а н и. Болғанына ант беруге әзірмін. Жалғандық кімге жарасқан! Қасында жүріп «Шарки Түркстан», «Шураи ислами», «Тәрбуд» атты діни ұйымның құрылғанынан да хабарсызсың?

С а ғ д а т. Хабарсызбын.

Ғ а н и. Біз сындырып жатырмыз.

С а ғ д а т. Рухани тірлігіне жол бермей, қорлау сөздерді қолдану ағаттық деймін.

Ғ а н и. Сеніңше рухани байлықты тонаушылармыз.

С а ғ д а т. Мен олай демеймін.

Ғ а н и. Демесең, олар асылзадалар да. Біз ғана қаныпезер. Олар бізді аяды ма?

С а ғ д а т. Біз де оларды аяғанымыз жоқ.

Ғ а н и. Ендеше сол топтың жырын жырла да сен де

бізді аяма! Ауырған жан ауыр дертті көтереді... Мен ғана көтерейін. Бара беруіңе болады. *(Ғани басы салбырап отырып қалады.)*

Сағдат *(кете алмай, өзіне)*. Сенбегені ме маған? Қай ісімде қайшылық бар? Қай қылығымда алшақтық бар?! Ең қымбаттым, қимасымдай көргенімнен басқа кінәм не? *(Ойланып.)* Апыр-ай, ауырған жан ауыр дертті көтереді деді-ау. *(Кете бергенде Күлпәш келе жатады.)*

Ғани *(серпіле түре келіп)*. Мен олармен ізін суытпай кездесуім керек!

Күлпәш. Ғани?

Ғани. Көзің әлі де ашылмаған ба? Кіммен деп неге сұрамайсың?

Күлпәш. Кіммен?

Ғани. Саржандармен! Апам қайтыс болғаннан бері сені көрсем деуші едім.

Күлпәш. Апаңның арманының үзілуіне себепші болғаннан кейін көруіңнен алар ләззат не, Ғани. Саулығың қалай?

Ғани. Саулығым шүкірлік. Апамды ойласам, сені ойласам «Ауру жүрек ақырын соғады жәй» дегендей көңілімді шер басады. Еркелік, балалыққа не жетсін. Оқуың қалай?

Күлпәш. Кешеу қалыппын.

Ғани. Кешеу қалдың. Қайран апам... Менің қан сорпа боп сенің тағдырың, сен сияқты жетімдердің тағдырына ара түскенімді кейін түсінді. Жүре сөйлесейік.

Күлпәш. Қайда барамыз?

Ғани. Сенің жатақ үйіңе.

Күлпәш. Мені айналып келгенде Ғанидің таралғысына тартылды деушілер де табылатын көрінеді.

Ғани. Айта берсін. Москваға өзіммен бірге ала кетемін.

Күлпәш. Ғани, бауырым. Сағынғанда көзіме жас бер, қамыққанда шыдам бер деп тілеуші едім. Жасаған сол тілегіме жеткізді. *(Тұрсын келеді.)*

Тұрсын. Ғани, Саржан сұм инпростың оқушыларын құтыртып өзіне бұрып апты.

Ғани. Іс насырға шапты. Екі жағымыздың бірі жардан ұшуымыз ғана қалды. Достығы жалған, дұспан-дығы аян! Жұр кеттік, инпросқа!

Шам сөнеді.

## ҮШІНШІ СУРЕТ

Инпростың залында конференцияға делегаттарды қайыра сайлаудың жиналысы жүріп жатыр. Екі жағы да қатты егескен. Сыртта анталаған оқушылар. Қөпбол мен Құлпаш та іште болып жатқан қызу айтысты сырттан бақылап тұр. Саржанды жақтаушылар да жіктерін бөлек сап топтаса күтуде. Іштен Асанбай шығады.

Асанбай (*жүзі бал-бұл жанып*). Қатырды... сілейте соқты... Қолябрион деген кім өзі?

Көпбол. Тегі мықтының бірі болуы керек.

Асанбай. Діндар. Сопыдан, священниктен шыққан күрескер. Сендер сол құрлы да болмадыңдар. Ол Плутархты түрмеде отырып оқыды,— деді.

Көпбол. Жүйрік қой дүлділің. Зейінді ғой сабазың.

Асанбай. Осы Ғани биыл нешеге келді екен?

Көпбол. Құлпаш білмесе. Құлпаш, Ғани нешеде?

Құлпаш. Жылқы жылы туды дейтін апасы.

Асанбай. Жылқыдан — жылқы он үш. Барыс он төрт, Мешін, ұлу... Биыл Қоян. Жиырма екіде. Менен екі-ақ жасы үлкен. Даусы қоңыр. Асықпай аса шешен сөйлейді. Владимир Ильичті көргенін сипаттағанда залдағылар су сепкендей тына қалды. Құрбандықтар текке кетпейді... Қаза болған ерлерді есіне түсіргенін айта келіп даусы дірілдеп, көңілі босап кетті-ау деймін, көзіне жас оралды. Менің де көзіме жас келді.

Көпбол. Сен жылап тұрсың ба?

Асанбай. Жәй әншейін... (*Саржанды жақтаушыларды келекелеп.*) Мыналарды қара!.. Бүрісіп қапты.

Саржанды жақтаушы (*есерлене, аузын қайыстай созып, ділмәрсін*). Өлі күйі түспеген қотыр торпақтар!

Асанбай. Не дейді мына безеу бет! Қайта айтшы!

Жақтаушы жігіт. Құжынаған құрт, быжнаған бит. Кір борбай.

Асанбай. Байдың салпы-аузының құтыруын-ай, ә! Біздің нанымызға ортақ боп, несібемізді қақшыған арам сирақ.

Жақтаушы жігіт. Әкеңнің сирағын, шешенің сирақ, қолына көбейткенде нешеу боларын шығарып ал!

Асанбай. Иә, иә, әлгі хисап пәнінен сабақ беретін математик мұғалім, әкеміздің сирақ-қолын, шешеміздің аяқ-қолына көбейт деп есеп шығартқаны рас. Сол үшін,

найсап бас-асау математик кластан қуылған. Сендер де соның кебін киесіңдер. Былай тұрыңдар! (*Қарсыласады.*) Жұдырықпен шешілмейді. (*Әндетін.*)

«Сүйенбе күлкі, тоқтыққа,  
Тәртіпті өнер жоқтыққа» Ха-ха!

Ж а қ т а у ш ы ж і г і т. Ұлыма!

А с а н б а й. Сендердің күйер алдындағы жаназан ғой.

Ж а қ т а у ш ы ж і г і т. Салып жіберейін бе!

А с а н б а й. Сабыр, сабыр... Әзілі жоқтың жұдырығы қолында. Жұдырық жұмсау барып тұрған надандық.

Ж а қ т а у ш ы. Қара борбай.

А с а н б а й. Борбайдың кірі жуса кетеді. Жүректің кірін айтсайшы, жүректің, ха-ха... Көпбол, бұлар бізді санасына саңлау кірмеген су ми, кеше деп қорлайды. Оқып жіберші өлеңінді!

К ө п б о л. Қайсысын оқиян?

А с а н б а й. Ауылдан қалай шыққанымызды.

К ө п б о л (*оқып*).

Жалаң аяқ, жалаң бас,  
Ауылдан кеттік аяндап,  
Қарай бердім артыма.  
Жетсін деп досым аяндап.  
Дос та жетті.  
Түн жарып, сапар шектік қалаға,  
Дірдек қақтық, түн қаттық,  
Құлазыған жапан дүзде, далада.

(*Оқуға келген балаларға бұйырып.*) Қол соғыңдар!

Қ ы р ғ ы з б а л а с ы. Ағатай, сен өзің тамаша ыршы болғалы тұр екенсің. (*Армандап.*) Біз де сендей ыршы болсақ.

А с а н б а й. Болғанда қандай. Тек, мыналарды алас-тап, орындарын сендер бассандар, ақын да, ғалым да, пилот та, директор да — бәрі де өзімізден болады. Көпбол, борбайдың кірі қалай жуылғанын естісін. Тағы бір өлеңінді оқышы.

К ө п б о л. Кімге арнағанымды?

А с а н б а й. Күнде бір өлең жазасын, оқы!

К ө п б о л. Құлпәшқа арнағанымды оқиян. (*Оқиды.*)

Ақ дидарың ажарсыз.  
Тотығып неге қарайған,  
Көңілің неге назарсыз,  
Жүректе қайғы ұлғайған,

Неліктен дейін, қарындас,  
Күндікке бас игенің,  
Неліктен төгіп ыстық жас,  
Өз отына өзің күйгенің.

Асанбай. Қол соғындар! Ура!.. Ура!.. Жасасын біздің пролетаршыл ақындар. (*Қырғыз баласына.*) Ұнай ма саған?

Қырғыз баласы. Ұнайды.

Асанбай. Ұнаса, байғазысына бауырсағыңды шаш ортаға!

Қырғыз баласы. Сіздерден немді аяйын. (*Қоржыннан алып бауырсақ шашады.*)

Көпбол. Өлең жазу — аштықты білдірмейді екен.

Күлпәш. Оқуға әлі түскен жоқ. Аш қалдырарсыңдар.

Асанбай. Ничего, Күлпәш. Аш жүріп-ақ оқығанбыз.

(*Қолында папка, Табынбаев келе жатады. Балалар орындарынан тұрып, анталай жамырасады.*)

Табынбаев. Жамырамаңдар! Атамбай Тоқтағұл ұлы.

Қырғыз баласы. Мен мұндамын!

Табынбаев. Оқуға алындың. Бар да жатақ үйден орныңды ал!

Қырғыз баласы. Ағажан-ай! (*Қуанып.*) Ауылдың дәмі ғой, қалған бауырсағымды сыйлайын. Барым осы!..

Асанбай (*жұлып ап*). Тәйт, пара беріп бай балалары ғана оқуға түседі. Ұят болады.

Қырғыз баласы. Ықласына, адамшылығына.

Табынбаев. Ержан Өтеміс ұлы, Әйшүрек ұлы. Ақтаған, Сақтаған ұлдары, дайындық бөлімге сендерді де алдық. Сауаттарың аз болса да, болашақтарың мол. Жаксы оқындар. Асанбай, балаларды апар да жатақ орынға орналастыр. (*Асанбай оқуға алынған балаларды алып кетеді. Күлпәш пен Табынбаев қана қалады.*) Бері келші, қызым.

Күлпәш (*қасына келеді*). Аға, шақырдың ба?

Табынбаев. Ғанидің сен кімісің?

Күлпәш (*абыржып*). Жақынымын. Бір қорада өстік.

Табынбаев. Естуім бар. Аспандағы бұлттан жаңбыр құйса, адамның өн бойы егіледі. Кейде жалғыз

жүргенінде көзіне жас оралады. Жаңбырдың қуатымен жер де көгереді. Бірақ та көзге оралған ыстық жас, адамның басын қаңғыртып, ішін жандырады. Сен сондай халді басыңнан кешіріпсің. Түбінде көзіне жас оралмасын, қызым.

Күлпәш. Сіз маған достық кеңес бердіңіз, аға. Өйтпегенмен теңмін бе?

Табынбаев. Өзі тең көрсе, теңсің, қызым. Махаббат пен достықтың алды қызық, арты мұң болмасын, қызым. Бар да сабағыңа әзірлен! *(Қолтығынан ап шығарып салады. Сырттан Шамун шайхыны ертіп Халима келе жатады.)*

Халима. Көрдің бе?

Шамун. Көріп тұрмын.

Халима. Жүретін жолы, жататын жатақханасы. Ғанимен сыр ағытқанда отыратын орны осы ара. Байқап ал!..

Шамун. Саржан ит кездесемін деп еді.

Халима. Маған сені ертіп кел деп, күндіз өзі тапсырды. Ымырт жабылып барады. Бүгін түнде не қызды, не жетпей желкесі қиылғыр Ғаниді торитының осы жер. Қуған пұлынның құнын қайыратын жерің де осы орам. Осы бау-бақтың тасасы! Мен енді көзге көрінбейін. Сен пудың ішін сағала.

Шамун *(құшырлана)*. Қыз... қыз қолыма түссе болғаны да.

Халима. Саржан өзі шығарып берем деген.

Шамун. Илаһи, уәдесіне тұрсын де. Қаныма қараюым сонша, көзіме қарасы ілексе екен, жатқызамын, жайратамын. *(Іштен Сағдат пен Саржан шығып келе жатады. Шамун мен Халима тайып тұрады.)*

Саржан. Сыйынды алдың. Айналып келгенде мен қара қасқа дұшпан болдым да, сен ескексіз қайық үстінде қалай жүзеріңді білмей қалтылдап қалдың.

Сағдат. Мені қажауынды қашан қоясың?

Саржан. Өле-өлгенше. Тереңге батырған да сенің дәуренің, биікке ұмтылдырған да сенің әурең. Өкінесін де шошынасын, жиренесін де даттайсың.

Сағдат. Жоқ, қасиетім кетсе де, дос кетпесе болғаны.

Саржан. Досың кім? Ғани ме?

Сағдат. Ол маған сенсін, сенбесін өз сынығымды өзім жамауға әлім келеді. Жоғал, менің қасымнан.

С а р ж а н. Сен де кудың ба мені?

С а ғ д а т. Мен де қуамын.

С а р ж а н. Бүгінгі түн — екі жағымыздың бірі жардан ұшатын түн.

С а ғ д а т. Азғын! *(Кете береді. Саржан аңырып кімнен жәрдем аларын білмей жан-жағына алақтап тұрғанда Табынбаев келе жатады.)*

Т а б ы н б а е в *(кідірмей, жүре көз тастап)*. Сырылдың ба, сидам жігіт?

С а р ж а н. Сырылу мен қуылу сіздерден қалған мұра.

Т а б ы н б а е в. Аброй оныкі. Әлегі сенікі! Өрең жетпейтін іске ұмтылма! Қырқың жиналсаң да Ғаниден озып қыр аса алмайсың. Өнері асқанмен таласпа! — дедім.

С а р ж а н. Солай ма, қол берген піріміз.

Т а б ы н б а е в. Солай, бала, солай!

С а р ж а н. Сенің де залымдығың ішінде сақтаулы екенін неге білмедім. Басында бурадай шабынып, аяғында қара суық соққан көтерем қойдай дірілдедің бе? Дірілдей түс, қара мырза қайқайып еліне тартты. Пір санаған Тұрсынханов алжуға айналды.

Т а б ы н б а е в. Тіл тигізбе ел ағасына.

С а р ж а н. Бағы тайған бурыл шаштар. Ағайын ара-сы ашылмаса, топтан қашып үйіне тығылатын күйлерің қалды. Мүмкін бізді де бата оқып, баспен бітіретін боларсыңдар, батагөйлер, бақастар! Бар, жат үйіңде!

Т а б ы н б а е в *(басын шайқап)*. Түбі қайыр болса игі еді.

С а р ж а н. Қартайғансың.

Т а б ы н б а е в. Басыңды жұтпасаң... Әй, қайдам? *(Кете береді. Саржан әлі де ойлаған ойының орайын таба алмай қамығуда. Жақтаушы серіктері келе жатады. Ымдап.)* Кейін, кейін!

Б і р і н ш і ж а қ т а у ш ы. Бізден ешкім сайланды ма?

С а р ж а н *(ызалы, шабына лаулап)*. Сайланды! ЦК ма жетер жерің? Шешуші дауыс, кеңесші дауыс беру ме? Коминтерн бе? Енді өңің тұрсын түсінде де көрмей-сіңдер.

Е к і н ш і ж а қ т а у ш ы. Сауаты бардың барлығы сырылса, қуылса, кіммен ел боламыз.

С а р ж а н. Ит мініп, ирек қамшылаған сенімен ел

боламыз. Енді иығыңнан басың қағылғанша аңдудан басқа күнің жоқ. Әне, күйгені де осы қыз, сүйгені де осы қыз. Жұлып алып жүрегін, кеудесіне қанын тамызғанда ғана ар қорлығын тартқызасың. Бара тұрыңдар! *(Жақтаушылар кетеді. Екі жақтан аңду. Қолында қан-жар, тасада тұрған Шамун шайхы елес береді. Саржан оған көрінбе дегендей ым қағады. Қолында кітап, Күлпәш келе жатады.)*

Күлпәш. Ғани қайда жүр екен? Мәжіліс әлі бітпеген бе? Кіммен сөйлесем де мезреті Ғани. Ұйғаратыны да Ғани. Тек қана сатылған қыз... *(Бетін басып.)* Ойла-сам екі бетім дуылдап қаным жүзіме шабады. *(Аспанға қарап.)* Жұлдыздар... Әркімнің де маңдайына жазылған жұлдызы бар. Менің жұлдызым қайсы екен? Сонау, сонау шамдай жарқыраған, құйрықты жұлдыздың бірі болғай-ақ та. *(Жұлдызбен сөйлесіп, арманын жасыра алмай тұрғанда, Саржан жақтаушыларын ертіп әкеп Күлпәшті тарпа бас салып аузын тұмшалап ала жөнеледі.)*

Күлпәш. Ғани! Қайдасың!

Саржан. Қазақтың қыз алып қашуы қанына сіңген кәсібі, алып кетіндер! Күзетші қытайдың үйіне апарып тығыңдар. *(Күлпәшті алып кетеді. Сағдат келе жатады. Оған Тұрсын, Ажар, Павел жолығады.)*

Тұрсын. Жиналыстың бітуіне қарамадың. Булықтың да қызардың. Әйел заттың ашуы неге шапшаң?

Ажар. Жетті! Сағдат, тынысың тарылмасын. Арманың үшін адассаң да оқасы жоқ. Сенің сырт беріп кетіп қалуың бізге де батады. Осы сенісерге дос таппағандай түңілудің керегі не?

Сағдат. Күлпәш қайда?

Тұрсын. Күлпәш жатақханада емес пе?

Сағдат. Жатақханада Ғани жүр.

Асанбай, Көпбол келеді.

Асанбай. Ғани Күлпәшті іздеп келген еді. Күлпәшті көрдіңдер ме?

Тұрсын. Ол қыздың басына бақыт тағы да оралды. Жүріндер, іздейік.

Асанбай *(айқайлап)*. Күлпәш! Күлпәш!

Көпбол. Бізден кейін директордың қасында қалған.

Асанбай. Үйіне де, кабинетіне де бардық.

Тұрсын. Қолды болды.

Ажар. Қолды болмаса қайда кетеді?

Тұрсын. Көпбол, қоңырау қақ! Жар сал!

Көпбол (*қоңырауды қағып*). Күлпәш! Күлпәш! Қайдасың? (*Барлығы іздеп кетеді. Ажар мен Сағдат қана қалады. Жатақ үйде жақтан Ғани келеді.*)

Ғани. Ажар, бүгін біз жеңсек те, ойға салып қарасам туған жердің табиғатында шешуі қиын сыр жатыр.

Ажар. Иә, шешуі өте қиын...

Ғани. Осы біз алуан мінезді адамдардай арманы дараланбай сабаға түспейміз бе деп қорқам. Неге десең тым шамшыл да кінәмшілміз. Үлкенімізде де, кішімізде де бір сырқат. Алысу, жағаласу, аяқтан шалу, өлгеннен кейін бас шұлғу.

Ажар. Соның бәрі де бірлік пен достықтың екі ұштылығынан. (*Күлпәштің қолды болғанын айта алмай, кідіріп.*) Күйсіз жай... Көңілсіз жай...

Ғани. Дауысың неге дірілдейді?

Ажар (*жыламсырап*). Күлпәштан айрылып тұрмыз.

Ғани. Не дейді? Қай мезгілде?

Сағдат. Інір қараңғысында.

Ғани. Көрген кім?

Сағдат. Сені қорлау үшін жасалған Саржанның қастығы.

Ғани. Саржанның?

Ажар. Басқа кімнің болушы еді.

Ғани. Жоқ, бұл жалғыз Саржанның ғана қастығы емес. Сағдат, төңкеріліп ауып түскен сенің де қастығың. Жүрегіңе терең бойлап көрші. Өзіңе өзі түгелмісің? Түгел емеспін. Қақ жарылсын. Арайыңа қараған сайын іштен ғана ұғынатын едім. Неге менің жолым кесіледі де, жүрегіме қанжар қадалады? Ал, сен соның бәрінен сусымалы құмдай сырғып, жылжып өте бересің. Осы да достық па?

Сағдат. Кешір, Ғани.

Ғани. Есінде болсын. Бір күні мен де сынармын! Сен қаларсың! Сен журналиссің ғой. Түннің қараңғылығы қоюланған сайын жұлдыздар жарқырай түседі. Жарқырай түс! Сені редакторлікке ұсынды.

Ажар. Қай газетке?

Ғани. «Тілші» газетіне!

Сағдат (*боздап, кеудесіне басын тақап*). Ғани!

Тайғақ басуым да көңіл көзімнің шала ашылуынан ба деп өзіме-өзім өкінемін де, күрсінемін.

А ж а р. Тоқтай қал!

Сағдат. Ғани, келе жатқан Асанбай ғой! *(Түтіккен. Жаны соншалықты күйзелген, қолы қанданып, жүрегін ауыр қылмыс буған адам тәрізді. Үсті-басы далдал, әбден алысқан.)*

Ғани. Асан, Асанбай, сен сілтесуден амансың ба? Күлпәш қайда?

Асанбай. Сілтестім. Ажалмен сілкілестім!

Ғани. Кімдермен?

Асанбай. Өлім майданында Күлпәшті қорлаушылармен.

А ж а р. Күлпәш тірі ме?

Асанбай. Оның тірлігінен өлгені артық. Үстінен түстім. Адам емес, хайуандар!.. Жалмауыздың басын кесіп алдым!

А ж а р. Кім ол?

Асанбай. Шамун шайхы...

Сағдат. Тұрсындар қайда?

Асанбай. Саржанды қуып кетті. *(Бір орында сілейе қатып, күйзелісте қалған Ғанидің алдына кеп.)* Ғани аға, қолымды қанға малғым келмеп еді, Күлпәш үшін! Жүрегін тілім-тілім еткен жыртқышты мен де аямадым. Өңменінен салған қанжарым...

Ғани *(үнсіз. Шыдай алмай күрсіне күйініп)*. Бәрі де түсінікті. Күйін мейлін, күйінбе мейлін! Ол қыздың бетіне маған тура қарауға да шама жоқ! *(Ашына.)* Ол қызды немен қарсы аламыз. Жамандық күнде — жарың болдым деп қарсы алайын ба? Аға болдым деп қарсы алайын ба? *(Шашы жалбыраған, жаны жараланған, ары кірленген Күлпәшті сүйеп Көпбол келе жатады. Сағдат, Ажар түрінен шошып, аймалағысы келеді. Күлпәш жолатпайды.)*

Сағдат. Күлпәш!

Күлпәш *(көзі шарасынан шыққан, ыза, ашу, кек, намыс, көрген қорлық бәрі де бар)*. Күлпәш... Қайдағы Күлпәш! Бұрын да татымды достыққа татымаған Күлпәш едім. Енді тіпті де татымайтын болдым. Бүгін күн қара бұлтқа батқанда, менің күнім бірге батқан. Көлеңке басы ұзарған сайын, менің көлеңкем қысқара түскен. Рақымың мол, Ғани аға! Көп күтіп едім, рақмет сізге. Енді менде не сый, не құрмет қалды. Қаралы қыз... жа-

ралы қыз... қорланған қыз... Арынсаң да, алқынсаң да менің тағдырым солай болды. Солай аяқталды. *(Өкіріп жылап жібереді.)*

Ғ а н и *(қасына барып)*. Күлпәш! Не айтсаң да сияды. Сенің қорлық-азабынды бізге берсе еді. Сені көзден жасырып, сырт айнала беріп қорлады ғой. Сенің жазықсыздан жапа көргеніңе бас иемін, Күлпәш. Тірі болсақ, талай сұм табан астыңа әлі-ақ түседі.

К ү л п ә ш. Мен үшін кек қайыру... қорлану, ол жай көңілге демеу. Енді маған түктің де керегі жоқ!

Ғ а н и. Сенің қасіретің менің қасіретім, Күлпәш. Айласын асырған қаскөйдің мақсаты — сенен мені бездіру болса, ол мақсат іске аспайды, Күлпәш.

*(Күлпәш әлі берілер емес. Тәлтіректеп, жан солқылы, қасірет толқыны бойын сергітпей есінен ауысып, қалай болса солай сөйлейді.)*

К ү л п ә ш. Сенімнен не қалды?.. Сырымнан не қалды? *(Алдарына сап алып келе жатқан Саржанды көріп ишқына айқайлап.)* Ah! Қорғандар мені, жауыздың тырнағынан! *(Ғаниға тығылады.)*

Ғ а н и *(бауырына қысып)*. Қорғаймыз. Шошынба! Қайта қайратыңа мін де өз қолыңмен кегіңді ал!

К ү л п ә ш. Жоқ, әлім бітім барады.

*(Сағдат пен Ажар келіп сүйейді.)*

Т ұ р с ы н. Барлығын шырмаған осы бұзық.

Ғ а н и. Осынша қорлауға арың қалай барды?

С а р ж а н. Оңайлықпен беріспейміз. Бір жағымыздың жарға жығылуы анық еді. Кім жығылса да жығылды!

Ғ а н и. Сен біздің де басымызды қорлаудан тайынбауға бекінгенсің.

С а р ж а н. Жауап беретін жерім бұл емес.

Ғ а н и. Трибунал алдында ма? *(Табынбаев келе жатады.)* Білімдар, діндар атанған қамқа тонды зиялы, сіздің де қатынасыңыз болды ма?

Т а б ы н б а е в. Ғани, інім, надандықтың құрбаны — біздің өткен жолымыз. Жас қауымның кеудесіне сана құюды біз де ойлағанбыз. Қылмыстыны қолыңа түсірген екенсің! Аяма! Бұл сені ғана емес, мені де талай шырмаған.

Ғ а н и. Туғанына қуанбаған, өлгеніне жыламайды.

Т а б ы н б а е в. Сен үшін жылауға болар. Адам неге көнбейді. Антұрған, аласұрған сұм пейілге де бір зауал!

Маған бәрінен де, шеккені азап, тағдыры сату, алумен өлшенген сорлы қыздың аянышты халі батады. Келші маған. (*Күлпәшті бауырына басып.*) Мен бәрін де естідім! Ғани, өз жолың қайда барсаң да айқын ғой?

Ғани. Апырау, бұған шекті салқын ақыл-бұйрығын неге бермеді екен?

Табынбаев. Оған кінәлі мына тұрған Саржан болатын.

Ғани. Календарьдің әр бетін ашқан сайын арпалыс, күрес. Бәрі де еске түсер! Бірімізден біріміз жақсылықты да, ғылымды да, өнерді де бөлісіп ала жатармыз. Жан шөлікесе, оған жүректің кең дариясы сусын да болар. Тарихтың шежіресі дәл осы оқиғаны да ұмытпас! Кімдер еді бақыт үшін күрескен. Кімдер еді жеңістің сағатын соққызған! Сұраушыларға — біз — лениншіл комсомолдармыз! — деп ұрпақ айтар жауабын. Павел, мына сұмды апар да тапсыр!

Павел. Қайда?

Ғани. Трибуналға!

Шам сәулесі шоғырланған жастарға түседі.

Ғани Мұратбаевты Коминтерннің Шығыс Жастар бөлімін басқаруға шығарып салғалы тұр.

Жастар. Қайырлы сапар болсын, Ғани... Ендігі қызметің Коминтернде!

Ғани. Коминтернде... Мүмкін, менің соңғы қоштауым болар.

Жастар. Айта көрме, Ғани.

Ғани. Осы бір сырқат ойда жоқ жерде жабысты. Тек басты жерге имесек болғаны. Менің тезисімді оқыдыңдар ғой?

Жастар. Оқыдық.

Ғани. Біз дала перзенттеріміз. Дала жырының толғауы енді ғана басталды. Сауатсыз комсомол социализмнің күрескері бола алмайды! Бүгінгі ұран сауатты болуда, достарым. Қош болыңдар.

(*Шымылдық, комсомолдар маршы.*)

## ЭПИЛОГ

Москва. «Биік тау» санаторийының бір бөлмесінде маңдайы жарқырап жас Ғани жатыр. Көзін бір ашады, бір жұмады. Қасында емдеуші дәрігер. Күлпәш та осында. Ақ халат киіп аймалап Ғанидің

жастығын түзеп дәрігерге көмек береді. Ғани кимастықпен жаутаң қағады.

Ғ а н и *(екі қолымен шалқая таянып, басын көтеріп)*. Күлпәш, терезені ашшы? *(Күлпәш терезені ашады.)*

Д ә р і г е р. Тұрғың келе ме!

Ғ а н и. Түрегеліп жүргім келеді.

Д ә р і г е р. Жүріңіз... Аяғыңызды нық басыңыз... *(Терезенің көзін шалқайта ашып.)* Сергіңіз. Таза ауаны мейірлене жұтыңыз. *(Терезенің алдына апарады.)*

Ғ а н и. Жүзіңіз қандай сүйкімді. Сүйей беріңіз?

Д ә р і г е р. Қараңыз!

Ғ а н и *(ашық терезеден сырттағы өмірге көзінің жанары мөлтілдеп құмарлана қарап тұр)*. Нұр шұғыла... Кремльдің жұлдызы... Қаланың рухы... Сіздің құшағыңызда тұрып осы минутта, осы сәтте... соңғы тынысым-да... Айналаға... көз нұрымды суарып алайын.

Д ә р і г е р. Суарып ал. Жаныңа қуат беретін өмірдің ыстық құшағы.

Ғ а н и. Иә, ыстық құшағы. Биік қарағайлар теңселеді. Ақ қайыңдар жапырақ жая бастаған. Самсаған от. Ағылған машиналар. Ығы-жығы сапырылысқан адамдар, дария бетіндегі толқын тәрізді.

Д ә р і г е р. Ағыны қатты ғой?

Ғ а н и. Қатты да болса адамдарынан жүректің жылуын сезінемін.

Д ә р і г е р. Оның мәні өмірге аңсай қарағансын да, мейіріммен шапағатқа бөленгенсін де.

Ғ а н и. Сол мейірім, ғұмырымды ұзартуға септігі тимегені ме, дәрігер? Не үшін көрер жарығымды тағдыр қысқа өлшеді. Не үшін дүниеден кетуте тиістімін.

Д ә р і г е р. Сен кетпейсің. Әр уақытта сенімен бірге болуға тиістіміз.

К ү л п ә ш. Ғани, не деп барасың. Жазыласың. Жүзіңе нұр да кіре бастады.

Ғ а н и. Күлпәш, менің жүзімдегі нұр ол сенің ізгі, таза сезіміңнің жылуы да. Жастығымның астында «Капиталдың» соңғы томы жатыр. Суырып ал да соңғы бетін оқып берші маған? Соңғы парағын... Соңғы жолын... *(Күлпәш жастығының астынан «Капиталды» алады.)*

Д ә р і г е р *(өзіне)*. Бізден жасырып оқыған.

Ғ а н и. Соңғы парағын үлгіріп оқи алмаған едім. Неген аяқталғанын білейін, Оқышы, Күлпәш?

К ү л п ә ш *(оқиды)*. Сандырақ түстей өтіп жатқан

канды жорықтар мен... қырғындар! Халықтар тағдыры...  
Үкімет билігін жыртық тонды мұжықтар мен күс қолды  
жұмысшылар аларда...

Дәрігер. Ғани, тоқтатыңыз. Әлсіреп қаласын.  
(*Кітапты жұлып алады.*)

Ғани (*құмартып*). Соңғы бетін... Соңғы парағын...  
Күлпәш. Кейін өзіне оқып берейін. Ғани, дем ал-  
шы? (*Кроватына жатқызады. Сырттан Ғанидің көңілін  
сұрауға делегаттар келеді. Дәрігер есік алдында қарсы  
алады.*)

Теңізші. Балтық флотынан едік. Ғанидің халі  
калай?

Дәрігер. Халі әзірге бір күйде.

Теңізші. Жолығуымызға бола ма?

Дәрігер. Болмайды. Жаңа ғана тыныс алды.

Теңізші. Ғани Мұратбаев біздің флоттың құр-  
метті мүшесі еді... Біздің сәлемімізді айтыңыз. Қызыл  
флоттың жауынгерлері сырқатынан сауығып, өмірінің  
ұзақ болуын тілейді.

Дәрігер. Тілектеріне рақмет. (*Есіктің сыртына  
оңаша алып кетеді.*)

Ғани (*елегізіп*). Күлпәш, кімдер екен маған келген?

Күлпәш (*жасырып*). Күтуші қызметкерлер ғой.

Ғани. Жіберсін деші дәрігерге... Тізеңді әкелші...  
Сәл ғана қисайың. (*Күлпәштің тізесіне басын қойып  
жатады.*)

(*Үнсіз. Ғанидің халін білуге Орталық Комсомолдар  
Комитетінен және оған ілесе Коминтерннің өкілдері ке-  
леді. Дәрігер Күлпәштің тізесінде сұлық жатқан Ғаниді  
оятпайды. Олармен ақырын сөйлеседі.*)

1-өкіл. Аанада келгенімізде сырқаты ауыр еді. Беті  
бері қарады ма?

Дәрігер. Мәселе бетінің әрі, не бері қарауында  
емес. Жан рухының сөнбеуінде.

2-өкіл. Сөндірмеу сіздің қолыңызда. Жаны қа-  
ла ма?

Дәрігер. Қалады... Тәні өлгенмен жаны өлмейтін  
дүниеге күш, жігер, намыс ала келген боздақтың бірі.  
Сендер өлді дейсіндер ғой. Жоқ, ол өлмейді. Оның орны  
бөлек.

1-өкіл. Сіз не ем жасадыңыз?

Дәрігер. Өлмеудің емін ел менен бұрын өзі жа-  
саған!

2-өкіл. Тұспалдамай айтыңызшы?

Дәрігер. Өз көңілімнің сенімі бойынша оны өлді деп айта алмаймын. Тірілікте адам бірде ылдиға түседі. Бірде өрге өрмелейді. Сан қилы ауыртпалықты көтереді. Ғанидің өлімі мен үшін ылдиға құлау емес, өрге өрлеу дер едім. Өрлеу дейтінім — эне оның азасына қатынасуға лек-легімен заманы бір мың-мыңдаған жастар келе жатыр. Фабрикадан, заводтан, студент қауымынан, Балтық флотынан, Қазақстаннан жиырма бес мыңнан астам адам жиналды. Қараңыздар! Көріңіздер!..

*(Күңірене аза тұтқан халық. Азалы сарын. Шам сенеді. Қайыра жанғанда санаторий алдында жеңдеріне қара жолақ қызыл лента байлаған Асанбай, Көпбол, Тұрсын, Павел, Сағдаттар тұр. Табынбаевтың қолында «Капитал»).*

Табынбаев. Жас Ғаниді өлді дегенге кім сенеді.

Сағдат. Қоштаса да алмай қалдық.

Табынбаев *(қолындағы кітапқа үңіліп)*. «Капитал!» Сырқат үстінде көз майын тауыса оқығаны да «Капитал!» Ең соңғы демі біткенше оқыған. Жылдар өтеді. Денедегі жара да жазылады. Көңілдегі қайғы да тарқайды. Ұл, қызыңның, ұрпағыңның мақтанып та, шаттанып та айтар ұлының бірі біздің Ғани! *(Бастарын иеді. Музыка. Баяу ғана тербелген ән. Сыртта Ғаниді жерлеуге арналған қаралы митинг. Сапқа тұрған Балтық флотының теңізшілері бірнеше дүркін мылтық атады. Қаралы митингке қатынасқан жиырма бес мың адам сахна сыртында елес береді.)*

Шымылдық.

# ӨТЕЛГЕН ПАРЫЗ

*Екі бөлімді драма*

## ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

В. И. Ленин.

П. К. Жуков — өкіл.

Науан Сәрсенов — комиссар.

Рақымжан

Нұрыш

Бекназар

Ескендір

Жамал — Ескендірдің әйелі.

Нұри — башқұрт шалы.

Шәмши — оның қызы.

Бейсеке — жалшы.

Қарақыз — оның шешесі.

Коновалов Иван — кулак.

Лоссов — полковник.

Әбілғазы Баракбаев — ауыл пысығы.

Шаруалар, юнкерлер, бай-кулактар, азық-түлік отряды, ер-әйелдер.

Мезгіл — 1921—1922 жылдың қысы.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

Ленин өзінің Кремльдегі кабинетінде. Көкірегін кернеген бір ғана мәселе. Ашаршылық апатынан кайткенде де халықты құтқарып қалу. Кабинетке кіреберіс есік алдында әскери киімде Науан Сарсенов дейтін қазақ жауынгері күзетте тұр.

Ленин өзінің сүйіп айтатын:

«Жүрегім өзімдікі — ол саған жоқ»

әнін ыңырсит толғап қояды. Тоқыма креслосына шалқая түсіп, әлде не бір ойға кетеді. Сәл кідіріп, тез жиналып құлшына төніп әлде нені сыдырта жазады. Оның ойы ағымдағы істерден бір сәт басқа мәселеге шүйілген сияқты.

Қазақ жауынгері күзетте тұрып Лениннің көзқарасы, әрбір қимыл-қозғалысына қарауда.

Л е н и н (*стол үстіндегі телеграмманы алып, шұқшия қадалып*). Бронь салған астықты өз ішінде тұтынуға өз беттерінше наряд берген... (*Кідіре ойланып.*) Бір үзім нан... жаныңа зіл қаратастан да ауыр... Тағдыр соған тірелгенін киргиздің азық-түлік комиссариаты, Омскідегі басқарма неліктен түсінбейді?! Астаналар ашығуда... Жұмысшы орталығы ашығуда. Бізге қарсы жер-жерден ереуілдер біліне бастады... Продразверске жұртты бездіруде... (*Жауап телеграмма жазады.*) Орталықтың рұқсатынсыз Ақмола, Семей губернияларында ішкі нарядтар жойылсын. Бронь салған астық көздің қарашығындай сақталсын. Ішкі Россия мұжықтарына жалпыға бірдей шеңбердегі норма бұзылмасын!

*Еңбек және Қорғаныс советінің председатели Ленин.*

(*Телеграммаға қол қояды да орнынан түрегеледі. Қабырғада ідулі тұрған Россияның атлас картасының алдына келеді. Қарайды. Іздейді. Таба алмайды.*) Ауыл ауданы?.. Жаңа атлас?.. Оқу құралына пайдаланатын атлас... Ауыл ауданы?.. Неліктен картаға түспеген. Бәрі де анық болуы керек емес пе? (*Столына жақындап жұмыс дәптеріне төніп қояды.*) Иә, иә. Қайырадан бастыртқан жөн. Ауыл ауданда жиырма мың мая астық бастырылмаған. Жиырма мың мая!? Ғажап... (*Пауза.*) Ха-

лықтың ризығы... Тірліктің талшығы... (*Есік көзінде күзетте тұрған Науан Сәрсеновты шақырып.*) Құрметтім... Жаңылмасам сенің ұлтың киргиз еді ғой?

Науан. Нақ солай, Владимир Ильич. (*Тік тұрып жауап береді.*)

Ленин. Аанада менің пәтерімді күзеткенде (*Шексілесі қата күліп.*) Надеждамен бірге еріп келген кісінің жағасынан алып жібермегеніңіз есіңізде ме?..

Науан (*қосыла күлімсіреп*). Есімде... Крупская жолдас, сіз өте беріңіз дедім де, қасындағы кісіге қарсылық білдіргенім рас. Жолдас Ленин, сізге мезгілсіз уақытта беталды жібере беруге болмайды...

Ленин. Соңынан ол кісі өзінді шақырып алып азмаз қуырып алды-ау деймін, ә?

Науан. Иә, солай болды.

Ленин. Бір күні менен де пропуска сұрадыңыз.

Науан. Инструкция соны талап етеді ғой, Владимир Ильич!

Ленин. Жо-жоқ, құрметтім! Мен сізді айыптайын деп отырғаным жоқ. (*Ой ұшығын кенет басқаға бұрып.*) Мен сіздің көз жанарыңыздан жүректілікпен ұстаған мақсатыңызды айқын көрдім. Неліктен сіздің Киргиз обкомының басшыларында мақсат пен іс қабыспайды?

Науан. Түсінбедім?!

Ленин (*ұғындыра*). Орталықтың бронь салған астығын ішкі тұтынуға пайдаланған. Сіз күзетте тұрсыз... күнделік алатын нормаңыз қанша?

Науан. Бір жарым қадақ.

Ленин. Ал менің нормам ше?

Науан. Пәтеріңіздің алдында жиі-жиі күзетте боп келемін. Сіздікі де бір жарымнан аспайды-ау деймін. (*Қасына жақындай түсіп.*) Сізге бәрі де еркін емес пе, Владимир Ильич?!

Ленин (*арқасынан қағып*). Ел күйзелуде, достым... Не үшін күйзеліске ұшырады? Тірелген жеріміз қара жартас сияқты боп тұрғанда менің тоқтығым кімге қажет... Қалай қарайсың?.. Сөйлесейікші?.. (*Қасына алып отырады.*)

Науан. Соғыс жәншіп кетті ғой.

Ленин. Тауып айттың. Соғыс титықтатып кетті.

Науан. Оның үстіне егін де шықпады.

Ленин. Сорымызға қарай егін де шықпады... Халықтың жан жарасы жазылған жоқ... Уайым-қайғыдан

арылған жоқ... Ұзын жолда... орман ішінде... Осы сәтте, дәл екеуміз сөйлесіп отырған сәтте... Қаншама адам, бала-шағаларын жетектеп, қараңғы түнде әр қияда, алыста жылтыраған отқа қарай шұбырып кетіп барады... Олар үнсіз, ауыр ойда... Қызыл қарын, жас балаларын арқасына танып кезіп барады...

Н а у а н. Сіз тым торығып кеттіңіз.

Л е н и н. Торығу аз. Маған бір сәт мұнайып алу да артық етпейді. (*Босаған көңілін ширата, тез серпіліп.*) Уақыт... мезгіл... Бір шайнам нанды армандап өзегі үзіліп бара жатқан жан... Бұл ажал камераларындағы жан түршігерлік шыңғырыстан да ауыр хал... (*Үнсіз... Аржағын айта алмай Сәрсеновтан жауап күтеді.*)

Н а у а н. Халдің бұдан ауырлай беруі мүмкін емес, Владимир Ильич. Сіз қатты күйініп тұрсыз?..

Л е н и н. Күйінуге тура келеді, достым. Сен әлі жасың. Кеше революция кезінде түтеген боранды түндерде, шатырды бұзып кеткен азынаған жел... балталап кесетін мұз боп қатқан нан. Қар басып қалған палаткада жан аямай еңбек еткен халық сұрапыл соғыс салған жараны жаза бастап еді, бұдан әрі тірлігіміз не болмақ? Мәселе сонда, достым... Түбірімен қираған шаруашылық ағыл-тегіл құйылып жатқан сенің қағаз ақшаңмен көтерілмейді. Шаруаларға керосин, тұз, кездеме, киім-кешек және де басқа қажетін тауып бермейінше, сенің идеяңа пысқырмайды да. (*Науан ойлануда, үндемейді.*) Сен өз өлкенді жақсы білемісің?

Н а у а н. Аздап білемін.

Л е н и н. Қай губернияданмын деп едің?

Н а у а н. Семей губерниясынан.

Л е н и н. Ауыл ауданы қай губернияға жатады?

Н а у а н. Семей губерниясына.

Л е н и н (*телеграмма жазады*). Семейдің атқару комитетіне! Ауыл ауданында соғылмаған жиырма мың мая, себерге тұқым қоры жоқ шаруалар үшін зор бақыт. Кезінде соқпағандарыңды құдайдың өзі де жазғырмай ма? Шаруалар... зор қиындықты басынан өткізген шаруалар! Өздерінің астына мініп жүрген аттары тәрізді, қажыса да жүгін өрге сүйрей береді. Сүйрей береді. (*Жазып болып Сәрсеновқа көз тоқтатып.*) Қай жерде тудым дедіңіз?

Н а у а н (*түзу, тура қарап*). Ертіс жағасында.

Л е н и н. Ертіс жағасы? Жақында автономиялы Қыр-

гиз Социалистік Советтік республикасын құру туралы декрет алдық. Оқыдың ба?

Н а у а н. Оқығанда қандай!

Л е н и н. Сіздің ата-бабаларыңыз, туғандарыңыз қандай ауыр халді бастарынан кешірген. Отаршылар, помещиктер, алпауыттар, жандармдар өздерінше заң шығарып «Десяти верстная полоса» Ертістің жағалауын кескізіп алған. Киргиздарды шұрайлы жерге аяқтарын да басқызбай қырға қуып тастаған. Өзеннен малдарын суартпаған. Шөбін де бастырмаған. Отын-судан тарықтырып ұстаған! Ол ол ма, ажалынан өлген адамдарын жерлей алмай, он сегіз сом ақша төлеп екі аршын жерді сатып алып отырған? Қандай жауыздық десеңші?

Н а у а н. Патша үкіметі тартып алған жерлер қайтарылып берілді ме?

Л е н и н. Берілді. Омск мен Астрахань губернияларының басшылары, патша үкіметі тартып алған жерлері де, қаншама адамдардың нақақтан қаны төгіліп, қасіретті оқиғалар болғанын, киргиздардың ата мекені скенін біле тұра Семей, Акмола губернияларын, Бөкей ордасын өздеріне бейімдеді. Кейбір жолдастар, киргиздің өзін өзі билеу правосына әлі де сенбейді. Сенбейтіндер сенбесін. Киргиздар арасындағы жер мәселесі мүдделі ынтымаққа келеді. Бұл халық қоныстануға тиісті. Киргиздар арасындағы дау-шар мәселесі аралық соғарқылы шешілуге тиісті... Оқу, білім сарайы тезінен кең ашылып өрістеуге тиісті.

Н а у а н. Жетсек екен сол күнге.

Л е н и н. Жетесің, достым, жетесің. Еліңнің интеллигенциясы республикасын басқаруды қолдарына ала бастады. *(Картаның алдына келеді. Науан да қызыға қарайды.)*

Киргиз республикасы?!..

Н а у а н. Табиғат молынан-ақ берген ғой өзін.

Л е н и н. Молынан берген! Ұшы-қиырына көз жеткісіз бұл өлкеге ондаған мәдениетті мемлекет сыйып кеткен болар еді. Кең-байтақ жазықтар. Дала... дала! Миллион, миллион мал өсіретін шұрайлы жер, қара топырақты өңірлер...

Н а у а н. О да көп бізде.

Л е н и н. Әлі де коммуналардың соқасының ізі түспеген. Патриархшылдық, жартылай тағылық... Нағыз барып тұрған тағылық жайлап жатыр. Меңіреу түпкір-

лерді мәдениеттен алыстағып тұрған алшақтық, шалғайлық... темір жолдың жоқтығы... сүрең жолдар... ұзын көштің соңында — тарыдай шашылып жатқан киргиз ауылдары... Киргиздің бар өңірінде осылай емес пе?

Н а у а н (*көңілі босап*). Осылай. Көріп келгендей айттыңыз, Владимир Ильич. Елімнің әлде нені сарғая күткен сылбыр тірлігі мен жүдеу өмірі... өзіме ғана аян дегенім бекер екен. Енді сол халқымның болашағы жайында кеңес берсеңіз, Владимир Ильич. Уақытыңызды алсам кешіріңіз!

Л е н и н. Міне, міне, жақсы аңғардыңыз. Енді сол халықтың болашағы социализмге өтуінде. Үсті-үстіне төпеу саясатын сенің халқыңа қолдануға болмайды, құрметтім. Сенің халқыңның болашағы тек қана ертеңінде. Иә. (*Қасына алып, диванға отырып.*) Социализмге өтудегі бірінші шарт ой сананы өсіруде... Мен дұрыс айттым ба?

Н а у а н. Әбден дұрыс.

Л е н и н. Екінші шарт дереу жол қатынасын түзеуде... Екібастұз темір жолын Павлодар трассасына аудардық... Әулиеата, Піспек жолдарын мемлекеттік жоспарлау комиссиясына жүктедік... Ертіс өзенінен көпір салу... Петропавел, Көкшетаудың азық-түлік темір жолын тезінен салып бітіру социализмге өтудегі басты шарт.

Н а у а н. Алғашқы қадам басталды десеңізші!

Л е н и н (*түрегелін*). Иә, иә, басталды деуге әбден болады. Кеше мен Омск делегациясының құрамында — киргиздің солтүстігінен келген (*дәптеріне қарап*), ұмытпасам фамилиясы Жуков, иә, иә, Жуков жолдасты қабылдадым...

Н а у а н. Қай губернядан екен?

Л е н и н. Ақмола губерниясы, Көкшетау уезінен. Ол жолдас өте бауырмал, киргиздармен тату-тәтті. Қазірден бастап, мені күзетуден босатыласыз... Маған ешкім де тимейді. Сол жолдаспен бірге қызмет істеуге туған еліңізге барасыз. Лашық үйде жабыққан халықтың көңілін жадыратасыз!.. Ой-санасын көтересіз.

Н а у а н. Маған аса ауыр міндет, жауапты қызмет тапсырып отырсыз. Сеніміңізді ақтай аламын ба?

Л е н и н. Елін сүйген, ұлтын сүйген азамат ақтай алады. (*Қағаз жазып.*) Бонч-Бруевичке бар да манда-тыңды ал. (*Бауырына тартып, жүзіне қарап тұрады да.*)

Сіздің баратын өлкеңіз... астықты өлке. Онда егін биыл мол шыққан. Қорегі сарқылып, өзегі талған 46 миллион ашыққандар үшін... ашығып жүріп бар ауыртпалықты көтерген жұмысшылар үшін. Бәрінен де бұрын қырылуы мүмкін сегіз миллион балалар үшін жиырма миллион пұт астық дайындауға уәде берді.

Н а у а н (*бұлтара алмай тік тұра қалып*). Владимир Ильич, күзетте тұрғанымда сіз менімен ылғи да жайдары амандасып өтетін едіңіз. Өмірімді күндей нұрыңызға бөлеп, кеудеме мәңгі өшпестей шамшырақ жағып едіңіз. Енді мен сізді көре алам ба, жоқ па?

Л е н и н. Көресіз. Көрісеміз.

Н а у а н (*мақтаныш сезімі тұла бойын кернеп, өзіне-өзі*). Ант етемін! Қандай қатерлі қыспақтарға түссем де, сол шырағым, сөнбес жарығым бар деп Ильич атыңды ту етіп өтермін өмірден!.. Қош болыңыз (*Қапсыра құшақтайды. Ленин арқасынан қағып, бауырына басып ұзақ тұрады.*)

Л е н и н. Сапарың оң болсын. Жиі-жиі хат жазып тұр. (*Қоштасады. Науан кетеді. Шам сөнеді.*)

Сырымбет тауының етегіндегі Валихановтардың ауылы. Көк шатырлы қарағай үй. Үйдің бір жақ бөлек маңдайшасына «Айыртаудың болыстық комитеті» деген жарнама қағылған.

Сахна сыртында қайыр тілеп қамыққан дауыс естіледі. Аздап кейін дауыс жақындай түседі. Бой жеткен қызы Шәмшиді жетектеп башқұрт шалы Нұри келе жатады.

Н ұ р и (*жар салып, зарлана*). Қайыр-дұға, садақа! Ау, жарандар, қаны бір туыс бауырлар. Көзі қарайып өзегі талғанға... бір үзім нан да қуат!..

Ш ә м ш и (*зарлана толған*).

Алды Орал бойлары,  
Салды Орал бойлары,  
Ал болса да, гүл болса да  
Қалды Орал бойлары!

Н ұ р и. Жел айдаса, қаңбақ. Тәңірі айдаса, бейбақ... Бейбақ жандармыз. Тал қармануға бұта да ілікпейді қолымызға! Қысылғаннан қызымды сатам. Кім бар қолбала етіп алатын. Кім бар, жарға балап бауырына басып бағатын!.. (*Бұлардың ізін ала, өңі жүдеу, жұпыны жалшы жігіт шығады.*)

Б е й с е к е. О! Сорлы пақырлар-ай!

Нұри (*таңырқай табынып декбірсіздене.*) Иә, алла... өлмегенге өлі балық дегендей... Сіз бе сатып алатын?

Бейсеке. Мен бе?!.. Сонау Оралдан допша домалатып сендерді әкелген алланың әмірі-ай!.. Бері жүр, пақыр. (*Паналатқысы келіп.*) Қызынды қолбала ғып алатын адамды таптың!..

Нұри. Он пұт бидай болсын бағасы...

Бейсеке. Жиырма пұт неге сұрамайсың, ақсақал.

Нұри. Ендеше, он бес пұт болсын, балам!

Бейсеке (*қартты сүйемелдей жетелеп*). Замана түзу тұрса ғой, қызыңның құны қырық жеті дер едің, қарт!

Нұри. Құрығанда он бес пұт болсын, балам!

Бейсеке. Ашыққанға бір тойғанның өзі шала байлық дейсің ғой, сорлы. Үсіп өлуің ғана қалған.

Шәмши. Әти. (*Шошынып шегіне.*) Менің бағам, тентірегендегі бағам... Он пұт бидай болғаны ма, әти?

Нұри. Жүр, қызым. Өлмес тірліктің қамы да.

Шәмши. Базарға түскен малдың да нарқын көтермейтін бе еді. Қызынды сатсаң құндап неге сатпайсың! Жалғыз ұлдан жолда айрылдың. Аяз сорған жаныңда дірілден басқа қауқар жоқ... Асырауға, сорлы әти, шамаң да жоқ. Енді міне менен мүлде айрылғалы келесің.

Нұри. Қызым (*қорқа соғып*), бүлдіресің! Жар салатын іс емес бұл.

Шәмши. Лажсыз байландым да, әти, сата бер. Мені сатып алатын сенбісің? Жегелей бер.

Бейсеке (*назаланып*). Зарланып болдың ба, сорлы қыз! Шошынба менен! Мен де өзіңдей шер буған сорлының бірімін. Үйіме жүр. Құр сүлдерің қапты ғой, сорлылар. Басыңдар аяқтарыңды? (*Екеуін қолтығына паналатып үйіне қарай әкетеді. Үйден басында түбіт шәлі, қималы ішіктің сыртынан қамар белбеу буылған Бекназардың келіні Жамал қайыр садақасын алып шығады. Жан-жақты қарап.*)

Жамал. Кетіп қалған ба, пақырлар!? Қалай ұзап үлгіргені (*Бейсеке қайта оралып келеді.*)

Бейсеке. Кімді іздедің?

Жамал. Қайыр сұрағандар келіп еді.

Бейсеке. Қайырымшыл болсаң алдымен жақсылығыңды бізге істе. Жүзің ұяң, жолың жіңішке, қайна-

ғанның алдында иілу-сызылу... Со бір қортық үшін төре әулетін тамсантқаннан басқа білетінің бар ма?

Ж а м а л. Иілгенім инабатым, сызылғаным сыйлағаным шығар. Тәубәшіл төлеңгіт. Әубаста өздерің емес пе үйреткен. Мені енді қайрағаннан не шығады?

Б е й с е к е. Әшейін далбаса да. Бір жігіттің намыстысы ағам Бейсембайдай-ақ болар. Көрінің қалай қазылғанын да білмей қалдық. Не үшін өлтірді? Кім өлтірді?

Ж а м а л. Өзің кімнен келді дер едің?

Б е й с е к е. Білсем сенен сұрармын ба? Комиссар қайда? Коммунист қайнағаларың үйде ме? Шағым етем деп едім.

Ж а м а л. Комиссар жұртты жинап жатыр.

Б е й с е к е. Тағы да подбет тартатын болдық па?

Ж а м а л. Сені қалдырар.

*(Қасында Жамалдың тәлтиген сұқсыр қара күйеуі Ескендір, қаба сақалды, тұлға пішіні кесек Коновалов келеді.)*

Е с к е н д і р. Жамал, Коновал тамыр комиссарға жолыға келіпті!

Ж а м а л. Хош келіпсіз, Иван ағай!

К о н о в а л о в. Барымды өтедім. Ашыққанның өзегін жалға деді. Қарызымнан құтылдым-ау деймін.

Ж а м а л. Онда құтылғаныңыз әрине.

К о н о в а л о в. Еһе, Ескендір, маған осы келіншегіңнің оттылығы ұнайды. Басқа әйелдерге ұсамайды... Балбұл жанып күлімсірегенінің өзі неге тұрады...

Е с к е н д і р. Қой, қой, тамыр. Көзің тиеді... Біздің қатынды мақтай бермендерші осы.

К о н о в а л о в. Жамал, сенің күйеуің қызғаншақ боп бара ма, қалай... Бекназар үйде ме?

Ж а м а л. Ағекем үйінде.

К о н о в а л о в. Комиссар не жаңалық әкепті...

Е с к е н д і р. Үндемеңіз. Қазір жұрт жиналып қалды. Зор мәртебе болғалы тұр. Шарапаты сізге де тиіп қалар.

К о н о в а л о в. Иә, өзім де, алда көктем келе жатыр. Шаруалардың басын қосып жаңалыққа жақындатсақ, коммуна болсақ деген оймен кеп ем...

Е с к е н д і р. О, Коновалов тамыр, патша тұсында қара арғымақпен көсіліп болыс болдың. Енді міне... Шіркін, мына басты құдайым текке бермеген ғой...

Сырттан пулеметшіктен комиссарлыққа ауысқан, жүрісі нық, жүзі айбынды, шегедей шымыр, қасында Рақымжан Валиханов бар Науан келе жатады. Олардың соңында әлде нендей хабар күткен кедей, батрактар, бай-кулактар, ауылдың ер-әйелдері ере келеді. Не үшін жиналғаны белгісіз. Барлығының назары Науан мен Рақымжанда.

Науан (*тұрғандарды көзімен шола қарап*). Түгел жиналдыңдар ма? (*Сәл үнсіз.*) Нұрыш Валиханов қайда?

Жамал. Ағекем аң қуып кеткен еді...

Науан. Ә, ит жүгіртіп, құс салатын уақытты тапқан екен.

Біреу (*қағытып*). Төре әулеті ғой. Бұларға қысы не, жазы не?.. Сіз келді деп серілігін қоя ма? (*Біреу күліп, біреулер мінеп, шенегендей болады.*)

Екінші. Әу, аттылы-жаяу шұбырып келдік. Естіртпеймісің лебізінді?

Үшінші. Бұрын да ығыр ғып болып еді. Осы шіркіннің өзі қорқып тұрған жоқ па екен?

Төртінші (*қалтырап*). Бойымызды суық сорып... аяғымыздан сыз өтіп барады, шырағым.

Науан (*қалтырадым деген байдың қасына келіп.*) Желкеңнің майы күпшектей. Алқымыңа дейін тыққан екенсің. Әлі де талай үскірікке жететін азығың баршылық. Басқа қалтыраса да сен қалтырама!

Бай. Тәлкек етпе, бала. Менің іш майымнан зиян көрген жоқсың.

Науан. Ә, иә, аш-арықтың пайдасына жүз елу жылқы өткіздің.

Коновалов. Өткізгеннің бәрін жарылғайтын болсаң, комиссар жолдас, мына мен де борышымнан құтылдым.

Науан (*шұқшиып, тесіле қадалып*). Иә, есімде... Сусегіңнің түбін тақырлап беріп отырған жоқсың... (*Тағы біреуіне жақындап келіп.*) Ал, тағы қайсың бар міндетситін... Үндемейсіңдер?.. Былай, жолдастар! (*Кеңсенің алдындағы баспалдаққа шығып.*) Тыңдаңыздар. Тынышталыңдар! (*Қалтасынан алып ояздық комитеттің жарлығын оқиды.*) Ояздық атқару комитетінің 105-санды жарлығы бойынша, Айыртаудың болыстық комитетінің председателдігіне Рақымжан Валиханов тағайындалады. (*Сұлық тұрғандар бірден қамысқа от тигендей лап етіп жанғандай дүрілдейді.*) Тынышталыңдар! (*Дыз ет-*

кендер тағы да жым-жырт.) Бүгіннен бастап совет билігі сізде. Мінеки мандатыңыз!.. Іске кірісіңіз. *(Рақымжан мандатын алады.)*

Әбілғазы Барақбаев *(Волқомнан дәметушінің бірі)*. Е, бүгін осы жуымауым еді? Пайғамбарымыздың туған күні екен ғой. Бұлардың басынан бақ арылған ба? Арғысын да, бергісін де тайраңдатып қойған тәңіріме не дауа! *(Науанға.)* Кімді тағайындадың? Тізгінді кімге беріп отырғаныңды білемісің?..

Науан. Ол сіздің жұмысыңыз емес. Совет өкіметі кімді лайық көрсе, кімді қаласа, соны тағайындайды.

Әбілғазы. Қалағаның төре әулеті болса... төреңмен бол. Бізде жұмысыңыз болмасын!.. Жә, не тұрыс бар?.. Кеттік. *(Қозғала бергенде.)*

Науан *(тоқтатып)*. Жок, аялдаңыз. *(Бетіне тесіле қадалып.)* Шала оқыған, білгір, пысық... Сенің жеке басыңның мүддесімен ұзаққа бара алмайды... Төре, қара деп жікке бөлумен Совет өкіметінің жеңісіне ортақ бола алмайсың.

Әбілғазы. Естуімше сізді Ленин жіберген деседі.

Науан. Жіберсін.

Әбілғазы. Әлі де кеш емес, олай болса біздің талабымыз өзінде. Ленин асқан дана, білгір адам.

Науан *(сөзін бөліп)*. Сол дана аштықтың апатынан жұртты сақтап қалудың қамын ойлап, тікелей производтың басынан кетпей әрбір маршруттың, әрбір поездың, әрбір вагонның ізін бақылауда. Ал, сенің қаперіңе де кірмейді.

Әбілғазы. Кірген үшін де барымызды бердік.

Науан. Берген жоқсың. Қора-қора малды өткізуге адам жоқ. Мая-мая егін соғылмай қарап тұр. Совет өкіметіне отын жетіспейді. Ең ақыры қап та жетімсіз. Сендерден біз әлі де талап етеміз. Көнбегендеріңе тартып алу шарасын қолданамыз. Оны ойлап шығарған мен емес. Оны ойлап шығарған уақыт. Партия не үшін барды. Корольдар мен патша әулеті, помещиктер мен капиталистер тартып алғанның барлығын адамзаттың игілігіне қайтарып алып беру үшін барды. Қайтарылып берілді де...

Әбілғазы. Қайтарылып берілсін. Сізді жібергенде өз пақыры, өз кедейін тонағанды қорға, ерін құл, әйелін күң еткенге араша бол деп жіберген шығар.

Рақымжан. Айтып қал, Әбілғазы. Айтып қал.

Әбілғазы. Айтып қаламын. Еңбегі сенің ағаңа сіңген, саған сіңген, мына тұрған Бейсекенің жалғыз бауыры Бейсембайдың қазасы кімнен болды? Неден болды. *(Бейсекеге.)* Ей, жөргегінде тоналған қу кедей. Ағаң сенің қандай еді?..

Рақымжан *(Бейсекеден бұрын жауап беріп)*. Иә, ағасының қызметі бізге сіңіп еді. Сезімі қайралған семсердей, адалдығы сәби баладай. Өрге салсаң талмайтын азамат еді Бейсембай. Мерт еткен төре әулеті демексің ғой? Анасы қалды зарланып, інісі қалды қан жұтып. Білсең сен айтшы? Құнын кімнен сұрайын? Кегін кімнен қуайын? *(Бейсеке жасқана соғып үндемейді. Науан ойланyp қалған.)*

Әбілғазы *(Ескендірді мезген)*. Қаны бір туыс ініңнен сұра! Ана үйінде жатып жарқыраған береннің жеңінен айбалта суырған Бекназардан, ағаңнан сұра!.. *(Науанға.)* Тағы да айтамын, бала... Таңдағаның біздің қолымыз емес. Байқа, абайла бұл саған бай-кулақтың ортасында істеуден гөрі қиындау тиер.

Науан *(мойындағысы келмей)*. Иә, бай-кулақтарыңды да көріп тұрмыз... Тағы не демексің?

Әбілғазы. Әлі пісіп-қатпағансың. Шаруа мәселесі... сені есіңнен әлі де тандырады. Айналып кетейін... Тек теріс түсіне көрме. Валихановтармен бір келген сен түгіл, іргелес отырып біз де — қат-қабат қыртыстарын айыра алған жоқпыз. Ойлап қарашы? Сен кім? Олар кім? Біз кім?

Науан. Несі бар... Айтқаның орынсыз да емес шығар. Күдігің теріс дей алмаймын. Осы сапарда кім де болса — қиындықты жеңіп шығатын белін бекем буған адам керек. Осы тұрғындар үлес қоспады, еңбек етпеді деп айта аламысың? Жок, бұлар үлестерін қосты.

Әбілғазы. Міне, міне, гап қайда? Үлесінді қосқанда, белі қайысып, ауыртпалықты көтеріп отырған кімдер сеніңше? Төре әулеті емес. Мына біз — қаралар! Бұрын ләппай, төре, ләппай, тақсыр, деуші едік. Енді ләппай, обком, ләппай, коммунист... Осы ма бізге тартар сыйың. *(Сықақтай күліп.)* Хи... хи... хи! Ха-ха! *(Оны қолдаушылар да кеңкілдей масайрайды. Іштей арбастан кейін ұзақ үнсіздік. Әбілғазы жеңдім, жерледім деген оймен сұстана, ызбарлана өз адамдарын бастап.)* Жә, не тұрыс бар. Кезенді жерде тағы да кездесерміз. Әзірге қош бол, комиссар.

(Әбілғазыны жақтаушылар кетеді. Сахнада Валихановтың әулеті ғана қалады.)

Рақымжан. Біздің өмір осы, комиссар жолдас...

Науан. Жоқ, Рақымжан, сенің ғана өмірің емес. (Ойланyp.) Айналаға көз салсаң тұтқиыл сұрқия оқиғалар. Бірін-бірі күндегіш — бүлік жандар. Әлдекімнің жүрегінде қорғасын, денесінде жара. Біреулер баяу, сылбыр да. Біреулер өмірінің ақтық сағатына дейін жан алып, жан беруде. Мен қайда келдім?.. Қиянатқа жол бермейтін күш қайда? Сол күш ескі сонар емес, жаңа жолдар іздемейтін бе еді?.. Рақымжан, сен де бар.. Коновалов, сен де. Ескендір, сен де бара тұрыңдар. Бейсеке... сен аялдай тұр. (Бейсеке мен Жамалдан басқалары кетеді, күйіне сезініп.) Жаңа Әбілғазы Барақбаев не деп кетті? Жүдеусің ғой өзің.

Бейсеке. Жүдеумін. Көкірегім қақ айрылғандай шерлімін.

Науан. Ағаңның өлімі төре әулетінен дегенін құптаймысың?

Бейсеке (абыржып, жамандыққа қимай). Төре әулетінің бәріне нәлет айтып қайтейін.

Науан. Ініңнен, ағаңнан дегені не сөзі?

Бейсеке. Ағасы дегені Бекназар. Інісі дегені Жамалдың күйеуі.

Жамал (шошынып). Не дегелі келесің, Бейсеке.

Науан. Сабыр ет, Жамал. Ескендірдікі не?

Бейсеке. Жамалдың күйеуінікі ар қорлығына салып арқандап ұстасам деу... Әйелін күнәға батыру. Кешірімге кен. ойы жүйрік, наз қылығымен жарастық тапқан, сүймесе де сүйгенінен артық құрбы болмай ма? Сол құрбысы Жамалдың Бейсембай ағам еді...

Жамал. Бұл сұмдығыңды ерте неге айтпадың? Бәсе, бәсе, нені бүгіп, неге осынша булығып жүр деп едім-ау!.. О, соры ашылмаған сорлы басым. Осы ғана еді көрмегенім. О, қайда әлгі байсымағы? (Кетеді.)

Науан. Қашан, қайда болды бұл оқиға?

Бейсеке. Сіз, Рақымжанды ертіп ояздық комитетке кеткен түні ауылда болды.

(Бұл кезде атқосшы серігі Қасқи бар қасында, екі иығына екі кісі мінгендей, батыр тұлғалы Нұрыш келе жатады.)

Нұрыш (қолындағы соғып алған қасқырдың терісін сілкіп қойып сөйлей кіреді). Жолымыз болды. Біз-

дің ауылға келген азамат сый-құрметсіз, таралғы-тартусыз кетпейтін еді. Мә! Қаски, өзің апарып сыйлаймысың. Мен сыйлайын ба?

Қ а с к и. Нұрыш аға, өз қолыңыздан сыйлаңыз.

Н ұ р ы ш (*Науандарды көріп*). Ә, ассалаумағаләйкүм, комиссар жолдас!.. Адамның тағысы Лосовты қуам деп жүріп, аң тағысына кезіктім... Жолымыз болғай. Ырым болсын. Байладым, сізге.

Н а у а н. Баяндаңыз.

Н ұ р ы ш. Баяндасам, Лосов әр жерден шаңын көрсетіп, Сырымбет саласындағы ауылдарға келгенде зымзия жоқ болды.

Н а у а н. Болмаған екен. Соңғы оғын бізге арнауы, сендерге қадауы. Астық керуенін талау, бандитизм... Біздің жолымызға бөгет болатын да сол.

Н ұ р ы ш. Дәл айттыңыз. Ол өш алуға келгенде шонжарларды бетке ұстайтын. Бір шонжардың үйінде азырса сайтандай, арбаса жыландай боп жатпағанына кім кепіл.

Н а у а н. Ол, өте қауыпты жау... Іштен ірітіп, бірді-бірге айдап салуда. Осы сапарда сәтсіздікті тек содан ғана күтіндер. Оны індетудегі — сізге берілген тапсырма сол күшінде деп біліңіз. (*Рақымжан келеді*.) Ініңізді құттықтауға болады. Волком болып сайланды.

Н ұ р ы ш (*қуанып*). Қайырлы болсын... (*Қолын алып*.) Әу, саған не болған, қабағың жабыңқы ғой.

Р а қ ы м ж а н. Бәрі де боп жатыр.

Н а у а н. Иә, туыстар. Сендерде ерлік те, бақыт та, мансап та, кезіккен тор да, тозған аброй да бар. Бақытсыздықтың үлкені өлім. Қылмыстың құпиясын ашпай болмайды... Ашып арылуды өз арларыңа тапсырдым. Мен бүгін Жуковке жетуім керек. Юдинке, Кашиловке селосындағы астық жөнелтудің әзірлігімен боламын. Ертең Имантау торабынан күш, көлік жеткізуге аттанамын. Ойланыңдар! (*Кеңсеге кіріп кетеді. Үнсіздік*.)

Н ұ р ы ш. Ойланыңдар дегені не? Не болып еді?

Р а қ ы м ж а н. Ойландыратын мына сұмның лаңы. Туыстың жаманы бетке салық. Ағайынды ала ұста, арасына іріткі сал. Жетімді жылат, жесірді жәбірле, қараңғыда, тасада тұрып қанжар сал деп кім үйретті.

Е с к е н д і р. Қызықпасын.

Р а қ ы м ж а н. Кімге қызығыпты! (*Ескендір үндемейді*.)

Рақымжан. Қызғана білмейсің, сорлы.

Ескендір. Ініміз жіп есе алмайтын шірік деп жұртқа лақап таратқан өздерің. Қолымды шынарға жеткіз деп қашан сұрадым. Намысымды от шарпыса, жүрегімді қан қысса, көзіме шөп салса, кегін кімнен алуым керек еді?

Рақымжан. Тоқтат енді, малғұн!

Ескендір. Тоқтатпаймын!

Нұрыш. Жасаған-ау, бұл не сұмдық. Абройдан не қалды? Тасада тұрып сілтеген шоқпарың айналып кеп бізге тиді ме. Не істеуіміз керек?

Рақымжан. Бәсе, не істеуіміз керек?

Нұрыш. Билік те, бітім де сенде.

Рақымжан. Менде болса, айыру керек Жамалды.

Нұрыш. Айырсаң, айыр.

Ескендір. Сен қатын ғып аларсың. Қайссыңа берейін.

|          |   |                                                                                                           |
|----------|---|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Рақымжан | { | <i>(Екеуі екі жақтан алқымдап). Не дедің, сен азғын! (Осып жіберуге оңтайланғанда Жамал шыға келеді.)</i> |
| Нұрыш    |   |                                                                                                           |

Жамал. Жо, жоқ... Оның сөзін елең қылмандар! Сөзі кім, өзі кім? Бұған мені душар еткен төре әулетінің ата даңқы дермін. Қайғыра жүріп, көз жасыма бұлыға жүріп азуы алты қарыс ағаңа жақтым. Бірде қуандым, бірде жыладым. Досыма да, қасыма да қара басымның еріксіздігін білдірмедім. Әйел боп сыр шаштым ба? Шашқам жоқ... Соның бәрі кім үшін, ағажан?! Бір сен үшін! Бір екеуің үшін! Соның бәрін білдіртпейтін де маған деген мерейлерің еді. Айрылатын зауал шақтан өткенмін. Мен ешқайда кетпеймін! Бұл күйде ағаеке, екеуінді тастап кетпеймін! Әкем байғұс не азабы болса да, өзім көтеріп алайын. Олқысынсаң қайтып кел дегенде, өзім едім... Төре әулеті бұрқанса қан төгіледі. Сендерге қасірет жұтқызып бақыт тапқанша несі болса да өзім көріп алайын дегенімде де арқалаған асқарым екеуің болатынсың. Тас түскен жеріне, өлігім шықсын осы үйден. Рақымы кең құдайым, маған да бір жарық күн бар шығар! *(Боздап жығылады.)*

Нұрыш *(күңгірене жекіп)*. Туыстың жаманы бетке салық! Айналып келгенде осы жаманның намысы сені де, мені де азапқа апаратын жол болмаса не қылсын? *(Бәрі сұлық тұрып қалады.)*

Бекназардың үйі. Қара көлеңке. Босағада Нұри мен қызы Шәмши ала дағрадағы бидайға өлердей емініп тазартып отыр.

Нұри (*уыстай сыпырып*). Қайран асыл дән. (*Көзінен жасы парлап.*) Бір уысына ділгер болдық. О, тәңірім, жұмақта да, тамұқта да адамның аңсағаны осы дән... Мені қайыр тілетіп қаңғыртқан да осы дән ғой. Киеннен айналдым. (*Көкірегіне басады.*)

Шәмши (*оң бүйірдегі есіктен сығалап қарап*). Эти, мына үйде жынды әйел отыр...

Нұри. Маңдайыңа не жазылғанын көресің де, қызым.

Шәмши. Эти, сен не істедің? Бір жағынан жынды әйелін баққызып, бір жағынан мені алғалы отыр. Көр әне! Мені күндікке берген екенсің ғой? Бұдан да аштан неге өлмедім.

Нұри. Е, қызым, аштан өлмеудің... далбасасы да. Қаңғырармыз да!.. Талығармыз да... Қай сайдың басында қалғанымызды білмеспіз. (*Жекіп.*) О, жасаған! Қасірет зілін көтерткен жасаған?

Шәмши. Қасірет зілін мені сатып иығыңнан түсіре алар ма екенсің? Жоқ! Жоқ!..

(*Үйдің түпкірінен, етек-жеңі сыбызғыдай, өңі суық Лосов шыға келеді де терезеден сыртқа көз тастайды.*)

Лосов. Дала суық қой?

Бекназар. Шытырлап тұр.

Лосов. Қысқы аспан бұлыңғыр.

Бекназар. Ашылмай тұр ғой қабағы.

Лосов. Ашылмай тұр. Сен көкжал, осындай ызғарлы аязда қарға аунап алып жортатын едің.

Бекназар. Ол дәурен өтті ғой, достым...

Лосов (*күрсініп*). Өтті де, кетті де...

Бекназар (*сыбырлап*). Немене, жылысып жүрсің бе?

Лосов. Аз күн бой тасалап жүрмін. Інілерің не кам жасап жатыр? Волкомда кімдер бар?

Бекназар. Інілерім Ленин жіберген екі коммунистпен күн-түн сабылуда. Ұйқы да жоқ. Күлкі де жоқ... Бер де бер!.. Давай да давай, боп тұр ғой бүгінгі тірлік....

Лосов. Білемін. Айғаймен жұрттың зәресін алуда екенін де білемін. Тікелей провод. Телеграмма үстіне телеграмма! Жаппай шабуыл! Лениннен ала келген ұрандары да сол болар.

Бекназар. Қайдам. Ол жағына менің миым жете бермейді.

Лосов. Жуков бақытты орыс... Науан Сәрсенов болса ол Ленинді күзеткен қазақ. Жыртық шинельді солдаттан комиссарға көтерілді. Большевиктің... ең жоғарғы шеніне көтерілді! Ашаршылық зардабын халыққа тартқызып тағы да көтерілмекші.

Бекназар. Халық кім күшті болса, соның айдауында емес пе?

Лосов. Дұрыс айтасың. Лауазымға қолы жеткен адамға бәрібір... Ертең қызылдар кетіп, біз келсек, сенің екі інің... бізбен бірге өмір сүруге де әзір.

Бекназар. Е, достым... Лауазымның бейнеті де, рахаты да бірдей ғой. Замана бетін берген күнде масайрайсың. Сыртын берген күнде құздан құлағаныңды да білмей қаласың.

Лосов. Кім билесе, ол билесін. Еркектік намыс сені тыныш жатқызбайды.

Бекназар. Петропавл, Көкшетаудан бұрқ етті дей ме?

Лосов. Бұрқ етті! Қалаға жақын орман ішіне бекінген біздің басшымыз Зеленовтың отряды шабылдауда. Поездың жолын бұзуда. Сенің інілеріңнің ішкі Россияға жөнелтіп жатқан астықтары вокзалда, жол үстінде соқта боп шашылып жатыр. Қаланың тұрғындары еліктерін көшеден жинап алуға да мұршалары жоқ. Ешім алынды. Петропавл ертең-бүрсікүндері алынады. Еңсеріп келеді, ықсырып келеді біздің адамдар!.. *(Бидайдың қарамығын тазартып отырған Нұри мен Шәмши тыңдай қалады.)*

Нұри. Мына патшағарлардың сөздері бик осал екен де, қызым.

Шәмши. Жүрегім дір ете қалды-ау?!

Нұри. Мылтығы бар ма? *(Лосов ысқырына ызғар шашып бұлардың қастарына келеді. Нұри, Шәмши үрейленіп, тажалды көргендей шошынады.)*

Лосов. Мен сендерге жыртқыш андай боп көріндім-ау?! Үркесіндер! Қалай екен? Большевиктер жарылқап жатыр ма?

Нұри. Бүкіл елге келген қасірет қой!

Лосов. Қасірет! Аштық! Қайыр сұрау! Тентіреу! Қызыңды сату! Неше мың жыл жасаған ел іргесі шай-

қалған жоқ еді. Шайқалды ма! Үстінде лыпа да жоқ. Ішуге қорек те жоқ...

Нұри. Солай боп тұр ғой.

Лосов. Солай боп тұр ма? Саған қоректенетін нан керек... Маған қажырлы білек пен жүрек керек!..

Нұри. Тауып айттыңыз. Маған қоректенетін нан керек. Нан!

Лосов (*шымылдықты серпіп жіберіп*). Нан керек болса, тойғаныңша ал!.. Бәрін ал!.. Жылдық азығың осы үйден табылады. (*Тең-тең боп үйіліп жатқан бидайды көрсетеді.*) Уәде былай болсын. Сіз мені көрдім деп тірі пендеге тіл жармайсыз.

Нұри. Тіл жарарлық менде хал бар ма?

Лосов. Уәде ғой!

Нұри. Алла атымен ант етейін!

Лосов (*Бекназарға*). Аш қаптың аузын. Тарылма. Есесін мен қайтарамын. Коновалов қайтарады.

Бекназар. Бұл астық менікі емес. Коноваловтікі еді.

Лосов. Оның соғылмаған жеті маясы ну орманның ішінде қалында тұр. О да тарылмасын!

Нұри (*бас салып, есінен адаса құшақтап*). Рызығым... Несібем... Қорегім. Құдай бермеген қоректі сіз бердіңіз. Шынымен басы бүтін бердіңіз бе?

Лосов. Басы бүтін...

Нұри (*дір-дір етіп қалшылдап, сенерін де, сенбесін де білмей*). Алла... бергеніңе шүкірлік! (*Емешесі құрып, әукесі түсіп.*) Бұйырта ма, бұйыртпай ма? (*Шымылдықтың ішіне кіреді.*)

Лосов. Мен енді жүрейін. Коновалов мені Иман-тауға жеткізіп саламын деп уәде байлаған еді.

Бекназар. Жүр... Қай жерден жолықсын.

Лосов. Жол үстінен, мені мінгізе кетсін.

(*Екеуі кетеді.*)

Шәмши (*жалғыз*). Бұл не сиқыр? Баршылықта ар қорегі... Жоқшылықта жан қорегі. Ақыры кеп менің тағдырым он пұт бидайға кеп тірелді. Бұл не? Не қылған оңай олжа?.. Не қылған мырзалық? Жаңағы орыстың түріне қарасаң қан ішер жыртқыш тәрізді. Сөзіне қарасаң білек пен жүрекке сенеді. Кім деп ұғынсам екен? Жоқ... Бұл менің жанымдағы азаптың айғайын шығаратын жан ашуы! Трибога! Трибога!

(*Шам сөнеді. Волкомның алдында Жуков пен Сәр-*

*сенов Науан, Рақымжандар Коноваловпен әңгімесін аяқтаған. Науан жүруге әзірленген.)*

Жуков. Ал, достым, Имантау торабында өзін де, өзгені де байқаттырмайтын түсін бояғыштар кездеседі. Оларға алданып қалып жүрме.

Науан. Коновалов жолдас мені жеткізіп сап, түс бояғыш бандылардың аты-жөнін айтып көрсе болғаны.

Коновалов. Оның қайсы бірін біле беремін.

Рақымжан. Сіз осы өңірдің бұтасының түбіне дейін білесіз.

Жуков. Білесіз, Иван Васильевич. Қазақтың тымақ бауын орыстың малақайымен матастыруды да білесің.

Коновалов. Осы сапарға мені бекер жұмсап тұрсындар!

Жуков (*тістене зекін*). Сіз не, бас тартқыңыз келе ме? Сізді бетке ұстау, жолдас Коновалов, біз үшін де мерей. Сіздің атыңыз мәлім. Сіз... «қиқарлар» деп аталатын топқа бұрын жатсаңыз, енді жатпайсыз. Сіздің салмағыңыз кедейдің онына тұрады. Сіздің (*кеңкілдей күліп*) Айса пайғамбарды алтарынан қуып тастаған Ленин, соның орнына келген пайғамбар деуіңіз... коммунистердің қиялына келмеген тапқырлық. Сіздің сымбатыңыз ғайыптан пайда болған әулиелерге ұсайды. Сіз отты отпен өшіру деген қағиданы бізге тамаша дәлелдедіңіз... Оның үстіне болашақ коммунаның негізін қалаушылардың бірісіз. Коммунизм дегеніңіз сіздей адамдардың бет бұрылысы. (*Қолын алып.*) Келістік қой?

Коновалов. Тәуекел. Сыбдыры білінбейтін ну орманның жаңғырығын естісеңдер, ол менің жаңғырым дей беріңдер! Ол маң тұңғыықтар мен жылымдар. Не мені жұтса (*Науанға*), не сізді жұтса, өкінбейтін болайық.

(*Барлығы кетеді. Күтіп тұрған Жамал Науанмен кездеседі.*)

Науан. Жол болсын деші, Жамал?

Жамал. Жолыңыз болсын.

Науан. Күйеуіңді ақтасаң да, қараласаң да ауыртпалығын көтеруді өз мойныңа алдың.

Жамал. Алдым. Соны сіздің алдыңызда ашқым келіп еді. Қашан ораласыз?

Науан. Істің орайы біледі. Тез оралуға тырысармын.

Ж а м а л. Дегенмен де Рақымжанға деген күдігіңізді ойыңыздан шығарыңыз.

Н а у а н. Шығарайын. Ағасына не дейсіз!

Ж а м а л. Ағасы сізді ғана емес, інілерін де қажытып отырған жоқ па. Одан өліп құтылмаса, тірі құтылу да қиын.

Н а у а н. Онда сол үйге кімдер келеді. Соны байқаңдар. Сыр ұшығын берік ұста. Келгенсін Бейсекені мен панама алайын. Ал, сау бол. Мықты бол өзіңе... *(Қолдасып қоштасады. Сұқсыр қара, мықшия жылмиып Жамалдың күйеуі Ескендір де көрініп қояды.)*

Е с к е н д і р. О, сиқыры терең залым-ай, ә? Бұған не дерсін!

Р а қ ы м ж а н *(келіп)*. Жүрмейсіз бе, Қоновалов күтіп тұр.

Н а у а н. Жүрейік.

Р а қ ы м ж а н. Жаңа хабар алдық. Азық-түлік отрядының алды Имантау торабына келе бастапты. Бізге де бір ротасын жіберттіргейсің. *(Жүре сөйлеп.)*

Н а у а н. Бара көрерміз. *(Екеуі кетеді. Кіжіне қитығып Ескендір Жамалдың қасына келеді. Аузында сөзі бар да үні жоқ. Оқталып, оқталып тайқақтай береді. Жамал оған көз қырын да салар емес. Қайта көкірегін кере ерегесе түскендей басқа ойда.)*

Е с к е н д і р *(ернін тістен шыжбаңдап)*. Ым, иә, ә?... Комиссар ұзаққа кетіп пе?

Ж а м а л. Өзінен неге сұрамадың!

Е с к е н д і р. Шығарып салған сен емессің бе? Айтып кеткен болар!

Ж а м а л. Иә. Айтты! Бәрін де айтты... Саған да қадап айтты...

Е с к е н д і р. Жә, жә! Келді, кетті бір келімсек!

Ж а м а л. Басқан ізінен садаға кет. Мені андуды қашан қоясың... *(Күйеуін тықсыра тергеуге ала бергенде зарлана еңіреген, күйзеле күңіреніп жоқтаған, Бейсекенің шешесі Қарақыз келе жатады.)*

Қ а р а қ ы з *(зарлап)*.

Беу, беу, ағайын,  
Мұңымды кімге шағайын!  
Шерменде болған шерлі ана,  
Шерімді ағытып алайын!  
Қиылады деп қанатым  
Ойламаушы едім уайым.

Бейсембайым мерт болды.  
Қайсы бірінді қарғайын.

Қойындарыңа тас тығып, қастық етіп туысқа, жұдырықтай жүрегін жұлып алып лақтырған, қараңғы үңгір қуысқа!

Қайсың?! Бекназар, сенбісің?

Уа Нұрыш, сенбісің? Ұлығы қайда?

Тергестіріп, теңдік әперетін Ленин баба жіберген коммунисті қайда? *(Манадан бері Қарақыздың зарын тыңдап тұрған Нұрыш пен Рақымжанда бұлтаруға шама жоқ. Тастай қатып тұрып қалған. Бейсеке мен Жамалда үн жоқ. Күйген терідей құрысып Ескендір де ақырда. Қарақыз сөйлеп кетеді.)*

Қ а р а қ ы з. Ей, Нұрыш, нар кескенім деп қайрат ап, жауыңа сермеген де өзің ең. Жастайынан серік еткен де өзің ең. Қиын сәт, қысылшаң сәтте жалғыз қалдырған жері болды ма? Айта алмайсың болды деп.

Н ұ р ы ш. Туған анасы сенің ғана емес, менің де белімді қайыстырып кетті. Есіл ерім... Мен жұмсаған қиын-қыстауға атының басын тартқан жоқ!

Қ а р а қ ы з *(Бейсекені көрсетіп)*. Мына соры қайнаған егізімнің сыңары білгенін айтпай ішіне тығып жүр. Көзім жетіп, көңілім тынсын. Кімнен, неден, қашан бопты?

Р а қ ы м ж а н. Батырқан ауылында... Азық-түлік дайындауға жіберген жерде. Қанқожаның кіші әйелінен туған Шамил Шакан ғой. Қарындасы Күлсімді Бейсенбай алып қашуға бел байлайды. Екеуі қашқалы тұрғанда үйді қоршап алады. Күлсімді жетелеп қорадан секіріп түсе бергенде аңдып тұрып айбалтамен талмау жерден ұрып құлатады. Хабар беріп үстінен түсірген мына біздің сұм! Бар болғаны осы.

Қ а р а қ ы з. Бар болғаны осы де? Ым. *(Ескендірге төніп.)* Қолмен істегенді мойынмен көтересің де! *(Ескендір шегіне береді.)* Бұл шіріктің жазасын беріп пе ең?!.. Төре әулетінің табалдырығынан аттамаған басым... Ащы айғайымды шығартып тұрған да сен шірік! Көзімді қарайтқан да сен шірік! Кешіре көр, әруақ! *(Таяғын көтеріп Ескендірді қақ айыруға келе бергенде Жамал ара түседі. Қалғандары сұлық тұр.)*

Ж а м а л. Уа, сорлы ана! Балаңның өліміне себепкер болған... күнә-сұмдыққа мен де ортақ! Мына мені соқ! Мені жар!

Ескендір (*Рақымжан мен Нұрышқа*). Ә, не деп едім сендерге. Көрдіндер ғой... Есітіндер ғой?! (*Жамалға.*) Дүзқара сайқал! Сенің кесірің бәрі де.

Қарақыз. Не деп тұр мына шірік.

Жамал. Дегені керек. Қолыңды былғай көрме бұған, ана!

Қарақыз. Дегізбеймін. Сені кірлегені, қабырының беті құрғамаған менің баламды кірлегені. Уа, Валихановтың әулеті! Қай уақытта көңілді жасытып, қайсының көзіне шөп салды!.. Иә, еріксіздік еркін билесе, сүймесе шамы екен деп бір ездің сырласын таппай тұра алама жас ару!

Нұрыш (*ызаға булығып Ескендірге*). Сенің-ақ ызаң өтті ғой қашанғыдан бұрын. (*Жамалға.*) Айрыл дедім, болмадың, сотқа бергізейін дедім. Аялдатып отырған өзіңсің. Өзің айтшы! Қалауың не сонда?!

Рақымжан. Әйел болсаң да азаматымдай асылым ең. Не ойлағаның бар? Айтып арылшы.

Жамал. Айтсам, намысым үшін... Ақты-қарасына көздерінді жеткізбек ем. Жеттім. Нақақ қан... Нақақ көз жас!.. Төре әулетін қараның қарғауы осымен тыйылсын... Қалауым сол! Зарлы ана... шерлі ана... қолымда болсын. (*Ескендірге.*) Мына масылды айдатасың ба? Соттатасың ба? Еркі өздерінде!.. Бейсекені қатарға қосыңдар да, адалдықты уағыздаңдар! Төре содыр... Төре шайпау... Төре пан. Төреде бауыр жоқ демесін жұрт! Арылдық па? Арылдық! (*Жамалдан кейін ешкім өрби алмайды. Ұзақ үнсіздік. Ескендір ілмий мойны салбырап тайып тұрады. Шашы жалбырап, ашынған Шәмши кіреді. Ізін ала көзі жайнап құтырына жұлқынып Бекназар да келе жатады.*)

Шәмши. Арылған жоқсың, апажан! Осы елде пана болар, сая болар ер-азамат бар ма?

Рақымжан. Бар, біз бармыз! Жәбірлеген кім сізді?

Шәмши. Біз де өздеріндей жандармыз. Тірлік үміт адыра қап, бір үзім нан... бір уыс дәнге зар болдық, қаңғырдық. Менің бағам... тентірегендегі бағам... (*Жылап.*) Он пұт қарамық басқан бидай болды...

Рақымжан. Сатып алған кім?

Шәмши (*Бекназарды көрсетіп*). Ана тұрған сіздің ағаңыз. Дәулеті тасыған бай екен, көңілі тасыған мырза екен...

Нұри. Қаңғыбасқа не кетікпейді. Жарандар! Жүрегімді жалғайын деп сатқаным да рас еді. Бұл патшағар осал кісі екен-ді. Үйімді қарасын, суымды тасысын, отымды жақсын деп келісіп... Енді қызымды тоқалдыққа алмақ екен-ді! *(Жылайды.)*

Рақымжан. Бәсе, қайдан қайырымды бола қалды деп ем-ау? Жыламаңыз, көтеріңіз басыңызды.

Нұри. Тізе бүктіріп қойған тағдырыма не дауа?

Бекназар *(масайрап, мысқылдап)*. Күйкі тірлік, қиғаш келген заманың бүккізсе... Сен бүккізсең оған да жазалы мен бе?!

Рақымжан *(шатынап.)* Сен! Сен кұналы. Сенің қолыңа түскен адам, қан жұтып өлуі керек! Не аяғыңда тапталып құлың, күнің боп өтуі керек! Өкініш арқалатпаған күнің болды ма? Неге өлмейсің тынышыңмен!..

Бекназар. Тіпті де қарап өлмеймін! *(Мәтелдеп.)* Теңізден өтсем де тереңнен өттім, өкінбен. Кісемді шештім де билікке түстім, өкінбен! Он алты жасымда төре әулетінің бетке ұстар бегі болдым, өкінбен. Сен кім болдың?

Рақымжан. Айтып болдың ба?

Бекназар. Болғаным жоқ! Коммунист болсаң да туысы бір бауыр қалпында бол. Бауырлықтан кетіп барасың екеуің. Тындамадың ба?!

Рақымжан. Тындамаса ше?!

Бекназар. Тындамасаң өкінесің! Айтпады деме?!

Нұри *(Шәмшиге)*. Қызым, мен қаһар соққаннан шошыын дедім...

Шәмши. Әти, мен мұны бір көргенде-ақ танығам. *(Көптің алдына шығып.)* Аға! Ағалар! Апалар! Бұл мырзаның пиғылы жаман! Үйінен ақтың офицерін көрдім. Ағажан!

Рақымжан } *(жарыса)*. Кімді көрдің? Аты-жөні  
Нұрыш } кім?

Шәмши *(кідіре ойланып)*. Ұмытпасам аты...

Нұри *(безек қағып)*. Бекер... Бекер, көрген жоқ!

Шәмши *(атын аузына түсіре алмай)*. Әти, әти! Ойымды бөлме!

Нұри. Шатасып тұр.

Шәмши. Мен шатаспаймын. *(Бекназарды көрсетіп.)* Шатастыра алмайсың! Лосов! Мына мырза екеуі жасырын сөйлесті. Сол Лосов Коноваловтың шанасымен кетті. Құдай куә, мына екі көзім куә.

Р а қ ы м ж а н } Не дейді?! Науан да бірге кетті емес  
Н ұ р ы ш } пе? (*Бекназарға.*) Құрттым де?

Н ұ р ы ш. Құрыған жеріміз осы шығар. Оны тұтқын-  
дауды маған тапсырып еді. Әттең Бейсембай болса қа-  
сымда. Қайда? Қайда? (*Аңыра ойланyp.*) Маған серік  
болар азаматтан кім қалды?

Ж а м а л. Ақ көңілді ағаекем! Осы әулеттің берік  
діңгегі едің. Мін қайратыңа! Бейсенбай кетсе, Бейсекесі  
қалды қасыңда.

Б е й с е к е. Ердім, аға, қасыңа?

Қ а р а қ ы з. Ұа, жолдарың болсын, ұлдарым!

Б а р л ы ғы. Жолдарыңды оңғарсын!

Мүлгіген орман ішін қақ жарған жол. Жолдан оқшау ағаш қой-  
науында Лосов пен Сәрсенов егес үстінде. Қоновалов жегулі шанада.

Л о с о в. Кім екенімді білдің ғой?

Н а у а н. Банды Лосов екенінді шанаға отырған сәт-  
те-ақ білгемін.

Л о с о в. Әжет екенсің?

Н а у а н. Қайсымыздың әжет екенімізді бір құдай  
біледі. Қашқын! Тығылған жерің қазулы ор... Шатыр  
іші... Мал қорасы. Подвал... Сабан асты. Қи мен тезек-  
тің сасық иcін сіміріп жата тұруың керек еді.

Л о с о в. Сендер мені трибунал... түрме... атылу жа-  
засының қызуы мен жылуына да тығып та көрдіңдер!

Н а у а н. Бойымды жылытып ап қайыра ұмтыл-  
дым де?

Л о с о в. Қайыра ұмтылдым... Талап жатырсыңдар.  
Құлшылық етіп тілейтіндерің... Азық-түлік... Отын-су...  
сөнген қуанышқа қайырадан кенелмексіңдер! Дастар-  
қан үстінде бір үзім нан да жоқ! Вахканелияның жалған  
жырын шырқамақсыңдар!

Н а у а н. Шырқаймыз. Өшсін ғұрып, ескілік деп  
шырқаймыз. Былтырғы көктемнен келесі көктемге жет-  
сек деп шырқаймыз. Бір пұт астық, бір құшақ отын  
ұранымыз.

Л о с о в. Шаруаларды тонау арқылы да шырқайтын  
боларсыңдар.

Н а у а н. Жә! Кергілесуіміз жетті... Не керек өзіңе?

Л о с о в. Есеп айырысуым керек!

Н а у а н. Кешірек емес пе екен?

Л о с о в. Аз-маз толас та жетеді. Зорлықшылар!  
Жолды босататын боларсыңдар! Ревкомшылар... Қысқа-

сын айтқанда кешіккен мен емес, сен! Азық-түлік штабтарыңның есігіне қара құлып салынғалы қашан!.. Партбилетінді қарсыласпай сал алдыма!..

Науан. Қолың қалтырар, ұстай алмай қор боларсың. Қойсаңыз қайтер екен қылжақты. Оқ шығару екеуімізге бірдей... Сайыссақ ақырына дейін. Аясып қалмалық. Қайсымыз өлсек те армансыз болсын. Полковник мырза, ез болуың жетпеді ме?

Лосов (тез жиналып). Болсын! Тілегенім сол!.. (Алты атарын құндағына салып қылышын суырып алады.)

Науан (ода алты атарын қынабына салып қылыш таса кетеді). Кел! Кел! (Шайқасады. Бірін бірі ала алмайды.)

Лосов. Коновалов?! Бұл коммунист!.. Сені де тонаған! Сал, мойнына арқанды!..

Науан. Коновалов, тоғыз балаң бар! Азабың ұрпағыңның ұрпағына жетсін демесең, кіріспе біздің араға!.. Қадам бассаң құның бір оқ!..

Лосов. Коновалов?! Кәззәптенбе?!

Науан. Коновалов? Қорқасын, ә?

Коновалов. Батырлықты бердім екеуіңе. (Ұзақ айқас арасында Лосов алты атарына қол сала бергенде Сәрсенов те нағанын алып үлгіреді.)

Науан. Кәззәп Коновалов емес, өзің болдың! (Коновалов ара түседі.)

Коновалов. Токтатындар атысты?! Өліктеріңді сүйретіп азалаудың міндетін алғаным жоқ...

Науан. Құтылмайсың! Құтқармаймын! (Көздейді. Лосов жүгіріп аттардың тасасына тығылады. Атады. Науанның сол қолына оқ тиеді.)

Науан. Тығылдың ба?

Коновалов. Аттарымды ата көрмеңдер! Токтатындар атысты!

Лосов. Атыңмен қоса жайратайын ба? (Кезене берген Лосовтың алты атарын Сәрсенов атып түсіреді. Зәресі ұшқан Коноваловқа қарамастан Лосов шанаға мініп қаша жөнеледі. Оқ тиген Сәрсенов бірнеше дүркін атқылайды. Оқ нысанаға тимейді.)

Коновалов. Не болды? Бір ажалдан құтылдың, комиссар. Таса тұрып тартып жібергенде?.. Мәйітіңді құшақтап қалатын едім.

Науан. Маған сенің мәйітің не қажет. Арамсыз, ә.

Ко нов а л о в. Айла-амалың аз екен де, ерлігің басым екен.

*(Коновалов сүйемекші болады.)*

На у а н. Алып жүремісін?

Ко нов а л о в. Ара түспейін дедім бе... Тоғыз балам бар. Оның қаны бұзық. Үй орманыммен өртеп жіберсе қайттім?

На у а н. Тоғыз балаң үшін қасықтай қаныңды қидым. Алды-артыңа бұрылсаң басып салам! Жаныңның барында зыт... *(Коновалов аяғы аяғына тимей зыта жөнеледі. Қалжырап қалған Науан құлайды.)*

Оқ тиіп қансырап қалған жерінен Науанды тауып әкелген Нұрыш Рақымжанға баяндап тұр. Шәмши мен Жамал төсекте жатқан жаралы Науанның басын сүйеуде.

Н ұ р ы ш. Біз де түстік соңына. Бұрқасын боран шананың ізін жауып анда-санда көз шалдырып отырды. Нұ орманның ішіне кіргенімізде шананың ізі сүрлеу мен ағаштың қойнауына бұрылды. Ізді қуып он шақырымдай жүргенімізде жолдың үстінде, қолына алты атарын қысқан күйі, ес-түссіз жатқан Науанды тауып алдық. Қалай құтылғаны белгісіз.

Ж у к о в. Жаны аман қалғанын айтсайшы.

Н ұ р ы ш. Лосов сұм қашқан болды ғой?

Ж у к о в. Біраз тынығып есін жисын. Саябыр етіп, тыныштық сақтаңыздар! *(Бәрі тым-тырыс. Тыныштық сақтап Науанның ес жинауын күтуде.)*

Р а қ ы м ж а н. Айналып келгенде бұл қанды уақиғаның тамыры біздің ағамызбен сабақтас болғаны батып тұр-ау маған.

Ж у к о в. Ағаңыздың осыншалықты қастыққа баруының мәні неде? Лосовтың келгенін неге жасырады?

Н ұ р ы ш. Билеп-төстеп қалған мансабы тыныш жатқызсын ба?

Р а қ ы м ж а н. Тыйым салып та көрдік.

Ж у к о в. Өзін шақырып келіндер.

Р а қ ы м ж а н. Нұрыш, өзің бар да ертіп кел. *(Нұрыш кетеді.)* Коноваловтікін не деп ұғуға болады?

На у а н *(есін жинап, көзін ашып көтерілейін дейді)*. Денем мұз боп сірескен... Сәл ғана... Иә... Сәл ғана... Сүйендерші?

Ж а м а л *(сүйеп басын көтереді)*. Тыныс алыңыз.

На у а н. Жамал, Жуков пен Рақымжан қайда?

Ж а м а л. Міне, бәріміз де қасыңыздамыз.

Н а у а н. Тұнжырап қапсындар ғой?..

Ж у к о в. Дәрігер де жоқ қаратқызатын.

Н а у а н (Жуковке). Не жаңалықтарың бар?

Ж у к о в. Азық-түлік комиссариатынан өткен түні мынадай хабар алдық.

Н а у а н. Оқышы? Не жазыпты?..

Ж у к о в (оқып). Ешімнен бұрқ еткен бандылардың көтерілісі Петропавлды басып алды. Омбы комитетімен байланыс үзілді. Барлық жерде бүліншілік, Лап етіп тұтанған өрт. Астық керуендері талануда. Вокзалда, жол бойларында, қабылдау пункттерінде сендер жөнелткен астықты тап дұшпандары талап жатыр. Хал ауыр...

Н а у а н. Да! (Жігерлене демін ауыр алып.) Онда не тұрыс бар!... Қозғалмаймыз ба?.. Кашиловкедегі астық қатерде... Мен білсем Лосов та жаралы кетті. Коноваловтың үйіне бір соқпай кетуі мүмкін емес. Тездету керек... тез... (Ышқынып барып жаралы қолын көтеріп жастыққа жантаяды.)

Ж а м а л. Әлсіреп қаласыз ғой. Жата тұрыңыз. (Осы кезде өңі сұп-сұр, көзі шатынап Бекназарды ертіп Нұрыш келеді. Есік көзінде тұрып қалған бәрінің көзі Бекназарда.)

Р а қ ы м ж а н (бірден тықсыра). Бері кел! Жақында! Көр, әне үйде жатып өңменіне қанжар сұққызған қастығынды...

Б е к н а з а р. Мен не істеппін?

Р а қ ы м ж а н. Бір анадан, бір әкеден туған... Бақ талабы асқан Бекназардай ағамыз бар. Бәйтеректің басын шалдырмайды... Лосовтың келгенін бізден неге жасырдың?

Б е к н а з а р. Бұлардың жолда кезігетінін мен қайдан білейін. Келді-кетті бір қашқын.

Р а қ ы м ж а н. Білмеген шығарсың?! Сазаруын.

Ж у к о в. Ойламаңыз оңай құтыламын деп! Лосов достыңыздың бізге істеген қастығы жаныңызға жайлы тисе оны айтыңыз?

Б е к н а з а р. Ешкімге айғақ болар жайым жоқ.

Р а қ ы м ж а н. Пайдасыз ақыл болмайды... Өтетін жерде ақыл да, айла да берік!

Ж у к о в. Солай деңіз... Лосовтың бізді, мына тұрған коммунист інілеріңізді сүріндіруіне өткел болғаныңды мойындайсыз ба?

Бекназар. Мойындағанда менің қолымнан не келеді.

Жуков. Қолыңыздан, Лосовты қолға түсіруіміз үшін, Коновалов тамырыңыздың тізгініне ие болу келеді. Бізге уақыт қымбат. Қазір аттануыңыз қажет. Осыған келісеміз бе?

Бекназар. Келіспесем ше?

Рақымжан. Үйінде жатып салған айғайың үңгірден шыққандай боп естілуші еді. Сол үңгірде біздің қолымыздан жерленбейін десең, бер уәденді! Беруге тиістісін!

Жамал. Ағаеке, сенімді ақтаңыз. От басының, шаңырақ астының тыныштығын да ойлаңыз. Арқа сүйеу бол деп тұр ғой інілеріңіз.

Бекназар (*ырық бермейді*). Заман бірде былай, бірде олай! Жауың да, досың да, қайыра оралып соққан күнде қадірімді сонда білерсіңдер.

Нұрыш (*ойланып қап*). Сөздерің екі ұшты, қайыра оралады деген не сұмдық?

Бекназар. Басқа не қилы күн түспейді. Бір көш келеді... Екінші көш кетеді.

Нұрыш. Тоқтай қал! Сен не дедің? (*Бекназар ой-қаптап жауап қайырмайды.*) Соңарсыз күнде қан соңар ғой сенің күткенің? Бір жүректі боса да қақ бөлген екенсің! Сенің керенаулығыңнан, не бейнетті арқаладым. Еңкулеп жүріп намысыңа найза боп шаңшылған күнім де болып еді. Жаңылыс бассам, дойыр қамшымен осып-осып алатынсың! Мен де сені. (*Беліне қыстырған қамшысын жұлып ап, құлаштай сілтеп ағасын тартып жібереді.*)

Жуков. Ағайынды Валихановтар, тоқтатындар керісті. (*Бекназар былқ етер емес, сазаруда.*)

Бекназар. Ұр! Соқ! Аяма! Жонымнан таспа тіліп алсаң да айтқаным айтқан! Құдай бастарыңа үйірілкен бақытты бұл беттеріңмен сақтап қала аламысың. Жоқ па?! Өлмесем оны да көрермін. Ей, жаралы азамат! Сенің сілең шығар, маған осы жазаны тартқызған. Сен де сіле...

Науа (басын көтеріп). Иә, сіздің бір қолыңыз Лосовта... Бір қолыңыз інілеріңізде... Салмақтайсыз да сан қилы амал ойлайсыз...

Бекназар. Міне, дәл бастың. Жасырмаймын. Тағдыр солай өлшеген. Солай болады да. (*Кетеді.*)

Жуков. Ну, и мұндай қырсық шалды көрсем көзім шықсын.

Науан (*Бекназар кеткен жаққа қарап*). Ұзаққа баратын қарт... Заман ағысының аңысын аңдиды... Өзінше салмақтайды... Не үшін қасарысып отырғаны белгілі...

Жуков. Тұрамыз ба осылай, не деп шештік?

Нұрыш. Шешімді маған берсеңдер... жең сыбанып қара терге малшынатын қиынға мені жұмсаңдар! Түтеген жел... үскірік аяз... боранға жұмса... Қол жина десендер, қол жинайын... Енді аянатын жай қалған жоқ...

Науан (*әлсіресей ойыс ұмтыла түсіп*). Сізге тапсырылатын міндет бәрінен де ауыр... Лосовтың төңірегіне топтасқан бай-кулактар алдымен астық қоймаларына тап бергелі тұр. Олар қазірде ауыл-ауылға ат шапқызып, күш жинауда... Біздің кешеулеген сәтімізді пайдаланып көлік күшін, адам күшін ыдыратуға жанталасуда... Егер бізден бұрын Кашиловкедегі астықты басып алса маңайлатпайды... Оларды қайткенде де үйінен басу, топтасқан жерінен басуың керек. Олар юнкерлерден жасақ құрып шабуылға шықса кесе-көлденең тұрып, астықты жөнелтіп болғанша ұрыс жүргізу... Кері шегіндіру... Өршеленген бетін қайырып, тарпа бассалуға жол берсең... Керуен-керуен астықты біз де жөнелтіп үлгіреміз... Лосов біздің бұл қимылымызды соңғы қарсылық деп те ойлауы... Бетпе-бет шайқасуды сен мойныңа алған... (*Ұмтыла түсіп Нұрышқа қолын созады. Сөзін аяқтай алмай төсегіне сылқ етіп жата кетеді.*)

Нұрыш (*қолынан қолын алмай, сарт етіп*). Тапсырмаң орындалады... Төре әулетінің бар жаманатына қол сілтеп, өшіккеннің жолын кессем... Тағдыр мені қысқа өлшесе де өкінбен... Тек сіздің ұғымыңызға нұр себілсін... Сіз тірі қалсаңыз болғаны...

Рақымжан. Иә, билік төреге беріліп еді. Елді сатып, ерді мерт етті демесін. Мансапшыл төреден, адал төреге ауысқанымызды таныта аламыз десек екеуімізге туыстан да тілеулес жат жақын. Иә, қиянаттың таразысы басып жатса — тірі жүру де қорлық. Алатыны ажал болса қасқайып тұрып қарсы ал! (*Рақымжан, Нұрыш, Жуковтар жорыққа жиналады.*) Не тұрыс бар?

Жуков (*Жамалды оңаша шығарып*). Науанға сақ бол. Тұрып кетіп қалмасын. Бекназар қайнағанның қақпасын да қарайлай жүріңдер.

Ж а м а л. Айтқаныңыз орындалады. Қош болыңыз. Сапарыңыз оң болсын.

Н а у а н. Мықты болындар, достарым. Қош.  
Ү ше у і. Қош! (*Бәрі Науанмен қоштасады.*)

Шымылдық.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

Арада бірер күн өткен. Сол үй. Жаралы Науан төсек үстінде. Әлі де ауыр халде. Екі қолымен жер таянып, аңсары әлде нендей қиялға кеткен тәрізді. Терезе алдында кішкене керосин шам сәуле шашып тұр. Төсек алдында Жамал отыр.

Ж а м а л. Сіз тағы да қиялға кеттіңіз.

Н а у а н. Кешір, Жамал. Халым ауырлап барады... Жолымды қырсық шалған менің қолымнан қиялдан басқа не келеді!

Ж а м а л. Сауығып алсаң бәрі де келеді.

Н а у а н (*күйзеле толқып*). Парыз өтелмеді. Керуендер... Керуендер... Жол тартса... Қасиетті борыштың ақталғаны... Жау сұмырай масайрап белең алмас еді. Осы сәтте жарадан сауықтырып дем беретін сол кісінің аманаты болуға тиіс.

Ж а м а л. Тәнірім тілеуіңе құлақ асып, тез сауығып кетуіңе жәрдемі тиер.

Н а у а н. Қай жерге келіп тоқтап едім... (*Ойынан жазылмай.*)

Ж а м а л. Елден шықтыңыз. Мәскеуге келдіңіз. Пулеметшілер мектебінде оқып жүріп, бірінші рет күзетке шыққан жерге келіп тоқтағансыз.

Н а у а н. Аһа. Я, ар жағын тыңда!

Ж а м а л. Құлағым сізде (*ынталана тыңдайды*).

Н а у а н. Бірінші рет<sup>1</sup> Кремльде Георгиевский сарайында күзеттемін... Коммунистік интернационалдың үшінші конгресі өтіп жатты. Менің үлесіме сарайдың үстіндегі посты тиді. Қайдағы бір ыңғайсыз жерге тап болғаныма мұндай ренжімеспін. Кенет залдағы жұрттың даусын естідім... Апырай, залдың төбесі жұқа болғаны ма деп таңданып тұрғанымда, тесіктен жарқырап жарық көрінді. Ақырын еңкейіп қарасам, конгресс президиумының дәл үстінде... Ленинге тұспа-тұс тұр екенмін.

<sup>1</sup> Өзінің естелігінен.

Ж а м а л. Араларыңыз жақын болды ғой онда.

Н а у а н. Жақын, өте жақын. Көңіл әп-сәтте жарқырап сала берді. Шатыр деп кемсініп жүрсем, ең жақсы жері екен. Енді мен постымды алтын берсең де айырбастамаспын-ау дедім. Жұлдызым оңынан туып пәтерінде, одан кабинетінде күзеттім. Владимир Ильичтің өмірін күзеткен күндерім, сірә де естен кетер ме!

Ж а м а л. Апырай, ә? Көп жерлерде болып, қиын да қызықты өмірді басыңыздан өткерген екенсіз де.

Н а у а н. Әлі есімде!.. Тап қазір де көз алдымда. *(Жүдеу тартқан сұрғылт жүзі шырай тартып, жұқа еріндері күбірлеп, көз айырмастан қарап қалған...)* Ленин?.. Владимир Ильич... Сіз бермесеңіз көмекті... сізге берген уәдемді өтей алмаймын ба деп қорқамын... Ел күйзелуде... Азаматтар ат үстінде... Жігерім тасқа соғылды...

Ж а м а л. Сіз кіммен сөйлесіп тұрсыз?

Н а у а н *(тыңдамай)*. Жаулар таптап кете ме?.. Туған жер... Қырсығы арылмаған ел... Арылуға қажет болса құрбандық... Өлсем де арманым жоқ... Бірақ та мен өлгенмен парыз өтеле ме?.. Өтелмейді. Көңілім суып барады... Ақырғы сізден, сізден тілерім... Тағы да құшағыңызды ашыңыз... Ақырғы рет қуат беріңіз маған... Бойымдағы сірескен жараның солқылы да, жүректегі лоблу да басылар еді... Аза, азаптан құтылсам... Өтер едім сізге деген қасиетті парызымды... Владимир Ильич...

Сірә де бір ғана Науанның бетіне түсіп, оның қиялына оралған Ленин бейнесі елес береді. Шам сәулесінің жарығы бірте-бірте Ленинді бізге жақындата, айқындата түседі. Кремль сағатының күдіретті қонырауы естіледі. Енді біз Ленин бейнесін толығынан өз кабинетінде көреміз, Науан баяу үнмен.

Владимир Ильич, азық-түлік отрядын бізге қашан жібересіз?

Л е н и н. Склянскийдің маған берген мәліметінде Петроградтан, Оралдан... Азық-түлік отрядтары жіберілді. Бұрынғы революциялық отрядтың негізінде Петропавл — Көкшетаудан солтүстік әскери тобы құрылды... Әр селодан, әр ауылдан ашыққандарға жәрдем беру комитеті... Шаруалар советі... Партияда жоқ шаруалар советін құрыңдар! Олардың құрамында христиан, мұсылман діндеріне құлшылық етушілер болса тіпті жақсы. *(Салмақпен байыптап телеграмма жазады.*

*Ойға шомып саралай талдап.*) Орыс мұжықтары? Көшпелілер мен отырықшылар... Олардың үміті... Кілт неде? Жаңа арнаға көшуде совет үкіметі жайындағы түсінігі? Олардың рухы қабысуы шарт. *(Қыза сөйлеп.)* Егерде біз жиырма бірінші жылғы көктемді шаруалардың наразылығымен қарсы алсақ... зор бақытсыздық! Менің бақытсыздығым... Жаңа шаруашылық саясатына көше алмаудағы бақытсыздық! Иә! Қайталап айтамын! Олардың түсінігі біздің түсінігімізбен қабысуы шарт. Бір тұрғыдан екінші тұрғыға жақсылықты да, жамандықты да қирату арқылы ауысуға болмайды. Ыза, ашу соқыр сезіммен де өтуге болмайды

Н а у а н. Шаруалар қажып қалған тәрізді, Владимир Ильич.

Л е н и н. Иә. Иә. Шаруалар қажуда... Барлық ауыртпалықты көтеруде. Керуен-керуен астықты жөнелтіп жатқан да солар! Адамның жеңімпаздық күші мейірімділік пен махаббатта десек, шаруаларға деген мейірімді тілек талабымен байланыстыру керек. Шаруалар жұмысшы табының рухани серігі. Оларға бас ұру керек. Олардың қасиетті даналығынан әр уақытта үйреніп отыруымыз керек. Оларда нағыз тұрмыс құру правосы енді ғана басталды. Өмір сүру правосы жан қорегінде тұр. *(Денесімен ілгері ұмтыла түсіп.)* Барлығыңызға! Барлығыңызға! Барлығыңызға! Тағы да айтам барлығыңызға! Ашаршылық! Нағыз сұмдық қауіпке айналып барады. Алып сатарлар мен саудагерлер! Ұрылар. Россияның екі миллион бай-құлақтары астықтарын терең орларға, қамба астына, қоймаларға тығып отыр!.. Алтай губерниясының құлақтары он бес миллион пұт астықты самогон қайнатуға жұмсады. Тамбовщина, Астрахань, Казань, Орынбор, Сибирь өлкесіндегі құлақтардың үйлерінің үстерінде самогонның буы бұрқырап сасық иісі аңқуда». Ашаршылық!.. Астық шықпай қалған губерниялардың егіншілікпен айналыспаған барлық халықтары ашығуда... Олардың үміт етіп отырғаны сендер!

Н а у а н. Владимир Ильич, нысаналы жерге жетпей жығылдым...

Л е н и н *(қолын кідірте сілтеп)*. Бекер... Бекер, құрметтім!

Н а у а н. Бандылардың бүліншілігі. Біздегі бандының бастығы Зеленов! Ақгвардияның қалдығы! Лосов трибуналда сотталған. Омбы чекасының аңқаулығын

пайдаланып тасада тұрып қанжар салуда. *(Ызаланып.)* Уһх! Қолыма түсті. Айрылып қалдым?! Өкінішім өртеп барады.

Л е н и н. Білемін. Қатал, қасіретті күндер... Ауыр азап. Қанды қырғын... Бәрін де өткізіп жатырсындар. Алтайдағы атқыштар полкіне бұйрық берілді. Зеленов Петропавл мен Көкшетау арасындағы селолардың бірінде күйреуге тиісті. *(Пенжегін түймелеп, қолын біресе артына, біресе шалбарының қалтасына сұғып, енді жүре сөйлейді.)* Иә. Біздің әскери командование Махнодан айрылып қалып масқара болып отыр. *(Үстел үстіндегі кітабын алып аша бастайды.)*

Н а у а н. Джек Лондонның «Өмірді сүю» әңгімесі. Есімде... Сіз маған оқы деген едіңіз. *(Ленин көңіл қойып тыңдап тұр. Науан тебіреніспен.)* Адам аяғы баспаған қу медиен дала! Аш өзегі талған әл үстіндегі адам... Омбылап, үлкен өзеннің кеме жайына өліп-талып келе жатады. Оның дымы құрып титықтаған. Ол жүріп келе жатқан жоқ. Еңбектеп келеді. Қасында аштық өтіп, өлімші болған аш қасқыр. О да еңбектеп келеді. Екеуінің арасында арпалыс... күрес. Тартыс.

Л е н и н. Адам жеңіп тынбады ма?

Н а у а н. Ия... Жеңіп тынған!

Л е н и н. Сен де жеңіп тынуға тиістісің. Балғын комиссар! Бандылар да аш қасқыр тәрізді. Оларды қайткенде талқандау керек.

Ленин құдіретті күш-қуат бергендей болады Науанға. Шам сөзеді. Қайыра жанғанда Науан орнында емес, түрегеліп жүр.

Н а у а н *(өз ойынан жазыла алмай)*. Аздап әл жинадык... Болды емес пе?! Әркім арқалаған жүгін күші жеткен жерге дейін жеткізуі керек... *(Қалжырап қалған денесін жазып, жаралы қолын сермен, еңкейе, шалқая керіліп, өзін-өзі құшырлана ширатып, сырт киімдерін іздеп тауып киіне бастайды. Жастық астындағы алты атарын оқтап алады да көзге түспеуге тырысып тартып отырады. Сырттан үйге Жамал кіреді.)*

Ж а м а л. Әңгімеңіз ғажап еді. Бірақ ақыр соңында мені ұмытып, өзіңізбен өзіңіз болып кеттіңіз. Ойыңызды бөлмейін деп. *(Науанның орнын сипап, аң-таң. Шошы-нуда. Үйдің ішін түгел сүзіп қарап шығады.)* Қайда кеткен жаным-ау?! Жым-жылас... *(Сырттан шапқан аттың*

*дүбірі естіледі. Ауыз үйден дегбірі қашқан Шәмши кіреді.)*

Шәмши. Кетті! Комиссар қайда? Сол өзі, өзі.

Жамал. Не дейді, бетім-ау? Енді қайттік? Жалғыз ба? Біз оған білдірмей Коноваловтың астығын құрттық деп жүрсек, ол мұнда бізді құртып кетіпті ғой?

Шәмши. Ей, оллаһи! Тап өзі. Жалғыз кетті. Түн ортасында!..

Жамал. Жарасы жазылмастан жазым болса... Нұрыш пен Рахымжанға не бетімізбен көрінеміз, бейбақ-ау?!

Шәмши. Иә, Жамал. Орманды көрген адам — орманға бармай тұрмайды.

Жамал. Сенің әкең қайда? Осында ма еді?..

Шәмши. Осында..

Жамал. Шақыршы, Бейсекені де шақыр! Жылдам! Бол! Тез! Ұш! *(Шәмши кетеді. Жамал ойда)*. Жүрегім өзімдікі емес деп ең... Иә. Иә, сенің жүрегің өзіңдікі емес! Арманың бар да, арнағаның бар. Сені жау жараласа, мені топас дүлей қара күш жаралады. Қинала жүріп жол айырығына мен де жеттім... Әйел адамның қоры емес! Бізде де отты жүрек бар... Бізде де кек аларлық қуат бар... Ал, Жамал! Сілкінетін жерің енді келді. *(Сырттан Нұри қарт, Шәмши келеді. Бейсеке ере кіреді.)*

Нұри. Иә, алла, инабат бер пендене!

Жамал. Конобалов жауыздың астығын жайғалдық па?

Бейсеке. Тып-типыл құрттық. Комиссардың бұнысы несі?

Жамал. Жауға бұйырғанша елге бұйырсын! Жақсы еттіңдер. Қорықпандар.

Нұри. Комиссардың бұл кетісі келіспеді. Біз не істей аламыз?!

Жамал. Сіздер ме? Бүгінгі қолға түсірген бар астықты жоқ-жітікке түгелдей тарататын болыңыздар. Сауабын аласыңдар! Қолда сақтай алмайсыңдар! Түсіндіңдер ғой. Мен қазір комиссарды іздеуге аттанам.

Бейсеке. Мен ерейін қасыңа!

Жамал. Жоқ, керек емес. Сен осында бас-көз боласың.

Шәмши. Неге ойландың?! Жалғыз қалай таппақсың!

Ж а м а л. Шошынба, сіңлім. Шошынба! Шошынба! Құдайдың қаһарынан, адамның тағылығынан! Әйтеуір біреуіміз құтылуымыз керек қой, Шәмши! Қорықпа, кош!

Нұ р и. Ал, балам, ата-ана тілегі жар болсын. Қош енді? *(Бәрімен қоштасып Жамал кетуге беттегенде көзі қанталап інісі Ескендірді ертіп Бекназар келеді. Тұрғандар тым-тырыс.)*

Б е к н а з а р. Ә, жаралы жігіт қайда кеткен? Есін жиған ба?

Ж а м а л. Сіздің шарапатыңыздың арқасында... Есін жиды да, қанат бітіп пыр етіп ұшты да кетті! *(Ескендірге сұстана қарап.)* Мынаусы қайдан шықты тағы да.

Е с к е н д і р. Мынауың емес, күйеуіңмін!

Ж а м а л. Сен бе менің күйеуім?! Мына тұрған сен?! Қалай байқамағанмын.

Б е к н а з а р. О, сұм тағдыр... Комиссардың сиқыры *(Ескендірге.)* Сені де сұлатты... Мені де құлатты... Енді келінімді құтыртқан ба?

Е с к е н д і р. Ағаекеңнің алдында ұялсайшы үйдеуге?

Ж а м а л. Күнәсіз жанды жарала деп мен бе сізді жауыздыққа шақырған!

Б е к н а з а р. Сонау коммунистеріңмен қоса сен! Іні-леріме қоса сен!

Е с к е н д і р. Ә, жана білдім ғой?! Жетіден жеті... Айдан ай... Мені маңына жолатпай. Жарасын жазып ал... Әкетпек екен ғой сені...

Ж а м а л. Жаппа жалаңды, мырық, масыл, шірік, сорлы!

Е с к е н д і р. Әй, мен бе мырық, мен бе масыл, мен бе сорлы. Көзің, көзің... Ойнақшуын. Қаны қашып, сұрлануын сайтанның! *(Жамалға ұмтыла бергенде бәрі ара түспек болады.)*

Ж а м а л. Тапжылмандар! Қане, ұршы қане? Тұр былай жолымнан! *(Шығуға беттейді.)*

Б е й с е к е. Нұрыш пен Рақымжанға не дейміз?

Ж а м а л. Нұрыш пен Рақымжанға ма? Жамалды сайлап-матап келген қыл арқан үзілді... Өз жолы. Өз арманы. Өз қиялы — неге жетелесе, соның жетегінде кетті деңдер! Қатын да болса қайратына мінді деңдер! Төре әулетінің сырын да, түгін де шашып көрмеп ем,

ақ жолыма арнаған шашуым болсын деп тамырымен Бекназардың түйір астығын қалдырмай, жоқ-жітікке таратып берді дендер! Қайнағасының кілті қолында екен. Қамбасын түгел ашып берді дендер! Бауырлар! *(Тұрғандар бірі жылап, бірі күліп мейірмен шығарып салуға әзір тұр.)*

Бекназар. Ақыры мені талатып кеттің бе, қу келін? *(Өкіріп отыра кетеді.)*

Жамал. Ол сенің астығың емес, Коноваловтікі.

Бекназар. О, құдай! Өз үйімнен жау, өз отымнан су шығарған құдай! Неңді алдым? Неңді алдым?!

Валихановтың ауылымен жапсарлас отырған деревня. Коноваловтың үйі. Коноваловтың өзі тағы басқа кулактар мен байлар, көрші ауылдың пысығы Әбілғазы Барақбаев та бар, коммунистерге қарсы әзірленуде. Жендеріне қызыл жолақ лента байлап алған бандылар үйдің алдында қарауылда тұр. Сырларын ішіне бүгіп, бәрінің біреуді күткен түрлері бар. Барақбаев сырттағы сыбысқа құлағын тіге тықырышып қояды. Коноваловпен бірге екі-үшеуі кеңкілдесіп, қызара бөрітіп самогонды төңкеруде.

Коновалов. Әбілғазы Барақбай баласы!.. Тықыршыма! Тықыршысаң біздің маңымызға жолама!

Барақбаев *(даусы сыңғырап)*. Әрине... Әрине... Сақтықта қорлық жоқ дегендей...

Коновалов. Тілеп алған өздері. Айтыңдаршы? Осы бізден не залал көрді?

Қазақбайы. Түп-тура... Залалдың бәрі солардан. Жалшысы да, малшысы да жиған-тергенінді бейнетсіз талап алып жатса, тұнығыңды лайлап, туырлығыңды тіліп жатса... Балақтағы бит басыңа өрмелесе...

Коновалов. Иә, ойнамасын бізбен!.. Сен де ойнама Лосовпен! *(Барақбаевқа.)* Қалай-бәлайға бастың ба!.. О дүниеден бір-ақ шығасың.

Қазақбайы. Сен қарасың... Біз төреміз! Өзімшіл менмендігіне құлшылық етіп, ығыр болуымыз жетті!

Барақбаев. Әу, маған неге зіркілдейсіңдер.

Қазақбайы. Сен занталақ, былқылдама ендеше!

Барақбаев. Ауыл сайын бір коммунист аздай, ағайындай екеуі де кіріп алды.

Торай тұмсықты саудагер. Коммунист?.. Қайбір түсініп кірген коммунист... Кір деді. Кірді. Ертең шық десінші, шыға салады!.. Сүтемгеннің Мәйкені де коммунист. Ха... ха... ха...

Қ а з а қ б а й ы. Шәйбәйдің үрпек сарысы да... Қансай... Ерсай... Торсай да...

Ко нов а л о в *(оң тізесіне таяу қалғып отырған біреуін түртіп қан)*. Қалғыма! Мұндайда шыдам... Шыдам керек, мырзалар! *(Сырттан ит үріп, дабыр естіледі. Отырғандар орындарынан атып-атып тұра кеп, есікке беттейді.)* Шыдам дедім ғой сендерге! Декбірлерің неге қашты?.. *(Сырып тастап.)* А, ну-ка? *(Қарсы алуға беттеп.)* Былай тұра тұрындар! *(Шығады. Екі көзі қанталап, қаһарына мінген Лосов Коноваловқа сөйлей кіреді.)*

Л о с о в. Иттеріңді абалатпай тұмылдырықтап қоймаймысың. Өз абалауымыз аздай қоса абалатып.

Ко нов а л о в *(самогон құйып беріп)*. Тоңып қапсын, күн суық қой. Қағып жібер.

Л о с о в *(стаканды қағып жіберіп)*. Коновалов! Жауды жайғастырып ап самогонға шомылатын күн алда! Есінді жи, ақымақ!

Ко нов а л о в. Солай ма?.. Қуанған да бір, қорыққан да бір дегендей. Құп, тақсыр. Құп. *(Шұлғиды.)*

Л о с о в. Мырзалар?! Ақсақалдар! Игі жақсылар! Әр қайсында өз ауылыңның, өз деревняңның қожасындар?.. Айтындар, шешімдерінді? *(Бәрі де ынталана қоршап тыңдайды.)*

Қ а з а қ б а й ы. Мен айтсам, төренің өшіккені қара, қараның өшіккені төре! Сіз бастап, біз қостап беттерің бір қайырып тастайықшы! Қалған жұрт... Тулақша сіз секкелі тұр.

Л о с о в. Сіз, бізді көбейтіп кеттіңіз. Мынаған келісейік. Бәріміздің аңдығанымыз бір-ақ жау... Коммунистер, қызылдар! Талаушылар!..

Б а р а қ б а е в. Әрине... Әрине... Біз қазақпыз... Қазақтың ішінде кірме дейтін болады. Кірмелерді төрелер төленгіт етіп алған ғой. Көресіні олар көрген ғой.

Л о с о в. Өзің қайсысына жатасың?

Б а р а қ б а е в. Ара кідік. Төре де емеспін. Төленгіт те емеспін.

Ко нов а л о в. Иә... Айт десе ата жөнелетін майлы аяғы.

Б а р а қ б а е в *(шамданып)*. Коновалов, қағытпаңыз... Мен! Мен... *(Мардымсып.)* Революцияның дабылын естігенде-ақ қол үзіп кеткемін...

Л о с о в *(торай тұмсықты саудагерге)*. Сіз не дейсіз?

Саудагер. Мен бе, мархабаттым!

Лосов. Иә, сіз?

Саудагер. Мен бе? Мен... Анада бір сайлауда, шар салмайсың деп масаға талатып... мені ағаштың ішіне байлап кеткен еді. Содан бері... Ішіме қан қатып... Әй, бір кезеңі келерсің-ау деп... жүруші едім... Мен қолға түскенін дарға асу керек деймін.

Лосов (қазақ байына). Сіз ше?

Қазақ байы. Кім біледі... Біздікі кім бастаса соған еру ғой. Әумин десеңдер... Мен де әумин деп қолымды жаям да.

Лосов. Коновалов, сен қалай қарайсың? Бекназар тамырың інілеріне бұрмайды деп айта аламысың?

Барақбаев. Бірінен бірі жер алып, шек-қарны араласқан досы. Иә, тыңдалық?

Коновалов. Бекназар досым екені рас. Інісінің құнын менен дауламайды. Сенен де дауламайды... Даулайтын кісі қып-қызыл коммунистердің ортасында отырып, сені үйіне сақтай ма? Комиссарын менің шанама салып, қолыңа бере ме?.. Күні тусыншы... Қалай белең алар екен! Иланыңыз...

Лосов. Иланайын. Сонымен не деп келістік?

Барақбаев. Келісім... Кешіріңіз... Әр шонжардың қоңсысы мен қолаңы бар. Құлағынан бассаң тырп етпейтін кедейі мен кепшігі бар. Олардың төреге деген ата кегін, өз кегін оятсақ! Дүлей күшке төтеп бар ма? Басында сіз... Қасында біз тұрсақ, түтіп жейтіндігіне... мен кепіл!..

Лосов. Қайда сол тобыр?!

Бәрі. Болады! Тоғысады! Топтасады! Көр де тұр. Тап осылайша бір өш алсақ?!.

Лосов. Осыған уәде етейік? (Қаруын сүйіп ант етеді. Басқалары да алдына иіліп қаруын сүйеді. Күзетте тұрған юнкер кіреді.)

Юнкер. Құрметті полковник, Коноваловты сұрап бір әйел кеп тұр.

Коновалов. Кім болды екен!

Юнкер (Лосовқа). Кірсін дейін бе?

Лосов. Жалғыз ба?

Юнкер. Жалғыз.

Лосов. Бар, кірсін де! (Юнкер кетеді. Жүзі солғын. әбден шаршаған, аяз қарып, бойын суық сорған, қалиш-қалиш дірдек қағып Жамал кіреді. Үйдегілердің әрқай-

сысы әр жерге ыдырап жайғасқан. Лосов қаруын оңтайлана сырт беріп тұр.)

Ко нов а л о в. Жамал!? Жамалмысың, жарқыным-ау! Қайдан жүрсің?

Ж а м а л. Ауылдан... Шешіндіріп жіберіңіз. Қол... аяқ... тұла бойым... мұз боп... сіресіп... қатып... қалды... Шешінуге дәрменім жоқ. (*Қалш-қалш етіп тістері сақылдап.*) Жаурап барамын... Үсіп барамын, у, у, у...

Б а р а қ б а е в. Қол-аяғын уқалаңдар...

Ко нов а л о в. Спирт те жоқ... Самогон. Самогонды әкел! (*Барақбаев самогон құйып әкеледі.*) Қатты жаурағансың. (*Қол-аяғын ысады.*)

Б а р а қ б а е в. Танимысыз?

Л о с о в (*суық*). Жоқ!

Б а р а қ б а е в. Бекназардың келіні. Төре әулетін шебер ебімен бағындырған сырбаз әйел...

Ж а м а л (*Коноваловтың қолындағы шыныны жұлып алып*). Бере тұрыңыз? Сырттағы ызғардан— іштегі ызғар ғой күйдіретін де, тоңдыратын да. (*Кружкеге толтыра құйып тартып жібереді. Айналасындағылар оның өжет, батыл қимылына таң қалады.*)

Қ а з а қ б а й ы (*шегін тартып*). Сіміріп салды!

Ж а м а л. У болса да сімірдім. (*Өзегінен өткен самогонның барысын аңдып.*) Кетіп барады. (*Кружкеде қалған самогонның дәмін татып көріп.*) Түк те емес қой! Аздап иісі мұрын жарады. (*Жан-жағына көз тоқтатып, қадалып.*) Ә, Әбілғазы аға! Сізді қай құдай айдап келген?.. Кезінде сіз де маған қырындағансыз... Маңыма дарытпай, менсінбей кетіп едім... Ол күнәмді құдай кешсін... Төре әулеті сізді де маңайлатпай қуып тастаған еді. Бекер болған... Жаны мұңлы, көкірегі шерлі мен құрлы да тіресе алмадың...

Б а р а қ б а е в. Тіресуді көтеріп тұр ма?!

Ж а м а л. Ия, сіз адал боламын деп құрыдыңыз. Ал, мен сайқал! Сұмдығына көзім жеткенше шыдадым...

Ко нов а л о в. Айтушы ем-ау отты деп. Неге келдің? Қалай келдің?! Жәбір көрдің бе?

Ж а м а л. Сұрамаңыз!.. Ит тепкіні көрдім. Төркініме... Үйіме... Әкеме барайын деп қайнаған ашу қысып тартып отырдым... (*Ызалы күйінішпен.*) О, тәңірім! Намыс пен сезім бар ма бізде?

Л о с о в. Коммунист қайнағаларыңа күнәсіз екеніңді дәлелдемедің бе?

Ж а м а л. Дәлелдедім. (*Сиқырлана, әрі мінеу, әрі шенеу күлкімен.*) Ха-ха-ха! Күдіктеріне сылтау таба алмайтындай етіп-ақ дәлелдедім. Жолымнан тоқтата ма деп едім... Пысқырғаным да жоқ! (*Томсара түнеріп отырған біреуді танып.*) Мынаны қара? Төре түшкірсе жәрәкім алладан аузы босамаған. Шұлғауын сілкіп, кебісін салатын лапбайшыл көктеке не ғып отыр?.. Уа, ел кетті!.. Жау шапты!.. Жар салғыш ұзын құлақ! Өсекшінің бірі болатын еді...

Б а й (*шамданып*). Тәбәрәк алғамын. Рахмет сенің қайнағаларыңа!..

Ж а м а л. Сізге де рахмет. Өгізге мінгеннің де бәйгеден дәмесі бар дегендей, биліктен бұ да дәметкесін, не амал?! (*Тағы да біреуіне тесіліп.*) Исабайдың ұрты салбыраған... Сарала бөрі басарындай... Келте құйрық қайнағаны қара! Мені ұзатқанда бас құда болып келіп едің-ау?!

Ұ р т ы с а л б ы р а ғ а н а д а м. Жә, жә! Тәңір қосты болды деп, тәйтікті таңдаған өзіңсің!

Ж а м а л. Иә, өзім... Өзім... Таңдаған да өзім... Тастаған да өзім...

Б а р а қ б а е в. О, бұл ма, бұл! Бойындағы асылың әлі де сақтаған әйел. Айрылмау керек өзінен.

Л о с о в. Аярлық емес пе екен?

Б а р а қ б а е в. Көрмейсіз бе?! Айтқан сөздерінің бәрі де жан солқылы... Тығырыққа тірелген апақ-сапақта тартып отырған. Бұрын да, былқыл-сылқылы болатын. Именер жанның тегі емес... Әбден ашынған...

Л о с о в (*сұстана тесірейеді. Ұзақ үнсіздік. Кенет Жамалға жетіп барып бетін өзіне бұрады. Жамал тайсалар емес. Екеуі көзбен арбасуда*). Еңтігіңізді бастыңыз ба?

Ж а м а л. Қалшылығызды деңіз.

Л о с о в. Сіз, маған терең тұңғыықтан шыққандайсыз.

Ж а м а л. Дозақтан десеңіз де еркіңіз.

Л о с о в. Коммунистер не істеп жатыр? Маған солардың дозағын баян етерсіз?

Ж а м а л. Неке бұзып қуылдым ғой. Намысын таптаған «сайқал» деген жаманатқа таңылдым.

Л о с о в (*сенбей*). Сайқалсың ә?! Бізге келуіңе де не мән бар.

Ж а м а л. Мен сізге емес, Коноваловқа келдім.

Л о с о в. Неңді жоғалтып келдің?

Ж а м а л. Бойымдағы бар асылымды... *(Сөзге айналдырғысы келіп жолын бөгеуге тырысып.)* Иә, дүниеде екі түрлі қорлық бар деседі. Көңіліне сайтан ұялап, төсегін былғау әйелге қорлық... Паналар жер таба алмай, елден безу ерге қорлық... Екеуміздің бағамыз да бірдей... Сіз маған сенбей тұрсыз! Иә, мен сол, қорлықты басымнан кешірген әйелмін?!

Л о с о в. Сайқал сұлу. Шыныңды айт! Неге келдің? Кім жіберді? Жуков пе? Әлде Лениннен жолдама алған коммунист пе?

Ж а м а л. Тергеуіңіздің қисыны бар. Сіз маған бейтаныс адамсыз. Мүмкін, мені нәпсі бұзып ойымды... Өз намысымды қуып келген болармын.

Л о с о в. Орағытуын сайтанның! Нәпсі буса ойыңды сүйгеніңнің құшағына оралып жатпас па едің үйінде. Қалай әндеткенінді көрелік... Шығарындар суырып! *(Көздері қарауытқан құзғынша құныққан байлар подвалдан қол-аяғы байлаулы, ес-түссіз Рақымжанды суырып алып шығады. Жамал әлде бір сұмдықты сезгендей, тітірене тесіліп қалған.)*

Л о с о в. Сиқырланба, сұлу! Айтқаныңның бәрі жалған?! *(Қолын қайырып қинайды.)*

Ж а м а л. *(шошына ытырынып).* Жалған... Иә... иә... бәрі жалған!.. Менің басыма келген қиял да, арман да жалған! Не жалған емес... Сіз де жалған! Мынау тұрған көз таныс... Әкемді көрген... Шешемнің қолынан дәм татқан, игі жаксылардың көздерін сүзуі де жалған! Бәрі жалған! Өзімді өзім сатқандай боп тұрмын ғой сендерге!.. Дей беріндер!? *(Көзі енді ғана еденде қанға боялып жатқан Рақымжанға түседі. Жамал ес-түссіз, сұлқ, демі бітіп үні шықпай қатып қалған. Аздан соң ерні күбірлеп өз көзіне өзі сенбей.)* Жо... жо... жок! Ол емес... Ол мұнда келуге тиісті емес. Жо, жо-жок! Ол, өлмек емес-ті! *(Бар пәрменімен жаны ышқына айғайлап.)* Рақымжан аға!

Л о с о в. Жабындар аузын! Шығармандар дыбысын! *(Бұ кезде юнкер кіріп хабар етеді.)*

Ю н к е р. Атой салып Нұрыш Валиханов кірді деревняға.

Л о с о в. Ах, солай ма?! Сақшылар қайда?!

Ю н к е р. Сақшылар орнында.

Л о с о в. Менің рұхсатымсыз шығармандар! Бар! *(Тұрғандарға төргі үйді меңзеп.)* Ал, Валихановтар!

Имандарынды айта бер! Сал дұзақты! Апарып асындар! Бол тез!.. Шұбалаңға орын тар! Қапыда қала жаздадык. (Бәрі жабылып сүйрей жұлқылап төргі шымылдық артына Рақымжанды әкетеді. Жамал жан ұшыруда... Үй қара көлеңкеленді. Шымылдық артындағы арпалысты, көлеңкелері арқылы көреміз. Рахымжанның дауысы «Хош, бауырым, Жамал») Жауыз Лосов, Барақбаев менің қаным ұрпағыңның, ұрпағына қара таңба болып басылар әлі! (Шымылдық артындағы көлеңкеден Рақымжанның асулы тұрған денесін көреміз. Оның ақтық сөзі даланы жарғандай жаңғырық береді. Жаңғырыққа ілесе атой салған шабуыл сарыны жалғасады.)

Л о с о в. Кэзэптар! Қасық қандарың қалғанша қарсы шабуға міндеттісіңдер! Ауланың, сарайдың, үйдің тасасынан орын алындар! Қорқып тая соқсандар табанда атыласындар! Қолға түскендерін аямандар! Асындар! Кескілендер! Ал, тартындар (Үйден қолдарына не түссе соны алып дүркірей жөнеледі. Лосов кідіреді.)

Ж а м а л. Ағаекем! Ағаекем! Ерлігіңнен... өрлігіңнен айналдым. Ағаекем! (Лосов, Барақбаев, Коноваловтар тасадан күтеді.)

Л о с о в (аялдап). Мына әйелді босатпаңдар!.. Қамандар!

К о н о в а л о в. Маған тапсыр.

Л о с о в. Қашып кетпесіне кепілмісің?!

К о н о в а л о в. Қайда кетуші еді. Тесік атаулы тығындалған. (Лосов кетеді.) Қалай ойлайсың, Жамал? Валихановтар соғылмаған жеті маямның үстінен түсірді... Мен де аямаймын оларды. Жанымды қалдырма!

Ж а м а л (теңселіп). Білмеймін. Білмеймін. Менің өз қасіретім өзіме жетерлік. Өз досың... өз қасың.

К о н о в а л о в. Өз досым... Мені қоса тонады. Мен де қарап қалман!

Ж а м а л. Коновалов! Дәм-тұзымыз жарасқан жақын,— деп жүрсем... Мейірімнен сен де жүрдай ма едің... (Сыртта қаңғыр-күңгір дабыл қағылады. Қолдарына қосауыз мылтық, сойыл, балта, сүймен ұстап желігіп алған бай-кулактар мен олардың сойыл соғарлары сайысқа шығады. Қырғын-шайқас. Біреулердің оққа ұшқан жан даусы, енді біреулердің «Ақжол», «Қойбас» деп руларының ұранын шақырғаны естіліп тұр. Осының бәрін естіп, біліп тұрған Жамалдың үміт сезімдері тол-

құда! Елжіреп егілгісі келеді. Елжіреуден гөрі айла-амад іздейді... Үміт етеді.

Лосов пен Коновалов, Барақбаевтар Нұрышты тасадан күтуде.)

Барақбаев. Бұл ма, орасан... Жолбарысша шөңгеріліп атылғанда оғыннан да шәпшан...

Лосов. Не қылғанда тірідей қолға түсіруіміз керек.

Коновалов. Тірі түсіреміз деп жүріп айырылып қалмайық. Бұл иттің қимылы өрен ғой.

Лосов. Оқ шығардым дегенше, құрыдым дендер!

Барақбаев. Келінін бетке ұстап алдап түсір...

Лосов. Кетіндер менің маңымнан! Алып келіндер тұтқын қатынды?!

(Қасіретті көздерін мөлтілдетіп Жамалды алып келеді. Қылыштасып, тойтарыс беріп келе жатқан Нұрыштың даусы естіледі.)

Нұрыш (сыртта). Жігіттер!.. Бандылардың тығылған апаны осы үй!.. Осы үйде сілейтіп, кебіндерін осы үйде кигізсек, кектің қайтқаны!..

Жамал (Лосовтың нағанын Нұрышқа кезеніп тұрғанын көріп қап). Аtpа?! Аtpа?!

Лосов. Оның бізді аtpайтындығына кепіл боламысың!!!

Жамал. Боламын! Тым құрыса тілге келтір. (Коноваловқа.) Не орыс, не қазақ баласында болмаған қасіретті көрсеттіндер. Тілге келтірт де мынауыңа?! (Барақбаевқа.) Дұшпан да болсаң іргелес отырған ағайын емес пе едің? Бауырын іздеп сор айдап келген шығар... Біліп кетсін... Естіп кетсін! Тілдестіріңдер.

Коновалов. Айтқызба? Айтқызбау керек!

Жамал (Лосовқа). Тағдырым бір өзіңнің қолында тұр! Айнала тор, қан шеңгелінді құрып қойдың емес пе. Өлігін көрсетпесең де естіп кетсін! Тілдестірші?

Коновалов. Шыдай тұрайық. Тілдесіп көрсін!..

Лосов. Жә! Дыбыстарыңды көбейтпендер. Үркітіп аламыз! Түс ендеше бетке! Бұлтарсаң оғымды одан бұрын саған қадаймын!

Жамал. Нысанға мені қойып, жетем десең мақсатыңа. Тек арыздастырып... Ақтық сөзімді айтқызып ал жанымды. (Кіріпгін де қақпастан келе жатқан Нұрыштың алдына барып тұрады. Артында тасада Лосов, айнала қарауылы тұр.)

Нұрыш (үйге қарай ұмтыла басып келеді. Қарсы

алдында сілейін Жамал тұр. Бұл қайдан келді дегендей аң-таң.) Жамал?! (Көзін сүртіп.) Жарқыным?.. Періштедей аруым... Жамалмысың, жаным? (Жамалда үн жоқ.) Біз кеткенде үйде қалып едің ғой? Ауыл аман ба! Ел аман ба?! Үнің неге шықпайды, Жамал!..

Ж а м а л. Жамал емес жалмауызбың, ағаеке!

Н ұ р ы ш. Не болды? Әлде сені қорлады ма жауыздар?!.

Ж а м а л. Көрген қорлығымнан да көретін қасіретім көп пе деп тұрмың, ағаекем!..

Н ұ р ы ш. Бір сұмдықты ішіңе түйіп тұрғандайсың... Тезірек айтшы. Бұл тұрысың қай тұрыс?!

Ж а м а л. Сізге де, маған да жақындауға болмайды.

Н ұ р ы ш. Неге? Неге?!

Ж а м а л. Айпалаң тор, алдың ор, келесің жарға құлауға...

Н ұ р ы ш. Сол ғана ма айтпағың?

Ж а м а л. Аржағың тыңда, ағаеке. Шамаң келсе көзіңді де айырма менен.

Н ұ р ы ш. Апырм-ау, осынша неге қиналдың. Айтып өлтірші!...

Ж а м а л. Есіл, ағаекем! От кешкен сапарыңда аруақтай алдыңнан шығып, арыстандай арысыңның, Рақымжандай бірге туған бауырыңның жаман атын естіртем деп тілеп пе едім тәңірден.

Н ұ р ы ш. Не, не дедің! Қуатым-ай! Рақымжаным-ай!

Ж а м а л. Демегім сол. Бұлар қазір анталап тұр. Маған алданып қалсың. Қайратыңа мін де, қапы соқтыр, ағаеке! Аялдама!

Н ұ р ы ш. Қап! Әттеген-ай! О, сұм өмір, сені екі оттың ортасына әкеп қойған тағдырыма не дауа?!

Ж а м а л. Ағатай-ау, неге тұрсың... Неге соза бересің ғазапты?

Н ұ р ы ш. Ажалдың нысанасына сені байлады ма?! (Шырыға тұтанып). Тағдырдың мені мұнда айдап әкелуі де жазмышым шығар. Жалғыз қалып не болам?

Ж а м а л. Не істегелі тұрсыз?!

Н ұ р ы ш. Мен бе, мен? (Шырыға толқып). Қорлау, зорлау, қиянат атаулыға лағнет айтып, асылым, аяулым Жамал үшін, сенің болашақ бақытың үшін, кегімді алу үшін, адал жолым, ақ ниетім үшін не көрсем бірге көрем. Бірге өлем деп барам! Куәм бол! (Дауыстан.) Ей,

бандиттер! Қайдасындар! Мені күтсендер шығындар? Қорқамысындар? Қорқарсындар! Есіктеріңді мен сия-  
тындай етіп шалқайта ашындар! Кең ашындар! *(Қайра-  
тына мініп қаһарын төге үйге беттейді.)*

Л о с о в *(іштен)*. Ә! Түстің бе торыма! Іліккен шы-  
ғарсын... Коммунист Валихановтар! Қосақталып өлгің  
келген екен! Кел! Кел!

Н ұ р ы ш. Ал түстім қақпаныңа, бандиттер! *(Есікті  
аяғымен теуіп жіберіп ішке кіреді. Коновалов пен Ба-  
рақбаев үйдің есігін бекітіп алады. Үйдің ішінде екі дүр-  
кін мылтық атылады. Арналыс шайқас. Тасыр-тұсыр,  
шатыр-күтір.)*

Б а р а қ б а е в. Өзі де бітті! Лосов та бітті! Жатсын  
солай! Батсын солай күндері!.. *(Сығылып қаша жөнеле-  
ді. Қара көлеңке шам жарығы Жамалға түседі.)*

Ж а м а л. Аһх! *(Құлап кетеді. Айнала тым-тырыс.  
Сәлден соң еңрей боздап.)* Қан ішерлер, құрттындар ма  
барымды, құлаттындар ма қос тірегімді, қос бәйтере-  
гімді! Қос қанатым бірден қиылды. Қайтып қанат қа-  
гармын. Біікке қайтып ұшармын? Қос ағаекем, қош,  
ағаекем!..

Жамалдың зарына қуатты күш дем бергендей, ерлер өлімінің  
қасіретті қайғысына ортақтаса есілте салған ән естіледі. Шам сө-  
неді, күйініш пен күдіретті күшке толы ән сазы бізді жетелеп оты-  
рып тақ басына қарай бұқара кедей шаруалардың еңбек айқасына  
өкеледі. Молотилкеден алынған астық бір жағынан тазартылып, бір  
жағынан қапқа тиеліп жөнелтіліп жатыр. Жан аямай қан терге түсіп  
күмис істеп жатқан ер-әйелдер. Әлдісі жалғыз, әлсізі қолдаса би-  
дай салған қаптарды көтеріп шанаға тиеп жатыр. Аштықтан шұбы-  
рып келгендер де продрпомощ жәрдемдерін алуда. «Ағатай, ағатай,  
маған да қарайлас. Балам, маған да?»— деп тіленген бала-шаға,  
жетім-жесірлер... Әдепкіде естілген қасіретті әнді айтып отырған  
қолында домбыра, көз жанарынан айрылған мүгедек, оның әуенінен  
халық тағдырының шерлі сырын аңғарамыз. Сапырылысқан жұрт-  
тың бел ортасында терге малшына қайрат көрсетіп, қаптарды көз  
ілестірмей тасып жүрген Науан, Жуков, Бейсекелерде дамыл жоқ.  
Ара-тұра қапты арқалап жүріп сөйлесіп қонды.

Н а у а н *(Жуковке)*. Қалайсың?

Ж у к о в. Жараймын!

Н а у а н. Рақымжанды қайда жұмсап ең?

Ж у к о в. Қосымша ат көлік... Қарулы жігіттер та-  
бам деп кеткен!

Н а у а н. Қайда!? Алыс па еді? Жақын ба еді?

Ж у к о в *(жүгіре басып)*. Жақын! Жақын. Жыл-  
дамдат!

Науан (*Бейсекеден*). Рақымжандар неге кешігіп жатыр?

Бейсеке. Білмеймін.

Науан. Қай ауылға кетіп еді?

Бейсеке (*асыға басып*). Жапсарлас Барақбай ауылына, бөрік тастам жерде. Тиіп тұр. (*Ентіге басып кетеді.*)

Жуков (*арқасында қап, Науанға*). Байқа! Байқа! Жаралы қолыңды жазым етіп аласың. Қолдассайшы, біреумен.

Науан (*жігерлене қабын арқалаған күйі*). Қорықпа, дос. Бір қолмен-ақ қызды құшуға жарармыз! Еше қандайын?

Жуков. Қыр көрсетуін! Қалың малың төрт мүшен, оның біреуінен айырылған соң келіншекке қалып жүрмесе күнің.

Науан. Мына сөзінде ілгіншек бар ма қалай?

Жуков. Қайдам. Жамалдың күйеуінің саған тіксінуі жаман еді. (*Кетеді.*)

Науан. Науанның махаббат іздейтін уақытын тапқан екенсің. (*Тәлтіректен барып түзеледі.*)

Бейсеке. Жараңызды ушықтырып аласыз-ау, осы... Келіңізші, қолдасайық.

Науан. Мазак етпе, бала! Бір қолды беріп астықты аман жеткізсек арман не? Қарайлама! Бас, жігітім, бас!

Бейсеке. Бүгіннен қалған жан, жан емес. Бастым, аға!.. (*Кетеді.*)

Науан (*қабына сүйеніп, тыныстап*). Иә! Керуен жолға шығатын уақыт болған шығар. (*Астық өлшеушіге.*) Тиіп болдық па?

Өлшеуші. Болып қалдық!

Науан. Болсақ шана-ларды мінгестірмей, алдын ілгері апарып ретке қойыңдар.

Өлшеуші. Құп болады. (*Кетеді. Бұ кезде сапырыл-ысқан жұрттың ішімен үсті-басы дал-дұл, қып-қызыл қанға малышынған сүлдерін сүйретіп Нұрыш келеді. Жұрттың құлшына кіріскені сонша, оны ешқайсысы да байқар емес. Бір жығылып бір тұрып, жүріп келеді. Құлайды. Қап арқалап келе жатқан Жуков Нұрышқа тап болады.*)

Жуков. Нұрыш?! Нұрышпысың!? (*Іле кірген Бейсекеге.*) Науанды шақыр?! (*Жұртты шошытып аламыз*

ба дегендей дегбірі кетіп.) Бұл не болды? Бұл не болғаны?! (Науанды ертіп Бейсеке келеді.)

Науан. Нұрыш қой?! Жаны бар ма?!

Бейсеке. Қалай жеткен? Тамтығы да қалмапты ғой, ағакем!

Жуков. Тасуды тоқтатындар!

(Үшеуі қаптарын тастай салып Нұрышты сүйемелдеп оңашаға әкеледі.) Абайландар!

Науан (сұлқ жатқан Нұрыштың басын көтеріп). Нұрыш, Нұрыш?! Кімге тап болдың? Қалай келдің? Қайдан?..

Нұрыш (есін жиып, айтуға зорланып). Сұрамаңдар!! Қалай келгенімнің меңнатын сұрамаңдар! Меңнат деген не?! (Зарлы күйінішпен.) Ол... Ол... болмағанда! Дүния-ей... асылынып... көз алдымда тұрмағанда...

Жуков } Оның кім? Кімді айттың? Аташы атын?

Науан } Аташы?

Нұрыш (ақырғы демімен айтып қалуға тырысады. Бәрі тым-тырыс. Ынтыға тыңдауда). Ол, өлді. Кегімді алдым, бауырым. Рақымжан! Бақыл бол! Лосов өлді... қалғаны қашты. Жамал сонда.

Науан. Жамал қайда?!

Нұрыш. Қоноваловтікінде. Бір жерге бізді... бір жерге... көміңдер... (Өледі, бәрі бас киімдерін алып Нұрыштың аруағына бас иеді. Бейсеке басында еңкілдеп жылап отыр.)

Науан. Олар өлді. Біз тіріміз. Біздер бармыз! Қайран есіл ерлер... Бақыты ашылмаған Жамал. Қалай тап болды? Иә, ешбір сөзбен жеткізе алмайтын қаза болды... (Шинелімен Нұрыштың бетін жабады.) Жуков, қасыңа жігіттерді ертіп ал да Жамалға жет. Сүйектерін бірге алып жүреміз. (Жуков кетеді.) Бейсеке! Астық тиеліп болса, жұрт қамдансын. Қалың киінсін, барын киінсін. Бары, жоғымен, қарулансын. Хабарла! Қозғаламыз. (Науан қаруларын асынып жүруге қамданады. Астық тасушыларды аралап.) Болдыңдар ма? Болдық па, жігіттер. (Жұртты жағалай барлап шығады.)

Өлшеуші. Болдық, аға, аттанамыз ба?

Науан. Аттанамыз, бала! (Өлшеушінің өн бойына көз жүгіртіп.) Омырауың ашық қой! Мә, бала. Құлағыңды үсітіп аласың. (Мойнындағы бөкебайын орап береді. Тағы бір қартаңдау еркектің дірдектеп қолын уқалап

тұрғанын көріп, қолғабын шешіп береді.) Алыңыз... Жол ұзақ!

Бейсеке (кекті, шерлі дауыспен, сапырылысқан жұртты аралап жүріп). Туғандар! Бауырлар! Ағатайлар! Апатайлар! Қамданыңдар! Қайраттаныңдар! Қаруланыңдар! Астықты керуен көшін бастаймыз. Қазір қозғаламыз. Аттанамыз, бауырлар! (Бұ кезде Рақымжанның сүйегін алып Жуков пен Жамал тағы бірнеше жігіттер келіп Нұрыштың сүйегімен екеуін бірге шанаға салып жайғастырады. Науан мен Жуков ортаға шығып.)

Науан. Туғандар! Дән иесі, нан иесі бауырлар! Кедей шаруалар. Алдымызда ұзақ жол тұр. Оппа қарда, сүрең жолда, қатер қауып та жоқ емес. Өткелі қиын сапар! Белді буып бекем кіріскен екенбіз, осы қарқынды суытпай аттаналық! Астық үшін маңдай терін төккенге де, астық үшін құрбан болып кеткенге де оң сапар болсын! (Жұрт «айтсын!.. Айтқаның келсін»... Шуылдасып шана артына кетеді.) Керуен басы, тартыңдар қалаға.

Кетеді. Сыртта керуен лек-легімен шеру тартқан қолдай жолға шығады. Қаңғыр-күңгір. Темір табанды шаналардың сақұр-сұқыр шықылы... Соңғы шана да қозғалады. Шанада Рақымжан мен Нұрыштың сүйегі. Олардың аяғын ала Жамал отыр. Бейсеке ат айдаушы. Астық керуенінің соңында мәйітті салған шана да кетіп барады. Музыкада ерлік сазы, қасірет сазы... Шам сөнеді.

Қара жамылып қалған ауыл. Мезгіл көктем. Нұри қарт, Нұрыш пен Рақымжанның басына орнататын қоршауды бітіріп болып, ою, өрнектерін мәнерлеуде. Ескендір отын жарып шаруа жабдығында жүр. Есік алдындағы баспалдақта күн шуақтап Қарақыз отыр. Қасында Шәмши. Өз ойымен өзі.

Қарақыз. Нұри, бүгін күн жұма ғой, осы, ә?

Нұри (жетіні санап). Кеше бейсенбі, иә, бүгін жұма. Жұма намазын оқып па едің?

Қарақыз. Айтарсың. Менен намаз қалғалы қашаң?

Шәмши. Көктем?! Мейірімді көктем!.. Күн күркіреп бір берсе көк майса дүр еткелі тұр. Көктемгі жауынның астында жалаң аяқ, жалаң бас жүгіретін де жүретін ем. Марқұм әниім... «Қызым, салқын тиіп қалмасын»— дегеніне қарамастан тайралаңдап жүгіре беретінмін, жүгіре беретінмін...

Қарақыз. Қызым, қамырың ашып кетпеді ме екен?

Шәмши (туған жерін есіне түсіріп). Біздің, Орал тауының көктемі... Қалың, қаптай өскен қарағайлар шо-

қылары, жасыл желек жамылғандай... Тау жақбарының бауырларында ағы, сарысы, қызылы аралас өсетін қызғалдақ гүлдері қандай еді? Түнде жұлдызды аспан астында кен шығаратын рудник шамдарының оттары шоғырлана жарқыраушы еді-ау?

Қ а р а қ ы з. Өтіп бара жатқан заман-ай. Қайран боздақтардың қырқы да болып қалды.

Ш ә м ш и. Иә, әже, бастан не өтпей жатыр... Мезгіл ұзаған сайын бәрі де ұзап, артта бұлдыр елес боп қалып барады. Қыс кетіп көктем де келді. Қызғалдақ гүлдер де өскен шығар, ә? Барып келейінші?

Қ а р а қ ы з. Көктем нұрын қуанышпен күтеді. Қайран жастық... Ұзап кетпе, қызым! Жамал апаң да келіп қалар. Тым құрыса шелпек пісіріп, жеті нан берелік.

Ш ә м ш и. Кәзір... Кәзір, апа! (*Кетеді.*)

Н ұ р и (*Ескендірге.*) Башқұрдың бір әйдік байы болды, туған. Бәйітінің биіктігін сұрама. Қозы көш жерден көрінетін. Биік зәулім еді де. Бала күнім. Жалшымын... Қойды иіріп тастап, қасында қараймын да жататын едім де.

Е с к е н д і р. Е, біздің қазаққа мал болса болғаны да... Ескерткіш орнатып, там салуды білген бе?

Н ұ р и. Дүние бірде көл, бірде шөл деген. Әмсә бұлай бола бермес.

Е с к е н д і р. Екеуінің бірі тірі қап, мені алса еді ғой..

Н ұ р и. Шіретің келмей болмайды, туған. Ағаларыңның өлімі адал өлім. Ақ өлім... Текке кетпейді. Жібермейді көз жасы.

Е с к е н д і р. Не керегіне, не серігіне жарамадым. Қадыр білмес мен арсыз, маңдайыма тас тигенде бір-ақ білдім ғой. Жалғыз, жалғыз қалдым ғой.

Н ұ р и. Жалғызбын деме. Жамалдай мықты серігің бар. Оған да оңай болып жүрген жоқ. Көрмейсің бе, қатып-пісіп алғанын.

Е с к е н д і р. Сенеріміз сол ғана. Ағамыздың қара ағаштың қоңырындай қатып отырғаны анау!.. Ау, десеңші бірдеме? Не білгенің бар деп неше рет бардым. Меніреу мылқаудай мелшиіп қалған. Маңына жанды дарытпайды.

Қ а р а қ ы з. Барын беріп таусылған. Күшін жұмсап сарқылған Бекназардан не сұрайсың?.. Жамал неге кешікті? Сақта құдай!

Нұри. Бұған да шүкірлік те. Ел басына түскен тау-  
қыметті, елмен бірге көреміз де. *(Бейсеке келеді.)*

Қарақыз. Әу, Бейсекемісің?

Бейсеке. Амансыңдар ма? Жамал келмеген бе?

Нұри. Жоқ, келмеді. Аманбыз.

Бейсеке. Бекназардыкіне келген пар атты кім  
екен? Білмедіңдер ме?

Нұри. Білмедік. О кім болды екен?

Қарақыз. Көңіл айта келген көп төренің бірі-  
дағы. Кім білген?

Нұри. Иә, әлхал, не хабар білдің? Не көрдің?

Бейсеке. Бүкіл ел құлақтанған. Қазанкеден шық-  
қан жасақ, кімнің, ненің жасағы екені белгісіз. Жолда-  
ғы ауылдарды тонап, жайпап бара жатса керек.

Қарақыз. Сактай көр, құдай. Бетінен аулақ!

Ескендір. Тағы да сорлатады десейші?

Бейсеке. Рақымжанның орнына волком Барақ-  
баев болады деген сыбыс тарап кеткен. Кейбіреулер бо-  
лып та қойды деседі.

Нұри. Хабарың жәйсіз екен де.

Ескендір. Барақбаевтай бандитті волком сайлай  
ма? Мүмкін емес. Тағы да не хабарың бар?

Бейсеке. Қоновалов екі баласын ертіп Ақанбор-  
лық бойындағы поселкелерде қашып жүрсе керек. Жа-  
мал неге кешікті? Алдынан шықсам ба екен?

Нұри. Сабыр қыл, балам. Тақа кешігетін болса Ес-  
кендір екеуің іздеуге барасыңдар.

Қарақыз. Бәсе, жүрегі құрғыр сезген еді-ау бір  
бәленің боларын. Кегін қуам деп жүріп тап болмаса не  
қылсын?

Ескендір. Енді қайттік?

Бейсеке. Әзірге дабыра қылмаңдар. Жамал кел-  
генсін болсын, болары...

Ескендір. Мен үлкен үйге келген кім екен. Біліп  
келейін.

Бейсеке. Білсең білші... *(Ескендір шыға бергенде  
гүрс еткен мылтық даусы естіледі. Бәрі тым-тырыс сұлқ  
тұрып қалған.)*

Ескендір. Келіп-ақ қалғаны ма?

Нұри. Шәмши! Шәмши, қайдасың? Сорлы қызым  
қайда кетіп қалды?

Бейсеке. Алыстан емес, жақыннан атылған мыл-  
тық даусы. Кім атты екен?

Қ а р а қ ы з. Жасаған, жар бола көр. Жалғыз-жалғыздан қалып едіңдер.

*(Алыстан «Әти! Әти!» деп шыңғырып келе жатқан Шәмшидің даусы естіледі.)*

Е с к е н д і р. Шәмшидің даусы ғой? Шәмши, қайда-сың? Шәмши! *(Тұрғандар дауыс шыққан жаққа беттей бергенде, қолында теріп алған бір шумақ сарғалдақ гүлі бар, жан ұшырып Шәмши келеді.)*

Ш ә м ш и. Пар жеккен атты арбада... Адам кетті. Өлген адам!

Б е й с е к е. Не дейсің? Анық көрдің бе? Өлген адам ба?

Ш ә м ш и. Өлген... адам... кеудесі, екі қолы салақтап түсіп бара жатты...

Е с к е н д і р. Еркек пе, әйел ме?

Ш ә м ш и. Еркек... Еркек адам! Мырзаның үйінен шықты. *(Бұ кезде қанын ішіне тартып, сұрланып алған Бекназар келеді. Бәрі де тым-тырыс.)*

Е с к е н д і р. Кімді сорлаттың тағы да?..

Б е к н а з а р. Жамал қайда?!

Е с к е н д і р. Кімді сұлаттың?!

Б е к н а з а р. Кімді қаласам соны... Барақбаевты.

Е с к е н д і р. Барақбаевты! Өлтірдің бе?!

Б е к н а з а р. Білмеймін! Тірі болсақ көрерміз!

Е с к е н д і р. Жарандар-ау, бұған не дерсіңдер?.. Қай жағымыздан келіп қалады деп отырғанда... Үстімізден түсіретін болды-ау. Не дейін, не дермін саған!..

Б е к н а з а р. Жүрегімді езіп, естен тандырған қасірет... Бойымды буып табандатып тастап еді. Өзі берген ажалына болды бір іс... Енді менің жылауға да қақым бар шығар!

Қ а р а қ ы з. Бекназар-ау, көрген қасірет аз ба еді. Көл болған көздің жасын дария еткенің неткенің? Сел соксын дегенің бе бұл? Сенен күткеніміз осы ма еді?

Е с к е н д і р. Бері қара десе әрі қарап, жөнге сірә келмедің... Олар саған қызылдар емес. Коммунистер емес!.. Төрінде тыныш жатқызып қоймайды. Лосовты өлтірген, коммунистің тұқымы деп түндігінді тіліп, шапырағынды ортасына түсіреді. Дау үстіне дау, жау үстіне жау қосып қырмақпысың бұл елді?! Кесепат! Кесепат!

Б е к н а з а р. Мәңгі ешкім де жасамақ емес. Қырық жыл қырғын келсе де ажалды өледі. *(Сахна сыртында келіп тоқтаған ат дүбірі естіледі. Тұрғандар үнсіз. Әб-*

*ден ширап, қатып алған, жүзі тотыққан Жамал келеді. Қолында қос ауыз мылтық.)*

Ж а м а л. Қайдасыңдар!.. Бармысыңдар! *(Бекназарды көріп қалып.)* Үндерің неге шықпайды? *(Басбалдаққа отыра кетіп.)* Қара жамылып қалған жалғыз біз емес көрінеміз. Екі ауылдың бірінен шығып жатыр. Шүкірлік дейік. Сүйегін таба алмай боздап жүргендерді де көрдік. *(Бекназарға.)* Осылай, қайнаға! Бүгін сегізінші май. Қырық күн, інілеріңнің қыркы да толды...

Қ а р а қ ы з. Қалай, қиналмай орналастырдың ба?

Ж а м а л. Бәрі де жақсы орналасты.

Қ а р а қ ы з. Көп жүрдің ғой? Сен кешіккен сайын зәре құтымыз қалмады. О жақ тыныш па екен?

Ж а м а л. Жесір қалған қатынды құдай алушы ма еді. Рақымжан мен Нұрыштың түндігі жабылды. Үй іргесін жинап, теріп төркіндеріне орналастырдық. Солай, қайнаға? Енді менің әмірімді тыңдандар! Бейсеке, сен тұрма. Үй-үйге түгел хабарла. Қам отырсын. Қапы қалмасын. Сақ отырсын. Ағайынның іргесі берік болса жаудан қорғанатын қамалымыз да берік. *(Бейсеке кетеді. Шәмши шатырға шығып қарауылдан тұр.)* Солай, қайнаға!.. Тірі адам тірлігін істеу керек...

Е с к е н д і р. Тірлігіңе тыныштық беріп тұр ма?

Ж а м а л. Мен жоқта не болып еді ауылда? Айта алмай тұрғандарың бар ғой?

Е с к е н д і р *(Бекназарды мезген)*. Өзінен сұра!

Ж а м а л. Солай деңіз, қайнаға! Тағы да қандай айтар жаңалығың бар?

Б е к н а з а р. Айтарым, әйел де болсаң, еркекке бергісіз еңбек етіп, жарғақ құлағың жастыққа тимей қайрат көрсетіп жүрсін.

Ж а м а л. Айта бер, қайнаға!

Б е к н а з а р. Төре әулетінің ұйтқысы, берік қазығы өзің болдың. Сүйсінемін мұныға. Аруақ риза... Мен риза... Бетің түзу. Өлген қайтып келмейді. Қалғанның қаймағы бұзылмасын десең кетейік, көшейік қырға. Елдің біразы қамданып отыр. Біздің көшуімізге қарап отыр.

Ж а м а л. Барың сол ма, қайнаға? Өскен ел, туған жерді тастап тентіреп өтсек... Тоз-тоз боп қаңғырып кетсек дейсің ғой...

Б е к н а з а р. Тоз-тоз болмағанда нең қалды? Нем қалды? Мыңғырған мал... Алтынмен аптаған, күміспен күптеген асылдан не қалды? Қарашы өзің түріңе? Ак

жүзіңнен не қалды? Қара сүрлеуге түскен жолдай, андыз-андыз іздер қалды... Кәрлен кесемен сусын бергенде, алуға ерінетін ақ саусағың қайда кетті? Алақаның тілім-тілім... Көремісің? Қарашы ұсқыныңа.

Ж а м а л. Қайнаға! Манадан бергінді ойыншық десең зілің әлі де салмақты жатыр. Айыққан шығар. Тәубәсіне келген шығар дегенім бекер болды... Рақымжан мен Нұрыш та түніліп өтіп еді. Жаулармен байланысын еді оларды мерт еткен... Қайда кетсең онда кет. Лаң салмай кет! Тыныштық бер мұндағы жұртқа!..

Б е к н а з а р. Дей бер! Сілей бер! Өзім де кетемін! Кетемін.

Ж а м а л. Екі бірдей ініңнің басын жұттың... Иә, енді сізге елдің бетіне қарау да қиын болар. Тек сіленді төкпей, қарғамай кетіңіз. Қайнағасын қуып тастады деген жаманатты тақпай кетіңіз. *(Бекназар кетеді. Сәл торығып сұлқ тұрып қалады. Бейсеке жүгіре кіреді.)*

Б е й с е к е. Қалжыратып кетті ме сені?

Ж а м а л. Оқасы жоқ. Кәзір... Бейсеке, біз әзірге өлмейміз. Сыбыс білінбейді ғой әйтеуір. Қарауылды ауыстыр да үйге кел. Комиссардың айтуынша Қазанкеден шыққан бандылардың қалдығы... Соғуы анық... *(Ішке кіреді. Шам жарығы қара көлеңкеленіп барып үйдің ішіне ауысады. Жамал сырт киімдерін шешіп, қасына мылтығын қойып, керосин шамның қасына келеді. Манадан бүктүсіп, бүрісіп отырған Нұри қарт пен Қарақыз бойлары жазып қозғала бастайды. Ескендір төсекте отыр.)*

Қ а р а қ ы з *(жеті нан шелпегін Жамалдың алдына қойып)*. Ырымын жасайық. Ауыз ти шелпектен.

Ж а м а л *(Нұриға)*. Ата, бері кел. *(Нұри Жамалдың қасына келіп отырады. Бейсеке мен Шәмши кіреді.)* Келіңдер. Отырыңдар... Бәрің де отырыңдар... *(Ескендірге.)* Келмеймісің? *(Бәрі шамды айнала үнсіз отыр.)* Ал, өлген азаматтарымыздың — Нұрыш пен Рақымжанның аруағы риза болсын. *(Қарақызға.)* Маған дәкумент қағаздарын беріңізші? *(Қарақыз қастерлеп, ақ шүберекке ораған документтерін Жамалдың қолына береді. Жамал ішінен екеуінің партбилеттерін алып, омырауындағы қалташасына тұмардай тәптіштеп, тігіп, жейдесінің ішіне түсіреді. Әр қайсысы өзінше күбірлеп, шелпектен ауыз тиеді. Үнсіздік.)*

Ж а м а л. Маған қарайламандар. *(Нұриға)* Ұйқын сергек қой, ата... Есік жаққа жайғас... *(Қарақызға.)* Сіз төсекке жатыңыз. Киімдеріңді шешпендер *(Ескендірге.)* Сен терезе алдына жат. Шамаң келгенше сергек бол. Бейсеке, сен үйдің төбесіне шық. *(Бәрі Жамалдың тапсырғанын орындайды. Шәмши өз ойымен өзі болып отырған Жамалдың қасына келеді.)*

Ш ә м ш и. Қасыңда болайыншы, апа?

Ж а м а л. Кел, кел... *(Әр қайсысы дөңбекши түсіп, тың тыңдайды. Ойлағандары өздері күткен қатер.)* Науан комиссар, коммунистке кір дегенде кірмегенім бекер болды. *(Кеудесіне тұмарлап тыққан партбилетті сипап қойып.)* Бір күн де болса коммунист болып көрейінші. Нұрыштың әйелі Шәмшиқамарды төркініне шығарып салғанымда... Балалары... Әсіресе есі кіріп қалған үлкені апатайлап әрең айырылды менен. Ет бауырым елжіреп әрең кеттім. Шыр-шыр еткен нәрестелердің дауыстары құлағымнан кетер емес. Бізді ұмытар ма екен? Иә... Ұмытады ғой... Рақымжанның әйелі төркініне жеткенше жылаудан көз ашпады. Ширайды ғой... Жесір ғой...

Ш ә м ш и *(ойын бөлгісі кеп сыбырлап)*. Айтқанын орындалды, апа... Барақбаевтың жерге тамған тамшы қанын қалақпен сыпырып алдық та, мырзаның бәлесі өзімен кетсін деп отқа жақтық. *(Тым-тырыс. Түн тыныштығын алыстан анда-санда атылған мылтық даусы бұзатын тәрізді. Бірде құлаққа астық тасыған кірешілердің әндете созылған қазақ арбаның саңғыры мен шиқылы естіледі.)*

Ж а м а л. Қайран казекем. Дөңгелегінің күпшегі тозғанша, арбаның білігіне жағатын қарамайды да шығынсынады. Тындашы. Сан түрлі әнге салып барады.

Ш ә м ш и *(қиял құшағында. Өзімен өзі)*. Әлі есімде, бір жылы біз астықты көп алдық.

Ж а м а л. Егін бітік шыққан жыл болды ғой.

Ш ә м ш и. Әтиім арба-арба ғып тасыған еді. Кеш құрым... Дастарқанды айнала, үпір-шүпір болып отыра қалатынбыз. Әниім, ыстық бәліш пен тоқаштарды алдымызға үйіп қоятын. Әни, біз бақыттымыз ғой?! Иә деші?...

Ж а м а л. Иә, болғанда қандай...

Ш ә м ш и. Иә, бақыттымыз біздер...

Ж а м а л. Жар сүю... Бәрінен де балалы... Үйлі-ба-

ранды болғанды айтсайшы. Сендер бақыттысындар... Бейсекеге шық...

*Шәмши (әлде қуаныш, әлде қорқыныш. Сырт көзге көрінбейтін сезімдер билеп бойын). Бейсеке?! (Шәмши даусы жаңғырық беріп үдей түседі. Жамал орнында тапжылмастан қатып қалған... Шам қара көлеңкелене түседі. Үй ішіндегілер түгел елегізіп, орындарынан атып тұрады. Сыртта да, іште де айғай-шу. Шым-шытырық... Әлем асты-үстіне төңкеріліп жатқандай. Атылған оқ... Шыңғырған дауыстар.. Жарылған снарядтар... Осылардың арасында Нұри, Ескендір, Қарақыз, Бейсекелердің дауыстары анық естілуге тиісті.)*

«Хош бол! Құрыдық! Жау келді! Жау шапты! Өрт салды!.. Шап! Соқ!.. Жүгір! Бас аяғынды... Жетеміз! Мінеки, аз ғана қалды! Жетіп қалдық, Шәмши!.. Бейсеке? Шәмши, Бейсеке! Жамал! Апа?! Апа! Қайратыңды жина! Құлама! Міне, жақын қалды... Жеттік... Жеттік!..»

Шам жарығы молынан сәуле шашып, қызыл арай шұғылалы күннің кейпін бергенде, әскери киімде Науан мен Жуков отрядымен Валихановтар үйінің алдында тұр. Үйден Жамал, Бейсеке, Шәмши, Ескендір, Нұри шығады.

*Шәмши (аспанға қарап). Көктем?! Мейірімді көктем?!*

Шымылдық.

# СЫРЫМБЕТ САЛАСЫНДА

*Екі бөлімді драма*

## ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Құсайын Темірбеков — дәрігер, мұғалім.

Рабиға — әйелі.

Райхан — қызы.

Жұмаш Малайсарин

Уәли Қошқұлов

Нұрым Жоланов

Молтан — Райханды айттырған Токсанбайдың немересі.

Тверитин Г. Н.

Глаголев В. Ф.

Зылиқа

Шұғайып

Айша

Шыныбек

Бакубай

Білэл

Скобин — крестьян начальнигі

Бақсы, жасауылдар, сойыл соғарлар, ауыл адамдары, ер-әйелдер.

Оқиға азамат соғысы жылдарында болған.

## БІРІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ СҮРЕТ

Күй. Жылдар шежіресін әріден тартқан, қайыспас қаһармандықтың тайталас, тартыс, арпалыс, шайқас кезеңінің халін бейнелейтін — толғаулы күй. Осы күйдің жебеуімен сахна шымылдығы ашылады. Жоғарыдан төмен созылған қызыл лентада жылдар белгісі цифр арқылы ауысып тұрады. Сахна қара көлеңке. Сәуле бір ғана адамның жүзіне шоғырланады. Сәуленің тұнығында тұрған адам әлде профессор, әлде тарихшы ғалым, әлде қайраткер, жасы мосқал тартқан, көзінде көзілдірік, қолына таяқ ұстаған, үстінде сұр макинтош.

Т в е р и т и н. Уа, советтің ұл-қызы — ұрпақтар! Алдарыңа мен неге шықтым. Сіздердің қатарыңда мен бар да, жоқ та шығармын. Елу жыл?!.. Қазақ даласы... Қазақ халқы... Еншілес, іргелес, тағдырлас, бауырлас халықтармен бірге елу жылда талай-талай асулы белдерден өтті. Тарихтың қатал шежіресі қызықты да, қайғылы да. Осы отырған бәріміздің басымыздан өткен шежіре ғой. Тарихта із қалдыру — оңай іс емес. Тарих пірім, айналымы, тосқауыл, бөгесіні көп жол тәрізді. Кімде-кім ізгі арман жақсылықты қалай өтсе — тарихтың қалаулысы да сол. Кейінгі ұрпаққа ұсынары да сол. Сонда дәуір тұрып:— Танып ал! Тындап ал перзенттеріңді! Сендерге соның жеткені де бар, жетпегені де бар! Өмірге күлімдеп келіп, өксіп өткені де бар. Неге болмасын. Тағдыр, өмір қилы-қилы...

Таң қылаң беріп, жұрт ұйқыдан ояна бергенде, Сырымбет саласына кірешілердің арбасына ілесіп оқыған азамат келді. Ол сол кездегі Волостной правительдер қырық тұсаққа сатып ап, Омбыдағы интернатқа берген кедей шаруаның баласы еді. Жыл артынан жылдар өтті. Сол оқу бітіріп келген азамат қазір сендердің алдарына шығады. Танимысыңдар! Әрине тануға тиістісіңдер.

Үстінде сол заманның киімі, дәрігер, әрі учитель Темірбеков сахнаға шығады.

Көріп тұрсындар. Қарапайым жай ғана дәрігермен бірге елу жыл енді біз кейін шегінейік. Айтыңыз арман асуынан өткен жылдарыңызды?

Темірбеков. Жок, мен айта алмаймын. Сен айттың, болды емес пе.

Тверитин. Құм көшкен, құйын айдаған далада бір мың да сегіз жүз... (*Жылдар белгісінің цифры 1895 жылды көрсетеді.*) Тоқсан бесінші жылы мектеп аштыңыз. Сол жайында айтыңыз.

Темірбеков. Дала қоңырауы менен бұрын Торғай даласында соғылған болатын.

Тверитин. Орыстың айдалып келген демократтары ойыңызды сергіткен адал достарыңыз болды. Солар жөнінде айтыңыз.

Темірбеков. Дуров, Потанин, Березин, Плещеев. Олардың арман-мүддесі әрқилы болатын.

Тверитин. Орыс революциясының прологы деп саналған қанды жексенбі кезеңінде сахра халқының толқуын айтыңыз.

Темірбеков. Ол жылдарда, ояна түсіп, қайырадан ұйқыға батқан кез болатын.

Тверитин. Қазақ даласын қайғының қалың тұманы басып, Столыпинның реакциясы құрсауына алды. (*Жылдар белгісінің цифры 1910 жылға ауысады.*)

Темірбеков. Ол қайрат мұқалып, шығар жол таба алмай сөнген шаланы көсеп қалған кезең ғой. Несіне сұрайсың. Тарих өз жауабын менен бұрын берген.

Тверитин. Дұрыс айтасың. Столыпин сені қонысыңнан аударды. Өзің ашқан дәрігерхананды, өзің ашқан мектебінді қаңбақ ұшқан қу медиен далаға көшірді. Бұған не дейсің?

Темірбеков. Не дейін. Жүрегі жұмбақ құл сияқты заманда не болмады. Не өтпеді бастан. Әу, сен өзің кімсің? Мені қайдан тауып алдың?

Тверитин. Елу жылдың шежіресінен... Аламантасыр, патшаға солдат бермеймін деп бүкіл ел көтерілді. Бұған не дейсіз? (*Жылдар белгісінің цифры 1916 жылға ауысады.*) ,

Темірбеков. Көтерілуге өздері мәжбүр етті...

Тверитин. Патша тақтан құлады!

Темірбеков. Бүкіл Россия — оның қиыр шеттегі аймақтарында патшалық езгінің құрсаулы тұманы сер-

піліп, қолдан бұғау алынды. Монархиялық езгі мәңгі жойылды.

Тверитин. Неліктен сіз Омбыда болған учредительный съезден қуылдыңыз. *(Жылдар белгісінің цифры 1917 жылға ауысады.)*

Темірбеков. Билік кімнің қолына көшерін олар да білмеді, мен де білмедім.

Тверитин. Орынборда өткізілген алашордашылардың құрылтай съезіне сізді де шақырды. Қатынасу-дан не үшін бас тарттыңыз?

Темірбеков. Қолым тимеді. Сүзектің дертімен күрестім. Сырқауларды емдедім. *(Жылдар белгісінің цифры 1917 жылдың 13 декабрін көрсетеді.)*

Тверитин. 1918 жылдың май айында сізбен ауылда кездестім. Сондағы ауыл *(тақпақтап.)*

Дерт меңдеткен қапастағы сорлы ауыл,  
Серпілер күні, сілкінер күні жетсе де,  
«Кеудеде от, іште жалын, көзде жас»  
Түспей тұр-ау, еңсені басқап қара тас!  
Сол қара тас кім зар шексе соған қас!  
Балгері анау, жын шақырып сарпаған,  
Билері анау, қулық жалдап, пара сауып жалмаған.  
Ұлық анау, қымс еткенге от қамшысын үйіріп,  
Түрме, тұтқын, айдау, асу,  
Жазаң сол деп қарғаған!  
Ақыны анау «болса да бейнет қанша ауыр,  
Қиялға ескі бата бер,  
Қайра өзінді дәрмен жоқ.  
Ұайымсыз, ойсыз жата бер».

*(Темірбеков Тверитинмен алғаш кездескенін енді ғана есіне түсіреді.)*

Темірбеков. Иә, сонда Қозы Көрпеш — Баян сұлу жырын жазуға фольклор жинай келген иә... иә... Сен екенсің... Бәрі есімде... *(Тверитин тайып тұрады. Сахнада Темірбеков жалғыз.)* Бәрі де көз алдымда. Ол бір жылдар қыспағы ауыр, өткелі қиын, кешуі тар жылдар еді. *(Үстінде әскери киім, офицер шенінде, өзінің шәкірті Нұрым келеді.)*

Нұрым *(қолын күнқағарына таяп)*. Ұстазына сәлем бере келген әскери жасақ командирі Нұрым Жоланов.

*(Темірбеков өз ойынан жазылмай, көзі алыста, көңілі өткен күнде, жауап қайырмайды.)*

Нұрым. Ұстазым, еркіндік алар күн туса, берер

едім өмірдің бақытына толы шаттығын деп өзіңіз айтқан едіңіз. Қай жолды қалайсыз? Менің қуған жолымды қаласаң, батыр атын тебініп қол бастайтын күн туды. Би кісесін буынып билікке шықты. Бай малын ортаға салатын заман келеді. Ойпаң жердің ағашы, бақытының саясы. Сыйынар тәңірісін таппаған күнбатыс, күншығыстан пайғамбар күтуде. Біз келеміз, біз келеміз, бізбен бірге күннен туған, күннен туған ерлер де келеді. Уа, ұстазым. Сара жол — біздің жол!

Темірбеков *(Нұрымға емес, өзіне)*. Қуарған өрісінді, құлазып қалған қонысыңды жайқалтатын қай жол?

Нұрым. Біздің жол.

Темірбеков. Мал баққан, қауға тартқан шаруанды кенелтетін қай жол?

Нұрым. Біздің ұстаған жолымыз.

Темірбеков. Онда тым ірі қимылдаған екенсің, шәкіртім.

Нұрым. Ірілік қосады да, ұсақтық айырады.

Темірбеков. Достық та, қастық та ірілердің қолында десек — бүгінгі тірлік қай тірлік? Қайнар ашу қайғыдан. Оның аты ашыну. Ашынғанды бас көтертпей келдіңдер. Сонда кім болғаның, шәкіртім?

Нұрым тайып тұрады. Шам сөнеді. Шам қайырадан жанғанда сахнаның төрінде лаулап жанған қырық қазан. Жақында келіншек боп түскен жас ару Айшаны ортаға алып зікір салған бақсы. Оны көтермелеген домбырашы-әншілер, қыз-келіншектер. Ың-жың. Бала-лайканы безектетіп Шыныбек, Бәкубай да қызығына ілесіп кеткен. Қазанның шетін ала Айшаның қайын енесі ақ меткел күндікті шалқайта тартқан, ызғарлы да, айбынды да Зылиқа тұр. Айша шашын алдына жайып жіберген. Мең-зең. Жанында түршігу бар. Жүзі күп-ку. Бақсы шұбар ала жыланды мойнына орап алған. Үстінде от түсті қызыл көйлек. Күре тамыры білеудей. Көзі шүңірейген.

Бақсы *(зарланған сарынмен жындарының атын шақырып.)*

Шаң құдығым көк тұйғып,  
Қит-шиттің ал бұйрығын.  
Қара қозым, ақ қозым,  
Аспаннан түс, дәулерім.  
Ыр... ыр... қит-шит... аһ!

Домбырашы *(әндетін)*.

Әу, елдетер, елдетер,  
Ашылған тұмын желдетер.

Қарашада келген қаз  
Қаңкылдап күзде ол кетер!

Ш ы н ы б е к (*балалайкадан орысша әндетін*).

Целовольник молодой,  
Проведи меня домой,  
По улице мостовой  
По дорожке столбовой.  
На перине девица  
Лежит она, нежится!

(*Соңынан ерген қыз-келіншектер қызды ұзатудағы сыңсуға басады.*)

Х о р о в о д т ы с ы н с у. Ә... ә, ә, ә, ә, әй-ау, ол!

(*Сыңсыңдаған қара сұр әйел, жүрісі құйын, қимылы от, шойын қара қазанды көтеріп алып келеді.*)

Ә й е л. Қазан!.. Қара қазан! (*Айшаның алдына әкеп.*) Құлағын тісте, зияндас байғұс! (*Айша сұлық, көзі жаутаң қағып сілейін тұр.*) Тістей ғой, сорлым...

Б а қ с ы (*қойнынан жай тасын суырып үшкіре үйіріп*). Жай тасы... Әфсу! Әфсу!.. Тәңірімнің өзі жіберген. (*Қазанды үстінен айналдырып.*) Киелі сырқат, иелі сырқат!.. Тісте қазанның құлағын!

Тверитин өзінің жас кезіне ауысқан, үстінде сұр шинель, көзінде көзілдірік. Темірбековпен бірге зікір салып жатқан топқа келеді.

А й ш а (*әлі де сұлық, Темірбеков пен Тверитинге тегіс қарап қалған*). Агаеке! Агаекем! (*Ұмтыла түседі де қызыл кетеді. Темірбеков пен Тверитин қасына келеді.*)

Т е м і р б е к о в. Меніреу, мылқау қара көкірек сорлылар!.. Не істедіндер Айшаға?!

Т в е р и т и н (*таңырқап*). Талай сұлуды көріп ем... Мұндай сұлуды көрмедім.

А й ш а (*басын көтеріп*). Агажан, агажан!.. Қор етті ғой... Жер етті ғой! Ерте неге құтқармадың?..

Т е м і р б е к о в. Жалмауыз енең жолатты ма мені. (*Қала сәнімен киінген, жасы жиырмалар шамасында Темірбековтың қызы Райхан шығады. Ол жүгіріп кеп Айшаны құшақтайды.*)

Р а й х а н. Айша, асыл жеңгем!

А й ш а (*боздап*). Көз ашығым... Көп күттім!.. Зарыға күттім... Неге келмедің?..

Р а й х а н. Қай хайуан сені мұндай күйге салған? (*Бақысқа.*) Ей, қара албасты, сенбісің?

Бақсы (*ызғарын шашып*). Темірбеков, шәуілдетпе сексименді.

Райхан. Е, қара аю! Мен сені өрем қапқызамын. Сиқырынды маған жасашы!

Темірбеков. Қоя тұр, Райхан, Шыныбек, Бабық қаласында он бес жыл мал бағып, ащы мен тұщының дәмін татып көріп едің ғой. Сенікі не?

Шыныбек. Лөктор аға!.. Сауап болсын деп ердім.

Темірбеков. Әркімнің өз тілеуі өзіне сауап. (*Бақсыға.*) Ей, малғұн. Арсы-гүрсі етіп билеген, салдыр-гүлдір гүлеген, жайтасымен жауын жаудырады. Күнді күркіретеді. Нажағай ойнатады. Ойнатшы нажағайыңды. Жауғызшы жауыныңды?!..

Бақсы. Жауғызамын! (*Сиқырына сеніп.*) Қара көк аспанды қақ айырамын десем (*үрейін алып*) айырамын... Өлім тілесем, өлім келеді. Орман шетінде, желдің өтінде... Қарт қайыңды түбінен қопар дейінші, қопарылады. Қара көзден қан ағызамын десем, ағызамын... Шыдап көр менің сиқырыма!.. Еліңді шабуға шеру тартқан қол келеді. Қол емес-ау жау келеді. Аулыңды өрт жалмайды. Аза... ажал, ажал!.. Оқыған дәрігерсің ғой. Сауықтырып ал жұртыңды!.. Ха-ха-ха!.. (*Шегі қатқанша сақылдап.*) Хи-хи-хи...

Темірбеков. Бар зіліңді, бар сиқырынды төгіп болдың ба? Жоғал, малғұн! Кет!.. Бәкубай, қуып таста ауылдан!

Бәкубай. Айда, айда... жалтырат табаныңды... (*Жағасынан ап, сахнадан сүйреп алып кетеді.*)

Тверитин (*әлі де Айшадан көзін алмай қарап тұр. Өзіне*). Алма беті, ақ жүзі, жаңа ашылған гүлдей... Қара көзінің мөлтілдеп, жалт қарағандағы сырлы сезімі, менің жазып жүрген Баян сұлу бейнесін елестеткендей боп тұр-ау маған.

Темірбеков. Тараңдар!.. Жетті енді есіру мен еліру. Шаруаларыңнан қалмаңдар! Райхан, Айшаны үйге алып бар.

Зылиқа (*ара түсіп*). Тоқта, қайда алып барасың!

Темірбеков (*тыңдамай*). Зылиқа, жетті сенің қорлауың. Райхан, Айша, үйге барыңдар... (*Райхан мен Айша үйге кетеді.*) Тараңдар! (*Жұрт тарай бастайды*).

Зылиқа. Балгерімді қуып тастауыңа жол болсын?

Темірбеков. Әфсун оқыған молда да, жауырын ашқан тәуіп те, балалайка ойнаған Шыныбек те балгер.

Зылиқа. Ділгер болсаң қайтпекпіз. Келінімді жады соқты. Ішінен тілме болып жабысты. Лөктірсің ғой. Немен емдеуіміз керек еді?

Темірбеков. Кімнің жадысы соққан? Мен білмейтін сыр бар ма? Жүзінің қанын, көзінің отын алған сенің жадың.

Зылиқа. Менде жұмысың болмасын.

Темірбеков. Сенің де Айшада жұмысың болмасын.

Зылиқа. Қырқа матап мал беріп алған келінім. Құдайдың атын атап, құранның аятын сүйіп, некелескен баламның әйелі. Айналаңның бәрі жын!.. Кеудесіне сайтан ұялатып, желіктірген де сенің сиқыр оқуың. Құдайдан безгендер!

Темірбеков. Сүймегенді еріксіз сүйдіріп, көнбегенді сиқырлап көндіру сеніңше құдайдың ісі ме?

Зылиқа. Құдайдың ісі.

Темірбеков (*бас бармағын шығарып*). Мә, саған! Құдайдың ісі. Таңдауын таппай толықсып келген Айшаны дуаласам, арбасам, есінен тандырсам көнеді, көндіремін деген сенің ісің. Балам тең еді,— деп кергімісін... Тең емес сенің балаң!..

Зылиқа (*ойланып қап*). Ым... Солай еді де, лөктірі!

Темірбеков. Солай, Зылиқа, солай!

Зылиқа. Маған деген зілің баршылық екен.

Темірбеков. Баршылық... Келіншек күнінде сені де жады соккан... Әкең Мұқан өзімен түйдей жасты Иманбай шалға бергенде, сен де тулағансың.

Зылиқа. Иманбайда нең бар?

Темірбеков. Туған әкеңмен түйдей құрдастығын айтпаймыз ба? Сен де емделмей-ақ жазылғансың.

Зылиқа. Жап аузыңды. Нені айтқалы келесің?

Темірбеков. Қорқамысың? Сөйлете берме мені. Байлығың, бәйбішелігің өзіңе.

Зылиқа. Сенің де өшітелдігің өзіңе... Ұқтым көкейінді. Түңілтемін дейсің ғой менен... Сенімен әлі де сынасамын бағымды. (*Таяғын сілтей долырып тұрған үстіне үйден Рабиға, Айша шығады. Айшаға ала көзімен ата қарап.*) Үйден безіп, менен безіп тығылған жерің осы болса, бұл үйге де бір зауал. Рабиға, менің сөзім сенде...

Рабиға. Менде болса, үйге кір. Сөйлесейік, абысыным. (*Зылиқа екеуі ішкі үйге кіреді.*)

Темірбеков (*Шыныбекке*). Ей, Шыныбек, не қылған жансың сен өзің. Әулекі дейін десем, кеудең сайрап тұр.

Шыныбек. Зылиқа апай, сауа тұруыңа сиыр беремін дегенсін.

Темірбеков. Берді ме сиырын?

Шыныбек. Айшаның жазылуына қаратып отыр.

Темірбеков. Сап алтын өнеріңді Айшаны дуалау, сиқырлауға жұмсаған нағыз ақымақтың өзі екенсің...

Тверитин. Адал жанға арамдық жараса ма!

Шыныбек (*қысылып*). Сауып ішуге сиыр берем дегенсін...

Темірбеков. Сиыр, сиыр... Бүгінге шекті алдыңа сауын салып алмауың да ақымақтық... Кедей кедей болмайын дейді-ау, ақылсыздығынан кедей болады... Тартшы кәне балалайканды! Төгілте тарт!.. (*Шыныбек бар өнерін сап, балалайканы құйқылжыта ойнап жөнеледі. Орыстың толғауы терең халық әнін шалқыта тартады. Темірбеков пен Тверитин ұйып тыңдайды.*)

Тверитин (*Темірбековке*). Құлқын тамақ адамды неге кіріптар етпейді... Кіріптарлар, қайыршылар... Жанын жалдаған сорлылар... жалғыз Шыныбек пе? Осы ауылда жұлығы шыққан, қара лашық құрым үйде, қалт-құлт етіп отырған қаншама кедейлер бар. Не үшін кедей? Не жетпейді кедейге?

Темірбеков. Жер жетпейді кедейге... Су жетпейді кедейге... Жердің шұрайы ата-бабаларында... Саған өз жерімді беремін.

Шыныбек. Өз малыңды немен асырайсың!

Темірбеков. Менде мал дерлік мал бар ма? Бес, он қараны ел асырап береді. Бар, шалғынды әзірле...

Шыныбек (*шұлғып*). Рақмет, рақымыңызға... Рақмет... (*Кетеді.*)

Тверитин. Үлесіне ұлтарактай жер тимеуінің мәні неде? Соған зер салдыңыз ба?

Темірбеков. Салғанда не істеймін?

Тверитин. Неліктен туыстарынан ажырасып, қазақ-орыс байларының малын бағады? Ит тепкісіне түсіп, зеку, ұрсуын көреді?.. Өле қалса екі аршын жер де бұйырмайды. Моласына да қойғызбайды.

Темірбеков. Қиянатты тере берсек дүниеде бірінбірі қасқырша талап жатқандар аз ба? Олардан кек

алу оңай ма? Алайда өшпенділіктен гөрі — тату-тәтті тұру ақыл-парасат ісі. Сол парасат ашу, ызадан, жаманаттан сақтандырмай ма? Жақсылықтың қаруын жамандықпен қайтару — бұзылған дүниенің бұғалық әкеткендеріне ғана сыйымды... Сот, түрме, заң арқылы оларға тыйым салынса да, олар мансапқа ұмтылғыш... Оларды күнадан арылтамын десең де — олар арылмайды...

Тверитин. Сол үшін де оларды жою керек емес пе?

Темірбеков. Мүлдем бе?

Тверитин. Мүлдем.

Темірбеков. О жағы менің ойланбаған ісім.

Тверитин. Сіз қажып қалғансыз!

Темірбеков. Жо-жоқ, Григорий Николаевич, қажыды дегенді айта көрме, жарқыным. Көшпелі жұртты санадан есейту... Олардың мешеу тірлігін лас-кір, қоқыстан тазарту... Мынау Айша, анау Бәкубай сияқты білімге сусап келген жастарды ағарту мен үшін үлкен күрес. Ауыр да, ауыр да болса жеңіл. Азабын арқалай жүріп, еткен еңбегімнің межесі, зейнеті Жұмаш пен Біләлдай шәкірттерімді көріп отырып мен қажырмын ба, сірә... Ол емес, міне мынау хат... мені қажытып та, қинап та тұрған. (Хатты Тверитинге береді.) Көкшетаудағы шәкіртімнен хат алдым. Глаголев Скобиннің қолында тұтынып отыр. Әл үстінде. Өлім халінде деп жазыпты.

Тверитин (хатты қайта-қайта оқып). Так... так... Енді маған бәрі де айқындала бастады. Вокзал басында жандармдар екеуімізді қоршауға алды. Қашуға беттедік. Паровоздың прожекторы бір сөніп, бір жарқырап поезд жүргелі тұр еді. Алдында ғана екеуіміз Омбыдан Петропавелға келген бетіміз. Мен Шарлак арқылы Көкшетауға кетуім керек еді... Ол, қалада бірқатар жұмыстар істеу үшін аялдап қалмақшы болды... Мен жандармдардан сытылып, әзер дегенде жүргелі тұрған поездың табалдырығына ілігіп кете бардым... Ол қалып қойды. Қай жерде ұсталды екен? Кім ұстатты екен?

Темірбеков. Ех, Глаголев, Глаголев... Әлде ол, әлде мен түсінбедім бе? Оған дәрігерлік қызмет те жеткілікті еді. Қолына қару алып несі бар еді. (Екеуі тағы да қызу айтыса бастайды.)

Тверитин. Жете білмейді екенсіз досыңды.

Темірбеков. Жете білген үшін де мақұлдаймын. Мен Марксты оқығаным жоқ. Оқырлық жағдай менде

болған да жоқ. Ленинді естуім болмаса көргенім жоқ. Дүниеге жаңа дананың келгеніне мен де қуанамын. Сол дана — қиыр шалғайда жатқан халықтарды азаттық алуға шақырған екен. Орыс қауымының рухына сіңген — революциялық дәстүр, революциялық қозғалысты сезінбей — мешеу халық шайқасқа бара қоя ма! Революция дегеніміз — үйіре соққан құйын. Қар боратқан боран. Әзірлігіміз жете ме!

Т в е р и т и н. Вот именно, әзірлік жетерлік. Революцияның сарыны ұлы сарын. Қайткенде Глаголевті тірі алып қалу азаматтық борышыңыз.

Т е м і р б е к о в. Иә, мәселе тірі алып қалуда. (Пауза.)

Мал дәрігерлік формасында, қолында дәу кара сумка, өңі қашыңқы Біләл келеді.

Б і л ә л (отыра кетіп). Уһ... Малтығып әзер дегенде жеттім-ау!

Т е м і р б е к о в. Жарқыным, аманбысың? Сені жоғалтып алдық қой. Қайда болдың!

Б і л ә л (күрсініп). А, оһх...

Т в е р и т и н. Неге күрсінесің?

Б і л ә л. Күрсінбегенде. Қырдағы ауылдарда жылқыдан жамандату білініп, емдеуге жүргелі жатыр едім. Скобин екі солдатын жіберіп шақырып алдырды. Армияға қазақ ауылдарынан ат аламыз. Қарауын сен жүргізесің — деп эмиссар Шайтанқара Мұсылманбеков подполковник Тарабухнге қосып берді. Тақымына басқан біреудің жалғзын, біреудің жалқысын сыпырды кеп... Сезік алған совдептің мүшелерінен Аяжан қолға түсті.

Т в е р и т и н. Оған не істеді?

Б і л ә л. Тораңқұл көлінің жағасында атып кетті. Малаған... Мен сондай сұмдықты көріп келдім. (Пауза.)

Темірбеков сұлық үнсіз. Ойға батып тұрған үстіне алқы-талқы, еңтіге басып Бәкубай келеді.

Б ә к у б а й. Қаруы бойында, киімі де, өзі де өзгерген, өзіңізден оқыған шәкіртін Нұрым Жоланов, Зылиқа апамның үйіне кеп түсті...

Т в е р и т и н. Нұрым Жоланов. Жалғыз ба?

Б ә к у б а й. Жалғыз. Тегі біреуді іздеп келген тәрізді.

Темірбеков. Білэл, сен бар да білші. (*Білэл кетеді.*)

Тверитин. Ол менің осында екенімді біліп келді. Не Глаголевпен сізді беттестіруге шақыра келді.

Темірбеков. Сенің қашуың, оның ізіне түсуі — күнделікті оқиға сияқты өте бермейді. Сен үйдің сыртындағы пішеннің ішіне бара тұр.

Тверитин кетеді. Темірбеков өз жайымен кетеді. Үйден Айша мен Райхан шығады.

Райхан. Аяулы жеңгем... (*Еліктіріп.*) Бірінші рет үйіңнен шығып біздікіне келгенің есінде ме!

Айша. Есімде. Есіктеріңнің алдындағы жарнамаға қарап тұрып-тұрып кетіп қалып та жүрдім. Көз ашығым, саған ғана тарқатайын шерімді, саған ғана... Үлкен ағам мыңды айдаған саудагер. Кіші ағам аузынан жалыны шыққан болыс. Екі ағаның ортасында уызға бөгіп өскенімді қайтейін. Көр соқыр надан болып қалғанымды қайтейін. Жүз сексен жылқы алыпты менің қалың малыма!

Райхан (*әзілден*). Оһо, бағаң аз болмаған екен.

Айша. Қымбат түскен бағаңа орай бақыт таптың ба десеңші?

Райхан. Қойшы, торыға бермеші!.. Әлі де кеш емес. Әліппені өзім танытамын. Қайтсем де хат білетін етіп шығарамын.

Айша. Ол үшін бір өзіне қарыздармын. Көнігермін, ұмытармын деп каншама шыдап баксам да қайын енемнің қаһары -ақ қажытып болды мені.

Райхан. Қайын енеге келіннің жаққаны бар ма?

Айша. Ағакем болмағанда бүгін де қырық үйдің қазанының құлағын тістетіп қорлайтын еді.

Райхан. Ағакеңе де тықыр таяу. Ұстазындай болған досы түрмеде отыр.

Айша. Алда байғұс-ай!..

Райхан. Мынау келіп жүрген жазушы орысын бүгін басқа жаққа тайдырмақпыз. Тек сыр ұшығын берік ұста, аяулы жеңгем.

Айша. О не дегенің, көз ашығым.

Белінде наған, қылыш асынған офицер киімінде Нұрым Жоланов келеді.

Нұрым (*жүрісі суыт*). О, арулар... (*Айшаның түрінен шошып.*) Айша!.. Санадан сарғайған аяулы қарын-

дасым (*Қасына жақындап қолын ұстайды.*) Сені мұндай күйде көрем деп пе едім.

Айша (*сұлық*). Көргенің... Иә...

Райхан. Келмей жатып егілдің де төгілдің. Сәлематсыз ба, Нұрым. Қайдан жүрсің?

Нұрым. Қаладан ауылға шыққан бетім еді.

Райхан (*астарлап*). Жүрісің суыт қой...

Нұрым. Жүрісім суыт болса да жүрегімнің жылуы ұшқан ұямда. (*Айналаға аңсай қарап.*) Мектебім!.. Сырлы қақпа... Баспалдақ... Ақ қайың... Жалғыз аяқ жол... Бәрі есімде...

Райхан. Өзің сағынып қапсың ғой!

Нұрым. Сағынбағанда. Айшаны көріп мұң оралса ойыма, мектебімді көріп қуаныш оралды көңіліме...

Айша. Аяушылық білдіргеніңе рақмет.

Нұрым. Бәрін де естідім. Жаныңа қасірет батқанын да естідім.

Райхан. Ат үстіндегі адамға бәрі де естіліп жатады да. Айша, Зылиқа апам үйде отыр ғой. Мен қасына бара тұрайын. (*Райхан кетеді.*)

Нұрым. Күйеуің қалай?

Айша. Қалай болсын, кәдімгідей.

Нұрым. Не қылған кәдімгідей... Көз жасыңа булығып әрең келгенің кімге аян емес. Жаныңдағы шөліркеуді ойласам ет жүрегің елжіреді. Қонысымыз бір... Сені ұзатқалы жатыр деген хабарды естігенімде әрі аяп, әрі өзімді шенеп, тойыңа барсам қайтеді... Бұзсам қайтеді некесін деп тұрдым да, ат үсті қауырт жұмыс аял бермеді.

Айша. Келгенінде қолыңнан не келеді. Артта ұмыт қалған сағынышты еске түсіріп қайтеміз. Ұзатылған қызға келіп-кетіп жүретін ағалығың да жетеді. Үйде қайын енем отыр. (*Кеткісі келеді.*)

Нұрым. Аялдай тұршы, Айша.

Айша. Оқып жүргеніңде қысы-жазы аялдап та көргемін.

Нұрым. Өкпең де дұрыс. Назың да орынды. Жігерлі де, намысты да едің. Бұдан былайғы қалауың не болмақ?

Айша (*ызалы күлкімен*). Ене... е... тағдыр қалай қуса, солай айналған қыздың қалауы алдану болады да.

Нұрым. Серпілетін кезің осы кез, Айша. Бұлқын,

Айша! Бұз ескі әдеттің шырмауын деп шақырсам, оқығандар қауымы шақырса...

Айша (*зілді*). Оқығанның бірі ағаң Хайдар ғой... Сексен құр ат сатып оқыған... Бегәлі қызы Сақышқа серпіл дейді... Серпілді... Қол ұстасты... Уәде байлады, қосылды... Ұшқыр жанды өткір қыз ақ батаны бұзды... Жалбарынбады... Жасымады... Би Мұса Жәпектің қысымына шыдамай зиялы ағаң Сақышты жар етіп алып, қор етіп өз қолынан қанды ауызға қайырып берді. Мұңды Сақыш, бақытсыз Сақыш, ақырында ақ қардан көбік жабылды... Оқыған зиялылар!

Нұрым. Мейірімсіз тағдыр ғой, Хайдар мен Сақышты айырыған.

Айша. Сен де сол... Бәрің де сол... Есіркейсіндер... Қайғы жұтқан біз сияқты пендеге егілген боласындар!.. Араша түсуге келгенде, аңырасындар... Неге келдің? Қапастағы мені құтқаруға келдің бе? Жоқ, ұстазыңды тергеуге келдің бе? Өмірден қорлық уын ішуім аз еді. Енді сен ішкізбесең етті. (*Жылап үйге кіріп кетеді. Сырттан Біләл келе жатады.*)

Біләл. А, қарындасыңа жолығып көзайым болдың ба, Нұрым.

Нұрым. Неме жетісіп көзайым боламын. Қарманатын тал да табылмапты.

Біләл. Бекер болар, Нұрым. (*Дәрігерлік бөлмеден шығып Темірбеков келе жатады.*)

Нұрым (*қолын күнқағарына таяп*). Сәлем бердік, ұстазым.

Темірбеков. Сәлемет бол... О, өзің сап-сарала боп қапсың... Иығындағы зерді өңіріңнен етегіңе дейін неге төкпегенсің?..

Нұрым. Ағаеке... Әскери форма ежелден осылай ғой!..

Темірбеков. Иә, иә... Басыңа құстың қанатын... тағуың ғана қапты... Василий Федорович Глаголев деген дәрігер Скобиннің қолында ма?

Нұрым. Иә!

Темірбеков. Ұстап берген кім?

Нұрым. Мен, ағаеке.

Темірбеков. Не үшін алдың тұтқынға?

Нұрым. Оның жауабын беттескенде досыңыздан сұраңыз.

Темірбеков. Сенен сұраймын, аяулы шәкіртім.

Нұрым. Досыңыз арманын сізден жасырған. Сіз білмей де қалғансыз.

Темірбеков. Қай ісіңнен бас тартты. Қай қасіретінді көтермеді. Сенің мешеу, күйкі тірегінді ластықтан тазартып, сырқауынды емдеуде ол не істемеді?

Нұрым. Сіз не Глаголевтің ұстаған жолымен болыңыз. Не бізбен болыңыз — деп бұрын да ескерткемін. Бүгін де ескертемін.

Темірбеков. Өз жолым өзіме... Мансұқ етуге елдің қасіреті де жетеді. Ұстазыңнан безгенде, бірге оқыған жолдастарыңнан безгенде өзіңді өзің сату болса — сөз аз да, тілеу қысқа!

Шауып келіп тоқтаған аттың дүбірі естіледі.  
Зәресі ұшқан Бәкубай келеді.

Бәкубай. Темірбековтың үйі қайда? Өзі қайда? Нұрым Жоланов бар ма? Айда-айда, тап-таптың астына алып екі солдат күтіп тұр.

Білэл. Не дейді мынау!

Нұрым. Бар, кірсін де. *(Бәкубай шақыруға кетеді.)* Маған ауыр сөз айттыңыз. Большевиктің бір жолбарысы қолыңызда отыр.

Білэл. Кім екен ол?

Нұрым. Қашқын Тверитин.

Білэл. Кімнің алдынан қашып еді?

Екі солдат кіріп келеді.

Солдат *(Нұрымға қағаз ұсынып)*. Ваша честь, мынау сізге.

Білэл. Дауыстап оқы. Біз де естіік.

Нұрым *(оқып)*. Эмиссар Шайтанқара Мұсылманбеков ауыр жаралы. Дәрігер Темірбековты осы солдаттармен бірге тез жеткізуді бұйырамын.

*Полковник К. Скобин.*

*(Жым-жырт. Жұрт аңыруда. Райхан мен Айша да үрке қарап тұр.)*

Білэл. Шайтанқара мерт болды де... *(Сырттан Темірбековтың шәкірттерінің бірі Жұмаш Малайсарин келеді.)*

Нұрым. Сіз онсыз да баруға тиісті едіңіз. Әзірленіңіз.

Білэл. Олай десең менің бұйрығымды тыңда. Біз

тіріде конвоймен апартқызбаймыз. Қайтар мына солдаттарыңызды.

Шыныбек (кіжініп). Қайтармай көрсін!

(Пауза. Айнала қоршағандар қайтаруын талап еткендей әрбір қимылын бағып тұр.)

Нұрым. Маған жүктелген борыш — өз ұятым, өз арым...

Темірбеков. Маған да түсер ауыр жүк — өз ұятым, өз арым... Дәрігер не үшін дәрігер... Дәрігерлік борыш қасты да, досты да емдеу.

Жұмаш. Бару да керек. Зіл қара тасты жүрегіне байлап, көнсең де осы, көнбесең де осы деу достық емес, Нұрым.

Нұрым. Операцияны жасамауы керек пе?

Жұмаш. Кімге?.. Өмірі лас, жәбірге толы... Қас дұшпанға ма?

Нұрым. Қызметі сол болса...

Жұмаш. Қызмет, борыш... Майысар мұрша табылмай ұстазын ұстап беру де қызмет, офицер мырза! Сіз маған да сабақ берген ұстазсыз. Мерейі биігіне көтерілген шәкірттің көңіліңіз қаламаған іске кіріптар еткен екен... Түбінде өкіне ме ұстазы, әлде өкси ме... Жүрегіңіздің қалауы біле ме?

Нұрым. Толқыны билейді сезімнің, қалауы біледі жүректің!

Темірбеков. Азабың сол, жазаң сол десең, апара бар. (Ызалы, шапшаң басып үйге кіреді.)

Біләл (Нұрымға). Скобин тажалдың әмірін орындамауға хақымыз бар ма. Ағакем сабасына түскенше аялдай тұр. (Нұрымды екі солдатымен ертіп кетеді. Үйдің сыртынан Тверитин келе жатады.)

Жұмаш. Естідің бе сұмдықты?

Тверитин. Мен бәрін де естідім...

Жұмаш. Не істеуің керек сенінше?

Тверитин. Бұл сапар тергеуден көрі ар қорлығына түсетін сапар. Операцияға кіріспей тұрып, қысылшаң сәттегі шешімді қолхатпен бекіткен жөн болар. Нұрым менің осында екенімді білген. Өз отына өз жүрегінің майын құйғызып, Айшаға деген ынтық зарымен шырмау керек...

Жұмаш. Сен көрінбе. Нұғыманның үйінде бол. Айла-амал таусылып бара жатса, өзім хабарлармын. (Тверитинді шығарып салуға кетеді, үйден қалаға баруға)

әзірленген Темірбеков шығады. Айша, Рабиға, Райхан үрейлі.)

Темірбеков. Хабарландар офицерге. Апаратын жеріне апарсын. (Білал, Нұрым, Жұмаштар да келеді.)

Рабиға (жылап). Жасаған-ау, ауыр күйінішті тағы да арқалағаным ба?

Темірбеков. Несіне жылайсың. Алдымда тұрған азап, тұтанар отымның ұшқыны шығар. Жұмаш, сен үйде бол. Білал, менімен бірге жүр. Келтіріңдер атымды... (Білалді ертіп кетеді. Өзгелері шығарып салуға кетеді.)

Айша (Нұрымға). Қалай? Дер кезінде келдім. Дегеніме жеттім деп барамысың.

Нұрым. Өзім де білмеймін.

Айша. Қанды дулыға кисең де басыңа, туыскандар киыспайды.

Нұрым. Туыскандықтан кетіп тұрмыз ғой, Айша!

Айша (сестеніп). Олай десең, қайтып менің қарамды көруші болма!

Нұрым. Айша!

Айша. Ұмыт менің атымды.

## ЕКІНШІ СУРЕТ

Н. қаласы. Бұрынғы крестьян начальнигінің кеңсесі соғыс штабына айналған. Кісі қабылдайтын кең зал. Сахнаны сол мезгілдің түнек басқан күнгірттігімен шешуге болады. Екі жақ қабырғада қара шымылдық. Төрте стол, орындықтар. Мезгіл аласапыран. Сыртта атты казактың және алаш жасағының жаттығуы жүріп жатады. Залға кіре беріс ауызда жасауылдар тұр. Асыға басып Нұрым кіреді.

Жасауыл. Пароль?

Нұрым. «Керзаман».

Жасауыл. Есть, господин офицер! (Нұрым писарьдің қасына келеді.)

Писарь. Аялдай тұрыңыз.

Нұрым. Мұрыңның астымен қарамай көзіңмен қара! Танымай қалдың ба!

Писарь. Өзім шақырғанша күтсін деді сізге. (Төргі бөлмеден қоңырау қағылады. Нұрым кілт жиналып Скобиннің қабылдау бөлмесіне кіреді. Крестьян начальнигі Скобинның өңі суық. Сұқсыр қара сидам. Екі қолын артына сап, ерсілі-қарсылы жүріп ойлануда.)

Нұрым. Бұйрығыңыз бойынша жедел жеткен қазақ-киргиз гарнизонының офицері — Нұрым Жоланов!

Скобин. Вольно! Шайтанғара Мұсылманбековты тірі алып қала алдыңдар ма?

Нұрым (*басын салбыратып*). Тірі алып қала алмадық. Темірбековтың қолында яғни операция столында қаза болды.

Скобин (*шошына қайғырып*). Не, не? Мен үшін ең сенімді, ең адал жауынгердің бірі еді. Ауыр қаза. Операция кезінде Темірбековтың қасында кімдер болды?

Нұрым. Өзім болдым қасында. Көз алдымда өтті. Дәрігердің борышы кімді де болса емдеу ғой. Темірбековты ұстазым деп емес... ажалмен қалай арпалысқанын көзім көрді. Оған зәредей де күмәнім жоқ.

Скобин (*сезікті*). Сіз ойлағандай болмай шықса ше? Өзі қайда?

Нұрым. Ауыз бөлмеде. Күтіп тұр. Кірсін дейін бе, полковник мырза.

Скобин. Дәрігер досы Глаголевтың приговорын естірттің бе?

Нұрым. Естірттім!

Скобин. Қалай қарайды екен?!

Нұрым. Қалайы бар. Қатты егілді.

Скобин. То-то! Глаголевке егіледі де, Мұсылманбековқа қуанатын болар.

Нұрым (*қысылып*). Оны көзіңізбен көресіз де...

Скобин. Біздегі істердің барлығы да осы. Қуып барғанын Тверитин, жерлеп қайтқаның Мұсылманбеков болды. Ұстай алмасың бар жауапкерлікті мойныңа алып сен бар еді? Біріне бірің қимастық, солқылдақтықтарың-ақ кажытып болды, офицер мырза! Кірсін де!

Нұрым (*есіктен шақырып*). Кіріңіздер. (*Қалпағын қолына ұстаған Құсайын Темірбеков, Біләл бар қасында кіреді. Скобин суық ызғармен үнсіз қарап тұр.*)

Скобин (*тұрғандарға түгел қарап*). Ну, киргиздің оқыған зиялылары. Езілгендік, құлдық езгілерінен шығармаған патша үкіметі — деп сайрайтын едіңдер. Патша құлады... Енді кім сендерді шырмап отырған? Біз бе, әлде, өзді-өздерің бе?

Нұрым. Өзді-өзімізден де бар, полковник мырза.

Скобин. Біз сіздерді Россияны қорғап қалуға шақырдық. Бұған не дедіңіздер?.. Жер-жерде қырғын шайқас. Бірін бассаң, бірі тұтанады... Большевиктердің бүліншілігі ел ішін кернеп барады... Сол үшін де, бұзықтармен күрес үстінде қалаулы эмиссар Шайтанқара Мұ-

сылманбеков мерт болды. Оны жанбай жатып сөндірдіңдер! Доктор Темірбеков, Мұсылманбековтің сіздің қолыңыздан қаза табуын не деп түсінеміз?

Темірбеков. Ол ерік өзіңізде. Мен дәрігерлік борышымды адал атқардым деп білемін. Сіз үшін жанбай жатып сөнуі — зор қайғы да болар... Менің халқым үшін белі қайысып, күйзелтіп өтетін қаза дей алмаймын. Оны өлтірген халық... оны өлтірген өз гайбаты, оны өлтірген...

Скобин (*ақырып*). Оны өлтірткен мен дерсің?

Темірбеков. Қансырап біткен ақырғы тынысында жатқан адамды ажалдан арашалауға мәжбүр еткен сіз! (*Нұрымға.*) Мына тұрған менің шәкіртім...

Скобин. Даурықпай сөйлеңіз, учитель мырза!

Темірбеков. Қаралаудың, жазалаудың нашар түрі. Ескі тәсіл. Қисынсыз іске қинамаңыз. Маған қоятын екінші айыбыңыз?

Скобин. Сіз бекерге шамданасыз. Глаголевпен қай жылдан бері таныссыз?

Темірбеков. Бір мың тоғыз жүз алтыншы жылдан.

Скобин. Глаголевты сіздіңше кім дейміз?

Темірбеков. Меніңше Глаголев ең алдымен адам!..

Скобин. Қандай адам?

Темірбеков. Ажалым адамнан болмаса екен деген адам. Менің халқым үшін қажетті де, қымбатты адам.

Скобин (*сиқырлы*). Глаголевтың қымбаттылығы Обломов тақылеттес күнде ертеңмен күнін өткізіп келген жатып ішер жалқау киргизді көтеріліске шақыруында?..

Темірбеков. Учредительный жиналысты сіздің басшыларыңыз да, күнде ертеңге қаратып келген жоқ па, господин полковник...

Скобин. Шақыра қалған күнде не болар еді.

Темірбеков. Пугашевтық орыстың аяусыз бунты бұрқ етер еді де, күнде ертеңді күтіп отырған менің халқым ұлан-асыр шайқасқа қойып кетер еді.

Скобин. Түсінікті... (*Қаһарына мініп.*) Глаголевпен соңғы рет қайда кездестің? (*Темірбеков қасарып жауап қайырмайды.*) Қасармаңыз!..

Темірбеков. 1917 жылы Омбыда. 1918 жылы көлдің жағасында, қос басында.

Скобин. Қос басында не деп уәде байластындар?  
Темірбеков. Ол көлден құс атуға келді. Пішеншілердің қасына мені шақыртып алдырды.

Скобин. Так... так... содан кейін?

Темірбеков. Содан кейін маздап жанған отқа теріп алған шөмшегін үстемелеп салды да... «Байқаймысың. Біздің өміріміз осы оттың лаулаған жалыны тәрізді...» Ол отты маздатып жағып отыр. Мен рақаттанып қызуына жылынып отырдым.

Скобин. Жүрегіңізді жылытқан сол оттың қызуы еді деңіз!

Темірбеков. Нақ солай!

Скобин. Сіз жайында қателеспеген екенмін. Бұдан былай еркелетіп қоя алмайтын шығармыз сізді. *(Суырмасынан приговорды Темірбековқа ұстатып.)* Досыңызға атылу жазасы берілгенін естіген шығарсыз?

Темірбеков. Естідім. *(Ауыр күрсіне, толғана сөйледі.)* Кім болғандығы үшін?

Скобин. Коммунист, бүкіл Сібірді бұлдірген жау болғандығы үшін.

Темірбеков. Иә, ол коммунист, сіз монархист. Менің шәкіртім алашордист.

Скобин. Өзің кімсің?

Темірбеков. Кедей учитель. Қарапайым дәрігермін.

Скобин. Қайда жасырдың Тверитинді? *(Темірбеков жауап қатар емес.)*

Білэл. *(Нұрымға).* Бізге келіп паналамағанын көрдің ғой. Айтпаймысың мынауыңа.

Скобин. Сіздің ділмәрлығыңыздан да хабардармыз.

Білэл. Жоғау енді. Мемлекет күзетіне қойған адамыңыз көріп қайтпады ма?

Скобин. Прекратите, Білэл Малдыбаев.

Білэл *(қаймыға кідіріп)*. Хорошо, мен тоқтатамын. Сіз де, көрмегенді көрді деп қинаманыз.

Скобин. Убрать!

Білэл. Мені қуып шыға беріңіз...

Скобин. Убрать!

Білэл. Бізден күдіктенуге ешқандай дәлеліңіз жоқ... Бізге сенбейтіндей опасыздық жасағанымыз жоқ. Егерде сіз қайғы-қасірет арқалататын болсаңыз...біз де қарап қалмаймыз!

*(Жасауылдар Біләлді алып кетеді.)*

С к о б и н. Міне қандай сіздің шәкірттеріңіз. Естідіңіз ғой сөздерін! Бұған не дейсіз?

Т е м і р б е к о в. Естідім. Менің беретін жауабым — адал қызмет ету. Құлағанша өмір сүру. Сіз білмейсіз. Глаголевтың өмірі менің халқымның бейнеті... Ол сізге тұтқынға алынғанша жұртты үйретуден тоқталған жоқ. Жалыққан жоқ. Ол үлкен физик. Машина жүргізе білмейтін халыққа жүргізуді үйретті. Ол ғажап биолог. Дәннің тұқымын іріктеп, жерді шұрайлы етуді үйретті. Ол шебер хирург емес пе еді. *(Нұрымға.)* Жан дегенде жалғыз бауырың, қарындасыңды жылан шақты... Мен уытын қайыра алмадым. Қыз өлім халінде жатты қиналып. Ол дереу жыланды жентіктеп жіберіп қыздың денесіне тартты. Бақсам Африка халықтарының емдеу әдісі екен. Қыз ажалдан қалды. Имандай жаның бар, бекер ме еді?

Н ұ р ы м. Рас.

Т е м і р б е к о в. Ол менің мешеу жұртыма өнер-білімнің отын жақты. Оның серіктері Сібір ғалымдарынан Усов, Бахматиев, жазушы Шишко... Кен зерттеуде Усовтың бағдары Россия оқымыстыларының зор мақтанышы болып отырған жоқ па? Атбасар шеңбері деп аталатын экспедицияда жүріп қазақтың қара домалақ балаларын бауырына тартты. Омбыға апарып оқуға орналастырды. Алды қазірде Томскінің технологиялық институтында.

С к о б и н. Жақсы аңғарттыңыз. Қатерімізде жоқ емес. Оларға да кезек таяу. Тым еркінсіп кеттіңіз. *(Қатардағы бөлменің есігін ашып.)* Прошу? *(Темірбеков кіреді. Скобин Нұрымға.)* Ұстазыңызбен тәуір-ақ салғыластық білем. Не істеуге бұйырасыз?

Н ұ р ы м. Глаголевтың дағдыры қолыңызда ғой, полковник мырза?

С к о б и н. Өлуге әзір, Тверитинді ұстап бермейді... *(Төмен қарап қалған Нұрымның иегінен көтеріп.)* Інжүрғаң неге түсті сенің?!

Н ұ р ы м. Кешіріңіз. Тым күшке салып жібердіңіз. Мақсат Темірбековтың белін сындыру емес. Сізбен ымыра-бітімге келтіріп, достастырам ба деп едім. Бүгінгі кездесуден кейін... қасірет шегетін мен болам ба деп тұрмын.

С к о б и н *(ақырып)*. Өліп кетсең де шыдайсың, офи-

цер мырза!.. *(Ар жағын айта алмай Нұрымға төне тесірейіп қалған. Шам сөнеді.)*

Қара көлеңкені жамылып, Шыныбекті ертіп Тверитин сахнаның мүйісіне келеді. Қуылып шыққан Біләл қарсы жолығады.

Тверитин. Не боп жатыр. Алды қалай? Иілетін бе?

Біләл. Иілетін түрі жоқ. Мені қуып шықты.

Тверитин. Нұрым не сыңай білдірді?

Біләл. Нұрым қақ жарлы ойға ауысқан тәрізді.

Тверитин. Бұзылғандыққа белшесінен батқан адам арындап барып тоқтайтын әдеті. Қазірде арындап тұрған кезі. Өйткені қолын қанға малып тояттанған. Глаголевы тірі босатпайды. Темірбековтың жүрегін шайлықтырамын деп азаптың ауыр бұғауын аямай салуға тиісті. Тек сол бұғауды Нұрым ғана үзе алады.

Біләл. Беті бұрылмай тұр ғой.

Тверитин. Елде чума барын білді ме?

Біләл. Білсе шошынар еді. Білген жоқ.

Тверитин. Ел жіберді, дертке шалдыққан халық жіберді. Дәрігер керек, ем керек деп Шыныбекті хабаршы етіп салуымыз керек. Темірбековты босатуға септігі тиер.

Шыныбек. Сезіп қалса.

Тверитин. Чуманың қаупі соғыстан да ауыр. Үрей салсақ... халықты қарсы көтерудің қаупін төндірсек, қаймығуы да ғажап емес...

Біләл. Соның бәрінен де сенің басың қауіп-қатерде тұр. Бізді сабылтып, Темірбековты қинауындағы мақсат қайткенде сені қолға түсіру. Қып-қызыл оттың ішіне бекер келдің. Ауылға тарт. Ауыл пана болмаса, орыс поселкесіндегі Темірбековтың көп достарының біріне паналауға тура келеді.

Тверитин. Жасқаншақ болмау керек, Біләл! Дүниеде жасқанбау керек!

Біләл. Көзсіз ерліктен де пайда жоқ! Сақтанбасақ қолға түсесің. Бері жүрі!..

Шам сөніп, қайырадан жанады. Жарық Скобинның кабинетіне ауысады. Адамдық бейнеден кеткен, бет-аузы көнектей боп іскен, үстіндегі киімдері дал-дұл боп жыртылған, әбден ит тепкі азапты көрген Глаголевы алып келген. Темірбеков оның алдында тұр. Нұрым мен Скобин.

Скобин. Тұтқын Глаголев, мен сізді айрылмас досыңыз, Құсайын Темірбековпен ұшырасуыңызға мүмкіндік беріп отырмын.

Глаголев (аң-таң). Темірбековпен? Кездестіруді тілеген жоқ едім.

Скобин. Танысыңыз.

Темірбеков. Василий Федорович, қымбаттым!

Скобин. Тұтқын Глаголев, досыңызға қырсығым тимесін десеңіз, Тверитинді қайда жібердіңіз! Соны мойындасаңыз...

Глаголев. Приговорды қайыра бұздырасыз ба?

Скобин. Қайыра бұзылуы да ғажап емес.

Глаголев. Оған дейін таң да атып қалады.

Скобин. Құдайдың түні көп.

Глаголев. Құдайдың күні де көп.

Скобин. Сіз құдайдың берген дарыны мен бақытын тонатпаңыз. Сіз бақытты боп өтетін адамсыз.

Глаголев. Иә, дарын мен бақыт бұлты ыдырап, аспаны шайдай ашылған жерде ғана жануға тиісті. Әңгімелеп қайтесіз. Сіз менің қылмысымды мойныма қоймай тұрып ондай сөзді айтуға хақыңыз жоқ. Өйткені сол бақытты тонаушының бірісіз!

Скобин. Олай деуге дәлелің?

Глаголев. Олай деуге дәлелім — бізге қарсы қылмысты сіз жасадыңыз. Қайткенде қанды көбірек төксең, жан шошырлық жаза мен кек қиып кеткен көңіл де сабасына түседі?..

Скобин. Тверитинмен бірге совдептің қызыл туын көтерген дертіңізді немен емдеуіңіз керек еді?

Глаголев. Сол үшін маған атылу жазасы берілді.

Скобин. Мойындамайсыз? (Глаголев жауап қатпайды. Сыртқы есік көзінде даң-дұң.)

Шыныбек. Жіберіңіз, господин полковникке. Жіберіңіз, қатерлі іспен келдім. Жіберіңіз...

Скобин (Нұрымға). Баршы. Қатерлі не іс екен, білші?

Нұрым (сыртқа шығып). Токтатындар керісті. Жіберіндер! (Қолында қағаз, «Ваше высокоблагородияға» басып Шыныбек келеді.)

Шыныбек. Ваше высокоблагородия. Господин полковник. (Құсайынға.) Құрметі дәрігер Темірбеков. Бәріңізге, бәріңізге... (Басын жерге жеткенше иіп.) Құрыдық қой... Құрыдық. Тып-типыл боп қалатын болдық. Мархаматты құдайым апатын жіберді... (Қағазын ұсынып.) Жедел шарасын қолданбасаңыз. Жалмап жатыр... Жұтып жатыр!..

Скобин (оқып). Чума? (Зәресі ұшып.) Не, не? Чума?

Шыныбек. Баудай түсіп қырылып жатыр. Ертең сізге жұғады. Сіз арқылы үй-ішіңізге, армияңызға жұғады, Ваше высокоблагородия.

Темірбеков (күйіне жекін). Менің жасымда үш рет... Талай ауыл аңырап бос қалған. Талай үйдің түндігі жабылып от ошағы сөнді. Бұған не дейсіз?

Глаголев. Өзі апат ала келген үкімет апатқа ара түсе ме?

Скобин (шошынған ойынан айықпай). Қай жерден білінді?

Шыныбек. Сырымбет саласындағы ауылдардан...

Скобин. Қарсылық та, дүрлігу де, революцияның насихаты да Сырымбет саласында.

Шыныбек. Қағынған жер боп тұр ғой, тақсыр...

Скобин. Мerezдер... Құрт құсқан мerezдер!.. Та-наудың ішін тазартып алмай, мұрындарынды көтердіңдер!

Шыныбек. Дәрігер жіберіңіз, тақсыр.

Скобин. Қос дәрігер қасымызда тұр. Жұрттың сырқауын емдеудің орнына, үкіметтің сырқауын емдемекші. Қандай сұрқиялық. Нысап-ұят болсайшы бұларда. Қолдарыңа қару алып көтерілісті бастағанша өз қаруларың жетпеді ме?

Глаголев. Біздің қаруымыз — хирургиялық қару. Сылу керек мerezді.

Темірбеков (қолдап). Сылу керек мerezді.

Скобин. Сылу керек болса мerezді сылығанды көрсетемін. (Жасауылдарға.) Алып жүріңдер қызылдың чумасын. (Жасауылдар Глаголевты алып кетеді.)

Глаголев (кетіп бара жатып). Қош бол, қымбатты досым Құсайын Темірбекович.

Темірбеков. Қош, Василий Федорович. (Глаголевты алып кеткен жаққа Скобин де кетеді. Пауза. Нұрымға.) Ендігі алар сыйың не болмақ, аяулы шәкіртім?

Нұрым (торығып). Жок! Мен енді... мен енді... Жан түпкірімде құпия жатқан ой неге жетелесе, мен соның өміріндемін. (Скобиннің соңынан о да кетеді. Скобин кеткен жақтан екі дүркін мылтық атылады. Аһ ұрған күрсінү. Темірбековтер атылған Глаголев екенін біліп азала ауыр мұңға батып тұрып қалған.)

Темірбеков. Қош бол, есіл азамат! Әттең қайғы

жеңіп, қасіреттің түнегі басқан кезде кеш ұмтылдым. Кешеу араластым тағдырыңа. *(Белін ұстап, Шыныбекке сүйеніп ілби басып жүре бергенде Нұрым ышқына ұмтылып шымылдықтың тасасынан шыға келеді.)*

Нұрым *(еңірей боздап)*. Ым... Мен мансаптың ғана құлы боламын деп пе едім. Теңсіздіктің азабы тек қана ажалмен аяқталатынын кім білген. Менен көре көрме, ұстазым.

Темірбеков. Мінезің солай, салтың солай, шәкіртім.

Скобин *(қолында наган. Көзі қанталаған. Қайырадан шығады, Темірбековке)*. Мен сенің досыңды өлім жазасына қидым. Достық, қастық — бәрі де көздеген мақсаттың мәртебесі, кекке — кек, қанға — қан осылай қайрылады! Ойламаңыз, мұнараның басындағы суық тас-тан құлайды екен деп. Тверитінді қолымызға ұстап әкеп бергенше, мен сені тұтқынға аламын. Апарындар! *(Жасауылдар Темірбековты алып кетеді. Скобин де кетеді. Кабинетте Нұрым ғана қалады.)*

Нұрым *(ар-ұяттың не екенін енді ғана біліп, өзіне)*. Өмір мені не сұмдыққа итерді. Кісі атылды. Қан жұтылды. Ұстазың түрмеге қамалды. Мен кім болдым? Қастығы бар, достығы жоқ. Көрсеқызар... ойланбай, тек қана бір ғана өз тәнімді, өз жанымды, өз мәртебе-дәреже-мемді, өзім ғана шығатын биікке ұмтылған... Өзім ғана болсам деген, өзім ғана, өзім... өзім... Аһ... Ым... Не үшін қызық бұл өмір? Асты-үстіне келіп топан болып жатқаны үшін қызық па? Аласұрғанда не таптың? Енді мені бұл қылмыстан құтқаратын күш неде? Айша, маған деген адал махаббатыңда ма? Ауылға барамын. Кош бол, озбыр ұлық! Содыр қауым! *(Көзін бір нысанадан алмай қарап тұр. Оның көз алдында Айшамен кездескен ыстық сезім билеген сәтті көрініс. Шам сәулесі Нұрымның үстіне ғана шоғырланады. Көз алдына Айша елес береді.)* Айша, тәңірім, жан сұлулығы — тән сұлулығын саған аямай-ақ берген ғой...

Айша. Бар байлығым дүниеден маған тиген енші бір ғана көркім. Қара көңіліме, қайғы-шеріме медеу болған да көркім. Көңілімнің түбіндегі сәулем де көркім. Өз айнам өзімде. Басқа не бар менде.

Нұрым. Анада сырымды сарқа алмай кетіп едім.

Айша *(күрсінеді)*. Себеп не екен сырынды сарқа алмай кетудің?

Нұрым. Төтенше тапсырма, аялдауға ерік берді ме, Айша. Балғын шақтағы махаббат. Бір қызарып, бір ұялып, оңашада тіл қата алмай, сөзсіз түсініскен жүрек бұл күнде қайда кетті?

Айша. Бәрі орнында. Менен де гөрі сабақ алған ұстазыңнан айрылмауың керек еді. Кетерінде қанды дулыға кісең де туысқандар қиыспайды деп ескерттім.

Нұрым. Қимағаным үшін де Тверитиннің қолтық астында тығылып отырғанын айтпадым.

Айша. Паш етсең, тағы да неше саты көтерілетін едің?

Нұрым. Саған түсіндіру қиын, Айша.

Айша. Мен не, көр мылқаумын ба!

Нұрым. Айыпты Темірбеков те емес, мен де емеспін. Қазақ оқығандарының алауыздығы. Автономшыл лидерлер Қолчактың зеңбірегін оқтап таққа жетемін деп ұмтылса, совдепшілер келе жатқан қызылдың туын көтеріп баққа жетемін деп ұмтылды. Мен де ұмтылдым.

Айша. Солай ма? Сенің ықтиярыңнан тыс екенін кім білген? Мені іздеп келсең, ауылға жүр. Отауыма жүр.

Нұрым. Ауылда кім бар?

Айша. Кімдер болушы еді. Өзіміз.

Нұрым. Сарнап жатқан кімнің дауысы?

Айша. Тақпақ сөз оқыған ағаекемнің шәкірттері.

Нұрым. Менен несін жасырасың. Оқып отырған Тверитин. Тыңдап отырғандар Біләл мен Жұмаш. Тверитиннен құтыл деп алдынан өтсем де құтылмапты.

Айша. Сен құтыл десең, Темірбеков құтылмаса, жан өктем жүргізудің не лайығы бар?

Нұрым. Лайығы сол, Айша! Темірбеков те, оның шәкірттері де Тверитинмен тұсалып отырмыз. Арамыздың алшаюы да содан. Оны тұтқынға алмай бізде бірлік те жоқ. Бітім де жоқ. Тізгін де жоқ. Шашбау көтеру ғана! Сені мен менің арамдағы жанбаған махаббат тәрізді.

Айша (өзін берік ұстап). Жанбаған махаббатты Темірбековтың екінші досына қайыра оқталумен жандандырмайсың. Ол жыртық үйдің түндігінен жұлдыз санап өксіген қызыңды, қайраты мұқалған ұлыңды сергіте келді. Менің қайғыма жан ашыр бауырдай қайысып, жазып жүрген жырына қаншама нәр алдым десе ондай

досқа қастық уын шашуға бола ма, Нұрым? Мен бәрін де естідім. Жапан дүзде жалғыз қалмаймын десең ара түс ұстазыңның тағдырына.

Нұрым. Ойпыр-ай, Айша, шарпи соғар күйініштен арылмаппын-ау.

Айша. Тілімді алсаң, арыласың!

Нұрым. Не істейтінімді өзім білемін! *(Айшамен кездесуі үміттің елесі. Елес кетті. Кабинетте өзі ғана тұр.)* Кеттім онда түрмеге!

Шымылдық.

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### БІРІНШІ СУРЕТ

Түрме. Темірбеков жалғыз. Ойлана толкуда.

Темірбеков. Лайсаң топыр, қасірет ойды салдыратып кеткен күйініш бұдан артық болар ма? Еһ, Глаголев, Глаголев... Күншіл дүние, қас өлім — сенің өлімің. Елді обаның жалмап жатқаны анау. Қара жамылып, қайғы жұтқан ата-ана... Зарлап қалған бала... Көз жастарын құрғатуға септігім тимесе, тіріліктің несі сәнді мен үшін? Не істеу керек? Не істеуім керек? Қиянаттың қыл бұрауын үзіп шығар күш қайда?.. Ерте оянған көңілім бір соққыдан қажып қалса... зор қате... кешірілмес қате... Қарсылар қартында әлі де күш-қуат бар! Сарқылған жоқ! Естіңдер!.. Естимісіңдер!.. *(Үнсіздік. Сыртта салдыр-гүлдір есік ашылады. Иығында қара плащ, оқтай атылып Нұрым Жоланов кіріп келеді. Темірбеков оны бірден тани алмай қарап тұр.)* Кімсін сен?

Нұрым *(қасына жақындап.)* Тез жиналыңыз!

Темірбеков. Ә, сұм бала, тағы да орадың ба алдымды?

Нұрым. Орау үшін келгенім жоқ. Құтқаруға келдім.

Темірбеков. Сен мені құтқара алатындай сенімге жеткен жоқсың. Әттең қолымда семсер жоқ! Жүзі күйген жерге қарайды. Жерге қара. Өмірге кер құштырып кіргеннен тапқан опаң не?

Нұрым. Тапқан опаң түңілу болса не дейсіз?

Темірбеков. Түңілу аз саған. Қара түнде тентіреп неге кетпейсің. Неге келдің?

Нұрым. Бет алған жолымнан бұрыла алмай, сізге қайғы жұтқызған күнәмді өтеуге келдім. Сілейтіңіз де, соғыңыз. Жастық алданышын татпаған арманымды қуып келдім. Шер жұтып, шерменде болған жастығымды күйіп келдім. Сеніңіз маған.

Темірбеков. Күрсінуге мен күйінуден жан беріп, жан алудан туатын сенім бар да — сендіруге бар. Не деп сенемін. Кет менің маңымнан! Құдай саған Глаголевтың өлімін берсін. Менің азабымды берсін.

Нұрым. Қумаңыз мені, ағатай! Қуғанмен менен құтыла алмайсыз. Тағдырым айрылмас тағдыр.

Темірбеков. Сабан төсек, сөз еденге салып қойып тағдырыма араша түспексің.

Нұрым. Сенбегенге бәрі жалған. Сөйлегенім өз сөзім емес... Кіналай беріңіз. Кешегі тартқан қасіретің алда көретін сұмдықтың сілемі ғана. Құтылыңыз Тверитиннен.

Темірбеков. Не деп! Сен ізіне түсті деп құтыламын ба! Ол сенің түнек басқан заманда, айықпас соққы астында сөнген абзал екі жастың махаббатын қайыра жандыру үшін келді. Менің бауырыма өшкенінді тірілтіп, орыстың ұлы тіліне аудару үшін кірді. Сахара тірлігінің барлық болмысы мен тынысы, рухани байлығы Қозы мен Баянның мөлдір таза махаббатында емес пе? Мақсат қойып ізденген өнер даналықтың айғағы. Сенде неге жоқ сол мақсат?

Нұрым. Қимасым де мейлі, сырласым де мейлі. Бәрібір жаныңызды төсеп арашалап қала алмайсыз. Еріңіз маған!

Темірбеков. Жоқ! Саған еріп бақытқа жеткенімше, түрмеде отырып тамыққа кеткенім абзал. Келіп, халімді білгеніңе рақмет. *(Пауза. Нұрым көндіре алмағанына ызалы. Сұлық қарап тұр. Қолында пропуска қағазы бар, есік алдындағы надзирательден сұранып Шыныбек келе жатады.)*

Шыныбек. Ваше высокоблагородия... Мәрхабатты мырза. Жолығып сәлемдесіп шығуға штабс-капитан, ротмистр — Тарабухинның өзі берді пропусканы.

Надзиратель *(сыртта)*. Барыңыз!

Есікті ашып камераның ішіне кіреді.

Темірбеков. Шыныбек?

Шыныбек. Шыныбектің дәл өзі.

Темірбеков. Қалай кірдің, жарқыным.

Шыныбек. Тамағынан аттың пұлын, атаның құнын өткізсең түрменің көрі тұрсын, жұмақтың төріне де жібереді. Ал, тұрмайық. Ауылды жау қамап шауып кетті.

Темірбеков. Не деп тұрсың? Қайдағы жау?

Шыныбек. Райханды айттырған құда атты жауың.

Темірбеков. Құдалықтың қыл арқаны қиылған еді ғой.

Шыныбек. Сіздің түрмеде отырған кезіңізді пайдаланып қайырадан жалғады. Молтан сұм қырық жігітпен келіп ауылды қамап алды.

Темірбеков. Қашан?

Шыныбек. Сұрама. Тып-типыл ғып ойрандап кетті.

Темірбеков. Не істеді?

Шыныбек. Әуелі сау етіп келді де, Зылиқаның үйіне түсті.

Шыныбек болған оқиғаны көз алдарына елестетіп баяндауға кіріседі. Шам сөнеді. Қайыра жанғанда сахна ауылға ауысады. Киіз үйдің ішінде Айша мен Райхан.

Айша. Қамыға бермеші, көзі ашығым. Көкең келгесін бәрі де қалады жайына.

Райхан. Мен көкеме тағдырыма араша түс деген қыз ба едім. Апам көріне ме! Сорлы апам, мені ойласа көкірегі қақ айрылады.

Айша. Қайтсін, ана көкірек қой.

Райхан. Жұмаш та қызық. Қорқа ма білмеймін. Мойны салбырап қабағы түсе бастады.

Айша. Қойшы, көзі ашығым. Оған да оңай деймісің. Сенің әуеніңмен-ақ толқып отыр ғой. Айнала беріп оңашада уңлегенін көрсең. Тоқтай қал. Біреу келеді (*Еңтіге басып Бәкубай келеді.*)

Бәкубай. Жұмаш пен Тверитин қайда?

Айша. Не боп жатыр. Апам қайда?

Бәкубай. Апаң қазір келеді. Әлгі Тоқсанбайдың немересі, төртбақ қара мұрт бар емес пе.

Райхан. Молтан ғой.

Бәкубай. Соның түрі жаман. Ішіне кескен шолақ винтовканы байлап алған.

Жұмаш пен Тверитин. Білал да келеді.

Жұмаш. Неге кепті. Кімді іздеп кепті?

Бәкубай. Не сұмдығы болса да ішінде. Үйге бір кіреді, бір шығады. Ауылдың сыртына қарауыл қойды.

Тверитин. Қарауыл қойса, тегін болмады. Бәкубай, сен сыртты бақыла. *(Бәкубай кетеді.)*

Жұмаш. Не мақсатпен келгенін қалай білдік?

Райхан. Әкеміз түрмеде. Біз мұнда.

Жұмаш. Әкеміз де, біз де тағдырдың тәлкегіне түскен кезеңге тап болдық. Жау сырттан да, іштен де торуда. Дос та, қас та айырып жатыр іргесін. Айрылмаймын ата салған жолдан деп сені айттырған Тоқсанбай тұқымы туласа, әдет бұзамыз деп біз тулаймыз, Райхан. Жансыз суық көздерін олар бізге қадайды. Берілмейміз деп біз оларға қадаймыз.

Рабиға келеді.

Рабиға. Айла-амалымыз таусылғаны ма, балалар. Отырмандар, қапыда қаламыз.

Райхан. Қапыда онсыз да қап тұрмыз ғой, апа!

Рабиға. Боса да қорланған памыс екен. Боса да көкіректі күйдіріп өтетін күйік екен. Батпан салмағын маған тастасын. Сілтейтін қара шоқпарын маған сілте-сін. Сендер аман құтылыңдар.

Тверитин. Тоқта, сабыр тұтайық. Қазір бізге бір сәт те қымбат. Көздеп келгені мен болсам, мен атыспай берілмеймін. Ал, Райхан, сені алып қашуға келсе онда сені құтқарудың айла-амалын ойлайық.

Білал. Қарсы тұруға қару да жоқ.

Тверитин. Ендігі қару қайратта. Арамдықтан арылмаған қауым да осы. Әдет-ғұрып заңындағы шыр-мау да осы. Білал, сөзге сен шық. Жұмаш, Райхан, біз үшеуіміздің бекінісіміз үй ғана болады.

Бәкубай. Келе жатыр.

Рабиға. Балалар, ағаш үйге барыңдар. *(Жұмаш, Райхан, Тверитин ағаш үйге кіреді. Қасында қарулы жігіттері бар, Молтан келеді. Рабиға мен Білал сұлық.)*

Молтан. Рабиға құдағи, аманбысың.

Рабиға. Шүкіршілік.

Молтан. Рабиға, бір емес, екі рет жерленіп, екі рет қорландық.

Рабиға. Байғұс-ай, сенің қорланбай жүретін күнің бар ма!

Молтан. Арыстай азаматымыздың құны мен қаны сенің күйеуіңнің мойнында!

Рабиға. Оны өлтірген ел емес пе?

Молтан. Оны өлтірген Құсайынның коммунистері.

Білэл. Ай-күнінді батырған біздің бұлтымыз екен ғой?

Молтан. Марғауланып, сілекейше шұбатылған сен! Сенің досың Тверитин. Кедей Бәсентиннің келімсегі Жұмаш Малайсарин!.. Шығарып беріндер ата жауымды?!

Білэл. Атаңа не жазды. Саған не жазды?

Молтан. Жесірім кетті. Інімді өлтірді.

Білэл. Шайтанқара рулас екені рас. Қай уақыттан бері туыс боп еді. Құдалық десең Тоқсанбай әулетімен құдалықтың арқаны бұрын да кесілген. Бүгін де кесіледі.

Молтан. Жолға жүгінейік ендеше?

Білэл. Жолы да, жөні де тағдырмен ойнамау. Құсайын қызының тағдыры — біздің тағдырымыз, ел тағдыры. Атой салдың, ауылды шаптың. Не мұратқа жеттің?

Молтан. Мұрат әлі аруақты қорлатпау... Мұрат тірімізді тонатпау. Кедей Темірбековтың келте құйрық қазық аяқтары?! Басынуларың жетті!..

Білэл. Аяспайық!

Молтан. Аясам өз үйімнің төрі де жетеді, жатуыма! (*Шоқпарын білеп.*) Мынау қара шоқпар, миларыңды аузыңа түсіретін шоқпар!.. (*Білэлға сілтей бергенде Рабиға жанұшырып ара түседі.*)

Рабиға. Аллау, шоқпар сілтеді-ау! Білэл, былай тұр. (*Молтанға.*) Менің сілем сенің қанды шоқпарыңнан кем түспейді. Тоқтат мыналарыңды! Мен зарласам қара тас та жібиді.

Молтан. Қай сиқырыңмен?

Рабиға. Сиқыр өз басыңнан кетпесін. Мен анамын. Ана қарғысын арқалау ұлы-қызының алдынан шықпай тұрмайды! Аттап кет өлігімнің үстінен!.. (*Белін буынып бекінуге үйге кіреді.*)

Зылиқа (*Рабиғаның кеткенін пайдаланып*). Хе, хе... Бақ сынасқан құдалар.

Молтан. Бақ сынасқан мен емес, қайның.

Зылиқа. Судың тұнығы Құсайын мен Тоқсанбай, сүт бетінің қаймағы да Тоқсанбай мен Құсайын! Сындырма сағынды, тапталпа намысыңды!.. (*Қайрап.*) Аттап кет Рабиғаның өлігінің үстінен... Іздеп келген коммуни-

терің де, қызы да, орысы да бой тасалап үйде отыр. Күшің жетсе алып кет жесіріңді! Күшің жетпесе сүтке тиген күшіктей ожау жеп қаңсыла да үйіңе қайт!..

Кете береді. Үйден белін буып, бекінген Рабиға шығады.

**Рабиға.** Ей, Молтан, сендер болсаңдар шынжыр балақ шонжарсыңдар!.. Біз болсақ кейіннен жетілген — жұпыны ғана жандармыз. Ерік берейік балаларға — деп әкеннің де, сенің де алдыңнан өткенбіз. Әлі де болса ескерткенім. Райыңнан қайт!

**Молтан.** Құдағи, сен қоя тұр! *(Үйден Айшаны ертіп Райхан шыға келеді.)*

**Райхан** *(атырына қарап тұрады да).* Қош келіпсіз, Молтан құда! Күйеу қосшылар, бәріңізге бір сәлем! *(Көйлегінің етегін саусағының ұшымен көтеріп, Европа дәстүрімен иіліп сәлем етеді.)*

**Бірінші жігіт** *(ерсі көріп).* Етегін көтере ме, қайтеді әй, мына қыз?

**Екінші жігіт.** Аяғын созғаны несі.

**Молтан.** Әдеп, әдеп сақтаңдар! Оқығанмен құда болсаң, сүйгенінің бетін қалыңдықтың өзі ашады. Сәлемінді мен де алдым, Райханжан.

**Райхан.** Ат ізін салмай, бірден сау етіп келгеніңді мен де қарсы алдым, Молтан құда! Көңілім тағат тапсын. Мені айттырған күйеу жігіт қайсың? Қыз ала келген жігіттің тым құрыса түсі-түрін көрейін!

**Молтан.** Атығай, Қарауылдың бақ орнаған орда-сы Тұрымтайдай Тоқсанбай атамыздың немересі Біркешмырза, сәлемдес қалыңдығыңмен. *(Күйеу жігіт иіліп сәлем етеді.)*

**Райхан** *(лаулай жанып).* Тұрымтайдай Тоқсанбайдан ұл тумапты, томар туды дейтін еді.

**Молтан** *(шамданып).* Жер ошақ басынан сенің әкенді тауып ап сонау Омбыға оқуға берген Тоқсанбай болатын.

**Райхан.** Қырық тұсаққа сатып ап, өз балаларын бермей, менің әкемді берген аруағына екінші сәлем. Кәпір деген қауым бар. Діннен безеді. Шоқынады. Шоқынса Темірбектің баласы шоқынсын. Қауымнан безсе — Темірбектің баласы безсін. Қарғысына үшінші сәлем! *(Иіліп сәлем етеді.)* Апа, аялаған баланды аямасқа бекінгенін көріп тұрсың. Балта деген қару бар, қол сабынан аспайды! Тоқсанбайдың аруағына жазықты болдым

деп сүймегеніме байлап-матап қосу ғана болса, сыйлы сыбағам... не үшін оқыдым? Зорлап көндіре алмайсың. Мақтанып та, шаттанып та айта аламын. Мен оқыған қызбын! Оқыған қыздың өз қалауы өзінде... Қалауыма ерік бермей мені жәншіп өтпек болсаң, Молтан!.. Жүрегімді қақ айырып екі көзді жұма салу маған онша қиын болмас! Қай уақытта оқуға, білімге баға беріп едіңдер!

Молтан. Тоқтат енді!

Райхан. Жоқ, мені тоқтата алмайсың! Мені қинағаның осы болса, ат арқасына сап сүйрегенде көрсететін азабың қандай болмақ?! Өлтіру ғой?! Кел онда өлейік те тынайық!

Молтан. Долырма! Мәпелесек, алақанға салсақ... Оқығаныңды мәртебе тұтсақ не өкпең бар!

Райхан. Жүрегімді суырып қаныма бөккеннен кейін болар!

Молтан. Қыз атаулының бәрі де осы... Көз жасына булығатын да көнетін.

Райхан. Көнетін де сөнетін!

Молтан (*жігіттеріне әмір етіп*). Жә, не тұрыс бар! Алып шығындар көңіл қосқан құштарын. (*Жігіттер үйге ентелей ұмтылады. Алдарынан Жұмаш пен Біләл шығады.*) Ал, зиялы, сезіп тұрмысың немен тынарын?

Жұмаш. Жол торып, керуен тонайтын Молтан енді банды боп, ауылды шабатын Молтан болдым де.

Молтан. Ендеше, сен де біреудің басы байлы жесіріне аяқ артпа. Құтылмайсың тәлімсінгеніңмен... (*Жар салып.*) Қайдасындар?! Боса да менің қанды қолым жақсылыққа тартпайды екен! Шаптым ауылыңды! Салдым ойранды! (*Тасада тығылып тұрған сойыл-шоқпар ұстаған жігіттері сау етіп жетіп келеді.*) Тартыңдар ана күшік күйеуді (*Жігіттер Жұмашты бас салып сүйрей жөнеледі. Райхан мен Айша шырылдап араға түседі.*)

|        |                                                   |
|--------|---------------------------------------------------|
| Айша   | } ( <i>жарыса</i> ). Бізді қорласандар да ер аза- |
| Райхан |                                                   |

Молтан. Қан толды... Байлаңдар қол-аяғын. Салыңдар арқанды мойнына! (*Қара шоқпарлар Жұмаштың қол-аяғын байлап, мойнына арқан салады. Үйден Тверитин шығады.*)

Райхан (*Тверитинді құшақтап*). Николай Григорьевич... Көріп пе едің мұндай сұмдықты? Не шара! Сен қорғамасаң, қорғанарлық дәрмен қалған жоқ!..

Тверитин (тұра ұмтылып). Токта, тоқтандар! Босатындар аяқ-қолын!

Молтан. Жасырған большевигі осы орыс шығар бұлардың.

Біреу. Қашқаны да осы орыс... тыққаны да осы орыс. (Орысшалап.) Кәләй-бәләй незнаем!..

(Райханға меңзей.) Ты знаешь?.. Менікі-маржа... Қалым төлегенский... Понимаешь, ә! Ей, қаралы қыз. Тығылма орыстың құшағына!

Тверитин. Жақындама. Сазаіыңды менен аласың. (Мылтығын суырып алады.)

Райхан (Тверитинді паналап). О, кер мылқау... Малша маңыраған хайуан! Сенің қи сасыған құшағыңа кіруім керек пе еді. Тарпа бас салғалы тұрған сұмдығың шығар мені үркітетін де, қорқытатын да...

Айша (зарлап). Бергені мал... байлауы алақан жайған бата ғой.

Молтан (қол-аяғы байланған Жұмашты). Алып жүріндер!.. (Жігіттер қамай қоршап алып кетуге беттейді.)

Жұмаш. Райхан! Саған созған қолыма бұғау түсті. Махаббат тілеймін деп қастасқан дұшпан таптым... Менен бұрын кімге түспеді бұл бұғау... Ит тепкіде жаншылып... бас көтерген ұл-қыздың сыбағасы осы болатын. Соға берсін, аямасын... Тверитин, сен де ара түспе маған. Райханды құтқар!

Молтан. Тартындар тақымға! Байландар аттың құйрығына!.. (Жігіттер Жұмашты желкеден түйгіштеп ала жөнеледі. Ауыл адамдары амалы құрып қала береді.)

Жұмаш (кетіп бара жатып). Тверитин, Райханды құтқар. Райханға араша бола көр...

Рабиға (еңірей боздап). Уа, құдайым!.. Ақ көңілімді жаттың жаулығына таптатқан құдай! Кісі баласына қастық істеп көрген жоқ едім. Қай пиғылымнан таптым... Қай күнә-сұмдығымнан кіріптар еттің осыншама қорлыққа. Апыр-ау, Бәкубай-ау... Қайрат көрсетерлік ер азаматтың болмағаны ма?

Бәкубай. Бетін қайыратын ағаекем де жоқ.

Рабиға. Жүр... Ендігі қара шоқпарын екеуімізге сілтесін... (Жұмаштың соңынан Бәкубайды ертіп кетеді.)

Айша (үрейлене көз тастап). Сойылға жықты... Білел. Тым болмаса арашаға жарамағаның ба?

Б і л ә л (*солқылдап*). Не істеймін.. Не амал! Не шара! (*Солқылдап көз жасына булығып кетеді.*)

Р а й х а н. Апама да қолдары тиді ме?

Т в е р и т и н. Бұдан әрі шыдауға болмайды. Оқ шыгармай бетін қайтара алмаймыз. Атып салсам қайтеді?

Р а й х а н. Григорий Николаевич, оларда да мылтық бар. Оқ шығара көрме. Кісі атты деген пәлеге қаламыз. Сенің олжаң мені қорғау...

А й ш а. Жұмашты соққыға жыққанын місе тұтпай арсалаңдаған сұм, қайыра келе жатыр. Райхан, сені қорлауға келеді. Не көрсек те біз көрейік. Тез кетіндер бұл жерден!

Т в е р и т и н. Мен өз басымды оқтан да, оттан да қорғай аламын...

Р а й х а н. Бұл ауыл саған да, маған да пана бола алмайды... Біріміз тұтқындалсақ, біріміз құтыла тұрайық... Мені қайда паналатасың! Орман ішіне ме? Тау шатқалына ма? Әлде орыс ағайындардың арасына ма?

Т в е р и т и н. Паналарлық берік қамал бізде болмай тұр-ау... Темірбековтың көп достарының біріне барып паналармыз.

А й ш а. Көз ашығым... Жарығым Райхан! Кеп қалды... Кетіндер тезірек!..

Тверитин Райханның қолынан жетектеп асыға басып кетеді.  
Төрт-бес жігіт бар қасында, Молтан келеді.

М о л т а н. Қызы қайда? Болшабек орысы қайда? Іздеңдер! (*Айшаға жақындап.*) Кемелдің кербезі... сопайып жалғыз қапсың ғой?

А й ш а. Кегінді алдың... Енді сенің нең қалды?

М о л т а н. Насырға шапқан намысым қалды. Ноқталы жесірім қалды.

А й ш а. Сенің кегің әлі қайтпаған екен. Қайыра оралғанда тақымыңа басып, бөктеріп әкетемін деп іздеп келгенің Райхан ғой? Өрем қапсаң да саған енді Райхан жоқ. Саған Райханнан да бұлт жуық.

Райханды іздеген жігіттер шығады.

М о л т а н. Қапы соқтық-ау, сүмелектер... Қап!... кап! (*Айшаға түйіледі.*)

А й ш а. Жақындама маған. Менде нең бар?

М о л т а н. Түс алдыма!

А й ш а. Құшақтай алмай қор боп өтерсің.

Молтан. Кімнің қор болғанын бір құдайдың өзі біледі. *(Бас салып құшақтап алып кетеді.)*

Шұғайып пен Зылиқа келе жатады.

Шұғайып. Жоқ қой ешкім? Қайда кеткен бұлар!.. Бұл не сұмдық, апа! Зорлық қой бұлары. Қор етіп кетті-ау мені!

Зылиқа. Өртеніп неге кетпейсің. Барсын солай. Тартсын сазайын.

Шұғайып. Жо-жоқ! Жібермеймін. Қолында өлемін. Бүйткенше.

Зылиқа. Шығарма дыбысыңды! Базар көрген ешкіден без, беті ашылған қатыннан без! Бездім...

Шұғайып. Осыған жеткізген өзіңсің, апа! Осылай боларын сезгенсің... Бәсе, бәсе, мені үйде матап, байлап неге ұстап отыр деп едім-ау?.. Не жазығы бар еді Айшаның, ізін аңдып соңына түскендей. Тындамаймын сені. Соңынан барамын. Жолында өлемін. Маңдайыма сыймаған асылым-ай! Мендей қорға кезігіп қор болдың-ау! Қор болдың-ау! *(Жұлқына жүгіріп кете барады.)*

Топсасынан үзіліп қалған қақпа. Үйдің есік-терезелері қираған. Бала оқытатын бөлмедегі парталар да әлем-тапырық. Тас-талқаны шыққан үйдің алдында сілейіп Зылиқа отыр. Аяғын әрең басып Рабиға келе жатады.

Зылиқа. Үйінді жау шапты ма, Рабиға. Қарғыс атқан қызыңның қырсығынан келінім қолды болды.

Рабиға. Осы үйге де бір зауал деуші едің. Келді тілеген зауалың! Адамның жанын тырналап, тілгілеуге осынша неге құмарсың. Басың жарылмай тұрғанда жоғал. *(Зылиқа орнынан маңыздана тұрып кете барады.)*

Сахна түрменің камерасына ауысады. Шыныбек болған уақиғаны айтып болған. Темірбеков те, Нұрым да күйзеле торығуда.

Темірбеков. Екі ортада менен алар кегін Айшадан алғаны ма! Не дермін? Не деп жұбатамын өзімді. Көкірегімді қарс айырғандай бұдан артық жан солқылы болар ма! Тал бойындағы барына өнер-білім қосылса жақсы күнге жарқ еткізсем бе деуші едім Райханмен екеуін. Енді мен не істеуім керек?

Нұрым *(жүрегіне пышақ сұғып алғандай)*. Алғысы жоқ, қарғыс арқалаған мына мені айтсайшы! Есіл Айша, сені азапқа бергенше у ішіп неге өлмедім! Асыл

Айша! Ұстазым екеуміз де қосыла адастық... Жиналамысың жоқ па? *((Ес-тұссыз тұрып қалған.))*

Шымылдық.

## ЕКІНШІ СҰРЕТ

Шабылған ел. Өрт шарпып күйген дала. Аспан да от түстес. Аңызқтың аптабы әуе айналып жерге түскендей даланың реңін қашыруда. Ығыры шығып, шаңы бұрқыраған далада шашы желбіреп, ентелей басып, еңірей боздап Нұрым келеді. Ол жастық алданышының қызығын татпаған махаббатын іздеп келеді. Ол шарпи соғылған ұятын, намысын қуып келеді. Көзінде жас, көкірегінде кейіс. Айшаны қорғап қала алмаған күйігі оған тағат берер емес. Келе жатып иығындағы офицерлік погонын жұлып ап жерге лақтырады.

Нұрым. Айша үшін! Ақталмаған арым үшін! Нұрым атымды жек көрсетіп, ұстаздан, жолдастан бездірген де осы дәреже ғой!

Жүріп келеді... Ұмтыла басып өз ойымен өзі арпалысып келеді... Бір қиырдан бір қиыр. Қиырдың шеті жеткізер емес. Бір белестен екінші белес асып келеді... Кұм көшкен, құйын айдаған далада — ол жел қуған жаңбыр тәрізді.

Сахна енді Молтандардың бекінген жеріне ауысады. Темірбековтың ауылы шабылған күннің екінші күні. Тоқсанбайдың ауылына таяу ну орманның ішіне Молтан өзінің тобымен келіп бекінген. Ауылдың қыстауы бөрік тастам жерде көрініп тұр. Ауылда оба барын біліп, дерттен сескеніп бірден баруға тайсалған тәрізді.

Сахнада қолын көзіне қалкалап Молтан қарап тұр.

Молтан. Ауылдың үсті көк түтін. Мен бейбақтың жолым оңған ба?

Бірінші жігіт. Кенеттен дерт басарын кім білді. Жігіттерге сездірмейік.

Молтан. Ол үшін не істеуіміз керек?

Екінші жігіт. Ол үшін сенің Айшаға деген ынтықтық, құмарлығыңның қызығын алданыш етуі керек.

Молтан. Өзі де енді ару ғой, әйел затының аруы ғой.

Бірінші жігіт. Тек маңдайыңа сыйсын...

Молтан. Аласапыран арпалыста абайлай алмап ем, көріп көзім тойсын, қарап көңілім толсын, әкелші алдыма.

Екінші жігіт. Қасына бар да сөзін ал.

*(Айша ағаштың саясында жалғыз отыр. Көңілі жадау. Жүзі солғын. Кірпігін қақпастан бір нысанадан көзін алмай қадалуда. Молтан қасына барады. Айша түрегеледі.)*

Айша. Сөзін ал, сөзімді алғанша менің жанымды ал!

Молтан. Алғашқыдай емес, сынайын дегенсің бе, сұлуым...

Айша. Сынарысың да, соларсың да...

Молтан. Шабындыға бір түскеннен кейін сыбаганда қайда барасың?

Айша. Ер болсын, әйел болсын елім деген еліне сынады. Сендер елсіңдер ме? Жар қадірін білетін ерге сынады. Сендер ерсіндер ме?

Молтан. Айша, намыспен біз сені алып шыққан екеміз. Қайтып барды деген ат жаман. Түбі көнесің-ау деймін?

Айша. Көнбесем ше?

Молтан. Бәрібір Шұғайып сені қайтып алмайды... Алып қаштыға түскен қыздың үйіне қайтқанын көрдің бе? Одан да былай көңіл көтеріп дегендей ім... ия...

Айша. Құшақтай алмай қор боларсың. *(Молтанды іштен теуіп жібереді.)*

Молтан. Мына қатынның қорлығын, ә? Жарып тастайын ба?

Бірінші жігіт. Жеңгеннің назы-дағы, көтере сал.

Молтан. Жә, тәйтіктенбе! Өзім-ақ үйретіп берейін.

Айша. Көметін жерде көміп кет. Өлтіретін жерде өлтіріп кет, қанды балақ! *(Молтан Айшамен арбасып тұрғанда, үсті-басы дал-дұл, қанға боялған Жұмаш соңдарынан қалмай тәлітіректен шыға келеді.)*

Молтан. Алып кетіндер қаралы сұлуды! *(Жігіттер Айшаны алып кетеді. Жұмаш келеді. Іштегі ыза, намыс кеудесін кернеген Жұмаштың көзінен ұшқын атады. Молтан мен жігіттері шошынып шегіне береді. Жұмаш төніп келе береді.)*

Екінші жігіт. Өлімші ғып, өлтіре соғып тастап кетпеп пе едің?

Молтан. Иә, тірі қапты. Өлексесін сүйретіп тағы оралды. Не істесем екен?

Жұмаш. Сорғалаған қаным толастаса да жанымға түскен қасірет толастар емес... *(Молтанға төніп).* Айша қайда?

Молтан. Тарт әрі!

Айша *(сырттан айғайлап).* Бауырым Жұмаш, тар-

тынба!.. Мен мұндамын! Екеумізді қосақтап өлтірсе де еркі... Тартынба!..

Молтан. Ә, бірінді бірің қайрай түсіндер! Қоштар алдында өткен күндерінді еске ала түсіндер!

Жұмаш. Істерінді істедің. Енді маған не істейсің? Айша, қайдасың?

Айша. Мен мұндамын. Қоршаудамын!

Жұмаш (ұмтылады). Жіберіңдер, қорқаулар! Біз тіріде сендерге пенде болмайды! Босатыңдар Айшаны! (Тәлтіректен сөзін тоқтатпай.) Тағдырымыз екі айырылар кезеңде тұрмыз, Айша! Өлтіре соққан азаптан сүйретіліп әрең жеттім... Қансырап барамын... Жанарымда тамшыдай жас та қалмады. Ей, сұм ажал!.. Меңіреу тілсіз ажал. Жұтпағың мен едім. Қор етпегің — Райхан еді... Райханның орнына азапты Айшаға тартқызған сұм пейіл... Құтыла алмайсың!..

Молтан. Жә, боса да өлімін бізге арта келген екен... Ағаштың ішіне сүйреп тастандар. (Жігіттері Жұмашты сілейте соғып ағаштың ішіне сүйрей жөнеледі.)

Жұмаш. Соғыңдар мені... Аямаңдар!.. Айша, ару Айша! Тағдыр ма бізді осыншалық азапқа тап қылған. Жанбаған махаббат па? Сөнген арман ба? Не үшін? Райхан үшін болса — мен жетпеймін бе алатын намысы мен кегіне! (Жұмашты алып кетеді.)

Молтан. Енді не тұрыс бар. Ей, жігіттер, әпкел ана қатынды, ортаға ала тартыңдар.

Бұлар кете бергенде қарсы алдына оқша атылып мылтық кезеңген Нұрым шыға келеді.

Нұрым. Тырп етпендер! Қыбыр еткенінді қырып саламын тура! Айша қайда? (Бәрі сытылып шегіне Айшаны орталарынан шығарады.)

Айша. Нұрым?

Нұрым. Тоқтай қал, Айша! (Бастарынан асыра екі-үш дүркін оқ атады.)

Молтан (қарсыласайын дейді). Сені кім шақырды?

Нұрым. Мені тергейтін сен емес. Қозғалма!.. (Жігіттерге.) Ат ойнатып, ел шапқанды ар көрмейтін ант атқырлар! Жұмаш қайда? (Молтандар міз бақпайды. Орман ішінен күрсінген дыбыс естіледі.) Күрсінген кім? Жұмаш па? Сол ғой.

Айша. Сол, сол. Әлсіреген Жұмаштың даусы ғой! Жұмаш бауырым, қайдасың?

Нұрым. Қозғалма, Айша! *(Жұмашқа кетеді.)* Ә, қанды қол, осынша азапқа салғандай не жазығы бар еді Айша мен Жұмаштың?..

Айша. Жұмаш, есінді жи! Қансырап қапсың ғой, бауырым.

Нұрым. Айша мен Жұмаштың сілесі атады сендерді. Шұбатылған сүмелектер, кетіндер маңымнан! *(Молтан амалсыздан кетуге беттейді.)*

Жұмаш *(жұлқынып)*. Қансырасам да.. Кек үшін... Сен үшін... Райхан үшін... *(Нұрымның қаруына жармасып.)* Берші маған қаруыңды... *(Енді ғана танып.)* Нұрымбысың?

Нұрым. Шошынба.

Жұмаш. Бізді құтқарған сенбісің? *(Басын шайқап, есіне түсіріп.)* Жоқ... Сен бізді құтқаратындай правоға не болған жоқсың. Сенің құтқаруың маған керек емес. Ым, мен өзімді өзім... құтқаруым керек еді... *(Тәлтіректеп барып ағашқа сүйенеді.)*

Айша. Құтылдық қой әйтеуір.

Нұрым. Арамдық пен адалдықтың ортасында, орнын таппай, отқа түскен көбелектей шыр айналып, шырғып кеп кезіккен екем өздеріңе. Ар қорлығын арқалап жүріп шеккен азабымның алды-арты осы болсын. Құмашы. Айша, қасыннан!

Айша. Құмашы? Каралы қатын, ноқталы жесір... Алыста қалған елге, артта қалған ағайын-туысқа қайыра оралғанда не?! Бетке жағылған күйе — жуғанменен кете ме?

Нұрым. Қамықпашы, Айша! Менде де құр сүлдер тұр.

Жұмаш *(есеңгіреген халде, әлде нелер есіне түсіп)*. Қимағаның қу тірлік пе? Неге қумайсың... Неге ұстамайсың...

Айша. Жұмаш, тынышталшы. Тыным алшы аз ғана!

Жұмаш *(ағашқа сүйенген күйі)*. Жоқ, құтылмаппыз! Әлі де! *(Тағы бірдеңелер есіне түсіп.)* Ей, жарым-естер! Қамшы үйірген қанды қолдар! Қайдасындар?! Дау-шар осымен біткені ме? Күйкі тірлік те осымен тынғаны ма?! Мұнымен тынбайды. Өз аяғым, өз қолым. Өз намысым. *(Кетеді.)*

Нұрым. Байғұс бала, маған сенбейді. О, өмір! Адалдық пен ақ тілеудің үстінде тап осындай азап шексем өкінбес едім де...

Айша. Өзек жарған өкінішің мен үшін болып, менің ғана басымда тұрса оңай еді. Ел қамқоры ердің қанын мойнына жүктепсің. Бұл тұста менің қолымнан келер не бар?

Нұрым. Глаголевтың өлімі ғой салық қып тұрғаның. Иә, оның Темірбековпен дағдарлас екенін кейін білдім. Оған оқ жұтқызып кеп, қайыра оралғаным сену де қиын. Сендіру де қиын, Айша...

Айша. Оққа байлап, түрмеге айдағаның ағакемнің есінен кете қояр ма екен? Кетпейді. Досын жоғалтудан ауыр өкініш бола ма?.. Жүзіне шынғыртып тұрып сен басқан таңба бар. Қан сорғалаған із бар... Жанды жеген күйік бар... Қалай бүркейсін? Мені құтқарумен құтыла аламысың ауыр қазаның азабынан?

Нұрым. Сен арқылы құтылсам, жанымның жарқылын сен арқылы шығарсам... Сен арқылы танытсам... Адасудың қара тұманы, мені құзға құлатсын мейлі. Дағдырым сенің қолыңда, Айша. Осы оралғаным оралған. От құшағыңа сыйғызбай кеудемнен итерімісің? Маған деген махаббатыңды басқаға сыйлаймысың. От ішінде, зар үстінде кездесіп тұрмыз ғой.

Айша. Ағакемнің бәйтерегін құлатып кеп, маған жапырақ жайғызам деу, көңілдің түкпірінде әлсіз тұтанған аңсаудың ұшқыны да. (*Жұмашты іздеп.*) Жұмаш қайда кетті...

Нұрым. Жарасы ауыр... Кеткенменен осы маңнан ұзап қайда барады.

Айша. Сен соңына түспеген жауды қуып кетті. Менің жолымда өтеген қарызың болсын. Қансырап құлауы ғана қалды... Мені құтқардың не, құтқармадың не? Жұмаштың өмірін сақтап қал.

Нұрым. Мен бейбаққа кім сенген! Бір партада отырдық, бір мектепте оқыдық. Қарғысты алғыспен ақтау деген болмайтын ба еді, Айша!

Айша. Ақтаудың да ақтауы бар. Басы айналған мүсәпір сияқты өзіңе өзің күбірлеп... жығылып жатса басын күзет... Менің өз еркіндігім өзімде... Енді мен ешкімнің де қол ұшын беріп құтқаруын тілемен.

Нұрым. Өкпең де орынды. Тағдыр ғой бізді қоспаған!

Айша. Жігіт болып менің тағдырыма ара түсуге жарамаған, жолдас болып Жұмашты да сақтап қалуын екіталай. Жармаспа маған. Өзім барамын.

Нұрым. Барайын. Аялдашы? Күтші мені Айша? *(Жұмашты іздеуге кетеді. Айша жалғыз. Көңіліне қилы-қилы ойлар кеп сөйлеп кетеді.)*

Айша. Адасқан жан өзін-өзі сілеумен, өзін-өзі қарғаумен арыла ма жазадан! Ақырғы сөзімді, Нұрым... мен саған ғана бағыштадым. Жарыққа талпынып едім — қараңғыға сүйредің. Оқуға талпынып едім — қол ұшыңды бермедің. Бақытқа талпынып едім, қара басымның еркіндігіне талпынып едім, оның ақыры осылай болды. *(Құсайынды есіне түсіріп.)* Әз аға! Ұстаз аға! Арманым сенен сабақ алу еді. Ала алмадым. Менің қан жұтқан қасіретім — бәрінен де саған батады. Уә, арқаны кесілгір, әдет-заңы өшкір ғұрып!.. Ендігі тірлік не тірлік. Тамырына балта шабылып құлаған жас қайың қайыра көктей ме! Аспан, көгілдір аспан! Қандай ашық! Айдай әлем! Кең дүние. Мәңгі... мәңгі... Қош бол. *(Теріс айнала беріп кеудесіне пышақты салып алады. Құлайды. Жым-жырт... Темірбеков, Шыныбек, Бәкубай, Райхандар келе жатады.)*

Темірбеков. Бекінген жері осы ара. Іздендер!

Райхан. От жаққан ошақтың орны жатыр да, өздері жоқ. *(Дауыстап.)* Айша! Жұмаш?! Тірі болса бір белгі берер еді.

Шыныбек. Біздің адамдар алдын орайтынын білген жоқ. Айшаны да, Жұмашты да өздерімен бірге ала кетті.

Темірбеков. Жаңағы жол сілтеген шаруа Молтан өз басын сағалаудың қамында деді ғой!

Райхан. Өкінішке толы жүрегі алып ұшып, ойран болған ағайын мен туыстың өксігін жұта келген Нұрым күтқарар ма?

Темірбеков. Жаны шөліркеген жан ғой. Тірі кездесе, қолынан жібермеуге тиісті. *(Жерде түсіп қалған Айшаның шолпысын тауып алады.)* Шолпы?

Райхан. Айшаның шолпысы.

Темірбеков. Қынама кемзал сыртынан, қиылған белінен салбырап сылдыр қаққан шолпысы қапты. Өзі жоқ. Осынша қорлыққа душар еткен тағдырға не шара, Райхан?

Райхан *(көзінің жасы шолпыға тамып)*. Үзіп кет-

ті ме арманыңды, Айша? Асыл жеңгем. Мен көретін қасірет, мен тартатын жапа-зәбір еді. Сенің тартқаның батады. Іздейік. Айша осында... *(Іздейді. Айшаның өлігінің үстінен шығады. Зар еңіреп, өкси булығып Айшаны бас салады.)* Көке, көке! Айша мұнда! *(Қасына келеді. Темірбеков жүрегіне қол салып қарап жібереді де аузына сөзі түспей сұлық тұрып қалады.)*

Шыныбек. Жаны бар ма, кеудесінде.

Темірбеков. Шыдай алмай қорлыққа өзіне өзі пышақ салған. Тұла бойының жылуынан сұлулық қана төгілген Айша... адал жар... Жаның балауса құрақтай еді... Мезгілсіз көктей орылғаның ба? Не дермін. Жауқазындай ұяң жүзбен оқысам деген арманың қайта-қайта орала беретін еді миыңа. Оқи алмадың. Сұм тағдыр жеткізбеді. Біза тұнған жүрегіңнің түбінде біз білмеген сырлар көп еді. Мен де кешікпеспін. Хош бол... Періштем. Ару жанды аяулым!

Райхан *(боздап)*. Апыр-ау, көке-ау?.. Мұндай ғаламатты кім көрген. Айшаны алған жау мені неге алмады. Аз көрген қуанышың — азалы күнмен біткені ме? Енді ғана бақытқа жетемін деген арманы неге қысқа болды екен, көке? Өмірінде сипатпай кетті-ау маңдайынан! *(Солқ-солқ жылайды, қасында Шұғайып бар, дауға салуға ертіп алған ағайындары мен Зылиқа келеді.)*

Зылиқа. Уа, Құсайын, сен жауынды қуып келсең, мен дауымды қуып келдім. Жесір орнына менің келінім кетсе де, қырқа матап берген малым кетпейді. Сен биік таудың төбесі болсаң, мен баурайындағы бұйра жазығы едім. Қолың ұзын оқығансың ғой. Өз намысыңа қоса — менің де намысымды қуамысың, жоқ па? Маған соны айт! *(Құсайын не деп жауап берерін білмейді.)*

Райхан. Кіндік апа! Не бетіңмен айтып тұрсың бұл сөзді. Арманың Айшаны ат арқасына салғызу еді. Салғыздың да өлтірдің. Өлтірдің де тындың?..

Зылиқа. Не деп тұр мына қазықаяқ қыз!

Шұғайып *(есінен тана)*. Ә, ә?.. Өлді дей ме? Айша өлген? *(Күйіне егіліп.)* Мал қуып келіп едің, жан бердің бе? Енді кімді бересің, сен кемпір. Мені бер қу ажалдың құшағына! Мені қоса неге бермейсің?..

Зылиқа. Жә, көз жасыңды көрсетпе әрі. Аруақ атаған өз күнә-сұмдығынан. Мен желіге көр деп кеудесіне сайтанның отын жаққаным жоқ! Жаққан да өзі! Сүйегін

жинап алатын сүйеніш көрген қамқоры басында отыр. Алсын жинап өздері!

Шұғайып. Жоқ, жоқ! Сүйегін жинап алмай кетпеймін!

Темірбеков. Ей, қатыгез Зылиқа! Тірісінде ана болып аялдауға жарамадың. Жастайынан орған сенің қатыгездігің! Жан қайғысынан да саған мал қайғысы. Малда басың қалғыр. Ұялсайшы!

Зылиқа. Қызыңның төлеуіне тарту еткен сен ұял.

Темірбеков. Озбыр араныңнан басқа білетінің бар ма? Бірің жесірім деп жан сұрайсың. Бірің қанды қолдың уысына түскен Айшаға мал сұрайсың!

Шұғайып. Маған мал да керек емес... Жан да керек емес... Өлігін бер қолыма. Алып кетемін. Арулаймын... Ардақтаймын. Аза тұтып, өз қолымнан қоямын. Сүйегін бер, ағажан! Өлі денесін құшақтағаннан басқа менде не қалды? Қор еттім-ау... Қор еттің-ау асылым! *(Жан ұшырып кеп Айшаның денесін көтеріп ортаға шығады.)*

Сырттан Тверитин жасақтарымен орыс, қазағы аралас. Білэл да бар, Молтанды тобымен айдап келеді.

Келгендер Шұғайыптың қолындағы Айшаның өлі денесін көріп, азалы мұңға батып тұрып қалады.

Шұғайып *(алдарына апарып)*. Қайсың өлтірдіңдер? *(Молтанға.)* Сенбісің, қанды қол? Сенбісің, қара жүз. Сенбісің? Қайсың, қайсың, сенбісің? Сенбісің?

Темірбеков *(барлығына)*. Бұл не! Көп қасіреттің бірі ме? Жауыздықтың да жетер шегі болатын еді. Жендетше тап беріп, тоғышар жалмауыздықтың түнегінде тұншықтырғандай не жазығы бар еді Айшаның? Жазығы сол — дүниеге ару жанды боп келгендігі. Жазығы сол — шамдай боп жарқырап, сәуле болып шашылғаны. Жазығы сол — кезенген оқты өзіне бұрды. Менің қызымның басына оралған азапты қабақ шытпастан қарсы алды. Кесімі не бұл күйіктің?

Тверитин. Кесімі аяусыз жазалау болады да! *(Шұғайып бар — барлығы Айшаның сүйегін көтеріп алып кетеді.)*

Тверитин *(Молтандардың соңынан еріп келген топқа)*. Ей, жуан жұмсаса жұдырық, би жұмсаса білек көрсеткен, тұра шаптар! Ауылыңды обаның дерті жайлап, баудай түсіп, қырылып жатқандарыңа да қарамай,

қанға қолдарынды батырдыңдар! Мынандай көз ұялып, жүрек шошынған қара қылмысты ел боп көтереміз де- сендер оны айтыңдар! Болмаса Молтанға қосып сендерді де жазалаймыз! *(Қасіретті қапа қайғыға тап болғанын енді ғана сезіп, жүректері алып ұшып, біріне-бірі қарап толқи бастайды.)*

Бірінші жігіт. Бізді қоса жазалайсың ба?

Тверитин. Қоса жазалаймыз.

Үшінші жігіт *(Молтанға)*. Апыр-ау, не істедік? Рақатын сен көріп, азабын біз тарту үшін ердік пе соңыңнан?

— Ауылда дерт барын бізден неге жасырдыңдар?

— Оңашалап күбірлесулерің жаман еді!

— Бізді не қара басты?!

— Кім айтты?

— Кім айтса ол айтсын. Айтсаңдаршы шындырыңды?!

Молтан. Жә, даурықпандар. Құдайдың жіберген дертіне құдайдың өзі ара түседі. Емшіміз, сүйінген тәңірім Темірбеков деп есіркейсіңдер ме? Ауылға келген дертті шылау етіп енді Темірбековтың төңірегіне топталсақ, жазадан да, дерттен де құтыламыз деп тұрсыңдар ғой! Қанға қолымызды бірге малғамыз! Құтылмайсыңдар жазадан!..

Темірбеков. Менің төңірегім сенің азғантай қара тобырларыңмен көбеймейді де, азаймайды да. Ей, Молтан, қинама жігіттерді. Биден тоқпақ жеп, байдан зорлауға үйренген сорлы жұртты енді адастырма. Маған сендердің самарқау есейген шындыққа талпынғандарың керек. Маған ат-шапан айып тарту керек емес! Озбыр кім?.. Қиянатшыл опасыз кім? Жауыздық пен жалмауыздықтан ет жүректерің сескеніп ұяла білулерің керек емес пе! Озбыр кім?... Қиянатшыл опасыз кім? Жауыздық пен жалмауыздықтан ет жүректерің сескеніп — ұяла білгендерің керек! Ей, әлжуаз, ала күлік Молтан! Осы топты құтыртқан да, ру намысын шақырған да, қолтығына су бүркіп, арандатқан да сенсің! Не дейсің!..

Жігіттер. Айт шыныңды! Бізді не сорға бастап келдің?

Молтан *(қасарып)*. Бәрібір мені өлтіресіңдер. Біздің ауылды жайлаған обадан, Темірбеков, сен де өлесің. *(Көздері жеткен жігіттер әрқайсысы өз от басының оба-*

дан қырылып жатқанын сезінгендей, шошына тебіренеді.)

— Солай еді де. (*Жамырай сөйлеп кетеді.*)

— Үрей болған кімнің от ошағы? Біздің ошағымыз!.. Қара жамылып, қан жұтқан да біз болдық!.. Не деді? Кімнен деді жазықсыздың жарасы?! Бізден!.. Бізден! Біздің самарқаулығымыздан! Шер кеуденің ішінде тұнып жатқан ыза мен намыстың оянбауынан демеді ме доктор? Көз ұялып, жүрек шошыған мына қылмысты мойындамастан бұрын... (*Молтанға төніп*) мына сұмның мойнын үзуіміз керек! (*Жігіттер тап бере бергенде ашынған топтың айбарын үкімге санап.*)

Т в е р и т и н. Тоқтаңдар, жігіттер!..

Б і л ә л

Ш ы н ы б е к } Не тоқтайтыны бар, ату керек!..

— Көздерін құрту керек!

— Босатпау керек!

М о л т а н (*бет бақпай*). Темірбеков, коммунистінді жасағымен бастатып кеп, бізді жеңдім, тізе бүккіздім деп тұрсың ғой сен. Артымда да ел бар. Қызылдарың әлі үкімет билігін қолға алған жоқ! Бізді байлап-матап кесе алмайсың жазаны. Билікке жүгінеміз.

Т е м і р б е к о в. Мен сенің бойындағы мезезіңе қорықпай-ақ салар едім пышағымды, ол дәрігерлік борыш. Біз ызалы да, кектіміз. Біз бұдан былай — дұшпанға деген қатулықтан қайтпауға тиістіміз.

Т в е р и т и н. Жұрттың тілегін естідік. (*Ортаға шығып.*) Тынданыздар!.. Айшадай арудың шерге батып өлген азабы үшін, Жұмаштай боздақтың қасіретті халі үшін... Озбырлар қолынан қаза болған кәрі тарлан ғалым Глаголев үшін! (*Нағанын Молтанға кезене бергенде, сырттан Жұмашпен бірге келе жатқан Нұрым атып салады.*)

М о л т а н (*жығылып бара жатып, Нұрымға*). Ә... кеше алашта, бүгін қызылда... Темірбековтың досы болып табылып, күндердің күнінде қасы болып қалмағай-ақ та. (*Құлайды. Жігіттер Темірбековтың тобына қосылады.*)

Р а й х а н. Жұмаш қой, Жұмаш, Жұмашым!

Ж ұ м а ш (*көзіне көзін қадап тұрады да*). Кішкене, сәл ғана... (*Қалай болса, солай қиялдана сөйлеп.*) Жел неге тына қалды? Тау неге шайқалмай тұр... Теңіз неге теңселмейді! Нөсер неге құймайды... Нажағайдан ұрлап

алып адамзатқа тарту еткен Прометей оты неге лауламайды!...

Р а й х а н. Жұмаш, сен не айтып тұрсың?

Жұ м а ш (*ойынан жазылмай*). Сел... сел... неге тасымайды!

Р а й х а н. Көке, Жұмаш мұндай ма еді?

Т е м і р б е к о в. Қиялына оралған арманы ма? Көкірегін кернеген ыза мен кектің ойды бұған жаңсағы ма? Қол тигізбеңдер... Саябыр тапсын, тыныс алсын...

Т в е р и т и н (*Нұрымға*). Ә, ну, офицер мырза. Жол айырығы бөлектеніп келіп, сын кезеңінде кездесемін деп ойлаған да жоқ шығарсың?!

Нұ р ы м (*берілмеуге тырысып, өзін жоғары ұстап*). Иә, тап осындай кезеңде кездесемін деп ойлаған жоқпын.

Б і л э л (*сенерін де, сенбесін де білмей*). Не байқағанмын? Қай кылығына сенермін!

Нұ р ы м. Сарнағыш әріптесім. Құр адалдығым демесең, сенің де қиратып жүргенің белгілі. Қайтесін?

Б і л э л. Бойлауық мінезі ақылына бой бермей тұрғанын көрдің бе? Бұған сенуге болмайды!..

Т в е р и т и н. Бізге сенің қастығың да, достығың да аян!

Нұ р ы м. Аян? Бәрі де аян! Темірбековтен оқығаным да аян. Омбы бардым. «Бірлік» атты қазақ оқығандарының ұйымына киліктім. Қақ жарлы екі түрлі ойдың ортасына түстім. Бірі — мешеу елді ластықтан тазартып қайыра жасауда дауыл тілейді. Енді бір тобы — қилы заман деп кейінге, өткенге оралуды аңсайды. Мен де аңсадым. Сол жолда, сол ниетте жүріп кате басқан қадамым, тіл алғыштықтан тапқан айыбым Глаголевты ұстап бергенім екен!

Т е м і р б е к о в (*сөзін бөліп*). Сол үшін мұның да тағдырына жазған тарихтың сұрауы мен тергеуі бар шығар. (*Тверитинге*.) Жаулық пен кектің бетін қайыратын менде бұрын қару болмады. Менің қаруым мектебім. Менің қаруым дәріуім ғана болды. Григорий Николаевич, сүйенерім де, сенерім де өзіңсің. Не жаза бұйырсаң да өзіңе бердім ерікті.

Т в е р и т и н (*ойланып қалады*). Қорқыныш пен үрейдің, зұлымдық пен мейірімнің не екенін таразыға салатындай сабақ алдың. Қалған өмірінде қайыра оралып қастыққа бармайтыныңды немен сендіресің?

Р а й х а н. Алма уәдесін. Ту баста ел үшін, сүйген жар үшін, ата-ананың ақ тілеуі үшін ақтай келсе борышын, Айша мерт болар ма еді?

Н ұ р ы м (*аузына сөзі түспей, көзіне қан құйылғандай қармалап*). Не?.. Не сұмдықты естідім? Неге кеттім қасынан! Айша, қанша адасып жүрсем де, көңілімнің кірін аршыған да сен едің... Жан пердемді жыртып, қайтып оралтқан да сен едің... Бұл күйікті көргенше — неге тірі тұрмын?!.. (*Есін жинаңқырап.*) Махаббат өлімді женеді деген бекер ме еді?

Р а й х а н. Құбылуы сыртында, сұмдығы ішінде... ол сен үшін айтылмаған.

Н ұ р ы м. Достығымнан қастығым басым болған жанмын ғой. Мен ешкімді де кіналамаймын. Мансап та, бақыт та, махаббат та осымен тынды. Безгектей қалшылдатқан даңғаз... ашуы мол, тұшымы аз өмір бәрі де жалған. Дұрыс айттың, Райхан. Құбылуым сыртымда, сұмдығым ішінде болған кесепаттық мінездің маған тартқызған сазайы шығар. Мен аспанды тіліп өтетін сұңқар боламын деп ем. Жар басындағы жалпылдаған жапалақ боп шықтым. Енді мені бақыт та, дәреже де, байлық та қуантпайды. Енді мені кеудеме мылтық таяп жанымды алар ажал да қорқытпайды. Қош болыңдар! (*Нұрым басы салбырап жападан жалғыз ну орманға сіңіп жоқ болады.*)

Ж ұ м а ш (*жалт бұрылып*). Міне кесім. Міне бітім!.. Өзін-өзі сілеген, өзін-өзі мінеген... Кара дауыл құйынды аз жаныннан көтерілуін тілеп пе ең... Құйын сені үйіріп қайда тықты. Тоналған батыр! Ұран шақыр! Ха-ха-ха!.. (*Тағы да сұлық тұрып қалады.*)

Р а й х а н. Көке, көке, бұл қалай?

Т е м і р б е к о в. Жанында шалыстық бар, балам...

Б і л э л. Ем керек, ағаеке, ем керек болар Жұмашқа.

Қ о р ш а п т ұ р ғ а н д а р: Доктыр, біздің сырқауымызға да ем керек! Баудай түсіп қырылып жатқан балашағамызды ажалдан құтқаруың керек, доктыр!

Б ә к у б а й (*алысқа көз тастап*). Өрт шықты ма?.. Түтін көрінеді. Ақтар орманды өртеп жатпаса не қылсын?

Б і л э л. Ол ненің түтіні?!

Т е м і р б е к о в. Ол қайдағы орман. Оба шыққан үйдің түтіні. Обаны емдеудің шарасы отпен аластау. (*Алыста еміс-еміс, үзіле өкси созылған дауыс құлаққа*

шалынғандай болады.) Естисіңдер ме! Өксіген бала. Солқыл қағып жылаған ана. Естисіңдер ме? Бұл қасрет жұтқап жандардың зары. Қанаты күйіп, өксікке кеудесі толған елдің зары!..

Көрінген қара жалын аралас түтін шұбатыла созылады. Солқыл қаққан адамдардың зары жалынмен бірге күшейіп, анығырақ естілгендей болады. Тұрғандардың барлық назары Темірбековте. Сырттағы сарын үдей түседі. Молтанға еріп келгендер ойбайын салып ауылына қарай жөңкіле жөнеледі.

— Ойбай, бауырым-ай! Қанатым-ай! Боздағым-ай!

— Қырылдық-ау!..

— Қайдасыңдар? Не қалды дейсің?!

— Уа, ғажап! Ғажап!

— Ажал, сұм ажал!

*(Әрқайсысы өзінің от басы, бала-шағасын есіне түсіріп жан ұшырады.)*

Темірбеков. Тоқтаңдар! Құр зарланып, құр күңіренуден не пайда! Қозғалмандар! Ондай дертке ем керек. Мен керек. Сендерге баруға болмайды... Мен ғана баруым керек...

Райхан. Көке, Жұмашынды қайда тастап барасың? Біздің қолымыздан не келеді?

Темірбеков. Қызым, жұрттым, екі оттың ортасында тұрмын. Қос қанатымның бірі Жұмаштың сырқаты мынау! Түндігі жабылып аңырап қалғалы тұрған ел анау! Тапсырдым Жұмаш пен сені достарыма. Өмір деген арпалыс шайқас болса шайқастым мен де!

Өрт шыққан жаққа кірпігін қақпастан үлкен күреске, өмірдің қиын өткелінен өтпекке адымдап басып ілгері кете барады. Қалғандары тым-тырыс. Үнсіз қарап тұр. Шам сөнеді. Сахнаның алдыңғы жақ шетінде спектакльдің басталуындағыдай шоғырланған жарық астында Тверитин тұр.

Тверитин. Уа, советтің ұл, қыздары! Бүгінгі сәулетті дүниеге керуен жолы қалай тартылды! Замана неден басталды? Сол жолда күрес үстінде, Сырымбет саласынан тапқан досым Құсайын Темірбеков еді.

*(Сахнаның екінші жақ шетіндегі жарықта Темірбеков тұр.)*

Темірбеков. Иә, дос! Сен екеуіміз біраз жайды аңғарттық. Саған деген алғысымда шек жоқ... Әу баста

да, бүгін де ұшыратып отырған өзіңсің. Осымыз сірә «Қозы Көрпештен» кейінгі поэманың прологы болсын!

Т в е р и т и н. Иә, дос! Тауып айттың. Оның аты Сырымбет саласында!

Шымылдық.

# ТОТЫ-ТАМИЛЛА

*Үш перделі, төрт суретті*

ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Тоты — Тамилла.

Жәпім — әкесі.

Құрбан — ағасы.

Рабиға — жеңгесі.

Таласбай — жақын туысы.

Бекназар — Жәпімнің құдасы.

Скобин Кирилл Кириллович — крестьян начальнигі.

Әлен — ірі саудагер, хажы.

Гурянов Василий Степанович — табор бастығы.

Будаш — әйелі.

Сетера — қызы.

Толо — інісі.

Бардо — жас цыган.

Тверитин Григорий Николаевич — әдепкіде пристав.

Қарт цыган.

Ишан.

Цыгандар, қазақтар.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

Дөңгелене пілген айдын шалқар көлдің қойнауындағы кең арал. Арал ат жарыстыратын айналым ипподром тәжілеттес. Бұл сахнаның сыртында болатын көрініс.

Көлдің жиегіндегі шағын ауыл. Қысқы қыстауларының маңынан ұзап көшпеген. Бөренеден қиып салған ағаш үй. Сырғауыл қора. Қораға таяу — көгалда бозғыл кигіз үй тігулі тұр. Перде ашылғанда буырыл сақалды, өңі сұрғылт, жасы егде тартқан цыган Василий Гурянов пен қазақтың шалы Жәпім арбаның доңғалағына темір құрсау кигізіп жатады. Сыртта ат бәйгесінің жарысы. Көтермелеген дауыстар еміс-еміс естіліп тұрады.

Жәпім (*темір құрсауды қашаумен қиюластырып, доңғалаққа мықшыңдап кигізіп*). Әй, бәлі... қатып түсті.. Сібірді түгел шарласаң да қорлық көрмейтін болдың, Бәселей.

Гурянов. Ә, мына бір тұсынан тістеу салып жіберіңіз.

Жәпім (*ыңғайлап*). Алхал, енді көңілдегідей қиюласты... Мұның табаны талай-талай жерлерді басады да, Бәселей...

Гурянов. Цыганды көшу үшін жаратқан ғой...

Жәпім. Жалғанда көшуге ерінбейтін цыган мен біздің қазақ-ау деймін.

Гурянов. Ата-бабаның салған жолы да.

Жәпім. Әу, ата-бабаның жолын сіздер де қасиеттейсіздер ме?

Гурянов. Табырлар тайпылас ру — аралас ағайындарымен топтаса көшеді. Жасы үлкендерге бағынады.

Жәпім (*таңырқап*). Апырай, ел-елдің заңы басқа дейтін еді...

Гурянов. Цыганның топтаса көшетін жері Балканда...

Жәпім. Барар жерің Балқан тау, о да біздің көрген тау дейтін Балқан ба?

Гурянов. Бессарабия, Буковина, Черногория елдерін мекен етеді.

Ж ә п і м. Сіздерді дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашып таратып жіберген ненің қысымы болды екен?

Г у р я н о в. Е, достым... оның хикаясы әріден тартылады... Біздің арғы тегіміз Үндістаннан шығыпты.

Ж ә п і м. Үндістан дегеніміз қай ел?

Г у р я н о в. Жеті теңіздің арғы жағында. Бағзы бір кездерде Үндістанның теріскейін жайлаған Ром деген тайпы ру екен де... Іздегені той-думан мен серілік... Ен жайлап еркін жүретін жұртқа үйдің патшасы тұрып, нені қалайсыңдар деп сұрайды... Сонда Ромның көсемі тұрып сіздің тағыңызды қалар едім. Сіз оны бермейсіз. Жемісті бау-бақшаны қалар едім. Жемісі бізге бұйырмайды. Күмбезді сарайды қалар едім... Табалдырығынан аттатпайсыз... Гималайдың төскейіндегі бұйра ойпат жазықты қалар едім... Сіздер көп, біздер аз... Қоныс тапқызбай шауып аласыз... Сондықтан да жылдың еркесі желді қаладым... Аспанның еркесі әлемге ортақ күнді қаладым депті. Сонда Үндістанның патшасы күн астында мәңгі тентіреп өтіндер деп қуып тастаған екен дейді. Сол көшкеннен мол көшіп, жел айдаған қаңбақтай кете беріппіз, кете беріппіз. *(Әңгімелерін айналмаға шапқан аттарды көтермелеушілердің айқай-шуы бөліп жібереді. Елегізіп арбаның үстіне шығып қарап тұр).*

Ж ә п і м *(арқасы қозып, қолын көзіне көлегейлеп)*. Пах, пах! Жануар-ай. Мына жолбарысша бүктелген кімнің аты болды екен?

Г у р я н о в *(шола қарап)*. Қылаң ба, бозаң ба?

Ж ә п і м. Жайдақ па, ер тоқымды ма? Мініп шапқан балаға көз сал.

Г у р я н о в *(бір орында тұра алмай)*. Түсі біздің қара жал сарыға келеді. Үстінде жабуы бар еді.

Ж ә п і м. Жабуын сыпырып тастап қосқан болар. *(Қиқулап.)* Сілтеді... сілтеді... *(Құмартып.)* Шіркін созыла шапқан торы ала ат құйысқан тістесіп қалар емес. Пах, пах!.. Тағы да шырқап кетті. Уа, Цыганым-ай, даланы қаншама кезсең де көзің жіті емес екен. Қара жал сары сенің атың...

Г у р я н о в. Қара жал?

Ж ә п і м. Қара жал... сүйіпші! *(Қиқулап бір орнында тұра алмай.)* Е... е... й... Е, ей!.. Бас қамшыны... бас қамшыны! Я, аруақ!.. Я, аруақ... Жазылма осы шабысыңнан.

Г у р я н о в. Межеге жақындады!

Жәнім. Шаппай берім... жануарым... құнаныңда түлкі, дөнепінде қасқыр соққан жануарым. (*Гуряновты құшақтап құшырлана сүйіп алады.*)

Гурянов. Сіз ат құмар екенсіз.

Жәнім. Алхал достым, намыс та, намысқа кім қызбайды. Жүр, бәйгі бөлісіне біз де барып жетейік. (*Жүгіре басып екеуі кетеді. Сыртта домбыра мен гитарға қосылып әндеткен Тоты, цыганның қыздары мен жігіттері, оларға еліккен ауылдың жастары келе жатады.*)

Ән (*Еділбай сарыны*).

Қашқан түлкі көрінеді қызаранқы,  
Еділбай-ау,  
Қайда қалмас жігіттің жиған мүлкі,  
жеңеше-ау,

Осы бір әнім өзгеше-ау...  
Ойда тұрып жоғары қол сермеймін, Еділбай-ау  
Көңіл шіркін болсын деп, көтеріңкі, жеңеше-ай-ау!  
Осы бір әнім өзгеше-ау!

(*Гитарда Гуряновтың қызы Сетера, цыганның жас әйелі Бардо, домбырада Тоты, барлығы қазақ әнінің кайырмасына қосыла кіреді. Іздерін ала Гуряновтың әйелі Будаш та келеді.*)

Әннің кайырмасы:

Ал қара көк жаз жайлап,  
Шалы орамал бір байлап,  
Сағынып сәулем келгенде-ай-ау,  
Қайда кеттін. жеңеше-ау, той тойлап!

Будаш (*өз тілінде көтермелеп*). Чайперни! Сүйкімді жас ару!.. Девелло — құдай бағыңды ашсын. Сайра, Чайперни!

Тоты. Тілегінді қайтармайын, Будаш апай! Сетера, мә, домбыра, гитарыңды маған берші? (*Сетера гитарын береді. Тоты әннің жалғасын айтады. Ән аяқталады.*)

Будаш (*Тотыға жақындап, көзінің астымен ойнақылана қарап*). Періштем, алақаныңды жәйші маған... Қорықпа. (*Тотының алақанына шұқшия үңіліп.*) Аясында қаншама жігіттің көз жасы жатыр... О, бой жеткен. Даланың аруы. Ұзын жол түсіп тұр-ау алақаныңа!

Рабиға (*килігіп*). Қайдағыны айтпай қоя тұрыңыз.

Будаш (*теңідалмай*). Көріпкелдім не дейді... (*Өз тілінде бірдемені айтып күбірлеп, алақанын саусағымен екі-үш рет қиғаш сызады да.*) Бес тиынның бақырын

салыңыз. Өзінде жоқ болса сұрап алыңыз... Жас арудың бағы ашылсын. Кім салады?

Мен салайын... *(Біреу бес тиынның бақырын алақанына салады. Бұдаш бал ашады. Тоты сілейіп тұрып қалған.)*

Р а б и ғ а. Тоты, сен не ойлап тұрсың! *(Тоты үндемейді.)*

Б у д а ш. Жігітің бар ма сүйетін... Бұл маңда жоқ... Тағы да ұзын жол... Бүгін таңда жасаған қуанышын қимай тұр.

Т о т ы. Қимаса қиятын күні жақын ба, көріпкел апай?

Б у д а ш. Айта алмаймын.

Р а б и ғ а. Айта алмайсыз ба, басты қатырмаңыз ендеше...

Б у д а ш. Дидарлім, мені кейін серіппеңіз. *(Алақанын бас салып.)* Сиқырлық жасап мен сізден еш нәрсе де дәметпеймін...

Р а б и ғ а *(қолын тартып алып)*. Қойыңыз сәуегейлікті... Әне қонақтар келе жатыр...

Б у д а ш. Әйда менің қыздарым мен ұлдарым. Қонақтарды әнмен қарсы алайық. Сетера, баста әніңді. Бардо, тарт гитарыңды. *(Сетера мен Бардо цыганның романсын бастай жөнелгенде Тоты тоқтатады.)*

Т о т ы. Тоқтай қалыңдар! Өткен күзде келдіңдер... *(Цыган әйелінің көрпеге орап көтерген нәрестесіне үңіліп.)* Балдырған бөбектің шілдеқанасында сендермен бірге ән салдық... Сендерді цыган... Қаңғырған цыган — деп біз безбедік... Ал, сендер сыйлағанның құлысыңдар!.. Енді көшкелі тұрсыңдар!.. Жаңа көріпкел апай менің дағдырыма болжам айтты... Оның жүзден бірі шын да болар. Бәріміздің де сыйынар тәңіріміз бір... Біздерді табыстырған әндерің еді. Әнмен қоштасайық!

«Растут фиалки, ароматные цветы!»

С е т е р а. Бардо, бастап жібер ендеше... *(Бардо гитарын толғайды. Сетера созыңқы, мұңды цыган әнімен.)*

Жағасында өзеннің,  
Қырдың қызыл гүлдерін.  
Теріп алды жас боздақ...  
Махаббаттың бал нұры,  
Осы гүлдей болсын деп,  
Сұлуына сыйлапты...  
Сұлуы тұрып боздаққа,  
Махаббаттың бал нұры,

Гүлден де асқан кермет,  
Өз гүлім өзіме жетерлік,  
Депті де сұлу боздақтың  
Сыйлаған гүлін алмапты...

*(Гүл жырын шалқыта толғап тұрған үстеріне қолында қамшы, Жәнімнің ұлы Құрбан кіреді. Рабиғаны оңаша шақырып алады.)*

Қ ұ р б а н. Рабиға, бері келші.

Р а б и ғ а. Неге алқындың, жайшылық па?

Қ ұ р б а н. Не қылған жайшылық. Қара жал жеке дара үздік келді... Ұрланған ат деп бәйгісін бермей жатыр.

Р а б и ғ а. Цыган Таласбай ағадан сатып алды ғой.

Қ ұ р б а н. Таласбай ағаңның басына күн тумаса не қылсын. Цыган крестьян начальнигіне Таласбайдан сатып алдым деп айтып көріп еді... Беттетер емес. Ал, Рабиға, мен Таласбайға хабар берейін. Үйдің ішін жинап тазартып қой... Бекназар құда ұлықты біздің үйге алып келетіндей сыңай білдірді...

Р а б и ғ а. Бекназар келсе, Тотыны қайттік! Үйде болсын ба?

Қ ұ р б а н. Көрші үйдің біріне бара тұрсын.

Құрбан асығыс кетеді. Іле-шала пристав келе жатады. Басында қызыл жолақ картуз, көк шинель, белінде алты атар, алаңдап қарап тұр. Оның келгенін Будаш пен Рабиға байқаса да үндемейді.

П р и с т а в *(күліп)*. Құлпыруын сайтандардың... Мызған кыз біріне бірі жарасып та калған.

Р а б и ғ а *(жай келмегенін сезіп)*. Пристав мырза, жоғары шығыңыз. Сыйлы мейманымыз болыңыз... *(Иіліп сәлем етеді.)*

Т о т ы. Хош келдіңіз... Рабиға, орындық алып шықшы үйден. *(Рабиға кигіз үйден орындық алып шығады. Приставтың отыруын өтінеді. Пристав отырмайды. Тегі біреуді іздейтін тәрізді. Іздегені бұлардың ішінде жоқ.)*

Р а б и ғ а. Неге алаңдайсыз, кімді жоғалтып едіңіз?

П р и с т а в *(қызыққаны да, қуланғаны да белгісіз)*. Цыгандар бұл ауылға қашаннан бері үйір болды?

Т о т ы. Қыстың басынан бері, пристав мырза.

П р и с т а в. Қаншама үйдің кілті бұзылды екен содан бері?

Т о т ы. Оны сіз білмесеңіз, біз біле алмадық.

П р и с т а в. Шатырлар неге жоқ?

Б у д а ш. Таборлар түні енді ғана басталады. Әккі болған сақшыдай бізді тексергелі тұрсың ғой, пристав мырза.

П р и с т а в. Қожаларың қайда?

Б у д а ш. Ат бәйгесінде. *(Үйреншікті мінезіне сап, жарқылдап күліп.)* Немене, әміршім, күдігің бар ма бізде?.. Күдіктенбеңіз. Цыганмен дос болсаңыз, қалтаңыз толы ақша, құшағыңыз толы сұлу қыз... Жаны рахатта жүргенге бәле-жала жоламайды...

П р и с т а в. Ах, сайтан. Қарашы мені айналдыруын. Бірақ оныңнан ештеңе де шықпайды.

Б у д а ш *(қалтасынан қартын шығарып)*. Қалауыңыз білсін, құрметтім...

П р и с т а в. Қылмындама, қой дедім ғой, саған.

Бойы төртбак, кеудесі шығыңқы, көзі қып-қызыл, мұрны қайқылау, шоқша сакалды, түсі суық Таласбай кіреді. Аса сақтықпен кідіріп қарап тұрады. Таласбайды байқап қалған пристав ұмтыла түсіп кілт тоқтайды.

П р и с т а в. Таласбай Оразович Оразов!

Т а л а с б а й. Я, Оразов Таласбай. Мені іздеген сенбісің?

П р и с т а в. Мен... Мына жұрт тарасын... Оңаша қалайық екеуміз.

Т а л а с б а й. Мен сырымды жұртымнан жасырған емен. Айта беріңіз тартынбай.

П р и с т а в. Құпия болса ше?

Т а л а с б а й *(бойұсынғысы келмей)*. Мені ұстауға келдіңіз ғой...

П р и с т а в. Аптықпаңыз.

Т а л а с б а й. Айдап әкетесің бе?

П р и с т а в. Қарсылықты қойыңыз... *(Жұрт үрейленеді. Таласбай көзіне қарап, тесілген қалпынан былқетпейді. Пристав жұртты таратады.)* Барындар. *(Құрбанға.)* Сен де бара тұр...

Қ ұ р б а н *(жыламсырап)*. Ағатай-ау, тұтқынға алғаны ма?

П р и с т а в. Қоса ұсталмайын десең жоғалт көзіңді. *(Құрбан кетеді.)*

Т а л а с б а й. Тағы да мені торладындар ма?

П р и с т а в *(мысқылдай күліп)*. Кәнігі қыран бір түскен торына қайтып жоламайды...

Т а л а с б а й. Тор құрған кім маған?

П р и с т а в. Оны кейін білесің. Қанша жырынды болсаң да оңай түсірдім-ау қолға.

Т а л а с б а й. Оңай түсірдің.

П р и с т а в. Әпкел қолды. Қайта сәлемдесейік.

Т а л а с б а й (*қолын ұсынады*). Шының ба?

П р и с т а в. Қысқа сөйлесейік. Дуан бастығы сыртыңнан приговор алды. Бұрнағы жылы түскенінде менің алдымнан босанып едің... Енді менің қолымнан қайырадан қамалатын болдың. Қалай, сенбеймісің маған!

Т а л а с б а й. Әрине. Ұлыққа сенім бар ма? Надзиратіл күнінде мейірімді едің. Енді қатайып кеткен сияқтысың. Крестьян начальнигіне ұнағың келетін шығар.

П р и с т а в. Айласыз екенсің.

Т а л а с б а й. Ендеше айта ғой, менің сыртымнан приговор алдырған кімдер?

П р и с т а в. Бес елдің болыстары мен билері. Бүгінгі бәйгідеп келген цыган атына сен ұрлап сатқан ат деп бәйгісін бермей қойды. Сені ұстауды маған жүктеді. Жүр, өз еркіңмен қолға түс... Қалғанын маған тапсыр.

Т а л а с б а й (*намысы еркіне жібермей*). Не деп түсемін, мені ұстауға не үшін сен келдің?..

П р и с т а в. Қасарыспа. Түрмеден көрген жақсылықты да ұмытпау керек.

Т а л а с б а й. Оған сенің қатысың қанша?

П р и с т а в. Ондай сырлар оңашада, кеңшілікте ғана айтылар болар.

Т а л а с б а й. Қамап, тонап болғансын ба?

П р и с т а в. Қысқарт деймін.

Т а л а с б а й. Ендеше атып кет осы жерде!

П р и с т а в. Асықпа, досым, оқ сұрап, жігіт жаның сен емес маған да қымбат. Одан да аналарға қара. Жеккендері пар-пар ат, қоңыраулары сылдырап келе жатыр осылай. Бітсін әңгіме осымен.

Арпалыс ойдан Таласбай айыға алмайды. Пристав оны босатпай катал қаһарына мінген тәрізді болып көрінеді. Есі шыққан, қалбаңдап Жәпім кіреді.

Ж ә п і м (*приставты көріп шошынып*). А?.. (*Шегін тартып бөркін қолына алып тұрып қалады.*) Алхал... Тағы да тас қамауға түстің бе, Таласбай?!

П р и с т а в. Доғарыңыз сөзді!

Ж ә п і м. Аллау, не боп кетті бұл дүние... Сен мұнда, цыган досың анда...

П р и с т а в. Жә, билер сотын күтіп алыңыз.

Ж ә п і м (қорқа сап). Қойдым, тақсыр, күтіп алайын. (Простав Таласбайды алып кетеді.) Алхал, Таласбайды тұтқынға алды. (Үйден Рабиға мен Құрбан шығады.)

Қ ұ р б а н. Таласбай ағаның осы кеткені кеткені ме? Не шара...

Ж ә п і м. Алхал, бел салып Бекназар құдамыз ғана алып қалады. Сотты біздің үйге құратын болды. Өріс-тегі малға шап. Қос боз қасқаны әкел де сой... Шабылайық, төгілейік... Барымызды алдарына жаяйық. Сөйтіп қарбанбасақ...

Қ ұ р б а н. Сотты кімге құратын болды. Таласбайға ма?

Ж ә п і м. Таласбайға да, цыганға да. Келін, Тоты қайынағасынан тасалай тұрсын.

Р а б и ғ а. Үйге сия ма қонақтар? Үйдің алдындағы көгалға жайғастырсақ қайтеді, әтке...

Ж ә п і м. Алхал, құйрықтары жер иіскемеген жақсы мен жайсаңдар. Сүйтелік. Алхал, Жәпімнің үйіне құда-сы жандаралды ертіп кепті деген атақтың өзі неге тұрады.

Қ ұ р б а н. Крестьян начальнигі де жандарал боп көрінді-ау сізге.

Ж ә п і м. Былшылдама!

Үйдің ішінен көрпе-жастық, кілемдерді құшақтап Рабиға екеуі алып шығады. Көгалдың үстіне жаяды. Қоңыраулатқан крестьян начальнигі, болыстар мен билер үйдің сыртына келіп тоқтайды. Арбадан түсіп крестьян начальнигі соңына ерген болыстар мен билер келе жатады. Крестьян начальнигінің үстінде сұр шинель, басында оқалы картуз, омырауына тағынған ордені, түсі суық, қазақтың жәйіне қанық. Бекназар сұқсыр қара, сырт әлпеті көзге қораш көрінгенімен суырдың ініндей тереңнен тартылған көзі, дөңкес үлкен мұрны, қалқаң құлағы, шапшаң қағылатын ұзын кірпігі мен қайқая біткен қалың қабағы қол тоқпақтай Бекназарды аса ызғарлы, айбынды етіп көрсетеді. Жайған кілемнің төріне келіп отырады.

Екінші жағынан басында құндыз бөрік, үстіне кигені мауыты қаптал, аяғында сапиян кебіс мәсі, омырауында алтын сағат, жуан Әлен саудагер де өзінің өрен-жаранымен билердің оң жағынан орын алады.

Бұлардан оқшаулау бізге таныс цыган Гурянов, оның інісі Толо және басқа цыгандар түре келіп тұрады.

Жәпімнің ықласында шек жоқ. Құрдасы Бекназар мен крестьян начальнигінің алдында қолын қусырып, еңкейіп тағзым етіп тұрып қалған.

Құрбан мен Рабиға кигіз үйдің тасасында қарап тұр. Скобин әлі отырған жоқ. Билер мен болыстардың алдында қойқандап ерсілі-қарсылы жүре сөйлейді.

С к о б и н. Мырзалар!.. Билер соты бізде бұрын да болған. Дала губернаторының ұсынып отырған жобасының барлық негіздеріне қанықсыңдар ғой. Өз праволарыңызды білесіздер ғой?

Б о л ы с т а р (*бір ауыздан*). Қанықпыз, тақсыр, білеміз.

С к о б и н (*қадағалап ұғындырып*). Сіздердің мәжілістеріңде қаралатын үш мәселе. (*Қағазына қарап*.) Ақмола губерниясы. Көкшетау оязы, Айыртау облысының Кашиловке поселкесінде қыстап шыққан цыган Гуряновтың айналма жарысына қосқан Қаражал сары аты ұрланған ат екенін анықтау. Екінші, волостной правитель Бекназар Валихановтың жесір дауы.

Ж ә п і м (*еңкейген орнынан қозғалмай, көзінің астымен алая қарап*). Алхал... Бекназар-ау!

С к о б и н. Доғарыңыз... Үшінші, Таласбай Оразовтың приговорын бекіту... Осы үш мәселенің билігін шығарып бергеннен кейін іс крестьян начальнигіне, крестьян начальнигі оязнайға, оязнай даланың генерал-губернаторына жолдайды... Тергеуді өзім жүргіземін. (*Билер сотының төрінен орын алады*.)

Р а б и ғ а (*киіз үйдің тасасында*). Жесір дауы. Бекназар Тотыны айттырғанда берген малын даулай ма? Жок, өзін аламын деп даулай ма?

Қ ұ р б а н. Малдың құлағына да түкірмейді. Тотының өзін... Шақыршы Тотыны... Көзімен көрсін. (*Рабиға Тотыны шақыруға кетеді*.)

С к о б и н. Цыган Гурянов, правду сказать, қыс бойында неше ат ұрладың?

Г у р я н о в (*бөркін қолына алып*). Құдай атымен ант етемін, тақсыр. Ол атты менің немере інім Толо Гурянов Таласбай Оразовтан сатып алды.

Ж ә п і м (*шұбыртып*). Алхал... екі жүз сом ақшаның үстіне бес тақта кірпіш шай, жиырма метр кездеме, бір сапиян етік қоса төледі, тақсыр.

С к о б и н (*астарлап*). Цыганның сұлу романсы, табордың әсем биін қоса төлеген боларсың...

Г у р я н о в. Тақсыр, байлығымыз ән мен би... Одан басқа бізде не бар?

С к о б и н. Ен жатқан ел, бағусыз мал, күркедегі тауық та сіздердің еншіңізге тиген ғой.

Г у р я н о в. Дұрыс айтасыз, тақсыр. Тегін жатқан орманның отыны да біздің еншімізде... Ағын өзеннің

мөлдір суы да, шалқар көлдің балығы да біздер үшін тегін... Цыганның несібесін әуелде солай жаратқан.

С к о б и н. Арам тамақ. Кезеп! Қаражал сары атты да құдай саған ғайыбынан берген болар. Жауап бер!

Г у р я н о в *(тайсалмай)*. Түк те олай емес, тақсыр.

С к о б и н. Отыр мына билердің алдында. *(Стражниктерге бұйырып.)* Отырғыз!.. *(Стражниктер Гуряновты билердің алдына тізесін бүккізіп отырғызады. Бұл кезде үйдің тасасына Тоты, Сетера, Будаш және басқа ауылдың адамдары біртіндеп келе бастайды. Тасада тұрып билер сотының барысын бақылайды.)*

С к о б и н. Рызығын ел үстінен айырған қарақшыға он қамшы дүре соқ. *(Стражниктер Гуряновтың арқасына дүре соға бастаған кезде манадан қысымда тұрған Толо жүгіріп келіп ара түседі.)*

Т о л о. Маған соғындар дүрені. Жонымнан таспа алып тілсеңдер де ықтиярларың. Аттың иесі мен. *(Көйлегін шешіп тастап арқасын тосады. Стражниктер тоқтайды.)*

С к о б и н. Қырдың малың қаланың ақшасына айналдырып қалтанды қалай сықиттың?

Т о л о. Бұйырғанын жібермейміз, бұйырмағанына өкінбейміз, мырза.

Б е к н а з а р. Тақсыр де, бейбастақ!..

Т о л о. Түрмеде біз ән салсақ — дүреде біз тіл қатпаймыз.

Б и л е р. Тақсыр де, найсап! *(Толо қасарысып үндемейді.)*

С к о б и н. Қаражал атты кімнен ұрладың?

Т о л о. Ұрлағаным жоқ. Сатып алдым.

С к о б и н. Кімнен алдың?

Т о л о. Таласбай Оразовтан.

Ә л е н *(орнынан түрекеліп, бөркін алып)*. Қай жылқының тұқымы, біле ме екен?

Т о л о. Оны шапқан айғырына, тапқан биесіне қарап жүретін сіз білмесеңіз, мен біле алмадым.

Ә л е н. Біздің болыста жүйрік Жантоқ жылқысының тұқымынан шығады. Болотной базарында тай күнінде Жантоқтың баласы Макеннен сатып алдым. Сол базарда пәтерде жатқан үйден ұрлаттым. Жоқтау салып іздегенімде цыган ұрлады деді маған урядник.

Т о л о. Россияда сексен мың цыган бар. Күдігіңіз цыган болса түгел тартқызыңыз жауапқа.

Скобин (*Жәпімге*). Алтарьдың алдында құлшылық еткен сопыдай қол қусырып әлі тұрмысың! Жоғал!

Жәпім. Тақсыр-ау, алхал, ұлықтың алдында осылай тұрмаса бола ма, алхал!..

Скобин (*соттың құрамындағы билермен ақылдасып*). Кесім не болады?

Бірінші би. Мал иесін табады да...

Жәпім (*қарап тұрмай*). Алхал, алдырған анасының қойнын ашады да.

Бекназар (*зекін*). Жәпім, жәйіңе тұр. Кіріспе. Теміршіге көмір үйір... ұрыға ұры үйір. Жыланның уы басында, бейғамның жауы қасында. Әлен бейғам болмаса алдыра ма малын. Скобин мырза, тентек біздікі. Ты-йым салу сіздікі. Таласбайды алдырмай бұл дауға билік айтудың ақыры екі ұшты. Алдырыңыз Таласбайды. (*Жұрт үнсіз. Бекназардан кейін ешкім суырылып шықпайды. Екі жағы да Таласбайды іздейді.*)

— Таласбай!

— Таласбай!

Скобин. Таласбайды орнынан бас деп приставты жіберіп едім.

Жәпім. Алхал... орнынан басты, тақсыр. Әне өзі де келе жатыр...

Пристав Таласбайды ертіп келе жатады. Скобин де, билер де шошынып ұрпиісіп қалады.

Скобин. Таласбай Оразов... Қаруыңызды салыңыз да билер сотына жауап беріңіз.

Таласбай. Билер сотының үкімі маған жүрмейді. Мені уездік соттың өзі соттасын.

Бекназар. Тілге келейік те, Таласбай.

Таласбай. Тілге келсек, би мен болыс құлақтас, ұлық сабақтас дегендей, Бекназар, менің сөзім сенде.

Бекназар. Менде болса айт.

Таласбай. Жәпім қызы Тоты өлген ініңнің қалыңдығы екені рас па?

Бекназар. Рас. Құдай қосқан.

Таласбай. Құдайды аузыңа алып қайтесің. Інің өлді... Өлген ініңнің қалыңдығын өзіңе ме, кімге телімексің?.. Қаражал сары аттың дауын содан кейін сұра.

Бекназар. Бір дауды бір дауға қоспайық, Таласбай.

Таласбай. Начальник мырза. Міне менің қаруым.

(*Қаруын алдына тастайды.*) Сіз оқыған адамсыз... Сіз мені мына отырған болыстарға тіл тигіздің, қамшы жұмсадың деп айыптап, бұрын да бір қабат жер аудардыңыз. Біз ақыл-парасатымызды дау-дамай бақастыққа жұмсаған жандармыз. Өштесу деген мансап қуған адамдарда бола береді. Кімнің дос, кімнің қас екенін сирек айырамыз.

С к о б и н. Өсиетті қойыңыз. Қаражал сары атты цыган Гурияновқа сатқаныңыз рас па?

Т а л а с б а й. Рас... Ол тақымыма басқан төл атым.

Ә л е н. Кәтіргіден келгеніңе бір-ақ жыл. Тақымыңа ат басатындай сенің мұршаң болды ма, байғұс-ау.

Т а л а с б а й. Мен кәтіргіге айдалатын жылы мына Бекназар құдамыздан Жәпім қызы Тотының қалың малына Қаражал биеге еріп...

Ж ә п і м. Алхал, Қаражал сары тай ере келді.

Т а л а с б а й. Сол тайды мен тақымыма бастым. Бекназар құдамыз ұрлап, інісінің қалың малына бізге өткізсе оған цыган Гуриянов та, мен де айыпты емеспін. начальник мырза!

Б е к н а з а р (*шатынап*). Не дейді аруақ соққыр!

Т а л а с б а й. Аруақ алдымен сені соқсын, Бекназар!

Б е к н а з а р (*сұңқылдай жөнеліп*). Айтпас жерде аузыңды тый... Тыялмасаң өзінсің... Құдалықты қас айырады. Айыра алмайсын Жәпімнен құдалығымды...

Т а л а с б а й. Өлген ініңнен қарындасымды құдай айырған, күшті болсаң құдаймен даулас.

Б е к н а з а р. Қалың малы төленген.

Т а л а с б а й. Малыңды сот арқылы даула.

Б е к н а з а р. Інісі өлсе ағаға мұра!

Ж ә п і м (*қысылып*). Алхал... енді.

Б е к н а з а р (*Жәпімге зекіп*). Ей, Жәпім, қыздың әкесі сенсің ғой, бұзамысың батаны!

Ж ә п і м (*сасқалақтап*). Алхал, Лаухил Мақбұзда не деп жазса сол-дағы.

Б е к н а з а р (*өкшелеп*). Менің есігіме жазса қызыңды.

Ж ә п і м. Қайдам. Інің болса дүниеден бой салып кетті ғой.

Б е к н а з а р (*Скобинді меңзеп*). Бағынатын ұлығың міне жерде. (*Аспанды көрсетіп*.) Сыйынар тәңірің аспанда. Батамды бұзбаймын деп алла атымен ант етіп уәдеңді бер!..

Жәпім (қысылып, көзінің астымен Таласбайға, одан Бекназарға қарайды. Үйдің тасасында тұрған қызына да көз тастайды). Алхал, Тотым не дер екен.

Скобин (зекіп). Қыздың билігі әкесінде. Өзің не дейсің?

Билер (дікілдеп.) Жәпім, уа раббім де де ант бер Бекене!

Скобин. Бермейді екенсің айып тартасың. (Билерден сұрап.) Дұрыс қой?

Билер. Дұрыс. Аяқ жақсымен отыз жеті бас.

Скобин. Төлеймісің?

Таласбай (ара түсіп). Менен алсын ол малды.

Скобин. Сіздің азаматтық правоңыз жойылған. Қарақшылық кәсіп болса оның сыйынар тәңірісі түрме ғана. (Әңгіменің беті Таласбай мен Жәпімге ауғанын пайдаланып қығандар біртіндеп шыға бастайды.)

Тоты (үйдің тасасында, егіл-тегіл, көзінен жасы парлап жеңгесі Рабиғаны құшақтап). Жеңеше, бұл қыспақтың амалы не? Әкем батамды бұзбаймын деп ант етсе Бекназар қатын үстіне тоқалдыққа алғаны ма?

Рабиға. Басқа не дейсің, күнім-ау. (Скобин мен Бекназарды қолдаған билер де, стражниктер де Жәпімнің аузынан уәдесін алуға қаһарын тігіп қадалуда.)

Жәпім (аңырып, жалтақтай қарап ернін жыбырлатады. Аузында сөзі бар да үні жоқ). Алхал.

Скобин. Тілің байланып қалды ма. Алла де. Ақжәк! (Арзына сөз салады..)

Тоты (әкесінің тілі байланып қалғанына жан ұшырып қарап тұр). Жеңеше! Тәңірімнің бұл жібергені қарғыс па! Әлде маған сын ба? Басымның сатулы екенін жаңа білдім-ау мен байбақ.

Рабиға. Әкең байғұс та қысылып тұр.

Тоты. Жылап тұр ма әкем?

Рабиға. Жылап тұр.

Тоты. Туыс әлсіз. Әке айбынсыз. Таласбайдың мойнына бұғау түсті. Енді менде сүйенерлік кім қалды, жеңеше.

Рабиға. Өзің барып басыңа еркіндік сұрасаң қайтеді.

Скобин. Мына шал тіл қатар емес. Қызын алып келіндер!

Құрбан. Қинады-ау. Тоты, тайсалма да, жасқанба.

*(Тотыны білегінен жетектеп алып келеді. Тоты ізетпен иіліп сәлем етеді. Сұлық.)*

С к о б и н. Жәпім қызы Тоты. Ұялмай жауап бер.

Т о т ы. Ұялатын жерде ұят сақтау да ғанибет... Сұрай беріңіз, жауабыңызды.

С к о б и н. Бекназар Валихановтың өлген інісіне айттырғанына ризамысың?

Т о т ы. Жеті айлығымда айттырыпты.

С к о б и н. Ер жетіп ес білгеннен бері риза емеспін деп әкеңе айттың ба?

Т о т ы. Құс екеш құс та балапанын қанат қақтырып ұшыруды аңсайды. Мені риза ету ата-ананың борышы. Айтқаным жоқ.

С к о б и н. Өзіңді Бекназардың жесірімін деп санайсың ба?

Т о т ы. Жоқ... Санамаймын. Санамайтыным келмесе кеткен інісі қайта тірілмейді. Батам бұзылды десе — батасын бұзған құдайдың жіберген ажалынан көрсін.

С к о б и н. Көнбеймісін?

Т о т ы. Көнбеймін. Маған көз сүзетін жастан өткен. *(Бекназарға.)* Бір кезде әділетті би атандыңыз. Енді келіп жамандықтың тасасына тығылмаңыз, қайынаға. Кінә тағып мені қорламаңыз, зорламаңыз. Менің екі дүниеде де беретін жауабым сол. Арты маған қасірет шығар, оны да білем, біле тұра қасарамын... *(Кете береді. Бекназар да, билер де Тотының сөзінен кейін даурыға алмайды. Төмен қарап отырып қалады.)*

Т о т ы *(үйдің тасасындағы Рабиғаның қасына келеді. Ашынған қыз дірілдей қалшылдап).* Цыгандар қайда, цыгандар.

Р а б и ғ а. Соттың шешімін естіік.

Т о т ы. Менің сотым жүрегімнің қалауы. *(Сыртта жөңкіліп кетіп бара жатқан цыгандарды көріп.)* Тоқтаңдар... Тоқтаңдар!.. Мені де ерте кетіңдер. *(Бұрыла кідіріп.)*

Жел айдаған қаңбақпын,  
Сор айдаған бейбақпын.  
Кеттім белгісізге, өтемін  
Белгісізде.

*(Жан ұшыра жүгіріп цыгандардың соңынан кетеді. Скобин алдындағы тергеу, Жәпімнен ант алудың қысымы әлі де сол қалпында. Жәпім тас болып сілейіп тұр. Үнсіз.)*

С к о б и н (*үкімін шығарып*). Дала губернаторының қарауындағы Айыртау болысының билер соты Бекназар Валихановтың қалың мал төлеген жесірі Көшеков Жәнім қызының бас теңдігін қарай келіп мынандай билік шығарады.

Сыртта Тоты бастаған цыгандардың әні үкімді бөліп жібереді.

Растут фиалки, ароматные цветы,  
Под старым дубом в прохладе у реки...  
(*Ән күшейе түседі.*)

Т а л а с б а й (*Скобинге*). Біздің еркімізді байлаған-мен тілімізді байлай алмайсың.

С к о б и н (*приставка*). Цыгандар қайда? Айдап кел менің алдыма таборымен.

П р и с т а в. Әміріңізге құлдық. Маған бір тұтқын да жетеді. Цыганға заң жоқ. Кете берсін.

С к о б и н. Ендеше мына разбойникті Көкшетаудың түрмесіне жеткіз де, қама.

П р и с т а в. Жаяу айдайын ба?

С к о б и н. Жаяу айда.

П р и с т а в. Жеткіздім Көкшетаудың түрмесіне.

(*Таласбайды алдына салып айдап жөнеледі.*)

Шымылдық.

## ПЕРДЕ АЛДЫНДА

Ныктарына қару асынған Таласбай мен Тверитин. Екеуі де жасырын халде. Әлі де қалаға жетпеген.

Т а л а с б а й. Жүре-жүре табаным да ойылды.

Т в е р и т и н. Ей, достым... Менің жүрген жолдарымды есептесең ұшы-қиырына жете алмайсың.

Т а л а с б а й. Сол үшін де сен солдатсың. (*Алысқа көз тастап.*) Қашан жетеміз қалаға?

Т в е р и т и н. Асықпа, достым. Қала сенің сахра далаң емес. Онда сенің әрбір ізің аңдулы. Барлау салып, тіл алмай қалаға кіруге болмайды. Онан да із жоқ, түз жоқ цыгандарға еріп кеткен Тотыны әлі де болса, іздей түссек. Не халде жүр екен сорлы қыз...

Т а л а с б а й. Ия, не халде жүр екен сорлы қыз. Цыганның шуылына көне алмай, әлсін-әлсін күрсініп, көз жасына булығып жүр ме? Сұрамапшыз да олардың қай тарапқа көшетінін...

Тверитин. Олар үшін көш жолы ұзақ. Қай тарап дерің бар ма... Ендігі біздің жүрер жол былай болады.

Таласбай. Қызды іздеу ме?

Тверитин. Иә.

Таласбай. Іздегенмен ол қыз табылса жақсы. Онан да сен маған қайыра оралып Бекназардан кек алатын жолды айтсаңшы?

Тверитин. Кек алумен жаныңның жай болуы аз, достым. Мақсат әріде жатыр.

Таласбай. Үйден шыққаннан бері құлағыма құйғаның мақсат, мақсат... Сол мақсатқа жететін күнді жақындатшы маған?

Тверитин. Әлі де талай лайсанды кезбей, сан рет соққыны көтермей, жете алмаймыз мақсатқа. Россия күшін жинап шынығуда. Ауыр балғаның астында, көк болатты соққан сайын пісіп ширауын күтпей сен де, мен де жауымыздан кек ала алмаймыз. Аялдамайық. Жүре сөйлесейік.

Таласбай. Тағы да мені ширату жәйінде ме?

Тверитин. Сені ширату жәйінде... (*Екеуі кетеді.*)

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Цыгандар таборы. Көкшетау көлдерінің бірі. Көлдің жиегінде тігілген ақ шатырлар. Көлдің арғы бетіндегі жағалауда мұнартып Көкшенің тауы көрінеді. Таудың етегіндегі қала анық көрінбегенімен, алтынды кресі күнмен шағылысқан шеркеудің мұнарасы, мешіттің айы қиядан сағыммен буалдырланып елес береді.

Ілгері-кейін тігілген шатырлардың орта деңгейінде Гуряновтың шатыры. Гурянов балық аулайтын тордың жыртығын жамап отыр. Әйелі Будаш түйілген жіптерін жазады. Сыртта көлдің жиегінде гитар мен домбырада баяу ғана естілген қазақ әні.

Будаш (*түйілген жіпті жазып*). Василий, болсайшы.

Гурянов. Қаңғырып бал ашқанша сенің жамайтың ісің ғой.

Будаш. Пайғамбарсымашы әрі. Қазақ қызына қарауыл боламын деп ағайын туыстарға да жексұрып болып барасың.

Гурянов. Ақылсызсың, қатын. Ағасының жақсылығын құдай алдында да қайтара алмаймыз. (*Елегізіп.*) Өздері қайда жүр?

Будаш (*көлдің жиегіне қарап*). Отырыстарын...

Гурянов. Кіммен отыр?

Б у д а ш. Біздің Толомен де.

Г у р я н о в. Толоға қой деуіміз керек болар, қатын.

Б у д а ш. Толоға қой дейік... Бардоға не дейміз. О, ит-ай!.. Гитарын безілдетіп қыздың қасына барды.

Г у р я н о в. Біздің қыз екеуіне пысқырмайды да.

Б у д а ш. Қайдам. Қадірлеп келген асыл тасыңа кір түсіріп алсақ түбінде аршуы қиын болады дегенім де. Осы қыздың зары ұнамайды маған. Гитараның шегі үзілдердей әнді өксіп салады.

Г у р я н о в. Жүректегі шерін әнімен жеткізу де өнер. Былшылдамай корзинкені алып жүр.

Б у д а ш. Қызыңның айтып отырған әні біз естімеген ән. Бері қара.

(*Көлдің жиегінде зарлана салған Тотының әнін тыңдайды. Ән «Қарғам-ау».*)

Қарғам-ау, ризамын сертке жетсең,  
Жерлерден қиын-қыстау амап өтсең.  
Бірге өскен кішкенедең, қарғатайым,  
Өзің біл жалғызды зар еңіретсең.

Г у р я н о в (*көңілі босап*). Біреудің әлпештеген жалғызы. Кайтсін, сағынады да.

Б у д а ш. Сенің цыганыңның айғай-шуына көндігу оңай ма?

Г у р я н о в. Қазақ та айғай-шудан кенде емес. Біздің соккан неғып тұр. Бөркін жерге ұрды да қайтты?

Б у д а ш. Мен айтсам нанбайсың. Әкесімін дейсің-ау, Бардоны карашы. Қыздың алдында дауыл ұрған бала қайындай майысады.

Г у р я н о в (*ашу шақырып*). Екеуінің де барып жопын тілемін.

Б у д а ш. Сені жын қақты ма. Ұятқа қаласың.

Г у р я н о в. Сетера неге кешікті. Соған тапсырып кетер едім.

Б у д а ш. Сопысынбашы әрі. Көз алдыңнан бір қадам босатпай қалай асырайсың ол қызды.

Г у р я н о в. Асыраймын да, сақтаймын да. Шаруаң болмасын, алып жүр ана ауды.

Ауды көтеріп екеуі көлден балық аулауға кетеді. Қолдарында гитар, Тотыға ілесіп Бардо, Толо келе жатады. Үшеуінің қиял-арманын қосыла тартқан ән сазынан аңғарғандаймыз. Ән әуені тамаша. Бүкіл даланы кернеп жан күйінді тербетіп, жүрегіңе әлде қандай діріл қаққызады. Бірінің ойын бірі тілсіз түсіндіргендей өмірдің

өршіл, биік арманына жетелейді. Тотының алдында Бардо Толодан, Толо Бардодан асыра өнер көрсетудің шабытына мінген. Екеуі де көпке дейін тіл қатпайды. Цыгандар қызынша киінген Тоты мінез-кұлқы да өзгеріп, цыганға әбден ауған. Кірпігі ұзын кара көзің де цыган қыздарындай аудары ойпақша төңкереді. Өткірлігі, батылдығы, наздануы, еркелігі де, қуақыланып бой тастап, бұлаң қағып жүруі де басқаша. Цыгандар Тотыны Тамилла деп өзерткен.

Тоты (цыганиша). Пролло... Менің көңіл көтергіш туыстарым. (Ойлана.) Сүйтіп дағдыр мені сендермен бірге бір ұядан ұшқан балапап етті.

Толо. Ұшқандағы бағытымыз да бірге болады да, Тамилла.

Тоты. Әзірге бірге. Кім айыраарын құдай біледі.

Толо. Айырмайды, Тамилла. Аспан жаңғырығы біздің айтар әнімізге сән береді деген цыганда мәтел бар.

Тоты. Әнмен туасың, әнмен өлесің, деп қазақ та айтқан.

Толо. Қім айтса да тауып айтқан.

Тоты. Толо, сен қай сәтте туғаныңды білемісің?

Толо. Білмеймін.

Тоты. Ал мен қыстың айы, қаңтардағы боранда туыппын. Мінезімнің ала-құйыны әлде, содан ба екен. Осы мен неге ашушаңмын.

Толо. Қайдам. Маған мінезің жібектей.

Тоты. Саған солай, ал Бардо, саған қалай?

Бардо. Байқамадым...

Тоты (күліп). Ха... ха... ха... Бардо байқамапты. Үйде жүргенімде мінезім төбелеске бергісіз... Қым-қуыт жанжал бар секілді бойымда. Олла, белла... көңілім саябыр тапты-ақ зерігіп те кететінмін. Ішім пысса, жылап қоя беретінмін. Неге олай? Бардо, сенде бола ма ондай шақтар?

Бардо. Болады, Тамилла. Сен келгеннен бері ала құйын бір сезім кеудемді кернеп, түнде тұрып алып ән салғым келеді. Дағдырды өлшеуге болмайды деген цыганда ұғым бар. Мына Толо екеуміз сені бірімізге біріміз қиыса алмай жүрміз. Менің де, Толонның да жаны сенің жүрегінде кілттеулі.

Тоты. Жан деген не?

Бардо. Жан құдайдың әмірі.

Тоты. Қырдың асау қызында құдайдың не қақысы бар. Құдай мені жарылқаса туған әкем шығар биігімнен айыра ма? Ана сарқылмас бұлақ — сусынданатын бұлақ.

гымнан айыра ма? (*Көңілі толқып.*) Әкем байғұс сендермен еріп кеткенімді білген де жоқ. Ең, сапарлас, дағдырлас достарым. Жан демекші менің жаным қысылған сәтте орталарыңа келіп едім. Тыныштықтарыңды менімен бұзып қайтесіңдер.

Бардо (*жауап беруге тырысып*). Тамилла, біздің тыныштығымыз жаралмыстан бұзылған тыныштық. Біздің өмірімізге кіргеннен кейін жан қалауының еркін бізге бергенің жөп емес пе? Мен сені сүйемін деп әкеңнен рұқсат сұрасам, бетімді қайтарар ма едің?

Тотты. Сүю деген сұраумен келетін бе еді?

Толо (*күліп*). Бардоша солай болғаны да.

Бардо. Кекеме, достым. Мен бір туласам.

Толо. Туласаң, шынжырлаған аюдай арбаның соңына байлап аламыз.

Бардо. Мен саған аю емес, Тамилланың сүйгенімін.

Тотты (*тез серпіліп, бауырына тарта*). Жоқ, достарым... Екеуіңді де кіналамаймын. Періште боп ешкім де туған жоқ. Сендер мені сүймесендер шын бақытсыздық сол-дағы. Махаббаттың жалыны кімді өртемейді. Ол сені бір сәтте қыздырады да күйдіреді. Күлгізеді де жылатады. Міне, мен сендердің алдарыңда өксіп-өксіп көз жасымды төгіп алсам, о да соның ансауы... Жалынышты даусым діріл қақса, о да соның қыспағы. Мынау айдын малқар көлде махаббаттың көрі шежіресін сырғып ағытып тұрғандай емес пе... Шіркін осы бір сәтте мені сүйген жігіт тағы да бір тар қыспаққа шақырса. Шақыра алмайсыңдар ғой, достар. Шақырыңдар. Шақырыңдар. Қамығып қоштасам ба, жоқ күліп қарсы алам ба? Ол ерік менде. (*Әндетіп шатырға кіріп кетеді. Толо мен Бардо ұзақ үнсіз, көздері оттай жайнап қарап қалады. Шешімін қалай табарын білмейді.*)

Толо (*тіісе қағытып*). Қосарласпа менімен дегенімде көнбедің.

Бардо. Тілгілемеші жүрегімді. Улатпа жанымды.

Толо. Сен де менің жүрегімді тілгілеме.

Бардо (*түнеріп*). Қыспаққа шақыр деді ғой Тамилла. Шақырамын.

Толо. Көріп жүрген қыспағы аз ба?.. Енді біз қыстасақ кім болғанымыз? Жоқ, достым, ақылға келмейік.

Бардо. Қызғанба, жолымды бер.

Т о л о. Сойқандыққа бастаудың алды қызғану. Тамилла сені сүймеді. Сонда не істейсің?

Б а р д о. Сені сүйе ме?

Т о л о. Мені де сүймеді.

Б а р д о. Мүмкін емес. Оны өзінен сұрауымыз керек.

Т о т ы (*шатырдың ішінде*). Айтысып болдыңдар ма?

Б а р д о. Біз айтыстық та бітімге келдік. (*Шатырдан Тоты шығады.*)

Т о т ы. Бітімдерінді аңғартыңдаршы?

Б а р д о. Саған ауған көңілдің тежеуі қолыңда. Екеуімізге де қызғаныштың зәр шарабын ішкізбей қолыңа алудың билігін өзіңе бердік. Не бұйырасың? Әміріңдеміз.

Т о т ы. Ата-баба салтында болмаған қасиет екен. Маған берсеңдер төрелікті (*серпіле ойланып*) белдеріңдегі қанжарларыңды суырыңдар. (*Екеуі қанжарларын суырады.*) Тасқа шабыңдар да сағағынан сындырыңдар.

Б а р д о (*қанжарына қарап*). Әкемнің ұлы бабасынан қалған қанжар. Ұлы бабамыз сүйген қызының сілекейіне суартып соққызған екен. Сілтейтін күнде қарусыз қалу да өкініш.

Т о т ы. Белге тағынған қанжар сілтенбей қоймайды, Бардо.

Т о л о. Төрелігіңе құлдық етем, Тамилла... Тасқа шаптым. (*Қанжарын тасқа шабады да сағағынан қайырып сындырады.*) Тастадым.

Б а р д о. Қаруымнан айырмаңыз!..

Т о т ы. Айнитының бар, маған билікті бермеуің керек еді, достым.

Б а р д о (*сөзден тоқталып*). Ал, тастадым. (*Қанжарын тасқа шабады да екі бүктеп сындырады.*) Ризасың ғой, сұлу қыз.

Т о т ы. Екінші айтарым, төрелік емес тілек. Айлар өтіп жатыр. Біз шыққанда көктем еді. Күз де таянып қалды. Бір сапарда бір тілекте болған қыздың «Тоқтат шуды!» деуге дәрмені болған жоқ. Көңілдеріңе келмесін. Сойталдай жігіттерсіңдер. Ән де сұлу. Серілік одан да сұлу. Бар бейнетті әке мен анаға арқалатып қойып жел бастықтың желеуіне мініп ап, гитарды күйлеп, табырдан-табырға қыдыру, сал бөксе самарқау... Шамдарыңа тисе, қанжар суыру ғой менің көргенім. Естеріңде болсын. Мен кедей қызымын. Әкем жай ғана шаруа. Сегіз жұмақ есігін ашпай-ақ қойдым. Байлық, жиһазға да қызықпан. Ерлік-даңқ, салтанат сән де керек емес. Сын-

ған жанды сауықтыратын татулық. Тату адам от шашып ойнамайды. Ол өзінің шаттығын да, қызық, қуанышын қадірлей біледі. Маңдайының терін аямайды. Өйткені ол тер тіршіліктің жүгін арқалаудан шыққан тер. Мал баққан, егін еккен шаруа қызының шаттығын ойласандар, кел. *(Шатырдың алдында жатқан жыртық торды алып.)* Мына тордың жібін таратып қайырадан тоқисыңдар. Тоқып болғаннан кейін...

Б а р д о. Тоқып болғаннан кейін не?

Т о т ы. Қыз жүрегінің шешімін күтесіңдер.

Б а р д о. Токи білмесем ше?

Т о т ы. Үйренесің, үйретеміз.

Б а р д о. Бұдан да маған бұзау баққызған жақсы еді.

Т о т ы. Бағатын бұзау да жоқ қой. *(Толо тордың жібін ыдыратады да тоқи бастайды. Бардоның икемі келер емес. Қыздың алдында қаншама тырысса да тордың жібін шатастыра береді.)*

Т о т ы. Шар жіппен ойнаған бала мысықтай шатастырма. Тоқы, достым.

Жіптің ұшын күрмей байлап, көз шығарып үйретіп тұрған үстіне Бардоның әкесі қаба сақалды, үлкен көзді қарт цыган келеді. Екеуін үйіріп алған Тотының қайратына сүйсінген қарт қарап тұрады.

Қ а р т. Ене, қызым. Ауру да емес, жын да емес. Екен баққан екенсің. Мықтап бақ... Айрылып қалмастай тіп бақ...

Т о т ы. Құсты да қолға үйретуге болады.

Қ а р т. Қызым, қыранды қолға үйретсең адамға серік. Ұшырсаң іледі де, шақырсаң қолыңа қонады. Бұл екеуін ұшырып та көрдік. Сасқалақ жаман сұқсұр құстай түйілгеніне түсе алмай жалп етіп кейін қайтады. Бері кел, қызым. Менің қасыма отыршы. *(Тоты қасына отырады.)* Ұлдан қыз баланың оттылығын ұнатамын. Дүниеде не көп... Қомағай көздер көп. Зерігіп жүрген жоқсың ба, қызым.

Т о т ы. Үйрендік қой, ата.

Қ а р т. Тек цыганның шуылынан жиренбесең болғаны. Әнінді сүйіп тыңдаймын. Тыңдаймын да сонау талай қырдың астында қалған жастығымды есіме түсіремін. Ән салып жіберсең қайтеді, қызым. *(Тоты ойланады. Ги-*

*тарды қолына алады. Бардо мен Толо істерін тоқтатып Тотыға бұрылады.)*

Қ а р т. Жә, бажыраймай тоқыңдар.

Тоты гитарда «Жалғыз арша» әнін толғайды.

Сағынышты зарын төге салған әнін қарт ұйып тыңдайды. Көзіне жас алады. Көзінің жасын сүртіп отырып қарт дәл алдында, жерде сағағынан омырылып сынған жез оюлы, сүйек сапты қанжарды қолына алады. Шұқшия қадалады. Тоты Бардо мен Толоға сездірмейді. Қарттың көзі ойнақшып, өңі бұзылып та кетеді. Қанжарға қараған сайын қаны қайнап, орнынан атып тұрады да, қайсысына тиісерін білмей түтіге түнереді. Қарттың жарылғалы тұрғанын көріп үшеуі де үн қатпайды.

Қ а р т *(қалтырап, қанжардың жүзінен көзін алмай.)*

Қаруды тасқа шапқан деген не сұмдық. Сенбісің, әй соққан!

Б а р д о. Тамилланың қалауымен, ата!

Қ а р т. Тамилланың қалауы махаббаттың бал нұры болуға тиісті. Қолдан қаруды тастау намыссыздық. Намыссыз адам көңілін нұрға толтыра алмайды. Ұлы атамның шер мен мұңын таратқан осы қанжар болатын. Озырларға қарсы ұмтылдырып сүйген жарын қорғап қалған да осы қанжар еді. Сен не істедің, сұм бала? Жауыңа сілтейтін қаруды сындыру қай есуастық... Жауап бер маған.

Т о т ы. Мен берейін жауабын, ата!

Қ а р т. Қызым, бұл жалғаннан әлі де шаттық таба алмайсың. Тосылар тосқауыл толып жатыр алдында.

Т о т ы. Білемін, ата!

Қ а р т. Білсең кек алар сәтте қару ғана қорғай алады.

Т о т ы. Алынар кекті, қажымас қайрат қана қайтармай ма, ата!

Қ а р т. Жоқ, қызым. Бас қаңғырып, аяғыңды шалыс басқан күндерде тар қыспақтың түнегін қанжар ғана түре алады. Кешірмеймін. Бері кел, соққан бала!.. Тізенді бүк менің алдымда. Жоныңды осы қанжардың сынығымен осып, сазайынды берейін. *(Баласын дүрелей бастайды.)*

Т о т ы. Тоқтаңыз, ата! Әмір берген мен екемін. Мені қоса жазғырыңыз!

Қ а р т. Ара түспе, қызым...

Т о т ы. Түсемін. Өрмелеп шығар алдымызда әлі де талай биік бар. Мұндайда жарқанаттар ғана қанатымен қан шашады!

Қ а р т. Қызым... ауыр сөз айтпа маған. Үлкендердің сілесіне қаласың.

Т о т ы. Төге беріңіз сілеңізді.

Қ а р т. Арбама менің баламды. Бұзба біздің ата-баба салған жолын...

Т о т ы. Бұзамын деп қашан айттым мен сізге... Ата-баба жолы қазақта да жетерлік. Мені сіздердің ұзын көштеріңе ергізген сол сәулесіз жол болатын. Нұр шапағы маған бұрын да сараң төгілген.

Қ а р т. Екі селтек пе нұр шапағына бөлейтін.

Т о л о. Қорлама, ата!

Қ а р т. Жазалау керек сендерді. Уа, Гурянов, қайдасың! Сенсің бас бүлікке бастаған.

Корзинке толы балықты нығына салып көтеріп Гурянов келе жатады. Ізің шала Будаш та келеді.

Г у р я н о в. Жау шапты ма, неге даурығасың?

Қ а р т. Мына асыранды қызың мен жүгенсіз ініңе тыйым сал! Қай заманда цыгандар табыр заңын бұзып еді. Біріне бірі көзін сүзіп, ізгілікті аяққа таптады!

Г у р я н о в. Айғағың не?

Қ а р т. Айғағым қанжардың сынуы...

Г у р я н о в. Ізгілік бар да күнә бар. Күнә бар жерде адам азғындайды. Қанжардың сынуына күнәкерлік себеп болса мен еш қайсыңды аяман! Толо, бері кел.

Т о л о (қасына келіп). Жансак ойламаңыз.

Г у р я н о в. Жансак кадам баспа деп ескерттім бе мен саған. Неге сынды бұл қанжар!

Т о л о. Шектен асқан түк те жоқ. Ойнап-күлуден тыямысың?

Г у р я н о в. Неге сынды бұл қанжар? Ойнап-күлуден от шығады. Тар қыспақтан қашқан қыз сені аға тұтты. Мені әке тұтты. Туғанына балады бізді. Көзінің отына, жүрегінің қызуына қанжар сілтеп жылыну болса ниетің, менен мейірім күтпе. Бардо, саған да айтарым сол... Жолама біздің шатырға... Алдынан да, артынан да жүрмейсің...

Б а р д о. Жүргізбес шара сізде болғанымен, жүргізер тілек бізде ғой.

Г у р я н о в. Тілеуінді басқадан ізде. Тиме менің қызыма! Цыган жалған айтады. Цыган пәтуасыз... Цыган арбағыш деген өсекті шындыққа айналдырғың келсе мына семсердей сағағыңнан үзілетініңді ұмытпа, бала!

*(Толо, Бардо беттей алмайды. Тоты шатырдың жақтауына сүйеніп тұрып қалған. Ұзақ үнсіздік. Гурянов енді қартты тықсырады.)* Кәрі сайтан, ескі жын! Сынған семсеріңнің дауы жетті. Бар, сен де барып тұр!

Қ а р т. Қауданға түскен өртті сел ғана сөндіреді.

Г у р я н о в. Не қыл дейсің маған?

Қ а р т. Аман-есеніңде қызды үйіне қайтар деймін.

Г у р я н о в. Көпті көрген көне дейді-ау сені. Мына сақал мен шашты ғой қасірет жұтып ағартқаныңды қайтейін. Жаныңда селт етер жақсылық болмаса, несіне ағарттың ол шашты. Ебіліс жаман пиғылын тек қана мақшарда түзетемін дейді екен. Сол сияқты сен де мақшарда түзетерсің пиғылыңды. Кіріспе, жұмысың болмасын.

Қарт үндемейді. Сыртта Қаражал сары атқа жеккен арба келіп тоқтайды. Сетера бастаған қыз-келіншектер келе жатады.

Б у д а ш. Балалар келе жатыр. Жә, доғарыңдар!

С е т е р а *(қолында құныт, алқына кіреді)*. Әке!

Г у р я н о в. Не көрдіңдер базардан?

С е т е р а. Базар кешегіден бүгін қызды... Жәйма дүкендерді аралап жүр едік. Ойда жоқта Таласбай досың мен ұстап әкеткен приставқа жолықтық.

Г у р я н о в. Түрмеден босаңған болды ғой.

Т о т ы *(жалт бұрылып)*. Пристав айдап жүр ме екен?

С е т е р а. Жоқ... Екеуі де бос. Сақал-мұрттары өскен... Киімдері де өзгеріп кеткен.

Б у д а ш. Ашқан балыма да солай көрінген.

Г у р я н о в. Сәуегейсімей қоя тұр... Не айтты сендерге?

С е т е р а. Бізді базардың шетіне онаша алып шықты. Андудамыз деді. Бізге ат жеткізіп берсін. *(Қалтасынан тілдей қағазға жазған адресті алып.)* Мына адреспен көлдің жиегіндегі қамыстың ішінде бізді күтсін деді.

Г у р я н о в *(адресті оқиды)*. Кім барады?

Б а р д о. Мен барайын.

Т о л о. Боса да бізді жазғырдыңыз. Айыбымызды осымен өтерміз.

Г у р я н о в. Кеше цыган атаулыны қуып тастады базардан. От жүректі батыл ғана алып шыға алады

Т о л о. Тәуекел де де бізді жұмсаңыз!

Г у р я н о в. Бері келіндер. Жаскана соғып үрке қашпаймыз деп маған сенімдерінді беріндер.

Т о л о        } Сеніңіз. Сендіреміз. (*Цыганның*  
Б а р д о        } *дәстүрімен серт береді.*)

Г у р я н о в. Ат саудасымен барған боласындар. Ұстап алса қарсыласпандар. Тергеу тексеруден де бас тартпандар. Айып сұраса екеуіңе жүз сом. Жолдарың болсын. (*Бардо мен Толоны шығарып салады.*)

Т о т ы (*Сетераны құшақтап*). Сетера, мені сұрады ма?

С е т е р а. Сұрады. Зерігіп жүрген жоқ па. Үйін сағына ма деді. Сағынады. Әкесін көп ойлайды дедім...

Т о т ы. Әкем. Жылай-жылай қарашығы суалып, сақал-шашы қуарған да болар. Ел қыдырған, қала шыққан жолаушыдан сұрай-сұрай зарыққан да болар. (*Серпіліп.*) Маған айтқаныңда Толо мен Бардоны өзім бастап баратын едім.

С е т е р а. Қолға түсіп қалсаң, құтыла аласың ба!

Т о т ы. Құтылудың айла-тәсілін үйрендік. Ең, ат құлағында ойнар ма едім. Осы мені сенің әкең көзінен таса жібергісі келмейді.

С е т е р а. Сақтанады. Байқаусызда ұрынып қалма-сын. Маған да байқап жүріңдер деп әрдайым ескертеді.

Сырласып отырғанда, сыртта қоңыраулатқан пәуескенің салдыр-түлдірі естіледі. Елегізіп қарайды. Бұдаш та шатырдан шығады. Гурянов та алабұртады. Шатырдың сыртына келіп тоқтаған пәуескенден Әлен саудагер түседі. Гурянов суық қарсы алады.

Ә л е н. Ә, екінші рет індеттім.

Г у р я н о в. Неңізді жоғалтып едіңіз, бірінші гильді саудагер мырза!

Ә л е н. Менің мәркемді атап қайтесіз. Бұрын жоғалтқанымды қудым. Енді көңіліме алған құмарлықты қуып келіп тұрмын.

Г у р я н о в (*қуланып, ыңғайын байқағысы келіп*). Бақ — қолы жеткендікі. Ақша — саудалынікі, айтып көріңіз.

Б у д а ш (*кескестеп*). Бағыңызды болжағыңыз келсе, алақаныңызды ашыңыз. Девелло немен жарылғайтынын айтып беруіме болады.

Ә л е н. Бал аштыра келгенім жоқ. Жігіттің атын не қатыны шығарады, не астындағы аты шығарады деген-

дей бағымды атпен сынау еді арманым. Дау жүйесін, мал несін...

Г у р я н о в (*сөзін бөліп*). Дауласып та көріп едік қой... Иесі сіз болмай шыққаныңызды ұмыттыңыз ба, бірінші гильді саудагер мырза!

Ә л е н. Бірінші гильді дәрежесін маған сауда палатасының өзі берді. Дауласпайық. (*Езеуреніп*.) Менен қалағаныңызды алыңыз. Ана үш пар жеккен поятонымды қаласаң да бердім... Сатыңыз Қаражал сарыны.

Г у р я н о в. Сізге керек қанат бізге де керек. Ат сатылмайды.

Ә л е н. Үш бағасын асыра берейін.

Г у р я н о в. Бес бағасын асыра берсеңіз де қыстаманыз.

Ә л е н. Ойланыңыз. (*Ескертіп*.) Оралғалы тұрған дәулет. Уысың толы алтын ақша... (*Еркі алдына қоймай қолын алып*.) Өзі іздеп келген алушының бетін қайырмаңыз. Базарда аттың мандай алды жүз сом. Мен саған бес жүз сом берейін. (*Гурянов үндемейді*.) Бәйгі бермес оза бір шапқан жүйріктігіне алты жүзге дейін көтерейін. (*Гурянов жауап қайырмайды*.) Алты жүз де елу болсын. (*Гурянов басын шайқайды*.) Жеткен жері жеті жүз сом. (*Гурянов ойланады*). Әлен қолын сілкі жүлқып.) Жеті жүз де елу болсын.

Г у р я н о в (*есерлігін пайдаланып*). Мың десеңіз де...

Ә л е н. Мың сұрасаңыз мың сом болсын. (*Алақанын сарт еткізіп*.) Сауда бітті. Келістік. Сұрағаныңды алдың. (*Қойын қалтасынан жүз сомдықты шығарып санай бастайды*.) Рахатын көр... (*Гуряновқа ақшаны ұстата салып*.) Тарт бері Қаражал сарыны.

Г у р я н о в (*уысы толы ақша, көңілі бұзылып әйеліне, одан Тотыға қарайды*). Тамилла, не ақыл бересің...

Т о т ы (*қырындап, Әленге танытпай*). Алмаңыз, қайырып беріңіз өзіне.

Ә л е н (*қызды шырамытып жақындайды*). Цыган қызы, бұрылып маған қарашы. Әсем екен дауысың...

Т о т ы (*цыгандарша билеп, әндете қашқақтайды*).

Жас қыздың жанарын  
Көруге құмарсың,  
Мүмкін сен жас қыздың  
Бейнесі шығарсың.

(*Цыгандар әндете қоршап кетеді*.)

Әлен (*қолын созып*). Қарашы алақаныма, бал ашшы? (*Жақындағысы келіп.*) Бағым бар ма, сорым бар ма, жасырмай айт.

Тоты (*тағы да қаша билеп*).

Аулақ тұр, жолаушы,  
Қорқамып қолыңнан.  
Токтатпа әнімді,  
Қалдырма жолымнан.

(*Тағы да шырқобелек айналып кетеді.*)

Будаш. Маған әкеліңіз қолыңызды, маған... (*Жолын бөгейді.*)

Әлен (*оны сілкіп тастап қызға беттейді*). Қашпа, сұлу, құтылмайсың қашқанмен. Мен Қаражал атқа қоса сені де іздеп келгенмін.

Гурянов (*сілкіп өзіне қаратады*). Оны неге іздің? Кім деп іздедің?..

Әлен. Мүләймсіме, цыган. Тотыны сендер әкеткенінді мен сезгенмін...

Тоты (*жалтарып*). Көзіңіз бұлдырап тұрған болар.

Әлен. Әуелі бұлдырап еді, енді анықсың, сұлу. Енді менен құтылып көр.

Гурянов. Озбыр болмаңыз. Қиянаттың да шегі бар.

Әлен. Қиянат дейді әй мына найсап. Жоқтарым түгел табылды. Шыдап көр менімен табан тіресіп. (*Көңіріне айғайлап.*) Шонтық, тарт бері паятонды!.. (*Кетеді. Гурянов амалы құрып сілейіп тұр.*)

Тоты. Жіберме, әке, жіберме... Бұлар аямайды.

Гурянов (*қалтыранып*). Барсын.

Тоты. Жок, жібермеңіз!

Гурянов. Не істе дейсің, қызым?

Тоты. Ендігі қуатыны менің басым. Шақырыңыз. Шақырыңыз.

Гурянов. Барсын. Барсын, күтіп алдым.

Будаш. Ей, Бірінші гильді купец... Токтаңыз!.. Кідіре тұрыңыз (*Кетеді. Гурянов не істерін білмей арпалыс ойда. Будаш Әленді ертіп келеді.*) Мырзам, еркек пен еркек шайқасады. Қояды. Мұндайда көңілдің қалауын әйелдер ғана табады. Сіздің қалауыңыз белгілі болды.

Тоты (*әдейі кемсеңдеп*). Ағажан. Бір жарық күн көрермін деп күтуші едім.

Әлен (*көңілі босап*). Ағажан деген үнің қандай

жылы еді. Көзіме жас толып кетті-ау!. (Аяп.) Балапаным. Ер соңыма, үйіңе жеткізіп салайын.

Тоты. Аяғаныңызға мың да бір алғыс. Тауықты да иманды екенсіз. Бірақ та менің басым сатылып қойды ғой.

Әлен. Кімге? Бекназар итке ме... Бекназардың малын өзім төлеймін.

Тоты. Бекназардың малын әкем төледі. Мені асырап сақтаған, асырап алған цыганға не төлейсіз?

Гурянов. Мазағың ба, Тоты. Мен асырап сақтағанымды бұлдамаймын.

Әлен. Бұлдасан, әкесіне қайтарыңыз.

Гурянов. Әзірге әкесіне қайтпайды.

Әлен. Қайтарасың. Қаңғырған цыган, мен қарындасымды тентіретпеймін. Асыраған еңбегіңе мінеки. (Ақшаны қолына ұстатады.)

Тоты. Иман жүзді, тауықты аға. Маған Бекназар да көзін сүзді. Қазактың қарындасым деп қол ұшын бергені жарым болмен бітетін. Қаннен-қаперсіз сәтте кездестің. Сіз мені бәрібір әкеме табыс етпейсіз. Белгілі ғой... Қолы жеткеннің көңілі.

Әлен. Апарамын.

Тоты. Апармайсыз.

Әлен. Сенбей тұрсын-ау, Тотым. Салдым сенің жолыңа барымды. Ей, цыган!.. Алатыныңды ал да Тотыны босат. Мә, мыңды азсынсаң тағы да мың сом.

Гурянов. Жоғал, сұмырай! Төбемнен алтынға көмсең де қызымды саған қосып жібермеймін.

Будаш (күйеуін сырып тастап ақшаны алады). Я, раббим... Сізге де, бізге де қайырлы болсын. Шапағат та, қарғыс та тәңірінің ісі. Дініміз басқа болғанымен тілеуіміз бір.

Танцуй не ясная, ночь туманная!

(Цыган әнін бастай жөнеледі. Сетера қостайды. Тоты да қарап тұрмайды. Қолында гитара, толғана сөйлеп кетеді.)

Тоты. Үйден шыққанымда артыма жаутаңдап қарай-қарай кетіп едім. Тірі ораламын ба, оралмаймын ба!— деп едім. Енді мен жолшыбай сізге кездестім, бердім ықтиярымды өзіңізге, Әлен аға!

Будаш (алдандырудың айласын ойлап). Сетера, Тамиллаға қамқор ағаң табылды.

Сетера. Хош келдіңіз, қайырымды жан!

Тоты. Сетера, тұра тұр. Ағайға өз жәйімді түгел айтып болғаным жоқ.

Әлен. Айт, айналайын.

Тоты. Билер сотының алдында өзімді өзім қорғағанымда сіз де отырдыңыз.

Әлен. Отырдым.

Тоты. Қайырымсыз билер мен болыстар, күн көрмей өт... деп қарғыспен шығарып салды ма?

Әлен. Енді одан құтыласың.

Будаш. Құтыласың, қызым.

Әлен. Құтқарудың алды былай болсын. Ей, цыгандар, шуылы көп, дырдуы көп жұртсындар ғой. *(Қалтасынан бір уыс күміс ақша алып.)* Мә, қылмың-жылмың көз сүзетін сорлылар. Бұл Тотының байғазысы.

Будаш. Сыйға сый... Даусымыз қарлыққанша ән салып берейік. Табанымыз ойылғанша би билеп берейік. Ана қайыңның түбінде рахаттанып отырыңыз. Сыйлы мейманымыз болыңыз. *(Жұтынып тұрған қыз-келіншектер Әленді қоршап думандатып, әндетіп далаға алып кетеді. Сахнада Гурянов пен Тоты қалады.)*

Тоты *(күйзелісте тұрған Гуряновке)*. Сілкін, әке... көтер басыңды. Мен қаһарын бір қайтаруға қайтардым. Ар жағын өзің ойлай бер.

Гурянов. Сені қолымнан бергенше, жер жұтсын. Қуып тастасам қайтеді.

Тоты. Қуып тастаумен кек қайтпайды.

Гурянов. Жер қаптырайын ба?

Тоты. Оның билігін Таласбай ағаға берейік, солар келгенше бөгей тұрсақ та жетеді.

Гурянов. Олар келсе болар еді-ау.

Тоты. Келеді. Толо мен Бардо әкеледі.

Гурянов. Мұның да жөн екен: *(Ойланып.)* Ал келмей қалды бар ғой тірі жібермеймін сұмды, дұрыс па?

Тоты. Дұрыс! Андысқан жау үшін басқа шешім болмасқа керек.

Қыздардың у-шуы Әленге шауып келе жатқан аттың дүбірін естіртпейді. Аттарынан қарғып түсіп Бардо, Толо, Таласбай, бізге тағыс пристав боп жүрген Тверитиндер келе жатады. Таласбай мен Тверитиннің сақал-мұрты өскен. Кімдері өзгерген. Тоты көзінен жалын атып карап тұр.

Таласбай. Тоты, Тотым!.. Не күйге түстің, бишара бала. *(Құшағын жая ұмтылады. Қайсар қыз осалдық білдірмейді.)*

Тоты. Күнім жақсы... Пана болар, сая болар — әке орнына әке таптым. Несіне сұрайсыз менің халімді. *(Теріс бұрылады.)*

Таласбай. Өкпең орынды, Тотым.

Тоты. Жөргегінде қарғалып сатылған қыздың аға да, әкеге де өкпесі жүре ме? Уа, Уалиханның ұрпағы, қылы көз, қыл құрт төрелерге сен де, аға, қол қусырғансың. Маған құда түскенде сен де ішінде болғансың...

Таласбай. Заманадан оза тусам оған бармас едім-ау, Тотым. Мен де өзіндей. ..Түрмеден түрме... Елдің бетіп көрмегеніме жыл толды.

Тоты *(шыдайын десе де шыдай алмай солқылдап, Таласбайды құшақтап)*. Сорлы Тотың тағы да сатылды ғой, аға!

Таласбай. Гурянов, не сұмдықты естідім... Сен бе осыған жеткізген!..

Тоты. Сатылғаннан басқа амалым қалмады.

Гурянов. Қызым амал үшін дейді. Жанымды жаннанмаға жіберсе де ол менен тірі құтылмайтын еді...

Тверитин. Оның кім?

Гурянов. Әлен саудагер. Базарда Қаражал сары атты көріп іздеп келді. Байқаусызда Тотыны да танып қалды.

Таласбай. Өзі қайда?

Гурянов. Әне, қыз-қырқынның ішінде мәз-мәйрам.

Тоты. Амалым құрыды ғой, аға.

Таласбай. Шаш бауыңа таққан шолпың сыңғырап, бұлғақтап жүретін Тотым, қайтейін сені, қайтейін. Бұ да сол қу заманның соққысы да... Ендігі шешім аянбау да аямау!

Тверитин. Аямау да аянбау керек дегенің дұрыс. Гурянов, Көкшетауда бірқатар жұмыстар істелді. Омбыдағы достар суыт жүріп жетуімізді күтіп отыр.

Гурянов. Ана саудагерге көрінбендер. Шатырда дем алыңдар. Ертең Омбыға қарай бізбен бірге көшесіңдер.

Тверитин. Бізге суыт жету керек. Ана тоймас жалмауызды ала кетіп, сендерге қайтып оралмайтындай жер қаптырамыз. Барыңдар, алып келіңдер?!. *(Бардо мен Толо кетеді.)* Ол долданар да даурығар. Кесім айтудың биілігін маған беріңдер. *(Бардо мен Толо Әленді алып келеді.)*

Т о л о. Жалтақтама артыңа, тура жүр!..

Ә л е н. Гурянов, мыналарыңа желкелеткендей жазы-  
тым не?.. *(Таласбай мен Тверитінді көріп.)* Ә, мына  
сұмдар ма еді жұмсаған!..

Т в е р и т и н *(ызғарлы)*. Сұм десең де, қу десең де  
біз алдырдық. Танимысың бізді?

Ә л е н. Ә, қу цыған! Алдап соқтың ба?

Т в е р и т и н. Цыганда жұмысың болмасын. Маған  
қара!

Ә л е н. Сен де жолдан азып па едің?..

Т в е р и т и н. Саудаң қалай? Пайдаң көп пе? *(Әлен  
үндемейді.)* Сықырлатпа сапиян етігіңді. Енді жаның  
біздің қолымызда. Қалада мал саудасы, қырда адам  
саудасын жасағаның үшін жазаланасың.

Ә л е н *(Гуряновқа)*. Мына алдағыш цыган ғой мені  
сендерге шағыстырған... Ұрланған қызды қайыра сатқан  
цыганның аранын тыйып ал ендеше.

Г у р я н о в. Не бәле жауып тұр мынау маған. Тамил-  
ла, мен сені ұрлап алып па едім?

Т о т ы. Әке, кім нанады мұның сөзіне. Кім нанады  
өзіне. Менің бағымды ұрлаған көп жуанның бірі осы-  
ның өзі!..

Ә л е н. Қамыққан қыз қаңғырған цыганды паналап  
бақытқа жете алмайды.

Т а л а с б а й. Сені паналаса жетер ме?

Ә л е н. Енші алта дейін солай, қырыма алсам сені  
паналатамын. Жетпейді деңі соған күшін.

Т а л а с б а й. Немен, ақшаның күдіретімен бе?

Ә л е н. Ақша десең, ақшам бар. Мен ақшалы кісімін.  
Сенің қаңғырып қалған қарындасыңды да мұрадына  
жеткізетін ақша! Ақша қадырсыз болса қайырып бергіз  
мына тобырлардан ақшамды!..

Т а л а с б а й. Ұялсайшы, жалмауыз. Тоқалдыққа ал-  
мақ қой ниетің!..

Ә л е н. Кәпір қауымы цыганға қиған қызды маған  
кимаймысың. Барар жерің Омбы ғой?!

Т а л а с б а й. Омбы!

Ә л е н. Менің қақпаным Омбыда да құрулы.

Т а л а с б а й. Не сен, не біз түсерміз. Жүр бізбен.

Т в е р и т и н. Ия, жүр бізбен! *(Тотыға.)* Қарында-  
сым, отты бол. Құтыласың бұл азаптан. Құтқарамыз.  
Хәш! *(Бардо мен Толоға.)* Мына сапарлас досты бізбен

бірге шығарып салыңдар! *(Әлен құтыла алмайтындығын енді ғана сезеді.)*

Ә л е н. Түсірдің бе мені қолға, қу қашқын. Алла сазанды берсін... *(Бардо мен Толоның алдына түсіп кетеді.)*

Т о т ы. Елге оралайық па, аға?

Т а л а с б а й. Елге оралу әзірге ертерек. Биылғы қыста Гуряновтың үй ішімен бірге бол. Келер жазда елге орал. Басқа не айтамын. Менен бұрын елге жетсеңдер сәлем де. туыстарға. Қажыма, күнім... *(Маңдайынан сүйеді.)* Ал, Гурянов, қыста жылжи қонып көктемге қарай ауылға жақындандар! Бізді күтіндер. Сәтті сағатта кездесейік. *(Хош айтысады да кетеді. Салдыр-гүлдір қоңыраулы паятон жылжи жөнеледі. Сетера, Тоты, Будаштар қарап тұр. Гурянов шығарып салып кейін оралады.)*

Г у р я н о в. Жығыңдар шатырды! Көштің бетін біз де бұрдық!..

Т о т ы. Қай бағытқа?

Г у р я н о в. Несібіміз қайдан бұйырса, сонда!

Т о т ы.

Алдым бұлдыр, артым тұман,  
Кеудем толы күдік, күмән,  
Тағдырым әлі сынақта,  
Ердім көшіңе, әзиз әке.

Шымылдық.

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Цыгандар таборы Тотының туған еліне жақындаған. Арты құз, алды ылди, биік жартастың үстінде Тоты мен Толо. Сахнаның сыртын ала шатыр алдына цыгандардың маздаған оттарынан ұшқан түтін көрінеді. Ыңылдай салған ән еміс-еміс естіліп тұр.

Т о т ы *(алысқа көз тастап)*. Сонау, сонау мұнар басқан таудың етегінде біздің ауыл.

Т о л о. Айыр өркеш, қос шоқы...

Т о т ы. Сырымбеттің шоқысы. Мені айттырған төре әулетінің жері. Содан ілкім әрірек жеке көлдің аралында біздің ауылдың қыстауы. Ұмытып қалған жоқсың ба?

Т о л о. Ұмытқаным жоқ. Көзіңе ыстық көріне ме!

Т о т ы. Көзіме оттай жарқырайды. Барлығы да маған қол бұлғап шақырып тұрғандай!

Т о л о. Сағынғансың, Тамилла!

Т о т ы. Сағындым. Әкемді сағындым. Жаны күйрек

Құрбан. Жібермеймін! *(Құшақтайды.)*

Таласбай. Бұл қиын болды-ау. Сен не дейсің, бұған? *(Тверитинге қарайды.)*

Тверитин. Ойлану керек.

Рабиға. Түкте ойланатыны жоқ!

Тверитин. Төңірегіміз торыған жау. Күн-түніміз шабуылмен өткелі тұр. Сонда осы ауылда Тотыға кім қорған болмақ?..

Гурьянов. Рас... Бұл ойласатын әңгіме... *(Ойла-нып.)* Бір жыл сеніп едіңдер ғой маған. Тағы да бір жыл сеніңдер. Тамиллаға өзім пана боламын.

Таласбай. Тоты, не дейсің, өзің айт.

Тоты. Орман кезуге үйрендім... Қаңғырар жол көп екен... Ұзын жолдың бойында ойға бөгет жоқ екен... Далада жүрсем еркіндік, шатырда жатсам еркіндік. Күндіз күнмен, түнде қалың жұлдызбен біргемін. Жыласам, әнмен жұбанам. Сағынсам, жырмен ұанам... Мені торда ұстамаңдар. Қазақтан да бір қыз өтсін осылай.

Тверитин. Ғажап айттың, Тоты қарындас. Мен де сен аңсаған еркіндікке ғашықпын. Қайда барса көргендері қағажу мен қуғындау цыгандар да ғашық. Алдамшы үміттің жетегінде бұлар да кете бермейді. Бізбен бірге бұлар да еркіндікке жететін уақыт болады. Енді сен бізбен бірге ересің!

Тоты. Олай болса қоштасалық. Күліп-ойнап, қайта көріскенше деп қоштасалық. Әкел, Сетера, гитарыңды! *(Сетера гитарын қуана ұсынады.)*

*(Тоты цыгандар тобымен әндете билеп қоштасады.)*

Кош болыңдар, туыстарым,  
Кош болыңдар, құрбыларым.  
Ұмытпаңдар шерлі қыздың,  
Жабыққанда салған әнін.

Цыгандар. Ұмытпаймыз, Тамилла!

Будаш *(көзінде жас)*. Тумасаң да туған баламдай болып едің. Қызым, бауырым, Тотым!

Сетера *(еңіреп)*. Енді көріспейтін шығармыз.

Таласбай. Көреміз. *(Өзі де әрең тұр. Көзін сүртеді.)*

Толо, Бардо. Көрісуіміз екі талай болар, Тамилла!

Гурьянов. Дауыстамаңдар! Немене, келмеске кетіп барамыз ба?.. Тірі болсақ... әлі ... талай ораламыз. *(Өзі әрең тұр. Көзін сүртеді.)*

Тверитин. Гурянов, сен әуелі өзіңе берік бол.

Гурянов. Я, берік болуымыз керек. *(Күшін жинап.)* Қош бол. Қайратты қызым... *(Қоштасады. Цыгандар Тотының қоштасқандағы әнін айтып бара жатады.)*

Тверитин. Мен поэма жазсам, атын Тотынама қояр едім де, аяғын осылай бітірер едім.

Тоты *(уыттана ілгері ұмтылып)*. Ердім сондарыңнан, әзиз ағалар!

Шымылдық

# КҮН ШУАҚТА

*Үш перделі, бес суретті*

## ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Байсал Андасов  
Салиқа — әйелі.  
Шарбану — қызы.  
Шуақ — күйеу баласы.  
Қанзипа — жесір әйел.  
Майдан — ұлы.  
Бұламбай — қарт шопан.  
Батиха — әйелі.  
Несіпбай.  
Торғын.  
Тойғара.  
Серік.  
Месбақ.  
Рысбай.  
Қолхозшы — ер, әйелдер, жастар.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### БІРІНШІ СУРЕТ

Домбыра оркестрінен шалқи төгілген күй. Күй саябырланып барып екі колхоздың ақындар айтысына ұласады. Айтыс сахнада көрінбегенімен репродуктордан аңғаруға тиістіміз.

Қызықтаған көпшілік жаныға көтермелеуде. Аяқтауға да таяу.

«Көксу» колхозының ақыны:

Байлығы біздің колхоз шектен асқан,  
Шегіне шеттік болмас көктегі аспан?  
Кімің бар қос жұлдызды Байсалдайын  
Әр кезде керуен басы көпке дастан.  
Бақ, дәулет, атақ, даңқ бір өзінде,  
Алалық, ағаттық жоқ мінезінде.  
Айбыны Алатаудан асқан әрі,  
Күнде той, күнде жиын — міне бізде.  
Барынды, байлығыңды салшы шотқа,  
Какра, қараша үйің сенде жоқ па?  
Барымды, байлығымды күндей бермей,  
Сабыр, сабыр, ақыным, сөзге тоқта!..

Көтермешісі: Ау-әй, ақыным, сөзге тоқта!

Даң-дұң. Өз ақындарының тілегін тілесіп қарама-қарсы қақтығысып жатқан дауыстар.

— Айтыс бітті емес пе?

— Біткен жоқ! Кезегін берсін біздің ақынға.

— Сілте, жез тандайым, сілтеп жібер қанеки!

Кезегін алған «Ақсу» колхозы ақынының домбыра күйі, әлде Кенен, әлде Исаның сарынымен күңірене тебірентіп соғуда. Ақын сарынымен аралас ду күлкі. Жәй де емес масайраған қырғын күлкі. Жеңген жағы қызына айғайлап, шаттана күледі. Кеусерлеген кеңкіл күлкінің жаңғырығынан сытылып шығып біреу келеді. Бұл қарсы топтың күлкі, сықак, келеке, тәлкегіне шыдай алмай, оттың ішінен шыққандай боп келе жатқан колхоз председателі Байсал Андасов. Үстінде сұр макинтош, басында сұр қалпақ, қара терге малшынған, аянышты кейпі мойынсұнғысы келмей, қасарып, іштей ой арпалысында тұрған Байсал, ақын даусын соңынан ере шыққандай сезінеді.

Иә, Байсал, мен сені мақтамадым,  
Әдет жора салты бар даттамадым.  
Құлы болып барасың құр даңқтың,  
Арашалап ап қалсын, ақтық арын.

Жат, мадақ, жалған атақ басылмай ма,  
Жағыну жақсы ісінді жасырмай ма?  
Лайсаң, лаң топыр басқан көңілің  
Кете ме осылайша, ашылмай ма?!  
Жылағанды, жұбатқан — сол мейірім...  
Төгілгенді сулатпа — сол мейірім  
Жаза бассаң, жаңылсаң бәрі жалған,  
Арашалап ап қалмас мол пейілің.  
«Тән сүйгенін бермесе»<sup>1</sup>  
Жан шыдамас жаны ашып,  
Бере берсең бер десе,  
Әдет алар таласып —  
Демеппеді ұлы ақын,  
Құлақ болса ұғатын...

Келе жатқан Байсалдың ажарынан ақын сөзінен түйген түрлі сезімдерді байқаймыз. Оңға бұрылып қарап еді. Соңынан ілесе шыққан жасы егде тартқан әйелді көрді.

Ә й е л (*қасына жақындап*). Байсал!.. Ойлан... Ойланғаның жөн... Қос басында бізбен бірге түнеп, ауыртпалықты бірге көтерген сонау бір жылдарды есіңе түсіріп көрші? Еркек кіндікті азамат атаулы майданда. Бар тірлік буыны қатпаған балауса жас пен жесір әйелдерге қарап қалған күнде — балалы әйелдің аты ана... Перзентті ана деп маңдайымыздан сипаған да сен едің. Алақан тілім-тілім. Бойды аяз суырып, жүректі қайғы суырып, қолтығымыздан сүйеген де сен едің... Көкірек қарс айрылып, омырауды бояған көз жасын құрғатқан да сен едің!.. Сол қадірінді сен ұмытсаң да біз ұмытқан жоқпыз. Ақын жана «төгілгенді толтыру қайрат ісі, жығылғанды жұбату мейірім күші» демеді ме?.. Сондағы мейірімнің қайда? Сондағы қайратың қайда? Қырқа жағалауға не үшін соғылды? Иә, сен сияқты менің де көңілім алай-түлей. Ойлан, Байсал, ойланғаның жөн... *Байсал жалт бұрылып қарағанда әйел тайып тұрады. Енді кезегін күтіп тұрған еркек сөйлеп кетеді.*)

Е р к е к. Ей, Байсал! Оны көрсе оны сақ, мұны көрсе мұны сақ емес ең. Сілтідей тұна қапсың... Жалғанда жан ашыр досқа не жетеді. Адамның жаңадан дос табуы ыраққа мінгендей емес пе? Сырласайықшы?.. Жаңадан тапқан досың бар ма? Сұйылып та, суып та барады. Неген сүріндің? Тар шатқалда соқпағынан жаңылмайтын кәрі арқардай сақ емес пе едің... Жайлаудағы шо-

<sup>1</sup> Абайдан.

пандардың қақыра қараша үйлері неге жаңармайды?.. Қоғамдық мал қауырт өскен екен. Жастар мал бағудан бас тартады. Неге тартады? Жапан дүзде жалғыз басты жұруге заманы көтермейді. Қуаты қайтқан кәрілердің орнын жастардың басатын уақыты жетті емес пе? Өзің кірген көк төбелі үйге өзгелерді қашан кіргізесің? Аспа тоқ ысырапшылдықтан қашан құтқарасың? Көн-қорық ластықтан қашан тазарамыз? Ойлайықшы? Жаңағы ақын:

«Мен көрдім басқа бақыт үйірілгенді  
Терең ой, қалжыратып күйінгенді.  
Кеудесіне мылтықтың оқ тигендей,  
Күласа да қансырап, өшпес жалын —  
Жүректің ерлігіне сүйінгенді» демеді ме.

*(Сөзін айтып болады да тайып тұрады. Байсал оның соңғы сөзін қайталайды. Өзіне күбірлеп: «мен көрдім басқа бақыт үйірілгенді, терең ой қалжыратып күйінгенді...» Шашы желбіреп, ентелеп ілгері басып айғайлап та жібереді.)*

Б а й с а л. Қайдасың, бар болғыр Месбақ! Машинаны бері келтір. *(Месбақ жетіп келеді.)*

М е с б а қ. Апырмай, сіздің оқ қағарыңыз бар емес пе еді? Бұл қалай болды өзі?

Б а й с а л. Жығылғаннан қалай жығылдың деп сұрамас болар. Келтір машинаны!..

*(Екінші жақтан Несіпбай мен Шуақ та келе жатады.)*

Н е с і п б а й. Қайда тарттыңыз? *(Байсал жауап қайырмайды.)*

Ш у а қ. Аға?! *(Сыртта гүжілдеп келген машинаның гүрілі естіледі. Жалт бұрылып Байсал шыға жөнеледі. Сасып.)* Не болған өзіңе?

Н е с і п б а й *(Байсал кеткен жаққа беттеп.)* Мұндайын көрмеп едім. Жүрші...

## ЕКІНШІ СУРЕТ

Жайлау, керіліп жатқан кең дала. Сайдың жағасында жеті-сегіз қараша үйлер. Орта деңгейіндегі тозығы жеткен киіз үйдің маңында сынған арбаның доңғалағы жатыр. Сайдың арғы бетінде маялаған шөп. Сырылдап машинамен шөп шауып жатқан дыбыстар естіледі. Орта деңгейдегі киіз үйдің іші көрінеді. Дымқыл, төбеден тамшы ағып тұр. Жасау-жабдықтары ораулы. Төрдегі жүк жиналған сандық тоқыма алашамен жабулы.

Жұқа өнді, егделәу әйел жөргекке ораған нәрестені кеудесіне қысып емізіп отыр. Бықси жанған сусынды шаланы бір қолымен көсеп қояды да баланың бетін қоршайды.

**Б а т и х а.** Қараң қал, қараң қалғыр! Көзіне түтін кіріп кетті-ау, құлыным. (*Бауырына баласын қыса түсіп, әлдилеп жұбатады.*)

Әлди-әлди, ақ бөпем,<sup>1</sup>  
Ақ бесікке жат, бөпем,  
Әлдилесем жылайсың,  
Апанды неге қинайсың,  
Жайлауда туған құлыншақ,  
Шекесінде тұлымшақ...

(*Бетіне үңіліп.*) Түшкіре ме құдай, тымауратып қалмаси-геді. (*Үйдің сыртында ызғыртып келіп тоқтаған машинадан белдеуді жұла-мұла, осқырына кісіней жөнелген аттың дүбірі естіледі.*)

**Б а т и х а.** Атты үркіткен кім, әй?! (*Аяғында саптама етік, басында мыжырайған қалпақ, үсті-басы жауынға малышынған үйдің сыртынан Бұламбай да келе жатады.*)

**Б ұ л а м б а й.** Қап, бәтшағар-ай! Үзіп кетті-ау!..

**Б а т и х а** (*дауыстан*). Кім болсаң да белдеудің үзін жалғай салшы. Мен баладан шыға алатын емеспін. (*Машинадан түсіп Байсал келеді.*)

**Б ұ л а м б а й.** А, басқарма, сен бе едің. Топырашын ала құйындатпаса жүре алмайды-ау, әйтеуір...

**Б а й с а л.** Ассалаумағаләйкем, Бүлеке? Белдеуіңнің шірігінен көрмей, менің топырашымнан көргенің не?

**Б ұ л а м б а й.** Ә. бұ шіркіннің шірімеген несі қалды. (*Дауысын қаттырақ шығарып.*) Батиха! Ау, Батиха! Қонақ келді, көрпе-төсек сал.

**Б а т и х а** (*үйдің ішінде*). Келген кім өзі? Баладан босай алатын емеспін. Кел де өзің төсе. (*Бұламбай үйге кіреді. Бұл кезде «Победасымен» Несіпбай да жетіп, Шуақпен екеуі машинадан түсіп Байсалдың қасына келеді. Ақынның шенеп айтқан өлеңі Байсалдың ойына орала кетті.*)

Қақыра қара лашық қараша үйді,  
Атаңнан қалған мұрандай,  
Қырық жыл сүйреткенің жетпеді ме?

(*Күйініш ойдан арылмаған Байсал қараша үйлерге көз тастап қарап қалған. Қасына жетіп келген Несіпбай мең*

<sup>1</sup> Н. Тлендиевтің «Бесік жыры» әні бойынша.

*Шуақты да байқаған жоқ. Көңіліне оралған өлең шумағынан жазылмай.)*

Б а й с а л. Өткізгенбіз, қатал жылдың қысымын да осы үйде.

Өткізгенбіз, аңызак, боран нәсерді де осы үйде

Көк түтін, қызыл жалынды да осы үйде  
Жұтқанбыз.

Ш у а қ. Аға, не ойлап тұрсыз?

*(Байсал үнсіз, өз жүрегімен өзі кеңескендей көзін құрым лашықтан алмай, қадалған қалпында күбірлеп.)*

Өткізгенбіз, өткізгенбіз...

Н е с і п б а й *(сынған арбаның дөңгелегіне ежірейе тесіліп)*. Су жаңа дөңгелек осы қалғаны қалған.

Б а й с а л. Жә, пысықсынбашы осы...

Н е с і п б а й. Байсеке-ау, колхоздың мүлкі ғой.

Б а й с а л. Құрым лашық та колхоздың мүлкі... *(Нәрестені көтеріп Батиха, ізін ала тоқыма алашаны құшақтан Бұламбай шығады.)*

Б а т и х а. Беу, қайным кеп қапты ғой. Салиха келіннің дені сау ма? Несіпбай, аманбысың? *(Шуаққа.)* Күйеу жан оқуын бітіріп келді деп естідік. Құтты болсын, қарғам. Қартайғанда ұл тауып алдық, көрімдік, қайным.

Б а й с а л *(нәрестені қолына алып, маңдайынан иіскеп.)* Бауы берік, өмірі ұзақ болсын. Ыстығы бар ғой баланың!..

Б ұ л а м б а й. Шалдың баласы осал келеді демегің бе... Көр де тұр, нағыз мықтым осы болады. Несіпбаймысың, ау, жол болсын! *(Шуаққа қол беріп.)* Пайғамбар да сыйлаған күйеу ғой бұл.

Б а й с а л. Атын кім қойдыңдар?

Б а т и х а. Сіздей дәрежелі, бақытты болсын деп Байсал қойдық...

Б а й с а л. Бекер қойғансыңдар, қайбір жетіскен ат.

Н е с і п б а й. Періштенің құлағына шалынады. Қарсы болмаңыз, Байсеке.

Ш у а қ. Меніңше, тауып қойылған ат.

Б ұ л а м б а й *(алашасын құшырлана сілкіп жатып)*. Көк орайдың үстіне төсер едім, жер сыз... Иіс-қоныс демесендер...

Н е с і п б а й. Айтты-айтпады, осы бір құрым лашықтан құтылатын уақыт жетіп еді.

Б ұ л а м б а й. Ырыс қой бұл жарықтық. Атам қазақтың маңдайына шегелеп берген ырыс қой! *(Байсал нә-рестені бір иіскеп Батихаға береді де теріс бұрылып оқ-шауырақ тұр. Несіпбай да, Бұламбай да, Шуақ та Бай-салдың ренішін аңғарғандай.)*

Б а т и х а *(Бұламбайға)*. Үйіңнің ескіргенін жаңа білдің бе? Суырылмай қонақтарды үйге алып кірмей-місің?

Б ұ л а м б а й. Қатын айтты, болды, қарсылық жоқ. Кірелік. *(Несіпбай мен Шуақ Байсалдың қабағына қа-рап іркілуде.)*

Б а й с а л. Азаматың қайда? Ол айтысқа барып па еді?

Б ұ л а м б а й. Барған... Қайдағы азамат! Әлі шикі тәйірі... Атты қан сорпа ғып... сенің алдыңда ғана орал-ған. *(Алыстағы отарға көз жіберіп.)* Қайырып келеді. Сиқымбайдың қойына қосып алмасигеді... Жүрсін солай.

Б а й с а л. Қабытай неғып милицияға түсіп жүр?

Б ұ л а м б а й. Жуырда артистер келіп кино түсірді осында.

Б а й с а л. Ол қандай кино?

Б ұ л а м б а й. «Қожа» деді ме кім білсін.

Н е с і п б а й. Иә, сосын?

Б ұ л а м б а й. Олардың жұмысының қайсысына тү-сініп боласың... Ішінде бір қара шұбар аял бар екен. Аңратады екен-ай... Даусы қандай зарлы.. Тіптен бәле-нет.

Б а т и х а. Не соғып тұр өзі. Аялың не, қыз ол!

Б ұ л а м б а й. Ей, қыз ба, қатын ба, кім білсін шір-кінді! *(Байсал мізбақпайды. Несіпбай мен Шуақ кү-леді.)*

Б а т и х а. Айттым ғой бүлдіреді бұл. *(Үйге кіреді.)*

Н е с і п б а й. Е, ия сосын?

Б ұ л а м б а й. Содан... жұртты жинаймыз деп дүкен ашты. Кездеме, қант, шай... арақ дегенің жәшік-жәшігі-мен көл-көсір... Несін айтасың, бір жасап қалдық!..

Б а й с а л. Ым... бірді айтып бірге кетеді дегендей, иә?..

Б ұ л а м б а й. Әншейінде қояншық, арақ ішкенде не сорым... Төбелескен... Шиеттей баласын шырылдатып әйелін таяққа жықты...

Б а й с а л. Отары анау, көрінгеннің қолында.

Б ұ л а м б а й. Он бес сөтке деген. Тартсын сазайын...

Б а й с а л. Месбақ, бар болғыр кайдасың?

М е с б а қ т ы ң д а у ы с ы. Мен мұндамын. Қазір...

Б ұ л а м б а й (*Байсалға*). Ажарың сынық қой... Ай-  
тыс өзіңе жайсыз тиген бе қалай?

Б а й с а л. Қалайын сұрайсың. Керемет өтті. Өмірде  
естен қалмастай болып өтті.

Б ұ л а м б а й. Бәсе, бәсе. (*Сырттан Месбақ кіреді.*)

Ш у а қ. Тағы қайда тартыңыз, аға.

Б а й с а л. Машинаңнан басқа білетінің бар ма се-  
нің?! Шұқыланып болдың ба?

М е с б а қ. Болдым.

Б а й с а л. Болсаң, қазір осы маңдағы отарларды  
түгел аралап шығамыз.

М е с б а қ. Құп болады. (*Кетеді.*)

Б ұ л а м б а й. Көптен келген жоқ едің... Тым құрыса  
дәм ауыз тиіп кетпеймісің?

Б а й с а л. Дәм қайда қашар дейсің... Ескерткенім  
аттасымды ауылға алып кетемін.

Б ұ л а м б а й. Тұмау ғой тәйірі. Біздің балалар үй-  
ренген.

Б а й с а л. Менің үйім оған жайсыз болмайды. Бала-  
ны дәрігерге емдету керек. Анасына жағдай керек...

Б ұ л а м б а й. Бала ауырмай ма, қоймай ма?

Б а й с а л. Батихаға айт, әзір болсын. Түсіндіңіз бе?

Б ұ л а м б а й. Түсіндім, түсіндім.

Ш у а қ. Түкке түсінсем бұйырмасын. Ақын дегендер  
айта береді. Онда не тұр.

Н е с і п б а й. Алдын орап айғыр стаканмен екеу-  
үшеуін тартқызып жібергенде түк те жоқ еді. Байқа-  
маппыз...

Б ұ л а м б а й (*өзіне қарап аңырып тұрған Шуақты  
көріп*). Е, атаң шырақ! Жігітім-ақ еді-ау кезінде. Бұдан  
артқан бастық болып па еді.

Н е с і п б а й. Қазірде кімнен кем. Астында машина,  
екі қабат көк төбелі үй. Қора-жайы, бау-бақшасы қан-  
дай! Ақсудың, Сарысудың бастықтары Байсалдан қа-  
лыспаймыз деп таласатын еді... Көрсін Байсалды.

Б ұ л а м б а й. Тек түбі қайырлы болсын... Өзін де  
келістіріп-ақ салған екен. Аанада бір барғанымда айнала  
қарап осындай «круглой» үй кімде бар, әрі ойлап, бері  
ойлап, таба алмадым...

Ш у а қ. Несіпбайдың үйін көріп пе едіңіз?

Б ұ л а м б а й. Көргенде қандай! Атасы қазыға да он-

дай байлық бітпеген-ақ шығар. Жарықтық тек қызығын көрмей кетті.

Несіпбай. Қызғанышың ба? Қуанышың ба бұл? *(Үйге кіруге беттейді.)*

Бұламбаай *(қуақылана арқасынан қағып қойып)*. Ойбай-ау, оралуында ғой. Ана жылы қажы атаң бар, алты үйің бірдей шетте жүріп... қайтып келгенінде қандай едің. Екі тақтай шамаданың болатын. Темір керуетті көшетін мұғалімнен сатып алмадың ба?

Несіпбай. Ұмытпапсың ә...

Бұламбаай. Неге ұмытайын. Өтті, кетті дүние... Оралта білгенінді айтам. *(Бұламбаай, Несіпбай, Шуақ үйге кіреді. Батиха жабулы алашаның үстінен көрпе, құс жастықтардың бір нешеуін суырып ап төрге салады. Радиоқабылдағыш, жалтырауық чемодандар, жез оюлы сандықтар да үстіне жапқан алашаны алғаннан кейін жайнап шыға келеді. Шуақ үй жиһаздарына қарап шығады да құс жастыққа жантая кетеді. Батиха нәрестені бесігіне шымқай орап жатқызады да, ас қамына кіріседі.)*

Бұламбаай *(бықсыған оттың үстіне құраған шырпы салып, өңеші қызарғанша үрлеп қойып)*. Бәтеш!.. Қазан көтеріп жібер. Жал-жая, қазы-қартаңнан қайныңа сақтағаның бар шығар. Бәтеш... Көк мойыннан қалған іштеңе бар ма еді?

Батиха. Не деп отыр өзі. Жымындауын, өңешің қыбырлап әкетіп бара ма? Су алып келейін... *(Кетеді.)*

Бұламбаай *(шырпыны қалбырдағы керосинге мағып алып)*. Жанбаса, жанар май құйып жандырамыз. *(От лап етіп гүрілдей көтеріледі. Теректің құраған шырпысы сатыр-күтір атыла бастайды. Лаулаған оттың жалыны шаңыраққа жетеді. Несіпбай келген бетінде түтіннен қорғанып, құс жастықты желкесіне қойып бетін қалпағымен бүркеп шалқасынан жатқан болатын. Үйдің ішіне жайылған жалын аралас түтінге шыдай алмай Шуақ көзін сүртіп әрең отыр.)*

Шуақ. Аптшу! Аптшу!

Бұламбаай. Жарахамилим алла!

Шуақ *(булығып)*. Бүлеке, есікті ашсам қайтеді, ә?

Бұламбаай. Қой, балам... жел қарысып, шаншу тиіп қалар.

*(Шуақ ұялғанынан кейінірек іргеге тақау отырып*

желпінеді. Несіпбай мойнындағы галстугін, үстіндегі пешпетін, ішкі жемпірін шешеді. Пысынап әрең отыр.)

Несіпбай. Ойпырм-ай!.. (Көйлегін шешіп мәйкешсең). Ысып кетті-ау...

Бұламбаай. Оттың алауы бойыңның қырыс-тырысын жазады, тырп етпе.

Несіпбай (сабырсызданып.) Уһ! (Мойнындағы сорғалаған терін сүртіп.) У-уһ!.. Сүр ғып қақтағың келді ме?

Бұламбаай. Несіпбай, байлық суда... Береке отта... ыстық мүйізді қысса, мүйіз тұқылды қысады дегендей, қысылма, жарқыным...

Шуақ. Радиоқабылдағышыңыз істей ме?

Бұламбаай. Екі жыл болды, ұзақ демалыста.

Шуақ. Неге?

Бұламбаай. Неге дерің бар ма? Батерейі жоқ. Дүкенге түскенін мына Несіпбайлар бізге тигізе ме!

Шуақ. Ағама неге жазып бермедіңіз?

Бұламбаай. Жазсаң, арызшылсың... кем-кетікті айтсаң, кінәмшілсің. Ауызды буып тастаған жоқ па?

Шуақ. Солай деңіз...

Бұламбаай. Қолыма түскен газетті түгел оқимын. Құлаш-құлаш баяндама... Жарықтықтың таусылмайтын сөзі жарылқаса ағыл-тегіл молшылыққа кенеліп отырмас па едік.

Несіпбай. Бұрын мұндай емес едің, сауатың ашылайын деген екен...

Бұламбаай. Құр сауатың да түк емес, көңіл көзің ашық болсын да. Маңдайым жаңа тершіді... (Отты көсеп қойып.) Жана түс, отым, лаулай түс...

Несіпбай (демігін). Кеудем қысып барады... (Түрегеліп киімдерін құшақтап кете бергенде су құйған шелекті көтеріп Батиха кіреді.)

Батиха. Қайда жөнелдің, Несіпбай?

Несіпбай. Далаға барып әуһа жұтпасам... уһ!..

Бұламбаай. Қызуымыз да от, жылуымыз да от... Қайтеміз. (Несіпбай кетеді. Шуаққа.) Жайды білген жәй тамыр... Жәйді білмес қай тамыр... Дүние қол жеткендікі, балам.

Шуақ. Жыл сайын бәйгі аласыз. Сіз де үй салып алмаймысыз?

Бұламбаай. Жоқ. Мен орталыққа салмаймын. Салсам, жайлауға саламын. Неге дейсің ғой... Мен үй

салған кезде жол түзеледі. Машина ағылып жатады. Аспанда шүйіле ұшатын зырылдауықтың аты не еді?

Ш у а қ. Вертолет пе?

Б ұ л а м б а й. Вертолетың да біздің көлігіміз болады. Сым бағаналар да орнатылады. Пешке от жақпай үй жылытатынның аты не еді.

Ш у а қ. Водопровод.

Б ұ л а м б а й. Водоправод... Қызыл жұмырымен таситын газге де қолымыз жетеді. Вот, соны көріп өлсем...

Б а т и х а. Бөс, судырлағым, бөс! *(Баласының бетін ашып.)* Айналайын... Мандайы жіпсіп рахаттанып жатыр екен. Әу, қайным неге кешікті. Ағалары келіп төріміз толып қалды ғой. *(Шуақ екі көзі оттың жалынында, домбырадан бір әнді толғайды. Алыстан ат тұяғының дүбірі естіледі.)*

Б ұ л а м б а й *(көтермелеп)*. Пау, шіркін... деп жібер... Қойымды қырдан құлатып, қораға қамағаннан кейін оттың басында отырып дем алғандағы ермегім осы домбыра...

Б а т и х а. Келді... *(Үйдің сыртында атынан түсіп Байсалдың қызы Шарбану үйге кіреді.)*

Ш а р б а н у. Сәлем бердік! *(Шуақты көріп.)* Па шіркін! Біздің күйеу төрге шығып кетіпті ғой тіпті.

Ш у а қ. Ағаны көрдің бе?

Ш а р б а н у. Келе жатыр өзі де. Ия, хал нешік?

Б а т и х а *(Бұламбайға)*. Қайнымның алдынан шықпаймысың. Барсайшы?

Ш у а қ. Өзімен сөйлесе алдың ба?

Ш а р б а н у. Сезінуші едім сондай бір тойтарысқа ұшырадым...

Ш у а қ. Сұрама. Ақын жалтартпады. Қырғын күлкі... Құлағымнан кетер емес.

Ш а р б а н у. Мені қинайтын ол емес. Өзі асқындырып алған істің... қиындығы көп... неден бастайды? Сүйенері, сенері кім болмақ? Жасы ұлғайып жер ортасына келгенде мерт болмаса... Біздің тілек сол-дағы. *(Сыртта абыр-дабыр келіп тоқтаған машинаның даусы естіледі.)* Өне өзі де келді. *(Байсал кіреді.)* Шаршадың ба, көке?

Б а й с а л. Менің шаршағанымды қойшы... Қанзипаның көзі ауырғанына небары қанша болды?..

Ш а р б а н у. Екі жеті шамасы...

Б а й с а л. Басында неден болғанын білетіндерің бар ма?

Б а т и х а. Бізді құртқанда мал құртпай ма?.. Дауылда қораны бекітіп жүріп... абажадай есік құлағасын не сорым... Қайта құдай сақтаған.

Б а й с а л (*Шарбануға*). Бізден гөрі көзің жіті... Мал дәрігерісің ғой... Не білгенің бар...

Ш а р б а н у. Пәлен деуге ауыз да бармайды... Аяғы кекті науқасқа соға ма деген жорамалдың бары рас...

Б а т и х а. Алда сорлай!.. Бір айналдырғанды шыр айналдыратын әдеті емес пе?

Б а й с а л. Иә.. бұл күнді де көрдік. (*Ерсілі-қарсылы жүруде.*)

Ш у а қ. Да... Қиын болған екен. Қазір сонда ныспы көрмей ме?

Ш а р б а н у. Аз күн бұрын оп-онды еді... (*Көрмейді дегендей Байсалға көрсетпей қимылымен білдіреді.*)

Б а т и х а. Құдай жайлауда ауыртпасын де...

Б а й с а л. Батиха! Қазір сен де жүресің менімен...

Б а т и х а (*абыржып*). А, не дейді?

Б а й с а л. Шалың айтпап па еді?

Б а т и х а. Құрғырдың ойыны екен десем...

Батиха екі ойлы сыртқа шығып бара жатып, келе жатқан Қанзипа, Майдан, Бұламбай, Несіпбайларды көріп қайта оралады. Бәрі үйге кіреді. Тым-тырыс. Аз үнсіздік. Отыргандардың назары күңгірт очкилі әйелде. Бұл әйелдің пішінінен, қазақ киімі мен бүгінгі қала киімінің аралығынан өзіне тән келістігін тапқан ерекшелігін аңғарамыз.

Қ а н з и п а. Бұлеке, мен сізге келдім... Бәкең мені қарауыма аламын, дәрігерге қаратам дейді. Бел еңкейіп қартайған кезде жетекке қалса күнім, уақа емес еді... Басынан қыры кеткен жан едім. Қырсығым тимесін... Не көрсем де өзіммен... өзім болайын десем... еркі алдыма қояр емес... не ақыл бересіз?.. Несі болса да тезірек болса екен!

Б а т и х а. О не дегенің, көретін жарық қызығың алдында. Кішкенеміз сырқаттанып мені де Шуақпен бірге бар деп отыр қайным. Өзім күтем, қасында болам, қамықпашы!..

Ш а р б а н у. Қанзипа апа! Шамшыраққа балаған ана едіңіз ғой! Қамқорлық табыла бермейді. Ештен де кеш демей ме?

Б ұ л а м б а й. Айтқаныңның айыбы жоқ, қарағым. Өкпең де орынды.

Қ а н з и п а. Түу... Бұлеке-ай, қайдағы менде өкпе болушы еді?

Бұламбай. Өкініште қалмайық. Біз десе жолын болсын демекпін. Барғаның жөн. *(Бәрі қоштайды.)*

Қанзипа. Болсын тілектерің.

Байсал. Ендеше аялдамай тұра ауданға тартыңдар. Көп жайларға қануым керек. Бірнеше күн жайлауда боламын. Одан кейін ауданға соғамын. *(Майдан мен Шарбануға.)* Сендер өз жұмыстарыңмен шұғылданыңдар. Ал, кәне қозғалыңдар. *(Сыртқа шығады.)*

Бұламбай *(еміреніп)*. Айналдым... құлынымнан... сағынам-ау енді... Бір иіскейінші. *(Бәрі сыртқа шығып машинаға кетеді. Байсал өзімен өзі ойда. Бұламбай доңғалақты дөңгелетіп бара жатқан Несіпбайды көріп қалып.)* Несіпбай, қайда апарасың?

Несіпбай. Бәрібір сен жамап-жасқай алмайсың.

Бұламбай. Бәтшағар, колхоздың мүлкі...

Несіпбай. Колхозға өзім жауабын беремін.

Бұламбай. Сен берген жауапты мен де беремін. *(Қолынан жұлып алып қалады.)* Суыртпақ жіптің де сұрауы бар.

Майдан. Мұны қайтпексіз?

Несіпбай. Далада қалмасын деп...

Бұламбай. Далада қалғанды жинағыш болсаң *(нұсқап)*, эне.. қыста қардың астында қалып қойған шөп машинасын жинап ал. *(Доңғалақты үй артына апарып қойып келеді.)*

Майдан *(күліп)*. Несеке, білесің-ау, дүниенің кәсірін. *(Кетеді.)*

Несіпбай. Немене, жүретін болдық па?

Байсал. Қымқырмасаң жүре алмайсың-ау, байғұс. Байсалдың өресін үйінің биіктігімен өлшейтіндердің бірі сен едің. Абайла, Несіпбай...

Несіпбай. Түу, қойыңызшы, Байсеке? *(Күйініп шығып кетеді.)*

Байсал *(Шуақты оңашалап)*. Апаңа айт, тарлық жасамасын. Күн жақтағы бөлменің бірін босатып беріңдер. Қырыма алсам қирата қимылдайтын қуатым болушы еді... Қайда, қайда соларым. Бұлеке, мен бір істі бастамақшымын. Көтере алмасам өз обалым өзіме.

Асығыс кете береді. Шам сөнеді. Сахна айналады.

Ақын жырының Байсалға арналған шумағымен сахнаның ішкі пердесі көтеріледі. «Бастар болсаң бақыт күннің нұрына, асқақ жырын ақынның сен ұмытпа».

## ҮШІНШІ СУРЕТ

Көк сырлы қарағай дуалмен қоршаған мансартты, қос қабатты зәулім үй. Қора-жайы, бау-орайы басқалардан бөлек. Үйдің көше жақ бетіндегі жуан-жуан емен ағаштарының жапырақтары күн түсірмей шатырын көлеңкелеп тұр. Үйдің алдына келіп тоқтаған машинадан баласын көтеріп Батиха, Шуаққа сүйеніп Қанзипа түседі.

Ш у а қ (*дауыстан*). Апа, ау апа!.. Қонақ келді... қарсы ал...

С а л и х а (*ақ жібек шәліні желбегей тастап, тігіп отырған ісін тоқтатып*). Батихамысың?.. Тумаңның бауы берік болсын.

Б а т и х а. Айтқаның келсін.

С а л и х а (*шошынып*). Қанзипа, не болған?

Қ а н з и п а (*қолын беріп*). Не болғанын сұрайсың... (*Күрсініп.*) Уһ! Жайғасқасын айтармын өзіңе. (*Салиха шешіндіріп орындыққа отырғызады.*)

Ш у а қ. Мен қазір дүкен жаққа барып келемін... Көптен көріспеген абысындарыңмен сөйлесе отырыңдар. (*Асығыс кетеді.*)

Қ а н з и п а. Біздің отырғанымыз қай үйің? Ескісі ме, жаңасы ма?

С а л и х а. Жаңасы.

Қ а н з и п а. Едені қималы-ау сірә... Ішкі-сыртқы сәулетін көрер ме еді?..

С а л и х а. Көзің жазылғасып көресің.

Қ а н з и п а. Көруге жазсын. Кімнің де болса тілегі жиған-тергенін игілікке жарату ғой. Игіліктеріңізге жаратыпсыз. Ескі үйіңіз де сәнсіз емес еді...

Б а т и х а. Е, барында болғаны жақсы... Біздерге екі бөлме де пейіштей... Қолдың қысқалығы... жеткізбей тұр ғой.

С а л и х а. Қанзипа, бойыңды сергіт. Жайласып дем ал. Тек сәтін жазсын де.

Қ а н з и п а. Е, сәтін қайдан жазарын кім білсін.

С а л и х а. Ер аттай еркек орнына жүрген әйел едің... Дәрігерлер не дейді?

Қ а н з и п а. Дәрігерлер де біле алмаған сырқат болды.

С а л и х а. Бері қарай жүр. Мына бөлмеге жайласып деміңді ала ғой, байғұс.

Қ а н з и п а. Мүсіркемей сөйлеші, Салиха. Көңіл жасытып қайтесіз... (*Қанзипаны қатардағы бөлмеге жайластырып, Салиха қайтадан шығады.*)

Б а т и х а. Ойбай ұмытшақтық-ай! Қап... жаялықтарын қалдырып кетіппін.

С а л и х а. Барымен құрғата тұр.

Б а т и х а. Ескі-құсқы көйлек жоқ па?

С а л и х а. Қайдан болсын. Ағайын-туыстар қоймайды.

Б а т и х а. Жылдағыдай емес, құрт-май аз. Өзіңе сақтағаным еді. *(Түйіншек береді.)*

С а л и х а. Қанзипаның сырқатын кеселді деп тапқан ба дәрігерлер?

Б а т и х а. Тегі солай-ау деймін.

С а л и х а *(шошып)*. Жұқпалы демеп пе?

Б а т и х а. Тамырлы сырқат жұқпайды деседі ғой. Қайдам.

С а л и х а. Болниске неге жатқызбады?

Б а т и х а. Аудандық дәрігерлер қолымыздан келмейді деді.

С а л и х а. Осы бір сырқат... Талайдың түбіне жетті ғой. Өзім де ыңкыл-сыңкыл. Қантасыма деген пәлеге душар болдым. Басым айналып, төсек тартып жатып та қаламын. Сақтай гөр, жасаған! Қой, мен ас қамдап жіберейін. *(Кете береді. Жас баланың солқылдақ арбасын сүйретіп Шуақ келе жатады.)*

С а л и х а *(ұнатпай)*. Мұны не үшін алдың?

Ш у а қ. Көрімдіктің алды. Ізі-жолы құтты болсын деп алдым. *(Шуақ арбаның жіптерін шеше бастайды.)*

С а л и х а. Ізі-жолың құтсыздай онысы несі екен. Тілек жерде мырзасынып...

Ш у а қ. Апа, бұл үлкен адамшылық. Жөргегіне не береміз?

С а л и х а *(жыртық простыняны комодтан суырып алып)*. Мә, мынаны бере тұр.

Ш у а қ. Жыртық қой... Менің көйлегімнің бірін берелік. *(Гардероптан көйлегін алып омырауынан қақ айырады.)*

С а л и х а. Қалбалақтаған байгүс. Жоқ ырымды бастап.

Ш у а қ. Ырым-жырымды қайтеміз.

С а л и х а. Мына екі әйелді болниске орналастырмай үйге несіне әкелдің.

Ш у а қ. Ізгі тілек ауру-сырқауға жан ашуда ғой, апа... Таршылық жасамасын. Құшағын жайып қарсы

алсын деді әкеміз. *(Арбаның ішіне жұмсақ одеял төсеп, құс жастықты көпірте салып Батихаға апарып береді.)*

Б а т и х а. Ықыласың құдайдан қайтсын...

Ш у а қ. Таза әуеде үйренген ғой. Терезені ашып қояйын. *(Батиханы баласымен жеке бөлмеге орналастырады.)* Іңга! Іңга!.. Әу, қошақан... күле ғой енді... *(Әндетіп.)*

Жайлауда туған құлыншақ,  
Шекесінде тұлымшақ

Сен кім болар екенсің? Ғалым боламысың. Қосмонавты боламысың? Беу, беу...

Б а т и х а. Ағасындай оқымысты болады да...

Ш у а қ. Әлде менің жолымды қуамысың? Сен үлкен жігіт болғанда ғой, сиыр сүтінің майлылығын бес процентке жеткіземін.

Шам сөнеді. Арада бірнеше күн өткен. Шам кайыра жанғанда сахна Байсалдың қонақ қабылдайтын бөлмесіне ауысады. Сырттан машинадан түсіп Байсал келе жатады. Шаршаған, үсті-басын шаң басқан. Жүзі қарауытып тотыққан. Өзіне белгілі ойдан айықпаған тәрізді. Үйге қапалана кіреді.

Б а й с а л *(Месбаққа ескертіп)*. Үйіңе бар да шай-суыңды ішіп біздікіне кел.

М е с б а қ. Жүреміз бе?

Б а й с а л. Ендігі сапар облыстың орталығы. Кешікпе, жарай ма?..

М е с б а қ. Мақұл. *(Кетеді. Ауыз бөлмеден Салиха шығады.)*

С а л и х а. Аманбысың, жарқыным.

Б а й с а л. Амандық. Суық суың бар ма?

С а л и х а. Ваннаға барып жуынып ал.

Б а й с а л. Қай ата-бабам ваннаға жуынып еді. Жұынбаймын. Бар, суыңды әзірле. *(Байсал шешінеді. Салиха ауыз бөлмеге су әзірлеуге кетеді. Ішкі бөлменің бірінен Шуақ шығады.)*

Ш у а қ. Аға, тез оралғаныңыз жақсы болды. Ауданға соқтыңыз ба?

Б а й с а л. Соқтым. Маған барлығы да аян. Қанзипа мен Батиха жақсылап жайғасты ма?

Ш у а қ. Жайғасты. Сіздің келуіңізді күтіп отыр.

Б а й с а л. Бүгіннен қалдырмай облысқа жеткізуім керек. Тоқташы... Осы сенің аспирантураң не боп жатыр?

Ш у а қ. Дайындығым жаман емес. Ақылдасатын уақытыңыз да болмай кетті. Шақыру қағаз келсе, тәуекел деп көрермін.

Б а й с а л. Қоя тұруың керек пе еді. Шарбану мен Майдан үшеуің ақылдасып көріңдер. Маған Рысбайды шақырып бер. Шұғыл шаруа бар де. Жолшыбай Тойға-раға да хабар бере сал.

С а л и х а (кіріп). Суың әзір. *(Байсал жуынуға кетеді.)*

Ш у а қ. Апа, сіз неге ойландыңыз?

С а л и х а. Әкеңнің түрі маған ұнамайды.

Ш у а қ. Қайта басылғаны ғой. Айтыстан шыққан бетін көрсеңіз. Мен қорыққанымнан соңынан ере бердім...

С а л и х а. Дүниенің қызығын көрдің. Тыныштық ал. Тыным тап дегенімде болмап еді. Сол керек оған...

Ш у а қ. Өзі де қажып келді, апа, қажай беріп қайте-сіз. Мен Рыскенді шақырып келейін. *(Шуақ кетеді. Салиха дағдарып тұрып қалады. Иығында сүлгі орамал, телефонға Байсал келеді.)*

Б а й с а л. Коммутатор, маған аудан арқылы облысты жалғаңыз. *(Байсал телефонда тұрған үстіне Салиха келіп тыңдай қалады.)* Облздрав... Василий Федорович... Апада сырқат әйел жайында айтып едім... Диягінізін аудандық дәрігер қоя алмады. Ондай күдік те жоқ емес. *Тұтқаны іледі.)*

С а л и х а. Кіммен сөйлестің?

Б а й с а л. Облздравтың бастығымен... Сырқатты тез жеткіз деген кеңес берді. Е, Салиха, шүкіршілік дейік. Мейірімі мол, пейілге кең ару жанды әйелдің бірі еді. Бізден бе, өзінен бе? Ақыры осы кейіске жеткізді. Маған галстүк тағатын көйлек әкеп берші? *(Салиха үнсіз кетеді. Байсал жалғыз. Көңілі алабұртып бір шешімге келгендей үйдің ішіне көз тастайды. Ақынның жыры тағы да ойына орала кетеді.)*

Уа, құтты болсын үйіңіз,  
Жақсарып қапты күйіңіз,  
Дүниенің аңсығы мен таңсығы,  
Үйде ғана болса егер,  
Үйіңізге — үйіңіз...  
Жылуын бар сезімнің  
Шығара алмай сыртыңа  
Риза болып құлқыңа,  
Масқара болма жұртыңа!..

*(Үстел басына жақындап суырмадан қағаз алып жаза бастайды. Не жазып отырғаны белгісіз. Ара-арасында жазғанын оқып қояды. Ішкі бөлмеден Салиха кіреді. Байсал оның келгенін байқамайды.)*

Б а й с а л *(күбірлеп.)* Адам семіргенде жүрегі майланады. Ал менің ұйтым майланып кеткен. Осылай шештім... Осылай болады да.

С а л и х а. Не жазып отырсың?

Б а й с а л *(жазған қағазын Салиханың алдына тартып).* Оқы!

С а л и х а *(шошынып).* Бұл не сұмдығың?! Жынданғаннан саумысың өзін?

Б а й с а л. Қорықпа, қорықпа. Есіңді жи! Отыр.

С а л и х а *(аузына сөзі түспей).* Дәтің қалай барды... Балаларға не дейміз?

Б а й с а л. Балаларға өзін айт. Әлдиледік... Оқыттық, ержеткіздік... Елде бары — оларда бары.

С а л и х а. Ел, ел деп жүріп... жетістіріпсің!..

Б а й с а л. Сен мені түсін, Салиха!.. Осылай болса деген жаңа бастамама бағдар шығар. Бастауын мен бастап, байбаламын сен салсаң ұят болады. Онда мені жығып бергенің. Енді жаңғыртпайық бұл әңгімені.

С а л и х а. Ымыраға келмей-ақ па?

Б а й с а л. Халықтың, істің қалауы... Әйеліңнің ыңғайына, балаларыңның райына қараумен табылмайды. *(Салиха күйеуінің қатал, батыл шешімге барғанына көзі жетіп зарлап қоя береді.)*

С а л и х а. Жо-жоқ... Мен тіріде бұл дегенің бола қояр ма екен! *(Шарбану мен Майдан кіріп келеді.)* Мына әкең бір пәлені бастағалы тұр... *(Шешесінің даусы қатты шыққанына Шарбану сасып қалады.)*

Б а й с а л. Жә, доғар дедім ғой мен саған! *(Шошына сескенген Салиха Майданның көзінше өрбітпейді. Сұлық.)* Жақсы келдіңдер. Қазір апанды алып жүргелі отырмын.

М а й д а н. Сөйлестіңіз бе? Не сырқат деп тапты дәрігерлер?

Б а й с а л *(жасырып).* Восполительный процесс бар. Алматыдағы глазной институтқа көрсетуді мақұлдайды.

М а й д а н. Өзі қайда?

Б а й с а л. Дем алып, тынығып жатыр.

М а й д а н. Бейнетіне ме, ажалына ма...

Б а й с а л. Жаманатқа жорыма, Майдан. Апаң жа-

зылады. (*Шарбануға.*) Сен тұрма, шешене қолқабысыңды тигізіп шай қамдап жібер. (*Шарбану мен Салиха кетеді.*)

Б а й с а л. Сен неге мұңайдың... Апанды емдетуді маған тапсыр. Қол жеткен жерге қаратамын... Маған мынаны айтшы?

М а й д а н. Не жайында.

Б а й с а л. Осындағы естияр жастың бірісің... Өзіме өзім есеп беріп, сенің алдыңда ақтарылғым кеп тұр. «Болдым» деген жәй сөз екен. Қаншама жеттім десем де өзіме жете алмаппын. Қаншама блікке секірсем де өз бойымнан аса алмаппын... Бірнеше күн жайлауда болдым.

М а й д а н. Болдыңыз, не түйдіңіз?

Б а й с а л. Түйгенім көзіме күйік боп басылды. Шытырман дүниенің ішінен басымды әзер алып шықтым десем... Оған біреу нанар, біреу нанбас... Қанзипаның сырқаты... Батиха құрым лашықтың ішінде көз жасына булығып сілесін кімге төкті? Тек, дұрыс түсінуге тырыс. Партияға кіргеніңе неше жыл болды?

М а й д а н. Бір-ақ жыл. (*Қанзипа шығады, Байсал ойын жалғай береді.*)

Б а й с а л. Мен мүше болғалы қырық жыл!.. Қырық жылдың ішінде мен не көрмедім. Тумысымнан сіңірі шыққан батырақпын... Союз қосшы, байдан жалақымды алып бергенді де көрдім. 1927 жыл алғаш трактор келді. Жүргізе білетін жан табылмады. Сен сельхоз техникумы неше жыл оқыдың?

М а й д а н. Табаны күректей төрт жыл оқыдық қой.

Б а й с а л. Ал мен үш-ақ класс оқып, осы жерде тұңғыш боразданы тарттым. Тұңғыш құрылған артель бастығына сайландық. Тұңғыш жөнелтілген астық керуенін бастадым. Қазір нешедесің?

М а й д а н. Жиырма үшке жеттік қой.

Б а й с а л. Ал мен сенің жасыңда дала байының ат қорасын кеңсе қылып, кабинет жасаймын деп, райсельхоздан стол жапқыш, сиясауыт ұрлағаным үшін қолға түстім. Колхоз болдық. Үй салдық. Тұрмыс түзелді. Соғыс келді. Сенің әкең Ерболдың соңынан мен де аттандым. Ажал болмай, қаралы жесір... шиеттей жетім... кәрі-құртанның ортасына қайта оралдым. Күндіз күлкі, түнде ұйқы көрместен жүріп, қаусап қалған колхозды қайта көтердім. Бұл не?..

М а й д а н. Бұл өмір.

Б а й с а л. Зая өткіздің деп айта аламысың?

М а й д а н. Ешқашан да...

Б а й с а л. Айталық. Осының бәрін бір жапырақ қағзаға сыйғызуға бола ма? Ал сыйғыза қалса не дер едің?

М а й д а н. Қиянат дер едім. Байсал аға, ол мүмкін емес.

Б а й с а л. Токтай тұр. Әсте қортындыны тез жасаушы болма. Байсалдың басына әзірге ондай күн туып тұрған жоқ. Жалпы сенің алғырлығыңа, өз ішіңе, маған, басқаға деген адалдығыңа шүбәм жоқ. Бірақ бұл аз, қалқам. Аз боп жатыр. Оны өзің оңашада қабырғамен кеңесіп көр. Енді мынаған келейік. Осы колхоздың ауырдың үсті, жеңілдің астымен кәсіп етіп жүрген қанша қатар-кұрбыларын бар? Неліктен жастар мал бағудан бас тартады. Қызығарлық жағдай жасалмапты... Сол ғана ма?

М а й д а н. Жок!.. Мәселе онда ғана емес...

Б а й с а л. Енді неде?

М а й д а н. Меніңше солардың көбі қойшы өмірінің қиындығынан қашады.

Б а й с а л. Тағы... Тағы неде? Дайынға үйренгенбіз. Міне, мәселе қайда!.. Қарт шопандар қажыды. Орнын жастарға басқызайын десек жастың көңілін табарлық жағдай жасалмапты. Тағы біз кінәлі. Солай ма? Қартына дәл осы жерде сенің көмегің қажет. Сені шақырғандағы себебім де сол еді. *(Ойланып отырып қалған Майданның арқасынан қағып.)* Ал, кәне? Атыңды Майдан деп текке қойып па екемін. Кел майдандасып көрелік. *(Рысбай кіріп келеді.)* Мінеки, Рыскен де келді.

Р ы с б а й. Ә, Байсал, жүргелі жатыр деп естідім...

Б а й с а л. Ұмытпай тұрып өтінішімді беріп қояйын. Партком секретары оқуда ғой. *(Қалтасынан өтінішін алып береді.)*

Р ы с б а й. Не жайында.

Б а й с а л. Не жайында екенін қазір менен сұрама... Бюро мүшелеріне оқығанда білесің. Ар-ұятым, тірлігім жайында.

Р ы с б а й. Өзіңді өзің ұшықтау ма мұның... Ертерек ойлауың керек еді.

Б а й с а л. Ертерек маған ой салуың керек еді. Қажай беріп қайтесіз...

Р ы с б а й. Жұлқи тартқан шабандай арындап кеп, орнына жаңа түскен екенсің. *(Өтінішін қарап.)* Қима-сынды қиған екенсің. Қынжылмайсың ғой?

Б а й с а л. Қынжылмаймын.

Р ы с б а й. Несі бар. Есесін ел қайтарады. Қайырлы болсын ниетің... *(Қабырғаға сүйеніп елеусіз тұрған Қанзипаны көріп.)* Оу, Қанзипамысың? Неге тұрсың? Отыр, қарағым. *(Манадан Байсал екеуінің әңгімесін Қанзипаның естіп тұрғанына қаперсіз Майдан.)*

М а й д а н. Апа... Қалайсың?

Қ а н з и п а. Жақсымын, балам.

Р ы с б а й. Еңбектеген баладан бастап, еңкейген кәріге дейін дәрігердің қарауында ғой. Дәрігерге сену керек. Сәтін берсін.

Қ а н з и п а. Айтқаныңыз келсін... Бәкең қол жеткен жерге дейін қаратам деп тұр ғой.

Ш а р б а н у *(кіріп)*. Шайға жүріңіздер.

Б а й с а л. Құрылыстың ендігі бетін жайлауға бұрамыз. Не бар, не жоқ. Бар материалды мен келгенше әзірлеңдер. Қалғанын шай үстінде сөйлесейік. *(Рысбай, Байсал кетеді.)*

Ш а р б а н у *(қатардағы бөлменің есігін ашып)*. Батиха апа, шайға келіңіз. Шай дайын... *(Баласын бауырына қысып Батиха шығады.)* Ей, қойшының баласы!.. Қара, кара, менен көзін алмайды. Күл, күл, күле ғой...

Б а т и х а. Шалым не күйде? Көшкен елдің жұртында қалғандай болды-ау...

Ш а р б а н у. Шалың қуанғанынан аяғын алшаң ба-лып далаға сияр емес.

Б а т и х а. Неменеге желігіп.

Ш а р б а н у. Байсал Бұламбаевты, Байсал Андасовтың өзі келіп әкетті. *(Күліп.)* Жақсы жайда жайласқаныңа да... *(Шешесімен отырған Майданды көріп.)* Қанзипа апа, Майдан, шәй суып кетті ғой.

Қ а н з и п а. Іше беріңдер! Біз қазір...

М а й д а н *(отырған анасының жүзіне аялай қарап.)* Байсал ағамен әңгіміздің бәрін естідің бе?..

Қ а н з и п а. Өзің тығылып... үндей алмай қалдың-ау, балам. Қорықтың білем...

М а й д а н. Расында састым. Суырылып тұрма деп үйреткен өзің емес пе едің?..

Қ а н з и п а. Саған барын айтты. Таусылып айтты.

М а й д а н. Өзімен кездескен сайын қуағ алам. Тұла бойы тұрған күш-қайрат. Қайдан ғана шыға береді екен...

Қ а н з и п а. Ұтымды пікір орала кетсе ойыңа керекті жерінде басып қалған да қызық. Жайлау тірлігін көп айтты. Жер қалай көктейді, шопандар бұдан да рахат тұрмысқа қалай жетеді? Арқаны қысқан аяздың ызғары, көкіректі шөлдеткен аңызақтың аптабы, бір қатары-на бәймәлім әлі... Дертке шалдыққан мені, жөргектегі баласымен Батиханы есіркеу үшін әкелген жоқ!..

М а й д а н. Неге тоқталдың.

Қ а н з и п а. Майдан!.. Балам да, панам да, сырласар досым да өзің едің. Оның қамқорлығын екеумізден көп көрген жоқ-ты. Тағдырдың маған алда тағы не тартарын кім білген? Өзің тұрсаң, ол сенімге берік жан. Барында берерін алып қал, балам... *(Байсал үйден тамақтанып шыққан беті.)*

Б а й с а л. Қанзипа, қазір жүреміз. Шайға қанып ал. *(Майдан мен Қанзипа ас үйге кетеді. Месбақ кіреді.)*

М е с б а қ. Қашан жүреміз?

Б а й с а л. Бері келші, отыршы...

М е с б а қ. Қасыңызға ма?..

Б а й с а л. Қасыма *(Месбақ отырады.)* Аузың сараң... Мен жайында жұрт не дейді?

М е с б а қ. Не десін?! Батыр дейді.

Б а й с а л. Қандай батыр дейді. Бүкпей айт.

М е с б а қ. Сізді ме, сізді шашын суламай ұстарамен құрғақ алдыруы ғана қалды... шын батыр болса соған шыдап көрсін дейді жұртың...

Б а й с а л *(басын ұстап)*. Ә!.. Сен не деп жауап қа-йырдың.

М е с б а қ. Мен бе?.. Мен ұстара тұрсын, біздің ба-тыр қойдың қабырғасымен алдырса да былқ етпейді. Өйткені бұрынғының батырлары батырлық атағын бір-ақ рет алған ғой. Ал біздің батыр екі рет алды емес пе деген жауап бердім.

Б а й с а л. Тауып айтқансың. Осы сен неше класс бі-тірдің.

М е с б а қ. Оңды бітіргеніме он жыл.

Б а й с а л. Одан бері неге оқымадың?

М е с б а қ. Ағасы-ау, сіз салған жол бар емес пе?

Б а й с а л. Не дейді?.. Солай дей ме жұрт.

М е с б а қ. Дегенде қандай... Әкеме оқуға жібер деп

жалынғанымда, «жә, былшылдама, Байсал оқымай-ақ та адам болды. Атақ қандай!.. Бақ қандай!..» Әкемнің тілін алып оқымай адам боламын деп келемін. Қашан адам боласың деп әкем де сұрап қояды.

Б а й с а л *(сөзден тоқталып)*. Тіліңді тәңірі кессін. *(Шұғыл.)* Оқимысың?

М е с б а қ. Оқуын оқыр едім-ау... түсуі қалай болады?

Б а й с а л. Өзім түсіремін.

М е с б а қ. Емтихансыз-ақ сүңгітіп жібересіз бе? Ақ пұшық келінің мен танаубай үш батырды кім асырайды?

Б а й с а л. Келін асырайды. Біз асыраймыз. Мен оқымай-ақ адам болсам, сен оқып адам бол... Осы жолы орайын тауып сөйлесем... Аттестатыңды ала жүр...

М е с б а қ *(шынымен қуанып)*. Ойда жоқ жерде ой салдыңыз. Көңіліңізге келмесін. Жоғарыда сіз жөнінде айтылғанның бәрін өз ойымнан шығарған едім. Кешіріңіз, кешіріңіз...

Б а й с а л. Кешірімді қоя тұр. Үйіңе бар да аттестатыңды алып кел. *(Месбақ кетеді. Үйге асығыс Несіпбай кіреді. Әр есікті бір ашып-жауып алақтауда.)*

Н е с і п б а й. Месбақты көріп ем, жүргелі жатыр екенсің.

Б а й с а л. Неге ынтықтың, не боп қалды?

Н е с і п б а й. Масқара, Байсеке, масқара! Ту сыртыңнан емес. Туғаныңнан болған масқара.

Б а й с а л. Не дегелі келесің?

Н е с і п б а й. Комағайсың, қымқырмасаң дей беретін едіңіз. Мені қойшы... көтере берем ғой. Нағыз шикі ескілікті көрмей келіппіз. Не дерсің бұған...

Б а й с а л. Сөзіңді екі ұштамай анығын айтшы?

Н е с і п б а й. Қуарған қу Торғын... Қарабасып қала жаздағанымыз. Балалардың төртеуін бірдей сүндетке отырғызыпты.

Б а й с а л. Кімге?

Н е с і п б а й. Кімге болушы еді, Тойғараға.

Б а й с а л. Рас айтамысың?!

Н е с і п б а й. Рас, Байсеке! Торғын менен жасырып жүріпті. Бір сырын ішіне бүкпесе әйел бола ма. Тілеуің бергір дәрігер болмағанда жаңа карасам... баламның бетінде қан жоқ, сөл жоқ, жүдеп біткен. Шошып кеттім.

Б а й с а л. О, тоба, не сұмдықтың бәрі біздің колхоздан шығады. Білгендей шақыртқан екем. Қазір өзі де

келіп қалар. Ол оңбағанға үзілді-кесілді тыйым салмай болмас....

Н е с і п б а й. Қанзипаның көзін сол шығарыпты.

Б а й с а л. Дуалап па?

Н е с і п б а й. Дуалапты... Қанзипа жасырады... Кінә көреді. Баласын Майданнан да жасырады... (*Үнсіздік.*)

Н е с і п б а й. Қой, қарақтарымның қасына барайын. Шоши береді. Ішіме сыймай айтпасыма болмады. Кешір, Байсеке, кетейін де жетейін үйге. (*Несіпбай кетеді. Үйге Тойғара мен Шуақ келеді.*)

Ш у а к. Аға, балгер, діндәр нағашымызды алып келіп те қалдық.

Б а й с а л. Мешітке кіргендей мықшындауын. Кебісіңмен-ақ кірмеймісің?..

Т о й ғ а р а (*қия мұрт, қыл сақал*). Ассалаумағалейкем! Атамыз Андастың атын бір шығардың. (*Үйді айнала қарап.*) Сонау көк судан көрінеді екен төбесі... құтты болсын...

Б а й с а л. Ия, құдайдың сүйікті құлы... төрлет, жоғары шық.

Т о й ғ а р а. Төрінде тайрандата бермейтін едің... Кәрі күйеу, жаңа қоныс жадыратайын деген бе... Ал отырдық. Тыныштық па?

Б а й с а л. Тыныштық. Жайлауға барды деп естіп едім. Жайлау жаққан болар?

Т о й ғ а р а. Неге жақпасын. Сары қымыз. Сары кепе. Жайлау деген жәннәт қой... науасы-ай, шіркіннің.

Б а й с а л. Ия, ия... Жайлаудың ауасы дерттің дауасы екенін қазақ сенен де бұрын білген. Не істеп жүрсің?

Т о й ғ а р а. Сауалың ба қойған? Жауабың ба алған?

Б а й с а л. Сауалым да, жауабым да. Не істеп жүрсің?

Т о й ғ а р а. Не істеуім керек еді. Жұрт не тілесе соны істедім.

Б а й с а л. Аңсағаның қаза, аңдығаның жаназа ғой баяғы..!

Т о й ғ а р а. Сап-сап, күйеужан... қаза құдайдан. Жаназа өлгенді қадірлеуден. Өлгенді арулама... Аруағына дұға бағышлама. Терең қаз да тепкілеп көме сал деп жұртыңа әмір бер. Малың соймасын. Жетісін бермесін. Қырқын өткізбесін. Дұғасын оқытпасын. Мені шақырмасын.

Б а й с а л. Қай уақытта құранды қатым етіп едің...

Валаззалиннан басқа білер аятың жоқ. Қай уақытта пірге қол тапсырдың. Есепші болып ел жедің. Алла деп эзер ақталдың. Жұртқа иман үйретесің. Иман тұрарлық кеуденде адалдық жоқ. Ішкенің арақ... Айтқаның өтірік. Түнде мүлгіп тұрасың да таң ата жем қайдан табылады деп жортасың. Сол ғой сенің кәсібің?..

Т о й ғ а р а (*мізбақпай*). Сап-сап, күйеужан... Осының бәрі де пендешіліктің сөзі... Сізге менің де айтарым жоқ емес. Дүниедегінің бәрі де ғапыл. Жаралмыстан бері кара жер кімді жұтпай келеді. Ертең сені де жұтаты. «Уа, Байсекең еді-ау»... Бір ауыз дұғасын досың да, қасың да бағышлайды.

Б а й с а л. Өлсем орным кара жер екенін өзім де білемін.

Т о й ғ а р а. Әрине, жел де жерден, су да жерден, от та жерден, оқ та жерден. Тіршілік те, мәнсұқ та айналып келіп жерге батады. Тек өлімге өкініш ала кетпей бақ...

Б а й с а л. Өкінетін де, өкіретін де, қыл көпіріңнің үстінде қылғынатын да өзің боларсың.

Т о й ғ а р а. Сап-сап... Байсал күйеу... аспа-таспа... (*Ас үйден Батиха, Салиха, Шарбанұ, Қанзипа, Майдандар шығады.*)

Б а й с а л. Өшір үніңді, Тойғара... Бүйтіп көрген күнің құрысын сенің! Не істеп жүргеніңді білмесең мен айтайын. Несіпбайдың қарғадай баласын өлтіре жаздаған да сен!.. Мына тұрған Қанзипаның көзінің жанарын сұалтқан да сен!.. (*Тұрғандар аң-таң, Тойғара Қанзипаны көріп мойнына су кеткендей.*)

Т о й ғ а р а. Жалған... жалған! Құлап бүлдірген өзі!.. (*Қанзипа сұлық отыра кетеді. Бәрінің назары Қанзипада.*)

Қ а н з и п а. Һым... Һым... Сорлы басым.

М а й д а н. Апа, не болды?

Қ а н з и п а. Өзім... өзім... өкінішті дүние-ай!

М а й д а н. Япырм-ай, не түсті ойыңа, апа!

Қ а н з и п а. Өз дәрменсіздігіме өкінемін... Тойғараға каралып нем бар еді... Жасаған-ау, нем бар еді?..

М а й д а н (*шошынып*). Мен неге білмедім, апа. Бәсе, бәсе... Жүрерде осында келуге неге қасарды деп едім-ау!..

Шымылдық.

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

### ТӨРТІНШІ СҮРЕТ

Байсалдың сол үйі. Ортада балалы арба тұр. Үйде Байсалдың күйеу баласы Шуақ. Қолына түскен заттарын жинастырып қойып ара-тұра баланы да тербетеді. Жолға әзірленген түрі бар. Көңілді әндетіп те қояды. Үйге қолында бума-бума түйіншектері бар, Батиха кіреді.

Шуақ. Магазинді көшіріп келесіз ғой. Мұның бәрін қайтесіз?

Батиха. Дүкенге бір кірсең шыға алмайсың. Көп күттің бе, күйеужан.

Шуақ *(сағатына қарап, жымып)*. Уақасы жоқ.

Батиха. Жайлауға үнемі бара бермейді. Жыртық тесік дүние... Қайтесің, анау да керек, мынау да керек. Жаның жамандық көрмесін. Бұл да болса қайнымның арқасы ғой...

Шуақ. Батиха апа! Сіз құтты қонақ болдыңыз! Тілеуіңіз дұрыс екен!

Батиха. Тілеуім бұрын да теріс емес еді. Қуаныштысың ғой өзің. *(Алған нәрселерін ашып жайып қарауда.)*

Шуақ. Аспирантураға түспекшімін, апа! *(Шақыру қағазын көрсетеді.)*

Батиха. Бір оқуды бітіріп келмедің бе? Қағазға қадала беріп қайтесің.

Шуақ. Базарыңның барында ойна да күл. Қолда тұрған мүмкіндікті жібермеу керек! Жұмыс кашпайды. Біздің шалдың мойны жуан, көтереді. *(Арбаның ішіндегі балаға мейірлене.)* Солай ма, кішкене Байсал! Ну, по-здравь меня!.. Қолыңды бер, кәне!

Батиха. Балажанын қарай гөр.

Шуақ. Балалының бағы гүя жайнайды деген емес пе?

Батиха. Бастарың жас, құдай берерінде сұрамайды.

Шуақ. Солай ма?

Батиха. Бере де, төге де салады. Көрерсің. *(Баланы тербетіп қуанышын айтып отырған үстіне Шарбану кіріп келеді.)*

Шарбану. Көкем әлі оралмаған ба?

Б а т и х а. Бәрін айт та бірін айт. Қайнымның жолы болып, Қанзипа жазылып келсе десейші.

Ш а р б а н у. Бұл не отырыс? *(Батиха өз бөлмесіне кетеді.)*

Ш у а қ. Байсекеңді әлдилеп отырғанымда...

Ш а р б а н у. Бүгін экономист, ертең аспирант, одан кандидат... Рахат дүние сенікі!..

Ш у а қ. Бәріміз де атүсті боп кеттік, тым құрыса сен оқып қалшы деген өзің емес пе едің әуелде.

Ш а р б а н у. Не боп жатқанын білген де жоқсың. Әй, саған біліп те қажеті қанша. Алматы қайда деп тар-тып отырасың.

Ш у а қ. Бәрі де баяғыдай қаз қалпында жүріп жатыр. Бір нәрсе естісең тез күдік алатын әдетің сенің... жадыратшы кейіс қабағыңды... Қуанышты сапарым болсын?!

Ш а р б а н у. Әкеміз үйін орталыққа өткізуге бюроға өтініш беріпті... білгің келсе!..

Ш у а қ. Не, не-не?! Бізбен ақылдаспай-ақ па?

Ш а р б а н у. Несіне ақылдасады «менікі» деген меншікшіл ойдан ұлым да, қызым да аулақ... Екеуінің де қолын жеткіздім... Өз ырыстары өзіне. Өз бақыттарын өздері оралтсын. Өздері талпынсын деген болар.

Ш у а қ. Хош... Иә... солай де... Қадір-парық деп жүріп әкеміздің іштен көтерілетін дауылы барын да сезбеген екенбіз. Қас қылғандай тап жүрер алдымда қарашы!..

Ш а р б а н у. Иә, саған қиын.

Ш у а қ. Мені қойшы, қанша ұлың болдым десем де... күйеу деген шығар... Маған айтпай-ақ қойсын... Маңдайындағы жұлдызға балаған жалғыз қызы саған неге айтпайды.

Ш а р б а н у. Ол өз жұмысы... Өз еркінде...

Ш у а қ. Жо-жоқ. Бұл бізді жоққа санағанмен бірдей. Маңдайымнан сипап отырып кеудеден итеруге бола ма? Бұл жерде бір кілтипан бар... Әлде жоғарыдан келді ме екен? Сасқаны ма?.. Сақтығы ма? Басында неге салды бұл үйді. Кім зорлады... Осы үйді салуға жұмсалған қыруар қаражат, маңдай тер сені мен менің зейне-тіме татымағаны ма?

Ш а р б а н у. Әзірге таусылмайық. Сен емтиханыңа барып кел. Келгенсін өзімен сөйлесемін. Жүр, жолыңнан қалма.

Ш у а қ. Мен саған жар болып, үйіңе келгенде сенен қуат, әкеңнен нәр аламын, тумасам да тугандай орнын басар ұлы болып қаламын деп келгемін. Осы үйдің ар-қа сүйер азаматымын деп жүргенім бекер екен...

Ш а р б а н у. Өзің тіпті қатты өкпеледің ғой. Көкем сені біледі. Сүйеді, сенеді. Бері келші? Мәселе жалғыз үйде ғана ма? Әкеміздің саған да, маған да ауысқаны аз емес... Өмір бойға жетеді. Жайлауда жүріп биылғы колхоз көктемін байқаған жоқ едім... Ертемен себелеген жаңбыры, желпіп өткен самалы жүрек мейірімін қандырмай ма! Көшеде келе жатып, жан-жағыма көз тастағанымда зәулім емендерді көкемнің өз қолымен еккені есіме түсті. Көлеңкелі саясы. Автопарк. Он жылдық мектеп. Қонақ үйі. Тігіншілер дүкені, асхана, ұстахана, бәрі де сол кісінің белгі етіп қалдырған ескерткіші емес пе... Тіпті айталық, пенсияға кеткен күнде де... Байсалдың колхозы делініп кететініне күмән жоқ...

Ш у а қ. Сілкіп өте ме бізді, әлде сілкіндіріп өте ме, кім білсін. Әкеміздің орнатқандары болса сенің толғанысың, менің толғанысым басқада боп тұр. Өтінішін қайырып алу керек. Байсекең айтты болды, қарсылық жоқ дейді де отырады олар. Апам да естіген жоқ шығар.

Ш а р б а н у. Апам айтпай тұра тұралық.

Ш у а қ. Жоқ, айтамын да арыламын.

Ш а р б а н у. Аптықпай тұра тұр.

Ш у а қ. Әйтпесе жүр, Рысбайға барып арызын қайтып аламыз.

Ш а р б а н у. Не деп? Не болған өзіңе. Жолыңнан қаласың.

Ш у а қ. Жо-жоқ... Мен енді ешқайда жүрмеймін. Апа, қайдасың?.. *(Ішкі бөлмеге Салихаға айтуға кетеді. Шарбану соңынан шыға беріп, келе жатқан күбірді естіп аялдайды. Үйге Несіпбай мен Торғын кіреді. Байсал үйін орталыққа өткізінті дегенді естіп келген. Шарбанудың қабағына қарап кіреді.)*

Н е с і п б а й. Байсекең әлі келмеген бе? Қиын болды-ау өзі.

Ш а р б а н у. Жоқ... Неге кешіккенін қайдам. Өзі бармай-ақ қойғанда да болатын еді... Төрлетіңіз, жеңгей. Бала қалай?

Т о р ғ ы н. Құдай аман сақтап қалды әйтеуір. Қазір, құлан таза... шауып жүр құлыным. Бала-бала, үй-үй деп жүріп таңның атқанын, күннің батқанын да білмей қала-

сын. Күйеу бала келгелі біздің үйден дәм татпап еді. Ұят-тағы. Тым құрыса шай ауыз тиіп аттансын. Жеңешем қайда?..

Ш а р б а н у. Үйде... қазір, отыра тұрыңыздар. *(Шуақ пен Салиха отырған үйге кетеді.)*

Н е с і п б а й. Байқайсың ба, қатын.

Т о р ғ ы н. Мен осы қыздың түрінен қорқам. Көзі тым ап-ала көпірдің...

Н е с і п б а й. Айыбы қыз демесең... аумаған әкесі.

Т о р ғ ы н. Не ғып қана қиды екен, ғым!.. Мынауың пейіш қой тегі...

Н е с і п б а й. Жә, ішегінді тартпай тыныш тұр. Көзін тиеді.

Т о р ғ ы н. Тым құрыса көріп қалайын.

Н е с і п б а й. Күнде көріп жүрген үйің ғой, қақсамай қоя тұршы. Есің кетті ғой... Абайласайшы!..

Т о р ғ ы н. Біздің үй мұның қасында *(күбірлеп)*. Біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жеті, сегіз, тоғыз, үстіндегісімен он бөлме. *(Күйеуінің құлағына сыбырлап.)* Неше мыңға түсті?

Н е с і п б а й. Ескі ақшамен үш жүз мыңға.

Т о р ғ ы н. Болар, болар... Залының өзі ат шаптырым! Қимасын қию да ерлік-ау!

Н е с і п б а й. Ерлікті қоя тұр. Өз бетін аямаған, кісі бетін дал қылады. Байсекеңнің ағыны қатты. Ала кете ме деп қорқам... Аузыңа не бол.

Т о р ғ ы н. Неғып байланып жатыр. Шақырғанда кергі қалатын әдеті бұлардың. *(Несіпбайдың қолындағы түбі түскен қаңылтыр шелекті жаңа көріп)*. Мынауың немене тағы?

Н е с і п б а й. Байсекеңнің ескі арбасының екі доңғалағы бос жатқанын көріп едім.

Т о р ғ ы н. Қой әрман! *(Күйеуінің қолындағы қаңылтыр шелекті қағып жіберіп.)* Темір-терсек жинауың жетті-ай сенің. *(Қаңғыр-күңгір шелек домалап түскен үстіне, ішкі бөлмеден көңілдері солғын Салиха, Шуақ, Шарбану келеді. Салиханың көңілі алай-дүлей, терісіне сыймай долданған.)*

С а л и х а. Бұл ма бұл... несі болса да біз көріп алдық... Сен жолыңнан қалма, балам...

Ш у а қ. Жо-жоқ. Бұл шаруаның аяғын білмей, мен ешқайда да жүрмеймін.

С а л и х а (*отыра кетіп*). Уһ... Амансыңдар ма? Отыз жылдай үзенгілес болдың. Не білгенің бар... Айтпайсың ба, ағаңа.

Н е с і п б а й. Өз ыркы болмаса бізге көне ме.

Ш у а қ. Көне ме?! Әрине, көнбейді. Бізді тындапты да, бұл қалып па?.. Аттыға еремін деп сен де тыраштан-дың. Тайталаспай тұра тұрғанда түк те жоқ еді.

Н е с і п б а й. Сөз болғаныңа...

Ш у а қ. Аялдай тұруларыңа болатын еді ғой.

С а л и х а. Шуақ, Несіпбайды жазғырып қайтесің...

Ш у а қ. Жоқ-ау... Байсал кім, бұл кім?

С а л и х а. Шуақжан, ашуды қойып ақылға кел. Несіпбайдың тыраштануында не тұр. Одан да сен болып, мен болып төбесі биік бәрімізге күйік болып тұрған жай-ға келейік те.

Н е с і п б а й. Е, бәсе солай деші. (*Шуаққа.*) Осы үй-дің еруі мен қаруы... Шаңырақ иесі өзіңсің.

Т о р ғ ы н. Күйеужан, сөзіңнің бар уытын бізге де төктің. Балаларымыз тапшылық, таршылық көрмесін деп үйді де, орамын да түзеген болдық... Қайдам, үкімет-тің заңы қай күні қисайып кететінін...

Н е с і п б а й. Біздің қатын дұрыс айтады. Ертең өле кетсем шаңырағыма ие болатын балаларым. Соларға мұра болып қалсын дедік. Солай ғой, қатын, ә?..

Т о р ғ ы н. Дүниені ешкім де арқалап кетпейді. Қо-рықсақ та, қиналсақ та ойлайтынымыз балаларымыз-дың бақыты менен болашағы. Қайнағаның неге желікке-нін түсіне алмадым... Өзгесін өздерің біліңдер... Менің миым жететін жердегі іс көрінбейді. Қой, кетейін. Қаза-ныма ас салып кетіп едім. (*Кетеді. Қалғандары тым-тырыс.*)

С а л и х а (*булығып*). Неге тұнып қалдыңдар? Де-сеңдерші бірдеме? Ей, қыз, теріс қарап тұнжырамай кел бері? (*Шарбану іштей тынып амалсыздан шешесінің ал-дына келіп үнсіз тұрады. Салиха қызының бетіне тесіле қарап.*) Әкеңе тартпай кет, тартпай кеткір. Міз бақпа-уын. Құдай сені ұл ғып берсе, көрер ме едім мұндайды, көрмес пе едім?

Ш а р б а н у. Ұл-қыз, қыз-ұл... Ұлдан көрерінді, қыз-дан көрерінді қайдан білдің... Керек еді маған жұрттың ұлы... Иә, білемін. Әкесінің атын бүркеніп, ырысына, дәу-летіне қарқ болып қызын алатын ұлдар да бар... Сон-дай-ақ қыздар да бар: Мұра да бар... Ең алдымен әрбір

ұл мен қыз өз еңбегінің зейнетін тата біліп, тұрмыс құрып, адамша өмір өткере білуі қажет. Осы үйді неге салды. Қажеті қанша еді? Бұл жерде Шуақ дұрыс айтты. Уа, Байсеке. Үй салсаң — жұрттан асыра сал деп көпирте көмектескен туыстар енді бүгін ыбыр-сыбыр, дауысын қатты шығаруға қорқады. Неліктен? Өтініш туралы келсек... Мен әкемнің өтінішін қуаттаймын. Бұл менің әкемнің ғана қолынан келген ерлік. Өзінің де, өзгенің де кемшілігін адамша мойындаудың алды деп санаймын... Құптайсыздар ма, құптамайсыздар ма? Ол ерік өздеріңізде! *(Үйіне кетеді.)*

Несіпбай. Айналайын ақылыңнан. Қандай тауып айтты. Аумаған әкесі...

Шуақ. Хош, ия. Біздің келіншектің көмейі қалай-қалай бүлкілдейді. Солай едім де... *(Аз үнсіздік. Үйге Тойғара кіріп келеді.)*

Тойғара. Ассалаумағалайкөм!..

Несіпбай. Амансың ба, салпаң құлақ.

Тойғара. Құдайдың күні де шығып тұр екен. *(Терін сүртіп.)* Әйнектеріңді неге көлеңкелемейсің?

Салиха. Соған перде тігіп құруға мұршанды келтіріп жатыр ма?

Тойғара. Кеуіп келдім. Сусының бар ма? *(Салиха сусынға кетеді.)* Тауып айттың, Несіпбай. Менің құлағым салпаң, сенің жаның жалтаң... Айтыпты ғой ақын.

Несіпбай деген қоймашын  
Жатып ішер тоймасың,  
Он шошқа, отыз қойы қорада тұр,  
Базарға тоғытпаса қара да тұр

Несіпбай. Ақын айтты деп өзің ғой шығарып жүрген...

Тойғара. Кім айтса, ол айтсын... сені де... Байсалды да сілейтіпті... Жарайсың, күйеу бала... Айыбына үйін беріп құтылыпты.

Шуақ. Табалағалы келдіңіз бе?

Тойғара. Сап... сап... күйеу бала.

Шуақ. Қоңыраулатып жүріп кімге күлер жайыңыз бар.

Несіпбай. Дүздесе де нағашың ғой! Торғын күтіп, тулап отырған шығар, жүріңіз біздікіне!

Тойғара. Сап-сап, Несіпбай, жауабыңды алдың ғой... Әуселесі басылмаған күйеу бала мені қағытқан

болады. Мен сені талабы таудай, осы үйдің шаңырақ иесі болар, ел бастар, еркек болар деп жүрсем... Түк емес екенсің ғой тәйірі. Мына қалпыңда Байсал сені қайтсын. Не деп сенеді саған. Үмітті ақтамадың. Ақмақсың! Сенен гөрі Байсал Майданға сенеді. Соған сүйенеді. Қарашы өзің барып... Өзі кеткенде орнына қалдыратыны да Майдан. Ақыл қосары да Майдан. Колхоздың бар тізгіні сонда. Бар, сенбесең көр көзіңмен.

Ш у а қ *(екі құлағын басып)*. Тоқтат енді, нағашы!

Т о й ғ а р а. Тоқтатпаймын... дүниа, жиһаз, ен дәулет... сарайдай үй!.. Мұрагер боламын... Байсал өледі. Шаңырағына ие боп қаламын... *(Қолын шығарып.)* Мә, қалдың!..

Ш у а қ *(қолын қағып жібереді)*. Табалама!

Т о й ғ а р а. Қақтың ба менің қолымды... Оң жағымды ұрсаң, сол жағымды тосамын... Сол жағымнан ұрсаң, оң жағымды... *(Шуақ булығып шыға жөнеледі. Соңынан Несіпбай ере кетеді. Сусын алып Салиха кіреді.)*

Т о й ғ а р а. Бар, сол тойғаныңмен!..

С а л и х а. Осы үйдің ыршы-шыршуы аз болғандай не ғып дүрліктіріп жібердің?

Т о й ғ а р а. Баста бәрі өзіңнен. Бостығың... Саған тізгін берген күні бармеді мұның... Білем оның кім үшін өзегі өртеніп маған тап бергенін. Әлі де кеш емес. Көндіре алсаң көндірі... Көндіре алмасаң, балаларын сал да ғой артына.

С а л и х а *(торығып.)* Менде бала бәр ма?

Т о й ғ а р а. Қарындасым, қырық жыл өтсе де айтайын. Ішіме сияр емес. Қара жүрек күйеуің... Жұлқыңдыға қызымды бермеймін деген бір ауыз сөзі үшін әкемізді отырғызған жоқ па еді. Ана әйелге істеген қамқорлығының жартысын саған істесінші...

С а л и х а. Құдай-ау, не күнә, не сұмдығым үшін, көріп келем... көріп келем... *(Шешесінің өксіп отырған үстіне Шарбану келеді.)*

Т о й ғ а р а *(әдейілеп)*. Отының алды, суының тұнығы Шарбану жиенім не дейді екен?

Ш а р б а н у. Не жайында? Жұмыс жайы болса, нағашы, қолыңыздан келетін, қалаған жұмысыңызды алыңыз да, істеніз, нағашы. Енді жетеді. Сіз үшін мен намыстанам.

Т о й ғ а р а. Жұмысыңды істемесем ше?

Ш а р б а н у. Нағашы, сіздің әлегіңізден басқа да

жұмыс жетерлік. Енді доғарыңыз. Көкемнің айтқаны жеткен шығар. Ұққан шығарсыз.

Т о й ғ а р а. Әкеніздің айтқанын тыңдамасам, қуып шығамысың нағашыңды.

Ш а р б а н у. Нағашылығыңыз өз алдына. Ал қауым, колхоз әлеумет ісі ендігіңізді көтермейді. Ақтық рет өткенім алдыңыздан. Бұл сөзімде тұрамын.

Т о й ғ а р а. Қорқытпа, жиен, әр кеуденің ішінде ұлып жатқан ит барын, әр пенденің көңілінде ала қайғы алпарыс барын аллам біледі. *(Кете бергенде қарсы алдынан Майдан келе жатады. Тойғара кепсерлесе килігін қалып қарап қалады.)*

М а й д а н. Жүрген жерің серейген сүйек... Тот басқан қазан. Шүберектің қиқымы. Дуакері! Әттең, кеш естідім. Кеш білдім. *(Майданнан қаймығып үндей алмай Тойғара шығып кетеді.)* Дерексіз бос наным, құр сүлдері қалған діндәрлықтың арбауы мен алдауы азайған сайын құдайдың өзі де құр сүлдері қалып, қатып-семіп біткен шығар десем... Әлі де оған құлшылық ететіндер барына қайранмын. Саған ба, шошқа баққызып қоймасам қара да тұр. *(Ұзақ үнсіздік. Салиха баяу, орнынан тұрып бөлмесіне кетеді.)* Байсал аға әлі келген жоқ па?

Ш а р б а н у. Келген жоқ.

М а й д а н. Жолаушының кешіккенінен үміт. Апамды болниске орналастырып келе ме... Жоқ әлде қайтып алып келе ме?..

Ш а р б а н у. Қайдам, кешікті.

М а й д а н. Шабандар формасы не болды?

Ш а р б а н у *(шкафтан алып бірнеше эскиздерді Майданның алдына тастайды да екеуін қолына беріп)*. Ойластыра келе осыған тоқтадық.

М а й д а н *(ойлана қарап, қуанышты)*. Мынау қыстығы, мынау жаздығы. Мынадай форманы кигеннен кейін біздің шопандар қалай қатып кетер екен.

Ш а р б а н у. Сәнін ғана емес, ыстық-суыққа төзімділігін, жарасымды ыңғайлылығын да ойлау керек болар.

М а й д а н. Ол жақса ғой... қалпағы қандай әсем. Құлдығым-ау, байғазы неге сұрамайсың.

Ш а р б а н у. Байғазысын талқыдан өтіп кигізгенде бересің.

М а й д а н. Жарайсың, Шәрбантай, жарайсың! Бәсе, біздің Шарбан осылай қимылдаса керек еді.

Ш а р б а н у. Жарар, жарар. Ал енді құлағым сенде... Өз шаруаңның жайын айтшы.

М а й д а н. Айтсам, кеше бірқатар жастың басын қосып мәжіліс өткіздім. Мәжілісіміздің басы салқындау болып кеп, ақырында қызық болды.

Ш а р б а н у. Ия.

М а й д а н. Әдепкіде маған сеніңкіремей, түксиіңкіреп біраз отырды өздері. Мен баяғы бар білгенімді төгіп жатырмын. Қозғалар емес. Бір уақытта Несіпбайдың баласы орнынан ұшып тұрып сөйлеп бір кетті дейсің...

Ш а р б а н у. Серігі ме?

М а й д а н. Дәл соның өзі. Ақ жүректігін атама. Ағып тұр. Өзінің де, үй ішінің де сырын түгел ақтарды. Тоқтата алсамшы, түк білмейді екеміз. Содан бүгін ертемен тұрдым да, колхозды түгел кезіп шықтым.

Ш а р б а н у. Ие... сонымен не көрдің?

М а й д а н. Көше бойы келе жатып, анда-санда бір үйлерді көрдім. Қарап тұрсам, биік дуал, шынжырлаулы қабаған ит... Қымтанып есік-терезесін бекітіп алған. Осы неліктен?.. Сол қақпаның аржағына үңіліп көрдік пе? Шарбану, саған не болған?..

Ш а р б а н у. Көкем саған кетерінде не аңғартты?

М а й д а н. Маған аңғартқанын өзіңе де аңғартпап па еді?..

Ш а р б а н у. Үйі туралы не деді?

М а й д а н. Үйді өткіземін. Шопандардың балалары үшін «круглосуточный» бақшасын ашамыз, осыған тәрбие бере алатын жастар тағайында деді. Қабақтарын солғын... Бір әңгіме болған ғой сірә.

Ш а р б а н у. Тәңір жарылқасын. Мен туралы ештеңе ойлай көрме. Бірақ Шуақ пен апам...

М а й д а н. Апаңдыкі жөн дейік, Шуақтыкі не? Неғылмайсың деп?

Ш а р б а н у. Үйді салғанда менің де еңбегім бар. Бөліспеген еншісін қимай, көкеме өкпелеп жүрмей отыр.

М а й д а н. Жүрмегені бір есептен дұрыс та болған.

Ш а р б а н у. Неге? *(Аз үнсіздік.)*

М а й д а н. Шарбан?! Бұрында бір айтсам деп оқталып, өзімді өзім тоқтатып қойып ем... Екеуіміз осы колхозда бір жылы тудық... Құйтақандайымызда асықты бірге ойнадық... Қуыршақты бірге жасадық... Мектепке бардық, бір партада отырдық. Сен қызсың мен ұлмын деген ұғым ойымызға кіріп шыққан емес. Өз көңілімде

әлі күнге сол қалпымыздамыз. Жаңа Несіпбайдікінде Шуақтың маған айтпағаны жоқ. Мынауыңның өзі қандай адам деп үндемей құтылдым.

Ш а р б а н у. Қайдам...

М а й д а н. Ғылым үшін жаратылған жан бөліспеген еншіге қарамайды. Ерлі-зайыпты өз жұмыстарың өзіңе. *(Асыға басып Шуақ кіреді. Шылымын әлсін-әлсін сора тартып, өңі бұзылып, сұлық мәлие қарайды.)*

Ш у а қ. Сыралғы дос!.. Сырымызды тартып болған дос!..

Ш а р б а н у. Сен не деп барасың?

Ш у а қ. Демегім көп әлі...

Ш а р б а н у. Тағы да қандай сұмдығың бар еді ішіңде сақтаған.

Ш у а қ. Менде ешқандай сұмдық та жоқ... сиқыр да жоқ. Менде тек мазақ қана. *(Даусы да, өзі де дірілдеп Майданға түйіледі.)* Жүрегіңнің жапырағын жаяр шағың да осы... жайып қал, достым... Тұсалып келген ыстық сезіміңді ашып қал!.. *(Майдан шыдамға жеңгізіп, іштей тынып қадалуда.)*

Ш а р б а н у. Өмірде не болмайды. Болған істің күйінішін де, қуанышын да көтеретін қайрат деген болмас па сенде.

Ш у а қ *(басын ұстап, ызалана долырып)*. Жоқ!.. Жоқ!.. Махаббаттың мазағына айналған жанда не болушы еді?.. *(Майданға.)* Шешеннің көзі су қараңғы... Ертен мүлде сөнеді. Аңырайсың ба, азынайсың ба?.. Әуселенді сонда көрермін!..

М а й д а н *(ұмтыла түсіп)*. Сен не дедің?

Ш а р б а н у *(араларына түсіп)*. Майдан, тілеуінді берсін. Бұл өзі қанына қараюда...

М а й д а н. Мен сені кеш таныған екемін. Асағаныңа, тойғаныңа мәз болған ездің көзі күнде су қараңғы екенін ұмытпа! Сау бол, Шарбану! *(Кете береді. Ұзақ үнсіздік. Ішкі бөлмеде Батиха кішкене бөбегін бауырына басып уатып жүр. Бөбек шырылдап жылайды. Батиха дегбірі қалмай әлдилеп уатуда.)*

Ш у а қ *(Батиханың бөлмесіне төніп барып)*. Жылатпа баланды?!

Ш а р б а н у. Өзіңе не болған?!..

Ш у а қ. Не болғанын көресің де көзіңмен... Ей, қатын, жылатпа дедім ғой баланды.

Б а т и х а (*шошына ере шығып*). Күйеу, саған не болған? Аузын басайын ба?

Ш у а қ. Аузын бас.

Б а т и х а. Әкірендеме, бала! Шаңыраққа кара!

Ш а р б а н у (*күйеуінің ерсі мінезіне төзбей*). Сені жын қақты ма? (*Шуақтың қолынан жетектеп кейін шегереді.*)

Б а т и х а. Эттең ардақты қайнымның шаңырағы... Қолымда бала... Болмаса сендей қияңқыны көтеріп ұрып тақымға салатын-ақ Батиха едім...

Ш у а қ (*өршеленіп*). Бұл бізге пәле әкелген қатын. Баласын алсын да кетсін...

Б а т и х а (*көңілі қалып*). Кет дедің бе сен?!

Ш у а қ. Кет дедім. (*Тартынбай.*) Кетіңіз!

Б а т и х а. О, шілтиген сорлы. Аяғынан келген күшік күйеу, өз басыңды сыйғызып ал бұл үйге...

Ш у а қ. Күшік күйеу?..

Б а т и х а. Өтірік пе?.. (*Шуақ Батиханың білегінен қапсыра ұстап үйден шығармақшы болады. Жан ұшыра Шарбану ара түседі.*)

Ш а р б а н у. Тарт қолыңды! (*Шарбануды кеудеден итеріп жібереді. Шаң-шұң керісті естіп Салиха келеді.*)

С а л и х а. Кірді ғой біздің үйге бір бүлік... Батиха шырағым, естіп жатқан шығарсың. Бәйбіше-тоқал болып отыруымыздың лайығы болмас... Дау-шар кірген оттың басында береке-бітім болмайды. Қайтесің, балаңды ал да кеңсеге бар... Маған үй тауып бер де біздің соққанға...

Ш а р б а н у. Апа, қинамаңыз... кумаңыз... Батиха ешқайда да бармайды... (*Баласын көтеріп кеткелі тұрған Батиханың алдын орап.*) Кетпеңіз...

Б а т и х а. Күйеу балаңның қолы тиді. Мен де далада қалатын әйел емес едім. Бөгеме менің жолымды... (*Баласын бауырына қысып Батиха үйден шығып жүре береді. Шарбану жібермеуге ұмтылады. Есікті арқасымен жауып алған Шуақ Шарбануды жібермейді.*)

С а л и х а. Аяғыш болсаң, мені ая! Өзіңді ая... күйеуіңді ая!

Ш а р б а н у. Аяушылықты аузыңа алып қайтесің, апа. Тартынғанда тарпа бассалудан тайынбадыңдар. «Жүректен шықпаған жүректен орын теппейді» деген рас екен. Әкем байғұс өрісі тар ойларыңды ерте аңға-

рыпты. Сендер қуғандарыңмен Батиха кетпейді. Жібер-  
меймін!..

Соңынан іздеуге кетеді. Шам сөнеді. Күн кешкіріп, ымырт жа-  
былған мезгіл. Аспанды бұлт торлап, себелеп жауын жауатын тә-  
різді. Үйдің алдындағы қайыңның түбінде баласын бауырына басып  
Батиха тұр.

Б а т и х а. Бұл қорлықты көргенше қаңғырып өлейін.  
Не деп барамын кеңсеге. Он бөлмелі үйіне сыймадым  
деп барамын ба?.. Әкелген өзі, қуып тастаған әйелі мен  
күйеу баласы. *(Көз жасы омырауына тамшылап.)* Кет-  
тім жайлауға. Маған көрсеткен зәбірі бәрібір сұраусыз  
қалмайды... *(Кете береді. Соңынан іздеп шыққан Шар-  
бану қараңғыда көз жазып көре алмайды.)*

Ш а р б а н у *(айғайлап)*. Батиха апа! Батиха апа!  
Кайдасың? *(Оның айғайын естіп алдынан Майдан келе  
жатады.)*

М а й д а н. Шарбану, Батиха кетіп қалды ма?

Ш а р б а н у. Сыйғызбады.. Қуып жіберді ерсыма-  
ғымыз!..

М а й д а н. Мейірімнен жұрдай ма еді. Сырты ғана  
екен жылтыраған...

Ш а р б а н у. Қайда баруға тиісті?

М а й д а н. Рысбайдікіне бармаса...

Ш а р б а н у. Жүр, сұрайық. Ызаға шыдамай жай-  
лауға тартып тұрар ма?

М а й д а н. Дегенмен де Рысбайдікінен барып біле-  
йік... Жәбір көргендер сол кісіге баратын.

Екеуі кетеді. Сахна бос. Сәлден кейін үйдің алдына машина  
келіп тоқтайды. Машинадан Байсал, Қанзипа, Месбақ түседі. Қан-  
зипаны сүйемелдеп Месбақ үйге алып кіреді. Жарық үйдің ішіне  
ауысады. Үйде Салиха мен Шуақ отыр.

Б а й с а л. Қанзипаны шешіндіріп алындар.

Қ а н з и п а. Өзім де шешінемін. *(Шешінеді.)*

Б а й с а л *(Месбаққа)*. Ендігі сапарың астана екенін  
білдің ғой...

М е с б а қ. Білдім. Қаражат жағын қарастырыңыз.

Б а й с а л *(қағаз жазып)*. Қанзипаны больницаға ор-  
наластырасың. Өзің сельхоздың агрофагіне сырттан оқу-  
ға емтихан тапсырасың. *(Қағазды беріп.)* Ауру-сырқау-  
ларға қарасатын қордан екі жүз сом ақша берсін. Қан-  
зипа дем алсын. Танертең жүретін бол, жарай ма...

Месбақ. Жолдама қағаз сізде ме?

Байсал. Қанзипаның өзінде. *(Месбақ кетеді. Үнсіздік. Шуақ пен Салиханы салыңқы қабақтарынан байқаған Байсал да үндемейді.)*

Қанзипа *(бойын жазып)*. Шаршап қаппын. Дүниені алшаң басып жүретін Қанзипа мықтап тұрып тұтқындалды деген осы. Салиха жеңгей, бас меңзең. Көзімнің түбін суырғанда жаныңды суырғандай солқылдатады. Орамалды суық суға малып беріңізші? *(Салиха орамалды суға малышып маңдайына тартады.)*

Байсал. Шыда, Қанзипа. Облыстық дәрігерлер де аянып қалған жоқ... Емдейтін жаңа құрал келіпті астанаға!..

Қанзипа. Тағдыр маған берген тірлігін қысқа өлшесе шара не?

Байсал. Ғылымда емдеу тәсілі көп, Қанзипа. Жүргенше көзіңнің шырымын ал.

Қанзипа. Жаныңның саясы ұйқы екенін кім білген, алсам алайын. Майдан қайда жүр екен. Әй... жас неме. Маған алаңдап жүрегі өрттей күйіп жүрген болар.

Байсал *(Салихаға)*. Менің төсегіме апар да жатқыз. Жүргенше дем алсын.

Салиха *(ұнатпай)*. Еркектің төсегіне әйел жатушы ма еді. Кабинетке төсек сап беремін. *(Қанзипаны сүйемелдеп алып кетеді.)*

Байсал. Шаруа не боп жатыр? Рысбай кірісе алды ма?

Шуақ. Білмедім.

Байсал. Білуге уақытың болмады ма? Жоқ білгің келмеді ме?

Шуақ. Білерліктей қал болған жоқ...

Байсал. Қалыңа не болды?

Шуақ. Жүректен тартсаң, бауыр ауырады. Білектен тартсаң, қарың ауырады дегендей. Сіздің жұла тартқан ісіңіз сай-сүйегімізді сырқыратса, қал мүшкіл болды да.

Байсал *(бірден түсініп)*. Ә, сенің де еңбегің бар екен-ау... Есебін еншінді алғанда қайтарамын.

Шуақ *(жалығып)*. Маған енші керек емес... Үй керек. Үй керек маған! Осы үйді салғанда менің де алақаным ойылған.

Байсал. Өзіңе үй саламын деп ойылған алақанды

ешкім мақтан көрмейді. Тұруыңа ескі үй де жарайды. (Салиха кіріп келеді.)

С а л и х а. Сенен басқа қай председатель дәулетін үлестіріп жатыр. Мырза атанудың да жөні бар емес пе? (Байсал екеуінің де сөзін жүре тыңдап басқыштан жоғары көтерілгенде Шуақ шапшаң басып алдын орайды.)

Бүйтерің бар, көзге күйік қылып неге салдың ку моланы.

Ш у а қ. Бүйтерің бар қолыңызға неге алдың мені?

Б а й с а л. Шырағым, шағын басты үй ішімізге ескі үй де жетеді. Неге салдың? Неге алдың? Салтанат қудым, үй салдым. Саям бол, балам бол деп қолыма алдым. Ара түспе менің билігіме!

Ш у а қ. Ара түсемін. Бүлінген үйде береке, алжасқан ойда нәр жоқтың кебін киесіз, қайын ата!..

Б а й с а л Менің шешімім алжасқандық десең, бала, адасқаның. (Жүзіне қадала үңіліп, қатты серіппей, қолын иығына салып.) Сенің ішкі сарайыңнан жылт еткен асыл сезімнің ұшқыны неге көрінбейді. Тарылуыңа жол болсын?.. Көретін қызық, қуанышың алда емес пе! (Шуақ тайталасып жауап бергісі келіп еді. Байсал тыңдамады. Жоғары бөлмеге көтеріле берді. Діңкесі құрыған Шуақ басбалдақта тұрып қалады. Үйге Рысбай кіріп келеді.)

Р ы с б а й. Салиха, Батиханы қуып жібергенде не мұрадына жеттін?

С а л и х а. Батихасыз да қайғымыз жетерлік... (Күйініш ойдан жазылмаған Шуақ әлі де басбалдақтан түскен жоқ.)

Р ы с б а й (Шуақтың қасына барып). Түнере қапсың. Сенбісің Батиханы баласымен үйден қуған?..

Ш у а қ. Жаның ашыса, өз үйіңе жинап ал. Мен, мен!.. (Байсал Шуақтың екіленген сөзін түгел естіді. Ғазиз жаны қорланып, асыға басып Батиха орналасқан бөлменің есігін ашып қарайды. Батиха да, бала да жоқ. Ұмар-жұмар боп көрпе-жастық шашылып қалған. Баланың арбасы да бір бүйірінен қисайып түскен. Еденде қалып қойған баланың сылдырмақ ойыншықтарын көтеріп алады.)

Б а й с а л. Хайуандар!.. Адамшылықтан безген қатыгездер! (Аса бір жиренішпен түйіле қадалып.) Батиха қайда? (Шуақ үндемейді.) Батиха қайда? (Салихаға төне түсіп.) Батиханы қуған қайсың?

С а л и х а. Немене, тоқалдыққа алайын деп пе едің?

Б а й с а л. Қыз күніннен қырық жыл басыңнан дәулет үзіліп көрген жоқ... Батиха мен Қанзипаның күйін көрсең қайтер едің? Сені ақпейілді ана ма десем, түнек қара тырымсық па едің? Батиханы қайда жібердіңдер? Жандарының барында тауып әкеп үйге кіргізбедіңдер ме, менен қайырым күтпеңдер! Қимағандарың төрлерін, қимағандарың менің масайрағанда салған үйлерім. Менің мінезімдегі ағаттықтың түпкі себебі де осы үй болатын. Не үшін салдым! Басқалардан бай тұру үшін салдым ба? Қойнымдағы әйелім, ұл-қызымның пейілін тарылтып, мейірімдерін тонау үшін салдым ба?..

С а л и х а. Қират, бүлдірі!.. Неге өртемейсің адыра қалған қу моланы. Бізге қимағаныңды өртке қиярсың.

Ш у а қ (*Салиханы арқаланып*). Өмірді жарқын дейсіз. Сіздің жарқындығыңыз осы ма? Өмірді шат-куанышты дейсіз. Сіздің балаларыңа көрсеткен қуанышыңыздың сиқы осы болса мен де қарап қалман.

Б а й с а л. Мен жинаған дәулет, менен көрген қызық қуанышың әлі де аз екен ғой, балақай.

Ш у а қ. Аз боп жатыр, кәрия. Аз!.. Аз!..

Б а й с а л (*тайсалмаған Шуақтың бетіне тесіліп*). Дүние үшін келген бала болдың ғой... Ым... Көкейінді тескен менің дәулетім... Аспирантураға барамын деуін де ғылымды емес, мол ақшаны аңсауың ғой. Сүйтіп сапырып өтпексің ғой дүниеден.

Ш у а қ. Қалтырама, кәрі ақымақ!.. Мен сенің қызыңды қатын еткенде мұрагеріңмін, шаңырағыңның ендігі иесі мен боламын деп келгемін қолыңа!

Байсал не айтарын білмей есінен ауған адам тәрізді. Аузына сөзі түспей тұрып қалады. Ішкі бөлмеден қолын алдына жайып Қанзипа шығады.

С а л и х а (*жан ұшыра айғайлап жібереді*). Алла-ай, мынау не дейді? Мен дүние деп шырылдап жүргенімде иесі мынау ма еді. Нені естідім.

Қ а н з и п а. Сен соны естідің, Салиха. Мен бәрін де естідім. Табыстың бір кілті білекте, бір кілті жүреkte демейтін бе еді. Бекер қайрап салдың баланды. Көңіліңді ыс басып, осынша қараулыққа барудың не орны бар еді, Шуақ. Бас асаудың талайын жуасытып, ұстасқан дұшпаннан аққанын, катерден бұққанын көрген жоқ едім. Сындырма сағын әкеңнің. Қайтып ал, бала, сөзінді!

С а л и х а. Апыр-ай, тумағаныңды білдірдің-ау, Шуақ!..

Ш у а қ. Туған баласындай көрсе қияр еді қу дүние-ні. Қимағаны киімшең келгенімнің салдары шығар. Әйтеуір мен қарап қалман. Саламын бөліске. Жүгінемін заңның алдына.

Қ а н з и п а. Ә, солай ма?.. Бәке, сағың сынбасын. Жібер бөлісіне. Бәріміз де сен шыңдаған көріктен өтіп едік. Салғырт қарамаймын деп бой үйренгенге бой ұсына бермеу үшін де батыл шешімге барғаныңды білетін бар, білмейтін бар... Сабырға жеңгізіңіз...

Ш у а қ. Ақылдысынба?.. Әулие болсаң өз бойыңдағы дертінді жазып ал!

Б а й с а л. Ә, менен асып басқаға да тіліңді тигіздің бе?..

Сыртта жаңбыр. Нажағай сарт етіп атылады. Нажағайдың жаңғырығы мен Салиханың даусы ұштасып естілуге тиісті. Байсал жолбарыстай атылып Шуаққа төне түскен. Шам сөніп, қайырадан жаңғанда Байсалдың қолында есікті ішінен бекітетін кеспелтек ағаш. Еденде Шуақ шалқасынан сұлап жатыр. Байсал тас боп қатып қалған. Сөйлемейді. Үндемейді. Тіл тартпастан құлаған Шуақ бейне бір өлік тәрізді. Қыбыр, қимылы жоқ. Үрей бұған Салиха егіле боздап Байсалдың қолындағы кеспелтек ағашты жұлып алады.

С а л и х а. Сорлы, сорлы, не сұмдыққа бастадың? *(Байсалда үн жоқ. Нажағай оты жалт-жұлт. Үйдің іші біресе қарауытып, біресе жарқ ете түседі. Байсал қозғалмастан әлі тұр.)*

Қ а н з и п а. Бәке, мен осылай болатынын сезген үшін де ескертіп едім. Бекер болды... Бекер...

Р ы с б а й. Шалқарға баттың не, шалшыққа баттың не? Бәрібір баттың, Байсал.

Б а й с а л. Өзім өсірдім... өзім жеткіздім. Өзім соққыға жықтым...

Үйге жауынға малшынған Батиханы ертіп Шарбану мен Майдан келеді.

Б а т и х а. Итіне мені қапқызды ғой.

Ш а р б а н у. Сазайын алады. Аяқсыз қалмайды. *(Еденде сұлап жатқан Шуақты көріп.)* Алған деген осы ма? *(Шошына дірілдеп.)* Әке, сіз бе мұны сұлатқан?

Б а й с а л. Мен!..

Ш а р б а н у. Бекер болған. Сізге лайық па еді?

Р ы с б а й. Лайық емес екенін біз де көріп тұрмыз.

Өрге жылжыған да өзі. Құлдилап төмен сырғыған да өзі... Алып барып жарасын байлаңдар да жатқызындар.

Ш а р б а н у (*Майданға*). Тұла бойымды ғаламат от шарлағандай болды-ау.

М а й д а н. Білемін. Төсегіне апарайық. (*Шуақты көтеріп алып кетеді. Рысбай да соңынан бірге шығады.*)

Қ а н з и п а (*сипалап*). Батихамысың?

Б а т и х а. Тілеуіміз теріс емес еді, Қанзипа, сені жайлаған сырқат, мені кіріптар еткен қолдың қысқалығы жан күйінер күйікке душар еткенсін амал не? Ей, қайным, қиын күндерде сен бізге сүйендің. Біз саған сүйендік. Аза тұтқан үйінде бізді қинамай жайластыратын жеріңе жайластыр. Жеткізіп сал мені жайлауыма.

Қ а н з и п а. Сүйтіңіз, Бәке. Үй ішінің шырқын бұзған біз болмайық. (*Қайратына мініп.*) Мені жалмап жұтса да бұл сырқат, қырсығымыз тимесін.

Б а й с а л. Мен тірі тұрғанда бұл үйден екеуің де кетпейсіңдер. Кімнің алдына барсам да жауабым әзір. Көңіл сыйған жерге барлығы да сияды. Менің семьям аларында — көл, берерінде шөл екен. Көндік деген қасиеттен жүрдай екен. (*Кішкене Байсалдың бетіне үңіліп.*) Мен саған қамқор ата бола алмағаным ба, атас! Ыстығы басылды ма?

Б а т и х а. Иә, басылды.

Б а й с а л. Бөлмеңе бар да әлдилеп ұйықтат. (*Батиханы қатардағы бөлмеге кіргізіп жібереді.*)

Қ а н з и п а. Атағың таудай, беделді председателдің бірі едің. Күйеу баласын соққыға жығуын не деуге болады. Екі көзіңнің бірі айтады.

Б а й с а л. Сен білмейсің, Қанзипа. Замана тарихында қарт Тарас деген адам өткен. Азғын ұлын осылай жазалаған. Әділ жаза солай болуы керек.

Қ а н з и п а. Сізге қайырымдылық қана жарасады.

Б а й с а л. Сол қайырым онда неге жоқ. Қараңғы түнде балалы әйелді неге қуады үйден. Менің кінәм шындықты кешеулеп барып мойындау екен. Тірліктің де тірілігі бар. Кінәнің де кінәсі бар.

Қ а н з и п а. Жазғырма бізді. Ерік берген өзіңсің десе не дейсің.

Б а й с а л. Алдымен мен өзімді жазғырамын, құрметті Қанзипа. Мен үйімді «менікі» деген тар сүрлеуден шыға алмай жүргендерге ой түссін, сабақ болсын деп берген шығармын. Біреулердің күйзелу есебінен күн көре-

тіндер, өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар дейтін көпке айтылатын мақалдай. Өзімшілдіктің аздырғыш психологиясынан шыға алмай жүргендер. Барлығы да ала түссем. Қаба түссем... Іше түссем... Қармай түссем... Қақши түссем.

Қ а н з и п а. Бар делік.

Б а й с а л. Мұрагермін. Әкенің дәулетін басып қаламын деп күйеу баламның ұмтылуы. Аш көзділік... Сен неге ұмтылмайсың. Рысбай неге ұмтылмайды. Басқалар неге ұмтылмайды.

Қ а н з и п а. Оны ойласаң көзіңе жас оралатын кере қарыс қайшылықтар толып жатыр.

Б а й с а л. Өмірімде мен екі-ақ рет көзіме жас алдым. Сенің бұрынғы жер үйің. Сен толғатып жатырсың. Үйдің алдында Рысбай екеуміз отырмыз. Әлде не бір қорқыныш сезімдер жүрегінді алабұртқызады. Менің қалтамда күйеуіңнің қайтыс болғанын хабарлаған қара қағаз. Запыран жұтқызғандай кеудем толып барады. Не деп естіртемін. Қалай жұбатамын. Сен босандың, ұл тудың. Атын Майдан қойдық. Соғысқа кетерінде екі қабат қалған сенен ұл туарын, қыз туарын білген жоқ. Жарынан айрылған жесір ана, дүниеге келмей тұрып жетім қалған бала. Тағдыры не болады. Қабырғам сөгіліп сонда жас алсам... Енді міне... (*Кемсеңдеп.*) Қос тізгінді қаншама созсам да, тепкіге өзімді қаншама салсам да қайғыдан көңіл озбайды деген рас екен.

Қ а н з и п а. Тағы да нажағай оты жалт етті ме?

Б а й с а л. Сенің көз нұрыңның жалтылы болған сияқты...

Қ а н з и п а. Менің көзім сәті түссе жазылар. Құрсанған бұлт артынан аспан шайдай ашылып, қызуы мол күншуақ келмейтін бе еді?

Б а й с а л. Күншуақтың жылуы бар адамға түсуін мен де тілеймін. Бірақ ол тілектен шықпаса амалым не? (*Үнсіздік. Өз үйінде Шуақ күйзеле күрсінеді.*)

Ш у а қ. Уһ!

Шымылдық.

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### БЕСІНШІ СҮРЕТ

Байсалдың ескі үйі мен жаңа үйінің аралығындағы алаң. Шырмауықты беседка. Таңертеңгі күншуақ. Далада арбасымен баласын

таза ауаға шығарып қойып, жаялықтарын жайып Батиха жүр. Сырттан Майдан келеді.

Б а т и х а. Тыныға алдың ба, қалқам.

М а й д а н. Қатты тынығыппын. Түу, бүгін күн қандай тамаша! Шайдай ашық! *(Арбадағы балаға үңіліп.)* Қайырлы таң, Байсеке! Көрдіңіз бе, жеңеше, жұмыстың қызу жүріп жатқанын.

Б а т и х а. Асықпа, қалқам... Бүйірім қызып-қызып кетеді. Әрең отырмын десем, сенемісің.

М а й д а н. Әрине, еңбекпен өскен адамға оңай емес.

Б а т и х а. Құрып кетсін... Ас ішіп, аяқ босатып отырғанын. Екі қолым алдыма сияр емес. Қиын екен тегі.

М а й д а н. Азғантай шыдаңыз... Бүгін не ертең балалар бақшасын ашамыз. *(Үйге кіреді.)*

Б а т и х а *(өзіне)*. Мені қойшы, екі қолға бір күрек табылар-ау.... Біздің шал көнбей жүрер-ау әлі. *(Бесіктегі бөбегіне.)* Жасың келді, әкесі. Қой дейміз... Солай ма, күнім... *(Несінбайдың баласы Серік келеді.)* Ау, сен Серікпісің? Шопан боламын деп тілек білдірген Торғынның үлкені сенбісің?

С е р і к. Дәл, сол балаңыздың өзімін.

Б а т и х а. Өзің қашып жүргеннен саумысың?

С е р і к. Батиха апай, Байсал аға үйде ме. Тұрды ма екен? *(Үйге беттей бергенде Майдан қарсы алдынан шығады.)*

Б а т и х а. Қайным тұрғалы қашан... Мана кеткен жұмысына. *(Батиха үйге кетеді.)*

М а й д а н. Жол болсын, інішек!

С е р і к. Айтқаның келсін, аға!

М а й д а н. Документтеріңді өткіздің ғой?

С е р і к. Өткіздім.

М а й д а н. Формаларыңның примеркасына бардың ба?

С е р і к. Қазір соған бара жатырмын.

М а й д а н. Булығып тұрсың ғой өзің.

С е р і к. Булығып тұрмын...

М а й д а н. Неге? Әке-шешен келісімін бермеді ме? Жайлап түсіндірші.

С е р і к *(тықыршып, әлденені айтқысы келіп)*. Әбден ақылым таусылып келіп тұрмын. Әкемнің сауда-саттық кәсібі-ақ намысымды қорлап болды. Мана бір әзірде

ойымда түк жоқ еді. Үйде отыр едім. Тойғара сұм келді біздікіне...

М а й д а н. Иә... Не үшін кепті?

С е р і к. Есіктен кіре сөйлеп, суырыла сумандай келді. Бір уақытта қарлы-борандатып, ақыр-заманды орнатты кеп... Әкеміздің зәре-құты қалмады. Қалтырап тұр.

М а й д а н. Неғылмайсың деп?

С е р і к. Қарыз бермейсің деп... көпе көрінеу қорқытып, әкеміздің бордақылаған бес шошқасын сатуға көндірді.

М а й д а н. Несіпбай шынымен көнді ме соған?

С е р і к. Көнбегенде, саудасыз отыра алушы ма еді. Бір уақытта қолдарын шарт-сұрт соғыстырып «қолма-қол, қолма-қол» десіп жатты. Олар қораны ашып шошқаны тиеуге кірісе бергенде мен терезеден қарғып түсіп Байсал ағама хабарлайын деп тартып тұрдым.

М а й д а н. Молдалықты тәмем қылып, бұрынғы кәсібіне қайта көшейін деген екен. *(Батиха үйден шығып самауырынға шоқ сала бастайды.)*

С е р і к. Доңыздарына пышақты тығып жіберіп, ішек-қарнын ақтара салуым керек еді... Несін айтасың...

М а й д а н. Онда не таптық. Сен енді қынжыла берме... Дер кезінде хабарлағаның дұрыс болды. Дереву кеңсеге тартайық. Байсал аға да сонда...

Б а т и х а. Қалқам-ау, тым құрыса оразанды ашпадың ғой. *(Самауырынның шоғын сап үрлейді.)*

М а й д а н *(стол үстіндегі шыны-аяқтағы сүтті ұрттай салып.)* Жайғасып отыратын уақыт емес, жеңеше. Жұр, жұр, жылдам. *(Серікті ертіп кетеді. Үйден басын ақ орамалмен таңып, ақ крепдешин шәлісін желбегей салып ажары солғындау Салиха шығады.)*

Б а т и х а. Шайынды үйге жасайын ба, осында ішең бе?

С а л и х а. Осында-ақ отырайық, балалар бақшасын қашан ашамыз деп тұр әлгілер?

Б а т и х а. Майдан бүгін деді білем.

С а л и х а. Балаңның қасында боласың. Өзің де соған кіріп ал.

Б а т и х а. Бұйырса, бірдемесі бола жатар.

С а л и х а. Шарбанудың есіне салып қой, Батиха. Біздің қыз күйеуінің Торғындікіне кетіп қалғанын біле ме екен өзі.

Б а т и х а. Білмейді-ау деймін. Сол үйге бекер барды. Жібермеу керек еді.

С а л и х а. Біз жіберіппіз бе? Таяққа жыққан әкесі. Қыздың түрі мынау. Өзі білгір. Құлағына қол апарып тұр ма бүгінгінің баласы.

Б а т и х а. Киім-кешегін бекер бердің.

С а л и х а. Тым қаны қызу баланың. Ай, осылар жан бола қоймас. Бұрынғымыз ойыншық дерсің... Байсал бастық баласын соққыға жығып, қызын күйеуінен айырды дегенді екі көзіңнің бірі айтады.

Б а т и х а. Қайным да қай бір жетісіп жүр дейсің. Еркек емес пе. Не де болса ішінде ғой. *(Сырттан әлі де ашулы ызғарынан айықпаған, басы бинтпен шандулы Шуақ келеді. Үнсіз. Темекісін әлсін-әлсін тартып, ерсілі-қарсылы жүреді. Салиха мен Батиха үнсіз.)*

Ш у а қ. Апа, енді мен бұл үйде тұрмаймын. Кетемін... *(Салиха бетіне ажырая қарайды да жауап қатпастан отыра береді.)*

Ш у а қ. Сізге өкпем жоқ, апа... Мені жұртқа қарағысыз еткенімен құрыта алмайды шалыңыз. Астанада ағаларым... туыстарым... *(Сұсты.)* Менен безбейді... *(Салиха естімеген жандай әлі де сұлық.)*

Ш у а қ. Сіздің үндемегеніңіз жақсы. Үндемеңіз... Галстуктерім... қыста киетін қолбағым... Қалпақтарым... *(Жылдам басып үйге кіріп кетеді. Сәл кідіріс. Көңілді, қолында бума түйіншек, Шарбану кіреді.)*

Ш а р б а н у. Шай тәтті болсын, апа. Шалыңыз әлі келген жоқ па? *(Қолындағысын көрсетіп.)* Бұлекене қаптал шапан тіктірдік. Құндыз бөркі қандай? Қазір көрсетуге болмайды. Ертең кигізгенде байғазысын алдымен маған бересіз. Сол, саломенная вдова!..

Б а т и х а. Салам дей ме, о, не дегені?

С а л и х а. Түйсік болсайшы өзінде.

Ш а р б а н у. Ол ма, ол әзірге екеуміз де жесір деген сөз.

Б а т и х а. Қойшы, қарағым, жамандыққа жорымашы.

Ш а р б а н у. Әңгімелерің не жөнінде? Апа, неге тұрдың?

Б а т и х а. Әңгіме... Шуақ үйге келді. Қалған-құтқан киімдерін алып жатыр... Кетемін... Енді тұрмаймын дейді.

Ш а р б а н у. Біржола ма?

Б а т и х а. Кеткенсін біржола кетеді де. Ашу дұшпан, ақыл дос, қарағым. Жіберме... Ақылың бар еді ғой.

Ш а р б а н у. Не деп?.. Айыптымыз, күйеужан... Кешіре гөр деп пе?.. Күтпесін Шарбанудан ондай күнді. Ол дегені бола қояр ма екен. Жүрегі құрғыр сезіп еді-ау...

С а л и х а. Сезсең, не қара басты сені.

Ш а р б а н у. Қарай гөр өзін... Жұрттың бәрі тек соның қабағына қарап, сонымен санасып отыруы керек. Қайдан шыққан әулие. Әрине, алдында асы даяр, жатса төсегі салулы... Жаз жайлауда, астында жорға... Төс жемейді, бас жейді... Алақандарына салып күтеді дерсің... Оқысаң еркің, тұрсаң еркің... Қалаға барса машина астында, қаражат қалтада. Ашып бір берсең, ұрлап екі бересің... Елпелектеп үстіне түсі!.. Не болды ақыры!..

С а л и х а. Әкең екеуіңнің әлің маған келеді. Бізді кіналап қайтесің.

Ш а р б а н у. Ақылды ғой Майдан, ескертіп еді. Елемеп ем. *(Үйден жұмарланған қалпақ, галстуктерді бұдырата ұстап Шуақ шығады.)*

Ш а р б а н у. Тағы да нең бар қалған... Тағы да нең бер алмаған.

Ш у а қ. Әкеңді жақтасаң, әкеңмен бол. Некелі жарым десен, менімен бол. Таңда, тәкаппар қыз! Нені қалайсың? Кімді қалайсың? Мені десен, ересің маған!

Ш а р б а н у. Ермесемші?..

Ш у а қ *(ұмтыла түсіп)*. Ермей көр...

Ш а р б а н у. Әкемнің табанына кірген шөгір, менің маңдайыма неге кірмейді. Қолы тигенге қорлансаң...

Ш у а қ. Жолың әне!.. *(Көше жақтан Байсал келе бастады.)*

С а л и х а. Байсал-а, күйеу балаң кетемін деп тұр.

Б а й с а л. Осыншама өмірді қолыммен жасап, жанымды пида ғып жүргенімде көрмегенім осы болғаны ма? Қызын күйеуінен айырған әке болғаным ба? Ит те болсаң, жалғызымның жолдасысың... Араларыңды бұзған ағзын әке мен болмайын...

Ш а р б а н у. Бүкпе тізеңді! Име басыңды! Тырнағыңның кірінен садаға кетсін мұндай көр... Маған күйеу керек емес, жар керек, көке... Саған масыл емес, серік болар азамат керек, көке!.. Кетемін деген өзі... Ғетсін!

Б а й с а л *(Салихаға)*. Сен не дейсің?

С а л и х а. Кетсін деймін...

Ш а р б а н у. Есік ашық... Жолың болсын, жігітім...  
(*Шуақ қалпағын жұмарлай қысып, қақпадан шыға жөнеледі. Шарбану босағаны қолымен керіп сұлық тұрып қалады.*)

Б а й с а л. Мен қалдым ба обалыңа ақыры...

Ш а р б а н у (*көзінде жас*). Бір соққаннан қалмаса барсын... Өкінбеймін.

Б а й с а л. Өкінесің, балам... Өкінесің... Әкең қазірдің өзінде өкініште... Шешен де маған салқындап барады. Күлуші едім біреуге... Ұлдың үйін түсірдім. Қызды құтты орнына қондырдым деген ата-ананың аһ ұрғанын да көріп ем. Соның кебін мен кисем, кім болғаным, қызым... Ойласам, белім талады...

Ш а р б а н у. Уайымдама, көке. Үйге барып дем ал.

Б а й с а л. Несіпбайды әйелімен шақырып келші.

Ш а р б а н у. Қазір шақырайын. (*Кетеді. Салиха да үйге кіреді. Байсал жалғыз, ойлануда. Рысбай келеді.*)

Р ы с б а й. Сен тағы да ойланып қапсың ғой.

Б а й с а л. Ойланбасқа шара не, Рысеке...

Р ы с б а й. Немене, Шуақ керенау бала болып шықты ма?

Б а й с а л. Иә, дәмі біздің үйден ерте таусылды...

Р ы с б а й. Қайрат, ақыл, жүрек — осы үшеуі болмаған жерде талаптың оты өрлеуі де қиын ғой. О, қиын ғой... Жарамады... Сол немеге қол жұмсамай-ақ қойсаң да болатын еді.

Б а й с а л (*шам көріп*). Иә, бұл әңгімені доғарайық... Шопандардың алды келе бастады. Бері жүр. Алдарынан шығып қарсы алайық.

(*Алыстан сүйінші сұраған дауыс естіледі.*)

— Сүйінші! Сүйінші! Байсал аға!

Б а й с а л. Қанзипа болғай-ақ та?

Р ы с б а й. Машинадан түсіп жатыр, сол.

Б а й с а л (*дегбірсізденіп*). Қайда, қайда өзі?.. (*Көзілдірігін алмаған Қанзипа Байсалға қарсы жүреді.*)

Қ а н з и п а (*көзілдірігін алып айналаға, алысқа, үйлерге аңсаған сағынышпен*). Көз нұрым... көрер жарығым... өз ауылым... Өз мекенім, қайтып енді көре алам ба... Жоқ па?.. деген күдікпен аттанып едім... Көрдім... Барлығын да көріп тұрмын.

Б а й с а л. Қайырынан, сәтінен.

Р ы с б а й. Шипасынан, дәруінен.

Қ а н з и п а. Жарыққа жетелеген өзің едің. Еңбегін еш кеткен жоқ, Бәке.

Р ы с б а й. Майдан қайда екен... Ол күшіктен мен барып сүйінші сұрайын *(Асыға басып кетеді.)*

Қ а н з и п а. Үміт зор, сырқатымның мендеуі одан да зор еді. Шуақ сырқатынан айықты ма?

Б а й с а л *(айта алмай)*. Кейін біле жатарсың... Үйге кірейік... *(Үйге кіреді. Майдан мен Шарбану келе жатады.)*

М а й д а н. Апа, апа! Келді дегені қайда?

Ш а р б а н у. Үйде болмасын.

М а й д а н. Кідіре тұршы, Шарбан... Шуақты сұрап қалса, сырды бүге тұрған жөн болар.

Ш а р б а н у. Неге?

М а й д а н. Ана көкірек қой... Араларыңа от салған менің балам деп ойлап қалуы... Жасыра тұрайық. *(Екеуі үйге кіреді. Баудың ішінен қол арбаны сүйретіп Батиха келе жатады.)* «Бәтеш-ау, Бәтеш!» *(Бәтешке қолында қоржыны бар, құнтыып, көңілді Бұламбайдың келе жатқаны естіледі.)*

Б ұ л а м б а й. Ассалаумағалайкүм... Батиха, аман-бысың! Байсал қайда? Байсал!

Б а т и х а. Қайда болушы еді, қызметінде.

Б ұ л а м б а й. Әу, өз Байсалымды сұрап тұрмын ғой.

Б а т и х а. Құдай, солай екен ғой. Ес жоқ менде, ар-намысың ішінде ұйықтап жатыр.

Б ұ л а м б а й *(еміреніп)*. Айналым төресінен. Сада-сы кеттім. Зекеті кеттім... Құрмалдығы болдым... Еһ... Еһ... танауынан, аумаған әкесінің танауы...

Б а т и х а. Болды енді, оятып аласың, ұйқысын қандырысын.

Б ұ л а м б а й *(Батихаға сүйсіне, қызыға қарап)*. Қара... кара, былайырақ келші өзің.

Б а т и х а *(өзіне өзі шыр айнала қаранып)*. Неғыл деп тұр мынау сығыр...

Б ұ л а м б а й. Пах!.. Пах!.. Өзің тіпті оңалайын дегесің бе? Ажарланып, құлпырып кетіпсің ғой. Күтім деген неге жаман болсын.

Б а т и х а. Шал, кәугеліктене берме көп. Қүйеу баланы кетіп қалып көңілдері жүдеп отыр.

Б ұ л а м б а й. Не дейді?

Б а т и х а. Жақсылығы құдайдан қайтсын... Қайным саған қатқан құндыз бөрік пен шапан әзірлеп қойды.

Б ұ л а м б а й. Дойырдың Рақымы оңбаған ештеме әкелмес пе екен?

Б а т и х а. Жә-жә!.. Дәмесін... байқап сөйле, түсіндің бе?

Б ұ л а м б а й. Түсіндім... түсіндім... *(Үйден өктем басып Байсал шығады.)*

Б а й с а л. Ассалаумағалайкүм, Бүлеке. Келіп қалдыңыз?

Б ұ л а м б а й. Алейкүмүссәлем, Байсал. Аманбысың? Қарқының оңды еді. Бірсыпыра дүниені дөңгелетіп тастапсың. Жарайсың!.. Е, бәсе, осылай болушы ең. *(Шұбыртып.)* Дүниенің қысаң, ауыр жылдарында бейнетті көрдік. Құрым лашық түндігі енді жаңара басталғалы тұрғанда, пенсияға кеткенім қалай болар екен?

Б а й с а л. Жасында бейнет, қартайғанда дәулет деген. Алпыс бестен астың, жетеді. Бақсын жастар, бассын орнынды.

Б ұ л а м б а й. Жаны бар сөз... Соңғы жылдары буын-буындарым да сықырлай бастап еді. Тәуекел!

Б а т и х а. Үйге сыймай қайтып келіп мені тұжырытып, сорлатып жүрмесең...

Б ұ л а м б а й. Болды, Бәтеш, жетті енді... Тақа қиын боп бара жатса, күзетіне барармын. Солай ма, Байсал!

Б а й с а л. Дұрыс, дұрыс, Бүлеке.

Сырт жақтан Несіпбай мен Торғын кіреді. Бәрі тым-тырыс. Байсалдың қабағына қарап аңысын аңдуда.

Н е с і п б а й. Ә, Байсеке... *(Қолын алып.)* Іске сәт... қайырлы болсын. Радиодан естіп қуанышымыз қойнымызға сыймай жатыр. Келініңізбен екеуміз енді шығайық деп отыр едік.

Б а й с а л. Торғын шырағым, жап-жақсы әйел ме дейтін едім... Не боп кеткенсің? Қарашы өзің ұсқыныңа.

Б ұ л а м б а й *(қуақылана)*. Шошқа баққан соң солай болады. Баяғыда осындай сасық байдың әйелі болып еді.

Т о р ғ ы н *(қаймыға соғып)*. Не болыпты маған.

Б а й с а л. Таңның атысы, күннің батысы, өз қораңнан басқа көретінін, білетінін бар ма? Шығатын күнің бола ма?

Т о р ғ ы н. Бет алды қайда барамын.

Б а й с а л. Жұрт қайда барып жатыр.

Т о р ғ ы н. Жалғыздік болған соң, үй шаруасы...

Б а й с а л. Сенен басқада шаруа жоқ па? Неге жалғызсың? Алты балаң бар өрімдей. Серігің алғашқы қадамын қой бағудан бастағысы келген екен. Келісімді бермей неге кергідің?

Н е с і п б а й. Біздің тұқымда оқыған аздау еді. Көзімнің тірісінде....

Б а й с а л. Көзіңнің тірісінде адам болғанын көргің келсе, қалағанына жібер. О да өз мерейің. Балаң жаңа бастаманың түлегі болғалы тұр. Қарт шопандардың орнына жастар барсын деп үйінде құрал-жабдығын сайлап бергелі жұрт жанталасуда.

Н е с і п б а й. Аларыңызды алдыңыз. Баратын бала барсын. Енді менде шаруаңыз болмасын, Байсеке.

Б а й с а л. Шаруам сенде мықтап бар. Қашқақтама. *(Үйден Майдан мен Шарбану шығады. Серік Тойғараны алып келеді.)*

С е р і к. Мына қызықты қара, Байсал аға... Аузы бисмәлдеден босамайтын Шадияр, діндәр Тойғара әкемнің шошқаларын сата алмай жусап жүрген жерінен өзінде, шошқасын да алып келдім...

Б а й с а л. Енді істемеген нең қалды, Тойғара!

С е р і к. Әке, менен жасырған не сұмдығың болса да, ашылды ғой. *(Тойғараны ілгері итеріп жібереді. Көзі бақырайып Тойғара сілейіп тұр.)* Қараңғы үйде қабан гүрілдейді екен десем, Тойғара сияқтылар да гүрілдейді екен.

Б а й с а л. Тойғараны жемдеймін деп жең ұшынан жалғасқан Несіпбай, еме берсем, сіміре берсем ешкім көрмейді. Бойға сіңгеннің бәрі құт бола бермейді. Шошқасын да, өзін де апарыңдар асқанаға...

Н е с і п б а й. Жоқ, жоқ... Мен адал малымды бермеймін.

Т о й ғ а р а. Тырнақтап жиған ақшамды мен де бермеймін.

Б а й с а л. Ұсталмаған ұры емес, ұсталдың, Несіпбай. Әттең ізгі ниетке қадам басқалы тұрған балаңның көңіліне қаяу түседі. Болмаса соттатып жіберетіннің нағыз өзісің. *(Тойғараға.)* Құлақ кескенді кигіз кескен құрлы көрмейтін малғұн. Біздің колхоздан көзіңді жоғалт едің... Жоғалтқанда тығылған жерің шошқа саудасы болды. Қандай лассыңдар.

Тойғара. Құрметті председатель. Мың сан құпияның қараңғы түкпіріне кімдер тығылмады. Сен де тығылғансың. Мен де тығыламын. Көзінді құрт... Барар жерім базарды құрт. Адамды аздырғыш сайтандарды құрт. Біреуі келіп қолымнан жетелесе, екіншісі келіп құлағыма сыбырлайды.

Байсал. Сайтаныңмен бірге жоғал, малғұн.

Тойғара. Бүгін сенің колхозыңнан жоғалсам, ертең бәрібір басқа колхоздан шығамын. *(Тойғара тайып тұрды. Торғын сұлық. Несіпбай кімге тиісерін білмейді.)*

Несіпбай. Ұтылдым... ұтылдым да тоналдым... Уа, ку дүние. Шымшымдап кіріп, шыжғырып өтетін дүние... Шөлкеркегенде сусынды қандыра кіріп, шөлдетіп кететін дүние... Не үшін жинадым?.. Жақсы атымды жер етіп, жаман атымды паш ету үшін жинадым ба?... *(Көзін баса түсіп.)* Ә!.. Атаңа мың да бір нәлләт!.. Тумай кеткір... жүре шөккір!.. Әкеңнің кер мылқау болғаны аз еді... Жүр сол қойдың соңында!.. Нәлләт келгір, келме үйге!..

Серік. Арам кәсібіңнен айырылғанша үйіме өзім де бармаймын.

Байсал. Бәрі өзіңе көрінсін. Баладан садаға кет!

Несіпбай. Жіберші өзін бері! Баққызбаймын!

Ерегіс үстіне, үстеріне кигені жаңа форма, яғни шопандар формасы, жеті-сегіз Серіктің замандастары келеді.

Байсал. Бүлеке, тапсырыңыз таяғынды.

Бұламбай. Менің таяғымды қалайтын қай боздақ.

Серік. Менші, ата! Менің серіктерім...

Бұламбай. Әкең шылбыр қашаған еді.

Майдан. Баланың көңілін қалдырмаңыз, Бүлеке.

Бұламбай. Бері келіңдер, балалар!

Барлығы *(сап түзеіп, Бұламбайдың алдына келіп тізерлеп отыра қалып сәлем береді)*. Армысыз, ата! Келдік алдыңызға!

Бұламбай. Көңілімде менің тұлпарды жүйткізген де осы таяғым еді. Құр сұлдерім қалғанда, сүйеу болған да осы таяғым. Жайлауды жалаңаштап кеткен, жұртқа айғақ болған да осы таяғым. Енді қайтып оралмасын деп тапсырамын, балалар! Өрісіңе көз сал. Алдарыңда біз көрмеген байлық, біз көрмеген бақыт бар деп тапсырамын, балалар! Сақ ұстаңдар, жоғалтып алмаңдар!.. Шопан атаға сілтемендер... *(Таяғын тапсырады.)*

Б а т и х а (*қимастық білдіріп*). Таякпен де қоштастық.

Б а й с а л. Әнші әнінен, күйші күйінен, ұста күрегінен айрылса құлазып қалатын әдеті... Құлазытпаймыз. Қолхоз жүгін нар түйедей көтердің. Тартуымыз нар түйенің тайлағы... (*Бұйда жібін қолына береді.*) Елу жыл бойы алаураған таңды көзіңмен атқыздың... Алауша қызыл шапан!.. (*Басына құндыз бөрік кигізіп, арқасына барқыт қаптал шапан жабады.*)

Р ы с б а й (*құттықтап*). Қуанған да, жылаған да бір. Үзенгілес едік... Айдаладағы жалғыз тал ақ селеудің де жел қағары бар. Жел қағарымыз едің... Тұғырдан тайған шақта жүрек тауып қоштасып, тілек тауып достасқанға не жетсін... Келші... (*Қапсыра құшақтайды.*)

Б а й с а л. Ал енді, мені аймалаған ізгі достар... Туыстар мен бауырлар. (*Салихаға.*) Жан серігім, Салиха! Біз енді жаңа үйден ескі үйге көшеміз. Қимасыңды қиганыма, бермесінді бергеніме, кешір, Салиха! Әр нәрсе өзінің кезеңіне қарай өлшенеді. Жүрекке әмірді осылай берген екемін. Солай болады да...

Р ы с б а й. Әу, өткізіп алып қуған жоқ едің ғой. Толқымай сөйле, Байсал!

Б а й с а л. Олай десен, Рысеке... Сонау тақтайға жазылған жарнаманы үйдің маңдайшасына өз қолыңмен қада.

|             |   |                                                                                           |
|-------------|---|-------------------------------------------------------------------------------------------|
| М а й д а н | } | ( <i>жарыса</i> ). Қаданыз. ата!.. ( <i>Шопаноардың үлгілі балалар бақшасы. Жарнама</i> ) |
| С е р і к   |   |                                                                                           |

...*жазған тақтайды Рысбайға береді. Рысбай үйдің маңдайшасына қадайды.*)

Р ы с б а й. Жас түлектер... Алды сендерге сәулетті болсын. Арты бізге қайырлы болсын...

Б а р л ы ғ ы (*бірауыздан*). Айтқаныңыз келсін!

Ш а р б а н у (*көтеріңкі*). Сәулет... үй сәулеті... ел сәулеті... Жан сәулеті... Балғын бөбектер осы үйдің ішінен қанат қағады. Отты сезімдер де осы үйде оянады. Ана жыры, бесік жыры осы үйде толғанады. Босатайық үй ішінің жиһазын.

М а й д а н. Батиха апа, бастаңыз. Тұңғыш қадам сіздікі. Табалдырығын тұңғыш аттаған Байсал болсын...

Б і р е у. Қай Байсал?

М а й д а н. Кішкене бөбек Байсал.

Б ұ л а м б а й (*Батихаға*). Бісмәлде де, қатын...

Барлығы Батиха мен кішкене Байсалға жол береді. Үйге кіреді. Сахнада Салиха мен Байсал ғана қалады.

Салиха іштей тығылып, көзінің жасын төгіп, Байсалға сездірмей үйімен қоштасады... Ұзақ қарап тұрады да ескі үйге қарай беттейді. Байсал жалғыз. Көзі алыста, көңілі ойда. Шарбану жай ғана басып әкесінің мойнынан құшақтайды.

**Ш а р б а н у .** Әр нәрсе өзінің кезіне қарай өлшенеді дедің, көке. Менің де өлшеуім өз қалауым болды. Қалаған күнде үйінді бердіңіз. Әлі де, көке, сенімен бірге дүниенің талай тетігін ұстаймыз. Қиналармыз да. Қынжылармыз да... Жылдар өтіп жатады. Тыныс алар, дем алар шақ та жетеді. Уайым аз, үміт көп!..

**Б а й с а л.** Уайым аз... үміт көп... Көреміз басқа бақыт үйірілгенді... Көрмеспіз қайғы жұтып күңдіренгенді.

**Шымылдық.**

# РЕЙСТІ ТОҚТАТУҒА БОЛМАЙДЫ

*Үш перделі, алты көрінісі*

## ҚАТЫНАСУШЫЛАР:

Ұмсынай — егде тартқан ана.  
Құбаш — үлкен ұлы.  
Құрмаш — ортаншы ұлы.  
Айнаш — қызы.  
Жұмаш — кенже ұлы.  
Мерген — Ұмсынайдың ағасының баласы.  
Науша — Құбаштың әйелі.  
Дәмелі — Ұмсынайдың құдағиы.  
Маржан — үлкен қызы.  
Меруерт — кіші қызы.  
Жолай.  
Әзім.  
Василий Петрович — аэропорт командирі.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

### БІРІНШІ САХНА

Аэропорт үйінің алды. Жолаушыларды шығарып салып, қарсы алатын перрон, темір шарбак, арғы бетте асфальтті алаң көрінеді. Қаз-қатар тізілген самолеттер. Перронға шыға берісте аллея, аллеяға таяу көк сырға боялған скамейкалар қойылған. Сәнді киінген Меруерт пен мінезі жұмсақ, биязы келіншек Науша отыр. Шашы дудыраған, киімі жұпыны, мінезі аңғылдау, жасы жиырмада, жауырынды келген еңсегей бойлы Мерген көкжиекке көз тастап самолеттің келуін қарап тұр.

Р а д и о д а н. Алматы — Ташкент самолетіне отыру басталады. Жолаушы жолдастар, билеттеріңізді әзірлеңіздер. *(Қайталайды.)* Алматы — Адлер... Алматы — Владивосток... Қарағанды — Алматы... самолеттері әуе райының жайсыздығынан біраз кешігеді. *(Хабарлаушының даусы оқтын-оқтын естіліп тұрады.)*

М е р г е н *(құлағын тіге ақыра қарап)*. Көрінбейді. Еміс-еміс гуіл ғана естіледі.

Н а у ш а *(құлағын тігіп)*. Маған түк те естілмейді.

М е р у е р т. Композиторлардың есіту сезімі өткір келеді. Жапырақтың сыбдыры, бүлк-бүлк еткен судың сылдырынан да әсер алатыны рас па, Мерген? *(Таранады.)*

М е р г е н. Қайда жазыпты?

М е р у е р т. Қайдам... Солай деседі ғой.

М е р г е н. Деседі ғой, таран, тарана түс, құдаша, бүгін біздің үйден жиналып та, сәнденіп те қарсы алуға шыққан сен ғана.

Н а у ш а. Таңертеңмен сенің сызылтып ойнаған скрипкаңның даусынан ояндық. Жиналып үлгіре алмадың ба?

М е р г е н. Немене, ұйқыңды бұздым ба? Жақтырмасаң абысыныңдай сен де түн қатып көше кез.

Н а у ш а *(күліп)*. Ойпырм-ай, Мерген, мінезің-ай осы.

М е р г е н. Тәтті ұйықтаған біздің үйде құдаша ғана.

Меруерт. Иә, қатып қалыппын... Аяқ серіппестен ұйықтаппын. Төсектерің қандай жайлы еді. Науша апай екеуіміз түнгі сменамызды бітіріп үйге кіріп келгенімізде аю өкіріп жатқандай естілді.

Мерген. Ә? Қайдағы аю?

Меруерт. Иә, аю. Кәдімгі аю...

Науша (күліп). Аңқаусың-ау, Мерген. Сенің қорылынды айтып тұрғаны да. Құдаша қонған түні соншама қорылдамасаң қайтетін еді.

Мерген. Қайтеміз енді, құдаша. Солай болды енді.

Меруерт. Иә, күндіз станокте, кешке консерваторияда. Жарайсың, Мерген, бізге бір қызметтің өзі ауыр соғып жүр. Ал сен...

Науша (кенет абыржып). Самолет неге кешікті? Мерген, сен барып, білсең қайтеді?

Мерген. Білсем білейін.

Мерген жөнеле бергенде, қолында кепкасы, жалаң бас, қуанышы қойнына сыймай шалқи есіп жас өспірім бала жігіт Жұмаш кіріп келеді.

Жұмаш. Самолет әлі келмеген бе?

Мерген. Келген жоқ. Не бітірдің?

Жұмаш. Мені енді құттықтауларыңа болады. Бүгіннен бастап Айназаров ұрпағынан бір оқымысты шықты дей беріңдер.

Мерген. Есебі, сөйтіп емтиханнан қалтқысыз өттім де, балың нешеу болды?

Жұмаш. Үш пәннен төрт, екеуі бестен, жиырма екі бал, нағашы.

Науша. Айналайын тентегінен, емтиханнан өткеніңді хабарладың ба?

Жұмаш. Үйге соқпастан, тура осында тарттым.

Меруерт. Байғазың әзір, баянды болсын, жас құда.

Мерген. Сонымен ғой сен өттің?

Жұмаш. Нағашы, саған да менің жолымды берсін.

Науша (шын қуанып). Бүгін біздің үйде Құрмаштың алыс сапардан оралған қуанышы, сенің оқуға түскен қуанышың. (Маңдайынан сүйіп.) Жарайсың, жаным, көңілім бір серпіліп қалды. Самолет келгенше үйге телефон соқ. Апанды қуант. (Радиода Мергеннің «Толғау» атты сюитасы ойналады. Сюита тамылжыған ән ырғағында тамаша естіледі. Үдемелі қимылға толы лирика-

лық шадыман үн жүрекке жылы тиіп, тыңдаушыны ұйытқандай болады.)

Жұмаш. Сенікі ғой!

Мерген. Ә?.. Иә... Үндеме!.. Үндеме!.. (Оркестрде күй әуені күшейе түседі. Өзі шығарған әсем күйге елігіп, екі қолын сермей, бүкіл ойы жан сыры оркестрге қабысып жатқандай сезіледі.)

Жұмаш. Емтиханға әзірлегенің осы күй ме, нағашы?

Мерген. Бөлме ойымды, бөлме... (Аэропорттан самолетке отыруға кетіп бара жатқан жолаушылар аңыра кідіріп тыңдайды. Билет тексеруші әйел «өтіңіздер» деп асықтырады.)

Науша. Шүкіршілік дейінші, бұ да біздің үйдің қуанышы да. Осындай қуаныш кернеген күні әпкеңнің үйде қонбауы мені қинап тұр-ау, Меруерт.

Меруерт (Жұмаш пен Мергенге естірмей). Қайда баратынын айтып па еді?

Науша. Біреу диссертация қорғайды деді ме, үйіне шақырған ба қалай?

Меруерт. Қорғайтын кім деген екен?

Науша. Жаңылмасам подругамның күйеуі деді білем. Меруерт, білсең еді, біздің үйде оны ренжітетін бір жан жоқ, неге бүйтеді?

Меруерт. Науша апа, абысыныңыздың сырын жете білмейсіз. Әпкем айтқаны екі болмайтын, ерке бұлан боп өсті.

Науша. Қас қылғандай күйеуі келетін күні алдынан шықпауы лайықсыз-ақ енді.

Меруерт. Ойлайықшы, диссертация қорғаушының үйінде той болды, қызу-қызу сөздер сөйленеді. Тостар көтерілді. Достық пейілмен көңілді кешті өткізіп қайтса жарар еді. Қорқам, қорқам... (Радиода Мергеннің толғау күйі шыңына жетіп барып, Меруерттің «қорқам, қорқам» деген сөзін түйіндей келіп аяқталады).

Меруерт (көзінде жас, егіл-тегіл). Құда, буыным қалтырап кетті. Сенің күйінді, жездемді қарсы алу сағатында тыңдаймын деген жоқ едім. Үлкен әуе трас үстінде, сенің күйінді жолаушы атаулының бәрі де тыңдады. Эфирге кетті... Құтты болсын, құда.

Науша. Е, нағашы, әндерің мен күйлерің радиодан айтылып жатса, біздің мерейіміз... Жұмаш, тұрма, бұл қуанышты апам да біліп отырсын.

Жұмаш. Хабарлайын. *(Кетеді.)*

Мерген. Сөйтіп біздің Жұмаш оқуға түсті де. Енді мен түсіп кетсем, шын қуаныш сонда.

Науша. Түсесің, ағаң аман-сау келіп, көлденең қырсығынан сақтасын.

Мерген. Қырсықтың да қырсығы бар-ау... *(Сезік аң.)* Анау аңғалақ түк те аңғармады, апамның жүрегіне қаяу салып жүрер. Өзім барайын.

Меруерт. Мұның ақылдылық, Мерген. Құдағи сұрай қалса, өтінерім — сездіре көрме.

Мерген аэропортқа бұрылғанда қолдарында шоқ гүлдері бар Жолай, Айнаш, Әзімдер қарсы жолығады. Бұл үшеуі де тең құрбы, редакцияда бірге істейді.

Жолай. А, Мерген, радиодан «Толғау» атты күйіңді тыңдадық. Ұлттық музыка әуенінің лебі аңқып тұр екен. Құтты болсын.

Айнаш *(маңдайынан сүйіп)*. Бұл әлі тырнақалдың. Әзірге қанағат...

Әзім. Қанағатыңды білмеймін. Бұл өзі тумысынан композитор боп туған жігіт болды ғой. Маған ұнады.

Мерген. Рахмет сіздерге, кешіріңіздер, мен қазір келемін. *(Кетеді.)*

Жолай. Танысып қойыңыздар. *(Әзімді Меруертке таныстырады.)* Әзім дейтін ардагер осы жігіт. Маржанның сіңлісі Меруерт. *(Сәл кідіріс. Жолай Меруертке гүл ұсынады.)*

Меруерт. Құрмашқа арнағаным еді. Жездеңе өз қолыңызбен сыйлаңыз.

Әзім *(қалтасынан жиырма тиын алып)*. Тауып сыйлаған жолгерлігіңе жиырма тиын.

Меруерт *(гүлді алмай)*. Жоқ, өз гүліміз жетеді. Қарсы алуға қам жасап шыққан екенсіз, өзіңіз сыйлаңыз.

Әзім. А, қарындас, аталы сөз айттыңыз. Сізге де жиырма тиын.

Айнаш *(тықыршып)*. Қалжақ сөзді қойыңдар, бұлт қоюланып келеді.

Науша *(үрейленіп)*. Иә, қоюланып келеді.

Жолай. Абыржымаңыздар. *(Аспанға қарап.)* Мынау бір сабалақ жүнді төбеттей түнерген қара бұлт, қазір ыдырайды. Бір қанаты сөгіліп бөлек жайылып шетке

шықты. «Ту» сабазың мұндай жаман-жұман бұлттарды тіліп өтеді.

Науша (*үрейленіп*). Мерген неге кешікті? Меруерт пен Айнаш, барып білейікші.

Меруерт. Сабыр ет, жеңеше.

Науша. Жүрегі құрғыр өрекпи бастады. Жүріндер, сұрайықшы. (*Меруерт, Айнаш, Науша абыржи басып аэропорттан білуге кетеді. Әзім мен Жолай қалады.*)

Жолай. Данышпаным, не байқадың?

Әзім. Сіңлісі апасы Маржаннан да сұлу. Екеуіне де кейіп пен көрікті аямай-ақ берген.

Жолай. Көркіне ас құйып ішемісің. Санасына, саңлауына қара.

Әзім. Апасынан да астарлы ма, қалай?

Жолай. Таныдың. Апасы бізбен бірге оқыды. Қыз күнінде талай маңғаздың таңдайын қақтырған.

Әзім (*ойланып*). Таңдайды қоя тұр, апасы күйеуінің алдынан шықпай қалып қоюында не гәп бар?

Жолай. Сырқат болар.

Әзім. Күйеуінің сыр-сипатын аңғартшы.

Жолай. Өнері асқан ірі ұшқыш... Данышпаным, бір жайды аңғармапсың.

Әзім. Ол не жай?

Жолай. Оразасын Индияда ашып, түстігін үйінде ішкені қызық демесең самосвалдың шоферынан айырмасы шамалы.

Әзім. Сондағы айтпағың, Маржан күйеуін олқысынады демексің ғой. Бүгін қарсы алуға шықпауы да осының салдары ма?

Жолай. Ол жағын маған аңғартқан жоқ.

Әзім. Сайтан-ау, сонда сенің аңғарғаның не? Күйеуі екі жиһанды еркін кезіп, бір ел мен екінші елді байланыстырған ірі ұшқыш. Ұшу сапары Азия, Африканың әуе трасы екен, өзің айтқандай, ол елдердің түндігі түріліп, жерінде от лаулап жатыр. Ондай сапарға, ел сенімін ақтайтын саңлақ ұшқыштар ғана жол тартады.

Жолай. Мен де сол тұлғасы кесек жанның жанына түсетін жараны аңғартып тұрмын.

Әзім. Сонда қалай, қуанышына қоса, реніші де мол келе ме?

Жолай. Айнаш ағасының сапарынан очерк жаза-сың, көңілің бізге дәйек болсын деп ертіп келді.

Әзім. Мен білсем, ала білген, көре білген жанға сен айтқан алшақтықтан өз басының қасиеті терең бе деп ойлаймын.

Жолай. Әрине, терең. Сырқау жанды біз сауықтырғанмен сауыға ма. Бері жүр, бұл біздің ішке түйетін сырымыз. Сен ақ көңілсіп алдына түсе берме. Тартыстың сырын өздері ашсын.

Бұл кезде аэропорттан өндері қашыңқы Мерген, Жұмаш, Айнаш, Науша, Меруерт келе жатады. Барлығының назары көкжиекте. Іштей күйініштерін сыртқа шығармағанмен, «неге кешікті» деген қауіппен аңсарын аударып қарайды. Ұзақ үнсіздік.

Жұмаш (тынышсызданып). Қайда, қайда?.. Неге көрінбейді?

Жолай. Мезгілінен қырық бес минут кешікті.

Жұмаш (Жолайға). «ТУ-104» болат қанатты, қисапсыз ұшқыр самолет, қырық бес минут кешігуі қалай?

Жолай. Өзім сан ұшып жүріп мұндай кешіккенін көрмедім.

Мерген (ұнатпай). Көрмесеніз, енді көруіңізге болады. (Кенет шошынып.) Әне, аспанда сұрапыл нажарай! От ойнап тұр.

Жолай. Бұлтты біз тілегендей, неге түйілдің, жас жігіт.

Айнаш. Мерген қыл үстінде тұрғанда, несие сөздің керегі не?

Жұмаш. Неге несие, аспан құбылысы айнымалы, ілезде өзгереді. Ілезде жаңарады. Біз келгенде шәйдай ашық дүние қас қаққанша бүлініп сала берді. Қандай гажап?! (Жолай мен Әзімге.) Мен дұрыс айттым ба, ағалар?

Әзім. Өте дұрыс айттың, інім...

Жұмаш (көзін алмастан тесіле қарап). Көрінді, көрінді.

Науша. Шын ба, жаным, қай тұстан?

Жұмаш (меңзеп). Сонау-сонау, өркешті қара бұлттың тасасынан қылт етіп шыға келді.

Меруерт (қуанып). Мен де көріп тұрмын.

Радиодан. Тоқсан тоғызыншы рейісті Москва — Алматы самолеті ұшып келді... Қайталаймын.

Асфальтті алаңға көкжиекті діріл қаққызып «ТУ — 104» самолеті келіп қонды. Қарсы алушылар іштей сабырмен әлі де күтуде.

Алаңнан үстінде ұшқыштар формасы, денесі сом, бойы тіп-тік, қара торы, бұйра шашты жігіт Құрмаш келе жатады. Науша шыдамай қоршаудан шыға ұмтылып, құшақтап қарсы алады.

Науша. Құрмаш-ау (*көзіне жас алып*), зәре-құтымыз қалмады.

Құрмаш. Жылағаны несі?

Науша. Біз күткелі қашан. (*Барлығы амандасады.*)

Құрмаш. Күтетіндерінді білдім. Нажағайға ұрынбайын деп, бұлыт-бұлыттың арасымен сынадай ұшып, түстім-ау әйтеуір (*Іздеп.*) Маржан қайда? Ол неге көрінбейді? Сырқат па?

Науша (*кібіріктіктен*). Маржан қызметінде.

Құрмаш. Бүгін демалыс емес пе еді?

Науша. Оларда қызмет.

Құрмаш (*Мергенге*). А, нағашы, сенің радиодан берілген «Толғау» күйінді аспан мұхитында тыңдадым. Қара бұлтқа сұңғи кіргенімде, ой арпалысында келе жатқан мені сенің күйің сергіткендей болды. Әсірелеуім емес, шыным... Ризамын.

Айнаш. Нағашымыз консерваторияға емтихан тапсырып жүр, аға.

Құрмаш. Жарадың, біріміз ұшқыш, біріміз электросварщик, бізден де өнерпаз біреу шықсын да, өз талабың қалай?

Айнаш. Күнделік қызмет те, аға.

Жолай. Қарындасыңыздың жуырда ғана үш очеркі басылды.

Құрмаш. Құтты болсын. (*Меруертке.*) О, балдызым, причесқаң аумаған араб қыздарының прическасы.

Жолай. Балдызыңыздың теңеуін жеткіздіңіз. Араб қыздары биік қабақ, сұрша келеді деп естуші едік.

Меруерт. Тегі, сіз естумен ғана күнелтесіз-ау деймін.

Әзім. Қатырдыңыз, тағы да жиырма тиын.

Меруерт. Көшеде су сатқаннан саумысыз? Таусылатындай болған еді.

Құрмаш. Туыстар, командирге оралған сапарымды баяндайын. Маған аялдамандар. Жерге жетуді аңсап едік, жерге жеттік. Науша, менен бұрын барып апамды қуантыңдар.

Айнаш. Командирдің өзі де келе жатыр.

Аэропорттан ұшқыштар жасағының командирі Василий Петрович келе жатады. Жасы қырықты қусырған, ойнақы мінезді, қағылез адам.

Қ ұ р м а ш (*честь беріп амандасады*). Василий Петрович, баяндауға рұқсат етіңіз.

В а с и л и й. Баяндауды қоя тұр, ұшып келе жатып радист баяндаған. Жайларыңа қанықпын, экипажың бабында ғой?

Қ ұ р м а ш. Бабында.

В а с и л и й. Сайтандай қара бұлт шықты да, шырқты бұзды. Мен сендерді аэропортқа қона алмай, Фрунзеге асып кете ме деп қорқып едім. Тірі келдің, болды.

Ж о л а й. Василий Петрович, біз редакциядан едік.

В а с и л и й. Редакциядан? Жақында аэрофлот басшылары салдыр-салақ, самолеттері жабдықсыз, ұшу-қонуында кешігу бар деп сын сөмсерін қадап сілейтіндер.

Ә з і м. Кешіріңіз, сілейту ниетіммен емес, пилотыңыз жайында очерк жазу ниетімен келдік.

В а с и л и й. Айназаровтар семьясы жайында ма? Бұл семьяға қанатты сөздің асылып қалай төксеңіз де сияды. (*Құрмашты меңзеп.*) Мына тұрған жігіт бізбен дағдырлас. Әкеден жетім қалған қарапайым жұмысшының баласы, мұхиттардан асып талай елдерге барды. Жазуларыңа тұра ма?

Ә з і м. Тұрғанда қандай!

Ж о л а й. Сізбен бірге суретке түсіріп алсақ.

В а с и л и й. Қалауларың білсін. Ал, Айназаров, экипажыңды тапсыр да, дем ал. Ертең не арғы күні аса жауапты рейспен ұшасың. Оны өзім кейін хабарлаймын. Дайын бол.

Қ ұ р м а ш. Рейс тоқталмайды. Дайын боламын.

Шымылдық.

## ЕКІНШІ САХНА

Құрмаштың үйі. Оқиға ортаңғы бөлмеде өтеді. Сол қанатта Құрмаштың, оң қанатта Ұмсынайдың үлкен ұлы Құбаштың жататын бөлмелері. Сахна шымылдығы ашылғанда Науша мен Меруерт кіріп келе жатады.

Н а у ш а. Күнтайым-ау, келмеген бе?

М е р у е р т (*сол қанаттағы бөлменің есігін ашып*).

Келмепті. Осы үйдің айбыны ақ пейілді ана ғой. Тек бұл жайды құдағиға сездірмейік.

Науша. Апама менің де беттей алмай тұрғаным сол-дағы.

Меруерт. Мен телефон арқылы тауып білгенімше апанды алдандыра тұр. *(Ауыз бөлмедегі телефонмен Маржанды іздеуге кетеді. Мосқал тартып, шашына ақ кірген Ұмсынай кіреді. Келбетінен ызғарлылық та, мейірбандық та аңғарылады.)*

Ұмсынай. Келін, жолаушының кешіккеніне сүйін, неге кешігіпті?

Науша. О, апа, машақаты толып жатыр.

Ұмсынай. Не машақат?

Науша. Біз де бардық, қас қылғандай бір қара бұлт шықты да, дүние алай-дүлей болды. Нажағайдан сақтанады екен де.

Ұмсынай. Е, онысын кім білген. Келін де барды ма?

Науша. Барды, апа.

Ұмсынай. Барса жөн болды. Мерген ноқайдан сұрасам жын қағып кеткендей маған жауап бермейді. Келді де, скрипкасын алып, аласұрып ойнай бастады.

Науша. Апа, ән шығарып жүр ғой. Қиялына оралған да бірдеме...

Ұмсынай. Қайдам, кейде адам сияқты, кейде зікір салған бақсыдай жұлынып жатқаны. Жарайды, келін, тағамыңды әзірле.

Науша. Уақыт жеткілікті, үлгіреміз, апа. *(Ішкі бөлмеге кетеді.)*

Ұмсынай *(жалғыз)*. Менен бәрі де жасырады. Жүрегі құрғыр өрекіп түнімен ұйықтай алмағанымды қайдан білсін бұл шіркіндер. «Қазымыр ененің қаракұсында көзі бар» дегендей, қазымыр емес едім... қай қылығымнан таптым дермін... *(Сменадан оралған беті, үлкен ұлы Құбаш келеді. Ұмсынай оны байқамайды.)* Берік те, берекелі де едік. Жоқ, қабырғамды қайыстыра алмайды. Іріткі салам, от басымды бұзам десе, оған да бір зауал бар шығар. Қалай бұзады? *(Шошынып.)* Не деп барам, жасаған, аспайыншы, таспайыншы, тәуба дейін.

Құбаш. Апа, не айтып тұрсың?

Ұмсынай. Сен бар болғыр тыңдап тұрма едің? *(Сыр бермей қайратына мініп.)* Ана інің аман-есен аэро-

портына келіпті. Бар, жуынып, киініп, алдынан шығып қарсы ал.

Құбаш. Бұрын да талай алыс сапардан келген. Апа, неге ренжідің, кімге ренжідің?..

Ұмсынай (қатал). Кәрі кісі ренжиді, қояды... Осы құлақтарың сыбыс естісе болды, түршіге қалатын не әдет. Жә, сұлуың ваннаны жағып қойған, кір-қоңыңды тазартып, киімдеріңді ауыстыр. Сендер тірі тұрғанда мені ешкім де ренжітпейді.

Ұмсынай кетеді. Қатардағы бөлмеден Науша шығады.

Құбаш (ауыр ойда). Әй, тымпи!.. Апам неге ренжиді, үйіңді кейін жинарсың, күйбеңдемей бері келші.

Науша. Ә, қойшы, апам ренжімейді. Саған солай көрінген де.

Құбаш. Осы сен тымпидің ішінде ит өліп жатса да білу қиын.

Науша. Жел тұрмай дауыл тілеме.

Құбаш. Соғар дауылы алда болғаны ма? Әу, тымпи, десеңші бірдене.

Науша. Дауыл соқса, алдымен біздің үйде сені ұшырады. Күрт кететінің-ай осы. Айтпақшы, Жұмаштай ертіханнан өтіпті. Қуанышы қойнына сыймайды.

Құбаш. Өтті де. Екі жыл жұмыс істеді. Жаз бойы дайындалып ете алмаса, сорлайтын еді. Өзі қайда?

Науша. Аэропортта, ағасының қасында.

Құбаш. Бәтешің өзі де оқудың оңай қолға түспейтінін білген болар. Ақтаған екен үмітімізді. Мен болсам ая алмадым. Ағалары да кешеуілеп кірісті. (Қуанып.) Енді бұған қуануға да, шаттануға да болады.

Кете бергенде үйге ашаң өнді, бой-сымбаты әсем, жасы жиырманың үш-төртінде Маржан келеді. Бетіне алқызыл қан жүгірген. Көңілінде алабұртқан алқыну бар тәрізді. Құбаш келініне сұстана қалады. Бірақ Маржан оған мән бермейді.

Құбаш. Ваннаға менен басқа шомылатындарың бар ма еді? (Құбаш кетеді.)

Маржан (селт етіп, аңғарғандай). Аға, маған бір-дене деді ме?

Науша. Маржан-ау, қайда болдың?

М а р ж а н (*сазарып*). Опық жерінді білгенінде өзін тиер ме едің?

М е р у е р т. Ұялсаң еді, аузың қалай барады. Маңдайыма жездемдей жігіт кездессе, өкінбес едім тағдырыма.

М а р ж а н (*сұрланып*). Өкінбес едің?.. Таң қалатын түк те жоқ... Мен баспаған өмірдің шиыры мен қиыры толып жатыр. Мен оқымаған, мен ашпаған кітаптың беттері мың сан парақ... Түсінде әркім де өзіне сарай салады... ояна келсе, түсінде көрген сарайы бір жұпыны ғана үй болып шығуы да жетпей жатқан арманның алданышы шығар. Мені тергеуінді теріс демеймін... Құр тергеуден не пайда, Меруерт!

М е р у е р т. Зеріккен, қамыққанда ғана айтылатын сөз ғой!

М а р ж а н. Зерігемін де, қамығамын да... Сен ойлайтын шығарсың, әпкем жарға ұрынады, деп.. Жоқ, жарға ұрынатын халден өткенмін... Есінде ме, мені ұзатып салар сәтте: «Оқи түсуің керек еді, әпке» деп мойныма оралып, көзіңе жас алғаның. Оқи түсу керек деген сенің ғана емес, маған сырлас достардың тілегі болатын... Бірге бітірген достардың алды доктор, кандидат наук... Олар шарықтап алға кетті... Мен не күйде қалдым...

М е р у е р т. Бөгеп отырған кім?

М а р ж а н. Бөгеп отырған өз дағдырым десем, дағдырыңа не бопты деп мені жазғырарсың... Жазғыра бер, сіңлім... Бұл қылығым біреуге ұнар, біреуге ұнамас. Әйтеуір, бітпес шерде жүргенімнен тайталасты тартыста жүргенім әлде қайда жеңіл... (*Үйдің алдына машина келіп тоқтайды.*) Біреулер келе жатыр... Доғаралық бұл әңгімені....

Сірестіре буған, бүктемелі чемоданды Жұмаш ыңкылдап көтеріп үйге кіргізді.

Ж ұ м а ш. Жеңгесі, көтеру бейнеті менікі де, ішіндегі зейнеті сіздікі. Қайда қояйын?

М а р ж а н. Өзіміздің бөлмеге. Ағаң да келді ме?

Ж ұ м а ш. Ағамыз экипажын тапсырып болған жоқ. Машина екінші рет барады. (*Екеулеп чемоданды жататын бөлмесіне кіргізеді де, қайтадан шығады.*)

М а р ж а н (*жиналып*). Қара басқанда, қонақта боп кешігіп қалғаным. Мен де барайын.

Жұмаш. Жүріңіз, жеңгесі, құттықтауыңызға болады, әкеліңіз бесті! *(Екеуі асығыс шыға бергенде скрипкасын сызылта тартып Мерген қарсы жолығады.)*

Маржан. Бармаушы ма едің?

Мерген. А? Қайда?

Жұмаш. Аэропортқа ма? Есебі, жеңгесі, самолет уақытында ұшады, уақытында қонады. Кешіккендерді күтпейді. Кеш қалдыңыз.

Маржан. Немене, дарқаның ұстап тұр ма, ақыл-гөйсіп, кешіккенімді өзім де білем.

Мерген. Білсең сол... *(Маржан мен Жұмаш кетеді.)*

Меруерт *(ызалы)*. Желіккенге еріккен, адасқанға әулекі қосылса, не болады, Мерген?

Мерген. Не болсын, күншілдерде күңкіл көбейеді. Күлегештер күлкіге батады.

Меруерт. Осы үйдің жаны ашырының бірісің. Қалай ойлайсың?

Мерген. Есебі, сендей ойласам ше...

Меруерт. Мендей ойласаң — сені іске қайрасам, батылдығың жетер ме еді?

Мерген. Айтып көр.

Меруерт. Сен түсінші: көлгірси алмаймын. Арылғым келеді, айтқым келеді. Лайығы сол болса, қарғысқа да барғым келеді. Білсең еді, Мерген, осы бір сәтте септігі тиер дос керек. Дос!.. Сол дос сен ғана. Жебей аламысың?

Мерген. Шошынарлықтай не сұмдықтың шетін аңғарттың.

Меруерт. Шошыма, шошыма. Тіл күрмеліп ойымдағымды аяқтай алмай булығып бара жатсам, күйіңмен жебе. Ерлігің жетсе мен риза. *(Ауыз бөлмеден Ұмсынай мен құдағи Дәмелі келе жатады.)* Әне, құдағи мен менің шешем де келе жатыр. Қалғанын бақ ішіне барып сөйлесейік.

Дәмелі. Әй қыз, жездеңнің алдынан шықпай, мұнда неғып жүрсің?

Меруерт. Наушаға жәрдемдесіп жүрмін, апа.

Ұмсынай. Жәрдемдес, шырағым, жәрдемдес. *(Мергенге.)* Сен бір жалықпайды екенсің де, шегі тозады ғой.

Мерген. Қойдым, апа, баудың ішіне барып тартайын *(Мерген мен Меруерт кетеді.)*

Дәмелі. Құдағи, сенің осы балаң неше келсем қиқылдатып, шиқылдатып жатқаны. Композитор болам дейді.

Ұмсынай. Бұйырғаны болады да.

Дәмелі. Иә, ақшаны көп алса, болғаны. Балаларыңның барлығы да дырдай боп ержетті. Шүкіршілік те, құдағи. Аанада ғой, Құрмашыңның Болшадан, Чокословактан, тілім де келмейді, әлгі пайғамбарымыздың елін не деп атайтын еді, Мекке, Мәдинеден әкелген құғбатолланың суретін салған жайнамазын да қимадың. Жарықтықтың суретіне маңдайыңды бір тигізгеннің өзінде қаншама күнә-сұмдығың жеңілдейді десеңші?.. Ал енді бар ғой, бұл жолғы олжасынан қолымды қағам деп ойлама.

Ұмсынай. Мейлің білсін, құдағи. (Күрсініп.) Е, дүние де...

Дәмелі. Әй, қайдам, құдағи, күрсінуің жаман.

Ұмсынай. Еркін білсін дедім ғой.

Дәмелі. Е, бәсе... біздің құдағи өсітсе керек еді. Қанша айтқанмен қыздың аты қыз да, ұлдың аты ұл ғой, құдағи. Құрмашымның чемоданын ашып жіберіп, ей, Маржан, мынау саған деп капрон көйлекті ұстата салсам, Науша келін, қызына тартты деп жүрерсің. Сүйір түпіл мәлді деуші едіңдер, міне саған деп оған да біреуін ұстатып жатсам, құда бала, Жұмаш бала, келіндер деп қарындаш па, қағаз ба, қалам ба, үлестіре берсем, олар қуана күліп қарық болып жатса, менің арным сол-дағы.

Сырттан машинадан түсіп Құрмаш, қасында Айнаш, Жұмаш, Маржан, Әзім, Жолайлар бар үйге кіреді.

Ұмсынай. Құлыным келді, қанатым келді.

Құрмаш (құшақ жая). Апа, менің әрбір сапарымды сағына күтетін апам. Балаң аман-есен, мінекей құшағыңда. (Ұмсынай кеудесіне басып құшырлана сүйіп, жіберер емес.)

Дәмелі. Беу, құдағи, бізге де кезек бер. Бері кел, сағына күткен анаңның бірі мен болам.

Құрмаш (әзілдей күліп). Ебіл-дебіл шешем, қуаттымысыз?

Дәмелі. Тәйт әрі, ебіл-дебіл дейтін есалаңмын ба? (Жақтан тартып жіберіп.) Осылай сүйемін. (Маңдайынан сүйеді.)

М а р ж а н *(ыңғайсызданып)*. Апа, мұның енді орынсыз каталдық.

Д ә м е л і. Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды.

М е р у е р т. Ауырмаса қызыңның жағына қоса тартсаң еді.

Қ ұ р м а ш. Енеміздің мінезі солай, Меруерт, қайте-сін. *(Бірден жарқырап.)* Ағамыз қайда жүр? Ол неге көрінбейді?

Н а у ш а. Ағаң үйде. Құбаш, ә Құбаш!..

*(Шақырады. Қолында ағылшын сөздігі бар Құбаш кіреді.)*

Қ ұ б а ш. Аманбысың? Қоңырқай тартыпсың, сен барған жақтың күні ыстық болар, ә? Осы сапарда қай елдердің дәмін таттың?

Қ ұ р м а ш. Азия елдерінің бірқатарында болдым.

Қ ұ б а ш. Ырзық, ә? Біздің заводқа туристік екі путевка келген екен. Дәм жазса, мен де барып, батыс елдерін көріп қайтам. Менен, мистер қазақ, коммунизмді қалай құрып жатырсыздар деп сұрай қалса, өз тілімен жауап берсем. Мына бір ағылшын сөздігін алып ем. «Хай-ду» дей ме «ай-ду» дей ме?

Ж о л а й *(түзетін)*. «Хау-ау» десеңіз. «Сау-саламатсыз ба» дегені.

Қ ұ б а ш *(өзі түзетін)*. Біліпсің. «ю-ін» тастап кеттің. «haу дү ю дү».

Қ ұ р м а ш. Жарайсың, ағасы, нұр үстіне нұр... Мен жоқта інілерің институтқа орналасқан. *(Үйді аңсай барлап.)* Бәрі де орнында, Жұмаш, значек, медальдарға құмар едің, студент болыпсың, байғазым мінекей. *(Қалтасынан қобдишаға салған значектарды алып.)* Тоғыз елдің сувенирі. *(Ішінен біреуін ерекше алып. Жұмаштың омырауына тағады. Барлығы да үңіліп, ынталана қарайды.)* Туғандар, міне бұл, атом бомбасынан жарымжан боп қалған япон қызы Такэно Нобуканың ойлап шығарған значегі.

Ә з і м. Тамаша бір хикая басталады. Жолай, қаламыңды берші! Айта беріңіз. *(Блокнотын алып жаза бастайды.)*

Ж о л а й. Иә, тоқталмаңыз, айта беріңіз.

Қ ұ р м а ш. Хиросимада атом дертіне ұшыраған қыз күн санап солып барады, бірақ та оның өз жүрегін бей-

нелеп еккен гүлі қауызын ашып өсуде. Жазылмас дертке тап болған қыз көз жасымен гүлді суарады. Гүл өсіп ержетеді. Дертті қыз дүниеден бой салады. Өрт жүрегі ерте сөнген сол қыздың артында қалдырған ақша гүлі бүкіл елдің жазиралы бағында, бейбіт өмірді аңсаған дүние жүзі жастарының кеудесінде.

Қ ұ б а ш. Арманы қандай биік еді.

Қ ұ р м а ш. Маржан, апама, өзіңе, ағаға, Наушаға, енеме арнап алған базарлығым чемоданда.

Д ә м е л і. Тұра тұр, әй қыз. Бұл жолғы базарлықты өзім бөлем. *(Ішкі бөлмеге Маржан, Дәмелі, Айнаш, Наушалар кіреді. Ұмсынай орнында отырып қалады. Сәл кідіріс. Дәмелі таңдап алған заттарын бауырына қымқыра қысып, қайта шығады.)*

Д ә м е л і *(екілене)*. Құдағи, мына біреуі саған, мына біреуі маған, қызым, қыртисаң да, тыртисаң да бұйырғаны сол.

Ұ м с ы н а й *(қайырып беріп)*. Алыңыз, маған арнағанын да сен ал, құдағи. *(Наушаға.)* Келін, жармаспа, қақпандар қолын.

Н а у ш а. Апа-ау, енді...

Ұ м с ы н а й. Тағы не қалайсың, түгел ал. *(Нәрселерді алдына жайып.)* Менен туған балалар, ара түспендер.

А й н а ш. Апам төрелігін айтты ғой, мен де сыйладым сізге. *(Өзіне тиістісін Дәмеліге сыйлайды.)*

Н а у ш а. Жазған басым аңдамаппын, маған арнағанын қоса алыңыз. *(Гүлді шәйі орамалды алдына тастайды. Ұзақ үнсіз.)*

Д ә м е л і. Шедірем қал, күлді көмеш бишара. Мен бір дүниені жаңа көріп жүргендей, онысы несі екен-әй. Мә, ал да құры әрмән. *(Заттарды қымқыра құшақтаған күйінде кетуге ыңғайланады.)*

М е р у е р т. Кісі асына сабырлық, апа, жұла тартпай тоқтаңыз.

Қ ұ б а ш *(тыжырынып)*. Құдағи, осы үйді түгел үптеп кетсең де еркіңіз. Тек, даурықпаңызшы.

Д ә м е л і. Солай едім де, құда.

Қ ұ р м а ш. Біздің үйдің салтында жоқ бұл не шырғал, Маржан? *(Ұзақ үнсіздік.)*

М е р у е р т. Бұл ма, бұл!.. *(Барлығы бұл не айтқалы тұр дегендей Меруертке қарайды.)* Осы үйдің шаңырағына қараған сайын көп жайлардың сырын тоқушы едім жадыма. Әр уақытта жаны шат, ер-азаматы талапты,

еңбек сүйген, ел сүйген жандарды да көруші едім осы үйден. Құбаш аға, әкеңіз соғыста қаза тапқанда сіз нешеде едіңіз?

Құбаш. Мен он алтыда, Құрманш онда, Мерген бес-те, Айнаш үште, Жұманш бір жаста болатын.

Меруерт. Мен сөзімді әке аруағы қорланбаса екен, өз қуатымен балапандарын қанаттандырған ана ұясынан жылуы кетпесе екен, кемімесе екен, деген ниетпен бастамақпын.

Құбаш. Лебізің қандай жылы еді.

Меруерт. Дер шағында, өр шағында жарын жоғалтып жесір қалудан ауыр не қасірет бар? Қасіретті ана сендер үшін заводтың еденін жуды, пешін жақты, күлін шығара жүріп ержеткізді. Оқытты. Саналарыңа сәуле құйды. Рас па?

Құбаш (*күңіреніп*). Бәрі де рас. Айта түсші.

Меруерт. Айта түссем, жезде, бұл не шырғал дегіңіз. Иә, шырғал, сол шырғал сіздің үйге менің әпкем мен туған шешем арқылы кіре ме деп қорқам.

Дәмелі. Сандырақтап тұрғаның не әй, сен қыздың?

Меруерт. Ұрса беріңіз. Төрт көздерің түгел тұрғанда жасыруға дәтім бармайды. Айтамын, арыламын біржола.

Көз жасына булығып тұрып қалады. Үйге мейлінше жайдары Василий Петрович кіріп келе жатады. Үйдегілер бірден жадырай алмайды.

Василий. Мамаша қайда?

Ұмсынай (*орнынан түрегеліп*). Мен мұндамын.

Шымылдық.

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Сахнада өзгеріс жоқ. Мезгіл кешкі салым. Батар күннің қызыл арай шапағы терезеден үйге түседі. Терезе алдында сырттағы алаңға көз тастап Ұмсынай тұр. Терезеден үрлеген самал жел үйдің ішін желпіп, перделерді қозғайды.

Ұмсынай (*терезе пердесін ысырып*). Жаз да өтіп, күз де келді. (*Ойына түсіріп*.) Күз болды-ақ, салқын түсе жылы пештің қасына қарғаларымды қаз-қатар отырғыза қойып, ыстық сүт пен нанын беріп қолына, жылы-

татын едім. Беттері қызара бөртеп, көздері жайнап салатын, өскен сайын ана жүгі арта түсетіндігін кім білген. (*Қабырғадағы сағатқа қарап.*) Кеш те боп қалды. Мерген қайда жүр? Байғұс емтиханын тапсыра алмай кешігіп жүр ме? Кешеулемес керек еді. Жұмаш тентектің оқуға түстім дегені бекерге шығып, қажытып отырғаны анау. Не боп барады біздің үйдің іші. (*Қайратына мініп.*) Науша!.. Әу, Науша!.. Қайда жүрсің, түге?

Науша кіреді.

Н а у ш а. Жай шақырдыңыз ба?

Ұ м с ы н а й. Не қылған жайшылық, әрі күттім, бері күттім, шыдамым жетер емес, Құбаш неге келмей жатыр?

Н а у ш а. Апа, сабыр етіңізші, институтына барып оралғанша сол-дағы, келіп қалар.

Ұ м с ы н а й. О, жел құйын, түстім, оқитын болдым, деп судыратып еді кеп.

Н а у ш а. Жеңгемнің жәрдемімен түстім деп келіп еді, қайдам...

Ұ м с ы н а й. Е, сондай құйтырқысы да бар еді де. Жетіскен екенбіз. (*Шырығып.*) Сүйеумен, жебеумен адам бол деп тәрбие бердім бе ол соққанға. Маған көрі-нуге жүзі шыдамай жүр ғой, шақырып кел!..

Н а у ш а. Апа, қажай беріп қайтесіз.

Ұ м с ы н а й. Білгішсінбей бар дегенсін бар енді!..

Н а у ш а. Қазір шақырайын.

Науша кете бергенде, үйге Жұмашты ертіп Құбаш кіріп келеді. Жұмаш иығы салбырап шешесіне қарай алмайды.

Ұ м с ы н а й. Барып білдің бе, не екен өзі?

Қ ұ б а ш. Бардым. Жерге қарап қайттым. Жексұрынның жаз бойы сойталдай боп үйге сыймай қаңғуы жаман еді.

Ұ м с ы н а й. Директірі не деді?

Қ ұ б а ш. Не десін, менен бетер қынжылады.

Ұ м с ы н а й. Дұдамалы не?

Қ ұ б а ш. Е, апа, кулық-сұмдық араласқан істің қайыры болушы ма еді. Алған бағаларының дені күдікті. Қолдаумен қойылған деп үстінен шағым түскен.

Ұ м с ы н а й. Не дейді! Мұны қолдаған біз білмейтін қамқоршымыз кім еді?

Қ ұ б а ш. Табылыпты бізге де бір қамқоршы. (*Жұ-*

машқа күйініп.) Жексұрын-ау, жексұрын, жаның қиналмай сырғып өте шыққың келді ғой?

Жұмаш (кейін). Қашанғы қара жұмыспен жүре бермекпін.

Құбаш. Ә, арланам де. Қаршадайымнан істегенім қара жұмыс. Қарамай-қожалақ боп жүріп-ақ дүние таптым. Мен неге арланбадым? Ағалап алдымнан шыққанда темір иісін елемей-ақ асыла кетіп мойныма, бауырыма кіріп өспеп пе едің? Станоктан қашып оқуға ұмтылғанда алдамшы боп білім таба алмайсың.

Ұмсынай. Е, мұның кеудесін кернеген сайтан сол ма еді. Құбаш, жазғыр мынау ініңді, есінен кетпестей жазғыр. Семент құя ма, тас шаба ма, үйрет, істесін, көрсін.

Жұмаш. Айтатындарың баяғы бір сөз. Емтиханды өткізе алмасам екен, өткіздім ғой. Үстімнен шағым түссе, қайтем. Сүйеумен кім өтпейді, соңында әкесіне қосарланып жекжат, дос-жарандарының бәрі де жүреді. Маған жеңгем ғана септігін тигізуге жарады. Онда не тұр?

Құбаш. Иә, жетістіріпті сені жеңген.

Жұмаш. Жеңгем тапсырды, ақ шеке профессор сүйеді.

Құбаш. Шәкірт жанын көп тербеткен ұстазды кірме, ақмақ. Құйрығыңа қоңырау байла деген ол емес. Сүйеуіне ілесе алмай, шикілігің әзірлігінде болып шықса, оның кінәсі қанша?

Жұмаш. Әзірлігің, әзірлігің, мен бір әзірленбесем екен.

Құбаш. Қарсыласпа, бізді күйіндіретін арзан жолға баураған жеңгеннің қырсығы екенін түсінемісің, есуас! Мәлимей бар артеліңе қайырадан. Ұсқынын...

Науша. Барады ғой енді. Ойлануына мұрша берсейші.

Жұмаш (жыламсырап). Не деп барам, аға.

Құбаш. Адастым, алдандым деп барасың. Бір сүріндім, ендігімнің орны жоқ, сыналап өтіп, сығалап күнелтем деп көріп едім, болмайды екен. Ширата түсіндер, айбымды өтеймін деп барасың.

Науша. Бір шұқшиса әдеті енді. Жүрші, көне ғой, жаным.

Жұмаш мүйіштегі үстел үстінен медаль, значектарының суретін салған қағаздарын жинап алып, Наушамен бірге шығып кетеді. Ұзақ үнсіздік. Үйге бойын ашу қысқан ызалы Маржан кіріп келеді.

М а р ж а н (*киімдерін серпіп лақтырып жіберіп*). Басқалар мұндай істерінің жымын білгізбейді. Сендер-ақ осы адалымсып түршіге қалатын. Институтқа барып, менің құлағымды шулатып...

Қ ұ б а ш. Келін, бекер кіріскенсің.

М а р ж а н. Кіріспегенде, ағалы-інілі сендердің қайсыңа білім дарып еді? Жазғаным, жалынып-жалбарынып дос-жарандарға қолқа салғаным ба? Сіз де қызықсыз, үстінен шағым түсті деген сыбыс құлағыңызға шалынуы-ақ мұң екен, маған сенбегендей тұра жүгірдіңіз, не бітірдіңіз? (*Тістене долырып отыра кетеді.*) Имм... жігерімді құм еттіңдер!..

Қ ұ б а ш. Келін, есінеу-есінеу әр басқа. Сенен жыпқылы көп шытырман жолдармен өткізе гөр деп мен сұрадым ба? Апам сұрады ма?

М а р ж а н. Ағажан-ау, сұрауға да көңілдерің тартпайды. Оған жіберіп отырсыздар ма?

Қ ұ б а ш. Тартпайды, келін, жібермейміз де. Білім оқығанға дари ма, тоқығанға дари ма. Айтар сөзің бұл емес еді.

М а р ж а н (*бетін қайтара екіленіп*). Жоқ, аға, не деп кінәласаңыз да жандарың бір селт етпейді. Жоқшылық, бейнет көрген үй ішінің үйіріле кетіп ентелей кірісетіні болушы еді, қашан да болса тартыншақтап тұрғандарын.

Ұ м с ы н а й. Келін, ойдағымыз бір болғанмен, іс басқа боп тұр-ау. Менің балаларымды жаралысынан күйкі жаратылған талапсыз, өрсіз деуің ағаттық болар. Кешеулеп кіріссе, оның да қилы-қилы себебі бар шығар. Бетімізге несін салық еттің, шырағым. Періштеден де мін табылады, бір үйде тұратын, бір тілекті туыстар тас лақтырып ойнамайды, келінжан.

Қ ұ б а ш (*шамданып*). Лақтырып көрсін, кімге тиер екен. Біз жуаспыз да, көнбіспіз. Көнбіс екен деп қытықтай берме, шырағым, туласақ қатты тулаймыз...

Үйге Құрмаш кіреді.

Қ ұ р м а ш. Шын болды ма, түсе алмағаны Жұмаштың.

М а р ж а н. Шын болмағанда...

Қ ұ р м а ш. Қолыңнан келмейтіні бар, араласпауың керек еді.

М а р ж а н. Араласпа, кіріспе, сендердікі не қылған

сақтық. Аға да айыпқа кіріптар еткендей мені жазғырады.

Қ ұ р м а ш. Ағаның жазғыруын теріс дей алмаймын. Не болып еді араларыңда?

М а р ж а н. Жоқ, Құрмаш, сіздің үйге бөтен адам екенімді енді ғана түсіндім. Сен ренжімеші. Әрине, ашынарсын, күйінерсің, менің жастайымнан алған тәрбием, парасатым саған үйлескенмен, туыстарыңа үйлеспейді. (*egilin.*) Бұл қалтқысыз шындығым, Құрмаш.

Қ ұ р м а ш. Келіспеудегі алшақтық сол ғана ма?

М а р ж а н. Ол ғана емес, болашағым да...

Қ ұ р м а ш. Болашағыңа бөгесін болатын үй ішім болғаны ма, мен болғаным ба?

М а р ж а н. Өзінді қоспа!

Қ ұ р м а ш. Киімшең туып, жолай қосылған жан емен. Асырап алған өгейді де өзекке теппейді.

М а р ж а н. Жоқ, мені теріс түсініп тұрсын.

Қ ұ р м а ш. Сенен гөрі дұрыс түсініп тұрмын-ау деймін. Мінезім үйлеспейді десең бір жөн. Ал тәрбием, парасатым...

М а р ж а н. Сенің әрбір ұшқан сапарың мен үшін қаншалық ауыр екенін білсең еді, Құрмаш. Саған сүйген қызметіңнен бүгін таңда без деуім де орынсыз. Өзімді ойласам, тең құрбымнан қалып барам, менің де көтерілетін биігім болуы керек емес пе?

Қ ұ р м а ш. Ашып айтқанда?..

М а р ж а н. Жарым деп маған жаның ашыса, талатпа үй ішіне. Құтқар мені туысқандарыңнан.

Қ ұ р м а ш. Қай қиянатын, қай жәбірін көрдің деп құтқарам.

М а р ж а н (*күйін-пісін*). Саған енді қалай түсіндірем. Мен араласатын орта, мен қатынасатын адамдардың барлығы да оқымыстылар, ғалымдар. (*Қиналып.*) Аға-жеңгең еңбектеріне адал, қасиетті-ақ шығар. Біреуді шақырмай, біреуден ақыл-парасат алмай қалай өмір сүреміз. Пәтер жалдайсың ба, үй аласың ба, біздің де өз бетімізбен бөлек тұратын уақытымыз болды.

Қ ұ р м а ш. Бөлек тұруды даусыз, дамайсыз шешуге болмай ма. Жарайды, бөлек-ақ шығайық. Үзілді-кесілді ескерткенім, қорлама менің туыстарымды. (*Үйді басына көтере.*) Апа, біз бүгіннен бастап бөлек шығатын болдық.

Ызалы күйінде есікке беттегенде, үйге Василий Петрович кіреді. Құрмаш не айтарын білмей сұлық тұрып қалады. Маржанда үн жоқ. Василий көңілсіз жайдың болғанын сезіп бірден жарқырамайды. Екі қолын артына ұстап, екеуіне тіс жармастан қатулана қарап тұр.

Қ ұ р м а ш (*қызара именіп, орындық ұсынады*). Василий Петрович, отырыңыз.

В а с и л и й. Мен түрегеп тұрып-ақ... Сөйтіп сіздің үйде қырғи қабақ жайлар болып жатқанға ұсай ма, қалай?

Қ ұ р м а ш (*жасырып*). Аздап...

В а с и л и й. Жанжал аздан ұлғаяды. (*Қабырғада ілулі тұрған скрипкаға көзі түсіп.*) Скрипка? Кім тартады?

Қ ұ р м а ш. Нағашы інім. Консерваторияға емтихан тапсырып жүр.

В а с и л и й. Молодец... (*Диван үстіндегі аккордеонды алып.*) Аккордеон да сол жігіттікі ме?

Қ ұ р м а ш. Сол жігіттікі.

В а с и л и й. Пианинода кім ойнайды?

Қ ұ р м а ш (*Маржанды мегзеп*). Келініңіздің ермегі.

В а с и л и й. Жақсы ермек. Тамаша инструмент. (*Пианиноның алдына отыра қалып, қақпағын ашады да, классикалық музыканы ойнай жөнеледі. Музыка сазы драмаға толы, тыңдаушының жанын үйіргендей ғажап ойға жетелейді. Василий ара-арасында баяулата тартып, музыка әуенінің жетелеуімен сөйлеп кетеді.*) Пруссияның королі Фридрих Вильгельм Моцартқа: «айыңа он бір мың франк жалақы төлейін, король сарайының оркестрін басқар» деп әмір етеді. Сонда Моцарт тұрып: «Ақша да, король сарайында тұру да жақсы. Бірақ Венадағы музыка аспаптарын түзейтін настройщиктің үйі маған сарайдан да сәулетті», деп жауап береді. Король «ұлы дәрежемді қорладың» деп шамданады. Кедей настройщиктің үйі король сарайынан сәулетті болуының мәнін түсіндіруді талап етеді. «Оның мәнін жұбайымнан сұраңыз» дейді Моцарт. Король Моцарттың жұбайы Вебра Констанцианы шақырып алады. Сонда Вебра сұлу тұрып: «Оның мәні, музыка аспаптарын жөндейтін қарт настройщик күнде ертемен келіп, менің күйеуіме «Сіздің императорлық ұлы дәрежеңізге», деп шұлғып тұрады. Уә, тақсыр король, сіз Пруссияның королі болсаңыз, Моцарт музыка әлемінің королі емес пе. Оған біреу шұлғыса, оның сізге шұлғуы ыңғайсыздау»,— дейді

Вебра. Король сөзден тоқталып: «Болмас, болмас», деп бұрылып жүре беріпті. Сөйтіп данышпан Моцартқа әйелі ақыл беріп тұрады екен. (*Ұзақ үнсіз.*)

Маржан. Василий Петрович, бұл мысалды текке айтқан жоқсыз.

Василий. Музыка аспаптарын көрген соң айта салғаным да, кешіріңіз. (*Елемей, Құрмашты оңашалап.*) Құрмаш, алдағы Пленумда еліміз үшін қандай маңызды мәселе қаралатындығын өзің де білетін шығарсың. Ертең Пленум мүшелерін Москваға алып ұшатыныныңды аңғарту үшін келдім. Аса жауапты тапсырма. Жақсылап дем ал. Сені сергек отырсын, біліп отырсын деп әдейі келдім.

Құрмаш. Рахмет, Василий Петрович.

Василий. Енді мен жүрейін.

Құрмаш Василийді шығарып салуға кетеді. Маржан жалғыз. Ол дереу бойын жинап, Василийдің сөзі шамына тисе де Құрмашпен келіскен уәделерінен айрылып қалам ба деген хауіппен үйдің ішінде қолына ілінген заттарды жұлып алып жинастыра бастайды. Үйге Мерген мен Меруерт кіреді.

Меруерт (*құшағындағы заттарды көріп*). Тона, тонай түс! Саған тонау жарасады.

Маржан (*ширығып*). Алсам өз дүнием, өз мүлкім. Оған сенің нең шықты. Мен дегенде тілегің неге теріс?

Меруерт. Тілеумен көгерсең, сен үшін не тілемедік. Жанбаса амалымыз не?

Маржан. Тілеп жетістіргенсің... Дегенің болды. Жездең біздің үйде тұратын болды. Алақаныма салып, төбеме көтеремін, енді ризамысың.

Меруерт. Райға келсең, көмегіңе мен әзір. Әлі де айтам, өзім-өзім дегенді өмірдің ағысы қайраңға әкеп лақтыра салуы да ықтимал. Ойлашы өзің, бойыңдағы бар қасиетің, қайрат, қуат, іскерлігің өз орнына жұмсалмаса, одан өкінішті не бар? Маңдайыңа, таңдайыңа бергеннен кендемісің! Рас, дәулетті, дәрежелі, қарапайым, бақытты тұратын жандар өмірде өте көп. Мен де тілеймін сондай туысымның болғанын. Сол сен болсаң, маған да мерей. Тек сен қалаған жолдармен емес, несі бар?.. Адасқанның айыбы жоқ, шығар жолын тапқансын.

Мерген. Апалы-сіңлілі арулар, өздерің тым тереңнен қозғадыңдар ғой.

Маржан. Жә, сенсіз де ақыл айтушылар жетерлік. Емтиханың не болды?

Мерген. Емтиханды тапсырдық. Онда да осындай біреулер жылап, біреулер құлап дегендей.

Маржан. Мыңқылдауың жаман, құлағансың ғой?

Мерген. Құлап мені не құдай ұрыпты. Ойпыр-ай, жеңгесі, достарыңыз көп-ақ екен өзі. «Әй, бала, сен Марзияштың қайнысы едім де. Ерте неге жолықпадың. Өзің күйдің туын тіккен ауылдың баласы көрінесің. Саусағың салалы екен» деп директорына да, кафедра бастығына да мақтады-ай кеп.

Меруерт (Маржанға). Міне, естідің ғой.

Маржан. Естіп тұрмын. Мактауға тұрарлық қасиетім болса, неге мактамасқа. Емтиханда ойнаған күйінді бізді шығарып салар финалда ойнауға әзірлене бер, күй шығарғышым. (Өз бөлмесіне кетеді.)

Мерген. Ә? Не деп кетті?

Үйге Жолай мен Әзім бастап Айнаш келеді.

Айнаш. Ағаны қазір шақырып берейін. (Ішкі бөлменің есігін ашады.) Маржан, Жолай мен Әзім келді, аға қайда?

Маржан (іштен). Жаңа ғана үйде болатын.

Айнаш (есікті жауып). Жеңгеміз үй жинауға кірісіпті. (Мүйіштегі комод үстінен фото-альбомды алып.) Сендер ағаның суреттерін қарай отырыңдар. (Алдарына жайып салып.) Мынау экипажы. Ал мынау ұшқан маршруттары. Бір миллион үш жүз мың километр.

Науша кіреді.

Науша (үйде болған жанжалды сездірмеуге тырысып). Ә, Құрмашпен әңгімелесуге келсеңіздер, ас үйге жүріңіздер.

Жолай (аялдағысы келіп). Әзім, ұзақ отырмаспыз. Мен суреттердің керегін іріктеп алайын. Сен барып әңгімелесе бер.

Әзім. Қайткенде арғы күнгі номерге үлгіруіміз керек.

Айнаш. Оған үлгірерсіңдер.

Айнаш пен Әзім, Науша кетеді. Жолай суретке шұқшия қадалады. Өз бөлмесінен Маржан шығады. Сәл кідіріп сөз тартуға тырысады.

Маржан. А, Жолай, Құрмашпен сөйлесе алмай кетіп едіңдер, жақсы болған.

Жолай. Ештен де кеш демей ме!

Маржан. О да дұрыс екен.

Жолай. Подругаңыздың тойы көңілдегідей өтті! Қорғауында болып едім, жақсы жазылған, қарсы бір даусы болмады.

Маржан. Иә, ғылым ғажап іс. Жеңіп жемісін татсаң, одан абзал не бар дейсің, Жолай.

Жолай. Сөз бар ма?

Маржан. Қуанышты кеште көңілімнің серпілгені сонша, тіпті үйіме қайтуды да ұмытыппын. Оныма өкінбеймін.

Жолай. Сол кеште бірге болғанымызды үй ішің біле ме?

Маржан. Айта көрме, Жолай. Әлденеге жоруы... Институтты бірге бітірдік. Ойласам, мен ғана екем қатардан қалып қойған.

Жолай. Бекер налысың, есінде ме? Біз сенен көп үміт күткен едік. Қарманғанға әлі де кеш емес.

Маржан. Енді қайда сендерге жету.

Жолай. Өзің отты, өжет болушы едің, қалжырап қапсың.

Маржан. Білмеймін, білмеймін, неден жаңылыстым, неден шырмалдым?

Жолай *(білегінен ұстап алып)*. Өкінішің бар ғой.

Маржан. Жо... жо... жоқ. Не айтып тұрғанымды өзім де білмеймін. Қойшы, Жолай!.. *(Ысырылып кетуге асығады.)*

Жолай. Тоқта, тоқта, Маржан! Неге қиналдың, өкінішінді сезіп тұрмын. Қателессем, айыпқа бұйырма, қуғаның тіл ғалымы, кандидат болу, жоғары өрлеу ғой арманың.

Маржан. Құр арманнан пайда болып тұрма!

Жолай. Міне, міне, сеніміңді жоғалтпағанның өзі неге тұрады. Отырып қалғансың, бірден жарып шыға қоюың да қиындау. Саған көмек керек. Қатар құрбы емес пе едік, маған қол ұшыңды бер деуге қымсынасың ба? Сақтықтан саған қазір пайда жоқ.

Маржан. Сонда, қалай? Мен үшін сен еңбек етуің керек пе?

Жолай. О, көп жайлардан хабарсыз қапсың. Әңгіме қалай алып шығуда. Маржан, сен қасарыспа, мұндай

іске батыл кіріспей болмайды. Парыз, қарызсыз-ақ мен мойныма алайын, маған сенемісің?

Маржан. Сенуін сенемін, лайығы не болмақ?

Жолай. Жүзіндегі отты бояулар, кеуденде тұнып жатқан өнердің қайнар көзін ағытып арнаға салар, арқа сүйер сенімді саған дос керек. Сол досым сен деші! Сенші маған.

Маржан. Шының ба?

Жолай. Ант етейін, бар шыным.

Маржан. Болады. Болады енді. Құдай үшін доғаралық. *(Өз бөлмесіне кетеді.)*

Жолай *(жалғыз, өзіне-өзі)*. Түспей жүр еді торыма. Аққудың көгілдіріндей айдынға жүзіп, алыстан маңайлатпайтын едің. *(Ауыз бөлмеден Айнаш келе жатады. Жолай сыр бермей суреттермен шұғылданады.)*

Айнаш. Керегін таңдап ала алдың ба?

Жолай. Алдым. Ағаңның ұшу сапарлары зор хикая екен. Маршруттарына қараған сайын жаның сүйсінеді.

Айнаш. Қатерлі де, қадірлі де болар.

Жолай. Очеркистер үшін таптырмайтын материал. Тек тіл жетсін де.

Айнаш. Өз тілің жетпесе, тіл жалғарсың. *(Әңгімелесіп Құрмаш пен Әзім келеді.)*

Әзім *(Жолайға)*. Жолымыз болды, Құрмаш ұшу сапарларындағы не бір қиындықтарды жеңген кездерін түгел баяндады.

Жолай. Дұрыс, дұрыс. Мен мына суреттердің өзіне қарап-ақ бар сырға қандым. Сіз аспан мұхитының дауылпазысыз. Сіз ұшқан сапардың шетінде өлшеу жоқ. Қазақтан ұшқан ұшқыштардың саңлағысыз, өз басым дән ризамын. Сіз туралы жазылатын очеркіміздің аты «Қанатты азамат» болар.

Құрмаш. Рахмет, рахмет ықластарыңызға.

Әзім *(бірден)*. Жоқ, «Қанатты азамат», «Қанатты қыз», «Қиял қанат», «Арман қанаты» деп жазылып жүр. Мен «Ана перзенттері» деген атты қояр едім.

Айнаш. Әу, ол атқа біз де ортақ болатын болдық қой.

Жолай. Сөз жоқ, ортақсыздар. Иә, әрбір семья сіздердей болса, ана — ол бір бәйтерек, жайқалған бұталары — сендер. Бірің летчик, бірің композитор, бірің темір балқытқыш. Әрқайсың граниттің сынығындай тұтас,

кесек тұлғасындар. Келіндері мен қыздарының өзі кандай.

Қ ұ р м а ш. Шебер суреттедіңіз.

Ж о л а й. Көңіліңізге келмесін, Маржанды оқып жүргенде жігіттер «институтымыздың жұлдызы» дейтін. Тілегіңіз дұрыс екен, ол кезде алғыр да, зирек, қабілетті, іскер де болатын. Өзіңіз көтерілген биікке қатар алып ұша алсаңыз, бақыттысыз, әрине.

Қ ұ р м а ш. Ақылыңызға рахмет.

Ж о л а й. Енді біз жүрейік.

А й н а ш. Мен шығарып салайын.

Ж о л а й. Қайыр, сау болыңыздар.

Қоштасады. Әзім, Жолай, Айнаш кетеді. Үйде Құрмаш жалғыз. Қолында папке, қалбаңдап үйге Жұмаш кіреді.

Қ ұ р м а ш (өзіне). «Өзіңіз көтерілген биікке қатар алып ұша алсаңыз»... Нахал!!! (Айнаш кіріп келеді.)

А й н а ш. Аға, жаңағылар тауып кетті. Менімше очерктері сәтті шығуға тиісті.

Қ ұ р м а ш. Бұл жігіттер біздің үйге қашаннан бері үйір?

А й н а ш. Оны неге сұрадыңыз?

Қ ұ р м а ш. Мені жаз деп тапсырған редакция ма, әлде өздері қалады ма?

А й н а ш. Өздері.

Қ ұ р м а ш. Менен басқа летчик табылмағандай, жазға көр, данқымды шығара көр деп сұрадым ба сенен, әлде тақырып тауып беруді кепілдігіңе алып па едің?

А й н а ш. Аға, енді онда не тұр?..

Қ ұ р м а ш. Менімен келіспей, сыртымнан билеп-төстеуге не хақың бар? Не қылған жеңілтектік, сенен сұрап тұрмын?

А й н а ш (қиғалы). Ренжитініңді білмедім. Болады ғой өмірде.

Қ ұ р м а ш. Өмірде не болмайды. Мынау отырған інің жамандыққа тап бола жаздап, ақыры шындыққа кеп жүгінді. Ал, сен үйіңде не болып жатқаныңда ісің жоқ, көлденеңді жетектеп әкеліп көр мына біздің үйдің сұмдығын, мазағына да, мадақтауына да көне бер! Келер-кетері шамалы деу де адалдық па сеніңше?

А й н а ш. Олардан не қиянат көрдіңіз?

Қ ұ р м а ш (тыңдамай). Бағын мен байлаппын! Біз сөндіріппіз жұлдызын!

А й н а ш. Кімнің бағын байладық?

Қ ұ р м а ш. Шақыр апамды, (*Жұмашқа*) аға да кел-  
сін! (*Жұмаш кетеді.*) Иә, біз болыппыз оны сорлатқан.  
(*Айнашқа.*) Қызғаныштан жоғары екенімді білсін, қу  
тірлікті ғана ойлаған қамсыз, ойсыз болсам екен, жаңа-  
ғы жолдастарың өсем, өрлеймін деген жанға көмектес-  
педің деп кінә артты. Олар сен арқылы сезгенін айтқан  
шығар. Біздің тілек мұрадымызға жетудің кілті солар  
айтқандай болса... қадір-құрметтен жұрдай болға-  
нымыз.

А й н а ш. Аға, күйзелетінін білгенімде...

Қ ұ р м а ш. Жеңгеңнің өсуіне бөгесін болған менің  
семьям екен. Ендігі шара бөлек тұру, іргені аулақ салу.

А й н а ш. Не деп барасыз?

Қ ұ р м а ш. Солай деймін. (*Ұмсынай келе жатады.*)  
Апа, біз бөлек тұратын болдық.

Ұ м с ы н а й. Тұрындар. Тәуықсыз іске тап болатын  
жастан өттің. Туған анаңа, әке орнына әке болған ағаңа  
кінә қоймассың.

Қ ұ р м а ш. Сіздерге қояр кінәм бар деп айта ал-  
маймын.

Ұ м с ы н а й. Шешесінің мейірін аяққа теуіпті деген  
жаманатқа ұшырамай бөлін, балам. Кер бағып ұл өседі,  
сөз бағып келін өседінің келін кигізбе. Ізгі тілек анаға  
да, балаға да бірдей. От басымыз не болғалы тұр? Бізді  
жақтырмайды екен, жақтыратын жайын қарастыр. Адам  
санына алмайды екен, алдымен өздерің адам болып  
алыңдар.

Қ ұ р м а ш (*қиналып*). Апа, адам бола аламыз ба?

Ұ м с ы н а й. Бола аласыңдар! Бас асаулық әрқашан  
да шаңдата келіп үйіріп өтетін құйын тәрізді, балам!  
Тек көзіңе шаң түспесін.

Қ ұ р м а ш. Күдігім, сіздің ойыңызды білу еді, біл-  
дім. (*Үйге Құбаш, Мерген, Меруерт, Жұмаштар кіреді.*  
*Барлығы да көңілсіз. Құрмаш әйелін де, өзін де туыста-*  
*рының төрелігіне беруге бекініп.*) Төрт көзіміз түгел  
екенбіз. Қаймағы бұзылмаған үй-іші едік, әрқайсымыз-  
дың арқалайтын жүгіміз таудай. Біздің үйдің ішіне жат  
дағды қайдан кірді? Кімнен кірді деген сұраудың жауа-  
бын менен ғана күтіндер. Өз үйіме көлеңкемді қисық тү-  
сірген мен екем. Аямаңдар, жазаландар!..

Қ ұ б а ш. Інім, жоныңды тос, тоспа мейілің. Құдай

бізді қор ғып жаратыпты. Білім дарымапты. Сол қорлауы да жетеді.

Мерген (*ұшып түрегеліп*). А? Олай десе, олай десе... білімнің кімге қалай дарығанын көрмей келеді. (*Пианиноның үстіндегі жұмарланған қағазды жұлып алады да, үстел үстіне жаяды. Бұл Құбаштың заводта жаңалық кіргізген көп үлгілерінің бірі.*) Көр! Реклама керек болса, міне реклама. Білім дарымаса, бұл не? Бақ тазартып, көрік басқан жандарды дүниенің қоры деу, барып тұрған оңбағандық! Ондайдың тілін қырку керек. Тілін!..

Құбаш. Мерген, қоя тұр.

Мерген. Қоймаймын, аға, кетсін!

Құрмаш. Мен де кетейін бе?

Мерген. Жұбайыңның жөнсіз ісін жөн көрсең, сіз де кетіңіз.

Құрмаш. Біздің үйге киімшең пайда болған алдымен сен кетерсің.

Құбаш (*орнынан атып тұрып*). Кесапат! Қиястанбай қайтып ал сөзіңді! Алмадың ба, өмір бойы өкініп өтесің!

Мерген. Жарайды, аға, қарсыласпайын. Өсірдіңдер, ержеткізіп адам қылдыңдар, кетейін. Әлі де айтам, бұлай өмір сүруге болмайды. (*Мерген кетеді, ұзақ үнсіздік.*)

Құрмаш. Тергеспесек деймін, туыстар.

Құбаш. Қаршадайынан бір бесікте тербеліп, бір т-секте аунаған Мергенді бөтенге санағаннан кейін неге тергеспеске, бұ да әйеліңнің әлегі. Мерген қайда кетті?

Науша. Мерген қайда кетуші еді. Қойшы енді қаз баламай.

Құбаш. Жоқ, қазбалау аз. Ол мені қорғаймын деп сөз естіді. (*Құрмашқа.*) Маған тетелес, осы үйдің естияры сенсің, мен сені әрдайым тұнығы лайланбас деп ойлайтын едім. Ол ойымның төркіні көрінді. Енді тек ұяңды қозғап алма, қозғалған ұя оңайлықпен орнына келмейді. Ана сұлуыңмен жарастық тап. Әкеміз балықшы болды. Біз іргесіне соғылмаған қырқа бар ма, біз тереңіне сүңгімеген тұңғиық бар ма? Бәрін де көргенбіз.

Ұмсынай. Иә, соғылғанбыз да, көргенбіз де. Жарастық тап. Біз үшін күйдірме! Күйдіреді екенсің, ағат ісіне кешірімді боп күйдір. Адасса, ақылшы боп күйдір.

О да сендей біреудің ерке шолжыңы. Еркелейтін шығар. Лайым еркелік болсын. Сен көтермесең мен көтеремін еркелігін. Маған артсын бар жүгін, маған төксін бар зілін. Тек жаманаттарыңды естімейтін болайын, балам.

Қ ұ б а ш. Естиді екенбіз, онда бізден жақсылық күтпендер. *(Түсі сұрланып, булығып, түнеріп Маржан бөлмесінен шығады.)*

Қ ұ р м а ш. Қай қылығың, қай мінезіңнен жаза бастың, Маржан? Аға алқынады, іні жұлқынады, шеше түңіледі.

М а р ж а н. Жазғаным — шарқ ұрғаным.

М е р у е р т. Осы үйде шарқ ұрушы жалғыз сен едің.

М а р ж а н. Сіздерге не үшін жақпайтынымды білмей-ақ қойдым *(Жылап.)* Туыс сенікі, Құрмаш, саған қояр кінәм жоқ. Құтыла алмай жүргендері мен болсам, өзім-ақ кетейін.

Қ ұ р м а ш. Ал, енді не болды? *(Қалтырап, дірілдеп.)* Жоқ, әлі де айта алмай тұрғандарың бар шығар, туған үйім адыра деуден мен аулақ. Тағы да не білгендерің бар?

М а р ж а н *(Құрмаштың сөзін пайдаланып)*. Ашылар бет ашылды. Қапы қалмаңыздар, айта түсіндер, түңілдіре түсіндер.

М е р у е р т. Маржан, қайраумен құтыла алмайсың.

М а р ж а н. Шаптаумен мені сен де тізе бүктіре алмайсың. *(Құрмашқа.)* Кетпейміз бе? *(Кідіріс. Ішкі бөлмеде Мерген жұрттың көңілін елегізйткендей толғайды. Күй сазына үйдегілер елігеді.)*

А й н а ш *(сабырлы дауыспен)*. Аға, біз жеткізе алмаған жауапты күй айтып тұр, тыңдаңыз. Сіз оны бекер жәбірлемеңіз. Інілеріңнің жеткендігіне айғақ осы күй емес пе?

М а р ж а н. Ақыл айтпаған сен едің, айтып қал.

М е р у е р т *(Маржанға)*. Азабына риза емес пе едің, неге қалтырайсың? Күймен шығарып сал деп тілеген өзің едің. Шыдамың жетсе, тыңдап бақ! *(Құрмаш теріс айналып отырып қалады. Маржан шыға жөнеледі.)*

Шымылдық.

## ҮШІНШІ ПЕРДЕ

### БІРІНШІ САХНА

Келесі күннің ертеңі. Маржанның шешесі Дәмелінің үйі. Шағын ғана қос бөлме. Үйдің іші жұпыны. Маржанның көйлектері мен пальтолары диван үстінде шашылып жатыр. Шешілмеген түйіншек, бумалар, былғары жарқырауық чемодандар тұр. Перде ашылғанда Дәмелі үстел үстін жинастырып жүріп қызымен сөйлеседі.

Дәмелі (*үстел үстінен көнетоз дастарқанды жұлып алып*). Күйеуің дастарқанымыздан жөркеніп жүрер. Торлама, тоқымаңның бірін жап.

Маржан (*буманың ішінен шашақты су жаңа дастарқан алып жабады. Дәмелі ескі дастарқанды сартылдатып құшырлана сілкиді*). Апа, ақырын, ұйқтасын да.

Дәмелі (*қатардағы бөлменің есігін нұқып қап*). Қалдық қой тәңірінің жазығына.

Маржан. Апа, бар жазығы туыстарынан безіп келгені ме? Мінезіңіз қызық-ау.

Дәмелі. Мені қадір тұтып сыйласа бұрын қайда қапты. Бір жолғы сапарының олжасын да қимады. Сені алғаннан бері жөні түзу көйлек кигізді ме?

Маржан. Саған кигізбесе, маған кигізді. Кимедім, алмадым, бермеді деп барған сайын дау шығаратын едіңіз. (*Диван үстіндегі заттарды көрсетіп.*) Осының бәрі де сізге қалады, құлағымызға тиыштық берші! (*Күрсініп.*) Онсыз да шаршадым.

Дәмелі. Шаршау аз саған. Сүрініп неге жығылмайсың. (*Сыбырлай қуырып.*) Үністет бітірдің. Жақсы бітірді деген баға алдың. Байсырап бара жатқандай ашықпын деп аласұрып едің, не болды. Не болды? Не болды? Басындағы қақима картозына қызықтың ба? Иығындағы жұлдызды оқасына қызықтың ба? Үйінің іші ылғи бір шой табандар.

Маржан (*қиналып, күрсініп*). Апа, айтуың жетті, өзі күйіп жүрген жанымды қашанғы күйдіресің.

Дәмелі. Жоға деймін-ау...

Маржан. Қайдан ғана өз үйіме ертіп келдім.

Дәмелі. Маған ақылдаспай сойталдай ғып сүйретіп келе көр деп қашан айттым. Көңілің жараспайды екен, сол жағынан жайластырмаймысың. Төркініне қайтып келген қыз атанып, мені «әй кемпір» атқа қалдырып, барлығы да, сенің ілгергі күніңді ойламаудан.

М а р ж а н. Маған айрыл дегенің бе?

Д ә м е л і. Аяқ астынан тұтанған ашықтық айрылы-  
сумен тынады, қызым.

М а р ж а н. Не деп барасыз тағы да. Аяқ астынан  
деген пәлені қайдан шығардың?

Д ә м е л і. Ойбай-ау, өзің емес пе едің, бір кеште  
ғана танысып, ертеңінде той жасайық деп алып ұшқан.  
Беу, беу не бір боздақтардың ізіне түскенін қайтейін,  
түсіре алмағанын қайтейін. (*Маңдайын түйгіштеп.*)  
Мына қу маңдайдың ашылмаған соры да.

М а р ж а н (*күйініп*). Есіме салмашы, салмашы!..

Д ә м е л і. Салмағанда, араңа сызат түсті дегенше  
сындым дей бер, қызым. Құдайдың ұлы болса да көзіне  
айтам.

М а р ж а н. Қойыңыз, апа, осы бір сәтте аял берші.  
Менің басымдағы дертке сіздің деміңіз ем болмайды.  
(*Қиналып.*) Асқынған дерт... оның емі біреу-ақ

Ұйқысынан оянып бөлмеден Құрмаш шығады. Бойы дел-сал,  
қалтасынан папиросын алып тартады. Шешесі мен Маржанның сөзін  
естіген тәрізді. Әдепкіде білдірмеуге тырысады.

Қ ұ р м а ш. Қроватта киімшең жатып ұйықтап қап-  
пын.

М а р ж а н. Шаршадың ғой, ұйықтай неге түспедің.

Қ ұ р м а ш. Сағат не? (*Қол сағатына қарайды.*) Ме-  
нің сағатым мезгілімен бұралмағанын тоқтап қапты.

М а р ж а н (*комодтың үстіндегі сағатқа қарап*). Са-  
ғат он бір.

Қ ұ р м а ш (*серпіліп*). Он бір... Бұл үйде телефон да  
жоқ. Василий Петрович өзі хабарлаймын деген еді.

М а р ж а н. Тағы да ұшу сапары ма?

Қ ұ р м а ш (*діріл қағып*). Іргесінен сыз тебе ме, үй-  
лерің салқын екен.

Д ә м е л і. Шырағым, әуелде салқын үй, сен келген-  
мен жылынбайды.

Қ ұ р м а ш. Менің күшік күйеу болғандығымнан ба,  
не үшін жылынбайды.

Д ә м е л і. Шырағым, жақтыр, жақтырма, мейлің, се-  
нің шешендей төзгіш, көңгіш, көнбіс емен. Мінезім шәл-  
кес, адуын кемпірмін. Адуын атым бүкіл қалаға жайыл-  
ған. Ұнатпаған ісіме қос аттап сүйреп көндіре ал-  
майды.

Құрмаш. Оныңыз қиын екен. Ұнамаған мен болдым ғой сізге?

Дәмелі. Екеуің де ұнап тұрған жоқсыңдар. Қызымды сүйіп алған екенсің, үйіңнен су шыққандай неге қудырасың ана туыстарыңа. Басында сылаң қызға айттым, қызым дедім, сыр-сипатың жараса қояр ма екен. Жараспайды дедім, шын ба, осым? (*Маржан үндемейді.*)

Дәмелі. Көзің ақсын, көзің аққыр. Жақтыр- жақтырма, мейлің, әулие деген өзімен бірге оқыған боздақтарды менсінбегенде, ұшқыш деп таңдағаны сен болдың. Ұшқышы не, шопыры не? Жақтырсаң да айтарым сол, жақтырмасаң да айтарым сол. Қызымның басын шатастырма, жөндеп бай болам десең бай бол, болмадың ба?!. (*Аржағын ашып айтпайды. Кетеді.*)

Құрмаш (*мысқылды әзілмен*). Ақ тілеумен қарсы алатын анаңның қарғысты сілеуін де естідік.

Маржан. Көңіліңе алмашы, Құрмаш, елеп қайтесің. Сенің де туыстарың маған анталай түйілгенде қорғап қалған өзің емеспісің?

Құрмаш. Иә, қорғаймын деп қорлау көрдім, саған деген жан шуағын көлеңке басса амал не? Қайта тұтандырғанмен қызуына жылына алмаспыз. (*Диван үстінде шашылып жатқан киімдерді көрсетіп.*) Мінекей, менен қалған сыйлықтар. Құлпыра тон, панбархыт көйлектер, көзді алдаушы сусымалы нейлон, капрондар, иә, сіреңке тартып от қойып өртеп кетуіме болар еді, қажеті не!.. Жігіттің жиған мүлкі қайда қалмайды, қалсын сенде.

Киіне бастайды. Үйге Меруерт кіреді.

Маржан (*twice*). Мұратыңа жеттің, сен қыз. (*Шырығып.*) Адалымсып арамызға түсе беретін едің. Түсерсің...

Меруерт. Түспегенде. Ол үйде анау, бұл үйде мынау. Саған кім жағады. (*Құрмашқа.*) Жезде, бекер алдыңыз ақылын. Өзімшіл қыңырлығын тек қана сіздің үйдің тезі түзетіп, сіздің үйдің мысы жеңетін еді. Біздің үйде кім? Апам ба?.. Ол байғұс...

Маржан. Менен асып, шешенді қуыр сен қыз.

Меруерт. Шешенің жарасы жеңіл, мына сенің жаранды емдеу қиын боп тұр ғой.

Маржан. Тағар айыбың менсінбейсің деу ғой. Шағыстыруың да, жағыстыруың да сол болса, айтып қал, жездеңнің алдында.

М е р у е р т. Иә, көңілге кірген сайтаның менсінбеуге келіп тірелсе оның желігін басу оңай. Мен білетін сиқырың тереңде болатын. Оқығаныңды іске асыра алмаған сорлылығыңды жездемнен көрдің. Мансабың үшін жиіренішті іске бармадым деп айта аламысың? Жолай не үшін сүйкенді, жазылмаған еңбегіңді...

Қ ұ р м а ш. Жаза алмаған де, Меруерт?

М е р у е р т. Иә, жаза алмаған еңбегіңді жазып беруді міндетіне неге алады. Қараңғы жолдарды қара ниеттілер табады деу рас болса, сол емес деші ниетім. Дей алмайсың.

Қ ұ р м а ш. Иә, қараңғы жолдарды қара ниеттілер табады. Бұған шекті күйінгенім, бұған шекті сүйінгенімнің барлығы да жалған екенін енді ғана түсіндім.

Үйге алқына басып Науша кіріп келеді.

Н а у ш а. Әзер жеттім-ау, Құрмаш.

Қ ұ р м а ш. Іздеп жатыр ма?

Н а у ш а. Василий Петрович телефон соқты, іздеп жатыр. Апаң мен ағаң не ақыл берер екен, жүр үйге.

Қ ұ р м а ш. Ақылсыз бастың салмағы аяққа түсті деген осы да. Ана чемоданға қол жалғап жіберші, женеше.

Науша чемоданды алады. Екеуі шығуға бет алғанда үйге Жолай мен Әзім кіреді.

Ж о л а й (*серпіле*). Сіздерді іздеп үйіңізге бардық. Қоныс қайырлы болсын.

М а р ж а н. Айтқаның келсін, Жолай. Жоғарылатыңдар. Көшіп-қонған үйдің қобырситын әдеті. Әзім, диванға отыра қалыңдар. Мен сіздерге шай қамдап жіберейін.

Ж о л а й. Отау боп шыққандарыңды жуу керек, Маржан. (*Маржан шай әзірлеуге кетеді. Жолай үйдің ішіне үңіле қарап.*) Майлап, сырлап, ремонттатып алсаңдар, пәтер әулиесі болғалы тұр екен. Районы қандай тамаша, айналаның бәрі сквер. Бау-бақша, осындай орталықтан бізге де бір үй тиіп қалса.

Ә з і м. Саған тиеді, ал маған...

Ж о л а й. Бір мықтыға арқа сүйедім. Мен пәтер алғанша сол мықтының өмір-жасы ұзақ болсын. Орнынан ауыспасын деп құдайдан жатып та тілеймін, тұрып та тілеймін.

Ә з і м. Қысыр сөзді қоя тұр.

Ж о л а й. Құрмаш, бақыттысыз, очеркімізде гүл құштырып, жасыл жапырақтарды саялатып көзіңізге қымбат, жүрегіңізге жылы сезілетін өз қаламыздың өмірімен тығыз байланыстыра жазуды мақсат көрдік, уақыттың болса оқып берейік.

Э з і м. Оқып берейік. *(Панкесін ашып машинкаға басылған қолжазбаны алады.)* «Ана перзенттері» үлкен шығармаға лайықты болғандықтан, әзірге «Қанатты азамат» деген атқа тоқтадық.

Қ ұ р м а ш. Қанатынан қайырылған азамат деп өзгертерсіңдер.

Ж о л а й. Айта көрмеңіз.

Қ ұ р м а ш. Сіз осы кімсіз, сізден мені жаза көр, даңқымды шығара көр деп сұрадым ба? *(Түйіліп.)* Жауап беріңіз. Мені жаз деп кім тапсырды? *(Маржан кіреді. Ол Құрмаштың түйіле қадалып тұрғанынан шошынып, үндемейді.)*

Ж о л а й *(абыржып)*. Ке-кешіріңіз, сізге жақпай қалдық па?

Қ ұ р м а ш. Мен сізге жаға көр деп сұрап тұрғаным жоқ. *(Шатынай.)* Мені жазу ниеті кімнен туды деп сұрап тұрмын.

Ж о л а й. Әйеліңізбен бірге оқыдық. Қарындасыңызбен қызметтеспіз. Таныс өмір болғансын.

Қ ұ р м а ш. Таныс өмір. Жолдас боп жүріп ор қазу да таныстық па?

М е р у е р т *(түйіліп)*. Әттең жер тар. Қыздан жесен таяқты.

Ж о л а й. Мені таяқтайтын қыздар әлі туған жоқ.

М е р у е р т. Біреудің тастанды әйелі болмаса, саған қандай қыз тиеді. Сүйген қызыңа жолдасыңды телитін ластығың, сіңлісін сүйіп, апасына ауатын пасықтығың тең құрбыңның бәріне аян. Жезде, сөзіңізді шығын қылып қайтесіз.

Ж о л а й. Сіз мені жете білмепсіз.

Қ ұ р м а ш. Білмеген үшін де жеткізіп айта алмай тұрмын. Мен жайында очеркті лас оймен жазғаныңыз белгілі болды. Есіңізде болсын, газет қолжаулығыңыз бола қоймас. Болғызбаймыз да. *(Чемоданын көтеріп кете береді.)*

М е р у е р т. Жезде, жезде, мен де кетем бұл үйден. *(Маржанға.)* Тілегің орындалды. Сүйгенің, сүйгенің қор жаратқан рухани сорлы ғой, жеттің, әпке.

Ж о л а й. Әпкенді айнытқан мен емес.

М е р у е р т. Айнытпақ түгіл, арбасаң да мейлі.  
(*Наушамен еріп кете береді. Ұзақ үнсіздік.*)

Ә з і м (*булығы түнеріп, кенет*). Дос болып жүріп қасқа айналады деген не сұмдық. Аңғал басым не байқағам. (*Күйініп*). Не байқағам!.. Сені азамат па деп жүрсем, азғын ба едің?

Ж о л а й. Саған не жоқ.

Ә з і м. Ішкі отың тұтанбай сыртыңнан жылтырағаныңнан-ақ шошынушы едім. Бәсе, бәсе, мені жетектегенде бәйгі атындай аңқылдап, аласұрғандағы арманыңның төркіні енді көрінді. Енді жетті менің көзім.

Ж о л а й. Тілінді тарта сөйлесең деймін, досым.

Ә з і м. Дос па саған. Қалған өмірінде қасың боп өтпесем мені жер жұтсын. Сенімен арымды былғап очерк жазғанымша, тентіреп кеткенім артық. Мені сиқырдан бетер арбағаныңда беделінді көтеру, даңқынды шығару болса, ондай даңқты біз былай өшіреміз. (*Қолындағы машинкаға басылған қағазды төртке бөледі, қалтасынан сіреңке алып қағазға от қояды.*) Қарап тұр, былай жандырамыз.

Ж о л а й. Токта, тоқта... Есуас! (*Жармасады.*)

Ә з і м. Жармаса!

М а р ж а н. Жармаса дегені дұрыс.

Ә з і м. Сіз де онша жетісіп тұрған жоқсыз. Кім екеңізді таныдық. Бетіңізден жарылқасын. (*Кетеді.*)

М а р ж а н. Маған сүйен, мен жеткіземін деп қиясыз жерден килігіп едің. Не болды?

Ж о л а й. Не болсын, әлі де маған сүйен.

М а р ж а н. Ендігі қолқаңның орны не?

Ж о л а й. Өзегінді шалған өртті сөндіру болады да. (*Құмартып.*) Тыныштықта тұнық жүзің қандай әсем еді, мені қу десе де, сұм десе де мейлі, сертіме жеттім. Сені тастанды десе де аянар жаным жоқ.

М а р ж а н. Тастанды?!.

Ж о л а й. Саған кім тиеді деп сіңлің мені сөкті ғой.

М а р ж а н. Тастанды болып саған тигенімнен тұл боп өтуіме ризамын. Бөгеме жолымды.

Ж о л а й. Өшір үніңді.

М а р ж а н. Соншама жерлеуін естіп тұрып үнің де шықпады. Оның алдында айыпқа белшеңнен батқан адамдай қалтырадың. Қашан, қашан адамдық бейнеңе келмей менен жылы сөз ала алмайсың. Шық үйімнен!

Ж о л а й. Көк екенсің ғой, Маржан.

М а р ж а н. Көкпін. Мені сүйген жігіт менің тепкіме осылай түседі. Шыдамасаң, жолың әне.

Д ә м е л і. Басы қайырсыз істің ақыры осылай бітетін. Жә, көрсетпе көз жасыңды. Байсыз қалам деп қорқамысың, өксіме әрі. Өксуге, өкінуге тұрарлық азамат болса екен-ау.

М а р ж а н. Кеуіліме ала бүлік сайтанды ұялатқан өзің едің. Мұратыңа жеттің. Ендігі күнде қызыңды кімге телісің.

Д ә м е л і. Шопырдан айрылдың не, айрылмадың не!

М а р ж а н. Тастанды деген қорлықты естігенімше, етегінен ұстап өтем.

Д ә м е л і. Тескен тау асып неге кетпейсің.

М а р ж а н. Қаласа, оған да барам.

Д ә м е л і. Бар, бар!

Шымылдық.

Шам сөнеді. Сахна айналады.

## ЕКІНШІ САХНА

Құрмаштың үйі. Түндегі сүреңсіздіктің табы кетпеген. Шымылдық ашылғанда телефонның ұзақ соғылған шылдыры естіледі. Ауыз бөлмеден Ұмсынай кіреді.

Ұ м с ы н а й. Безілдетпей тындамайсыңдар ма, түге. Айнаш, Құбаш, келсеңдерші. *(Оң жақтағы бөлмеден қолында газеттің оттискасы бар Айнаш келеді.)* Бар бол, бар болғыр. Тыңда да, жауабын бер.

А й н а ш. Сұрадыңыз ба, қайдан соғып тұр?

Ұ м с ы н а й. Қайдан болушы еді, аэропорттан да.

А й н а ш. Не деп жауап қайырдыңыз?

Ұ м с ы н а й. Құрмаш қайнының үйінде дедім.

А й н а ш. Ол үйде телефон да жоқ. *(Телефонның тұтқасын алып тыңдайды.)* Алло, алло, алло, аэропорт начальнигі. Иә, иә, айта беріңіз. Құрмаш Айназаров үйде жоқ, ол, ол, қайнының үйінде. Жо, жо, ішуден аман. Сырқаттанудан да аман. Ол кісінің орнына басқа бір пилотты ұшыруға болмас па екен?.. Экипаждың командирі, Василий Петрович біздің үйге ме, келген жоқ. Келсе телефон соқсын дейсіз бе? Жақсы, айтайын. *(Тұтқаны*

іледі. Аэропорт начальнигіне болған жайдың шындығын айтпағанына қиналып орындыққа отыра кетеді.)

Ұ м с ы н а й. Мәлие қалдың ғой, не дейді?

А й н а ш. Әйелінің әлегімен үйден безіп кетіп қалды дейін бе?

Ұ м с ы н а й. Десе несі бар. Қап, өзім тындағанымда бүгін ұшырма дейтін едім. Ұша алатын не күйі бар. (Шақырып.) Әй, Құбаш, «айын-майыныңды» қоя тұр, кейін оқырсың, бері кел. (Ағылшын тілі сөздігін күбірлей оқып Құбаш келеді.) Құдайдың қайдан душар етті дерің бар ма, хабарлашы ана бастықтарына.

Қ ұ б а ш. Не деп хабарлаймын.

Ұ м с ы н а й. Жүзің күйе ме?

Қ ұ б а ш. Жүзім күйеді. Көлденең кеселге ұшыраса бір жөн, дені сау, қадір-құрметі кемімеген, коллективіне беделді, мақтаулы ұшқыштың бірі. Әйелімен шырмаларды деудің өзі намыс емес пе, апа?

Ұ м с ы н а й. Біле тұра отқа итеремісің ініңді.

Қ ұ б а ш. От біздің кешкен көпіріміз. Шыныққан жан шығар жолын біледі.

Ұ м с ы н а й. Ай, білмеймін. Үйдегі ерлік дүзге жүре қояр ма екен? Сен бармасаң, өзім барам. Әлгі қырсыз қыз басын бастап, аяғын аяқсыз қалдырғаны ма? Айнаш, қайдасың?

А й н а ш (ішкі бөлмеден). Кініп жатырмын, апа.

Ұ м с ы н а й. Тойға баратындай, сәнденбей-ақ жүре бермеймісің. (Бөлмеден Айнаш шығады.) Мені бастап алып бар, жолықтыр бастықтарына.

А й н а ш. Не демексің?

Ұ м с ы н а й. Не дейтінімді өзім білем.

А й н а ш. Балам бүлінді. Келінім кетіп қалды деу ананың қадырын кетіреді, апа, сіз бармаңыз.

Ұ м с ы н а й. Үлкені де, кішісі де ақылшы болып болды-ау.

А й н а ш. Апа, аялдаңызшы, сіздің тілегіңізді мен жеткізейін.

Асыға басып жөнеле бергенде, Василий Петрович қарсы жолғады. Үйдегілер ыңғайсызданады.

В а с и л и й. А, Құбаш, мамаша, саламатсыздар ма? (Амандасады.) Құрмаш қайда?

Қ ұ б а ш. Сізге айтпады ма?

В а с и л и й. Кеше, жайсыз жайды аңғарған едім.

Сіздің семьяға жат дағды қайдан жұқты? Кімнен жұқты?

Құбаш. Солай боп тұр, Василий Петрович. Құрмаш жастайынан тәрбиеңізде болды. Сынап та, шындап та көрдіңіздер. Әйелімен шынайы достық таба алмауы бізді де қинап тұр-ау.

Василий. Туу бастан-ақ сол қызға үйленгенін ұнатпап едім. Үйленген екен, аюды үйреткендей үйретуі керек еді. «Дәстүрі жараспағанның дәм-тұзы жараспайды», «Түсі игіден ісі игі артық» деп халық бекер айтпаған. Қайта тез құтылғандарың қайырлы болар. Әттең уақыт тар, өзім кірісуге арланбас едім.

Құбаш. Кіріскен күнде не істер едіңіз.

Василий. Мен бе, көпшілік сотын құрғызар едім.

Құбаш. Көпшілік соты?

Василий. Құрғызу керек сотты. *(Қыза сөйлеп.)* Біздің қауымда үш сипатта азушылар кездеседі. Жатып ішер жалқау, арамтамақтар мен көшеде кісі тонаушыларды ойласаң, тұла бойың түршігеді. Енді бір түрі моральдық қасиеттен жұрдай, мәдениетті бұзықтар. Солардың қиянатын көре тұрып үндемейсің. Неге? Көше бұзығының пышағынан сескенесің, моральдық жағынан азушылардың пәлесінен аулақ деп бой тартасың. Мен өзімнен сұраймын, кіріспедім, бой тарттым, кім болдым?.. *(Күйіне айқайлап.)* Құбаш жолдас, кірісу керек, білекті сыбанып тұрып күрес ашу керек!.. Сонда ғана тыйылады. Уақыт аз қалды, қайының үйіне барам ба?

Ұмсынай. Балам, шақыруға келінді жіберген едім.

Құбаш. Келіп қалар, күте тұрыңыз.

Айнаш. Айтпақшы, сізді іздеп аэрофлоттан начальник телефон соқты.

Василий. Олар да мазасыздануда.

Құбаш. Аэропорт басшыларына жетіп те қалған, жарамады. Бірдің қырсығы мыңға тиеді деген осы да, достым.

Василий. Ал, енді айыпқа бұйырмаңыздар. Мен жүрейін. Мамаша, бәрімізден де сіздің қабырғаңызды қайыстырып кететін оқиға ғой. Берік болыңыз. Қайткенде сапарынан қалмайтын болсын. Сау болыңыздар. *(Василий кетеді.)*

Ұмсынай *(қайратына мініп)*. Маған берік бол деді. Берік болмасқа шарам не? *(Құбашқа.)* Ер маған, үйіне барам.

Қ ұ б а ш. Апа-ау, енді... келуін күтейік те.

Ұ м с ы н а й. Күтпеймін. Мұндай күйзелісте күйігін мен ғана баса алам. Тар қыспақтан мен ғана алып шығам. Киін, балам, тасташы әрі кітабыңды, кейін оқырсың.

Қ ұ б а ш. Киінейін.

Өз бөлмесіне кетеді. Ұмсынай ауыз бөлмеге шығады. Сахна бос. Үйге аяғын тік басқанымен рухани әлден қалжыраған, қимыл-қозғалыстары шұғыл Құрмаш кіреді. Ізін ала чемоданын көтеріп Науша да кіреді. Құрмаш жағасын ағытып, белбеуін шешіп, жуынуға кіріседі. Басына шәлісін орап, киінген Ұмсынай келеді. Өз бөлмесінен Құбаш шығады.

Ұ м с ы н а й. Құрмаш келді. Тегі айрылып келген тәрізді.

Қ ұ б а ш. Тек айрылсын деп тіле, апа.

Ұ м с ы н а й. Жарамады. Жарастығын табар деген үмітте едім. Қай пиғылым, қай ниетімнен таптым.

Қ ұ б а ш. Апа, қайрат берейін деп мені қайрайсың да, өзің қайғырасың.

Жуынып, аздап бойын сергіткен Құрмаш пен Науша кіреді. Ұзақ үнсіз. Құрмаш тіл катпайды. Өзін ширатайын десе де іштегі күйікті басу қиын.

Ұ м с ы н а й. Сындырып кетті-ау сағынды, балам.

Қ ұ р м а ш. Солай болды, апа. Нәпсім емес, сүйгендіктен тартқан азабым шығар. Атыма дақ тағылды, арыма кір жағылды деп мойыман, семсердей жүрегімді тіліп өткені болмаса, көңілім әлі де баяғыдай.

Ұ м с ы н а й. Балам, болары болды. Енді аялдама. Осында Василий Петрович келіп саған тез жетсін, сапарынан қалмасын деп қадағалады.

Қ ұ б а ш. Иә, аялдама, біз құлап та, күйреп те көргенбіз. Серпіл, інім, 1941 жыл, Москва түбіне тақалған жауды кейін шегерген генерал Панфиловтың дивизиясы болатын. Біздің әкеміз жау танкісіне қарсы шабуылда қаза тапты. Әкеміздің қаза болған хабарын мен апамнан жасырдым, апам менен жасырды. Ауыр қайғыны арқалап жүріп, электр сваркамен темір балқыттым. Көзімнен жасым парлап жүріп балқыттым. Серпіл, інім. Ойыңнан шығар. Біз жұмыскер ұлымыз. Жұмыскер ұлы жорықта жолынан қалған емес. Тағы да айтамын, серпіл, інім. Биікке, алысқа шарықта.

Қ ұ р м а ш. Әкемдей болған ағам. Қарыздар едім

көп жайда, бұл сәтте сізге жақсы іні бола алмадым. Қасиетсіз іске душар еткеніме кешір, аға. Кінәлімін алдыңызда. Енді мен жүрейін.

Қ ұ б а ш. Сапарың оң болсын. *(Шығарып салады. Ұмсынай бірге кетеді.)*

Шымылдық.

### ҮШІНШІ САХНА

Аэропорт. Декорация сахнадағыдай. Перде ашылғанда радио торабынан самолеттің ұшу, қонуы жайында хабарлар беріліп жатады.

Аэропорт алаңынан қолында қызыл жалау, Василий Петрович келе жатады. Оған Айнаш қарсы жолығады.

А й н а ш. Василий Петрович, қапа болмаңыз, Құрмашқа тапсырмаңызды жеткіздім. Қазір келеді.

В а с и л и й. Көңіл күйі қалай, ұша алатын ба?

А й н а ш. Ұша алады. Аздап қамыққан. Жан түбінде жанығу бар.

В а с и л и й. Еһ, сойқанды!

А й н а ш. Кімді айтып тұрсыз.

В а с и л и й. Әйелін де, әйелін. Жылтыраған беті ғана екен ғой.

А й н а ш. Ол сізге жолығамын деп кабинетіңізде күтіп отыр.

В а с и л и й *(қатал)*. Мен оны есіктен де қаратпаймын. Табалдырығымды аттап көрсін, айдап шығамын.

А й н а ш. Жаздым, жаңылдым десе не дейсіз?

В а с и л и й. Қалқам Айнаш, жастық екі оралмайды. Сенің жеңгенді тәрбиелемедік пе? Оны біз бастауыш мектептен бастап алақанымызға салдық. Профессор ғалымдар білімдерін сарыққанша лекция оқыды. Соның бәрін ол өзінің мастануына, адамды қорлау, арына түкіру сияқты жексұрын әдетке жұмсады. Мұндай қылықтарды біреулер сүюге де ерікті, көңілі жараспаса айрылуға да ерікті, деп дискуссияға айналдырады. Жоқ, қате ұғым. Бұл жайында екеуіміз тағы да сөйлесеміз, Құрмашты көрсең маған жібер. *(Кетеді. Айнаш ере түсіп командир отыратын кабинеттің терезесінің алдына кеп кідіреді.)*

А й н а ш *(Маржанның Василий Петровичтің кабинетіне кіргенін көріп)*. Не оймен келді? Айыбын мойындап, әлде алдынан өтіп арылуға келді ме? Ұялмайды.

Құрмаш. Апа, мен жайында ләм демейсіз.

Ұмсынай. Ләм десем, тілім тасқа.

Құрмаш (*Айнашты көріп*). Айнаш, не қарап тұрсың?

Айнаш. Әйелінді.

Құрмаш. О да келді ме?

Айнаш. Командирдің кабинетінде отыр.

Құрмаш. Суынған жүрегімді қайта жылытудың айла-шарқы болса, ондай айланың қадамын кесуден басқа шара жоқ. Апа, сіз үндемей отыра беріңіз.

Құрмаш ішке кіреді. Алқына басып, Мерген, Меруерт, ізін ала қолында әсем жасалған шкатулка, Жұмаш кіреді. Аздан соң аэропорт қызметкерлеріне бөлек «служебный ходтын» есігінен көзінде жас, булығы түнеріп Маржан шығады. Бетін басып солқылдап оңаша орындыққа отыра кетеді. Оған ешқайсысы тіл қатпайды.

Маржан (*солқылдап*). Бәрі де бітті. Қас бүлікке бастаған өзім едім, қалжырап кеп жығылған жерім осы болды.

Меруерт. Бітпегені де бар шығар.

Маржан (*алара қарап*). Мені қанша жек көрсең де туыстығың қайда, Меруерт?..

Меруерт. Әлі туыспын. Көңіліңе ала бүлік кірмеген алаңсыз күнінде барлығымыз да туыс. Мен де туыс, апаң да туыс болатын.

Маржан (*өксіп, айта алмай*). Сол туыстар...

Меруерт. Қолының ұшын неге бермейді дейсін ғой. Бере алмайды. Ізгі пейілің көрінді... Бұл, бұл ма, тәубаңа келмесең, шыңырауға қалай құлағаныңды да көресің ғой.

Ұмсынай. Ерді қорлама, асты қорлама дейтін еді бұрынғылар, мен не дейін, шырағым. Өзекке теппедім, өзегімді жарып шыққан өз баламнан кем көрмедім. Қызық, қуанышым деп құшағымды жайғанмен амалым не? Жазбаған шығар тәңірім.

Маржан (*түршігіп*). Жо-жоқ!.. Кесіміңізді кейінірек айтыңыз, апа. Ақырын күтіп айтыңыз, апа.

Кабинетінен Құрмаш пен Василий шығады.

Құрмаш (*жайраңдап*). Барлығы да кұманы жоқ шешілді. Маршрут айқын, апа, балаң бар қасіретті сарықты да айықты!

Василий. Айығу керек, міне кешеден бері аспан-

ды бұлт торлап еді, бұлт та айықты. Енді саған әуе тра-  
сына көтерілуге команда беруіме болады ғой?

Қ ұ р м а ш. Болады, беріңіз команда.

В а с и л и й (*Маржанға мейлінше қатал*). Мен сізді  
жек көрем.

М а р ж а н. Біреудің ішкі жұмысына араласпаңыз.

В а с и л и й. Самолетті мезгілінде ұшыра алмасам  
мені орнымнан алады. Ал күйеуінен айырылған сізді ор-  
нынан алмайды. Сіз әлі де талай шалқисыз. Құлпыра  
түсесіз. Қызмет те істейсіз. Сізді біз өсіреміз де. Біз де-  
ген кеңбіз. Есіңізде болсын, күндердің күнінде не бала-  
дан, не күйеуден семьяның сазайын бір тартарсыз. Иә,  
солай, оны біз көріп жүрміз. Құрмаш, кешікпе! (*Само-  
летті ұшыруға алаңға қарай кетеді. Ұзақ үнсіз.*)

Қ ұ р м а ш. Енді кете беруіңізге блады.

М а р ж а н. Шынымен бе, Құрмаш?

Қ ұ р м а ш. Ойнауымыз жетті-ау деймін.

М а р ж а н. Бермесем ше еркімді.

Қ ұ р м а ш. Беру еркі сізден, сұрау еркі менен кет-  
келі қашан. Менің әр сапарымды күйзеліспен күту қау-  
пінен құтыласыз.

Р а д и о т о р а б ы н а н. Алматы — Москва самолө-  
тіне отыру басталады. Рейс жүзінші, самолет номері  
12-655. Қайталаймын. (*Хабаршы қайталайды.*)

Қ ұ р м а ш. Отыру басталды.

М а р ж а н. Иә, отыру басталды. Саған соншалықты  
жат болғанымды жаңа түсіндім, Құрмаш. Тек мен тарт-  
қызған қасірет сапарыңа, жолыңа... (*Айта алмай булы-  
ғып көзінен жасы парлап, сахнадан ілби шыға береді.*)

Ж ұ м а ш. Аға, арнаңызға жаңа түстіңіз. Талабым-  
ды таныта алмаймын ба деп қаймығып келіп едім (*зна-  
чектерді алып*) қиялыма қиял жалғаған сіз әкеп берген  
значектер. Сізге сыйлаған япон қызына, болғар, поляк,  
араб, ирак, негр қыздарына менің тартуымды сіз де сый-  
лаңыз. Кімнен деп сұраса достығы, бірлігі қазақ жаста-  
рынан деп сыйлаңыз. (*Значектерді береді.*)

Қ ұ р м а ш (*значектерді алады*). Сау болыңыздар.  
Апа, ашшы кеуденді!

Апасының кеудесінен құшырлана ніскеп кете береді. Ұзақ үнсіз.  
Аэропорт алаңында Құрмаш ұшыратын самолеттің гүрілі естіледі.

Ұ м с ы н а й (*елегізін*). Ұшты ма?

М е р г е н. Қозғалды.

М е р у е р т. Көтеріліп барады.

Ұ м с ы н а й. Сапарың сәтті болсын деңдер, балалар.

М е р г е н (*толғана ойланып*). «Сәтті сапар»... Қиялыма оралған пропеллердің зырылы. «Сәтті сапар» атты бір күйдің арқауын ес, сазын шерт дей ме, қалай?..

Ұ м с ы н а й }  
А й н а ш } (*бір дауыспен*). Сәтті сапар!  
(*Залдағыларға*).

М е р у е р т. Барлығымыздың да сапарымыз сәтті болсын, бауырлар!

М е р г е н. Рейсті тоқтатуға болмайды.

Шымылдық.

# РАУШАН

(Киноповесть)

Сыр тұнығы терең тамылжыған әсем ән...

Әннің аясында қала түгел көрінуге тиісті. Оның асфальтті түзу көшелері, зәулім биік үйлері, жапырағы төге жайқалған бау-бақшалары, сквер, аллея, гүл алаңдары құлпыра жасанып жұтындыра көз тартады...

Осы бір сұлу қаладағы адамдардың жан шаттығы қиял арманын ән арқылы аңғаруға тиістіміз.

Ән...

Бағаналар басындағы репродуктордан асқақ ән шалқи төгіледі.

Ерсілі-қарсылы ағылып жатқан «Победа», «Волга», «Москвич», автобустардың кабинесінен де еститініміз сол бір ән...

Әннің аясында фильмнің аты жазылады.

## РАУШАН

Танертенгі мезгіл. Күн ашық. Жел тынық.

Репетиция жасайтын бөлме.

Концертмейстер әйел ноталарды пультке реттеп қояды. Шашы желкесіне түскен, қыр мұрынды, орта бойлы композитор Тұман Досболов — қолында папирос, орынықта өз әндерін әнші қызға үйреткелі отыр...

Рояльдың қасында, қолында нота, жүзі нұрлы, қою кара қасының аралығында мені бар, кірпіктері ұзын, ақ мандайы жарқыраған, алқызыл беті балбұл жанып Раушан ән салғалы тұр... Бұл қыз — фильм басталар алдында айтылған әннің иесі Раушан...

Концертмейстер әйел — композитордың әндерін тарта бастады.

Раушан мөлдір көзін бір нокатқа қадап, әуелі тыңдап алды. Ән әр қилы әуенде жазылған. Тональность, ырғақ екпіні дыбыстардың жинағы серийная музыка тақылетес...

Балки берілген композитор қозғау саларлық арқау табалмай қиналуда. Бір шумағын айта түседі де кідіреді. Кідіреді де қайта созады..

Әнде ұлттық әуен, интонациялық өзгешелік жоқ тәрізді. Әннің аты «Жылқышы қыз».

Жүз биеден жүз құлын алғанымда,  
Қымызына сусындап қанғанымда...  
Ей ей, шу... шу... жылқым шұрқырап,  
Мен келемін — құр-құрлап.

Қайырмасын лыпылдатып, аласұрғыза қайырды. Екінші шумағын бастады. Эмоциядан жұрдай, қаншама әсемдеп айтайын десе де ыңғайына көнбеді.

Өз әніне өзі сенбегендей:

— Софья Павловна, сіз дем алыңыз...— деп Тұман Досболов пульттегі нотаға үнілді.

Сыпа ізетпен Софья Павловна шығып кетті.

Көкейіне қонбаған әнді зорланып айтқанына Раушан жарылғалы тұр.

Әжептәуір ән еді... Пұшық шіркін неғып жіберді дегендей... Аржағын айталмай композитор қылғына жұтынды...

Манадан бері ішінен тынған Раушан:

— Не дедіңіз?— деп сұрады.

— Құрметті Раушан, мен сіздің самарқаулығыңызға түсіне алмай тұрмын.

Раушан жай ғана сабырмен:

— Әніңіз саңырау болса не істеймін...

— Сіз менің әнімді орындауға қорланатын тәрізді-сіз бе, қалай?

— Шынымды айтсам қорланамын.

— Сіз бұзып айтып тұрсыз. Түсіну керек, түсіну керек,— деп композитор басын шайқады.

Лапылдай жанған Раушан дәлелдеуге тырысты.

— Сіз,— деді композиторға,— осы әнді шығарғанда жылқышы қыздың өмірімен таныстыңыз ба? Даланың ерке самалы, биік аспаны, өзені, ағын су — көлден ұшқан аққудың қанатының сусылын сезінсеңіз, мұндай әнді шығармас едіңіз...

— Әннің де асауы мен жуасы бар. Мен опера да жаздым.

— Жаздыңыз. Бір кештік қана өмірі болды. «Варшавянканың» авторы опера жазған жоқ... Сызылта тол-

ғап бір шумағын айтып берді. Талай опералар архивке түсті.

Композитор шам көрді.

— Жоқ, сіз менің әнімді айтуға міндеттісіз.

— Айтпаймын дедім бе сізге...

— «Жиырма бес», «Жонып алды», «Құсни — Қорлан», шығарыңыз соларға төлемді сұлу әнді.

— Алуан-алуан жүйрік бар, Раушан қарындас.

— Талап біреу де — талғам басқа, ағажан. Әзірге сау бола тұрыңыз.

Раушан басын иіп шығып кетеді.

Репетиция жасайтын бөлмеге қарсы бірінші есік, одан екінші есік, үшінші есік ашылды. Басқыштан төмен келе жатып, қарсы алдынан қобыз ұстаған шойынжолшылар киіміндегі жас өнді жігітке жолықты. Қайда көрдім дегендей Раушан кідіріп тұрып қалды. Көзін алмас-тан жігіт те тесірейе қарады.

— Раушан, мені ұмыттың ба?

— Неге ұмытайын, ағажан. Сен Асқад емеспісің?— Құшағын жая балаша еркелеп Асқадтың мойнына асылды.

Директордың кабинеті.

Шашын тікірейте алдырған зор денелі, иықты келген Әбілхан Асаубаев телефонда.

— Иә, иә, талант қой. Таланттың тентектеу болатын әдеті. Жаны әнші. Әзірге одан асарымыз жоқ.

\* \* \*

Комитет начальнигінің кабинеті.

Науан Қармановичтің алдында композитор Тұман Досболов отыр.

Науанның көзінде пенсне. Телефонда.

— Әнді әркім шығара бермейді. Худ. советте қабылданған. Ақшасы да төленген. Ескертіп қоюың керек ол қызға...

Экран алма-кезек ауысады.

— Жаксы, ескертейін.

Оң қолын сілтей бұйырып Науан телефонның тұтқасын ілді.

— Көріп отырсыз ғой. Енді риза шығарсыз.

— Дән ризамын. Сіздің уақытыңызды алмайын-ақ деп едім. Өгіз директордің өзі қызды қорғайтын тәрізді.

— Тапсырылды. Тағы да бас тартса, өзім шақырып алып сөйлесемін. Сау болыңыз.

\* \* \*

Филармония.

Әбілханның алдында сымбатты, әсем, қою қара бұйра шашты Нұртаза отыр.

— Шаруаңызды айта отырыңыз,— деп сұрады Әбілхан.

— Раушан Баянованың концертіне елу билет керек еді.

— Өзіңізге ме, коллективіңізге ме?

— Өзіме де, коллективіме де...

Әбілхан кнопканы басты. Секретарь қыз кірді.

— Лев Абрамовичті шақырып берші.

Секретарь қыз мақұлдап қайырадан шықты.

Нұртазаға қызыға қараған Әбілхан:

— Байқаймын, жігітімсің... Жарайсың, бала... Эрдайым Раушанның концертіне билетті мол алып тұрыңыз.

— Әрине, әрине, ағасы. Халықтың калаулы қызы.

Кабинетке жайқандай басып Лев Абрамович кіріп келді. Кірген бетте ол Асылбековпен шұрқырап амандасты.

— Ә, Нұртаза Асылбекович. Амансың ба, көрінбей кеттіңіз ғой.

— Командировкада болдым.

Лев Абрамовичпен амандасын болғанша Әбілхан үстелінің суырмасынан әннің ноталарын суырып алды.

— Композитор Досболовтың әндері. Раушанның концертіне кіргіз. Тезірек үйренсін.

Лев Абрамович ноталарды парактай ашып қарап тұр.

— Раушанға әнімді айтқызамын деп басыма әңгір-таяқ ойнатып алмасам не қылсын,— деді мысқылдап.

— Комитет начальнигі тапсырды. Орындамасқа болмайды. Айтпақшы, Асылбеков жолдасқа елу билет бер.

— Пожалуста, пожалуста, жүріңіз,— деп Лев Абрамович Асылбековты ертіп шығып кетеді.

Кабинетке композитор Досболов кіреді. Комитет начальнигінің бұйрығын ала келген дүмпуі бар бойында. Көңілді.

— Менің әндерім қашан жарық көреді, ақсақал.—  
Шудаланған шылым түтінін еркін шүйіре, үрлей  
ұшырды.

Әбілхан күлімсірей қарап:

— Начальниктің бұйрығы сол — сіздің әндеріңіз Раушанның репертуарына кіргізілді.

— Бас тартқызбаңыз, ақсақал.

— Талант қой. Таланттың ерке болатын әдеті.

— Талантты әншінің орындауы маған да мерей.  
Мастандырмаңыз. Түбінде өзіңізге азап болады, ақсақал...

Өршітпеуге тырысқан Әбілхан:

— Біреуге күдіктену үшін — өз шындығымызды жасырмайық. Қаламаған істің қалауын тапқызу да өнер, жолдас композитор.

— Менің әндерім қалауына татымайды деп ойлайсыз ба?

— Өзімен сөйлесейін де көндірейін — ал сіз, қойған талаптарына шамданбаңыз.

Үстел үстінде жатқан газеттің ішкі бетін ашып үңіледі. Газетте Раушанға атақ беру жайында Жоғарғы Советтің Указы жарияланған. Қуанғаннан даусын қаттырақ шығарып:

— Наконец, шықты-ау әйтеуір.

Әбілханның шаттығына композитор да үн қосты.

— Иә, шығыпты. Бұл да сіздің қамқорлығыңыз.—  
Әбілхан кнопканы басты. Секретарь қызға:

— Лев Абрамович Раушанға гүл әзірлесін.

— Атақ алып па?

— Оқымадың ба?— Газетті ұсынды.

Өзен... Жаркемерге таяу, шағын, жеке дара әсем үй. Көк сырмен бояған сыртқы қоршауы да әсем. Гүл шашып малына төгілген алма ағаштары. Ауланың ішіндегі тал-теректердің бұталары айқара түйіскен. Төбесі жабық көгілдір дәліз (коридор) тәрізді.

Қызыл ала, екпелі райхан гүлдер. Шырмауық беседка. Көзінде көзілдірік, жасы егде тартқан ана — Науша газет бетінен қызы Раушанның суретін қарап тұр. Сенер-сенбесін білмей:

— Токта-токта, құлдығым-ау... Мынау біздің Раушан ғой. Наушадан гөрі ширақтау, қимылы шапшаң Торша тандырға жауып жатқан нанын тастай салып:

— Қәне, бере тұрыңызшы,— деп газетті жұлып ал-

ды. Науша көзілдірігін киді. Торшаның қолынан газетті қайырадан алып:

— Апырай, келіншек, сабырсызың-ай осы. Мына жағын оқиық та әуелі.

— Судыратып жіберетіндей-ақ... Жақсылық болғай та...

Газет бетіндегі Раушанның суретінен ілкім төмен Жоғарғы Советтің Указын көреміз... Науша ежіктеп оқиды... Қ..а...за...қ..с...ср...жо...ға...р ғы...

\* \* \*

Раушан үйіне келе жатыр. Асқадты қолтықтап алған.

Көршідегі үйдің дуалынан жалпақ сары, боксер тұлғалы жігіт — Асан көшеде келе жатқан Раушанды қарап тұр. Ол Раушанды көре сала үйіне кірді. Үйдің ішінде қабырға толы магнитофонға жазып алған әндердің записі. Магнитофонды алып сыртқа шықты... Күн бұрын дайындап қойған дуалдың тесігінен өтіп Раушанның ауласына кірді. Ағаштың жапырағын тасалап, бүкшендеп, еңкейе басып, шоғырлана өскен талдың түбіне жайласып отырды. Магнитофонның шнурын электр штепсіліне жалғап, пластмассадан жасалған жұқа пластинкаға Раушан әнін жазуға әзірленді. Шылымын тартып, күтіп отыр.

\* \* \*

— Кіші апа, үлкен апа! Сіздер мені танымай қалдыңыздар ма?— деді кірген бетінде Асқад.

Науша ұмытып қалған екен.

Торша: Асқад емесісің.

Науша: е, біз көргенде талдырмаш бала едің... Дардай жігіт болыпсың. Хош келдің, балам.— Бәйек болып қарсы алып маңдайынан сүйді...

— Екеуің қайдан жолықтыңдар.

— Асқад өнерпаздар жарысына олимпиадаға келген екен... Филармонияда жолықтық,— деді Раушан.

Асқад жайласып отырды. Төртеуі де үнсіз... Раушанның көзі шешесінің қолындағы газеттегі өзінің суретіне түсті. Осы бір суреттегі қыздың өткір көзі алыс қалған оқиғаға ауысты.

Разъезд...

Қос ана қасында Раушан бар, сары атаннан асыға түсіп, түйіншек заттарын көтеріп, поезға жол ашқалы тұрған жас өспірім стрелочник жігіттің қасына келді.

Үрейленіп аптыға-асыға келген үшеуіне:

— Жайшылық па, апатайлар. Неге жан ұшыра жүгірдіндер?— деп сұрады.

— Жетіскеннен деймісің, балам. Бізді поезға мінгізіп жібере көр. Соңымыздан қуғыншы келеді.— Болған жәйді Науша аңғартты.

— Қайдан келесіндер?

— Қырдағы ауылдан.— Торшаны таныстырып,— мынау менің абысыным... Байларымызды құдай ерте жалмап, екеуміз де жесір қалдық. Жақын ағайынымыз тоқалдыққа аламын деп зорлайтын болғансын амалдап қашып шықтық...

Асқад көзі жаудырап үнсіз тұрған қызға қарады...

Үрей қыспағында тұрған қыздың ашу мен ыза көңіліне дес бермей тұрғанын сезген Асқад түйіншек ыңғайлап, поезға мінгізіп жіберудің қамына кірісті.

Тоқалдыққа аламын деген қабасақалды әменгер бастаған үш-төрт салт атты разъезге шаңдата шауып кірді. Стрелочниктің будкасының қасында тұрған үшеуіне төніп келіп те қалды. Аттарын тақымдап, шойын жолдың қырынан көтеріле ұмтылып:

— Қайт, кейін қайт, Науша!— Қаба сақалды қамшысын білеп:— Не қиянат көрдіндер... Қаңғырмандар. Тентіремендер.

— Көргенбіз қамқорлығыңды. Қуып келгендегі қимасың сары атан ғой... Ала бер ана атаныңды...

Торша қызын қоршап Асқадтың иығына тығылды.

Асқадтың көзі енді ғана жетті. Үшеуін өзіне қарай икемдеп, аласұрған салт аттыларға:

— Кейін, кейін... паровоздың астында қаласындар,— деп ескертті де поезды тоқтауға белгі берді. Жалма-жан заттарын көтеріп үшеуін вагонға мінгізді...

Поезд жылжи жөнелді.

Поезбен бірге сорғалай төгілген ән де шырқалды. Қуғыншы салт аттылар қамшыларын үйіре айғайлап қатарласа шауып келеді.

Заулаған поез, шырқалған ән. Поез да, ән де көзден ғайып болып кете барды.

Салт атты қуғыншылар шоғырлана аңырып қала берді.

\* \* \*

Экран жалғанады.

Бастарынан өткен өмірлерінің өксігін де, ақталған үміт, оралған бақыт — бәрін-бәрін де көздерінен ұғынғандаймыз. Серпіле, жинала үйірілген Торша:

— Ал, сүйінші қайсымыздікі?— деп сұрады.

— Бәрі де екеуіндікі. Өздеріндікі, қос апам...

Науша кемсең қағып көзіне жас алды.

— Бәлі, жылаған несі... Өсте ме екен.

Раушан үлкен шешесінің көзіндегі жасты сұртті.

— Қой енді, жеңеше,— деп Торша жұбатты.

Науша өксігін басып, қызының бетін алақанымен аялап қарап тұрды да:

— Қос жесір қатар жатып, ішігіміздің екі өңірін айқастыра астыңа төсеп, ортамызға алып жатушы едік. Қарның ашқанда ананың әлдиінен күліп оянып атып тұратынсың.

— Қалай еді...— Раушан шешелерінен көзін алмай ыңылдап естеріне салды. Қос ана қызын шайқай тербетіп әлди әнін толғайды.

Аналарының көңіл күйін сезінген Раушан, екеуін бірдей құшақтап тұрып:

— Қос анам, екеуіңнің әлдиіңнен басталған әнім, үнім біткенше бақытты етуге жараса арманы не қызыңның.

Қызының шабытына келіп шаттанып тұрғанын көріп Науша мен Торша:

— Сайрашы, күнім, бұлбұлым.

Раушан «Жастық вальсін» тамылжыта шырқап, баудың ішіне қарай жылжи қозғалды.

«Көк майса, Алатаудың бөктерінде<sup>1</sup>  
Гүл тердік жастық шақтың көктемінде,  
Алдымнан арманымдай жарқ етіп ең,  
Көңілімді жеткізгендей бақыт күнге.

---

<sup>1</sup> М. Әлімбаев, музыкасы Ш. Қалдаяқовтікі.

Қайырмасы:

Айналдым, ақ маңдайлым,  
Ақылдым, бал таңдайлым,  
Жалында, жас дәуренде,  
Ұялма, жан сәулем де.

Жақсылықтың жоқ, сәулем, ерте-кеші,  
Жадырашы, назданшы, еркелеші...

\* \* \*

Талдың тасасында отырған Асан Раушанның әнін магнитофонға еңкейе үңіліп жаза бастайды... Құлағы әнде, ынта-жігері магнитофонда.

\* \* \*

Раушан:

Сен деген сөзің серттен артық еді,  
Өзіңе іштей мені тартып еді.  
Өзгеге өзін қимас ер көңілім.  
Лебінен қорғасындай балқып еді.

\* \* \*

Осы вальстің фонында өз «Волгасымен» Нұртаза да Раушанның қақпасының алдына келіп тоқтады. Бір дужна шампан ішімдігі, хрусталь ыдысқа қоса жібек лентамен бұған шоколад наборларын көтеріп аулаға кірді. Ырғала тербеліп, қобыздың жебеуімен ән салып тұрған Раушанды көрді де, әнін бұзбады. Көтерген заттарын ағаштың көлеңкесіндегі үстелдің үстіне апарып қойды. Шампанның тығынын ашып, бокалдарға мөлтілдетіп құя бастады.

Ән аяқтала бергенде Нұртаза бокалды көтеріп:

— Осы үйдің шаңырағына үйірілген бақыт пен даңқтың осы үйірілгені үйірілген!

— Айтқаның келсін, балам.

Шүпілдете құйылған бокалдарды сыңғырта соғыстырып көтере бергенде, қақпа шалқасынан ашылды... Ар жағынан домбыра ұстаған, басында айыр қалпақ, киімі жұпынылау, жұқа өңді жігіт:

— Рұқсат па екен?— деп ішке кірді.

— Рұқсат...

Жігіт жаутаңдап, аяғын ақырын басып, қастарына жақындады. Қымсына қарап тұрды да:

— Раушан Баянова кім болады?

— Мен боламын. Отырыңыз.

Жігіт отырды. Домбырасы қолында.

— Өзіңіз кім боласыз, жас жігіт?

Көңіліндегі айтайын деген сөзін тілсіз аңғартқандай.

Раушанға қарап тұр... Демін үзіп:

— Менің атым Шопан,— деп болған жәйді баяндауға кіріскенше болмады... Қақпадан Әбілхан, композитор Тұман Досболов, Раушанның әріптестері сау етіп кіріп келе жатты... Көтергелі тұрған бокалдар көтерілмеді. Шоқ-шоқ гүлдер сыйлады Раушанға.

Әбілхан:

— Қос ана, қуаныштарыңыз көбейе берсін.— Жалпақ алақанымен қолдарын кезек-кезек қысып құтты болсын айтты.

— Айтқаның келсін, қарағым.

Үйдің иелері де, келген қонақтар да жайраң қағып, жаюлы столға жақындады. Кейінірек мәлііп тұрып қалған Шопан мен Асқад қана.

Раушан қонақтарын жайғастырып:

— Көкетайлар, хош келдіңіздер...— Шопан мен Асқадқа:— қонағымның сыйлылары кейін қапты ғой — бері отырыңдар. Нұртаза, құйып жібер бауырларыңа.

Нұртаза бокалдарға шампан құйды.

Бірінші тосты Әбілхан көтерді:

— Осы бір кішкене үйден, аналар құшағынан ұшқан асқақ ән жер өмірге тарай берсін. Тарай берсін.

— Сары-сары қауынның сарысы да осы қыз, дәрі-дәрі қауымның дәрісі де осы қыз...— Торша жібек шалысының шашағын арқасына қарай серпе тастап, қолындағы бокалын көтеріп ішуін сұрады.

— Ризамын, ағалар, келгендеріңе.

Композитор орнынан түре келіп:

— Мен Раушанға деген сахна шымылдығы — барлық елдің театрларында ашыла беруін тілеймін.

— Тілейміз.

Астарлап, өзінің өкпесін сездіргендей боп:

— Менің әнімді айтар-айтпас... көңіліне жағар-жақпас... мен өз сөзіммен мұндай зор қуанышты жеткізіп айтып бере алмаспын. Оған тілім жетпейді.

Жаса біздің Музалар мен ақыл ой,

Қасиетті күн, лапылда,

Арайлы таң алдында.

Өңі қашып әлсіреген шамданын,  
Өшсін жалған, тақуалық сары уайым деген  
екең  
Пушкин...

Бокалдар сыңғыр-сыңғыр.  
Раушан (*астарлап*),— сіздің әндеріңіз осы өлеңдей  
көңілден кіріп бойды билетіп жатуы үшін.  
— Әр кімдікі өзіне, бал көрінер көзіне.

\* \* \*

Асан аңдаусызда магнитофонның пластинкасын қозғап алды. «Ақмаңдайлым» сұңқылдай естілді. Отырғандар аң-таң... Кім айтып тұр деп жан-жақтарына елегізді. Магнитофон бір үзілді. Бір жалғанды.

— Көтек-ау, Қожамқұл,— деп Торша үстелдің астына үңілді. Жан-жағына алақтаған Науша:

— Радиодан болмасын.— Ебелең қақты.

Нұртаза дыбыс шыққан жаққа бұрылып, талдың жапырағын қолымен сырып еді. Беті жалпиған, еңгезердей, бажырайған Асан көрінді. Үйдің иелері де, қонақтар да бұл кім дегендей таңырқап тұр. Нұртаза қолынан жетектеп талдың ішінен алып шықты.

— Тыңшымысың, кімсің өзін... ұрланып отырып неге жазасың,— деп Нұртаза зіркілдей шұқшиды Асанға.

Қызыңқырап алған композитор да ордандап қасына барды.

— Сойталдай боп тың тыңдауың ұят емес пе!

Раушан сұлық...

Торша мен Науша танып:

— Көрші-ау, бұл не қылғаның?

Жан алқымға алып тексеріп тұрған Нұртазаны жайғана кейін сырып, Асан:

— Апалар, қуаныштарың құтты болсын,— деп Науша мен Торшаның қолын алып еді, Нұртаза тағы да келіп килікті.

— Неге жазасың біздің сөзімізді.

— Сіздің сөзіңіз дәрімге керек емес.

— Дәрімге дейді мына өгіз!

— Өгіз, кім өгіз!

Асан түгін сыртына теуіп, дудар шашы үрпіе көтерілді. Нұртазаны желкесінен ұстап мысықша лақтырып жіберді де, Раушанның алдына барып басын иді.

— Раушан қарындас, әніңізге құмар жанның бірімін. Қыздың ардағы сіз... Әннің төресі «Ардақ»... Армансыз тыңдаймын әніңізді.

Адалдығына көзі жеткен Раушан бір жағы сынау үшін, бір жағы еркелеп, наздана құбылып:

— Ардақтаймын дедің-ау, ағажан. «Ардақ» болсын өтеуі —...Баяу ғана бастап кетеді.

Қуана сүйсініп, құмарта тыңдап тұрған Асан:

— Шырқа, шырқай түсші тағы да.

Шырқай салған Раушан әні өзін де, тыңдаушыларын да арбап барады. Композитор мен Әбілхан, әріптестері де, барлығы да үнсіз, қыбыр етпестен әнге елтіп тұр. Сандуғашының сайрауы биік арманға қол созғандай көрінді қос анаға.

— Өнер серігім көп болғанмен арқа сүйер ағаның жоқтығын әр кезде сезініп жүруші едім... Қабыл алдым тілегінді, ағажан,— деді Раушан Асанға.

Раушанды сүйемелдеп, жүзіне мейірлене қарап кеудесін кере:

— Қанатын жаяр елімнің әні мен сәні өзіңсің. Кәсібім каминчик. Тасты қалай жүріп әніңді аңсайтын едім... Қуат күшім сарқылғанша аяғыңа шаң тигізбей арқалап өтейін. Айта түсші, аяулым.

Раушан «Ардақтың» соңғы шумағын айтады.

Ойланбаған жерден Шопан домбырада, Асқад қобызда сұлу әнді сүйемелдей жөнелді. Осы бір шабытты сәтте Әбілхан мен композитор да — белгісіз екі жастың жебей жөнелгеніне қайнардың көзі ашылғандай шын талант екендіктеріне көздері жетті. Сөйтіп әнші қыздың ауласы лезде әсем ән, сұлу музыканың жан тебірентер сазды ошағына айналды.

Композитор өзінің сайыздығын сезетін тәрізді. Өңі сұрланып, Раушанмен қош айтысып тайып тұрды.

— Өмірде жол айырығы бөлек болғанымен жолдарың Раушанмен бірге түйісті. Ертең маған үшеуін де ертіп алып кел. Ансамбліңнің құрамына алып та қалармын,— деп әнші қызға тапсырды да, Әбілхан да кетуге беттеді.

— Рақмет, аға!

Алыстан келген Асқад пен Шопанды ертіп аналар үйге кірді. Аулада Асан, Нұртаза, Раушан. Нұртазаның жүрегін қызғаныш билей ме қалай? Әлде өнер көрсете

алмағанына намыстана ма. Әйтеуір ыңғайсызданған пішінде.

Раушан қасына жақындап:

— Нұртаза, қабағың неге шытулы?

— Енді нең қалды. Әлі де біткен жоқ па ойның.— Қалтасынан машинасының кілтін алып, перчаткасын ки-ді. Раушан ойнақы.

— Ашуынның төркінін түсінемін, Нұртаза.

— Түсінсең серуендеп қайтайық.

Раушан көнер-көнбес...

— Қонақтарым бар ғой.

— Ендеше мені шығарып сал.

Раушан Нұртазаны машинасына дейін шығарып салды.

Әнші қыздың ыңғай бергенін мәртебе көрген Нұртаза есебі түгелденгендей боп, аймалайын деп еді, Раушан жолатпады. Қолының сыртынан сүйіп кете барды.

Раушан кейін оралғанда.

— Сұрамаппын. Жаңағы жігіт кіміңіз еді. Нақ сүйе-ріңіз болса кешіріңіз, қалқам,— деді Раушанға, оқа-сы жоқ дегендей ишаратпен, Асан.

— Қыз сырын сұрамас болар, ағажан.

Асан аңырған қалпында маңдайының терін сұртті.

Ертеңінде жан-күйерлерін ертіп Раушан келе жатты. Сылдырап аққан арықты жиектей өскен емен ағаштары. Ерсілі-қарсылы ағылған жұрт.

Гүл аланы, сквер-аллеядан да өтті.

Реклама тақтасында жапсырылған театр афиша-лары.

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗАҚ ФИЛАРМОНИЯСЫ

19 ИЮНЬ, СЕНБІ.

### РАУШАН БАЯНОВАНЫҢ КОНЦЕРТІ.

— Раушан,— деді Асан рекламадағы афишаны меңзеп.

Афишадағы әріп қателігіне Раушанның да көзі түсті.

Баянованың орнына Боянова деп жазылған.

Бұлары несі дегендей Раушан да мән бермеді. Раушанның көзінше афишаны жұлып алуға Асанның да дәті бармады. Көңіліне күдік алған Раушан әлі де қа-рап тұр.

Тротуарда афишаның алдынан өткен біреулер: «Бо-ян... Боян... ха-ха!...» Масайрап мазақтай оқиды.

Мазағын естіген Раушан тықыршып тұралмай:

— Репетицияға баратын уақытым болып қалды. Ана таксиды тоқтатыңдаршы,— деп Асанды жұмсады.

— Такси, такси!— Асан таксиды тоқтатты. Раушан таксиге мінді де,— менің фамилиям басқа афишада да бұзылып басылды ма екен. Сендер біліп келіңдер деп тапсырды.

Асан, Асқад, Шопандар афишаның алдына қайырдан оралды... Асан біреуін жұлып алды.

— Жүріңдер, қалғанын да құртайық.

\* \* \*

Репетиция жасайтын бөлме.

Софья Павловна рояльда. Пульттегі нотаға қарап қойып Тұман Досболовтың әндерін тартады.

Раушан тыңдап алып:

— Өзгертпепті,— деді Софьяға.

— Өзгерткені шамалы.

— Мұндай әнді орындаудан, бір аяқ тұзды су ішу оңай... Жаның тартпайды. Қалай орындайсың... Қиқылдайсың. Шиқылдайсың... Дыбыстардың жинағынан басқа не бар осында.

Соңғы шумағын ойнап болды да, Софья Павловна:

— Өлшемі бар да үні жоқ... Ұйқасы бар да ойы жоқ,— деген осы, Раушан.

— Әуенсіз әннің сәні келе ме. Лыпылдаған ырғақ, даңғаза шу құлағыңа кіре ме! Мұндай әнді жүрекке берер нәрі жоқ, басқа кірер ойы жоқ деп даналар бекер айтпаған.

Жүзі балбырап, қинала орындыққа отыра кетті. Жібек орамалымен бетін желпіді.

— Маған десе мені қызметтен шығарса да мейлі... Айталмаймын...

— Қайыра жазсын.

— Ар жағында көкірегі тайыз болса жазғаннан не шығады...— Ішінен тынып біраз отырды да, кенет орнынан түрегеліп композитордың өмірдегі тірліктерін ажуалып күле бастады.

— Ертемен тұратын болар... Клавишты ұратын болар... Басын ұстап комнатада жүретін болар. Ә, табылды!.. Шаттанып рояльдың қасына баратын болар. Ха-ха! ха! ха!

Софья Павловна да қосыла күлді.

Асқад, Шопан, Асандардың құшағы толы жұлынған афиша... Бір көшедегі рекламаның тақтасынан екінші көшеге ауысады. Тағы да жұла тартып алып жатқан үстеріне манадан бақылап келе жатқан милиционер ысқырып қап, үшеуінің қасына жетіп келді.

— Бұл неғылған бейбастақтық!— Қысып тергей бастады.

— Мына қараңызшы!— деп Асан түсіндіргісі келіп еді.

— Паспорттарыңды?

Шопан мен Асқад паспорттарын ұсынып:

— Әлі тіркелген жоқпыз.

Асан жылысып кеткісі келіп еді.

Милиционер ысқырып:

— Азамат, азамат!..— деді ескертіп.

Асан амалсыздан тоқтады.

— Сіздің паспортыңыз,— деді милиционер ойқастай үңіліп Асанға.

Асан о жер бұл жерін сипалап документін табалар емес.

— Жокты іздеп әуреленбе бекерге.

Енді бәрі де түсінікті болды.

— Сіз, қырағы болмайтын жерде қырағы болады екенсіз.

— Қарсыласпа!

Жазықсыздан жәбірлегендеріне үшеуі де намыстанып дүрсе қоя берді.

— Қойыңыз әрі... Тапқан екенсіз, права нарушитілді...— Асан бой сұңғысы келмей жұдырығын түйіп итере салғысы келеді-ақ... Асқад қой дегендей ишаратпен қолын қағып жіберді.

— Поменьше шути кулаком, голубчик!

Милиционер көшеден белдеуі қызыл жабық машинаны тоқтатты да:

— Прошу...— жұлынған афишаны көтерген қалпында үшеуін кузбаға мінгізді. Есігі де жабылды. Машина сырғи жөнелді.

Директордың кабинеті. Тұман Досболов, әндерінің ноталарын Әбілханның алдына жайып қойып:

— Бұл әннің аты «Қалқа», ақын Қалқаның емес, Досболовтың «Қалқасы».— Қабырғадағы пианиноға отыра қап ойнап тыңдатады. Ара-арасында өзі де қосылып қояды.

«Қалқам-ау, мен қайтейін-ау, сен дегенде...

Құриды-ау ынтызарың, қалқам-ау, мен дегенде...

— Жарқыным-ау, бұл «Қарғау» деген халықтың әні ғой.

— Несі бар... Халық әндерін кім пайдаланбайды. Ұлы Глинка да пайдаланған.

— Сабыр, сабыр... Ұлы Глинка дайын күйінде көшірмеген. Рухын пайдаланған ғой.

— Мен де рухын пайдаландым.

— Сіздікі рухы емес. Өзін...

— Ұрлағансыз дегің келе ме?

Екеуі қызу айтысқа кіре бергенде, телефон шылдырлайды. Әбілхан мен Лев Абрамович мазасыз күйге түседі.

— Мүмкін емес... Бұл бір сұмдық екен. Қазір администраторымды жіберемін. Түсіндірмені сол кісіден аласыз.

Әбілхан телефонның тұтқасын ілді де:

— Концертіміздің афишасын түгел құртыпты. Менің «Волгама» мін де тез жет. Себебі не екен, біл.— Лев Абрамович тез жиналды да шығып кетті.

\* \* \*

Репетиция жасайтын бөлме.

Досболовтың әндерін айтудан түңілген Раушан Софья Павловнадан ноталарды жинап алды. Қолтығына қысып тұрып:

— Софья Павловна... Не могу. Не могу...— Әлсін-әлсін қайталады да жалт бұрылды. Бұрынғыдай бірінші есік, одан репетиция жасайтын бөлмеге қарсы екінші есік ашылды. Қабылдау бөлмесінде отырғандардың ортасынан өте шықты. Олар да аң-таң...

Құйын ұрғандай директордың кабинетіне кіріп келгенде жұлынған афиша жәйін Асан, Шопан, Асқад, Лев Абрамовичтар Әбілханға түсіндіріп тұрған болатын.

Әбілхан қатты абыржуда.

Раушан ызалы қарқынмен келген бетінде Досболов әндерінің ноталарын Әбілханның алдына қойды.

— Менің репертуарыма енгізген жаңалықтарыңызға рахмет. Мінекей, асыл мұраны сізге тапсырдым. Концерттің программасын өзгертіңіз. Өзгертпейді екенсіз, кейінге қалдырыңыз.

Композитор намысына тырысты.

— Шамаңызға қараңыз, Раушан. Тым аспаңыз.

Раушан тайсалмады.

— Сіздің әндеріңізді орындауға менің шамам расында да жетпейді. Бас тартқаным кешірім. Әбілханға бұрылып:

— Ендігі өтінішім, ағажан, сізде.— Сумкесінен жігіттердің өтінішін алып алдына жайды.

— Үшеуін де қызметке алуыңызды өтінемін.

— Орын жоқ қой, Раушан.

— Табыңыз.

Әбілхан жәйіп-шуып:

— Жарайды, Раушан, бұл үш жігітті қызметке орналастыруды маған тапсыр... Концертті не істейміз?

— Мейірбандығыңызға рахмет.— Афишаны алдына тартып:— менің фамилиям Боянова емес. Баянова, ағажан... Баянова... Әуелі афишаны жөндетіңіз.

Еңгезердей Әбілхан томашадай қыздың алдында қырғидан бұққан торғайдай бұғып, Лев Абрамовичқа: — Бәрі сенің шалағайлығыңнан. Тезінен түзет те қайырадан жарияла,— деп тапсырды.

— Әріп терушіден кеткен қателік.

— Онда менің шаруам жоқ. Афишаны түземей, программаны өзгертпей концертке шықпаймын.

Есікті сарт еткізіп жауып, Раушан кете барды.

Әбілхан отырған орнында басын шайқап:

— Тентексің де, талантсың да,— деді өзіне.

\* \* \*

Филармония директоры Әбілхан.

Композитор Досболов.

Комитет начальнигі Науан.

Үшеуінің арасында қым-қуыт әңгіме сөз.

Телефонның бауы сыр-сыр... Қоңырау шыр-шыр...

Әбілхан бітімшіл.

— Талант қой... Талантты адамдардың ондай-ондай еркеліктері болады.

Науан ызғарлы. Шұғыл.

— Еш қандай программа өзгертілмейді. Талант — халықты қадірлеумен талант.— Тепсіне бұйырады.

Телефонда жанығып сөйлесе берсін.

\* \* \*

Енді біздің жаңада қызметке орналасқан Асанымыз не істеп жүр.

Директорынан сөгіс алған Лев Абрамович қателігін түзетудің қамында... Өзінің шағын бөлмесінде әріп қателігін түзеткен Баянова Раушанның афишасын реклам бюросына өткізбей, реклам тақталарына жапсырып шығуды Асанға жүктеді.

— Баянованың талантына табынушының бірісің.

— Бірімін.

— Өнердің жолында құрбандыққа да барады. Құрбан болмасаң да бейнетін көтересің ғой?

— Көтерімін.

— Қаладағы реклам тақталарына түгел жапсырып шық.

— Мақұл,— деп Асан жүз-жүзден дестелеген афишаны көтеріп көшеге алып шықты. Бір қолында шелекке езген қамыр. Екі иығында толтыра салған афиша. Көшеде қарсы ұшыраған адамдар, оның алқам-салқам жайбарақат жүрісіне таңырқап қарап та қояды.

Ығы-жығы сапырылысқан қалалық парктің қақпасының алдына келді. Биік арканың екі жағындағы реклам тақтасының бетін толтыра үш-үштен афишаны жапсырды. Жапсырып тұрып Баянова Раушанның сүйікті әндерінің бірін ыңылдап әндетеді.

Жүрісі де тез, қимылы да шапшаң.

Стадион.

Асан стадионның қабырғасына қатарластыра он шақты афишаны жапсырып тұрғанда Нұртаза қасынан «Волгамен» сырғытып өте берді. Көзі шалып қалған Асан:

— Тоқтай тұр, жігітім,— деп афишасын көтеріп, шелегін сүйрете жүгірді. Нұртаза тоқтамады. Билет кассасына қарай бұрылды.

Нұртазадан көз жазып қалмауға тырысқан Асан ұмтыла басып соңына түсті. Жүріп келе жатып, қарсы ұшырағандардың қолдарына:

— Азаматым, ер көңілдім, асығыс едім, шырайлым, көз айым...

Бір-бірден афишаны ұстата салады.

Қамыр шелекті даңғырлатып, афишаларын будырақтатып әрең дегенде билет кассасының алдында машинасына мінгелі жатқан Нұртазаға жетті-ау әйтеуір.

— Қашпа, саспа, жігітім.— Бірден сұраусыз есігін ашып, қолында шелегі мен афиша, машинаға отырды.

Нұртазаның сүйреп түсіруге әлі жетпейтіндігі белгілі. Қитыға егесейін десе жұрттан ұят. Амалсыздан кет, шық дей алмады... Машинасын бұрып Абай проспектісіне түсті... Көше айырығындағы светофор қызыл сәулеге ауысып жолды жапты... Сәл кідіріс. Екеуі де әлі біріне бірі тіл қатқан жоқ. Неден бастарын білмей Асан тамағын кенеп жөтелді де.

— Ым, е!.. Ия...— деп ыңырана созып,— м... мен сізді Раушанның нақ сүйері екеніңізді білмей жаза басып едім. Кешіріңіз, құрбым,— деді Асан маңдайының терін сүртіп.

— Сойталдай боп афишаны жапсырып жүрмін де-ніз?— деді Нұртаза қағыта қалжындап.

— Жапсырса несі бар?

Екеуі енді ғана шешілейін деді. Дегенмен Нұртаза менмендеу.

— Бұдан артық не болсын дегенім де...

— Таланттың жолында адам басын да қияды.

— Талант деген не, сіздіңше?

— Талант дегеніміз — жүректің қалауы... Жүрегің нені қалайды. Содан айнымау... От жаққандікі дейді. Махаббаттың отын сіз менен бұрын жағыпсыз. Соны сөндірімеңіз.

Асан көшедегі реклам тақтасының тұсына келгенде заулап келе жатқан машинаны тоқтатты.

— Тоқташы!

— Не болып қалды.

— Афишаны жапсыра кетейік. Ұста мынаны,— деп Нұртазаның қолына қамыр езген шелекті ұстатты.

Нұртаза ыңғайсыз көріп бас тартқысы келіп еді:

— Нечего, нечего.

Влюбившийся дурак на глупости горазд:  
И солнце, и луну, и звезды он даст...

Білемісің кімнің айтқанын?

— Кім айтыпты?

— Иоганн Вольфганг Гете. Бірінші том, он үшінші бетті ашыңыз,— деді Асан білгіштігін аңғартқандай маңыздана мән беріп. Нұртаза бас тарта алмады. Шелекті көтеріп алып жүрді. Бір көшеден екінші көшеге ауысып жүріп келеді. Реклам тақталарына афишаны жапсырып келеді.

Раушанның үйі.

Өз бөлмесі.

Туалет столы. Шар айна. Сүргісі нәзік мебель. Туалет столының үстінде зерлеген қобдишаның бірнеше түрлері. Жалпы актрисаға тән косметикалық сәнділікті сақтау жабдықтары да баршылық. Айнаның алдында Раушан. Қою қара шашын арқасына жәйіп таранып тұр. Көңілі солғындау... Алдағы болатын концерт, қиялына қонбаған Досболовтың әндері. Ойға оралымсыз жайлар шабытын буып, сұлу даусы да күңгірт естілді. Тамағын кенеп, өзін өзі жинақы ұстап, жаттығу жасады.

\* \* \*

Ауыз бөлмеде Раушанның екі анасы.

Науша кешкі концертіне кісін деп зер мен меруерт араластырып тіккен тақияға үкі тағып отыр. Торша сары тегешке құйылған қымызды әкеп сапырып:

— Көзің талды ғой. Кимейтін болған соң қайтесің бұ құрғырды,— деді қымыз құйған кесені ұсынып.

Науша қызына тіккен тақиядан көз алмай:— Бұл қыз ба, бұл қыз өз дегені болмаса көнбейтін бір қыз болды ғой.

Торша Раушанның бөлмесіне беттеп:

— Өзі неғып жатыр.— Есігін тартып көріп еді.

— Тағы да біраз ұйықтап тұрсын.

— Нұртазасы да келе қоймады.— Науша қамыға күрсінді. Торша да Раушан естіп қоймасын деп сыбырлап:

— Ренжітіп жіберді ме, о да қай бір жетісіп жүр дейсің. Композитор жігітті жауықтырып қойғаны анау... Қадырын білетін жалғыз директор еді. Байғұсты тіпті билеп алыпты.

Екі ана қызына наразылығын айтып отырғанда Раушанды терезеден ымдап Шопан мен Асқад шақырады. Үшеуі шешелеріне естіртпей сырттан сөйлеседі.

— Бауырларым, мен үйге сия алатын емеспін. Мені қайткенде жайлауға жеткізіндер. Онда көптен шақырып жүрген қарт ақын тағы да маған хат жіберіпті.— Хатты екеуіне көрсетеді.

Оқып көріп, Шопан:

— Біздің колхоздың ақыны қазір жайлауда. Биыл жетпіске шықты...

— Тапсыратын аманатым бар. Көзімнің тірісінде келіп кет деп қиыла өтінген. Сендер маған Нұртазаны тауып беріңдер.

— Үйі қайда еді?

— Мичурин көшесі 25-үй.

Асқад қойын дәптеріне жазып алды.

Есіктің сыртында «Раушан, Раушан!» деп шақырған Торшаның даусы естілді.

— Қазір, апа!— деп дыбыстады да,— мен десе тез жетсін. Мына хатты ала барыңдар,— деп екеуіне берді.

\* \* \*

Қаланың шетіндегі Мичурин көшесі, 25-үй. Қақпаның сыртында қабаған иттен сақтаныңдар деген жазу. Нұртазаның үйі... Қора жәйі дуалмен қоршаулы жеке-дара особняк. Дауалдың сыртындағы сырлы скамейкеде Асқад пен Шопан отыр. Қақпаны ашып үйге кірейін десе қораның ішіндегі шынжырлы тайшадай төбет арсылдап кіргізбейді. Екеуі қақпаны ашып қалады да, қайырадан жабады.

— Нұртаза, ау Нұртаза!— Қақпаны ұрып еді, үйден ешкім шықпады. Екеуі әрі күтіп, бері күтіп тықыршып тұрған үстіне «Волгамен» Нұртаза да келді.

Машинадан Асан Нұртазамен бірге түсті.

— Қып етпеңдер. Афиша жапсырылды. Концерт болатын болды.

— Концерт болмайтын болды. Колхоздың ақыны бұрын да шақырған екен... Соған барамын деп сендерге жіберді,— деді Шопан хатты көрсетіп.

Нұртаза хатты оқыды да дереу үшеуін машинаға мінгізіп ап, Раушанның үйіне тартты.

Көшенің бір мүйішіне келгенде Асанға:

— Сен түсіп қал. Колхоздың жайлауына кеткенімізді директор да, басқалар да білмесін. Үлгірсек концерт-

ке оралтамын. Үлгірмесек төртеуіміздің ортамызда құпия сақталсын.

Асан:

— Үлгіргендерің абырой болар.

Нұртаза:

— Оны қыздың қалауы біледі.

Төртеуі жә «бәсе» деп уәде байлады. Асан машина-  
дан түсіп, шелегін көтеріп қызметіне кетті.

\* \* \*

Раушанның үйі.

— Армысыздар, аналар!— деп Нұртаза, Шопан, Ас-  
қад үйге кіріп келді.

Торша:

— Бар болындар, балалар. Қайда жоғалып кеттің-  
дер, шырақтарым?

Нұртаза:

— Апа, біз Раушанның қамында жүрміз. Немене,  
композитормен келісе алмай қалған ба?

Науша:

— Келісе алмапты. Өлеңін айтпаймын. Концертіне  
шықпаймын деп үйге келіп жатып алған.

Шопан:— Онысы жарамаған екен.

Асқад:— Келіспегені бізге де жақсы болған жоқ.

Шопан:— Ашуы тарқағанша, біздің ауылға барып  
қайтсақ па деп келдік, апа.

Торша қаһарына мініп дүрсе қоя берді.

— Директордың рұқсатынсыз қызым еш қайда да  
бармайды. Желіктірмендер әрі.

— Ия, шырақтарым, қайтесіңдер.— Науша да ескер-  
тіп қойды. Торша одан әрі өршітіп:

— Бұл қай басынғандарың.— Білегін сыбанып үше-  
уін бет қаратпай.— Сүрінсе сүйеу болатын сендерді дос-  
жар дейді, ә? Өнері жарасқан, көңілдері табысқан тең  
құрбы дейді, ә?.. Азғырмандар қызымды. Сендерсіз де  
шырмалуы жетеді.

Нұртаза инабат сақтағысы кеп қарсыласпады.

— Шырақтарым, қоя қойындар. Кейін бір бара жа-  
тарсындар,— деп Науша бітім айтты. Шопан көндіруге  
тырысып:

— Апатай, қарт ақын көзімнің тірісінде аманатымды  
тапсырамын деп шақырыпты... Бетінен қақпаңыз.

Асқад:— Ия, бетінен қақпаңдар.

Торша:— Ілгері басатын жасты, кері қайтаратын кәрің біз емес. Мәлимей әрі барып тұрыңдар!..

Үшеуін айдап шыға бергенде бөлмесінен Раушан да шығады. Ара түседі. Торша тыңдамайды.

— Бар, барып тұрыңдар!..— Есікті жауып алады. Ыңғайын тауып қайткенде шешелерін ренжітпей, амалдап кетуді ойлаған Раушан ойлана қалды. Жүрегі алып ұшып ақынды көз алдына елестете бастады.

— Естіп едім бірді-екілі әндерін.

— Кімнің әнін, жаным-ау?

— Мені шақырған ақынның. Қара бура қартайып, жар басына шөгетін күн таянған. Ұмытпасам ол ақынның сарыны былай басталатын.

Мұңды әннің бір шумағын толғайды. Ғашығын сағынғандай көзінен жасы парлап жылап тұр.

— Мына қыз жынданған шығар. Қой әрі!

— Қоймаймын. Кіші апа... Не көрсем де ән үшін көремін азапты. Ән іздемегенде нені іздеймін өмірде.

— Қызым-ау, концертің бар емес пе.

— Концерт бола ма, жоқ па.

— Жаңа ғана қолымыз бақытқа жетіп еді.

— Досболовтың шатпағын айтып бақытқа жетпей-ақ қойдым. Айта берсін менен басқа ақша тапқыш күн көргіштер... Айтпаймын дедім бе, айтпаймын.

\* \* \*

Үйден қуып тасталған Нұртаза, Шопан, Асқад теректің түбінде не істерін білмей аңыруда.

\* \* \*

Аналардың қарсылығына Раушан өршеленбеді. Көзі мөлтілдеп кірпігін жиі қақты. Жүзінен айла-амал іздеудің сыңайын аңғартқандаймыз. Өз аңсауы өзінде, қатты серіппей бөлмесіне кірді. Қос ана бармайтын болды деген үмітпен риза болып ауыз бөлмеде қала берді.

Ә дегенше болған жоқ. Басында үкілі қамшат бөрік, белінде күміс белбеу, жолға шығуға ықшамдалып киінген Раушан терезеден қарғып шықты да:

— Тартыңдар бері көлденең,— деуі мұң екен, Нұртаза машинасын сыр еткізіп арықтың қасына жақындат-

ты. Алданғандарын біліп қалған аналар бұларға қарай тұра жүгірді.

— Ә, оңбаған қыз. Сен оңбайсың. Қашан келесің.

— Қамықпандар, апалар. Екі-үш күнде ораламын...

— Кеттік, жігіттер. Тартыңдар.

Қызына күйінген Торша:

— Апырман-ай, мына қызды-ай... Енді қайттым. Қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем осы екен-ау...

\* \* \*

Асфальтты көше.

Машина заулап келеді.

Раушан машинаның төрінде отыр. Екі жағында Асқад пен Шопан. Қамшат бөрікті үкілі қыз бейне бір жасаған қалыңдық тәрізді. Мойнына ораған ақ жібек шарпы желбіреп, алқызыл жүзі құлпырған. Өзі де мейлінше көңілді, машинаның үстінде әннің қанаты алып ұшып бара жатқандай. Әлде бір қуаныш күлімсіреткендей.

Жолдың екі жағы самсаған екпе ағаштар, мөлдір көк аспанға бой ұрады. Бұлт астынан шыға келген күн төртеуінің бетіне сәулесін төге бастады...

Таудың бөктерінен асты... Ылдиға да түсті. Ағын өзеннен де өтті. Өзеннің арғы бетіндегі кең жазықта алдарынан көлбеп жайылған үйір-үйір жылқылар мен қора-қора қойлар келе жатыр... Төңкерілген мөлдір аспан, бұйра ойпат жазық, қурайлы өзен... Сыр тұнығы — ой қызығы қиялдарын қозғап, көкейлеріне әуен оралатын тәрізді. Ол қай әуен? «Гауһар тас» па? Ыбырайдың «Жайма қоңыры ма?» Әлде Ақанның «Мақпалы», «Үш тоты құсы» ма? Соларға баламды композитордың ән шығаруы біледі. Әзірге біз «Гауһар тасқа» тоқтайық.

Сыңғыр-күңгір... Кенет Шопан баяулата бастай жөнелді. Көмейі күмістей сыңғырап, даусын көтере түскенде-ақ Раушан елең етіп тыңдай қалды. Әнші әншіні таниды дегендей Шопанның әншілігі қыздың жүрегіне бірден қона кетті.

— Жарқыным-ау, сенің әнші екенінді білгенімде,— дегенше болмады, Асқад та қобызбен аңырата жөнелді. Әнші қыз өнер серігін енді ғана тапқандай бол, біресе Шопанға, біресе Асқадқа жалт-жұлт қарап келеді.

Үш талантты серуендетіп әндетіп бара жатқанына Нұртаза да мәз. О да келсін-келмесін ара-арасында қосылып қояды.

Шопанның әнінде жаңа ырғақ, жаңа саз. «Гауһар тас» вариациясының сазы... Әнші қыздың жанын құйындай қозғап, ұлы қуатқа айналдырған саз...

Беу, беу, гауһар тас-ай.  
Құсни құрдас, Раушан жүзінді көргенде..  
Сәулем-ай ә, әй-сабырым қалмас.

Осы қайырма үстемелеп келе романска жалғасады.

\* \* \*

Жайлау. Малдың отары.

Үш-төрт кигіз үй. Үйдің қасында төселген кілемде мосқал тартқан қарттар мен кемпірлер отыр. Ортала-рында орақ ауыз, от тілді жырдың бұлағы, әннің қайна-ры қарт ақынның қолында домбыра. Оның перне басуы, ырғала қозғалып, ойнақшып құбылуында виртуоздық шеберлік бар. Қолы, денесі, құлағы, көзі, бет ажары тү-гел қимылдайды. Кенен ақынның сарыны тәрізді әрі зар-лы, әрі ойлы шұбарта суреттеп барып», деді дейді-ау, ақын не демейді-ау деп қайырады. Қөтермешілер:  
— Әу, пәлі... Ақын не демейді!..

Тоқтандаршы!

Ақын кілт тоқтап, елең етіп құлағын түріп:

— Ән келеді, мен шақырған әнші қыз болмасын деді.

Алыстан естілген Раушан әнін тойшылар да тындап калды.

Ақын томағасын сыпырған бүркітше қиядан шола қарап тұр.

Елегізіп тұра келген жұрт келе жатқандарға қак жарылып жол ашты.

Топқа жақындай бере жолаушылар машинадан түсті. Топты қак жара сәлемдесіп өтіп Раушан ақынның ал-дына келді.

— Сәлем бердік, ата!..— деп қол алысты.

Қоршай қарсы алғандар мәсе-сәре...

\* \* \*

Раушан Шопанның үйінде.

Қатар тігілген үш киіз үйдің ортаңғысы Шопандікі.

Шопанның шешесі Айсұлу, келін түсіргендей қуа-нышты. Қимешегінің құйрығы аяғына орала бергенсін

иығына көтеріп алған. Ескіше айтқанда үйіне жандарал келгендей аяғының ұшынан басады. Раушанға деген ықыласында шек жоқ...

Раушанды оңашада көріп қалғысы келген көрші әйел күлегеш Сабира есіктен сығалап тұр. Ернін жымырып, көзін сығырайта тесіліп:

— Жеңеше, ұйықтап жатыр ма?!

— Ақырын сөйле, сайтан. Оятасың.

Жалынышты кескінде:

— Құлдығың кетейін, жеңеше, ұйықтағанда да бетіне айна түсіп тұрғандай. Жүзі қандай нұрлы.

— Жа, болды, таңданба әрі!

Сабира Айсұлудың қасына келіп:

— Жеңеше, Шопан қайным туралап айталмай, қолымен ымдап, шашынан сипап дегендей...

— Тәйт әрі... Балалардың өзі біледі. Бері мынаған көмектес.

Сабира шәй кеселерді сүртіп тұрып:

— Жеңеше, түсімде келін түсіріпсің. Ай десе аузы, күн десе көзі. Олла, билла... Осы қызға жориық. Оң босағанды аттағаны аттаған.

— Апырмай, осыншама жеңілтек болмасын.

— Бұл қыз, біздің ауылдың келіні, мен оған үлкен абысын болсам... «Көкемайды» қосыла шырқасам...— Жәй ғана баяу әндетіп:

«Бұраң бел, көкемай,  
Қасы-көзі қиылып,  
Қай жерде отыр екен-ай!..»

— Сұңқылдамай қоя тұр.

Төргі бөлмеде кроватта жатқан Раушан масақана ішінен:

— Шопан,— деп дауыстады.

Сасып қалған Айсұлу Сабираға зекіп:

— Ақыры оятып тындың, сусылдақ!

— Жаңылыспасам кішкенемді атап шақырды.

— Жә, болды!

Екеуі күбірлесіп тұрған үстіне Шопан кірді. Айсұлу сыр бермей, маңызданып:

— Сені шақырды.— Бұларға бөгет болмайық дегендей екі әйел бірін бірі түрткілеп шығып кетеді.

Шопан шешесі әзірлеп кеткен қымызды кәрлен кесеге сапырып-сапырып құйды да Раушанға ұсынды.

Раушан басын көтеріп күлімдеп:

— Асқад, Шопан, осы сапарымыз қай сапар?

— Тегі оң сапар! Жұрт бізді күтуде...

— Мен шаршап қаппын.

Раушанның ойына көп жайлар оралғандай!

— Өшпес нұр, ықылас мейрім. Ізгілік арман халықта ғой.

Әнді қандай сүйеді халық. Мені қан көтерткен де әннің күші емес пе?

— Мені адасқанда ізге салған да сіздің әніңіз,— деді Шопан өз басында болған жәйді баяндауға кірісіп.

Раушан мен Асқад үнсіз зейін аударды.

Экран үзіледі.

Қар жамылған кең дала. Күн кешкірген. Алай-дүлей боран.

Қызыл бұрыштағы радиодан Раушанның әнін тыңдап отырған Шопан күннің кешкіргенін де байқамаған. Жүгіріп далаға шықты. Талдың ығында жайылып жүрген қойларынан көз жазды. Азан-қазан маңырап қойлары шоғырлана жиналып, отардағы қораға тартты. Шопан оны көре алмады. Адасты... Жүріп келеді, іздеп келеді... Самбыр-күмбір. Үзіліп естілген «Ақмаңдайлым» әні...

Жел әкелген әнді адасқан Шопанның құлағы шалды. Сыңғыр-күңгір шала-шарпы естіліп тұр. Үзіле естілген үнді нысана етіп белгі тұтты.

Қар белуардан... Шопан малтығып жүре бастады. Бір тұрады... Бір жығылады. Еңбектейді. Үнлейді. Күрсінеді. Алқынады. Ажал тырнағында... Боран құшағында... Қал бітті... Шаршады... Аяқ талды... Әлсіреді...

— Жоқ, мен өлмеймін. Мен тірі қалуға тиістімін.— Қар бетінде қурап қалған ермен жусанды қарби жұлып, жұмарлап, мейірлене иіскеді. Тісі тісіне тимей қалш-калш, дірілдей үзіп:

— А... айнал... дым... а... ақ-маң-дайлым,

А... ақылдым бал таңдайлым.

Жа... лын да, жас дәуренде...

Ұ... ұялма «жан сәулем» де...

Сүріне-қабына қораның ығына келіп күрс құлай кетті... оның тілі тек қана:

— А... а... па... Тар... та түс! Шы... шырқа... деуге ғана келді.

Экран жалғанады.

\* \* \*

Жасыл алаң...

Төрт-бес жүк машинасының кузовын ашқызып Нұртаза сахна жасатқызды. Ақ простинадан шымылдык құрғызды.

\* \* \*

Қызыл отау.

Нұртаза отау бастығымен шарт жасап отыр...

Раушанмен келіспей өзі сыртынан билеп, шарт бойынша екі жүз сом ақшаны қалтасына салып алды.

— Адамдарыңды түгел жинаңдар... Әнші қызға сыйлық тартуды ұмытпаңдар,— деп тапсырды.

\* \* \*

Шопан басынан кешірген оқиғаны Раушанға айтып болып, енді ғана орындарынан түре келіп жүргелі тұрғанда, Нұртаза әдетінше шампан бутылкаларын көтеріп жетіп келді.

— Қойыңыз. Бұл қала емес,— деп бокалға құйып ұсынған шампанын кейін ысырды да, Асқад пен Шопанды ертіп үйден шығып жүре берді.

\* \* \*

Нұртаза жалғыз. Алдында жаюлы тағам. Өзінің әкелген шарабын өзі ғана ішпесе серік болар ешкім де жоқ. Раушанның қабыл алмағанына күдіктеніп, оған арнап құйған боқалды сіміріп алды.

«Влюбившийся дурак, на глупости горазд:

И солнце, и луну, и звезды, он даст...»

Асан үйреткен өлеңді қайталап, шарабын боқалына толтырып тағы да құйды.

Далада алқа-қотан отырған жұрт, алыстағы отардан астарында сәйгүлік аттар, ер-тоқымдары әсем, шопандар да келе жатыр. Тобылғы торы мінгендері бір жүйе, мақпал қара мінгендері екінші жүйе, теңбіл қара көк мінгендер үшінші жүйе, алқа-қотан отырған топтың сыртын ала келіп сап түзеді. Барлығы да жаңа формамен

киінген. Шопандар формасы. Аргентинаның сомбреро киінген жүрдектерінің формасынан кем болмасқа тиісті.

Қасында Асқад, ақын, соңында қыз-келіншектер, Раушан күтіп отырған топтың ортасына келді. Иіліп сәлем етті. Алақан соғылды. Қарт ақын қызыл көрген қаршығадай қылмындап, жайнап Раушанға қарап тұр.

Шопан конферансьелік қызметін атқарады.

— Уа, қадырлы аталар мен аналар, құрбы замандастар! Отарларыңа қазақтың бұлбұл қызы Раушан Баянова келді. Қай әнді қалайсыңдар! Тыңдауларың білсін.

— «Ақ маңдайлым».

— «Ах Самара!»

— «Ақ қайың!»

— «Жастық вальсі».

— «Маржан қыз».

У-ду, әр тұстан әркім өз қалауын айтты.

Бұл жердегі композитордың таңдауына берік. Әзірге біз оны «Гауһар тастың» өңделген варианты деп атай тұрайық.

Лирикалы сазы мен қиыннан қиыстыра, шымырлата бойға жая айтқан сайын жұрт сүйсіне, серпіле қозғалып шаттана тыңдайды. Су сепкендей тұна қалған жұрт Раушанмен бірдей дем алып, бірдей сезінеді. Бәрі де қыбырсыз, іштен тына қалды.

Раушан әні айтыла берсін.

\* \* \*

Филармония. Кешқұрым.

Жарияланған афиша бойынша билет алған көрермендер ағылып келіп жатыр. Машинамен де, жаяу да, тобымен де. Есік алдында билет сұраушылар да бар.

Администратордың кабинеті.

Лев Абрамович пен біздің қаһарманымыз Асанда зәре жоқ. Лев Абрамовичтің көкшіл көзі бозарып, жағының түгіне дейін үрпиген.

— Кетіп бара жатқанын көрдің бе?— деп Асаннан сұрады.

— Көрдім, оралып келемін деді.

— Сағат жеті жарым, отыз минуттан кейін концертімізді бастаймыз. Қанат байла мейлің, үйіне бар.

Асан қалпағын асыға киді. Қостюмінің өңірін қолымен созып түзетіп алды да шыға жөнелді.

Директордың кабинеті.

Әбілхан мен Тұман, комитет начальнигі Науан Қарманов, бұлар да сасуда. Композитор таяғына еңкейе таянып, тыжырына Әбілханға қарап тұр.

Науан Қарманов та ызғар шашып, көзіндегі пенсені де шамның жарығына жалтырай шақырайды.

Әбілханның үстеліне отырып алып, бір қолында телефонның тұтқасы, екінші қолында папирос:

— Айтып едім ғой. Ол қызды талант деп асыра дәріптемейік деп. Көресін көреміз өстіп.

Композиторда үн жоқ. Әлі де сол тыржиған қалпында. Екеуінің қайсына тиісерін білмейді.

Қатал шешімге барғысы келмеген Әбілханға:

— Әй қойыңызшы сіз де бір. Сол қызды құтыртқан да, басыңызға секірткен де сіз!— деп шаптыға тиісті.

Әбілхан да есесін жібермеді.

— Сенің әнің ән болмады, бір әлек болды, шырақ.

— Менің әндерімді Баянова айтпаса басқа да айта-тындар табылады. Аласұрма сайқы мазақ деушілер сіздерден шығады.

Трибунада тұрғандай қылғына булығып өзін өзі дәріптеумен аяқталды.

Әбілхан сәл кідірді.

Науан да Әбілханды кіналады.

— Расында да, сіздің тізгінді босаң ұстауыңыздан.

Артист ойнайтын ролін, әнші айтатын әнін ғана білу керек емес пе. Бас тартуына неге ерік бересіз.— Шұбар беті тарғылданып зіркілдей қуырды.

Қабырғадағы аспалы сағат жеті де елу бес минут. Үшеуі де сағатқа қарады.

Залға көрермендер жайласып отырып та болды.

Уақыт өтіп барады. Сағат сегізге таяу...

Үшеуін де көңілсіздік басты...

Жым-жырт... Сұлық. Сағаттың тықылы — мезгілдің қысымы.

Раушанның үйіне еңтігіп асыға кірді Асан.

— Апа, еһ... Раушан, еһ... келді ме?— деп Наушадан түкірігін шашып, тұтыға сұрады.

— Келген жоқ, немене, не деп жатыр.

— Директор да, бастық атаулы қатты сасуда. Не істерін білмей мені жіберді, апатай.

— Құртты ғой бұл қыз. Жүрегі құрғыр осындай боларын сезіп еді. Не амал, не шара!— Күйінген Науша сылқ етіп алақанымен тізесін сабалап орындыққа отыра кетті.

Қара терге малшынған Асан қалтасынан бет орамалын алып терін сүртті.

— Өмірде мұндай қиналмаспын.

— Құрып кеткір қу Шопанның қырсығы. Сол әкетті деп неге айтпадың.

— Онда құримын ғой. Су беріңізші?

Науша кружкамен кранттан суық су әкеліп берді.

Асан сылқылдата жұтып сіміріп алды да тайып тұрды.

\* \* \*

Не айла істерін білмеген Әбілхан Науан мен композиторға жалынып:

— Программаны ауыстырайық. Баянованың орнына халық аспаптарының домбыра оркестрін шығарайық.

— Еш қандай да, еш уақытта!— Науан келісім бермеді.

— Билет сатылып қойды ғой?!

— Эвескойлардың үйірмесі емес. Сендерді профессионал коллектив дейді. Халыққа үлгі беретін әннің ортасы дейді. Алдамау керек көрермендерді,— деді. Науан Әбілханға бұйырып:— шығыңыз шымылдықтың алдына, жасырмай хабарлаңыз!

— Жо-жоқ...— Композиторға шұқшиып,— сіз шығыңыз!

Екі қолын артына ұстап алған Науан бір орында тұралмай сахнада олай-былай қойқандап жүрумен болды.

\* \* \*

Көрермендер үсті-үстіне дуылдата алақан соғып, дүрсілдете тақтай тепкілеп, концерттің басталуын талап етті. Айғай-шу! Кейбіреулер ысқырып та қояды.

Көкшіл көзі шарасынан шығып, үрейленіп:

— Не істейміз?— деп, қасында Асан, Лев Абрамович сахнаға жетіп келді.

Науан шұқшия қадалды.

— Не істейтініңді мен айтайын. Осы минут, осы секундтан бастап сені қызметтен қуу керек!

— Жолдас начальник, жолдас начальник!..— Өзінің кінәсіздігін түсіндіргісі келіп еді... Науан тындар емес...

— Өңшең сабатаждар!.. Әбілхан Асаубаев, қызметкерлеріңді тәртіпке шақыра алмаған сенің шалдуарлығың. Министрствоның коллегиясына қоямын!.. Шығыңыз сахнаның алдына!..

Әбілхан бас тартты.

\* \* \*

Филармонияда соғылған алақанның жаңғырығы да ла сахнасына ауысады. Алқа-қотан отырған бақташылар да «Гауһар тасты» тамылжыта аяқтаған Раушанға дуылдата алақан соғады. Раушан иіліп сәлем етеді. Жас шопандар аттарынан қарғып түсіп, бір тізерлеп отыра қалып асқақ әніне, биік талантына бас иеді.

Шопандар атынан біздің Шопан алғысын айтады.

— Уа, дарқан жанды әнші қыз... Сіздің әніңіз біздің көңілімізде, үнімізде... Тілімізде... Жан қойнауымызда. Ұзақ айлы түндерді сіздің әніңізбен өткіземіз. Барар жолым, аңсар арманымды әніңіз арқылы мен де барладым,— деп алғысын айта келіп өз тілегін аңғартты...

Манадан бері топтың орта шенінде көзін алмай, қаршығаша қылмындап, ойнақши қарап отырған ақын Раушанның қасына келді. Ажарында әрі сүйсіну, әрі күйіну бар тәрізді. Шіркін ақ семсердің жүзіндей қиып түсетін кезі болса, бұл оның уысынан құтылар ма еді... Ән мен жыр қосыла шалқыр еді-ау...

Ақын жайраң қағып әзілдеп:

— Әттең жиырма бесім... Жолыңа оралып жататын ақ маралым екенсің... Келші, жастығымды есіме түсірейін,— деп көзінен жасы мөлтендеп, Раушанның мандайынан сүйді.

Қоршағандар:

— Қайран Тарлан боз!— деді. Ақынның көзіне жас оралуы; аманатын тапсырып, өз ескерткішін қалдыратындай көрінді. Домбырадан самалдай жұмсақ, жанның тұнық сыры ағытылғандай «Еділбай» сарындас баяу сазды бір ән көкейге қонып барады.

— Бұл әннің аты «Қалдырған» болсын, қарағым.

қалқаш-ай-ау!

«Домбырада бір күй бар тартылмаған<sup>1</sup>,

Көңілімде бір сыр бар айтылмаған, Раушан-ай-ау!

Осы бір әнім өзгеше-ау!

Қ а й ы р м а с ы.

Жасымда болдым балдырған,

Талайды сөзбен қандырған,

Кейінгі жастар айтсын деп,

Атын бір қойдым, шіркін-ау,

Қалдырған!

Күйімді де, сырымды сыйлар едім, қалқаш-ай-ау,

Жаным сүйер жар болсаң, жарқылдаған, Раушан-ай-ау,

Осы бір әнім өзгеше-ай!

Қ а й ы р м а с ы.

Экран тасасында, ақын әнінің жебеуімен... диктор:

— Аманатын тапсырған ақынның толғанысына таңданбасқа болмайды. Ол өзінен бұрынғы талай саңлақтардың айтылмаған жырын, тартылмаған күйін қайыра тірілтіп, Раушанның көкірегіне құйды.

Алғыр Раушан ақын әнін лезде қағып алды.

Домбырадан Шопан, кобыздан Асқад көкірек нота-сына жазып сүйемелдеді.

Шабыттанбай жас сұңқар саңқылдар ма, қалқаш-ай-ау,

Нұр шалмаса ақ алмас, жарқылдар ма, Раушан-ай-ау!

Осы бір әнім өзгеше-ай!

Жасымда болдым балдырған,

Талайды сөзбен қандырған,

Кейінгі жастар айтсын деп-ау,

Атын бір қойдым «Қалдырған»!..

Сөйтіп «Қалдырған» атты ән де туды... Жас шопандар шырқай қосылды...

Бастаушы Раушан мен Шопан...

Кобыздың кылы, домбыраның шегі, баянның тілінен, адамдардың лебізінен ақын әні ұласа келе ансамбльді хорға айналды. Хорға жалғаса қыз-келіншектердің билері де кетті. Биге жаңа формамен киінген шабандоз жас шопандар да түсті. Солардың ішінде ақ жүзі балбырап, көзі жайнап, лаулай жанып Раушан жүр. Есінен танып құлағанша биледі. Құлағанша өнер жарысын бастады.

---

<sup>1</sup> Сөзі Қ. Аманжоловтікі, музыкасы Ф. Жұбанованікі.

Экранда үзіліс.

Қызыңқырап алған Нұртаза концерт бітісімен Раушанды аңдып тұрып, ауылдың сыртына оңаша алып кетті...

Малшылар алдында көрсеткен өнеріне риза болған Раушан сондай көңілді. Жанында сергу, шабыттың шалқуы бар... Нұртазаға ауылдан байқаған ойын аңғарып:

— Осы біздің қала адамдарының кейбіреуі неге сидаң, суық... пайда... сауда... қарапайым кең пейілдер аз-ау,— деді жүріп келе жатып.

— Еңбеккер жанның психологиясында өзіндік өзгешелігі болуға тиісті,— деп Нұртаза білгішсініп жауап қайырды.

— Солай ма! Мен сені аңғармаған шығар деп едім...

— Тақа қара жаяу емеспіз.

Нұртazаның көңілін құштарлық сезім билеп алған. Қайткенде тәкаппар қыздан тоят алу мақсаты.

— Бәрі де тамаша өтті. Ілгері жүре түсейікші. Көзден таса жерге барып отырайықшы,— деп Раушанды бұлтартпай ілгері жүрді.

Оның пиғылын байқаған Раушан жол табудың амалын ойлауда...

Құламалы жардың жағалауына таяу келді де Раушан кілт тоқтады.

Сай астындағы мөлдір бұлақтың жиегінде су шашып ойнаған қыз бен жігітке жарқабақта тұрып көз жіберді. Ойын-күлкі әзілдері жарасқан екі жас жаңа ғана Раушанның сахнада салған әнін тамылжытып, шаттық мұңын қозғағандай еді.

— Шын махаббат осылардікі,— деді Раушан.

— Егіз гүлдей ырғалады да егіледі.

— Біз де ырғала тербеліп тұрғанымыз жоқ па,— деді Нұртаза. Кенет Раушанды өзіне қарай тартып қап, қапсыра құшақтап ернінен құшырлана сүйіп-сүйіп алды. Раушан намысы қорланғандай сезінді. Бар күшін жинап, кеудеден итеріп кеп жіберді. Бір сүйгенін зор мақсатқа санаған Нұртаза, бетіне былш етіп түкір мейлін, былқ етер емес. Көзінің нұрын, жүрегінің дірілін алғандай масайрап тұрды да:

— Ал, енді кетуімізге болады,— деді.

Раушан басын салбыратып үндемеді.

\* \* \*

Концерт енді-енді кейінге қалдырғалы тұрғанда Раушан серіктерімен жетті-ау әйтеуір. Үстіндегі киімдерін шешіп тастап, гримге отырды.

Әбілхан қасына келіп:

— Қалқам, құрып кете жаздадық қой.

— Құрымайсың, ағажан. Кейін сөйлесерміз.

Программ бойынша айтады деген композитордың үміті ақталмады.

Асқад, Шопанмен бірге Раушан өз программасымен айтуға бекінді.

Оған композитор да, Әбілхан да ешбір шара қолдана алмады.

Сахнаның сыртында ию-кию.

Композитор не істерін білмей торығуда.

\* \* \*

Раушан шымылдық алдында.

Оң жағында Шопан, сол жағында Асқад.

Аңтарыла күткен көрермендер, су сепкендей тына қалды.

Раушан кешірім сұрады да, Асқадқа баста дегендей ым қақты. Ақыннан үйренген «Қалдырған» әнін Асқад кобызда, Шопан әнде... Бұрын естімеген тамаша әнді үшеуі бірінен-бірі қағып ап аса шебер орындады.

\* \* \*

Сахнаның сыртындағылар әлі де абыржуда.

Композитор мен Науан жым-жырт. Сұрлана түнеруде.

Әбілхан талып түскендей елтіп тындап тұр.

— Тамаша, тамаша!.. Қуанғаны, жылағаны бірдей.

Үш кісілік трио аяқталып болды. Көрермендер көз алдынан үшеуін жіберер емес. Жайраң қағып үшеуі әлсін-әлсін сахнаға шығып бастарын иді...

Концерт жүріп жатыр.

\* \* \*

Сыртта машинаның қасында Нұртаза мен Асан. Раушанды да, басқаларын да ұятқа қалдырмай кезінде үлгірткеніне мақтанған Нұртаза:

— Жігітім, осылай қимылдау керек,— деп Асанның арқасынан қағып қойды.

Жанының таза еместігін аңғарған Асан өзінше қуланып:

— Соның бәрі сіздің қиялыңызға қалай келе береді. Маған да үйретіңізші,— деп о да күректтей алақанымен арқасынан қақты.

Асанның қағуы қаттырақ тиді ме қалай, ауырсынып:

— Нечего, достым... Сонымен сіз бір оқпен екі қоянды аттыңыз. Іскерлікті енді мен сізден үйренейін.

— Сындыра қол алсаң, бәрін де үйренейін.

— Күйрете де аламын. Ол үшін араз болу керек пе.

Нұртаза түйреп айтқанына түсініп қап:

— Қысқартыңыз былшылды,— деді зекіріп.

— Кешіріңіз, достым... Әпкел қолды.

Нұртаза қолын ұсынды. Қапсыра уыстап сілкіп тастап күйрете қысып жіберді де, Асан тайып тұрды.

— Ах, оңбаған!— Қаусап қалған саусақтарын үрлеп аузына тақады. Көзінен жасы ытып та кетті. Тыжырына ауырсынып,— оңбаған!— Тағы да үрледі.

Филармония. Арада бірер күн өткен.

Күнделікті қызмет. Әр бөлмеде әншілер мен музыканттар жаттығуда.

Репетиция жасайтын кең бөлме. Оң жағында сап түзеген капелла. Сол жағында домбыра оркестрі «Туған ел» араториясына біріккен репетиция.

Концертмейстер Софья Павловна рояльда...

Дирижер өзінің мінбесіне көтерілді. Екі-үш қатардан сап түзеген капелланың адамдарына шола қарап шықты. Одан оң жақтағы ноталарын алдарына жәйіп қойып, аспаптарын күйлей, тас түйін боп дайын отырған оркестрдің адамдарына да көз тастады.

Оркестр мен капелланың біріккен репетициясында «Туған ел» араториясының запивалы. Раушан келмеген. Дирижер Раушанның келмегеніне онша абыржымады.

Жәрдемшісіне:

— Раушан директордан босаса тез келсін,— деп тапсырды да капеллаға бұрылды.

Араторияның кіріспесі.

Софья Павловна рояльда ойнап, хор айтушыларға тон берді. Күңірене басталатын араторияның сыр тұнығы басқаша. Әуен сазы да өзгеше. Тыңдаушының да, орындаушының да көңіліне мұң оралатыны белгілі.

Оның үстіне оркестрдің жебеуі, хордың күңіренуі жүйкенді шымырлатпас еркіне қоймайды.

Экран үзіліс.

\* \* \*

Директордың алдында Раушан. Жайлаудан алған әсері әлі тарқамаған.

Директордың сол жағында Лев Абрамович. Төмен карап жер шұқып қалыпты.

Комитет начальнигінің бұйрығы бойынша концертті болдырмау қауыпына жеткізгендігі және Досболовтың әндерін орындамауы жайында шешім қатал алынған.

Науанның қысымынан аса алмаған директордың көз жанарынан адалдық қасиет аңғарылғанмен қабағы сынық, қапалана түнеріп:

— Қате жасадың, Раушан! Сол құрғырдың әндерін айта салсаң да болатын еді.

— Ұнамаса қалай айтамын...

— Сенің шебер орындауың арқылы о да мәртебе, дәрежеге жетуді көздеді.

Ансамбльді құруды жақсы-ақ бастап едім. Өзің бүлдірдің, әй!— деп қаламды столдың үстіне лақтырып жіберді.

— Сонымен ансамбль құрылмасын деп шешілді ме?

Директор комитет начальнигінің шешімін Раушанға естірткісі келмей, амалсыздан:

— Біріншіден әзірге ерте. Өзін әлі де таныта түссін. Екіншіден тәртібін түзетсін деп отыр.

Раушан түнгі аспанның тұңғиық тереңіндей ойлы көздерін аударып төңкеріп директорға қарады. Көңілін, не бір қилы ыза буып тықыршып.

— Мен начальниктің өзіне барамын,— деді де кете барды.

\* \* \*

Кабинет.

Комитет начальнигі Науанды қисайған жағынан июде, түзету де қиын. Қара ағаштың бұтағы тәрізділер болады ғой. Науан сол.

Кабинетте мәз-майрам, көңілді Досболов екеуі отыр. Отырыстарына қарағанда официально деловой әңгімелері аяқталып, жай қалжыңмен отырған сияқты. Есік ашылып, үстеріне Раушан кіріп келді.

Науан кенет, жиналып, салқын қабақпен:

— Жоғарылатыңыз.

Раушан да салқын сабырмен:

— Рахмет,— деп Досболов отырған креслоға қарсы қойылған екінші креслоға келіп отырды.

Досболов мысқылдай күліп:

— С приездом, Рәке!— деп қолын ұсынды да начальниктің әлпетін байқап:

— Кешіріңіз, мен бөгет болмайын.

Науан әлі салқын қалпында.

— Жақсы! Жақсы! Дархан қуаныштың соғар сәті саған да алыс емес. Не болса да операнды жазып бітірші өзің?— деді, қол алысып қоштасты. Досболов үнсіз отырған Раушанға жымия күліп, мұқатқандай басын иді де кете берді. Аз үнсіздік.

— Ән ұнамаған екен. Көңіліңе қонбаған екен... Сол үшін ауа жайылуға бола ма!

— Болады!— деді Раушан тайсалмастан.

«Болады» деген Раушан сөзі Науанға отты қамшымен бетінен осып жібергендей сезінді.

— Ансамбль құрмақсыз! Ансамбльді алып бару үшін де тәртіп керек... Ақыл керек, бас керек...

— Ансамбль, ол менің өсу жолымның бір белесі ғана!.. Сіз маған ақыл керек, бас керек дедіңіз. Искусствоны басқару үшін де...

Науан тағы да қитығып:

— Алдымен тәртібіңізді түзеңіз!

— Мен тәртібім түзелгенше,— креслоны көрсетіп:— Отырмайсыз ғой.

— Қалай-қалай? Не дедіңіз?

— Не дейтінімді айттым ғой.

— Қысқартыңыз, жолдас Баянова!— Столды қойып жіберді. Танау кетті қусырылып, бет кетті талаурап, көзі кетті ақшиып.— Сізге сөгіс қана беру аз! Қызметтен... филармониядан...— қылғына жұтынған Науан, шығару керек дегендей қорқынышты аңғартады. Сөзін келте қайырып,— солай болады да!..

Раушан жайлап орнынан тұрып шығуға беттеді.

— Егер ол қолыңнан келсе!..

\* \* \*

Науанның алдынан күйініп шыққан Раушанды жан күйерлері тосып тұр еді. Оның жүзіндегі кейістікті көрген Асан, Асқад, Шопандар да үнсіз қарсы алды.

— Жеткен жерім осы бопты. Қызметтен шығарылдым.— Жан күйерлері аң-таң. Раушан басқыштан төмен түсіп көшеге шықты. Келе жатыр, келе жатыр. Ойында тек ансамбль. Ой арпалысымен филармонияда жүріп жатқан араторияның репетициясына бір-ақ келді.

\* \* \*

Дирижер... оркестр... капелла...  
Раушан барлығының алдында. Қабағы сынық. Көңілі жадау.

Дирижер не күйде келгенін сұраған жоқ...  
Жан дүниесі кінәратсыз, ой тұнығы терең. Раушан дирижердің қарауында. Дирижер оның мөлт-мөлт еткен көзінен «Сілтей бер шыбығыңды» дегендей, жанары жайнап жанының оты лапылдап келгенін бірден сезді де Раушанға баста дегендей қолын сілтеді.

Раушан араторияны бастай жөнелді.  
Көшкен елдей күңірене қозғалып, тебірене сыр төкті... Ой арпалысы, көңілді де, жанды да дір еткізіп, арбап барады.

Раушан аңырата, зарлата толғады...  
Оркестр де, хордағылар да тұңғық сыр тұнығына терең бойлап тына қалды.

Раушанның аңыраған зарлы үніне таңданбасқа шара жоқ... Көз жасы омырауына тамшылап, жан күйі діріл қағып берді дейсің кеп...

Оркестр... Хор... Раушан... Дирижер!  
Төртеуінің тұтасқан күшін суреттеп жеткізу де қиын. Хордағы әйелдер мен оркестрдегі қыздар мен жігіттердің айтқанда бұл көріністі феноменальный — қайталауы қиын, шабытты, сәтті сағаты десе де болады.

\* \* \*

Есік көзінде тыңдап тұрған жан күйерлерінің де көңілдері босады. Асқад күйініп:

— Осындай өнерлі әншіге ансамбльді қимау обал емес пе, достарым?— деді Шопан мен Асанға...

Асан шұғыл шарасын іздеуде.

Шопан болса қызметі шешілмей жарты жолда қалғандығына уайымдап:

— Сен екеуің лектіңдер... Мені айтсаңшы?— Қайғырған пішінде.

— Ә, біздің де жетіскеніміз шамалы. Бері жүріңдер.— Түнере томсарған Шопан мен Асқадты Асан көшеге алып шықты...

— Министрдің өзіне барсақ,— деді Асан.

— Ол, сені қабылдай қоярын қайдан білдің.

Асан... Шұғыл ойланып:

— Таптым, еріңдер маған!

\* \* \*

Филармонияның алды.

Нұртаза «Волгасымен» Раушанды күтіп тұр. Әлсін-әлсін темекісін тартады, сағатына қарайды.

Репетициядан шабытты жігермен шыққан Раушан, таза ауаға шығысымен:

— Ах! Түн қандай тамаша!— деп серпіле беріп, күтіп тұрған Нұртазаға көзі түсті де кенет колонна қалтарысына жасырынды. Осы сәтте ойы әлем-тапырық. Ыза ма, кек пе, өкпе-наз ба — өзі де білмейді. Аз сұлық тұрды да бойын жиып, ілгері беттеді.

— Раушан?— деді күтіп тұрған Нұртаза.

Раушан жауап қайтармады. Сұлық тұрған Раушанды білегінен қапсыра ұстай алып өзіне қарай жұлқи тартып еді, қайсар Раушан құшағына орала қоймады.— Мені де бір аясаңшы?— деді де машинаның есігін ашты. Раушан Нұртазаға терең мағналы түрде екі ұштылау ғып:

— Шынында аяныштысың,— деді де машинаның есігін жапты.

— Қайда тартайын?

— Қайда болушы еді, үйге де...

Раушанның өз сыры өзінде. Оның да шешпек түйіні жоқ емес.

Нұртаза машинасына от алғызып:

— Таза ауада дем алсаң, кафеге барып тамақтансақ қайтеді?

Машина сырғи жөнелді.

Парк. Айнала су, ортасында орнатылған кафе. Алыстан су бетінде жүзген бейнебір кеме тәрізді көрінеді.

Кафеде кісі көп. Бір столда қасында эстраданың артисткасы бар, композитор Досболов та отыр еді.

Раушан үшін кафедегі адамдардың жаттығы жоқ. Дегенмен де мұндай жерге көп келіп дағдыланбағаннан ба, аздап ұялатын секілді. Көңілді музыканың жетелеуінде ығы-жығы билеп жүрген адамдар. Олардың ішінде Раушанды көріп қалғандары мейірімді жүзбен ишарат білдіріп сәлемдесіп те қояды.

— Оһо, біздің тентек сұлу да келіп қалыпты ғой. Өңі сынық қой өзінің?!. Оңай ма,— деп актриса да аяғансыды.

— Столға шақырсақ қайтеді!?

— Жоқ, керек емес!

Аса жылпос қимылдап, официанткаға заказды үсті-үстіне берген Нұртаза өзін мейлінше батыл, жоғары ұстады.

Қатарындағы композитор мен актрисаның масайраған күбір-сыбырын анық естімесе де сезеді.

Раушанмен бірге осы отырғанын мақтан көрген Нұртаза:

— Ашшы қабағынды! Серпілші? Керістік те келістік деші?!— деп коньяк құйған рюмкасын Раушанның рюмкасына түйістірді.

Ызалы Раушан тартынбады. Екпінмен рюмкасын қаттырақ соғыстырып шімірікпестен тартып жіберді.

Нұртазаға керегінің өзі сол еді. Лып етіп орнынан тұрып буфетке қарай беттегенде композитордың қасынан жанай өтті. Композитор Нұртazаның иығынан ұстай алып:

— Еңбегін еш бола ма дейтін едім... Жігіт екенсің!

— Я бы сказала прекрасная пара!— деп актриса Нұртазаға шампан ұсынды.

— Қанеки, алып жібер!

Манадан бері қатардағы столдың бірінде, шашы жалбыраған, киімі жұпыны қарапайым біреу Раушанға көз алмай қарап отыр.

\* \* \*

— Талантты асаудың торыңа түскені үшін!— деп композитор Нұртазамен екінші рет бокал соғыстырды.

Осы кезде оркестрде Досболовтың әні тартылады.

Шашы жалбыраған қарапайым, жағасының ағытылған түймелерін салып, шашын саусақтарымен тарап ретке келтірді де Раушанның қасына келді.

— Кешір, қалқам. Бұл кімнің әні?— деп сұрады Раушаннан.

— Алдыңызда тұрған композитор Досболовтың әні.

— Досболов деген композиторды естісем, құлағым керең болсын.

— Прекратите, ақсақал!— деп ыза кернеген Досболов өре түрегелді.

Қарапайым Досболовқа үңіліп:

— Эх ты!..— деп қолды бір-ақ сілтеп шығып жүре берді.

Досболов булығып отыра алмай темекісін бір өшіреді, бір тұтатады.

Болған ыңғайсыздықты жуып-шаю ниетімен Нұртаза Досболовқа:

— Ту, соның сөзі не, өзі не. Біз қазір...— әйелдерден кешірім сұрады да Досболовты алып шықты.

Бағанадан үнсіз, өз ойымен өзі алпарысып отырған Раушанға келіп актриса:

— Ой, сондай ұят болды.

— Сен ұятты қайтесің... Қайтпаймыз ба,— деп орнынан тұрды.

— Сірә кеткеніміз жөн болар,— деді, қипақтап Раушанның соңынан ерді.

\* \* \*

Кафенің алды. Нұртazаның «Волгасының» қасында Досболов екеуі сөйлесіп тұр.

— Дұрыс айтасың! Түсті білем торыма... Ризамын тағдырыма. Қайран ақшаның күші не істетпейді? Жаяу жүрсем жетермедім!? Дүйім жұрттың алдында өстіп еркін есермедім. Раушан гүлдің тікенегін жұлып ап уысыма қысып қош иісін иіскермедім?! Жеңіс деп міне соны айт,— деп есіп тұрған үстіне Раушан да келіп қалды... Жалт бұрылды. Дереву қол сумкасынан қарындаш-қағаз алды. «Билетіңнің ақшасы, мені сыйлаған ақшаңыз. Мы с вами в расчете» деп жазды да, конверттің ішіне екі жүз сомдықты салды да актрисаның қолына берді.

— Бар, апарып бер.

Актриса Нұртазаға табыс етті. Нұртаза конвертті ашты. Өңі бұзылып, кафеден сәл ұзап кетіп бара жатқан Раушанның алдын орады.

— Жок, әлі де менің айырмаған есебім бар сен қыз-

да. Асан, Асқад, Шопандар жолдың тасасынан шыға келді.

— Бізбен айырыңыз есебіңізді!

\* \* \*

Түн. Жұлдыздар мен қала жарығы. Раушан өз бөлмесінде. Көңілсіз... Болмай қалған концерт. Алынған сөгіс... Ансамбль құрамын деген арман... Ол аз болса, қызметтен де шығарылды. Азамат деп арқа сүйермін бе деген үміті де үзілгендей. Осының бәрі Раушан жанына түскен үлкен ауыртпалық. Көтеріп кете ала ма, жоқ па? Тап осы сәтте дағдарыста, кеудесі толы күйінішпен тығылып келген Раушан, оңашада өксіп-өксіп көзіне жас алды.

Қос анасы, қызына үндеуге бата алмай қарап тұр.

Раушан жалт бұрылды да қос анасына:

— Неменеге мәліе қалдыңдар?

— Енді не болдық, елге не дейміз, жұртқа не дейміз?..— Наушаның бастап беруі мұң екен. Торша да қуыра жөнелді.

— Директорыңды тыңдама! Бізді тыңдама! Біздей апалар ұлын ұяға, қызын қияға қондырды.

— Ия!

— Бері кел, бері!

— Ал келдік. Құлағым сізде.

— Отыр. Бүгіннен бастап ұзынды-қысқалы некен саяктарыңды құрт.

— Некен саяк? Сондағы айтпағың Нұртаза ғой!

— Бой қандай, сымбат қандай, келбет қандай!..

— Көркіне көз тойғандай!

— Иіліп жастық, жығылып төсек... қарға адым жер жаяу жүргізбейді-ау...

— Армандарың сол ғана болса, өзім де машинаға ертең-ақ...

— Немене, жар болуға жарамай ма?

— Жарамайды. Жарамайды.

— Не дейді?!— Науша да шошып,— не дейсің?!

— Қоймадыңдар ғой еркіме! Мырзалығы айласы... сыпайылығы сұмдығы... Ол менен гөрі менің фамилиямды көбірек сүйеді. Осымеді естімектерің?!

— Жарайды! Жігіт басына да су құйылды делік...

Мұныңа да көнелік.— Раушанның ақтарыла айтқан сырын түйген Науша:

— Не көрмеген біздің бас.

— Композитор балаға ғой, қылғаның анау.

— Ай, оған сол керек.

— Тыртындама! Ойбай бір керемет мықты... теңдесі жоқ талант шықты... Демедің бе?

— Дедім!

— Енді не боп қалыпты?!

— Ән мен күйді ақшаға балап, қалтасы толды, ісініп барады. Өсетұғын, өрлейтұғын шағында өнері солып бітіп барады! Соған күйінем!

— Өспесе атамнан әрі, оған сенің нең шықты?

Торшаның тым қатты кеткеніне қысылған Науша:

— Жақсы-жаманын ел айтар... Қайтесің, қызым, китықты?

— Тамаша айттың, апажан!..

Торшаға түсіндіргісі кеп Раушан:

— Не шықты? Қалай десем... ол маған замандас, қатар... мен айтпасам кім айтар?!

— Жетістіріпті замандасың... Осы қыздан неге қорқатындарын білмеймін... Жынды депті!

— Естігем. Әзірге айтқанын істетті.— Раушанның қиналып қалғанын сезген Науша.

— Ерегіс ерді де қажытады, басың жас, затың әйел... байқа, қызым!

— Сол керек!.. Өзгені қайтейін... начальникте несі бар, деймін-ау мұның?!

— Апажандар! Осымен қойсақ қайтеді,— деп кетуге беттейді.

— Қашқалақтама! Қоймаймын, айтарым көп әлі де.

— Құдайға шүкір, еңбегің ақталып келеді. Бағың да, дәреже де жетерлік... әніңмен ғана...— деп Науша ескертіп те қояды.

— Айтқаныңыз орынды, апажан! Ол үшін қарыздармын халқыма! Тек Науан Қармановичқа емес!

— Начальникпен ойнама сен...

— Уһх... Менің жыным қоза бастайды енді!..

— Ал сен жынданба?!

— Жынданам сол?!.. Қарманов қалай келді осы орынға? Неғып отыр!

Раушанның Науанға деген ашу-ызасы намысқа айналды. Оның әрбір сөзі іске айғақ шындықтың өзі бола-

тын. Начальник Кармановты... көрдіңіз бе? Пысық жігіт.... Келе сала квартир де болды, жемдестерімен жең ұшынан жалғасып үйі полированный мебельге толы...

Даңғырлаған ескі рояльмен ұзақты күн ән айтып құлағым талады, бізге деген су жаңа пианиноны өз үйіне көшірді. Тарификация тізгіні қолында... жерлес те, жемдес те көбейді. Сахнаның жасауын да тонады. Сол тонағыш өнер ісін басқарады. Соған күйінем де жынданам!

Соңғы кезде қызының не үшін күйініп жүргеніне қосананың көзі енді ғана жетті...

\* \* \*

Раушанның үйі. Ауланың іші. Мезгіл күндіз. Торша мен Науша қызының сәтсіз жағдайға кездескеніне кейіп жүріп дағдылы тірлік шаруалармен шұғылдануда. Перчатка, аяғында ақ туфлисi, жайбарақат шығып тұрған Раушанға Торша:

— Бұл не тұрыс? Жұмысыңа бармаймысың?

— Барғым келмейді.

— Бармағанда не істемексің?

— Тамақ тоқ... көйлек көп, потелекке түкіреді де жағтады қызың! Түске дейін тоғайға, түстен кейін көлге барам...

— Жынданған шығарсың!

Қызының қиқарсып тұрғанын сезген Науша:

— Баяғыда Ақан сері жынданыпты дейтін еді. Одан айырмаң, қызым, үйге қонасың әйтеуір!..

— Қыжырта берсеңдер, өзім де сөйтпек ойым бар! Көл жағасы... Аспанда жұлдыз... Су сарыны тым-тырыс тыныштықта, ән оралды тіліңе... күй оралар көңілге!.. Ақан ағам білген ғой! Ха-ха-ха-ха!— деді де кенет әлденеге дегбірсізденгендей жан-жаққа елегізе қарап, Раушан:

— Неге кешікті бұлар? Ендігі бірі келсе керек еді!..

— Ә, солаймекен? Кергітін кісісің ғой!

— Жетті ғой енді жерлеуің?! Мен бір жетісіп отырмын ба екен?— деді де, қамығып жүрген Раушан көңіл күйін баяу салған әнімен шертті.

Қос ана да қызының әні мен әуеніне батып, тұңғыық сырға бөленгендей ойда отыр! Екеуі бір-бірімен көздерімен ұғысып, жүректерімен кеңескендей болады. Тағы да тағатсыз тірлік, қызының тағдыры. Ауыр күрсініп те

қояды. Осы кезде қақпа алдына филармония директоры Әбілханның «Волгасы» келіп тоқтайды. Машинадан Асқад, Асан, Шопандар түсті де Раушан әнін естіп кілт кідірді. Аяқтарының ұшымен басып, ауланың сыртынан бастарын қылтитып тыңдап тұр. Көздерінен Раушанға деген тілектестіктері де, жан ашыған қимастықтары да, ала келген қуанышты сырлары да аңғарылғандай.

Раушан әнінің қайырмасына үшеуі де үн қосты.

Бұларды көрген Торша тыжырына қалып:

— Тағы да келді ме мына перілер!— деп өрекиін деп еді, Науша сабыр тұтып:

— Сені мен менің өрем жететін іс көрінбейді, қайтесін! Өздері табар орайын,— деп Торшаны қоярда-қоймай үйге алып кірді.

Достар әнмен табысты.

— Қане, айтындаршы, не боп жатыр?— Қуанғаннан есі шығып абайламапты да. Раушанның көзі жан күйерлеріне енді ғана түсті. Аң-таң. Қатар түзеп қарсы алды. Алдына тұра қалған үшеуіне алма-кезек үңілуде. Сенерін де сенбесін де білмейді. Еңгезердей Асанның аяғынан басына дейін түгел қарап шықты да, бойын барынша соза үңіліп:

— Асан аға?!

Бұрын біз көріп жүрген Асан емес... Үстінде шыт жаңа қара костюм. Аяғында жылтыр қара үшкір тұмсық туфли, ақ көйлек, қара галстук. Сақияп тұр. Раушанға қарап, ойнақы гүж ете түсіп:

— Дәл өзі.

— Ия, ...өзі....

Одан Раушан Асқадты айнала шолып, о жер бұ жерін саусағымен түртіп көріп:

— Мынау өзіміздің Асекең?

Асқадтың үстінде көкшіл костюм. Бұл да сықырлап тұр. Раушанның таңырқағанын қызық көрген Асқад өзінше қуланып, эстрада артистеріне тән, пластикалық қимылымен аяқтарын ирелеңдете екі қолын ербелдете майысып тәжім етті де:

— Да-с-с, айна қатесі жоқ өзіңіздің Асекең.

— Мерси... Асеке,— деп аңырған Раушан Асқадтан өтіп, енді шыр айналып отырып Шопанға келді.

Бұл бәрінен де өткен. Ұзын бойлы, талдырмаш денесіне ақ чечуншадан әсем тігілген тар балақ шалбарлы

костюм киген де, шыбықтай сымбатты, қыздай жігіт болған да шыққан. Көздің отын алғандай... Дәл бір үйлену тойынан кейін сапарға шыққалы тұрған жігіт дерлік.

Раушан Шопан көзіне өзгесіндей емес, ұзақ үңіле алмады. Ұзын-ұзын кірпіктері қыз әлсіздігін аңғартқандай, төмен төңкеріле түсті де:

— Шопан жігіт!..— деді даусы діріл қағып.

Шопанда үн жоқ. Тек Раушанға тоймай қарап майысады.

Алыстан тартып әкелген әнің еді, қасындамын қашанда деп тұрғандай...

Жан күйерлерінің бұл келісі, Раушанның есін бірден жидыра қоймады.

— Түк түсінсем бұйырмасын?!

Өзін өзгелерден бөлекше байсалды да бекем ұстаған Асан бұйыра сөйлеп:

— Барған соң бәрін де түсінесің. Прашу, машинаға отырыңыз.

Алқына сөйлеп, асықтыра қимылдаған Асқад:

— Бар дүние бір өзіңе қарап тұр, Раушантай,— деді, қолымен нұсқап жол ашты.

Раушан көңілі әлде нені сезгендей. Ұшқыр қиял, өткір сезім әлде қайда жетелегендей... Алыстағы сағымдай болған арманы, дәл қасында тұрғандай.

Алып ұшып жүрегі.

— Мен әзірмін, достар!— деді де машинаға беттеді. Асқад. Асан, Шопандар соңында. Ауладан шыға бере қос ана терезеден қарап қалған:

— Мен білсем... Тегін емес бұл жүрісі.

— Ақ маңдайың ашылғаяқ!..

\* \* \*

Филармонияның репетиция залы. Жігіттер мен қыздар аралас, ансамбль құрамында он жеті адам. Барлығының үстінде шет ел сапарына арналып тігілген костюм. Аспаптары да жарқырап тұр. Әр қайсысы өз орнында жаттығып та, аспаптарын күйіне келтіріп те отырған үстіне Асан, Асқад, Шопан, Раушан кіріп келді. Барлығы орындарынан тұрып сәлем етті. Келген бетте Асан:

— Ансамбльдерің құтты болсын, жігіттер!— Аспаптары қолында, түрегеп тұрған ансамбль құрамы түгелдей бір ауыздан:

— Айтқаныңыз келсін!— деп үн қатты. Директор Асан бәріне түгел сындарлы көзбен қарап шықты да ырзалығын білдіріп:

— Жарайсыңдар, жігіттер, отырыңдар!

Раушанның қуанышында шек жоқ. Күлімдеп әр қайсысына бір қарай береді. Асан сағатына қарап асығыстығын аңғартты да Раушанға.

— Ал, Раушан, іске сәт!

Манадан эзир тұрған Раушан әні, көзі ашылған бұлақтай... Сылдырай ағып, тасқын судай кемерінен аса төгілердей түрі бар. Сахнаға шығар әдетінше Раушан ілезде өзгеріп, моп-момақан баладай монтиып келіп орнына тұра қалды да, бастай беріндер, дегендей иек қакты.

Ансамбль «Туған ел» араториясындағы лейтмотивін ойнай жөнелді... Запивалы. Раушан...

Филармония директорының кабинеті. Асан директорлық қызметінде. Кабинетте Лев Абрамович. Жауапкершілігі, өзін өзі ұстауы мығым. Аздап маңғаздығы да бар. Жүрісі салмакты. Жүзінде орынды жерінде айбар, орынды жерінде ызғарлығы да сезіледі.

Лев Абрамович тауықтың сирағын жұлып ап, аузына толтыра малмандап қояр емес.

— Оу, енді қашан?

— Кешіріңіз! Қазір,— дейді де Лев Абрамович аузындағы асын жұтып болып, папкісінен ансамбль мүшелерінің тарификациядан өткізілген қаулысын ұсынды, Асан қаулыны көзімен сыдыртып өтті де:

— Бұ да болса біздің бақ! Науан Қарманович болғанда ғой...

— Онда менің сорым-тағы... Атай көрмеңіз. Аты өшсін аты өшкірдің.— Телефон шылдырлайды. Асан тұтқаны алып Лев Абрамовичқа:— Жаңа начальнигіміз! О! Сәлем, сәлем, Әбілхан аға!— Науан Қармановичтің орнына начальник болған Әбілханның сөзі тұтқадан анык естіліп тұруға тиісті.

— Москвадан ба?

— Москвадан.

— Сүйінші демейсіз бе одан да! Бастап баруына кімді ұйғардыңдар?— деп сұрады Асан.

— Мәдениет министрлігі өзінді ұйғарды.— Телефонның тұтқасын Асан қалай ілгенін өзі сезбей қалды. Дәл осы сәтте бар жауапкершілік өзіне түсетінін енді ғана білді.

— Әзірлік...

— Ия, әзірлік.

— Әзірлік үстіне әзірлік...

\* \* \*

Театрдың алды ығы-жығы. Билет іздеп сапырылысқан адамдар.

— Басы артық билеттеріңіз бар ма?

— Жок...

\* \* \*

Зал лық толы. Шетелге аттанар алдындағы сын концерті.

Сахнада ансамбль құрамы мен Раушан.

Директор Асан, Лев Абрамовичтің көзімен экран түгелдей жүріп жатқан концерттен шет елдердің театр сахнасына ауысады. Қазақ топырағында туған Раушан қыздың әндері даралана шырқалады. Ән үстінде шетел корреспонденттеріне Асан жауап береді.

— Асан мырза... Бұл керемет әнші қыз, қандай адамның қызы?.. Сіздерде миллионер жоқ қой?— деп сұрады корреспондент.

— Неге жоқ. Бізде колхоз атаулы миллионер. Әкесі неміс фашистерімен соғыста қаза болған жетім қыз.

— Кім оқытты бұл қызды?

— Совет үкіметі.

— А, а.. солай де!

— Солай... Корреспондент мырза.

Көз алдымызда бірінен соң бірі сапырылысып өтіп жатқан шетел газет-журналдарының бетінде Раушанның суреті. Енді бірінде ансамбль құрамы түгел, ортасында Асан мен Раушан ағалы-қарындастай күлімдеп қатар түскен.

Асанның көзімен экран бірқатар елді аралап, өзі тұрған театрдың сахнасына ауысады.

Сахнада ансамбль құрамындағы музыканттардың сүйемелдеуімен Раушан Индия халқының әндерін орындап тұр.

Дели қаласындағы сәулетті сарайында концерт беріп жатқан Раушан.

Достық құшағын жайып, гүл тапсырған Индияның ұл-қыздары.

Осы айтылғандардың барлығы да экран бетін түгел алған фонда болуға тиісті. Осы фонның бетінде күн шұғыласына шағылысқан даңқты самолетіміз «ТУ—104» Раушан әнін Лондон, Париж, Бруссельдерге жеткізіп, одан Москваға, Москвадан Алматыға әкеліп қондыруға тиісті.

Аэропорт.

Шетел сапарынан келе жатқан Раушанды Әбілхан бастаған искусствоның қайраткерлері күтіп тұр. Қолдарында шоқ-шоқ гүлдер.

«ТУ—104» биік аспанда қалықтай ұшып келеді. Самолетпен бірге сорғалай төгілген Раушанның әні де келе жатқан тәрізді.

Самолеттің ішінде ансамбль құрамы түгел, Раушанның бейнесі көрінеді. Оның жүзі бақыт нұрына бөленіп, туған ел, туған жер деп тұрғандай.

Күн қандай шуақ, жұрт қандай көңілді. Ән қандай әсем десеңші...

Соңы

# АРАСАН

(Киноповесть)

Өзен. Ағысы тынық, кемері кең, иіріле созылған дала өзені.

Өзеннің екі жақ жағалауы сұрғылт құмайт. Сусымалы құм. Иірім қолтығында қалың өскен шеңгел мен құба талдар, кәрі заманның айғағы тәрізді үйеңкі ағаштары да жиі ұшырайды...

Суының реңі де сұрғылттау... Жайылымының табанында балауса құрақ пен қалың қамыстар да кездеседі.

Осы бір иі қатты, әуе райы қатал, ыстық табы күйдіріп тұратын өзен жағалауында Арасан курорты.

Көшелері қысқа. Төбелерін шипырмен жапқан жаз тұруға ғана бейім, біріне-бірі ұқсас тақтай корпусстар.

Қырдан құлайтын құмды жолмен қара «Волга» ызғытып келеді. Курорттың дарбазасынан өтіп, санатория кеңсесінің баспалдағын жанай келіп тоқтады. «Волгадан» ешкім де түскен жоқ. Кеңседен ақ халатты медсестра шықты. «Волганың» ішінде отырған әйелге үңіле қарады. Көкшіл көзі жаутаңдап, бәйек бола кішіпейілдікпен қарсы алды.

Машинаның кабинасынан саусақтары быртиған, шомбыл, жуан білек курорттың путевкасына паспортын қосып медсестраға ұсына берді. Медсестра путевка мөн паспортты алды. Кейін бұрылып жүре бергенде быртиған жуан саусақ бері кел дегендей ым қақты. Медсестра жалпақтап кабинаның терезесіне жүзін тақап тағы да үңілді. Быртиған қол сұқ саусағын шошайтты. Медсестра болады дегендей ишарат білдірді. Кабинада отырған әйел әр әрпін барынша созып:

— Правительственный болсын!

— Правительственный болады...

\* \* \*

Кеңсенің іші.

Путевкелерді тіркейтін терезенің көзінде кезек күтіп он шақты адам тұр. Орыс, қазақ, ұйғыр, өзбегі аралас.

Ашаң бойлы, өңі сұрғылт, шүңірек көз, капитан шеніндегі жас жігіт те тіркеушіге путевкесін тапсырған. Тесіктен басын сұғып, тіркеуші қызға құштарындай өзеуреп:

— О, Афилия, Афрадит, Дюльсина... Сен сол үш қыздың қайсысың? Маған болса правительственный палата, болмаса жеке палата беріңіз...

Тіркеуші қыздың жүзі көрінбегендіктен даусы естіледі.

— Правительственный да, жеке палата да жоқ!

-- Ә, екі кісілік бар ма?

— Екі кісілік бар.

— Мені соған жаза ғой!

Қолында тіркеуші қыздың берген талоны. Капитан сығылыса кезекте тұрушылардан сытылып оңаша шығады. Талондағы жазуды оқиды.

#### «5-КОРПУС, 2-ПАЛАТА. БАҚСАЕВ БАТАШ»

\* \* \*

Жеңіл чемоданы қолында. Плашын қарына ілген Баташ бесінші корпустың алдында мешел қартқа сәлем берді.

— Ассалаумағалайкүм, қария.

— Уағаликум ассалам!

Қарт алақанын кеудесіне басып сәлемін алды.

Баташ чемоданын коляскенің жанына қойды да, қартқа қолын ұсынды. Тарамыстай екі қол қапсыра қауышты. Екеуі де сөзуар. Қол ұстасып тұрып бірінен бірі жөн сұрасты.

— Қай туған боласыз?

— Каспий деңіз жағалауынан.

— Деңізшімісің?

— Деңізшімін. Өзіңіз кім боласыз?

— Өзім, кеудем күн шуаққа сүйресе бөксем жерге сүйреген жанмын.

— Күнді сүйеді екенсіз ғой.

— Жат дейді маған сырқат.

— Жат десе де жатпаныз. Атыңыз кім?

— Атым Бұламбай.

— Кәсібіңіз не еді?

— Сушы, мұрабпын.

— Әріптес болдық.

Ыстық жел желпіп өтті. Шал тер денесіне жабысқан көйлегін кеберзітіп аз желпінді. Баташ кителінің түймесін ағытып, кеудесін желге тосты. Жел денені сергіткендей ме, қалай! Баташ рахаттанып:

— Бұл жердің желі де шипа, суы да шипа... денеге жылы сезіледі екен, қария.

— Киелі ғой жарықтық. Кәдімгі ертегіде айтатын Арасаның осы, балам. Мені колонка қасына жеткізіп салшы?

Баташ колясканы қозғап Бұламбайды су колонкасының қасына жеткізді. Бұламбай еңкейіп колонканың қасында жатқан су сепкіш шлангіны алды.

— Енді түбін колонканың шүмегіне кигізіп жібер, балам....

— Не істемексіз?

— Қарап отыралмаймын. Ішім пысады. Гүлдерге су себейін.

Бізге таныс медсестра бар қасында, қара «Волгадан» әйел түсті. Басында ши қалпақ. Бой сымбаты сом. Арқа бітісінен қарағанда аса сұлу көрінеді. Әттең бет пішіні ұсқынсыздау. Тек қана бетінің ажарын көзі ғана келтіріп тұрғандай. Көзі ызғарлы да, отты да...

Әйел қолындағы қара жібек қолқабын шешіп қалтасына салды. Машинаның багажнигінен жалтырауық екі былғары чемоданды түсірткізді. Эмалированный қол бидон, тоқыма корзинка, ала сапиян сумке, жайнауық шара, порфор шәйнек, кіші-гірім үйдің ыдыс-аяғын өзімен бірге ала келген.

Шофер заттарын түсіріп болып әйелден бензин алуға ақша сұрады. Әйел жалпақ сумкені ашып шоферға он сом ақша берді.

— Алдағы жексенбіде келсін.

— Айтайын.

— Базардан бағылан ала келсін.

— Хош сау болыңыз, Айғаным. Жақсылап дем алыңыз. Емделіңіз,— деп шофер машинаның бетін кейін бұрып тартып отырды.

Медсестра нәрселерді кіргізіп жүр.

Колонканың қасында тұрған Баташ Айғанымға басын изеп сәлем етіп еді, Айғаным сәлемін ала қоймады.

Баташ егескендей екінші рет сәлем етті.

Айғаным көрмегенсіп теріс бұрылды. Баташ аңқалаңдап қасына жетіп келіп:

— Армысыз, жеңгей!— деп қолын ұсынды.

— Бар бол, қайным. Мына чемоданды көтеріп кіргізіп бере салшы,— деді өтініп.

— Өзім де сіздің чемоданыңызды кіргізіп беруге келдім...

— Елгезек екенсің.

— Жасы үлкенге қызмет, кішіге ізет демей ме, жеңгесі...

Баташ қос чемоданды көтеріп корпуске ала жөнелді. Баспалдактан шыға беріп сүріне-қабына етбетінен жығылды. Оқыс қимылынан қақпағын сірестіре жапқан чемоданның кілті ашылып кетті. Ішіндегі заттары баспалдақтың үстіне де, сыртына да бытырай шашылды.

Баташ баспалдақтың сыртына түскен заттарды жинауға мұршасы келмей, үстіне түскендерін ұмар-жұмар жинай бастады. Қалпақтың неше түрі, лактеген туфли, сүйір тұмсық, аласа, биік өкшелі туфлиінің бір нешеуін, қос-қос помбарқыт көйлектерді сипай сілкіп чемоданға салып жатыр.

Сөйткенше болмады. Үйіре ұйтқыған ала құйын аяқ астынан соғып өтті. Ілезде корпустың алды шаңға көмілді де қалды... Есік сарт-сұрт жабылды. Терезенің перделері алай-түлей...

— Ойбай, ұшырып әкетті! Ұстандар!— деді Айғаным шаңға тұншыға шашалып...

— Нені әкетті, жеңгей?!

— Жібек дамбалым... Жібек шарпымды әкетті...

— Қайда әкетті...

— Өне, өне!..

Баташтың екі көзі аспанда. Борай көтерілген шаңның ішінде ұлпілдеген жасыл жібек шарф, аударыла, төңкеріле ұйтқып кетіп барады. Дамбал көрінбейді.

Баташ аспанға қарап алақтап құйынды қуа жөнелді. Құйын аспанда... Баташ жерде... Ентіге жүгіреді. Тура лап та, төтелеп те жүгіреді. Құйын жеткізе ме... Жасыл шарфты көше-көшенің бойымен, корпустардың үстімен ұшырып апарып, өзеннің үстіне желбіретіп тастай салды. Жанталаса жүгіре қуып келе жатқан Баташ та ойланбады. Кителінің түймесін ағытуға аял таппай, бытырлатып үзді де үстінен сыпырып тастап, күмп беріп өзенге

койып кетті. Құлаштай жүзіп барып шарфты алып шықты.

Өзен жиегіндегі құмда күнге қызып, дем алып жатқандар да Баташтың ерлігіне сүйсіне қарады...

— Көз жоқ, ер екен!..

— Сабазыңның жүзгішін-ай!..

Жағалаудағы адамдар қара көзілдіріктің астынан әлі де қарауда. Үсті суға малшынған Баташ, ешбір қиналғанын білдірмей трусишең жалаңаштардың ортасынан басын изеп қақ жарып өте шықты.

Келе жатып, үйдің іргесіндегі қоршаулардың түбінен, ағаш-ағаштың басынан дамбалды іздеді. Дамбал теректің бұтасына ілініп қалған екен. Терекке өрмелеп дамбалды алды...

Үсті-басы су, алқы-талқы болған Баташ корпусіне оралып келгенше Айғаным да нәрселерін палатаға кіргізіп жайғасқан еді.

Баташты Айғанымнан басқа корпустегі адамдар аялай аймалап қарсы алды.

Баташ Айғанымды іздеді.

Айғаным палатада. Не болса да өз қолынан тапсыруды борыш санаған Баташ корпустегілер қаншама аяласа да аялдамады.

— Жеңгей қай палатада?

— Тоғызыншыда.

Баташ алқы-талқы күйінде палатаға кірді.

Әдепкіде көз тоқтатпаған Баташ, енді Айғанымды анықтап көрді. Сырт сымбаты қандай сұлу. Бет пішіні мәз емес екен деп көңіл суи қалды. Бірақ та оны білгізбей дамбал мен шарфты өз қолына табыс етті.

— Кешіріңіз, жеңгей. Жел тұрса селт етпеңіз, құйын ұрса бүлк етпеңіз.

— Рахмет, шырағым,— деп Айғаным алғысын айтты.

Баташ кідірмеді, палатадан қайыра шыққанда халық артискасы Баршагүл де жолына орала кетті...

— Не деген ақ жарқын едіңіз... Киімдерінді шешініз... Тоңып қалған жоқсыз ба?..— деп үстіндегі түймесі үзілген кителі мен суға малшынған шалбарының кір шаңын тазартуға шешкізіп алды.

— Жуынып ал, батырым...

Қолына сабын берді.

Баташ сабынды алып, қайда көрдім дегендей ойла-нып тұр...

— Жуыныңыз.

Шашы жалбыраған ақ кительді жазушы таяғына сүйеніп іштей бағуда.

Баташ қайда көргенін ойлап тапты-ау әйтеуір.

— Мен сізді экраннан да, сахнадан да көрдім.

— Көрсеңіз көрген боларсыз...

Екеуі де жылы шыраймен біріне-бірі жымия күлімсіреді.

Сол күнгі кеш. Самалды салқын кеш.

Күн өзен үстін алқызыл сәулеге бояп, ұясына батып барады.

Аспанда қызыл шарпы бұлт. Бұл жердің бұлты да жерінің реңіне қарай. Күндіз ақшыл да, кешке қарай қызғылт.

Баташ Бұламбайды коляскамен сүйреп өзенді жағалап жүріп келеді. Кителінің үзілген түймесі қадалмаған. Шашын да жөндеп тарамаған.

Бұламбай өзен үстіндегі алқызыл сәулеге көз тастады.

— Балам, кішкене кідірші.

Баташ колясканы тоқтатып кідірді.

Екеуі өзен бетіндегі алқызыл тұныққа көз алмастан қарап тұр.

— Бұл жердің тірлігі күнмен бірге шығады. Күнмен бірге тынады,— деді Бұламбай.

— Сіз ақын неге болмағансыз,— деді Баташ қарттың жан сұлулығына сүйсініп.

— Ал, біздің жердің тірлігі, судан басталады да, сумен тынады... Деңіз сусындырады да, деңіз қоректендіреді,— деп Баташ өз жерін таныстырды.

Қолдарында бір-бір стакан, емделушілермен бірге Баташ пен Бұламбай да минералды қайнардың басына су ісуге келді.

Тақтай будке. Жез шүмектен үзбей ағып жатқан минералды қайнар суы. Баташ дәу кружкеге толтырып алды да Бұламбайға берді. Бұламбай екі-үшеуін жөппелдеметіп бірден сімірді. Баташтың алғаш татуы еді. Тамсанып тұрып.

— Тамаша екен... Арасан десе арасан...

— Қасиетті су, сарқытын жерге төкпе,— деп Бұламбай ескертіп те қойды.

Минералды қайнардың басында Баршагүл мен жазушы да кездесті.

Қолдарында су құйып алған графин.

Баршагүлдің Баташқа деген ықыласында шек жоқ. Мешел қартты ерінбей сүйреп келе жатқанына сүйсініп, колясканың тұтқасынан ұстап бірге сүйресті.

Жазушы әлі де бақылауда. Баташқа көзінің қиығымен қарап та қояды. Қараған сайын ойын бір сенімге тоқырата алмайды.

Баташ қастарынан жанай өткендерге басын изеп амандасады. Танысын, танымасын, бас иіп амандасу азаматтық парыз. Қарсы жолыққан адам ол басын изегенсін иземеске шарасы да жоқ, иземеген күнде Баташ еріксіз изетеді.

Баташ сәлем еткен сайын жазушы қайран қалып, сұрайын десе оның бабын таба алмай, сұрамайын десе танымаған адамдарға бас изеп сәлем беруі ерсі көрінеді.

— Сәлематсыз ба, құрметтім.

— Сәлем бердік, бикеш!

— Ассалаумаликом, ақсақал!

— Армысыз, ата!..

Сусымалы құмдағы сүрлеумен енгезердей адамды сүйреп келе жатып Баташтың амандаспаған адамы қалмады. Әдепкіде ерсі көрген жазушы бірді-екілі өзі де басын изеді!..

Жазушының Баташқа еліккенін байқаған Баршагүл күліп жіберді.

— Ха-ха-ха!..

Оған ілесе Баташ та күлді.

— Ха-ха-ха!

Екеуінің жарыса күлгеніне жазушы бір түрлі ыңғайсызданып қалды.

— Қойыңдар, ұят болады.

— Жоға деймін-ау, сынықтан өзгенің бәрі жұғады дегендей,— деп Баршагүл тағы да шек-сілесі қата күлді.

Күлкіден, күлкі... Тиегі бір ағытылып кеткеннен кейін тыю да қиын...

Қоляскада ақсақалды қария.

Сүйреп келе жатқан бір күлегеш.

Кербез сұлу артиска...

Сыпайы сырбаз жазушы...

Бұлардың қатар түзеп келе жатып қосыла күлгенін әркім әр қилы түсінді.

Келгеннен бері Айғаным тоғызыншы палатадан сыртқа шыққан жоқ. Аяғын көсіліп жіберіп кроватьқа шалқасынан сұлай кеткен. Сом білегі желкесінде. Иілген шынтағы дизель мотордың бүкіш күпшегі тәрізді. Сандары жуан. Түйенің жарты етіндей теңкиіп кроватьтың үстін алып жатыр.

Бізге таныс медсестра, мырыш кастрюльді көтерген асқананың официанткасын ертіп палатаға минерал суын құйған графинды ала кірді.

Официантка ауқатты үстел үстіне жайғастырып қойды да, шығып кетті. Медсестра графиннен кәрлен станғанға су құйып Айғанымға берді.

— Аһ,— деді Айғаным. Тамсанып, қышқыл дәмін сезінгендей боп.

— Сіздің нормаңыз тамақ алдында бір стақан.

— Неге екеу емес.

— Екеу көп болады.

— Неге үшеу емес. Суды аяй ма... Дәрігерлер жоқтан өзгеден сақтанады.

Медсестра таласпады.

— Пожалуйста, қалағаныңызша ішіңіз. Бірақ та жүрегіңізге зиян...

— А, жүрек!..— Денесін селкілдетіп, ауырлығы мен зорлығын бейнелегендей болып:

— Мынандай албасты денені көтеріп жүрген жүрек... Сусап тұрмын. Тағы бірін құйып жіберіңізші,— деп станқанды ұсынды.

Медсестра станқанды шүпілдете толтырып су берді. Сылық-сылық жұтып, станқанды томбішкенің үстіне қоя салды.

— Доктор. Не ем жасамақ?

Медсестра қалтасынан тілдей блокнотын алып қарады да:

— Сізге ме, минералды салқын душ!..

— Бір дейік.

— Суваквольная ванна!

— Онысы несі?

— Сіз тым жуансыз... Семіріп кеткенсіз...

— Арықтататын бәле ме ол?

— Ас қазаныңызды тазартады.

— Екі дейік.

— Жауырыныңыздың астына түз байланған. Озак-рит пен массаж...

— Үш дейік.

— Күн ара минералды ванна аласыз...

— Төрт дейік.

— Ертемен физзарядка... Сізге өте пайдалы...

— Бес деп қояйық.

— Алтыншы — диета.

Бәріне де риза болған Айғаным диетаға көнбеді. Басын шайқап: — Жо-жо-жоқ... Аштан қатарым жоқ... Бүйрегім сау, бауырым сау. Гастрит-мастрит, язва-мязбаңнан аманбын...— Медсестраға бас бармағын көрсетіп:— Емнің әулиесі ауқат!.. Біздің организмiзiмiз семiз тағамға үйренген... Майлы тамақ жемесең шегің шұркырайды. Жүрегің қараяды...— Саусақтарын салалап сермеп қап,— маған,— деді,— талпақ танаудан басқаның етінен жасаған тамақ берсін... жазып ал... Ұмытып қалма...

Медсестра жазып алды. Мырыш кастрюльдегі диета супына басын еңкейтіп қарады да:

— Бетінде іліп алар жылтырағы жоқ, мұныңызды қойыңыз...

Айғаным орнынан түрекелді. Үстіндегі сары ала халатының етегі жер сүйретеді. Екі қолын мықынына таянып, палатаның ішіне олай бір, бұлай бір сындарлы көзбен қарап тұр...

— Прравительственный дейді-ау осыны...— Жирене тыжырынып,— осыны да корпус деп салдырған менің күйеуімде ес жоқ...— Тағы да тыжырына есік, терезенің кесектерін түртіп қап:— мынау не?

— Жаңа ашылған курорт. Жеткенінше сол болып жатыр.

— Қыруар ақшаны қайда жіберген сенің бас врачың... Көлеңкелі, саялы Қырым емес... Есентуки... Ялты... Трусковец те емес... шөлейт құм... аңызға... күндіз адам жанын қоярға жер таппайды. Көк шыбыны мен масасы шаққанымен қоймай, аузы-мұрнына кіретінін қайтерсің. Маса кірместей терезеге темір тор жасамас па? Желпініш қоймас па?— деп медсестраның қолында тұрғандай көңіліне келген кемістікті ірікпеді.

Медсестраның тыңдамасқа шарасы жоқ.

Айғаным есікті ашып террасаға шықты.

Террасаның көше жақ қабырғасы жалаң, ашық. Күн-

діз күннің ыстық табы ұрса, кешке қарай маса буады, жел тұрса тозаң бұрқырап кіретіндей еді.

Айғаным террасаның іргесінде скамейкада отырған жазушы мен Баршагүлді, коляскедегі Бұламбайды, түймесі үзілген кителінің қырыс-тырысын қолымен жазып отырған Баташты байқамады.

Террасаның қабырғасын нұсқап:

— Мынау не! Бес метр ақ жетпеді ме? Сым тор табылмады ма?

Медсестра мойындағандай боп:

— Сым тор да бар... Соны құруға кісі жоқ...

— Мен құрып берейін.— Баташ әңгімеге бірден ара-ласты.— Ойпырай, жеңгесі, мен ойлағанды сіз де ойлап-сыз...— Террасаға шұқшиып:— бәсе, бұл не?.. Ашық-тесік. Қанырап тұр ғой!..

Баташтың көлденеңнен киліккенін Айғаным жаратпады. Есі-дерті медсестраның көзін жеткізуде. Айтқанын істетуде болды.

— Былай!..— деп қолын соза, қабырғаны өлшей масақана құруды түсіндірді.

Медсестра масақанаға түсінбеді.

— Мен құрып берейін дедім ғой, жеңгесі,— деді Баташ қарап тұрмай. Медсестраға масақананы түсіндірді.

— Масакана дегеніміз төрт бұрышты жабық шымылдық.— Қалтасынан қағаз-қарындашын алып суретін салды. Медсестра енді ғана түсінді. Айғанымнан гөрі Баташқа қарай ойысты.

Айғаным түсіндіре алмағанына ызаланды ма қалай, Баташты ұнатпай қалды.

— Өзің аттының жолын, жаяудың сөзін кескіш неме екенсің...

— Жеңгесі-ау, сіздің қамыңыз да...

— Ә, қойшы әрі! Маған жасаған қамыңды көргемін...

— Мен емес құйын ғой!..

— Қосарланғанды жаным сүймейді. Тас кенедей жабыспай ізінді біл, шырағым,— деп Айғаным уытын шаша, аса зілді сеспен бұдан былай маған жуыспа деп аңғартқандай болды.

Медсестра Айғанымның қойған талабын жазып алды да тайып тұрды.

Баташтың айтатын сөздері жұтқыншағына тіреліп тұр... Сабырға жеңгізейін десе мен-мендігі, паңдығы өтіп барады...

— Тас кенедей, ә!— деді Баташ, көңіліне кідік алып.

— Терінді тесіп қаныңды сордым ба?

Баташқа көне қоятын Айғаным ба? Оның да тамыр-тамыры тырысып қитыға қалды...

— Шырағым, шаманды біл... Сабаңа қарай күмпілдет піспегінді.

— Менің піспегім, сіз сияқты он алты қарыс қара сабаларды шайқалтса...

Айғаным Баташтың сөзін аяқтатпады. Әр сөзін салмақтай созып:

— Шырағым, піспегіңмен бірге, менің сабама өзін сыйып кетіп жүрме. Қалжақты қайтесіз, сүйрей беріңіз ана мешел шалды...

Баташ қасына жақындап, бас-аяғы, тұлға-пішіні, сыр-сымбатына қарап шықты...

— Сізді мешел шалмен қосып сүйресем.

— Қойсаң деймін қалжақты, шырағым.

— Ол кісі, сырқаттан мешел. Ал, сіз мансаптан мешел...— Жүгіріп барып Бұламбайдың коляскасын сүйретіп әкелді де Айғанымның алдына көлденең тартты...

Бұл не істеп жүр деп жазушы мен Баршагүл де үрпісіп қарай қалды.

Бұламбай тізерлей еңбектеп террасаның басбалдағына жақындады.

Баташ колясканы нұсқап:

— Мініңіз, тірі мешел!..— деді Айғанымға.

Айғаным қаншама былқ етпейін десе де жазушы мен Баршагүлдің алдында мазақ деп түсінді. Қорлана булығып тұр.

— Мініңіз!.. Сіз болса да жатып ішесіз ғой... Сіз үшін, ағайдың беделі үшін менің де сый құрметімді қабылдаңыз!

Сазарған Айғаным жарылғалы тұр.

Баташ сескенер емес. Айғаным сұрланған сайын Баташ құлпырып жайнай түседі. Айғаным қабағын шытып, булыға түнерген сайын, Баташ оның қытығына тие түседі.

— Әттең ағай білмеген.

— Нені білмеген?

— Сізді курортқа коляскамен жіберуі керек еді.

— Мынаның қылығы өтіп кетті-ау!.. Естіп тұрсындар ма!.. Бұл әумесерді бізге құдай қайдан тап қылды... Баршагүл, естідің бе, мені балағаттағанын...

Баташ иіліп тағзым етеді.

— Сен кімсің өзің?

— Мен деңізшімін.

— Сені мұнда кім жіберді?

— Курорттік управление!

— Управление, управление жіберетін кісісін білмейді... Өзін өзі алып жүре алмайтын жындыларды, тілі көсеудей сотанақтарды, қалта тонағыш бұзықтарды жібереді... Сотанақ болмасаң, менің шамаданымды сұрамастан неге көтердің.

— Ізгілігім мен сыпайылығым бойыма сыймай көтердім.

— Ізгіліктен садаға кет... Ізгілік сиярлық сиқың да жоқ.— Жазушыны меңзеп:— адам жанының инженері жазушы тұр ғой... Түсіндіріңізші мына әумесерге. Ізгілігі мол адам қандай болады...

Айғаным жазушыдан жауап күтіп еді. Жазушы ыңыранып жауап бергенше, Баташ жауабын өзі қайырды.

— Мендей болады!

— Сендей болады?

— Мендей болады!

Айғаным тағы да жазушыны меңзеп:

— Мына кісіні ізгілігі мол жан десек нанымды. Шаш бітісі анау. Жүзінен нұры төгіліп тұр. Ілбіп жүреді. Жымып күледі. Көрген-білгенін ішіне жинайды.

Жазушы былқ етер емес.

Айғанымның жазушыға тығылғанын астарлап шиеленістіре мән беріп:

— Ия, ия... Дәмеңіздің төркіні көрініп тұр...

Айғаным астармен айтқанына түсініп:

— Не деді?

— Курорттағы кейбір ханымдардың правасы... Бай қызметте, балалар лагерьде... өздері қайда? Жасыл жағалау... Құм пляж... Катир... живописный остров, қолда зонтик. Қолтығында...

— Қолтығында не!— деді Айғаным.

— Қолтығында жазушы... Ха-ха-ха. Ләйла ләм, ләлла ләм!..

Баташ ыргала тербеліп билей жөнелді.

Айғаным дағдаруда...

Манадан бері екеуінің сайысын іштей бағып тұрған жазушы көңіліне алды ма қалай:

— Мынау, мені қоса сілейтті-ау!— деді Баршагүлді жеңінен тартып қап...

— Үндеме! Сіз не байқадыңыз!

Баршагүл өзін сахнада тұрғандай сезінді. Көзі бал-бұл жанып, шабыттана, қызыға, жан күйін ерітіп бара жатқандай... Көзі Баташта, көңілі алыста... Қиял құшағында... Қараған сайын Баташ тылсым тақылеттес. Бұл не деген шебер қимыл... Танымасың болып құбылуы қандай тамаша... Жүрегінің төлеуін көзі арқылы жеткізеді.

Артис болса ғой!..

Өзін өзі ұмытып, алаңсыз берілгеніне жазушы да таңырқап, Баршагүлдің жүзіне қарай қапты.

— Сізге не болған?

— Үндемеңіз, бөлмеңіз ойымды.

Жазушы біресе Баташқа, біресе Баршагүлге жаутаңдайды. Өзіне өзі сенбей.

— Осы менің көзім бұлдырап тұрған жоқ па?— деп көзін уқалады.

Айғаным палатасына кіріп кеткен. Палатаның есігін бір ашады, бір жабады. Ерні, көзі, мұрны, беті — тұздан босаған қаптай кезерген. Түсі сүп-суық.

— Аумесер! Жынды! Сенің орның психоториялық больница!..

— Қолыңнан келсе салғызыңыз жындықанаға!

— Салғызамын, қуғызамын!

— Түрмеге қаматсаң да еркініз.

Айғаным есіктің ішінде, Баташ сыртында. Есік сарт-сұрт жабылып, сарт-сұрт ашылады.

Баршагүл жүгіріп келіп Баташты белінен құшақтап, есіктің көзінен кейін шегіндірді де өзі арқасымен есікті басып тұра қалды.

— Енді жетеді.

Бұламбай еңбектеп террасаның баспалдағынан көтеріліп:

— Біраз жерге бардың, балам. Енді қой,— деп Баташқа тоқтап айтты.

Палатада тордағы аюдай аласұрып Айғаным жүр. Есікті ашып тағы да Баташпен керісейін дейді. Сыртынан басып тұрған Баршагүл жібермейді.

Айғаным тегі болдырған болуы керек. Кроватқа кескен дөңбектей гүрс етіп құлап кетті. Кроваттың белдігі

оқыс құлаған салмағына шыдамай морт омырылып сынды. Ұмар-жұмар.

Айғаным екі қолын еденге тірей тұрып жатып:

— Атаңа нәлет жыңды!.. Сені бұл курорттан кудыр-масам ба?! Қудырамын!..

Күн найза бойы көтерілген мезгіл.

Музыка, физзарядканың маршы.

Мойындарында сүлгі орамал, үстерінде пижам, халаты, ер, әйелдер физзарядка жасайтын алаңға келе жатыр.

Шашы бұйра жас жігіт баянды құлаштай тартады.

Бұтында сидам шалбар, денесі оқтаудай жұп-жұмыр, көркемше қыз физзарядкеге жұртты күтіп тұр.

Баташ Бұламбай қартты сүйемелдеп коляскасына мінгізді де физзарядка алаңына қарай сүйрей жөнелді.

Сүлгіні иығына жамылып, маралдай керіліп, бұрала басып Баршагүл де бара жатыр еді.

— А, апай, қайырлы таң,— деді Баташ басын изеп.

— Қайырлы таң.

Кердеңдей басып, сазара түнеріп Айғаным да физзарядка жасаушылардың соңғы қатарына барып тұрды... Жұртпен бірдей қолын ербеңдетіп, оңға-солға бұрылып жасап көріп еді. Сіресіп қалған икемсіз, ауыр дене көнер емес. Оның үстіне ритмінен жаңыла берді. Жұрт оңға бұрылса, ол солға бұрылады. Жұрт оң қолын көтерсе, ол сол қолын көтереді. Жұрт еңкейсе ол шалқаяды.

Қырсық қылғандай дәл сыртында Баташ пен Бұламбай да тұрған еді.

Баташ болса да қағып кеткен неме. Айғанымның қателігін көрген сайын жұртқа естіртпей ақырын ғана сыбырлап:

— Жеңгей... жеңгей!.. Қолыңызды оңға сермеңіз. Енді солға сермеңіз. Талтайыңыз... Еңкейіңіз... Тоңқайыңыз... шалқайыңыз...— деп айтып тұрды.

Айғанымның ішінен атарға оғы жоқ. Амалсыздан тырс үндемеді. Артына бұрылып алара қарап та қойды. Ол аларса, Баташ жымияды. Ол түнерсе, Баташ жәйдарлана түседі.

Сол күнгі түс мезгіл...

Бас дәрігердің кабинеті.

Кабинетте Айғаным бас дәрігерге өзін талапкер, Баташты айыпкерге санап жәбір-жапасын шағып отыр.

Бас дәрігер шашы буырыл тартып қалған, жібі жұмсақ адам.

— Осы сендер правительственной корпуске артистінде, жазушыны да, қойшыны да жібере салатындарын не!.. Ана бір, аумесер деңізшіні жіберіпсіңдер... Түнімен маза бермеді...— Саусағымен шекесін түртіп,— мына жері сау емес... Ұстамалы жыны бар көрінеді,— деп Айғаным бас дәрігердің зәре-құтын ала суреттеді.

— Ұстамалы ма, нервней ме?

— Кәдімгі жыңды... Не сөйлеп, не қойғанын білмейді... Сендердің тілдерінде не деп атаушы еді?

— Шишофреник.

— Ия, ие... сол шишофреник...

Бас дәрігер сенер-сенбес:

— Біздің курортқа жыңдыны жіберуі мүмкін емес. Ол нервный болар. Сізді не үшін жәбірледі?

Айғаным бас дәрігердің көзін жеткізуге тырысып:

— Келген бетімде бар ғой, сұрамастан палатаға кіргізіп берем деп менің чемоданыма жармасты. Қолын қақпадым. Құламайтын жерде гүрс етіп құлап, чемоданның кілтін сындырды.

— Әдейлеп пе, аңдаусызда ма?

— Ойбай-ау, жыңдының әдейлебі не, аңдаусызы не? Содан кара құйын шандатып бергенде...— көзін жыпылықтатып.— көзіме құм, аузыма шаң толып тұншықтым да қалдым... Содан деймін-ау... Жібек шарфім мен жібек дамбалымды құйын ала жөнелмесі бар ма? Әлгі жыңды қуа жөнелді.

— Тауып әкеліп берді ме?

— Бергені құрысын... Содан кеше іңірде жатты да мені ғайбаттады. Маған: «жатып ішесің»,— дейді. Біздің корпуста мешел шал бар. Соның коляскасын алып келіп: «мініңіз, жеңгей! Мен сізді сүйретіп жүрейін»,— дейді. Бұл не? Сау адамның қылығы ма,— деді Айғаным.

Бас дәрігер кнопканы басты. Ауыз бөлмедегі секретарь қыз келді.

— Маған,— деді бас дәрігер,— 5-корпуста, он бірінші палатада тұратын Бақсаев Баташтың емделу картішкесін алдырып бер,— деп тапсырды.

— Мақұл,— деп секретарь қыз кете берді. Секретарь қыз телефонда...

— Агафонов!.. Баташ Бақсаевтың емделу картішке-сін,— деп сөйлесе берсін.

Айғаным Баташтың «жындылығын» әлі де дәлелдеуде.

— Кроватымның белдігі морт етіп үзілді.

— Апырай, ә!— деді бас дәрігер.

— Кіріп келіп бассала ма деп, түнімен көзім ілеккен жоқ.

— Апырай, ә? Шынында да сау болмады.

Баташтың емделу картішкесін алып, Александр Павлович Агафонов пен медсестра келді.

Бас дәрігердің алдында сыпайы, ақырын жайласып отыра бастады.

Агафонов бала мінезді, жайдары, ашық адам. Еңкіштеу жүреді де сүзіле қарайды.

— Пархат Айдаболович, Бақсаев Баташтың емделу картішкесін сұратқан екенсіз...— деп картішкені Фархаттың алдына жәйді де,— ол өзі неріректеу!..

Айғаным неріректеу дегенде көзі шатынап, елегізіп ала бұртып, орнынан бір қозғалып қойды.

Фархат емделу картішкесіне тесіле қадалып, сырқатының тарихын оқып шықты.

— Ия, неріректеу... ревматизмнің зардабы аздап миға шапқан.

— Менің байқағаным психикада шалысқандық бар тәрізді, романтик...

— Әдетте романтиктер психика жағынан сау болмаған ғой,— деп Фархат та мақұлдады.

Агафонов дағдаруда.

— Мінез бе, әлде дүниеге көз қарасы солай ма?... Маған қаралып тұрып: «сырқаттың диагнозын дәл қоялмаған дәрігердің өзі сырқат» деген екен Пирагов. Өзінің шүбіһасін жасырмады.

Агафоновтың күдігін медсестра да қолдады.

— Палатасына кіріп барғанымда, кроватьта көзі жұмулы шалқасынан жатыр екен. Мен ұйықтап жатқан шығар деп ойладым. «Ассалаумағаликом, Салтыков-Щедрин, қайырадан тіріліп келсеңіз қалай болады... Сағындық қой сізді...»— деп күрсінді де етпетінен аунап түсті.

— Сандырақтап па?— деп бас дәрігер медсестраға сұрау қойды.

— Әлде қашан сүйегі қурап қалған Салтыковпен сөйлесуі әрине сандырақ,— деді медсестра сендіргендей боп...

Фархат әбден тындап алды. Бақсаев Баташты жете зерттеп, жындылығын анықтауды Александр Павловичқа тапсырды...

— Байқандар. Диагнозын қойғанша мінез-құлқын, жүріс-тұрысын, көпшілік орында өзін өзі ұстауын бақылаңдар. Ұстамалы болса елірме жынын басатын дәрі ішкізіңдер. Ұйқысы қалай екен? Жұрттың мазасын ала берсе курорттан кейін қайтаруға... не изоляторға салуға тура келер,— деп бас дәрігер емделу картішкесін Агафоновқа қадағалап тапсырып, қайырадан ұсынды.

Бәрінің де көңіліндегі күдік... Бақсаев Баташ сау ма? Жынды ма?

Бұламбай күндегі әдетінше корпустың маңындағы гүлдерге су құюға кіріскен. Баташ террасаның ашық қабырғасына сым тор құруда. Жазушы қолғабысын тигізіп көмектескен болады.

Екеуі ұзақ таласқан. Қызу-қызу сөздер де сөйленген... Керісіп те қалған.

Баташтың көзі қағатын шегеде, көңілі жазушы мен талас әңгімеде...

— Неліктен сіздер токмейілсіңдер. Бүкіл дүние жүзілік тарихи форумының ақырғы фазысы оның комедиясы емес пе. Эсхилдің «Бұғауланған Прометейінде» қасиретті түрде өле жараланған гректің құдайлары күлкілі түрде өлуге мәжбүр болды. Лукианның «сөйлесулерінде» де солай. Тарихтың бұлай жылжитын себебі не? Адам баласы өз өткенімен күліп-қоштасып отырған жоқ па? Себебі сол емес пе.

Сұрқиялық пен тоғышарлық, құлқынқұмарлық, мансапқорлықпен күліп қоштасатын, адамды ызаға шақыратын шығармалар неге жоқ?— деді Баташ сым торды қолымен сүйеп тұрған жазушыға...

Жазушы таласпады.

Баташ сөйлеп тұрып шегені балғамен құшырлана қағып-қағып жіберді. Оның қағысының қаттылығынан террасаның әйнегінің бір көзі шытынап ұшып түсті.

Жазушы:

— Таласуға болады. Әйнектің жазығы қанша?— Әйнектің сынығын жинап алды да мусор жәшігіне салды.

Баташ сым торды салдыр-гүлдір өткізіп, қабырғаға мықшындай тырмысып құрып жатқан үстіне Александр Павлович пен медсестра да келді. Медсестраның қолында жабық ыдысқа салған озокрит. (Саз балшық.)

Сым тор икемге келер емес. Баташ жарқанатша жабысып, қолымен басып, тісімен көтеріп киюластырамын дейді. Кителінің жыртылғанына да қарамай, денесіне батқанын да елемей жоғары өрмеледі.

Александр Павлович қастарына жақындай келді де:

— Сәлематсыздар ма?— Амандасып еді. Баташ орындықтан секіріп түсті. Шегелеп жатқан ісін тоқтатып, үн-түнсіз, өкпешіл баладай монтиып, сәлемін де алмастан шыға жөнелді.

Медсестра соңынан:

— Баташ Баксаевич, таптырмайтын шебер екенсіз ғой,— деп колпаштап көріп еді. Баташтың қаперіне де кірмеді. Шлангымен гүл алаңына су құйып тұрған Бұламбайдың қасына барды...

Көз алдында Баташтың сынаптай бұзылуының мәні не? Білгісі келген Александр Павлович жазушыдан сұрады.

— Сым торды құруды өзі қалады ма?

— Өзі қалады.

— Сіз қалай ойлайсыз?— деп Александр жазушының палатасына кіріп сөйлесуді сұрады.

Жаушының палатасы.

— Сіз қалай ойлайсыз? Сау ма, сырқат па?

— Артықтау кететіндігі бар.

— Жынды ма. Әлде... ұстамалы ма.

— Білмеймін.

Айғанымның палатасы.

Кроваттың омырылған белдігіне медсестра таңдайып қағып, таң қалды.

— Ашуым алқымыма тығылып тұншығып барады екемін деймін. Бізамен күрс етіп құлаппын.

— Апырай, ә?.. Сізді мерт ете жаздапты-ау.— Медсестра алып келген саз балшықты әзірледі. Айғаным сары ала халатын, көйлегін шешіп, етбетінен едендегі төсекке жатты. Медсестра жауырын арқасынан беліне дейін саз балшық тартты. Жылы одеялмен орап қымтады.

— Қырық бес минут қозғалмай жатыңыз...

— Шымырлатып барады.

— Шыдаңыз.

— Қояншық кіріп келіп бас сала ма деп түнімен кір-

пiк қақпадым.— Баташты тағы да медсестраның есiне салды.

Медсестра аймалап, жан-жағын шымқай түсiп:

— Жатыңыз. Өзiм келмей тұрмаңыз,— деп, кетуге ыңғайланып едi, Айғаным қауып аңғартты...

— Жетiп келсе не iстеймiн?

— Есiктi сыртынан бекiтiп, кiлтiн ала кетейiн.

— Тiлеуiндi берсiн. Сөйте ғой, шырағым.

Медсестра есiктiң кiлтiн сыртынан жауып кетедi.

Айғаным саз балшықтың ыстық табын рахаттана сезiндi. Денесi сүйсiнiп, маужырап ұйқыға да кеттi. Әрi-берiден кейiн қорыл да естiлдi.

Александр Павлович пен жазушы әлi де Баташ жайын әңгiмелеуде.

Жазушы табанын дәл баспай, бiлмеймiн дегеннен басқа мардымды мәлiмет берген жоқ.

— Сiз жан жүйесiн жақсы айыратын жазушысыз. Қалайша сiз байқамадыңыз?

Жазушы иығын көтерiп, Баташты «жынды» деуге аузы бармады.

— Есi дұрыс, сөзi дұрыс. Миының iшiнде нендей процесс барып бiле алмадым.

Корпустың сыртында Бұламбай, оның қасында Баташ. Шимандай гүлдiң ортасында. Бала қайыңдар мен құба талдардың жапрақтары су тигенсiн мөлдiреп өнi кiрiп отарланғандай.

Баташ шлангының орта шенiн Бұламбайға ұстатып қойып, гүл алаңының ар жақ, бер жағына жеткiзе суды шапшыта әуелете сеуiп жүр. Мойны алыстау басқа корпусстердiң маңындағы ағаштар мен гүлдердi де қамтыды.

Бұламбай коляскадан түсiп, тiзерлей жүрiп екпе гүлдердiң iргесiн көмкерген қыштардың кем-кетiгiн жамайды.

Жазушы мен Александр Павлович Баташты әлi де әңгiмелеуде. Жазушы Баташтың не айтқанын, қандай сөздер сөйлегенiн есiне түсiрiп.

— Он есе күштi болсаң да жаланааш адамның киiмiн шеше алмайсың дедi маған.

Александр Павлович блокнотына жазып алды.

— Мағналы сөз.

— Бiреуге құтырына соқтығу, жаны жадау тартып,

әбден тозған, парасаты азайғандардан ғана шығады дейді.

Александр бұл сөзге де мағына беріп талдау жасады...

— Біреуге құтырына соқтығу. Сонда өзі неге соқтығады?

Жазушы тағы да бірнеше сөздерін есіне түсірді.

— Біреуді айыптайтын болсаң, алдымен дәлелінді мықтап ал. Біреуге сұрау қоятын болсаң, күн бұрын бал ашпа. Жауабының алдын емес, артын тос. «Қорқақ сөзден тыйылып, ақиқат тарихқа көшейік», ойлап көріңіз. Айтатыны кілең осындай тапқыр сөздер,— деп, шешімді Александр Павловичтің өзіне берді.

Александр ойлануда.

Баташ шлангыны әуелете көтеріп, үйдің іргесіндегі гүлдерге су сеуіп тұрғанда, құм төбенің басында қолындағы сүлгісін бұлғап жан ұшыра шақырған еркектің дауысы естілді.

— Құтқарындар, құтқарындар!

Баташ жалт бұрылып қарап қалды.

Бұламбай да ісін тоқтатып елегізіді.

— Баташ, жай айғай емес. Дәу де болса күн соғып біреу құлап қалған болар. Барып білші.

Баташ шлангыны терезенің жақтауына асығыс қоя салды да тұра жүгірді. Аласа қоршаулардан қарғып өтіп, құм төбенің үстінде жәрдемге шақырған адамның қасына жетіп барды.

— Не болды?— деп сұрады.

Жәрдемге шақырған адам, қара терге малшынған.

— Қара басқанда маған да, менің жолдасыма да күн өтіп кетіпті,— деп, құмның үстінде шалқасынан сұлап, ессіз жатқан еркекті көрсетті.

Баташ сұлап жатқан адамның тамырын ұстап көріп еді. Тамыр лыпылдап, мөлшерден тыс соғып тұр екен.

— Солнечное ударға ұшыраған. Аңдамайсыңдар ма. Кәне, сүйемелдеп менің арқама мінгізіп жібер!..

Күн соққан адамды есеңгіреп қалған серігі ілби қозғалып, Баташтың арқасына мінгізді. Баташ екі қолын кеудесіне салбырата ұстап, арқасынан аумастай етіп мінгізіп алды да, серігіне:

— Сіз амалдап жетіңіз. Мен дәрігерқанаға тез жеткізейін,— деп асыға аяндап тартып отырды.

Есеңгіреген серігі де Баташтың соңынан ілби басып жүріп келеді.

Баташ күн соққан адамды арқалаған бетінде санаторияның дәрігерлер палатасына алып келді.

Кезекші дәрігерлер мен медсестралар қарауына алып, емдеу қамына кірісті.

Баташтың есіне асығыста терезенің жақтауына сүйей салған шлангының насосы енді ғана түсті.

Үн-түнсіз, дәрігерлердің палатасынан шыға жөнелді.

Айғанымның палатасы.

Айғаным есікті сартылдатып ұрып тұр.

Александр Павлович пен жазушы есікті ашайын десе аша алмайды. Палатаның ішін су алып барады. Жазушы өз кілтін, Баршагүл басқа палаталардың кілтін әкелді. Бірінен соң бірін Александр салып көріп еді, қиюласпады.

Айғаным болса безек қағып жанталасуда.

— Құртты ғой мені жынды! Сорлатты ғой қояншық!.. Су болмаған затым да қалмады. Ашпайсыңдар ма, ойбай!

— Кілт қайда?

— Медсестра...

Баршагүл мен жазушы палата-палаталардың есігін ашып медсестраны іздеді.

— Медсестра! Медсестраны көргендерің бар ма?

— Қай корпуста болды екен?

Ақ халат киген үй сыпырушы әйелден сұрап еді.

— Медсестраны көрмедіңіз бе?

— Сувакуальный ваннада болар.

— Тезірек шақырыңыз. Палатаны су алып барады.

Үй сыпырушы әйел:

— Қай палатаны?

— Тоғызыншыны...

— Аһ, еһ... Біздің үстімізден қарайтын дәудің ханымы...

— Я, сол. Дәудің ханымы...

Санын бір соғып:

— Құрыдық десейші!..

— Тұрамысыз осылай. Барыңыз. Шақырыңыз.

Үй сыпырушы әйел талталаңдап тұра жүгірді...

Қоляскасын дөңгелете жүргізіп Бұламбай да келіп қалды.

Александр Павлович Бұламбайға қатуланып:

— Қария, мұныңыз қалай? Гүлді суарғаныңыз жарайды... Біреуді тұншықтырғаныңызға жол болсын,— деді ренжіп.

Бұламбай аң-таң... Не болғанын түсінген жоқ. Өңдері қашып, абыржи аптыққан жазушы мен Баршагүлге:

— Балалар, не боп қалды? Жайшылық па?— деп сұрады.

— Ата, Айғанымның палатасына суды жіберген сіз емес пе?

— Мені өйтіп жын қағып па,— деді Бұламбай қызарақтап.

— Ендеше жын қаққан жолдасың...— Александр тағы да тіксінді.

Палата...

Шлангыдан су атқылап палатаның ішіне ұрып тұр. Еден көлкіп кеткен... Төсек-орын, гардероб, киім ілгіштегі киімдер, опа-далап оңбастай болып бүлінген.

Айғаным жаураған тауықтай үрпиіп, шаш кеткен сабалақтанып. Бет кеткен долиып... Суға сүңгітіп алған сабалақ жүн аю тәрізді. Тіпті оның долыра күйінгені сонша, терезенің жақтауына қоя салған шланғаны көтеріп, кейін лақтырып тастау ойына да келмейді.

— Атаңа ләнет жынды, құртты ғой!

Байбалам салып Баташты сыбағаннан басқа істер амалы да жоқ.

Есікті аша алмай діңкелері құрып тұрған Александр мен жазушының қасына Баташ жетіп келді.

— Сенбісің?— деді Александр шұқшиып.

— Мен,— деді Баташ.

Александр қатулана зекіді. Сұқ қолымен өз шекесін бұрғылап тұрып:

— Сенің мына жерің дұрыс істей ме? Мұндайды жындылар ғана істейді.

Баташ таласпады. Александрдің қолындағы кілттерді алып, бірінен соң бірін есікке салды... Олар аша алмаған есікті ашып кеп жіберді.

Әбден су соғып қалжыратқан Айғаным, бір жағы ызаға шыдамай, Александрды құшақтап, бар салмағын сала сұлай кетті...

Александр тырбанып бері коридорға қарай сүйреп алып шықты... Жазушы да келіп Айғанымның қолтығынан сүйеді. Бірақ та бар салмағын сала, құшақтай асылған Айғаным аяғын тік баса алмады...

— Не қарап тұрсың? Жынды!.. Көтеріспеймісің!— деді Александр Баташқа ақырып.

Асылып тұрған Айғанымның бауырына Баташ оң пығын тығып жіберіп, арқасына салақтатып көтеріп алды...

— Қайда апарайын?

— Менің палатама,— деді Баршагүл қолтығынан демей көтерісіп.

Баташ Айғанымды көтерген бойында Баршагүлдің кроватина апарып жатқызды.

Бұл кезде алқына басып, аһ ұрып медсестра да келді.

Жым-жырт. Барлығы да іштерінен тынып сұлық тұр. Жаудыраған көздер. Ұят-ай деген өкініш... Біріне-бірі арбаса қарап қалған.

Санаторияның емханасы.

Медсестра Баташтың анализдерін Агафоновқа әкеліп тапсырды да шығып кетті.

Баташты қарап тұрған бас дәрігер Фархат Айдаболовтың өзі.

Агафонов анализдерді емделу картішкесіне жазылған бұрынғы сырқатымен салыстырады.

Баташ трусишен. Жалаңаш.

Бас дәрігер тұр десе тұрады. Жат десе жатады. Отыр десе отырады.

Фархаттың қолында кішкене балға. Орындыққа отырғызып, тізесінен ұрды... Тізе шоштан етіп шорши сілкінді. Шынтағынан ұрып көріп еді. Бүкіл иығына дейін дірдір етіп, терілері жыбыр-жыбыр қимылдады. Одан өзіне қарай бұрды да:

— Көзінді аударма. Тура қара,— деп алақанының қырын мұрнының ұшына тақады.

Баташ көзін аудармастан жүзіне тесіле қадалды. Фархат қолымен жасқаса да, қадалған көз ауар емес. Жанары ыстық, ызғар лаулай жанды. Кірпігін де қақпады. Жасаурамады да... Фархат та гипноздарша арбап, жан жүйесіндегі құбылысты қаншама білуге тырысса да Баташ алдырмады.

Агафонов көзілдірігін қолына алып Фархатқа:

— Не бәлесі болса да, ойлау жүйесінде. Бұл философ. Мұны енді сөйлетіп көрейік,— деді.

Баташ іркілмеді. Бірден суырып сап:

— Философтар айтады екен, ақымақтықтың көпшілігі діндар сопыларда деп. Ал діндар сопыларды өлтір-

ген жоқ. Ал діндар сопылар философтардың талайын дарға асты.

— Сіздің сырқатыңызға не қатынасы бар?— деді Фархат сөйлетуге тырысып.

— Мені философ деген өздеріңіз ғой.

— Сізді жұрт неліктен жыңды дейді?

— Неліктен менің жынымды қағып алмайсыздар. Көңілдеріңе келсе де айтайын. «Трудно, но всех не надо нам делать, чего не умеем!...» — деген екен бір данағөй.

Фархат шамданайын деді. Енді шұқшия қадалып тергеуге кірісті.

— Неліктен ол әйелге өшіктің? Неліктен палатасына шлангыдан су жібердің? Неліктен маза бермейсің.— Жөпелдемелетіп сұрау қойды.

— Неліктен, неліктен? Неліктен адам сындарлы ісін білмей, сәл қателіктен сақтанамын деп таудай кұнаға батады. Неліктен, етікші пирокті пешке пісірсе, пирок етікті пісіреді. Воображения керек, туыстар,— деп Баташ даусын қаттырақ шығарып, сұқ саусағын көтерді.

Агафонов көзілдірігінің астынан қимыл-қозғалысын бағып отыр. Фархат әдейі сөйлетуге тырысып таласқа шақырды.

— Воображения дедіңіз. Не айтқың келеді?

Баташтың арқасы қызып, енді қолын сілтеп, қиялда-на сөйлеп кетті... Орысша, қазақша араластырып:

— Воображения дегеніміз — фарасат. Фарасатсыз ақын да, философ та, дәрігер де, қайраткер де болмақ емес,— деп бір түйді. Ілгері бір неше қадам жүре түсіп қолын сілтеп,— воображения,— деді Фархаттың маңдайына саусағын тақап.— «Человек, начисто лишенный этой способности, был бы тупицей...<sup>2</sup>» Воображения, это великий дар, так много содействовавший развитию человечества<sup>3</sup>... Человек, не обладающий воображением, может собирать факты, но не делает великого открытия... Ничем не ограничиваемое воображение создает мнимую действительность<sup>4</sup>... Ия, ия... сен солсың дегенге келтірді.

Фархат: «осының бәрін қайдан біледі? Есінде қалай сақтаған? Неліктен бұл тайсалмайды. Неліктен бұл кі-

---

<sup>1</sup> Сөзі Қ. Аманжоловтікі, музыкасы Ғ. Жұбанованікі.

<sup>2</sup> Ита.

<sup>3</sup> Қ. Маркс.

<sup>4</sup> А. Франс.

тап сөзімен сөйлейді? Бұ да шалысқандық. Рухани жан-жүйесі сау емес»,— деген қортындыға келді.

— Біз сені, біраз күн изоляторға саламыз,— деп Фархат емделу картішкесіне жазды.

— Пожалыста.— Баташ басын изеп.— Енді кете беруге бола ма?

— Кете беруге болмайды!

## 5-КОРПУС

Қасында медсестра, Баташ нәрселерін жинап палатадан алып шықты. Қабағы салыңқы, көңілі жабырқау... Жынды деген бәленің жабысуы оңай ма?

Корпустың алдында колясканың қасында күншуаққа жылынып Бұламбай отыр еді. Шамаданын көтеріп шыққан Баташты көріп, орнынан тұруға талпынды.

— Ата, әбден жазылмай тұрмаңыз.

— Жоқ, балам. Сен сүйрегеннен бері аяғыма жан бітіп қалып еді. Немене, сені кет дей ме бізден.

— Кет дейді, ата.

— Не үшін кет дейді?

— Жындысың дейді, ата.

Бұламбай басын шайқады.

— Қайдан жабысты: судан жабысты ма, желден жабысты ма?— Екі көзі жасаурап өкіне аяушылықпен қарап тұр.

Баташ үндемеді.

— Жоқ,— деді Бұламбай қайратын бойына жинап.— Тілден жабысқан дерт... Сені жынды дегеннің өзі жынды!.. Мен бұған нанбаймын.

Бұламбай ашу үстінде қалтырай-дірілдеп орнынан ұшып тік тұрды. Запыс болған көңілі сақтан дейді. Бұламбай сақтанбады. Сықырлаған буынын, дірілдеген тізесін берік ұстап, екі адым алға басты.

Баташ Бұламбайдың ыза үстінде аяғын басып жүргеніне шаттана қуанды.

— Ата, ата! Мен жынды-ақ болайын. Сіз аяғыңызды бастыңыз. Кәне, жүріп көріңізші?— Тәуекел деп қаз-қаз басқан балаша жетектеді.

Бұламбай әр қадамын санап басып:

— Бір де, балам.

— Бір.

— Екі де, балам!

— Екі.

— Үш де, балам.

— Үш.

— Төрт де, балам!

— Төрт...

Санай-санай баспалдаққа да жақындады.

Әлі де болса денесінде тәлтіректеу бар.

Баспалдақтың жақтауынан ұстап:

— Ей, келін! Бәрі шығып кет!— деп айғайлады.

Бұламбайдың күркіреп шақырғанын естіп, палатасынан жазушы да шықты.

— Ата, неге ашуландыңыз?— деп Баршагүл де келді қасына. Балдақсыз аяғынан тік тұрғанын көрген Баршагүл:— Ата, ата... дәрігердің рұқсатынсыз жүріп кетіпсіз ғой!

— Адамға жылы шырайдан артық дәрігерді, бұл жасымда көрген емен, қызым,— деп Бұламбай аяғын ірке басып, басқыштан көтеріле берді де, жазушы мен Баршагүлге бұрыла қарады.

— Болған кісі болдым дей ме! Болдым десе болғаны ма? Бұл не? Отырамын деп еріншек өлер, жақсылық етемін деп көңілшек өлерінің кебі ме бұл.— Көкірегін қак айыра егіле сөйледі.

Баршагүл бір қызарды, бір сұрланды.

— Ата, мұндай шараға барады деп ойлағаным жоқ...

Жазушы өзінше ақталды.

— Бәрі де баста бір жасаған қателіктен.

— Қателескен адамның бетіне түкіре бермейді. Түкірігін айналып келіп өзіне тиюі де ықтимал.

Бұламбай Айғанымның есігіне төне бергенде Баташ ұстай алды.

— Ата, мен үшін кішіреймеңіз. Жындыны жынды десе жыны қоза түседі. Менің жыным енді ғана қозып келеді, ата! «Адам жүрегіне біткен хикматымен адам», дейді бір дана... сау болыңыздар!

Медсестра Баташты изоляторға ертіп алып кетеді.

Жазушы мен Баршагүл дағдарып қала береді.

Бұламбай күтірлей ашу шақырып:

— Ей!.. паң келін! Енді қайсымызды жындандырасың!

Айғанымның палатасына ұмтыла түсіп, аяғын сау адамдай нық басып тұрып қалды.

Арада бірер күн өтті.

Қара «ЗИМ» корпусының алдында сілейіп тұр. Үсті шаңнан көрінбейді.

Айғанымның палатасында көңілді қонақжәй. Самбырлай сөйлеп, сақылдап күлген әйелдер. Біріне бірі сөз бермей жамырасады, шуласады. Ара-арасында:

«Ауылым қонған Сырымбет саласына ау-ау ой!»

Шектей созып ән де айтып қояды. Сопрано, мецо-сопраноға қоңырлау баритон да қосылып:

«Қарындас-ау, енді есен бол-ай!» Қайырмасын күжілдете көтереді.

Ән сәл саябырлады.

— Келіншектер, ханымдар! Ортамызда еркектен жалғыз жазушы ғана екен. Соның саулығына алып жібермейміз бе?— деген Айғанымның сұңқылдаған даусы ерекше естілді.

— Алдымен, өр жеңге, өрен жеңге Айғанымның саулығына!..

Жазушының күмпілдеген даусы да естіліп тұр.

Бокалдар сыңғыр-сыңғыр. Сәл ғана үнсіздік. Тағы да созыла шырқаған ән.

Палатадан нарттай болып қызарып, тостағандай көздері жалтылдап Айғаным шықты. Ол біреуді іздегендей, басқышта тұрып жан-жағына көз салды.

Қас жауынан құтылғандай зор қуанышта. Бұрынғыдай емес, етегі жерге сүйрелген сары ала халатты желбегей тастап, қойқаңдап, жүруге жаттығып, аяғын ірке басып жүрген Бұламбайдың қасына жақындады.

— Ата, ата, біздің үйдегі ініңіз бағылан жіберген екен. Басын ұстаңыз,— деп палатаға шақырды.

Бұламбай ыңғай бермеді. Түнере қалды.

— Келін, шақырғаныңа алда риза болсын,— деп Бұламбай қырын бұрылды. Айғаным жақындаса Бұламбай жылысады. Айғаным сөзге айналдырса, Бұламбай үн қатпай теріс айналады. Жаратпағанын сезген Айғаным қайтсе де палатаға алып кіруге өкшелей түсті.

— Ата, ата, палатаға жүріңіз. Келіндерің күтіп отыр.

Бұламбай аяқ баспады.

— Мені сыйлап қайтесіз. Өзінді өзің сыйла, шырағым,— деп жүре жауап қайырды.

Түскі ауқаттан кейін, тыным алар сағатта Баршагүл палатасында дем алып жатыр еді. Бұламбай мен Айғанымның абыр-сабыр сөйлескендерін естіп, үстіне

сұр одеялды жамыла сап коридорға шықты. Сәл кідіріп тұр.

Бұламбайды көндіре алмай тұрған Айғанымның қасына тепсініп келді де:

— Сіз немене? Сырқаттың мазасын алмаңыз. Сізді ардақты аға, ел қадырлеген азамат...— Жылап жіберетіндей сөзін үзіп айта алмай:— сіз наминклатурный жауапты қызметкердің ие... жұбайысыз. Сау адамды жынды деп, бәле жауып, палатадан қуғыздыңыз... Сіз өзіңіз қалай? Жаксы жеңге ме деп жүрсем...— Дірілдеп, айтарын айтса да абдырап тұр.— Сіз өзіңіз, қызық адам екенсіз,— деді Баршагүл.

Айғаным басынан сөз асыра ма. Абдыраған Баршагүлді шөкім құрлы да көрмеді. Сазара түнеріп, ызғарын сыртына теуіп тұрды да:

— Ойман-әу!.. Ал, ішің аши қапты... Маған көрсеткен жәбірін, саған көрсетсе ол жынды сотанақ, буынып өлер едің. Сахнада өз жынданғаның аздай-ақ... Немене?.. Аумесер, қояншықты жақтағаны несі екен-ай! Жаның ашыса палатаңа кіргізіп ал,— деді шалқақтап.

Баршагүлдің әдеті біреумен ұрыссалмайды. Өз сауағын өзі майыстырып, қипақтап «ім әһ... ім әһ...»— деді булығып.

— Сіз бір түрлі қызық әйел екенсіз де. Ол, сізге қамқорлық жасады. Сізді сыйлаймын деп ізгі борышын ақтады...

Баршагүл тағы да кідірді.

— Сыйлаймын деп сілеңді қатырды де.

Баршагүлдің айтайын деген сөздері көкірегінде сайрап тұр. Тағы да абдырап, аузына сөзі түспегенсін сахнада ойнаған рольдерінің диалогтарымен жауап беруге мәжбүр болды. Сәл есіне түсіріп алды да, үстіндегі сұр одеялды плашқа ыңғайлап қаһарына мінді. Сұрлана, даусы, көзі, шашы, жүзі бірден өзгерді. Леди Макбеттің диалогтерін айтып көріп еді. Онысы ізгілікті жақтайтын қанатты сөздер... Айғаным былқ етер емес. А. П. Чеховтың «Шағаласындағы» Нинаның уытты, мінеп-шенеп айтатын монологіне ауысты...

— «Сөйлеу үшін жағамды ашайын. Сасық шалшықтан ұшқан жапалақтай, күн бата даланы кезесіңдер. Сендерде ой да жоқ. Ерік те жоқ, өмір де жоқ... Сендерге жан бітірген албасты, бітірген жанын қайтып ала алмай әлсін-әлсін тас пен суды сабалайды. Сүйретілген

сүліктер де сендердің қойындарыңнан жыбырлап шығады»,— деп Баршагүл зәре-құтын ала үйірді.

Айғаным нанар-нанбас. Аузын ашып қарап қалған.

— Апырау, маған кездескендер аяқ астынан жында-на ма? Жаңа ғана сау едіңіз ғой. Сізге не болған?

Баршагүл қолын сілтеп қалып:

— Тұрмаңыз менің жолымда. Ысқыра-ықсырып барады.— «Адамзаттың санасы, айуанаттың әдеті сіздің бауырыңызда бас қосыпты. Қоссын солай! Жылан ысқырып тұр!

— Қайда?— деді Айғаным шошынып.

— Әнеки! От алып қашқан әезіл, сайтан кіріп барады қойныңызға!— деп Баршагүл жалмап жұтатындай төне түсті.

Айғаным беттей алмай шегіншектеп палатасына кірді.

Палатада есіп, шалқып отырған әйелдер. Айғанымның үрейлене кіргеніне үрпиісіп қалды.

— Не болды? Тағы да әлгі жындыға кездестің бе? Өнің қашып кетіпті ғой?— деп сұрап еді.

Айғаным жауап қатпады. Айтуға ұялып бетінен басып орындыққа отыра кетті.

Қызара бөртіп алған жазушы тағы да Баташ келіп бүлдірген екен деген ұғыммен террасаға шықты.

— Қайда өзі?— деп жан-жағына көз тастап еді. Палатасының алдында сұр одеял жамылған, арқасын есікке сүйеп, бойын тік ұстап қатып қалған Баршагүлді көрді.

— Баршагүл?! Баташ келіп тағы да бүлдірді ме?— деп сұрады.

Баршагүл селт етіп отты көзін қадады. Өңі бұзылып, ызғар төгіп тұрғанын байқаған жазушы қасына жақындап қолын ұстай бергенде, Баршагүл қолын қағып жіберді.

— Ұстама, менің қолымды! Айғыр стаканның нешеуін сімірдің. Пренсибсіз би-ша-ра. Енді неше үйдің есігін қағасың,— деп Баршагүл жалт бұрылып палатасына кіріп кетті.

Жазушы есіктің көзінде мөлиіп тұрып қалды.

Айғанымның палатасында:

— Құрысыншы сол жынды!— деді қызып алған ханымның бірі.

«Акаугерім, бұраң белім,  
Күнде думан, күнде той  
Жүрген жерім-ай-ау!..

Арада тағы да бірер күндер өтті.

Баташ минералды қайнардың басында Айғанымды сыбайлас ханымдарымен күнде ертемен көретін болды. Изоляторға түскеннен бері қиялға беріліп, ығы-жығы ойдан арылмады. Тек ернін қыбырлатып өзімен өзі сөйлесетін болды. Бүгін де сол жабық бассейіннің сыртын ала төбешік құмның үстінде үнсіз қоңыржәй әнді ойлана айтып отыр.

Үстерінде судыраған жібек халат, бастарына түкті сүлгіні орап алған сыбайластарын бастап, жабық бассейінге келе жатқан Айғаным сөз бастады.

— Ау қатындар... сендер әлгі Райымбек әулиенің моласына барып көрдіңдер ме?— деді Айғаным.

— Өзі қызық дейді. Басына барғандар Райымбек әулиенің өзін көріпті. Біз де барсақ қайтеді?— деді сәмпылдақ қара сыпылдап.

— А, қойшы, қайдағыны айтпай!

— Құдай ақына. Барғандар айтады. Кәдімгі аруақ болып көрініп, шашыннан сипап, тамырыңды ұстап, сырқатыңды бірден айырып айтып береді,— дейді. Неміз кетеді. Боса да оған иланып сеніп жатқанымыз жоқ,— деді Айғаным үгіттеп.

— Моланың өзі қайда екен?— деді сәмпылдақ ханым. Мойнын созып алысқа көз тастап еді. Құм төбенің үстінде жападан-жалғыз отырған Баташты көрді.

— Ана жыңдыны қара!— деді едірейіп.

Сыбайлас ханымдар даланың тағысын көргендей меңіреулене, остия қарап тұр. Барлығы да үнсіз. Дыбыстарын шығармай біріне бірі сыбырлап:

— Расында да бейбақ жыңды болды.

— Ойбай-ау, жыңды болмаса балаша құммен ойнап отыра ма?

— Байқандар... Жетіп келіп әлегімізді шығарар... Үндемейік.

Сәмпылдап сөйлейтін күлегеш қара батырланып:

— Ә, қойшы! Қорықпастан қорқады екенсіңдер!

Айғаным сезе қойды. Тосырайған көзін Баташтан тез аударып алды да сыбайластарын аялдатпай:

— Құрысыншы сол жыңды... Жүріңдер,— деп жабық бассейіннің алдына келді.

Жабық бассейннің ашылуын күтіп, бастарына күндік тартқан кемпірлер, киімдері жұпыны колхозшы әйелдер, сауыншылар тұр еді. Оларға көздерінің қырын да салмай Айғанымның сыбайластары жабық бассейннің есігіне кимелей төнді. Кілт Айғанымда.

Күтіп тұрған әйелдер:

— Шырақтарым, таң сәріден бері күтіп тұрмыз. Бізді де кіргізіндер,— деп жамырай шулап өтініп еді.

Айғаным тыңдамады.

Таяққа сүйенген еңкіш кемпір алға қарай ұмтыла түсіп, сары ала халатты ханымдарды бір шолып өтті де, сырқатты кейіппен:

— Ей, Азнабаевтың адуыны... Алшаң-алшаң баса-сың. Біз тапқан, біз өсірген ұлдың буы шығар сені алшақтатып қойған. Кекірейме, бері қара!— деп таяғын сілтеп алдын орады.

Айғаным біледі-ау дегендей именіп:

— Апа, сіз мені қайдан білесіз?— деп күлім қағып сұрады.

Таяқты кемпір нұрлы көзін жүзінен аудармай:

— Бізге бәрі де мәлім... Байыңның беделін бетке ұстап, әулие суды өзің билеп, өзің төстеме! Осы тұрғандардың сенен несі кем... Әзер болса дәрежең артық шығар. Сиырыңды сауатын осылар. Қойыңды бағатын да осылар. Таңдайларыңды жібітіп, балаларыңа сүт ішкізіп отырған да осылар!.. Ана кілтті қалтаңа салып алатын еттігің бе? Картоп салатын погребің бе?— деді катуланған ызғармен.

— Шешетай-ай... Сөзіңіз өтіп кетті-ау... Кілттің иесі мен емес. Бас дәрігер...

— Бас дәрігерден бізге де рұқсат алып бер.

— Шешетай-ай, сөйлесейін,— деп Айғаным бір жағы шынымен қысылып, бір жағы алдап, бассейннің кілтін ашты да анталап тұрған әйелдердің ашуына тимей сыбайластарын кіргізді-ау әйтеуір.

Бұл кезде көзі оттай жайнап, аласұра жанығып, Баташ та келді. Үн-түнсіз, жабық бассейннің есігіндегі қара құлыпты қолына алып көрді. Жіті бақылап, әбден зерттеп алды да тайып тұрды.

Түн. Айлы түн.

Өзен жағасы. Тік жарлауытқа таяу, моторлы қайықтың базасы. Электросварка... Кислород камерасы...

Қайықтар бригадасының бастығы шоқша сақалды, қысық көз, аузынан трубкесі түспейтін кореец, Пак деген адам.

Баташ Пакпен бір жартылықты қағып алып электро-сваркамен кілтті жасап та шығарды.

Пак бұзылып жатқан кіші-гірім катердей «Москва» атты моторлы қайықтың қасына апарып:

— Шебер екенсің. Осыны жөндеп берсең мың да бір алғыс... Өзім жөндейін десем күндіз қолым тимейді. Механик шақыртуға бас дәрігер ақша жоқ деп аяқ баспайды.

Баташтың «Москва» атты подвесной лодочный мотор жүйесін жетік білетіндігі өзіне аян... Дереу электр лампының жарығымен моторына сығалай төніп, егжей-тегжейін, тетіктерін қарап шықты.

— Түзеп беруге болады...

Пак білгісі келіп:

— Жұмысы көп пе?— деп сұрады.

Пактың көзін жеткізу үшін өзінің білетіндігін аңғартты. Орысшылап соғып жіберді.

— *Работоспособность* мотора может быть обеспечена только при соблюдении указанных в руководстве правил.

— Әрине, әрине, онсыз болмайды.

— Нельзя поручить эксплуатацию моторщикам, незнакомым с его устройством и не изучившим настоящее руководство.

Пак тандайын қағып:

— Кітап сөзіндей. Оқығансыз ғой!

— Мореходный школаның судоводительный бөлімін бітіріп, кеме жөндеу заводының мастері болып істеген едім.

— Қазіргі қызметіңіз?

— Алысқа жүзетін капитанның орынбасары. Ағасы, жөнделіп шыққанша ешкімге айтпаңыз.

Пак трубкасын тамсана сорып.

— Менен басқа пенде білуге тиісті емес. Уәде ме,— деп қолын созды.

— Уәде,— деді Баташ қолын алып.

Күннің қызғылт шапағы өзен үстіне бытырай шашылып тұрған мезет. Өзеннің беті ақ тұнық.

Баташ өзен жағалауындағы атам замандағы үйеңкі ағаштарының сояудай тамырларын қызықтай қарап, тікен бұталарын қолымен жайқап жүріп келді де, жабық бассейннің сыртындағы құм төбеге шықты. Құм төбенің етегінде зират тәріздес үйілген обашықты айнала тізерлей отырып қоршаған ақ жаулық әйелдерді көрді. Сәл көз тоқтатып кідіріп тұрды да, құм төбешіктің еңісінен сырғанап, жылдам аяндап қастарына барды. Оба тәріздес төмпешіктің айналасы алау-жалау. Түйіншектеп байлаған қызыл, жасыл, ақ, сарғылт шүберектер. Шырағдандардың қалдығы... Домалап жатқан қойдың қу бастары... Алақандарын жайып, сыйына табынып құлшылық етіп отырған әйелдер. Араларында бізге таныс таяқ ұстаған кемпір де бар.

— Армысыздар, апа, жеңге, қарындастар!— деді Баташ иіліп сәлем етіп.

— Бар бол, балам,— деді таяқты кемпір.

Баташ бірден орталарына кіре кетті. Молдас құрынып, әйелдермен бірге төмпешіктің балшығынан алып, алақанына салып, майдалап бетіне, қасына, көзінің айналасына, ерніне жақты.

— Қай әулиенің зираты?— деп сұрады.

— Райымбек атамыздың, түнеп өткен жері ғой.

— Бәсе, зират сияқты емес. Жарықтық-ай. Түнеп өткен жерінің өзі шипа. Әулием әулием-ақ екен.

— Балам, бейсауат сөзді қайтесің. Құна болады...

— Қойдым, апа. Құлшылық етіп болдыңдар ма?

— Болдық,— деп таяқты кемпір бетін сипап, орнынан түрекелді.

— Болсандар, жабық бассейннің кілті менде. Қәне жүріңдер. Шолжыңдар келмей тұрып түсіп алыңдар.

Әйелдер апаш-құпаш жинала бастады.

Жабық бассейн.

Баташ қолдары жетпей, арман етіп жүрген қырықелу сырқат әйелдердің жабық бассейніне қолдарын жеткізді.

Сырқат адам үмітшіл. Бір шомылғанын жартылай сауығуға санайтын аурулар қуаныштары қойындарына сыймай, есікке ентелеп кезек күтіп тұр.

Баташ оларды қайрай түседі.

— Өлсендер де жібермендер.

— Жібермейміз.

— Кілттен айрылып қалмандар,— деп тапсырды да,

әдетінше төбе құмның басына шығып жан-жағына құшағын кере көз салды.

Сары ала халатты ханымдар да сыңқылдасып, күлісіп, сәмпылдап жарыса сөйлеп келе жатыр. Айғанымның көңілі әй-жәй... Қаннен-каперсіз. Бәз бабында. Қасындағылар да аяғын манаурап маң-маң басып, бассейнге жақындай бергенде көздері адырайып, көңілдері суынып сала берді.

— Аһ ұрғызған екен ғой,— деді Айғаным қайран қалып.

Сәмпылдақ қара да бірден ұрыссуға оңтайланып, кезерген ерні жыбырлап кетті.

— Со...со... сол, жыңдының ісі.

Бассейннің есігіне ентелей төніп, кезек күтіп тұрған әйелдерге Айғаным долыра түсін суытып:

— Кілтті қайдан алдыңдар?— деп түйді.

Таяқты кемпір бассейннің ішінен шыға келіп, есікті арқасымен жауып:

— Кілтті ғайыбынан берді бізге,— деді.

Сәмпылдақ ханым өршелене жақындап:

— Босатыңдар!— деп есікті жұлқып қалғанда, кезекте тұрған әйелдер дүрсе қоя берді.

Шаң-шұң... Ұрыс-жанжал... Кіммен кімнің ұрысқанын айыру қиын. Ызалы, кекті әйелдер басына тартқан шалыларын, қолдарындағы сүлгілерін, үстеріндегі пешменттерін шешіп алып, су құятын мырыш битондарымен жасқап, Айғанымды әріптестерімен серпіп қуып тастады.

— Жетеді дандайсуларың,— деді таяқты кемпір.— Жуасты жүндеп жаман үйренгесіңдер... Ер азаматтың бетіне шіркеу келтіретін де сендер... Бағын тайдыратын да сендер... Ағзайынды араз қылатын да сендер. Құдай біледі дейін, байларың қалталарыңа ақша салып курортқа жібергенде ғой, танауларыңды көтересің... Жұрттың алатын емінен айырсын деп жіберген жоқ! Батша-ғарлар... Үндемегенге әбден есіріп кеткенсіңдер. Астарыңда машина, мал байдікі, жан құдайдікі...

Таяқты кемпір ауыздарын аштырмады.

Қашан қырық-елу әйел жабық бассейнге шомылып болғанша, күн төбеге көтерілгенше күткізді... Қол жетпейтін шипалы суға ілек-ілегімен кіріп, колхоздан, совхоздан, өндірістен келгендер емін-еркін шомылды.

Айғаным бастаған ханымдар әлі де күтуде.

Күн шақшып, құмның бетін қыздырып барады. Әуе айналып жерге түскендей. Шаң жұқпайтын, күн шалмайтын ханымдарды аңызак оттан да бетер күйдірді. Бұрын қарапайым жандар бұл қасіретті қалай шексе, Баташ сол қасіретті бұларға да шеккізді.

Жұрт аяғы азайып, әбден болды-ау дегенде ханымдар да жабық бассейнге бет алды.

Құм төбенің үстінде тұрып Айғанымдардың бассейнге кіргенін аңдыған Баташ сайтандай сап етіп жетіп келді де апыл-құпыл есіктің кілтін сыртынан жауып, тайып тұрды.

Бас дәрігердің кабинеті.

Фархат ренжулі. Баташты тергеуде.

Агафонов Баташтың емделу картішкесіне үңіліп, өзінің қойған диагнозын ішінен күбірлеп оқиды.

— Дие мокардия. Одан неврология қосылған.

Үстел үстіндегі кішкене болат балғаны қолына алады да Фархат ойната үйіріп, Баташқа:

— Талай сырқатты сауықтырған едім. Сізге ақылым жетер емес. Қалай емдесек сауықтырамыз. Бетіңнен жарылқасын деп тағдырға тапсырып қоя беру — дәрігерлік арымызға қиын. Шыныңызды айтыңызшы? Сіз сырқатсыз ба, әлде әдейі істейсіз бе?— Сауал қойды.

— Өзім де білмеймін, дохтор,— деді Баташ басын шайқап.

Фархат қаттырақ қысса шынып айтар ма екен... Не шатынап дүрсе қоя бере ме? Қайткенде білуге тырысып, дәрігерлік тәжірибенің айла-амалын барынша қолданды.

— Сіз бізді қинамаңыз...— Жылы сөйлеп өтініп тұрды да,— отырыңыз!— деп ақырып жіберді.

Баташ отыра қалды.

— Сізде сымбылбайдың да сырқаты жоқ. Неме керек арзан қулық. Кімді алдамақсың! Кімге күлмексің? Істеп жүргеніңнің барлығы да өзінді өзің мазақтау ғой.— Баташқа шынын айтқыза алмағанына жәбірленген Фархат дымы құрып креслоға отыра кетті.

Баташ үндемеді. Сазара түнеріп ойлап отыр.

Сөйлеп кеткісі-ақ келеді. Бірақ та Фархаттың қолынан сытылып шыға ала ма? Жоқ па?

— Сіз біреуді мазақ ету үшін дейсіз. Айғағыңыз не? Олай десеніз өзіңіз айғақ болыңыз да мені жазаланыңыз,— деді Баташ.

— Шырағым-ау, сені менің жазалауым қиын болып тұр ғой.

— Не үшін қиын сізге?..

Фархат қолын кеудесіне басып:

— Өрендей жастың бірісің. Сенің сайтандық мінезіңді жыңдыға сайысам, кейбір қиялы істеріңді сырқатпен сабақтастырып қортынды шығарсам,— деп қиналғандығын аңғартып та қойды.

— Несі бар. Шығарыңыз... Менің сырқатымды ет пенен терінің арасындағы желік десеңіз, онда мені изоляторға неге салдыңыз. Әдейі істеді деп ойласаңыз курорттан қуып жіберуге дейін шара қолданыңыз. Білемін сіздерді, кімдерден қаймығатындарыңды,— деп Баташ ырық бермеді.

Манадан бері үндемей отырған Агафонов ақ көңіл таза пиғылмен жылап жіберетіндей Баташқа жалынды.

— Айналайын. Еркелігіңнің бәрін көтерейік. Саулығың аттан да мықты. Бізді де, өзінді де бәледен құтқаршы?

— Онда мені изолятордан шығарыңыз.

— Сол бәледен аулақ болсын деп салдық қой изоляторға.

— Бәле дейсіздер, бәлеге душар еткендей мен не істедім.

Баташ ширығып сала берді.

Агафонов әлі де жалынуда.

— Болар іс болды. Тергесіп қайтеміз.

— Жоқ, құрметті докторлар, болар іс әлі болған жоқ. Мені жынды деген өздерің.

Фархат орнынан атып тұрды да көзі жайнап үстелді жұдырығымен қойып қалды.

— Жетеді. Сені жынды деген біз емес. Сені жынды атандырған өзінді өзін... Жаз!— деп бұйырды Агафоновқа.

Агафонов амалсыздан бұйрық жазуға қаламды қолына алды...

Фархат кішкене болат балғаны тағы да ойната үйіріп:

— Біз, Арасан санаториясының дәрігерлері,— деп бастады да үстелдің үстінде жатқан Баташтың путевкесінің номеріне қарады...— Бес мың жеті жүз сегізінші санды ВЦСПС-тің путевкасы бойынша келген Баташ Бақсаевтың сырқатын характердің қағысынан, көз қа-

растың қайшылығынан туған сырқат деп табамыз. Точке.

Фархат аржағын созып айта бергенде Айғаным серіктерімен сау етіп кабинетке жетіп келді...

Фархат бергелі тұрған бұйрығын тоқтатты...

Бұрынғыдай Айғаным шапшымай мүләйімсіп:

— Құрметті доктор... Біз күйініп келдік... Кеше мына жынды тапа-тал түсте бассейнге біздерді қамап кетті,— деп мұңын шақты.

Сампылдақ қара Айғанымның жеткізе алмағанын жеткізе айтуға кимелеп:

— Бәсе десейші-ау... Балаларымызға, үй-жәйімізге карамай курортқа еріккеннен келіпміз бе... Қайдағы бір қалжақбас аумесерге мазақ болайық деп келдік пе! Шырағым доктор, не бізді қу санаториядан... Не мына, мына жындыны қу!..— деді ентелей төніп.

Фархат дағдаруда...

Баташтың да кірпіктері қайқайып Фархатты ықсырып бара жатқандарына шыдай алмай:

— Жолдас доктор... Маған қолданатын шараның төрелігін өзім айтуыма бола ма?

— Болмайды. Саған шара қолданылды...— Айғанымдарға естірте, түсін суытып жеки бұйырып:

— Кейін қайырамыз!— деді Фархат...

Баташ таласпады. Фархаттың ыңғайына көшіп:

— Қайырыңыз... Айыбымды ашық жазыңыз. Мені жынды,— деп жазыңыз.

— Жынды екенің өтірік пе... Санаторияға аян,— деп Айғаным да қапталдап қоймады.

— Ия... сіздер мені жеңдіңдер. Естеріңде болсын, жеңгелер... «дәулетінді жоғалту — жартылай жоғалту... Намысыңды жоғалту — бойыңдағы барынды жоғалту. Ал, ерлігінді жоғалту — өзінді түгел жоғалтқанмен тең» деген екен бір данышпан... Сол айтқандай кім не жоғалтқанын түбінде бір білерміз... сау болыңыздар, жеңгелер! Хош болыңдар, ардақты докторлар!— деп Баташ әр қайсысымен қол алысып амандасты да шыға жөпелді....

Арасанның ыстық желі. Аспанда бұлт... Құмнан көтерілген шаң ұйтқи орап, көзілдіріксіз көздің кірпігіне жабысады. Аузыңды ашсаң қиыршық құм тісіне шықырлайды.

Баташ жеңіл чемоданын қолына алып, изолятордан

шықты. Желге қарсы аяндап Бұламбаймен қош айтысуға 5-корпуске келді...

Желдің екпінімен өзі қоршаған сым тордың бір жақ қанаты сөгіліп кеткен. Жалма-жан чемоданын жерге қоя салды да сым тордың сөгілген қанатын шегеледі. Шегелеп тұрған үстіне желмен арпалысып Айғанымдар да келді.

— Мына бәлені бізге тағы да қайдан душар етті. Жаңа санаториядан қуып жібергені қайда,— деді Айғаным оқыра, үрке қарап.

Сымпылдақ қара Айғанымдарды палатаға кіргізіп жіберді де кейін бұрылды. Сым торды шегелеп жатқан Баташтың қасына аңди басып, аңысын байқады.

— Шырағым, бір қылығыңа қарасам бетіңнен сүйіп алғым келеді. Енді бір қылығыңа қарасам жиреніп құсқым келеді. Мен де бір алыпқаш бас асаудың бірі едім. Сен өзің кімсің?

— Жеңгесі, мені сүйетін жастан өттіңіз. Несіне мүсіркейсіз.

Баташ ыңғай бермеді.

— Жоға деймін-ау!

— Бәсе, мен де жоға деймін сіздерге,— деп Баташ жүре жауап қайырды да Бұламбайдың палатасына кіріп кетті.

Айғанымның палатасы.

Басына гүлді беренді шәлі жамылған, аяғына хром етік киген, өңі солғын, қоңырқай бір әйел отыр. Айғанымға бір мес қымыз әкелген. Әйелді төрге отырғызып, әкелген қымызын Айғаным өзі құйып, өзі басқарады.

Сымпылдақ қара қымыз құйған кесені ерніне тақап, тамсана жұтып Айғанымға өктем-өктем сөйлеп жіберді.

— Саған ереміз деп үйімізді таба алмай қалмасак пе қылсын. Мен адам танитын болсам құдай біледі дейін сымбылбайдың да жыны жоқ. Бізді ақымаққа санап әдейі істеп жүр.

Айғаным шошынайын деді.

— Санаториядан қуған біз емес. Бас дәрігердің өзі ғой,— деді бәсеңсіп.

— Қойсақ деймін құтыруды. Түбінде қырсығы байларымызға тиіп... Бәленшенің қатыны жыңды емес адамды жыңды деп санаториядан қуғызды...

Партконтроль мен госконтрольге біреуі болмаса біреуінің жеткізуі анық... Қаупын тағы да төндірді.

Айғаным көңгісі келмеп еді. Сампылдақ қара көнбес еркіне қояр емес.

— Жо, жо-жок.. сен енді қағынба... Сенің де, менің да еркелігімді көтеретін заман емес.— Қолындағы қымызын төңкере сіміріп, сәл демін алды да сұңқылдап жөнелді.

— Мен шошынайын дедім...

— Өзі ғой бізге тиіскен.

— Айттым ғой саған қой деп.— Қымыз әкеліп отырған әйелге ишаратпен,— шырағым, Айғанымның жақыны көрінесіз.

— Достарымыз, апай.

— Жақыны болсаң... ым...— деді сампылдақ қара снтелей төніп.— Мен бір план ұсынайын.

— Ұсыныңыз, апай.

— Мұндай ушыққан істің уытын береген қол мен мырза дастарқан ғана қайтарады.

Айғаным мен әйел жә бәсе дегендей бастарын изеп мақұлдағандай болды...

— Ата, сізбең қош айтысуға келдім.

Бұламбай күрсініп қойды.

— Ақыры сені жеңген екен ғой. Жеңер, жеңер...— Өңі бұзылып,— бас дәрігермен сөйлес, алып қал деп жазушыға тапсырып едім,— деп Бұламбай тез киінді де Баташты ертіп террасаға шықты.

Жел боратқан қара жаңбыр нөсерлеп жауа да бастаған.

Бұламбай жазушының палатасының есігін ашып қарап еді. Жазушы палатасында болмады. Өз палатасынан Баршагүл де шығып, Баташты аймалап қарсы алды...

— Не болды, не деп шешті.

— Кететін болдық.

— Емдеу мерзімінің бітуіне қаратпады ма.

— Қаратпады.

Баршагүл шүмектеп құйған жаңбырға да қарамай бас дәрігермен өзі сөйлесуге Баташты ертіп бармақшы болды... Жалаң бас, жейде-дамбалшаң Бұламбай да ерді.

Ұйтқи бораған жауынмен арпалысып санаторияның кеңсесіне келді.

Фархат кабинетінен шығып, коридорда Баршагүл мен Бұламбайға қарсы жолықты... Бұламбайды емдеген

өзі болатын. Сырқатынан айығып сауыққанына қуана қарсы алды.

— Ата... келгенде қандай едіңіз. Енді қандайсыз. Арасан суының осындай ғажап қасиеті бар.

Баршагүл жәй тұрмады. Іліп-қағытып:

— Арасан суы біреуді сауықтырса, біреуді жауықтырып жүрген жоқ па, жолдас доктор...

Фархат мойындағандай болып:

— Мінез деген ала-кұла... Адамның саулығы жөнделсе, мінез де жөнделеді. Жөндейміз,— деп хош айтысты да, жүре берді.

— Жолдас доктор,— деп Баршагүл де еріп сыртқа шықты.

Өткінші жаңбыр саябырлап, бұлт айығып ашылған.

Фархат Баршагүлдің өтінішін жүріп келе жатып тындады.

— Әрине сіз докторсыз. Қалай болды өзі...

— Маған барлығы да аян, қарындас... Не істейсің. Сіз артисткесіз. Сіздің проффессияңыз танымсың болып құбылу ғой. Кейде біздер де сіздер сияқты ойнауға, құбылуға тура келеді. Мен қолымнан келген ролімді атқардым, қарындас...— Енді сіз ана қамқорға алған жігітіңе ескертіп қойыңыз.

— Менікі адамшылық борыш, жолдас доктор.

— Сол бір адуын қатындарға тиісе бермесін.

— Соның барлығы да қалжақтық қағыстан туды.

— Сіз артистка болсаңыз да байқамағансыз. Мұнда терең сарказм, улы зіл жатыр. Агафоновқа тапсырдым... Мені бір сырқат күтіп жатыр еді. Қалғанын сонымен сөйлесіндер,— деп Фархат Баршагүлге қолын беріп хош айтысты да жүріп кетті.

Александр Павловичтің қолтығында папка. Көзілдіріктің астынан сүзе қарап, жазушыны ертіп кабинеттен шықты.

Баршагүл не болды дегендей жазушыға ымдап еді, жазушы бәрі де реттелді дегендей басын изеп ым қақты...

Агафонов өзінің емханасына барды.

Жазушы бірге кірді.

Бұламбай, Баташ, Баршагүл есік алдында күтіп қала берді.

Агафонов жолдама қағазды жазып болды да жазушыға берді.

— Минздравка барсын да жолдама әкелсін.  
— Жынды деп тапқаныңыз ба?  
— Сайтанның да жыны жоқ... барлық бәлені тілінен тапты ғой... Телефон үстіне телефон... Бізге де жан керек...

Жазушы дау айта алмады...

Дарбазаның алдында кісі таситын автобус жүргелі тұр.

Жазушы мен Баршагүл, Бұламбай бар орталарында, Баташты шығарып салуға келген. Көңілдері жабырқау. Әсіресе Бұламбайдың қабағы салбыраңқы.

— Сөйтіп бізді жеңіп кетті деңдер, балалар.

Даусында діріл барын, намысқа шыдамай тұрғанын сезген Баташ:

— Ата, қорланбаңыз. Қайта күліңіз!

— Арланғанның ұйқысы, қорланғанның күлкісі келмейді дегендей, қалай күлемін. Кімге күлемін,— деді Бұламбай.

— Дәл осы бір сәтте сіз маған күліңіз. Дем аласыз... Жаныңыз жасарады. Көзіңіздің нұры молаяды...

Автобустың шоферы сигнал берді.

Баташ хош айтысты да автобуска мінді.

Шофер машинасына от алғызды да сырғып жөнеле берді...

Баршагүл автобусты жағалап ере түсіп:

— Тартынып қалма. Қайткенде оралатын бол... Сапарың оң болсын.

Санаторияның кеңсесінен шығып келе жатқан Пак аузында трубкесі, автобустағы Баташты көзі шалып қалды.

— Тоқта, тоқтай тұрыңдар!— Асыға басып жүгіріп келді.

— Уәде қайда, інім?— деді Баташқа.

— Уәде орнында.

Автобус құм жолға түсіп ызғытып кете барды.

Баташ қайтып орала ма, жоқ па? Шығарып салушылар қимастықпен үнсіз қарап тұр.

Көшені өрлеп қатар түзеп келе жатқан Баршагүл жазушыға тиісті.

— Осы жазушылар не үшін өмір сүреді...

— Қызық сұрау?— деді жазушы Баршагүлдің қойған сұрауына таңырқап.

— Жазушы жаманатты паш етуде — царь зло болуы

керек емес пе... Анатолий Франс Диккенисті ғой — Великий обличитель дейді. Өйткені ол біздің бишаралығымызды, әлсіздігімізді кезінде тамаша аңғартты. Кімдерден сақтануды, кімдерден жиіркенуді үйретті,— деп Баршагүл көңіліне келген ойын жасырмады.

Жазушы үндемеді. Баршагүлдің сөзіне қонақ берді...

— Адам адам болып жаралғаннан бері мүсіншілер, суретшілер, романистер, ақындар қарғыс атқан жамандықты адам қауымының алдына жайып салды емес пе.— Тағы әріден орады. Әйгілі, атақты болу жақсы-ау. Бақытсыздыққа ара түсуден артық ұлылықты білмеймін,— деп Баршагүл пікірін түйді...

— Сіз бекерге асығасыз. Мені көрсе қызар мен күншілдер қынжылтпауы да мүмкін. Сіз маған найзаның ұшына ілінетін екі ұшты фактілерді айтасыз. Менің табиғатыма симауы,— деп жазушы Баршагүлдің сөзін қабылдамады...

Баршагүл астарлап:

— Ия... ия... сіздікі эпопея... Том артынан том... Азамат соғысынан бергі өмірді тереңнен тартып жатқаныңды білмеппін...

Екеуі корпуске таяу келіп те қалған еді.

Баршагүл жазушының жауабын да күтпеді. Жалт бұрылды...

Өзеннің бізге таныс жарлауытына таяу қайықтар бригадасының базасы... Базаның есігі жабулы. Подвесной лодочный мотор. Электросваркамен Баташ ұшқын атқызып жөндеуге кіріскен.

Базаның ірге жағалауында сабан төсек. Үстін одеялмен жаба салған. Төсектің тұсындағы қабырғада шұбар ала қаптал шапан ілулі тұр. «Вокруг света», «Огонек» журналдарында басылған неше түрлі суреттерді кесіп алып, шұбар ала қаптал шапанның өңіріне, арқасына жапсырған. Суреттердің кесіндісінен желімдеп жасаған ай мүйізді қалпақ. Етегінің кеңдігі кіші-гірім зонтиктің ернеуіндей. Сабын жезбен оюлап әшекейлеген аса таяқты қабырғаға сүйеп салған.

Баташ электросваркамен моторды пісіріп «Биікке, биікке» деген әннің шумағын қайталап қайырады. Ауыр моторды аударатөңкеріп, бұзылған деталін қадала жөндейді.

Пак пристань басында.

Санаторияда дем алушылар Пакты қоршап алған.

Кейбір ыстық қандылар қайықтың тапшылығын бетіне басып жазғырып та қояды. «Ш»-ны «с» ғып сөйлейтін Пак — стоже, «Москва» деген қайық қарап тұр. Моторын жөңдейтін мастер жоқ...

— Сіз неге жөндемейсіз?

— Стоже. Әркім білген ісіне мастер. Қолымнан келсе жөндер едім. Келмейді,— деп Пак шынын айтып тұрғанда, керсен шара, корзинке, оюлы сумке көтерген Айғанымның әріптестері жетіп келді.

Өзеннің арғы бетінде қырқа жағалауда тұрған жүк машинасына қол былғап:

— Қазір, қазір! Қайық барады,— деп Айғаным айғайлап хабар берді.

Жүк машинаның қасында тұрған, ақ кительді, сұр қалпақты, дембелше келген адам:

— Тезірек. Біз келгелі қашан,— деп о да айғайлады.

Екі жақтағы айғай өзеннің аңғарын жаңғыртып, қайық басындағы адамдарға түгел естілді.

Айғаным асығыс, кие-жара жарқылдай күліп:

— Ә, Пак... Сәлематсыз ба... Қайығы құрғырдың тапшылығы сіздің еңбегіңізді жандырмай-ақ қойды-ау... Сонау тұрған біздің туыс еді. Бергі жаққа өткізіп берсеңіз мың да бір алғыс,— деп іші-бауырына кіре өтінді.

— Стоже, тоса тұрсын.

— Күн өтіп барады ғой.

— Стоже,— деп Пак өзенде серуендеп жүзіп жүрген қыз бен жігіттен көзін алмай:— Қазір, мына қыз бен жігіттің қайығы босайды. Басқа қайық жоқ...

Моторлы қайықпен шұғыл бұрылыстар жасап, қаңгалақ ойнатқан қыз бен жігітке Айғаным да шұқшия кадалды.

— Әй, ей, ей! Тілеулеріңді берсін. Тез шығындар.— Дауыстап шақырып еді. Өз қызықтары өздерінде, қыз бен жігіт шұғыл бұрып құйғыта жөнелді.

— Жын қаққан ба өздеріңді. Дабай, дабай!

Пак ысқырғышын ерніне тақап ысқырып жіберді. Қыз бен жігіт тыңдай қоймады.

Пак құтқарғыш моторлы қайығына мінді де асауды қайырғандай қыз бен жігітті орай қайырып, пристаньға қарай бетін бұрды. Өзеннің бетін таспадай тіліп, ақ көбікті бұрқырата жүзген мотор қайықтан көгілжім бұйрат із қалдырып, қыз бен жігіт жүзіп келеді. Пак өкше-

леп қуып келеді. Жар кемерге қайықтың тұмсығын та-  
кай бергенде кезекте тұрушылар анталай төнді.

— Кезек менікі.

— Сенікі емес, менікі.

— Айналайын. Совет жастарысыңдар ғой. Бес-ак минутке. Кезектеріңді қиюларыңды өтінемін.

— Женгесі, қайда барсақ та қағып ала беретін бол-  
дыңыз-ау,— деді қайық күтушінің бірі.

— Айналайын. Бүгін игілікті ісіміз бар еді. Билетің-  
нің ақшасын төлейін.— Сумкесінен бес сомды алып ұсы-  
нып еді. Жігіт алмады... Айғаным бірін алдады, бірін  
арбады. Кезексіз қайықты алды.

Өзеннің иірімі. Суға таяу ықтасын. Жуан қара ағаш-  
тың көлеңкесіне жайылған кілемдер, төселген көрпе-  
жастық...

Желден қағыс шеңгелдің тасасында сойылған қой-  
дың еті асылып жатыр. Айғанымға досжар председа-  
тельдің әйелі ошақ басында. Сампылдақ қара, тағы бас-  
қа әйелдер дастарқан жабдығында. Жәшік-жәшік пиво  
мен мес-мес қымызды салқындатып, сазды балшыққа  
қойған.

— Айғанымға не болды? Қонақтары қайда жүр, тү-  
ге,— деп, сампылдақ қара көмекші әйелдің біріне,— мы-  
на бокалды дастарқанның төріне қойшы. Доктордан  
сыйлы қонағымыз болмас.

Көмекші әйел бокалды дастарқанның төріне қойды.

Айғаным Фархат Айдаболов пен Агафонов, медсес-  
траны ертіп 5-корпуске келді. Шақырған қонақтары кор-  
пуске кірмей, көшеде күтіп қала берді.

Айғаным жазушының палатасының есігін қақты.

— Жазушы қайным, рұқсат па?— деп палатаның есі-  
гін ашып ішке кіргенде, жазушы еңкейе төніп шығарма-  
сын жазып отыр еді. Жауап қайырмады...

Айғаным ту сыртында аңыра қарап тұр.

Жазушы басын көтерер емес. Жазғанын ішінен кү-  
бірлеп оқып:

— Сөйтіп Ювеналдың солқылдақ камшысын қолыма  
алуға тура келді. Кімдерге сілтеймін, неге сілтейтіндігім-  
ді қорқақ сөзден ақиқат тарихқа көшуім ғана шешеді...

Айғаным тыныс алған кезін пайдаланып сыпайы  
ибамен, ақырын:

— Қайным, зор шабыт үстінде отыр екенсіз. Ойы-

ңызды бөлгеніме кешірім... Аз-мұз дайындығым бар еді. Соған сізді де,— деп кібіртіктеп қиыла сұрады.

Жазушы әдепкіде кідік алса да қиыла сұрағанына көңілі босап кетті ме қалай:

— Жеңгесі, сатиралық шығарманың планын жасап отыр едім...

— Роман ба, повесті ме?

— Сценария.

— Кино де... Шығармаң енші алла сәтті болады екен. Түнде көрген түсім жақсы еді. Райымбек әулие сіздің басыңыздан сипап, таяғын қайық, сәлдесін желкем жасап.— балам, жүзіп өт мына өзеннен деді.

— Апырай, ә?..

— Бір өтірігі болса түк көрмейін. Докторлар күтіп тұр еді.

— Докторларды күттіріп қоюға болмас,— деп, жазушы киіне бастады.

Фархат пен Агафонов сағатына қарап тықыршып күтіп тұр...

— Что такой? Барып білші,— деді Фархат медсестраға.

Медсестра басқыштан көтеріліп террасаға кіре бергенде жазушы мен Айғаным (Баршагүлдің палатасында) Баршагүлді көндіре алмай тұр еді.

— Зауқым жоқ. Шақырғаныңызға рахмет.

— Сіңлім, алдыңа келгенде, атаңның құнын кеш демейтін бе еді.

— Мен сізден атаның құнын, атанның пұлын сұрап тұрғаным жоқ,— деді Баршагүл зілдене жауап қайырып.

Көндіре алмағанына жазушы да қымсынды.

Айғаным қитыға шамданғысы келіп-ақ тұр.

— Шақырғанға бармасаңыз, шақыруға зар боларсыз.— Сәл ғана мардымсып палатадан шығып жүре берді. Таяғын әуелете көтеріп, ізін ала жазушы да шықты.

Бұлар террасаның баспалдағынан түсе бергенде, жейдесін шешіп тастаған Бұламбай қол жуғышта рахаттанып, мұздай суды төбесінен сорғалатып жуынып жатыр еді.

— Ата,— деді Айғаным қасына жақындап.— Шақырсам сіз де кергисіз бе?

Бұламбай су болған басын бүркітше сілкіп тастап, алара қарап:

— Келін, не дедіңіз?

— Жақсыда кек жоқ демейтін бе еді, қария. Жүріңіз. Сыйлы қонағым болыңыз.

— Бұл жолы мені жеңдің, келін. Арлы сөзге арсыз ғана таласады. Ана дәрігерлер күтіп тұр екен.

Бұламбай сулы денесін сұртпестен асығыс жейдесін киді, Айғаным да сүлгіні алып су денесін сұртті.

Дастарқан басы кең де, мол да. Ішкілік пен тағамдар көл-көсір.

Дөңгелете жайған дастарқанның дәл төрінде Фархат Айдаболов пен Агафонов, екеуінің аралығында Бұламбай қарт, сол тізесінде жазушы. Бұларға қарсы, шай көйлектің етегін жазып жіберіп, молдас құрынып Айғаным отыр.

Сампылдақ қара аспазшылық қызметінде.

Арнаулы қонақтардан басқа өз бетімен путевкесіз келген колхозшы ер-әйелдер де бар. Бастарында шалы, аяқтарында сидам хром етік, үстеріне киген киімдерінің жарымы қала сәнімен, жарымы ауыл сәнімен... Солардың бірі Айғанымның досжары шақырған қонақтың салмағын да, шығынын да көтерген председателдің әйелі. Ол үндемес тымпи. Қаймыжықтай ернін жымырып, әркімнің сөзін бағуда.

Босаған пиво бутелкесінің жәшігіне құрықтарын қойып, шалқытып көңілді музыка ойнап отыр. Олардың да алдарында арақ-шарап, тәрелкеге салған тағам.

Бізге таныс қайықтардың иесі Пак жиын топтың шетін ала тамырлары сойдиған үйеңкінің түбірін үстел жасап алған. Алдындағы арақты өзі құяды, өзі ішеді... де салом шляпаның ернеуінің астынан қысық көзін сығырайта қарап та қояды.

Қызыңқырап алған Айғаным думанды өзі билеп, өзі төстеп, бәріне де мейірбанды, бәріне де ақ жарқын... Құшағын да, ықылас пиғылын да кеңге салып, босаған рюмкелерге арақты өзі құяды. Тосты өзі көтерткізеді.

— Кәнеки, манадан бері ігі тілектер... Бір көрген біліс дегендей... Жүректің түпкіріндегі сөздер де айтылды. Мен бұл тосты талайларды сауықтырған, талайларды емдеп қатарға қосқан Фархат Айдаболов сүйікті докторымыздың сау болуына, лауазым дәрежесі шарықтап өсе беруі үшін көтеремін.

Дастарқан басындағылар дүрліге қозғалды. Жұбта-

са көтерді. Бокалдарын соғыстыра алмағандар, орындарынан тұрып келіп Айғаныммен соғыстырды.

— Әй, дәуім-ай!

— Мықтысың ғой көксілің...

— Туса сіздей болып тусын!..

Қызып алған шықылдақ сары Айғанымның алдына тізерлеп отыра қалды. Сол қолында рюмке, оң қолын кеудесіне басып:

— А, сылқым жеңгем! Әттең мен әйел болып туып, сіз неге еркек болып тумадыңыз екен. Сіз еркек болсаңыз ғой... еркектің былмағамбеті болар едіңіз...— деп жыламсырап басын иді.

Айғаным басынан сипады.

— Қайным, шілтиген еркек болғанымша, осы албасты қара әйел болғаным артық.

Қошаметшілер сақылдап күліп жіберді.

— Ха-ха-ха!

Айғаным кәрімен де, жаспен де дөңгелене үйірілді. Музыка... Би де кетті ырғалып. Ән де кетті шырқалып. Тек қана қызу думанға қозғалмай отырған жазушы ғана... Ол көрпенің үстіне аяғын созып жіберген. Құс жастықты шынтақтап жатқан. Басын енді ғана көтерді. Тегі артығырақ сілтеп жіберген бе қалай? Көзінің алды ісінген. Шала буырлау... Желіге көтерейін-ақ дейді. Бүлдіріп алам ба деген қауыппен өзін-өзі тежеген болады. Қаншама тежесе де ағыл-тегіл сөзді ақтарғысы-ақ келеді. Көзіне түсе беретін шашын желкесіне қарай басын кекшите бір қайырып тастады да, түпере булығып жұртты шола бір қарап алды.

— Елтифат етіңіздер!— деді даусын көтеріп. Баян тартып отырған жігітке.— Ей, шырағым, қоя тұрыңыз! Құлағымызға дем алдырыңыз!

Баяншы жігіт қоя қойды. Жұрт бірден тына қалды...

Сампылдақ қара «Қайным» деп ескертейін деп еді:

— Сампылдамай сіз де қоя тұрыңыз!..

Сампылдақ қара тартына ма.

— Осындағы бір жындының әлегі аздай, сіз де жын-данайын дегенсіз бе!..

— И! Сол жындының дағдыры шығар мені сайратқалы тұрған.

Сөзінің әлпетінен шошынған Айғаным:

— Қайным, біздің де көңілімізге қарап дегендей...— күле сөйлеп ишарат білдірді.

Жазушы тындамады.

— Немене, арақпен сатып алмақсындар ма?— Томаға көзі тосырайып, басын шайқап,— не выйдет!.. Ақмақ болғандар бола берсін. Мен өзім ақмақ болман!

Қолындағы рюмкесін серпіп лақтырып кеп жіберді. Рюмке Айғанымның шай көйлегінің етегіне барып түсті.

— Біреудің адал дастарқанын қорлайтын қайдан шыққан әулие!

— Байқаңыз, жолдас жазушы!

— Басынбаңыз!

Айғанымның қошаметшілері жан-жағынан дүрсе қоя берді. Жазушы тайсалмады. Көсіле сөйледі.

— Көлгірлік!— деді нәштеп,— мансаппен масайраудың тұла бойы тұңғышы! Көлгір!— деді тағы да сәл кідіріп,— көзге мақтауымен ғана емес, өзінің жымысқылығымен маскара етеді деген де сөз бар. Солардан айырмашылықтарың не?— деп жазушы Айғанымға түйіліп бір берді. Айғаным бір қызарды, бір сұрланды.

Жазушы өзінің ойына келген сөзін айтпай тоқтар емес.

— Сіздер!— деді қолын сермеп,— әбден есіріп кеткенсіңдер!— Шайқала қозғалып тілі күрмеліп.— Аяушылық, ару жандылық... Сіздің зердеңізге кірмеген. Ағамыздың лауазымы шығар, е... сізді құтыртып қойған. Ертең а...а... ағамыз орнынан ұшып түскен күні сіз бар ғой. Ия... ия... үйіңізді таба алмайсыз... Сіз сап-сау адамды жындандырып, санаториядан қудырдыңыз! Оны біз ұмытпаймыз! Пысқырдым сіздің аспатөк дәулетіңізге! Жинаңыз!..— Еңкейіп дастарқанды бұрышынан көтеріп алды да жинап салды.

Осы кезде сампылдақ қара да келіп қолына жармасты:

— Шырықты бұзбай, кетіңіз!..

— Ия, кетіңіз!— деп Айғаным да долыра түре келді.

— А, біз жәй кетпейтін шығармыз... Сіздер ғой, советтің адал дәрігерлерін де жолдан тайғыздыңыздар.

Жазушы сөйлеп тұрғанда әлпін байқаған қонақтар біртіндеп кете бастайды. Фархат пен Агафонов та жылысып, тайып тұрады.

Жазушы әлі де тоқтар емес... Бір көтеріліп алғаннан кейін басу да қиын. Қолын сермеп, сұңқылдап сөйлеп тұр...

— Қалада больницаның есігін бермейтін де сіздер!..

Театрдың ложасында сіздер! Курорт, санаторияда сіздер... Универмағқа түскен мебельді қақшитын да сіздер!

Айғаным шыдамады.

— Не қарап тұрсындар! Алып кетіндер!— деп қоша-метші екі жігітті жұмсады. Екі жігіт шап беріп аш белінен құшақтап, жазушыны көтеріп ала жөнелді.

Жазушы аяғын тырбаңдатып жұлқыңса да, әлеуетті жігіттер босатпады. Қайдан сап етіп келгені белгісіз. Көлденеңнен Баташ та килігіп кетті.

— Босатындар!— деп бұйырды екеуіне.

Баташтың сесті ызғарынан сескенген жігіттер қолтығынан алып өзенді жағалап кете барды.

Жым-жырт. Шақырған қонақтар келіп қалған. Қалғандары сампылдақ қара мен председателдің әйелі.

Айғанымның көзінде жас. Бұламбайдың тізесіне басын қойып солқ-солқ жылап отыр.

— Ата, ата... Кінәм қанша?

Бұламбай шашынан сипап отырып:

— Кінәң ауыр, келінжан,— деді еңкейе иіліп...

Айғаным басын тез көтеріп алды да көзінің жасын орамалмен сүртіп, тағы да еңіреп қоя берді.

Бұламбай тентек баланы уатқандай арқасынап қағып:

— Бас асаулық, көп әлпештеуден тапқан мінез ғой. Еһ, інім, інім... Шапқанында байдың ұлы, тоқтағанында есіне түседі,— деп аңғарта сөйледі.

Айғаным бірден түсінді.

— Қалай түзеймін сол мінезді,— деп өкси сұрады.

— Курорттан үйіңе барасың. Інімізбен шүйіркелесесің. Мамам келді,— деп балаларың да мәз-мәйрам болады. Сонда балаларыңның бірі «Апа, курортта қалай дем алдың, уақытыңды қалай өткіздің? Кімдерді көрдің?» деп сұрап қалуы... Сол бір сәтте, бұл жерде қызарғаныңнан, балаларыңның алдында ұялғаның қымбат, келінжан...

Бұламбай ақылын айтқан сайын Айғаным боздай түседі.

— Ата, ата, бұл жасымда сіздей ақыл айтқан пенде болған жоқ.

— Тәубаңа кел. Мен өзім құдайға сенемін. Жатып та, тұрып та тілеймін. Жаманатыңнан сақта... Ала қайғыңнан сақта. Қадыр-құрметіңнен айырма... Сөзден аулақ...

Тындап отырған председателдің әйелі де келіп араласты.

— Ата, сыйынғанның терістігі бар ма?— деп сауал қойды.

— Сыйынғанның терістігі жоқ...

— Айтып едім, Айғаным, Райымбек әулиенің басына барып сыйыналық деп.

— Е, келіндер, сыйынудың да сыйынуы бар.— Қайткенде ағат ісін жөндеуге бекінген Айғаным:

— Осы бір сәтте кімге де болса сыйынар едім. Жетелей бер қолымнан,— деп досжар әйелге қолын ұсынды.

— Жүр, Айғаным. Әлі де кеш емес,— деп досжар әйел қолынан ұстап жетектеуге әзірленді...

Кешқұрым. Ымырт жабылған.

Баташ «Москва» қайығының моторын орнатып болған. Енді базадан өзен табанына жеткізудің қамына кірісуде. Темір арқанның бір ұшын қайықтың тұмсығындағы шығыршыққа байлады да, екінші ұшын өзендегі мотор қайықтың артына байлады.

Пак мотор қайықтың рулінде...

Баташ команда берді.

— Раз, два, взяли!

Баташтың берген командасымен базадағы қайықты сүйреп өзеннің кемеріне түсірді.

Баташ маңдай терін сүртіп «Ух» деп демін алды. Сәл кідіріп Пакпен екеуі темекі шекті. Темекіні шегіп отырып Баташ:

— Орындалмаған арман да бар-ау,— деді Пакқа. Қысық көзі күлімдеп, трубкесін сора түсіп:

— Стоже... Әзірлігің жаман емес,— деді Пак қуаттанғандай болып.

Екеуі моторлы қайықтың палубасына резинке балонды орнатты. Желкенін көтерді. Жолаушылар отыратын скамейка, орындықтарды ретке келтірді.

Баташтың есі-дертінен «орындалмаған арманы» кетер емес.

— Қалғанын мен жөңдей тұрайын. Сіз барып біліңізші?— деді Пакке.

— Білсем білейін,— деп Пак өзеннің жағалауын өрлеп, құм төбенің үстіне көтерілді. Түн қараңғылығына тесіліп жан-жағына көз салды.

Райымбек әулиенің түнеген төмпешіктің түбінен шырағандардың әлсіз сәулесі жалтырады. Құмға мал-

тыға аяндап барды да, сыртынан бақылады. Қолхозшы әйелдерден басқа кімдердің барын жіті зерттеп әбден түстеп алды да тайып тұрды.

«Москва» қайығының маңдай алдына кішкене жолаушы орнатып жатқан Баташқа:

— Сәті түсті... Бол тез!— Асықтырып аптыға хабарлады...

Баташ базға барып одеялға ораған заттарын алды.

— Ал, кеттік,— деді Пакқа.

Екеуі моторлы қайыққа мінді де өзенді жоғары өрлеп жүзи жөнелді. Құм төбенің деңгейінен асып барып, жар кемердің ернеуіне таяу келіп тоқтады.

Баташ қайықтан түсті де еңбектеп жардан жоғары өрмеледі. Пак қайық басында қалып қойды.

Райымбек әулиенің түнеп өткен төмпешігі. Төмпешіктің солтүстік ықтасын бетінде, алдарында сығырайған шырағдан, қаз-қатар жүрелерінен отыра қалып, мүлги шұлғып, сыйына табынған әйелдер, араларында бізге таныс таяқты кемпір де бар.

Кемпірге таяу, ақ жібек шәліні бетіне төгілдіре жамылған Айғаным, оның қасында досжар әйелі, шырағданның сәулесіне алақандарын қыздырады да беттерін сипайды. Төмпешіктің жиегінен топырақты сұқ саусағымен шымшып алады да қасы, көзінің алдына жағады. Барлығы да үнсіз. Демдерін ішінен алып мүлгіп қалған.

Төмпешіктен әрі ылғалдың жиегіне аттарын доғарып отқа қоя берген бірнеше бос арба тұр. Арбалардың қасында бықси жанған от. Оттың айналасында ыдыс-аяқ. Көрпе-жастық. Тегі қона жатып сыйынуға келген тәрізді.

Жас келіншектің бірі жөткірініп жөтеліп еді.

Таяқты кемпір тықсыра қуырды:

— Жөтелетін жер таба алмағандай. Жә, әрі... Шеткерек барып жөтеліп кел!— деп бұйыра сөйледі.

Жас келіншек басын көтеріп, орнынан тұра берді де, тілі байланғандай көзі ақшиып, аң-таң сұлық тұрды да қалды. Өйткені ол төмпешіктің сыртынан, қолына қоңыраулы таяқ ұстаған, үсті-басы әлем-жәлем, басында ай мүйізді айыр қалпағы бар «аруакты» көрді. Сөйлеуге тілі келмей, көзі мәлиіп, деміне булығып тұрды да:

— А... а... Ал... лай! Апатай-ай!— деп ышқына дірілдеп тұр.

— Қорықпа, шырағым. Ішіңнен сыйын,— деп таяқты кемпір ескерткенінше болмады. Жас келіншек:

— А, апатай! Әне, әулиенің өзі келді,— деп айғайлап жіберді.

— О, жарықтық-ай... Кеселге шипасын берерінде өзі келіп сөйлеседі дейтін.

Таяқты кемпір ентелей көтерілді. Оған ілесе мүлгіп отырғандардың барлығы да көтерілді. Оларға ілесе көздері жаутандап Айғаным мен досжар әйелі де көтерілді.

Аруақ әлі үнсіз. Тек қана «қорықпаңдар» дегендей қолымен ишарат білдірді.

— Аруағыңнан. Аруағыңнан.— Жұрт күбірлеп сыйынады.

Арбаның қасындағы отқа қыздырынып отырған жейде-дамбалшаң қарасақал да елегізеді.

— О, аруағыңнан айналайын. Жарықтықтың өзі келіп тіл қатып тұр. Әй, қатын, теңкимей жүр,— деп арбаның астында шынтақтап жатқан әйелін қолынан сүйрей жөнелді.

— О, әулием!.. Пірім...— деп әйел де асығыс күндігін түзеп, талталаңдап, күйеуінің қолынан айырылмай ақырын басып келе жатты да кілт тоқтады...

— Ойбай... Дәрет алмаппын-ау!..

— О, надан, надан! Бар, өзенге бар да дәрет алып кел...

Әйел кейін бұрылып өзенге дәрет алуға кетті.

Қарасақал — пісмiлдә!.. Пісмiлдә!.. Күбірлеп сыйынып аруақтың алдына келіп алақанын жәйді... Мүлгіп тұрған әйелдердің бірін кейін сырып «аруақтың» қолынан сүйді...

«Аруақ — ентелей төнгендердің бірін де ренжітпей екі қолын кезек-кезек тосып:

— Уа, Әлфараби... Әл Қожахмет Жасауи. Әл атырып Әбусина Қасими... Шапиқ шатақ, күл Хусаин, тайталас тақауи... Қожахапиз Қу хутри Мұхамедажани — Бақсай — Гурсай Дио Дузени... Әбдил Садик Адамбекин-лердің ти типалақ драматургии... О, Шәкир ығлан Ай-мани. Қоңыр-Құлжа Қуджикелер... Наз ир талапынан аулақ сорлы сценарий. Ах!— деп ақырып қойды...

Мүлгіп сыйыңғандар селк ете түсті. Кейбіреулері көзіне жас алып жылап тұр...

Таяқты кемпір қалтасынан орамалға түйген бір уыс күміс ақшаны алып ұстата берді.

Аруақ — Амин! Дертiңiздeн сауығасыз, қарт ана. Жөкiмeңiз... кәртәймаңыз... Сiздiң тiлеуiңiз де, еңбегiңiз де адал. Жылда келiп тұрыңыз,— деп батасын бердi де күмiс ақшаға үшкiрiп қайырадан бiр-бiрдeн әйелдерге бердi.

— Тәбәрик әулием...— Әйелдер таласып алды...

Манадан мiз бақпай сiресе мүлгiп тұрған Айғанымға «аруақ» ендi түйiлдi...

— Ей, күнәкәр ханым... Сiздiң күнәңiз бен дертiңiз бәрiнен де ауыр... Берi иiлiңiз менiң алдыма.

— Иiлейiн әулием,— деп Айғаным төмпешiктен өр-мелеп алдына иiлдi.

— Бейсуат. Күпiр сөздi... тойымсыз нәпсiнi өзiм-өзiм деп басқаға қиянат етпеңiз... Сiздiң әрбiр кiрпiгiңiздeн аққан тамшыда айдаһардың ызғары бар...

— Бар, бар, әулием,— деп үрейлене мойындады.

— Арасан суы шипалы... сiздiң бойыңызда «кит-шит» пен «шаңқу» деген жындардың салқыны бар екен... Үйi-нiзге барғансын «Ойбай» жусанмен (алой) емдеңiз...

Айғаным иiлген басын көтере бергенде «Аруақ» Ах!..

«Шаңқудығым, көк түйғын,  
Қит-шиттың ал бұйрығын».

е, о, о...— деп дiрiлдеп-қалшылдап сарнап қоя бердi. Қолындағы асасын салдыр-гүлдiр еткiзiп жайқай бұлғады...

Сыйынушылар бұрынғысынан да бетер бастарын иiп, сыйыңған үстiне сыйынды.

«Аруақ» төмпешiктiң үстiнде асыр сала, зiкiрiн шақыра, сарнай безiлдеп, барлығының басына таяғын орай сiлтеп ұшық салып кейiн шегiндi.

Сыйынушылар тас болып қатып қалған.

Аруақ шегiнiп барады...

Сыйынушылар қыбыр-қимылсыз, көздерiн аудармас-тан қарап тұр.

Аруақ шегiнiп барып-барып түн қараңғысына сүңгiп көзден ғайып болды.

Экранда үзiлiс.

Жар кемердiң тасасында Баташтың қалай алдағанын бағып тұрған Пак шек-сiлесi қата күлдi.

Баташ үстiндегi алдамшы киiмдерiн сыпырып тастап, қаптал шапанды қарына иiлдi. Айыр қалпақ, аса таяқты

қолына ұстап жайраңдап, сыйынушылардың алдына жетіп келді.

Өзенге дәрет алуға кеткен әйел де құр қалғандай аптыға, асыға, іздене:— Әулие қайда!— деді кимелеп.

— Әулие міне алдында тұр, жеңгей.

— Бетім-ау, не дейді.

Сыйынушылар беттерін шымшып, ұялғаннан дүркіреп қаша жөнелді. Баташ алдан орап:— Тоқтаңдар!— деп жібермеді.

— Мынау шапан... сыртына жапсырған «Огонек» пен «Вокруг света» журналдарының суреті емес пе... Мынау аса таяқ... пилесостың шаң тартатын трубкесі емес пе... Әй, қараңғылық, ескілік...

Сыйынушылар әлі де ұяттарынан қаймығуда.

— Бұдан былай Райымбек әулиеге сыйынасындар ма?.. Сіздерді алдамайын-ақ деп едім... Жексұрын әдеттерің еріксіз барғызды. Ал, Айғаным жеңгей. Енді сіз де тәубаға келерсіз.

Аса таяқты төмпешіктің үстіне қадады. Сурет жапсырған қаптал шапанды таяққа жапты, айыр қалпақты басына кигізді...— Алданушыға да, алдаушыға да айғақ осы болсын,— деп тайып тұрды...

Келесі күн. Шаңқай түс.

Пристань басы ығы-жығы. Сапырылысқан адамдар.

Мотор қайықтар сап түзеп жүзу сапарына әзір тұр.

Санаторияның радио торабынан Роза Бағланованың орындауында Қалдаяковтың «Ақ сұңқарым» атты әні беріледі.

Пактың қолында жез труба. Қасында Баташ.

Қайықшыларға қайықтарын жүзу сапарына әзірлеуге әмір берді.

— Бірінші номерден он жетінші номерлі мотор қайығының есбешілері, әзірсіндер ме.

— Әзірміз!— Бір ауыздан жауап қайырды.

Пак тағы да дауыстап хабарлап:

— Бұл санаториядан дем алу мерзімдері аяқталған адамдарды шойын жолға екінші ранглі капитан «Москва» қайығымен Баташ Бақсаев жолдас бастайды.

Баташтың түзетіп шығарған «Москва» қайығының алғы жағында Бұламбай, Баршагүл, жазушы отыр...

Баташ рульде.

Жұрттың барлығы да жайғасып болған.

Пак жүзу сапарына әмір бергелі тұрғанда екі аяқты

есек жеккен арбаға заттарын тиеген Айғаным да келді. Арбаның иесіне нәрселерін көтерткізіп, тақтай басқыштан төмен түсті.

Пакке билетін тексерткізіп, қос чемоданын «Москва» қайығының палубасына сала бергенде Баташ ұстай алады...

— Басқа мінсе де сіз мінбейсіз...— чемоданды кейін сырды...

Айғанымның бір аяғы палубада. Екінші аяғы баспалдақта. Теңселе шайқалып құлағалы тұр.

— Айналайын қайным. Ағаттық менен. Кешіре көр!

— Біз, сізге бәрін де кешіргенбіз. Бұл жолы кешірім сұрамаңыз...— деп Баташ палубаның қақпағын жауып қойды. Айғаным алақтап, жылап жіберетіндей жазушыға мұңая жалынды.

— Жазушы қайным, сіз айтсаңызшы?

— Мен айтарымды айтып болғамын,— деп теріс бұрылды.

Айғаным палубаның алдыңғы жағында қатар түзеп отырған Бұламбай мен Баршагүлге.

— Айтсаңдаршы?— деп жалынып еді. Екеуі жылы шырай бермей үндемеді.

Пак жүзу сапарына команда берді.

Сап түзеген моторлы қайықтар, желкендерін көтеріп жүзіп жөнелді.

Желбіреген желкендер, гүрілдеген мотор сұлық жатқан өзенге жан беріп, керуен жолын тартқандай ілек-ілегімен жүзіп барады.

Радио торабынан айтылған «Ақ сұңқарым» енді өзен үстінде, қайықта жүзушілердің хорына ұштасты.

«Москва» қайығы бастаған моторлы қайықтар жүзіп барады.

Өзеннің жағалауында, есек жеккен арбаның қасында Айғаным ғана қалған.

Арбаның иесі де аялдамады. Қолын бір сермеді де тайып тұрды.

Қайықтар жүзіп барады.

Айғаным, қарайған нокат тәрізді. Көз ұшында, алыста жалғыз қалып барады...

## МАЗМҰНЫ

|                                     |     |
|-------------------------------------|-----|
| Біздің Ғани . . . . .               | 3   |
| Өтелген парыз . . . . .             | 55  |
| Сырымбет саласында . . . . .        | 110 |
| Тоты-Тамилла . . . . .              | 160 |
| Күн шуақта . . . . .                | 211 |
| Рейсті тоқтатуға болмайды . . . . . | 265 |
| Раушан <i>киноповесть</i> . . . . . | 311 |
| Арасан <i>киноповесть</i> . . . . . | 361 |

Хусаинов Шахмет.  
 СЫРЫМБЕТ САЛАСЫНДА.  
 (Пьесалар, киноповестер).  
 Алматы, «Жазушы», 1967.  
 416 бет.

**Ш. Хусаинов**

**В ДОЛИНАХ СЫРЫМБЕТА**

(сборник пьес)

(на казахском языке)

Издательство «Жазушы»—1967

*Редактор Ш. Мухамеджанов, Художник В. Тимофеев.  
 Худож. редактор И. Исабаев. Техн. редактор С. Тепесов.  
 Корректор М. Рзигалиева.*

Сдано в набор 17/V-1967 г. Изд. № 166. Подписано к печати 23/XI-1967 г.  
 УГ00689. Бумага тип. № 2. Формат 84×108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>=13,0 п. л.=21,84 усл. п. л.  
 (Уч.-изд. л. 22,75). Тираж 3700. Цена 1 р. 29 к.

г. Алма-Ата. Типография № 2 Главполиграфпрома Государственного комитета  
 Совета Министров КазССР по печати, г. Алма-Ата ул. К. Маркса, 63.  
 Заказ № 623.